



Әбіш Кекілбайұлы
80 жыл

Халық жазушысы, мемлекет және қоғам қайраткері,
ҚР Еңбек Ері Әбіш Кекілбайұлының 80 жылдығына арналған
әдебиет және өнер қайраткерлері
Халықаралық конгресінің
МАТЕРИАЛДАРЫ



11 қазан 2019 жыл

**Ш.ЕСЕНОВ АТЫНДАҒЫ КАСПИЙ МЕМЛЕКЕТТІК
ТЕХНОЛОГИЯЛАР ЖӘНЕ ИНЖИНИРИНГ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Халық жазушысы, мемлекет және қоғам қайраткері, ҚР Еңбек Ері
Ә.Кекілбайұлының 80 жылдығына арналған әдебиет және өнер
қайраткерлері Халықаралық конгресінің
МАТЕРИАЛДАРЫ**

11 қазан 2019 жыл

Ақтау қ.

ӘОЖ 821.512.122.0
КБЖ 83.3(5Қаз)
X17

Жалпы редакциясын басқарған – Yessenov University ректоры
Б.Б.Ахметов

Редакциялық алқа:

Е.Т. Нұрмағанбет, А.Н. Отарова, Б.І.Нұрдаулетова, Н.С. Камарова,
А.М. Джанисенова

X17 Халық жазушысы, мемлекет және қоғам қайраткері, ҚР Еңбек
Ері Ә.Кекілбайұлының 80 жылдығына арналған әдебиет және
өнер қайраткерлері Халықаралық конгресінің материалдары.
Ақтау: Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және
инжиниринг университеті, 2019, - 242 б.

ISBN 978-601-308-220-2

Жинаққа Халық жазушысы, мемлекет және қоғам қайраткері, ҚР Еңбек
Ері Ә.Кекілбайұлының 80 жылдық мерейтойына орай өткізілген әдебиет және
өнер қайраткерлері Халықаралық конгресінің материалдары енгізілген.

Жинақ зиялы қауым өкілдеріне, ғалымдарға, оқытушылар мен
білімалушыларға арналған.

ӘОЖ 821.512.122.0
КБЖ 83.3(5Қаз)

© Ш.Есенов атындағы Каспий
мемлекеттік технологиялар және
инжиниринг университеті, 2019

ISBN 978-601-308-220-2

КОНГРЕСТІҢ ПЛЕНАРЛЫҚ МӘЖІЛІСІ

КИЕЛІ ТОПЫРАҚТЫҢ ТҮЛЕГІ

Әнес Сарай

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының иегері, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері

Аңдатпа. Мақалада жазушы Ә.Кекілбаевтың шығармашылық таланты, оның рухани қайнар көзі туралы баяндалады. Автор осы мақалада жазушының қазақ әдебиетіне қосқан екі қайталанбайтын жаңалығын алғаш рет талдап көрсеткен. Ол – проза жазудағы концептуалдылық және «сана ағымы» тәсілі, яғни бүкіл бір дәуірді қамтитын оқиғаларды кейіпкер санасында жаңғырту арқылы сипаттау.

Түйінді сөздер: романист-эпик қаламгер, кино өнерін ұйымдастырушы, Адай елінің ежелгі тарихы, Тұмар ханым, концептуалды үрдіс, «сана ағымы» тәсілі, еуропа әдебиеті.

Біз өзі артық пішіп, асыра сөйлеуге бейім халықпыз ғой. Көңіл құлаған кісіге «Абызым!», «Әулием!», «Пайғамбарым!» дей салу түк те емес. «Сүйген құлдың аты көп» деп көзі тірісінде Әбішті «Заманымыздың заңғары», «Титан!», «Феномен!», «Әулие!», «Ұлы қаламгер!» деп таласа айтып, таласа жазғандар аз болмады. Әлбетте, осынау қолтыққа дым бүркіген қыздырма теңеулердің Әбішке артықтығы жоқ, керісінше шақ киімдей бойына жараса кетіп тұр. Алайда дабыралап айтқанның соңында бұлтартпас дәлелі, дәйегі болмаса, ол да су шайған суреттей, қазір бар да қазір жоқ, сары белдің толқымалы сағымына ұқсас құбылыс та. Өкінішке қарай, Әбіш туралы өңеш жырта айтқандардың көпшілігі тиянағы жетпеген, жел ұшырған шелектің қаңғырындай бос даңғыра боп қалды.

Әбіштің ұзын-қысқа өмірін, жүріп өткен жолдарын, атқарған істері мен артында қалған мол мұрасын ғылыми сараптан өткізіп, әділ бағасын берер кез келді.

Әбіш шығармашылығы – шеті-шегі жоқ ұшан теңіз телегей. Оның қыр-сырын бір кездесу, бір баяндама үстінде айқара ашып, алдарыңызға жайып салуға менің де, басқаның да шама-шарқы келуі екталай. Ол жылдар бойы сарыла зерттейтін нысана. Ал мен болсам, осынау көл дария Әбіштің қаламгерік табиғатының бір-жар қырын ашуға жарасам өзімді бақытты сезінер едім.

Әбіш әдебиет, мәдениет саласы мен өнерінің барша жанрына бірдей қалам тартты. Ол әдебиеттің шағын үрдісі – әңгіме-повест жанрларын шырқау шыңға шарықтатқан прозашы, романист-эпик қаламгер, ақын, драматург, аудармашы, тарихшы, әдебиет сыншысы, публицист, кино өнерін ұйымдастырушы, саясат-қоғам қайраткері. Ол осы салалардың бәрінде қызмет атқарды, сөз сөйлеп, қалам тартты. Оның қаламының қуаты мен қажырын үдере соққан желдей, қалың нөсер селдей десек артық емес, қай тақырыпта да оза шауып, оза келіп тұрды. «Талантты кісі қай істеде де талантты» деген сөзді Әбішке қарата айтса болады.

Әбіштің жас шағындағы бастау шығармаларында романтикалық сарын басым болды, жас Әбішті романтикалық реалист десе де болғандай. «Күйші» повесіндегі Сүйінқара бейнесінде, «Ханша дария хикаясы», «Аңыздың ақыры», «Құс қанаты» шығармаларында бұл сарын анық байқалады.

Сондай-ақ Әбіштің өмірді көру, көргендерін баяндау, бейнелеу әдістері де ерекше. Әр қаламгердің өмірді көру ракурсы бар. Оны фотографтың суреті сияқты «алыс план», «орташа план», «жақын план» деп бөлуге болады. Әуезов өмірді орташа планда көріп, орташа планда жазған, Бейімбет Майлин өмірді жақын планда көріп, ондағы ұсақ-түйек құбылыстың бірін қалдырмай тізіп, таратып жазумен ерекшеленді, ал Әбіш болса – өмірді «құс ұшар биіктен» көріп, сол биіктен суреттеді. Сондықтан оның шығармаларында өмірдің ұсақ-түйектері

көзден қағыс қалады, кесек көріністермен ірі турап жазады: оның кейіпкерлері кесек, оқиғалары ірі, оқиға өтіп жатқан фон мен табиғат суреттері де ауқымды, панарамалы. Оның қолтанбасында эпик қаламгердің тынысы анық байқалады. Оның өмірді көру машығы – жазу, суреттеу әдісін қалыптастырған.

Әдебиет аспанына самғатып шығарып, шырқау биікте қалықтатып тұрған Әбіштің бір қанаты – туа біткен таланты да, екінші қанаты – әлем әдебиеті мен мәдениетінің інжу-маржандарынан ғана сусындаған білімдарлығы.

Талант ата қуалайды. Ол ұрпақ бойына әкенің қаны, ананың сүтімен сіңеді. Болмаса туған топырағынан жұғады. Әбіштің бойында осы екеуі де бар. Маңғыстау топырағының негізгі иелерінің бірі Тобыштың Жаңайы ықылым замандардан бері осы елдің ат байлар қазығы ретіндегі әулет боп танылған. Әбіштің түп атасы Қожаназар – байлығымен, ел қамын жеген көсемдігімен, кем-тарларға қарасқан қайырым, мейірімен әзделген тұлға. Оның тікелей ұрпақтары – Сәркен, Шомақ, Таған, Қошандар да ел жадындағы аяулы есімдер. Маңғыстау түрікмендері мен Адай арасына араздық еніп, екі ара шандатқан бір тұста, басқа емес, Әбіштің кәрі аталарының бірі сегіз жасар Қошанның шыбын жаны кепілдікке тігілгені тіптен де тегін емес. Осынау жалғыз ғана жалқы деректің өзі Әбіштің ата-бабаларының Адай қауымының әлеуметтік өмірінде орындары қай дәрежеде болғанына айғақ бола алады. Сол себепті Әбіштің табиғи болмысы Маңғыстаудың өткенімен де, кешегі, бүгінгі, ертеңімен де тығыз байланысты. Әбіш – Маңғыстаудың аш өзегінен, қантамыр-қанасынан қақырата жарып шыққан төл перзенті.

Сарқырап аққан өзені жоқ, сырт пошымы сұсты, ойы таулы-тасты, қыры шөл дала боп келетін Маңғыстау өңірінің өткені тарихи оқғаларға бай, рухани өмірі таңқаларлықтай ғажап екенін атап өткеніміз жөн. Мұнда ешкімге бас имеген, күштінің өктемдігін мойындамаған таза табиғи халық тұрды. Б.д. б. VII ғасырдан бастап осы өңірдің автохонды жұртына айналған дай-массагеттер, б.з.б. 630 жылы Үстірттің оңтүстік құлай берісіндегі Дариялық (Узбой) бойында 200 мың парсы әскерін қырғынға салып, парсы патшасы Кирдің басын қаққан Қайсар қызы Тұмар патшайымның өжет елі – кейінгі Адайлар екенінің басы ашық. Маңғыстау жұрты ат-заты тарихта хатталған, ақиқаты анық-қанық алғашқы патшалары Томирис екенін мақтан етулеріне болады. Маңғыстауға «жеті жұрт келіп, жеті жұрт кеткенде», осы топырақтың төл жұрты Адайлардың өзі «үш рет келіп, үш рет кетті». Осындай аумалы-төкпелі ауыс-түйіс әбігерінде Адайлар тұңғыш патшалары Тұмар ханымның есімін жадтарынан түсіріп алды. Алайда өздерінің әйел патшадан тарағанын ұмытпады. Сондықтан да, Маңғыстау жұрты өздерін Ханбибі анадан дүредік дегенде, Ханбибі астарында – Тұмар ханым тұр деп түсінгеніміз жөн. Ал Тұмар болса, Шайыр жеріндегі Сырлытамда жатыр. 1999 жылғы археологиялық қазба жұмыстары нәтижесінде «Маңғыстаулық амазонка» аталған жерленім жәдегерліктерінің Тұмар ханым өмір детальдарымен ұқсастығы, оны Тұмар ханым қабірі деуге мүмкіндік береді.

Маңғыстау топырағын жайлаған Адай елінің ежелгі тарихы – Жеменей Жомарт (Аталық), Шылым, Ақпан батыр, түрікпенадай Есенбет, Есенқұл, Жұлдыз, Есек, Мұнал Жаулы батырлар есімдерімен әріден беріге жалғаса келіп, 1739 жылы 60 үйлі Адайдың Түрікпен арасы Қызыладырға көшіп келуімен Маңғыстаудың жаңа тарихы басталады. Бұған дейін байларымен, батырларымен аты шыққан айналасына мазасыз басасау, жортуылшыл жауынгер халық Маңғыстау топырағында жаңа қырымен танылады. Олар рухани өмірге шұғыл бет бұрады. Бұған дейін сөз өнері беймәлім боп келген Адайлар осында өзінің тайпалық поэзиясын дүниеге әкелді. Бір-бірінің ізін басып, лек-лек боп келген Өгізбай, Абыл, Қалнияз, Нұрым, Қашаған, Ақтан, Аралбай, Зәкәрия – шайырлық өнерді шырқау биікке самғатты. Абыл күйші – жанрлық табиғаты, қағыс-соғысы бөлектеу, ырғақ, иірімдері ерекше Адай күй өнерінің бұлақ-бастауына айналды. «Адайдың жеті қайқысымен» маңғыстаулық ән өнері қалыптасты. Маңғыстау шеберлері сәулет өнерінің ғажап үлгілерін көрсетті. Өнердің осындай салаларымен бірге Маңғыстау жұртының жан дүниесінде де сапалық өзгерістер орын алды. Қиқуға еліккіш, қашты-қудыға әуес олар сабырлы мінезге, ұстамдылыққа, ойшылдыққа, имандылыққа, діншілдікке бой алдырып, ауыл-ауылға мешіт-

медіресе салдырып, бала оқытып, емшілік, сынықшылық, көріпкелдік, сәуегейшілік, зергерлік өнерлерге әуестенді. Осынау үлкен өзгерістердің түпкі астары Маңғыстаудың ойқырында 360 әулиенің жатқанында еді. Әр шатқал, биік жартас, құлама сайларда үн-түнсіз бұғып жатқан әулиелі орындар өзінің үнсіз, тілсіз, бірақ топырақтан, ауадан анық бұрқыраған қуатты аурасымен Маңғыстау жұртының жан дүниесіне жаңа импульстер берді. Баяғы Адай жаңа Адай болып қалыптасқанын өздері де сезбей қалды.

Имандылықтың, ойшылдықтың, Алла нұрының мол қуаты шоғырланған бұл өлке талантты ұл-қыздар тудырмай тұра алмайды, күнде тудырмағанмен, әйтеуір тудырмай тұрмайды. Әбіш солардың бірі де бірегейі. Мистикалық әуендерге бой алдырмай, қазақтың қара тілімен айтсақ, Әбіш осынау Маңғыстау халқы жабылып туған, өзінің жан дүниесінен ащы тердей сығымдап шығарған аяулы бір перзенті еді. Ол – осы өлкенің шешендік, ойшылдық, имандылық, ақын-жыраулық өнерінің жанартаудай бұрқ еткен бір көрінісі.

Әбішті бүгінгі әдебиетіміздің, қоғамдық ойымыздың самғау биігіне көтерген екінші қанаты – білімдарлығы. Әбіш орыс әдебиетін жатқа, дүние жүзі әдебиеті мен мәдениетін терең білді. Міне, осы білімдарлық – Әбіштің қазақ әдебиетіне жаңалық әкелуіне септесті. Ол жаңалықтың аты – концептуалдық еді. Яки шығарма белгілі бір концептуалдық идеяға, философиялық түйінге негізделіп жазылуға тиісті еді. Мұндай үрдісті қазақ әдебиеті бұрын білмеді. Әбіштің алғашқы әңгімелері осы бағытта жазылған. Ал концептуалды шығармаларының анық үлгілері «Күйші» хикаясы, «Аңыздың ақыры» романы, «Ханша дария хикаясы». Міне, сүйтіп, Әбіш қазақ әдебиетіне концептуалды әңгіме, повест, роман үлгілерін бірінші болып әкелді. Ол көп ұзамай халық өмірін шежірелеуге, өткенін тірілтуге, құм көмген тарихының бетін ашуға, халықтың мұңын мұңдап, жоғын жоқтауға алдын ала белгілі бір идеяларға құрылған үрдістің тарлық еткенін тез түсініп, концепциялық бағыттан бас тартты. Қазақ топырағына өзі әкелген концептуалдық идеясынан Әбіш бас тартқанда, жыл құсындай ол жаңалықты Шыңғыс Айтматов іліп алып әрі жалғастырды. «Боранды бекет», «Екі дүние», «Касандра тамғасы», «Жар жағалай жүгірген тарғыл төбет» түгелдей концептуалды туындылар. Бұл ретте Шыңғысты Әбіштің шәкірті десе де болғандай. Шыңғыс концептуалды романдардың идеясын Әбіштен үйренумен ғана шектелмей, оның «мәңгүрттік» туралы философиясын да түп-түгел көшіріп алды. Шыңғыстай ірі тұлғаның бұл әрекеті маған түсініксіз күйінде қалып келеді.

Әбіш концептуалды үрдістен бас тартып, халық тұрмысын кең қамтыған саяси-әлеуметтік орны бөлек «Үркер», «Елең-алаң» романдарына кіріскенде де, қазақ не орыс әдебиетіндегі озық үлгілерді қайталамай, тағы да жаңа үрдістерге бой ұрды. Бұл жолы Әбіш Кекілбай батыс еуропа әдебиетінде жаңадан басталып, әлі орныға алмай жатқан «поток сознания» тәсілін қолданды. Оны түсінген бар, түсінбеген одан да көп. Роман Әбілхайыр ханның өткен-кеткенді еске алуларымен басталады. Ол тым ұзақ әрі шұбалаңқы көрінеді. Оқиға қуған реалистік суреттерге үйренген оқырманға солай. Осы жаңа тәсіл арқылы Әбіш романның шеңберін кеңейтіп, қазақ даласындағы ірі маңызды оқиғаларды түгел қамту мүмкіндігіне қол жеткізді. Романның бас қаһарманы Әбілхайыр туралы етек алған жөнсіз даулар романның көркем шығарма ретінде бағасын алуына кедергі келтірді.

Сөйтіп, біз қазақ әдебиетіне үнемі олжа салумен келген жаңашыл Әбіштің қазақ әдебиетіне қосқан жаңалықтарының бір-жар қатпарының ғана бетін аштық. Ал ондай қазыналы қатпарлар Әбіште өте көп.

ҚАЗАҚ-МАДИЯР ӘДЕБИ БАЙЛАНЫСЫ ТАРИХЫНДАҒЫ ЖАЗУШЫ ӘБІШ КЕКІЛБАЕВТЫҢ ОРНЫ

Мандоки О.М.

Мажарстандағы қазақ мәдени орталығының төрайымы,
Лакителек халық университетінің ұстазы, «Барыс» қорының төралқа мүшесі,
Будапешт, Мажарстан

Аңдатпа. Мақалада автор мадияр-қазақ әдеби байланыстарына қысқаша шолу жасай отырып, ондағы жазушы Әбіш Кекілбаевтың орнын сөз еткен. Жазушының мадияр тіліне аударылған «Бәйгеторы» повесінің көркемдік, эстетикалық, танымдық сипаты талданған.

Түйінді сөздер: мадияр-қазақ әдеби байланысы, мадиярша басылым, құман-қыпшақтар, қазақтармен байланыс, көшпелілер эстетикасы, табиғат пен адам.

Қазақ пен мадиярлар арасындағы байланыс тарихының сан салалы екендігінің, оның тым ертеден бастау алатындығы айтылып та, зерттеліп жатыр. Оның жаңа қырлары да күн өткен сайын ашыла түсуде. Мадияр авторларының қазақтарға қатысты жанама деректері ХІІІ ғасырдан бастау алады. Қазақ ауыз әдебиеті мен фольклоры туралы толыққанды мәліметтерге қарт құрлық жұрттары атақты түрколог В.В. Радлов (әуелгі нысыпысы - Фридрих неміс екені аян) еңбектері арқылы ХІХ ғасырдың 70-жылдары ғана қол жеткізгендігі мәлім [1]. Ал, мажарстандық шығыстанушы атақты Вамбери Арминнің Орта Азияға жасаған ұзақ жылға жалғасқан сапарларының нәтижелерінің арқасында тіптен етене таныс бола бастады. Ал, 1900 жылы Жетісу бойына 9 ай бойы зерттеу жүргізген Алмаши Дьёрдь еңбектерінде де қазақтарға қатысты, соның ішінде біз сөз еткелі отырған мәселе туралы аз-кем мәліметтер мадияр тілінде жарияланған еді [2].

Мадияр мен қазақ көркем әдебиет байланысындағы өзіндік ерекше мәнге ие болған кемеңгер Әбіш ағаның орнын сөз етерден бұрын аталмыш екі халықтың әдеби байланысы мәселесіне аз-кем тоқталып, шолып өтсек қисынға келетін сияқты. Ал, бауырлас екі халықтың бір-бірінің классикалық үлгідегі көркем әдебиет үлгілерімен дендеп жақын танысуы ІІ жиһангерлік соғыстан соң Мажарстан елінің коммунистік лагерьге еруге мәжбүр болуымен тікелей байланыста дамыды. Өкініштісі, алғашында совет жазушыларының коммунистік идеология мен соғыстағы жеңімпаздықты паш еткен бірлі-жарым шығармалары мадияр тіліне аударылып, жарыққа шықты. Араларында бірлі-екілі қазақ қаламгерлері де болды. Мұндайда тәржіма жасалатын автор мен шығармаға қатысты мәселе орталық қана шешетіні белгілі еді.

Мадияр тілінде шығармалары алғаш жарыққа шыққан қазақ авторы - Жамбыл жырау болды. Треченьи Имренің құрастыруымен 1955 жылы басылып шыққан дербес жинаққа жыраудың бірқатар туындылары енді [3]. Іле-шала ұлы Мұқаң – Мұхтар Әуезовтің әйгілі эпопеясы айтулы мадияр әдебиетшісі Рав Жужа мен Роган Миклоштың аудармасымен «Egy költő útja» - Ақынның жолы» деген атпен 1956-58 жылдары жарық көрді [4]. Іле-шала «Көксерек» туындысы 1961 жылы Фехер Яноштың аудармасымен шықты. Кейініректе дүниеге келген туындылардан «жаңа қоғамдық құрылымның жасампаздығы, жұмысшы тап келбеті, колхозшылар өмірі сияқты қасаң туындалардан «сталинизм» дәуірінің сызы анық байқалады», - деп жазды Көрменди Лайош [10, 110].

Алайда, мадиярлар қанша қаласа да, олардың қалауынан шығып, қолайына жағатын, ең бастысы олардың санасындағы шығыстағы туыс халықтардың шынайы әдеби шығармаларына қол жеткізу екіталай болды. Айталық, қазақ рухани қазынасының - арысы халық әдебиеті өкілдерінің, берісі Алаш арыстары мен оның замандастары тудырған әдеби құндылықтар репрессивтік идеологиялық саясаттың сүзгісінен өтпей, шетел түгілі қазақ қауымы үшін де қол жетпес мұра болғандығы өкінішті. Осыны мадияр зиялылары сезді, білді. Себебі, заманында большевиктерден қағажау көріп, шетелге эмиграцияға кетуге мәжбүр болған, Алашордашылармен байланыста болған башқұрт оқымыстығы Таған

Ғалымжан Мажарстан жерінен пана тапқан, онда ұзақ жыл тұрған, көптеген мақала жариялаған еді. Осы тақылеттес жайттар мен коммунизмге деген наразылықтан советтік саясат пен оның құралы әдебиетті мадияр жұрты өзгеше қырынан сыни көзқараспен пайымдауға жақын тұрғаны аян. Ал, мажарстандық шығыстанушылар өз зерттеулерінде туысқан түркі халықтарының әдебиет үлгілерін кеңінен арқау етіп, насихаттап келгендігін айтып өтуіміз парыз. Мұндай құлшыныстардан көзі ашық, қырағы мамандардың туыс халықтардың әдебиетінің үлгілерін ішінара болса да, мадияр оқырмандарына таныстыруға деген ынтасы байқалады. Бір ғана мысал келтірсек, Мажарстан тарихындағы қиын кезеңдерде, яғни 1958 жылы қазақ ертегілері мадияр тілінде «A fako lovacska», яғни «Құла тай» деген атпен жарық көргенін айтып өтсек жеткілікті [5]. Бұл ауыз әдебиетіне қатысты алғашқы қадам ретінде әдеби байланыстар тарихына енді.

Қазақ көркем әдебиетінің мадияр тіліндегі арнайы жеке жинағы 1969 жылы жарық көрді. «Kazah irodalmi szemelvenyek», яғни «Қазақ әдебиетінен үзінділер» деген атпен шыққан жинақ Венгр-совет достық қоғамының мұрындық болуымен жүзеге асырылды [6]. Жинаққа қазақ ертегілерінен бастап, «Ерсайын» жыры, Махамбет, Абай, Жамбыл жырлары, С.Дөнентаев, Ғ.Орманов, Қ.Бекқожин, Ж.Саин, Ғ.Мүсірепов, М. Әуезов шығармалары енгізілген екен.

Оқырмандарының сұранысын қанағаттандыру мақсатында мадияр әдебиетшілері «Világírodalmi lexikon» - Әлем әдебиетінің энциклопедиясы атты көптомдықта Азиялық және советтік республикалардағы әдеби ахуалға, оның көрнекті тұлғаларын молынан қамтуға ден қойды. Бұл іске сол халықтардың тілдерін еркін меңгерген, әрі зерттеумен айналысатын мамандарды тартты. Мәселен, менің жолдасым Мандоки Қоңыр аталмыш энциклопедияның VII томына (ол екі кітаптан тұрады) түркі жұрттарының әдебиетіндегі отызға тарта тұлға мен әдеби жанрлар мен кесек туындылар туралы мақала жариялады [7; 8].

Академик Рымғали Нұрғалиев «қазақ әдебиетінің алтын ғасыры» деп бағалаған XX ғасырдағы қазақ кәсіби әдебиеті 1960-жылдардан бастап көркемдік өресі жоғары кесек туындылармен толығып, дами түскендігі белгілі. Әдеби жауһарларымен шетелдік оқырмандардың етене жақын танысуға 1950-60 жылдарға дейін мүмкіндік болмады. Тек, жылымық лебі ескен кезеңнен бастап, жағдай өзгере бастады. Абай, Мұхтар сынды алыптардың жолын пір тұтқан 1960-жылдары қазақ әдебиетінде қаулап бой көтерген қазақ әдебиетіндегі жас жазушылар мен ақындардың туындылары Совет одағы халықтарының тіліне һәм сол кезде социалистік лагерь елдерінің тіліне аударылып, көптеп жарық көре бастады. Мадияр тілінде алғашқылардың бірі болып совет ақындарының антологиясында Олжас Сүлейменовтың өлеңдері жарық көрді. Қазақ фольклоры, ауыз әдебиеті үлгілері мен жаңа заман әдебиеті өкілдерінің туындылары, кейбір үзінділері Мажарстанның алуан түрлі жинақ, журналдарында жарық көріп тұрды.

Қазақ жазушыларының толыққанды жинағы 1977 жылы Будапештте «Еуропа» баспасында жарық көрді. Жинақ «A díjnyertes ló: Mai kazah elbeszélők», қазақшаласақ «Бәйгелі сәйгүлік. Бүгінгі қазақ (жазушыларының) повестері» деген атпен жарық көрді. [9]. Жинақта он екі қазақ авторының повестерінің орысша нұсқасынан он білікті тәржімашы мадияр тіліне аударған. Авторлар Ә.Әлімжанов, Д.Досжанов, Д.Исабеков, Ә.Кекілбаев, Б.Момышұлы, С.Мұратбеков, Ш.Мұртазаев, С.Санбаев, Ә.Сәрсенбаев, О.Сәрсенбаев, М.Сүндетов, Ә. Тарази фамилиялары бойынша алфавиттік ретпен берілген. Шынтуайтында жинақтың атауы Әбіш Кекілбаевтың «Бәйгеторы» әңгімесімен аталған еді. Жанына балаған тұлкікке ат қоюдан алдына жан салмайтын қазақы ұғымды өзге тілге аударудың оңай емес екендігі түсінікті. Көшпелі мәдениеттің һәм жауынгерліктің атрибутына саналған жылқы тұлкігін мадиярлар да ерекше қастерлейді. Бірақ, қазақы ұғымдағы атау олардың санасында жазушының айтайын деген ойын, оқиғаның жүлгесін деп жеткізе алмайтындығын ескерген аудармашы Антал Миклош «A díjnyertes ló», яғни «Бәйгелі сәйгүлік» деп алуды жөн санаған (ол сондай-ақ, Әкім Таразидың әңгімесін де аударған). Ол осы мәселеде зерттеуші Қоңырмен ақылдасқан. Дегенмен, басты себеп Әбекеңнің «Бәйгеторысының» көркемдік

және эстетикалық өресіне тікелей байланысты болды десек қателеспейміз. Оны мадияр әдебиетшілерінің білдірген пікірі қуаттап отыр (ол туралы төменіректе арнайы тоқталамыз).

Көлемі 336 беттен тұратын жинақтың 64-111 беттері аралығында орын алған Әбіш ағаның «Бәйгеторысы» мадияр оқырмандарын ерекше баурағаны көптеген мәселеге қатысты жарияланымдарда айтылды. Осы орайда қазақ әдебиетімен етене айналысқан қыпшақтекті ақын, жазушы Көрменди Лайоштың пікіріне ден қойсақ жеткілікті. Ол мадияр қыпшақтарының рухани орталығына айналған Карцаг қаласындағы «Сент форраш – Әулие бұлақ» деп аталатын тәржіма шеберханасы (Műfordító műhely) шығарып тұрған альманағының бір санында (1988) «Üzenet a jurtakból» – Киіз үйден келген хабар атты жазбасында аталмыш жинаққа қатысты пікірін жариялаған [10]. Мұнда ден қойғызатын тұсына тоқталсақ, Әбіш Кекілбаев туындысына мадиярлардың берген ортақ бағасы деуге әбден лайық. Көрменди Лайош былай деп толғанады: «Қазақ жазушыларының табиғатпен етене жақын байланысына ерекше ден қолатындығы, оның адамдардың ту сыртында тұрған тамаша бір фон ретінде қабылдауға болады. ... Солай адамдарға қорған болып тұрған заңғар таулар, шексіз шетсіз дала оларға бар қажетті нәпақасын да аямай төгеді. Әсіресе, Әбіш шығармасында сол аялы табиғаттың шексіз тылсымының суреттеуінен, әсіресе жылқы мен адам арасындағы байланыс суретінен атақты Лев Толстой мен Шыңғыс Айтматов туындыларымен шендесетін тұстары байқалады» [10, 112]. Бұл - Әбіш ағаның мадияр тілінде жарық көрген әңгімесіне мадияр әдебиетшінің берген бағасы. Көрменди қазақ жазушыларының шығармаларынан байқалатын басты қасиет - оларға асқақ эстетикалық сұңғылалық пен сезімталдық тән [10, 110]. Сонымен қатар, оның пікірінше «повестерде адам мен табиғат симбиозы, көшпелі дәстүрді бойына жасырған кең сақара мен заманауи техникалық өркениетке құлшынған қала, ислам мен марксизм» тайталасы мен шынайы суреті көп нәрсені аңғартады», - деген толғанысын жасырмайды. Көшпелілердің бүгінгі заман қаламгерлерінің туындылары социология мен этнографияға бай қызықты баяндаулармен ғана емес, эстетикаға толы, ең бастысы «қазақ халқының бойында шексіз жасампаз күш-қуат, өмірге құштар, тіршілікке икемді қасиет бар» екендігін тартымды, әрі шынайы суреттеу арқылы өз оқырмандарын иландыра алады [10, 113].

Қазақ қаламгерлерінің мадияр тілінде жарық көрген жинақтың 317-327 беттерінде менің жолдасым Мандоки Қоңыр жинақтағы қазақи ұғымдар мен атауларға арнайы жазған түсініктемесі берілген (Сөз орайында айта кетуім парыз, мадияр тілінде жарық көрген түркі фольклоры мен әдебиетіне қатысты басылымды дайындағанда көбі Қоңырға жүгінетін. Аудармашылар мен баспагерлер онан ақыл-кеңес алатын, редакция жасауды, комментарийлер дайындауды сұрайтын. Айталық, атақты Шыңғыс Айтматовтың мадиярша жарық көрген романдарындағы ұғымдар мен атауларға түсініктемелерді Қоңыр дайындаған-тұғын).

Әбіш Кекілбаев шығармасын жылы қабылдаған мадияр оқырмандары екінші мәрте оның «Аңыздың ақыры» туындысымен қауышудың сәті түсті. Герольд Бельгердің орысшаға аударған нұсқасынан (Жалын баспасы, 1977) атақты мадияр әдебиетшісі Катона Ержебет ханым мадияршаға тәржімалады. Сөйтіп роман 1998 жылы екі бірдей кәсіпорынның (Агрометалл және Хунгаро-кабель) демеушілігімен жарық көрді (соңғысының жетекшісі Гал Андраш «Барыс» атты қор құрған, қазақ-мадияр қатынастарына арналған жиырмадай кітапты жарыққа шығарған) [11]. Тәржімашы Катона Ержебет автор туралы толғанысында «Қазақстанның ерекше экзотикаға толы, тылсымды өңірінде дүниеге келген Әбіш Кекілбаев ... шығармаларының тілі - шығыс әдебиетіне тән қою, әрі шиырлы. Жазушы туындыларының негізгі идеясы билік пен адам арасындағы шексіз, жойқын тайталасты арқау етеді. Билеушілердің пәлсапасын жасырын қырының ішкі мәнін шым-шымдап аша түседі. Оның біртіндеп жаныштай отырып, адам абыройын аяққа таптайтындығын, сөйтіп индивидуалистік қасиетті быт-шытын шығаратындығына мән береді. Ал биліктің иелерінің өзі де құлға айналып, өзінің шексіз билігінің құрбанына айналады, Басқаның мойнына ілінген құрық біртіндеп тырп еткізбей оның да аяқ-қолын матап тастайды» [11, 253].

Әбіш Кекілбаев шығармаларындағы мадияр оқырмандарын айырықша баураған, ерекше әсер қалдырған қыры оқиғалардың суреті, ортасының көшпелі болмысқа сай суреттері ғана емес, кейіпкерлерінің тіршілік ырғағы мен салт-санасының мадиярлардың бағзыдағы тарихымен үндес болуында жатса керек. Автордың шынайы суреті, көркем образдарды сәтті сомдауында өзіндік қолтаңбасымен даралана түсуі мадияр оқырмандарын еріксіз мойындатты. Мұнан «Азиядан барып, Карпат қойнауына қоныс тепкен мадиярлардың тарихы мен мәдениетінің бір кездегі картинасымен танысқандай боламыз», - деп жазды Катона Ержебет. Әбіш Кекілбаев шығармаларындағы суреттеулер Мажарстандағы қыпшақтар қоныстанған Куншагта, яғни Құманияда бертінге дейін болған еді. «Бәйгеторы», мадиярша «Бәйгелі сәйгүлік» повесінің картинкасының ерекшелігі көшпелі өркениеттің соңғы жұқанасы іспетті әсер қалдыруымен мадияр оқырмандарының жүрегіне жол таба білуінде жатса керек.

Сайып келгенде, Әбіш Кекілбаев шығармалары мадияр оқырмандары үшін көшпелі ортаның сән-салтанаты, гүлденуі мен күйреуі, адам мен табиғаттың егіздесе үндесуі, тарихтан алған тағлымы мол, жеңісі мен опырыла күйреуі сияқты алмағайып кезеңнің тамаша бір бейнесін нанымды, тартымды етіп түзген тамаша әдеби туынды, жауһар шығарма ретінде қазақ тарихы мен мәдениетіне ден қойған мадияр оқырмандарына және кәсіби мамандарға жан-жақты мәлімет беретін кемел дүние ретінде бағаланып отырғаны біз үшін зор мақтаныш! Алдағы уақытта да ұлы суреткердің еңбектері мадияр оқырмандарына жол тартады деген үмітіміз бар. Лайым солай болғай!

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Die Sprachen der türkischen Stämme Süd-Sibiriens und der Dsungarischen Steppe von Dr.W.Radloff. I. Abtheilung. Proben der Volkslitteratur der türkischen Stämme Süd-Sibiriens, gesammelt und übersetzt von Dr.W.Radloff, T. III. Kirgisische Mundarten. – St.-Pbg., 1870.– XXVII. - 856 с.
2. Álmásy György. Vándorutom Ázsia szivébe (Азия жүрегіне саяхатым). - Budapest, 1903. - 768 о.
3. Dzsambul Dzsabajev. Osszeáll. Trencsinyi-Watdapfel Imre. - Budapest, 1955.
4. Auezov Muhtar. Egy költő utja (Abaj Kunanbajev.) Regényes életrajz. Ford. Ráb Zsuzsa. III. Rogán Miklos. - Budapest, 1956, 1958.
5. A fako lovacska. Kazah népmesek. Vdl., utószó és jegyz. Kovács Zoltán III. Loránt Péterné. - Budapest, 1958.
6. Kazah irodalmi szemelvények (Қазақ әдебиетінен үзінділер) Válogatott. Neszmélyiné Laszkovszky Márta. - Budapest, 1969, MSzBT. 108.
7. Világirodalmi lexikon (Әлем әдебиеті энциклопедиясы). – Budapest, 1970. – VII (1). – 1971. – VII (2).
8. «Ұлы даланың біртуар ұланы». Алты Алаштың ардақтысы, көрнекті түркітанушы, мәдениет қайраткері, Мажарстан ғалымы Мандоки Қоңыр мұраларының аудармасы, ғылыми комментарий, библиографиялық көрсеткіші. «Ұлы тұлғалар» сериясы. Алматы: Орталық Ғылыми кітапхана, 2009. - 328 б.
9. A díjnyertes ló: Mai kazah elbeszélők. - Budapest: Europa,1977. - 336 о. (Бәйгелі сәйгүлік (Бәйгеторы) Қазақ жазушыларының мадияр тілінде шыққан повестер жинағы).
10. Körmendi Lajos. Üzenet a jurtaból // Szent Forras. Műfordítások a türk népek irodalmából. - Karcag, 1988. - 109-116 о.
11. Kekilbayev Ebis. A legenda vége. Magyarra fordította Katona Erzsebet. - Budapest, 1998. - 254 о.

ӘБІШ КЕКІЛБАЕВТЫҢ «АҢЫЗДЫҢ АҚЫРЫ РОМАНЫ ТУРАЛЫ

Сөйлемез О.

Қастамону Университеті, Түркия
(Қазақ тілінен аударған Айнагүл Даниярова)

Аңдатпа. Мақалада жазушы Әбіш Кекілбаевтың «Аңыздың ақыры» романындағы тарихи кейіпкерлер, олардың өмірдегі прототиптері туралы сөз болады. Адамзат тарихында өзіндік орны бар тұлғалардың образын берудегі жазушы шеберлігі талданады.

Түйінді сөздер: Шыңғыс хан, шындық, роман, оқиға, оқырман, Әбілқайыр хан.

Түріктердің басым көпшілігі өмір сүрген аумақтар – ескі атымен Түркістан топырықтарында үстем еткен әміршілер Шыңғыс хан, Темір, Ұлықбек, Бабур және т.б. Шыңғыс ханның қатігездігі, оның Отырар қаласын күлталқан етуі, зұлымы, қаталдығымен танымал әмірші өмірінің соңына таянған шақта, өлім адамзаттың барлығына тең екеніне көз жеткізген. Қазақ ақыны, әрі жазушы Мұхтар Шаханов ең зұлым әмірші ретінде тарихқа таңба қалдырған Шыңғыс ханның ауыр дертке ұшырағанда, бұл дерттен айықтыратын білім адамы – Айбар – Отырар қаласының тұтасымен күлге айналған көтерілісте шейіт болғанын, оның ойлап тапқан ем жолының Отырар кітапханасында өртке оранғандығын ащы шындық ретінде үйренуін кітабында жазады. Айбардың ақылды, пысық және ержүрек әйелі, Отырар қаласының ханы Қайыр ханның қарындасы Ақеркенің бұл дерттің шипасын білетін жалғыз өзі екенін, Шыңғыс ханның құзырына шыққанда өлімнің баршаға тең және әділ болатынын, бай-кедей, жас-кәрі, еркек-әйел деп бөлінбейтінін Шыңғыс ханның жүзіне қарсы сөйлегенде хан үнсіз қалған еді. Соңында бұл ащы шындық ішіне түскен от болды.

Кекілбаев кітабында атын атамаса да Шыңғыс ханның өмірін бір хан ретінде емес, қарапайым адам, үйлі-баранды еркек ретінде, ішін жалмаған үлкен күдікпен құлдырауын көрсетеді. Романда махаббат, қызғаныш, күдік, арман, даңқ сияқты адамзаттың негізгі сезімдері бір ортада жинақталған. Түрік әлемі жазушыларына тән ерекшелік ретінде көрсетілген романдарда шығыс философиясын еңбегіне арқау ету дәстүрін одан бұрында Айтматов пен Шахановта қолданады. Еңбекте Хазіретті Сүлейманның құмырсқа мен жүздесуі, оның сұрақтарына жауапта кідірмесі оқырман қауымға терең әсер қалдырады. «Баяғыда сұңғыла Сүлейменге бір күні құмырсқа кеп: «Саған жаратқан ием желді неге бағындырып бергенін білесің бе?»-деп сұрапты. Сүлеймен капелімде жауап таба алмай мүдіріп қалыпты. «Ол сенің патшалығыңның ақыр түбі желге ұшатынына меңзегені»,-депті құмырсқа. Сүлейменнің бұны естігенде өңі ауып кетіпті. Өлгі құмырсқа: «Алланың әмірін ұлыларға кішілердің сөзі жеткізеді деген осы болады»,-деп тайып тұрыпты. Сүлейменнің де басынан ауған бақ кімнің басынан аумайды дейсің. Бірақ Сүлейменнің басынан бақ ауғанмен, даңқ ауды ма? Соған қарап-ақ, бақ-аз ғана күн тіршіліктің ырызығы да, ал даңқ - ұлан-асыр мәңгіліктің несібесі екенін біле беруге болмай ма?» (9-10 бет) Бұлар ханның үлкен сапардан қайтар жолда ойын мазалаған риуаяттардан. Шөлде алтынға оранған көлігінің ішінде ескі күндерін, қиналған жұбайы және баласымен бірге дұшпаннан қашқан қиын замандарын есіне алады. Кейін қол жеткізген даңқының әсерінен ол күндерді ұмытады. Өзінен басқа жан баласы білмейді. Бағы басынан ұшқан еді. «Төрт жылдан бері Ханның жүз мың әскері өзге жерлерді басып алған еді. (8-бет) Бірнеше күннен бері алай-дүлей болып, бірде тыныштылған шөл дауылының бір күн өзін де із қалдырмадан жоқ қылып жіберер не жібермесін ойлайды. Жазушы романның соңының тұспалыны берген сияқты. Иә, Хазіретті Сүлеймен бахтиярлық және даңқтан нәсібіні алып бұл дүниеден бос құрқол өткен. Бірақ артынан із қалдырып өткен. Ұлы Хан болу үшін, артыңнан өшпестей із қалдыру үшін үлкен істер атқару керек. «Кішкентай көздерге жақсылық істе мейлің, жамандық істе мейлің, жанарының шарасына сыймайтындай алапат қып істе. Әйтпесе, аз жақсылығыңа бәрібір місе тұтпайды, ал сәл ғана жамандығыңды көрсе-жерден алып, жерге салып жазғыра жөнеледі. Біреудің тұмсығын қанатсаң, бар пәлені басыңа үйіп-төгіп бағатын немелер кең әлемді

белшеден қанға малып қойсаң: «Бұл не істегенің?» деп нәлет айтпайды. - «Апырай, қалай істедің?» деп қайран қалады» (10-11 бет)- деп жазады. Бұларды жасау үшін де кісі күшке, құдіретке, даңқа мұқтаж. Ханда барлығы да бар. Мұны тек қана таңдаулылар жасай алады. Ол да таңдалған ұрпақтан тараған. Қол астында бітпес байлығы, сансыз ержүрек әскері бар. Мүмкіндік болғанда, пайдалану керек.

Хан алғаш рет сапардан келер жолда ойға шомылады. Бұрын соңды мұндай ойлар мазаламаған. Оны құпия ретінде сақтау керек. Бірақ бұл жолы сыры жүрегінің түбінде сақтаулы сыр сандықтан төгіліп жатқандай мазалайды. Ойлай береді, өйткені үлкен дұшпаны қарсысында. «Кәрілік!». Жауыңнан да аса қауіпті. Оны ешбір әскер бағындыра алмайды. Қылышың оған өтпейді, байлығыңмен құртыла алмайсың. Ең жаманы «Қас жауың» сияқты реті келгенде тап беріп шабуыл жасамайды. Керісінше баяу-баяу және бойынды қорқыға билетіп әрекет етеді. Сары уайымға шомылдарады. Хан да енді сары уайыммен бетпе-бет. Бірақ жеңіс туын арқалаған Ханның бір тілегі бар. Әмірі жүрмеген тек бір ғана өлке, құмырсқаның илеуі сияқты құжынаған, қысық көзді халықтың мемлекетін басып алу. Құмырсқа сияқты қырғын халқы болғаны үшін үстемдік орната алмаған бұл өлкенің халқы одан қорықпаған. Иемденген басқа өлкелерде барлық тұтқындарды өлтіргені үшін арқасына бұрылып қараудың қажеттілігі жоқ еді.

Бірақ Ханның ойлануы керек болған басқа жағдай бар. Сапарға шыққанда бас қаланың орталығында емес, бірақ мен мұңдалаған, айналасыны мақтанышпен көре алатындай мұнара бар болатын. Қаланың кіреберісінде Ханның көзіне шалынады. Хан қалаға кірерде «көк аспанның ұшы қиырсыз кеңбайтақтығын мақтан тұтқан» мұнара көзіне түседі. (15-бет)

Саябақтың оңаша түкпіріне барып, сылдырап ағып жатқан бұлақ басындағы қойтастарға отырады да қояды. Мынау жарық жалғанда тек осы бір аядай тұма бұлақтың басында ғана ол өзін билеуші сезінбейді. Сылдыр-сылдыр ағып жатқан мөлдір бұлаққа да, жасыл-желек арасында мігірсіз шықылықтаған сансыз құстарға да, су үстінен шыр айналып шықпай қойған көк қанат инелікке де оның ешқандай әмірі жүрмейді. Бұл арада одан ештеңе ықпайды. Тек қалың нудың ішінен шыға кеп, бұны көргенде дүркіреп кейін қарай зыта жөнелетін үркек еліктер ғана сескенеді. Бірақ олар да бұдан атақты билеуші екен деп емес, көп екі аяқтылардың бірі екен деп қорқады. (16-17 бет)

Өмірлік тәжірибесінен білген бір сыры бар Ханның ойында: «Әмірші көп сөйлемей және бос өсек-аянға құлақ түрмеуі қажет. Ал егер өсекке құлақ түріп, өзінің мансабын кішірейтетін болса, өсекшінің алдында басындағы тәжін шығарып, түкірік тостақаны етуге дайын деген сөз». (20-бет) Мұндай саяси пікірдегі Хан, «Өзгелерге қасақана немесе әдейілеп жала жапқандарды құтырған итті жек көрген сияқты жек көреді». (20-бет) Жазушы Темір ханның өмірі мен қиял әлеміні жақсы біледі. Оны жақсы талдаудың арқасында сеніммен суреттейді. Соғыс майданында мыңдаған әскері намыс азабынсыз өлтіре білген әмірші. Бір кісінің әміріні берерде өте сақ әрекет етеді. Себебі, «бейбіт өмірде қайыршыға қарсы жасалған тарыдай ғана зұлымдық намысына дақ түсіргендей болушы еді. Қарапайым бір кісіге Хан тарапынан көрсетілген мейірім, мыңдаған күнәсіздің өліміне себепкер болған қанішердің қорқынышты даңқын ұмыттырады. Дана, әділ Хан қауесетіні тоқтата алатын еді». (21-бет) бұл өте орынды анықтама. Себебі жиырмасыншы ғасырдың ең үлкен зұлым диктаторы болған Сталин аяусыз миллиондаған халықты өлімге қиды. Жүз мыңдаған күнәсіз ағартушы айдындарды жұбайларымен өлімге, абақтыға, ату жазасына, айдап жіберуге, басқа жаққа жер аударуға мәжбүрледі. Онша қатігездік жасай отырып, бейкүнә балалармен бірге жарияланған фотоларымен безендірілген афишалар халықтың үреймен құрмет көрсетуіне себеп болды.

«Сыр - сенің қаруың» деп жазады жазушы. Халыққа билік орнатқан адамдардың бұл сырды қалай қолдану керектігінің құпиясын ашады және «бүтін үстем етушілер мен мықтылардың басқалардан басты ерекшелігі де осында емес пе? Үстем етіп, басқалардың сырыны біліп, өз сырларын ешқашан бөліспеу». (19-бет) Бұл сөйлемдер басқарушы мен бағынушы арасындағы шекараның құпиясы мен арақатынасының Түйіндіі сияқты. Жазушы

қарапайым халық пен оларды билеушілер арасындағы бұл ұсақ болып көрінген шындықтаа үлкен ерекшелікті көрсеткеннен кейін ханның да бұл ерекшеліктен басқа қарапайым адам екендігі түгел романға арқау болады. Ешкім оның сырларыны білмегендіктен Хан ретінде қала береді.

Романда айтылатын қысқа қиссалар немесе Ханның естеліктері стиліндегі бөлімдер бір жерлерде жазушының Ханды бейкүнә етіп көрсету амалдарының бір бөлігі ретінде көрсетеді. Мықты бір қолы, даңқты әскерлері бар Ханның басқа да халықтарға құрған үстемдігі және оларға қарсы қолданған зорлық-зомбылықты кешіріммен қарауды көрсететін кеңестер береді. Бір жорықта үзіліс жасаған Ханның жасақтарын суреттеуде жазушы әскерлерін өртеп жібергенін «жанған алаудың алапаттығы, көктегі жұлдыздардан да көп сияқты еді» (22-бет) деп білдіре отырып бұл жасақ әскерлерінің саны аспандағы жұлдыздардан да көп деп салыстыру жасайды. Мұндай мықты әскердің қоршап алуының астарында қорқы ішіндегі қала халқы үшінші күн өткен соң жауға беріле бастайды. Жауға бас игендердің саны жүз мыңнан астам және бұл әскерлердің санынан асып түседі. Бұл жағдайда Хан қалай әрекет ететіндігін қолбасшысы мен кеңесшілерімен ақылдасады. Қолбасшылары халық санының көптігінен қорқа бастайды. Хан жанына алған Хазіретке бетбұрып оның пікірін сұрайды. «Бұның оң жағында сыртын тай жарғақпен қаптаған қалың Құранды, қарсы алдындағы күміс тағанның үстіне қойып, таспиық тартып отырған ақ сұр хазірет әңгімеге араласты. - Уа, тақсыр, қара шыбындай быжынап, мынау жарық жалғанды қайдағы бір ыбылыс-ластыққа жайлатып бара жатқан кәпір тұқымды қалай қырсаңыз да, қанша қырсаңыз да сауап. Мен өзім ол найсаптардың онын өз қолыммен бауыздауға әзірмін. Оларды осы қазір қылыштың астына алмасаңыз, алдымызды түнге айналдырсақ, қапы қалуымыз ықтимал, - деді. (22-бет)

Үлкен ұлы мен бас уәзір оның сөзін қосарлана қостады. Бесін ауа қалың әскер босқындар иірілулі тұрған түбекке беттеді. Олар әуелі бұлардың не мақсатпен келе жатқанына түсінбей, айқайлап қуанды. Күн екіндіге таянғанда тығырық түбекте жауынгерлер жұлықтарынан қан кешіп өліктерді төбе-төбе қып үйіп жатты. Ертеңіне таң намазын оқып болған соң, хазіретке Құран аштырды. азірет оны: «Бұл жерде жаратқан ием кәпір мен мұсылман жайлы мисалды айтып отыр. Біреуі-алтынға сатылатын құлақ кесті құл, қор; екіншісі-өз ырзығын алланың шарапатынан алған, не істеп, не қоям десе де еркі бар азат адам; ол екеуі ешқашан бір-бірімен тең болмайды деп, сіздей сайыпқыранның қылышынан өлгендердің сұраусыз екендігіне меңзейді», - деп түсіндірді. Сосын басталғалы тұрған ұрыстың кәпірстанды пайғам-бардың ақ туының астына жығуын тілеп бата қылды». (23-бет)

Жазушы бұл жерде ақылды әрекет ету арқылы ханның күнәсіз екендігін, оны бұл зұлымдаққа апарғандардың кеңесшілері, сенім артқан адамдары болғанын көрсетеді. Бұл қаншалықты дұрыс немесе мақұлданатын әрекет екендігі белгілі емес. Бірақ бүгінгі күнімізде қолданар болсақ еш қиналмастан мынандай тұжырымдама жасауға болады: «Хан немесе билеуші жанына кеңесші таңдауда өте сақ болу керек». Бір жағынан мүмкін жазушының өмір бойы дін және діншілер туралы пайымдауы орынды емес. Мұнда айтылған мәселе тікелей «қасиетті Хазіретке» тән. Хазірет ханды зұлымдық жасауға көндіріп қана қоймай, жасағандарына Құранда мақұлданғанын көрсетуге тырысады. Қаншалықты дұрыс екендігі талқылауды қажет етеді. Бірақ жазушының стилінен көргеніміздей Хазірет оқыған сүресіні түсіндіргенде өз пікірін жақтайтын сөздер қолданады. Оқырман қауымға кішкене ғана айырмашылықты байқайды. Осы тұста басқа бір романды еске алсақ. Өзбек жазушы Әділ Иакубоғлу «Ұлығбейдің қазынасы» атты шығармасында заманның дін адамдарының діннен, иманнан, ақиқат жолынан ұзақ, бас пайдалары үшін үлкен істерге, жала жабуға және саясатқа араласқанын көрсетеді. Ұлығбейдің «қазынасы» ретінде танылған ең маңызды қолжазба кітаптарын мешіт ауласында арнайы рәсіммен өртеу оқиғасы оқырманның жадында ұзақ сақталады. Бұл тұста да, «қасиетті Хазірет» дұрыс әрекет етпейді. Басқаша көзқараспен қарар болсақ, шындығында Хан мұндай зұлымдықты бәрібір жасайды. Тек қана бұл шешіміні қолпаштағандардың болуын қалайды. Осылайша үлкен ұлы мен бас уәзірі де бұл пікірде және бас иген қала тұрғындарының санына байланысты уайымдарының

болғанын Хан байқаған еді. Тек бір ғана нәрсе, діннің және дін өкілдерінің мақұлдмасы. Хазірет те бұл міндетіні орындайды. Бұл жағдайда да Хан ақылмен шешсе, Хазірет тұзаққа түскен немесе бұл дүние рахаты үшін жүз мыңнан астам өліміне себеп болған. Екі жағдайда да Хазірет жағымсыз кейіпкер ретінде көрсетіледі. Бұл оқиғаның маңызды тұсы қандай да бір жағдай болмасын ханның мәселені зұлымдықпен шешуі. Хан қатігез. Қатігездік – оның бір сипаты. Бір жағынан Хан күнәсіз, өйткені шешіміне себеп болған кеңесшілері мен Хазірет. Жеңілмейтін ханның басқа бір қасиеті тағы бар – қатігездігін орап кететін жақсылығы. Езілген халыққа және мұқтаж жандарға қол ұшын созуы. Жазушы басқа бір оқиғаны баяндау арқылы Ханның бұл қасиетін алға тартады.

Қала басып алынғаннан кейін ханның әскерлері үшін есіктер айқара ашылады. Әскерлер көші екі апта бойы жалғасады. Әскерлер сауық-сауран құрып, әрі торбаларыны толтырады. Кейбіреулері жүздеген құлды меншіктейді, кейбіреулері аттарына жүктей алатын жүкті ғана алады. Хан адамдардың бұл қанағатсыздығын, ашкөзділіктерін бақылайды. Қаланы аралап жүріп, дауласқан екі адамға тап болады. Қысық көзді қараторы бір адам, көр бір адамның мойнына жабысып тамағынан қысып жатыр екен. Хан көлігінен түсіп қысық көзді адамның иығына қойып қалған жұдырықпен соқыр адамды құтқарады. Ханның ашуын келтірген де бұл екі кісінің қалалары жау әскерлерімен қоршаланып алынған кезде қарсы тұрмастан оларға берілуі. Жауға біраз бұрын төбелескендей қарсы шыққанда қалаларын жоғалтып алмас еді. Соқыр адамды құтқарып, қысық көзді адамның торбасындағы алтындарды көрдің басына төгуді әмір етеді. Құлдарды босатады. Соқыр: «Алла, Алла. Бұл қатігез халықтың ішінен әділ болған кім екен?» деп сұрайды. Ол жеңілмес Хан. Қаламгер осындай сценарий жазу арқылы Ханның сол күннен кейін қандай да бір қаланы немесе мемлекетті басып алып, қан төгуі емес, бұл байғұс соқыр адамды құтқарған хикаясын алдыңғы қатарға қояды. Бұл саясат. Саясаткерлердің саяси ойыны. Мұндай мысалды Сталиннен де көре аламыз. Халық оны құшағында қыз балақаймен бірге түскен суретімен таниды. Жер аудару, ату жазасы сияқты миллиондаған халыққа жасаған зұлымы арқылы емес. Бірақ, халық Сталиннің құшағындағы қыздың ата-анасы халық дұшпаны ретінде ұсталып, ату жазасына ұшырағандығын білмейді. Қаламгер Кекілбаев осы тұста өте маңызды бір көзқарасқа тоқталады және романына бұл көзқарасты өте жақсы енгізеді.

Жеңістің тойлануы да бірнеше айларға созылады. Хан сарайына келеді. Бірақ мазалы ой үстінде. Сапардан қайтар жолда назарына қаланың шетінде бір мұнара ілігеді. Екіншіден өзіне қызметшінің әкелген құрттаған алмасы. Қызметшісі сол алманы тағы да әкеледі. Хан алмада құрт болғанын білсе де, білмегендей кері қайтарады. Алманы құрттатқан құрт сияқты Ханның да ішіне құрт түскен еді. «Шіріген жемістен жаман басқа не бар?» деп ойланады. Хан адамның шіруін «бағындырған белесінен құлдырауы, өлуі» ретінде түсінеді және әрқашан тек белестерді бағындыруды қалайды. Бірақ ағаштағы жемістердің мұндай бір қажеттілігі жоқ. Жаратушы оларды солай жаратқан. Қызметші қыз Үлкен ханымның жіберген «құрттаған алмасын» қайта әкеледі. Хан бұл жолы Үлкен ханымның өзіне айтпақ болған дерті болғанын түсінеді. Бірақ не екенін таба алмайды. Ұлдарыны ойлайды. Бірінші ханымынан болған үлкен ұлыны жаулап алған өлкелердің біріне басшы еткен еді. Үлкен ұлын есіне ала салысмен «отыз тоғыз жасында көз жұмған, онымен азабы да, қасіреті де, қауіпті де, адам сене алмас қиындықтарды бөліскен, оны нұрлы махаббатпен сүйген, үлкен ұлыны сүйдірген» алғашқы ханымы есіне түседі. Үлкен ұлы екеуі зынданда болғанда дүниеге келген еді. Хан алғашқы жұбайыны ұмытпады және ойында жарқын естеліктер сақтады. Қазіргі үлкен ханымы үлкен ұлыны сарайдан ұзақтатуды қалап, ол ойын жүзеге асырды.

Басқа балаларына әлі ерте. Хан өлім төсегіндегі анасының сөздерін есіне алады. Анасының сөздері өсиет сияқты және мұны жазушы өте әсерлі түрде шығармасына енгізген.

Бұл сұхбаттың қарапайым халыққа түк маңызы жоқ. Бірақ, сөз Хан болғанда шынымен де маңыздылығы ортаға шығады. Еске алуының себебі үлкен ханымның жіберген құрттаған алмасы кесірінен. Ішіне түскен күдік кеміріп жатырғандай. Өзінен балалары болған үлкен ханымы бір нәрсені тұшпалдап, мысқылдап жеткізгісі келетін гәп бардай. Арқа

сүйейтін кіші ханымды оны сабырмен күтіп отыр. Үлкен ханымның айтқысы келгені кіші ханымға да байланысты. Осылайша, қаланың ортасында көк аспанмен текетірес кіші ханымның салдырған көк мұнарасы Ханның ішіне найза сияқты қадалуда.

Кейде ішіндегі күдігін ысырып қояды. Жазушы Ханның бұл әрекетін «ішін кемірген күдік құртын өлтіргендей үлкен бір жеңілдік сезінді» (41-бет) сөйлемімен береді. Бірақ, расында күдік құртын өлтіре алды ма? Жоқ. Шындығында роман да бұл күдікті арқау етпейді ме?

Романдағы оқиғалар бұдан кейін мұнара айналасында өрбиді. Хан кейбір рахаттанған сәттерінде мұнараға көз салып, тіпті өзімен ортақ тұстарын таба бастайды. Мәселен, Ханның байрағы – құдіретінің символы ретінде әлемге жоғарыдан көз тіккен бұл мұнара сонымен қатар, әлемнің басқа ұшыннан өзіне ілтипатпен шақырады. Бірақ, жақындасаң Хан сияқты қатал бір көрініс береді. «Демек әміршімен ортақ тағдырды бөлісуде бұл мұнара. Екеуінің де сырлары бар. Сырттан қарағанда мұнараға еркек намысы мен ержүректігі емес, ханымға лайық жанашырлық, даналық, сыпайылық қасиеттерінің сай келгенін көреді. Әмірші «бір ханымның ғашығына деген сағынышының бейнесін көреді. «тәкаппарлық, суықтық және сыпайылық, мақтаншы пен оған бас ию, сағыныш пен құмарлық барығының жиынтығы МАХАББАТ емес пе? (44-бет)

Хан қарапайым адам ретінде оқырманның алдына кіші ханымды ойлау үстінде көрсетіледі. Басқалары сияқты жалғыздық ішінде, ғашықтық жолында азап шеге бастайды. Әр бір адамзатта бар бұл - жалғыздық. Бірақ оның жалғыздығы басқа. «Отыз жыл бойы ешкіммен ішіндегі дертін бөліспеген» (47-бет) сөйлемі ішінде біріккен қайғысының шыңы сияқты. Бұл қайғысы да Хан үшін «Дүние – тозақтың нақ өзі» .

Ханды мұнша қарапайым еткен, басқа кісілердің көзқарастарынан қорқытқан, үркіткен, аяқтарына тұсау салған не? Махаббат. Сарайында да тыныштық бермеген махаббат. Хан мысық сияқты бөлмесінен шығады. «Оны түн жарымға дейін күттірген аяқтарындағы байланған жіп шешілген» сияқты. Үнсіз кіші ханымның жанына барады. Қарапайым бір кісінің ғашығының жанына көрінбей жақындағаны сияқты. Бірақ, Хан кіші ханымның кәрі қызметшісіне көрініп қалады. Бөлмеде ұйқы халіндегі жас ханымның жанына жақындағанда сыбырлаған үнмен басқасының атын атап жатқанын естиді. Өте қорқынышты бірнәсе көргендей бөлмеден лезде шығып кетеді. Басына келген бұл жағдай өмірінде үлкен жара ізі қалдырды. Әмірші шарасыз.

Қызыл, құрттаған алманы есіне алады. Үлкен ханымның бұл алма арқылы кіші ханымды меңзегенін түсінеді. «Иә, солай. Еш күмән жоқ. Оның екі қолын ашып, ұйқыда басқа бір еркекті құшақтағанын өз көзіммен көрдім. Оның бұл басқасына деген құштарлығы». (53-бет) Романның трагедиясы да, барлық мәселесі осы тұста көрінеді. Жазушы Әміршіге «кіші ханымды сені күтеді» десе барлық мәселе шешілген болар еді. Бірақ, жазушы шығармада бұлай баяндамайды. Кіші ханымның құштар еткен еркегінің ол емес екендігін көрсете отырып, тағдырын күдікпен безендіреді. Қартайған Хан жас әйелін мұндай құштарлыққа бөлей алмайтындығын ойлайды. Бірге болған бірнеше түнде жас ханымның «еш сөнбейтін ғашықтық отын» байқамайды. Ханның ойынша «Түсінде басқаны қалады» жас ханым. (54-бет) Бұл ой дүниедегі жағыздықты есіне түсірді. Бірақ ашу-ызасына да ие бола алмады. Оның түсінде көрген еркегі кім және қайда?

Терең ойға шомылған Хан мұнараның кімге махаббатын білдіргісі келгенін байқайды. Мұнараны салған кісінің бе, әлде мұнараны жасатқан ханымның күйеуіне деген сағынышы мен махаббатын ба? Егер әйелінің өзіне деген махаббатыны көрсету үшін жасалған болса оны көргенде қатал, суық бір кейіпке кенелмес еді. «Демек, сәулетші кіші ханымның Ханға деген сағынышын емес, өзінің жүрегіндегі ғашықтық отын, махаббатын, құштарлығын көрсеткен. Иә, мұнараның сыры осы еді. (55-бет) Хан бұл үлкен сырдың астында шарасыз қалды. Көңіліне ауыр жара салған күдіктерге толы сұрақтарға жауап таба алмай абдырап қалады.

Жазушы да «Мұнара» атты бөлімде осы сырды баяндайды. Бұл бөлімде мұнарадан бөлек жас сәулетші Жаппардан сөз етеді. Қалада бай саудагер Ахмет мырзаның үйінде

тұрады Жаппар. Бай мырзаның қызы үйленіп кеткен соң, оның бөлмесі Жаппарға беріледі. Жаппар өмірінде алғаш рет әйел иісіні сезінеді. Жас сәулетші өзгеріп, әрекеттері мен көзқарастары ауысады. Кіші ханым Жаппарды Сарайға шақырып «Ханды қуанту үшін, соғыс сапарынан оралу құрметіне» өзіне бір мұнара жасатқысы келтінін бас уәзір арқылы айтады. Хан соғысқа аттанғалы екі жыл болды және ол келмеден мұнарының салынып бітуі қажет. Бір ай бойы мұнараны қайда салатынын іздейді. Соңында биік бір төбенің басына салуды ұйғарады. Мұнара айналасындағы үйлердің ұзындығынан асып түсіп, көктен жердегі адамдардың құмырсқа сияқты әрекеттерін көріп ойға шомылады. Жазушы оның бұл ойы арқылы терең философиямен байланыстырады. Адамзат өмірінде мұнаралардың діни және әлеуметтік қызметін пайымдайды.

Жас сәулетші қыштан ыдыс-аяқ жасайтын әкесін есіне алып, өміріні өзгерткен жайттарды көз алдынан өткізеді. Оны қалаға әкелген жағдайлар оның тағдырын да өзгерткен еді. «Бұл қысқа ғана өмірде, қойшы немесе саудагер бол, әлде ханның мұнараларын салатын сәулетші бол бәрі бәрі тең емес пе?» (94-бет) Бұл сұраққа жауап беру оңай. Жоқ, бір ғана емес. Өйткені, салған мұнарасы хабары болмадан тағдырының тас талқанын шығаруы, қасіртке орауы мүмкін. Жас сәулетшінің өз қолымен өрген мұнарасы. Сондықтан романда трагедия қаһарманы тек Хан емес, жас сәулетші Жаппар да бар десек артық болмас еді. Тіпті оның қайғысы, ханның трагедиясынан да үлкен. Өз трагедиясыны өзі құрауда.

Жаппар салып жатқан мұнара құрылысы басына кіші ханымның зияратқа келуімен бар нәрсе өзгереді. Жаппар оны «пері қызына» ұқсатады.

Қолбасшылар арасында хан сапарда болғанда қауесет тарататын біреулер бар ма деп ойланады кіші ханым. Ойына ешкім келмейді. Өз адамдары да адал. Өйткені басқаларынан олжа ретінде алған алтындармен сатып алған еді. Адамзатта шексіз ашкөзділік болған сайын бұл осылай жалғасын таба бермек.

КУЛЬТУРОЛОГИЧЕСКИЕ ГРАНИ ТВОРЧЕСТВА АБИША КЕКИЛЬБАЕВА

Абдрахманов С.

Депутат мажилиса, д.ф.н.

Аннотация. Статья посвящена изучению литературного аспекта творчества А. Кекильбаева. Роль писателя в мировой культурологии, его позиции по музыке, кино, театру, архитектуре, живописи анализируются с конкретными данными.

Ключевые слова: культурология, хронологическая позиция, социогенез, цивилизация, роль языка, история страны.

«Во второй половине 80-х годов вторым секретарем Союза писателей Казахстана был Абиш Кекильбаев. Мой отец Кемел Токаев считал, что этот писатель со временем поднимется на один уровень с корифеями казахской литературы, потому что его талант буквально искрился. Отец высоко ценил его произведения за монументальную историчность и философскую глубину. Он часто говорил, что этот писатель обладает энциклопедическими знаниями в гуманитарной сфере и с пользой использует их в своих произведениях. По его словам, Абиша Кекильбаева ожидает счастливая писательская судьба, он будет признан классиком казахской литературы. Отец говорил, что А. Кекильбаев – это своеобразная концентрация казахского духа, в то же время он выделял такие его качества, как обходительность и доброта. Надо сказать, что эти прогнозы оказались верными: А. Кекильбаев стал яркой звездой на литературном небосклоне, а политическая интуиция и способность к поиску компромисса в сложных ситуациях позволили ему на протяжении многих лет занимать самые высокие государственные посты в независимом Казахстане».

Данная цитата взята из книги Касым-Жомарта Токаева «Слово об отце». Да, верно сказано: многогранное творчество писателя является своеобразной концентрацией казахского духа. Абиш Кекильбаев – один из тех, кого мы можем представить миру как

достойного сына нашего народа. 80-летие выдающегося художника слова, которое мы отмечаем в этом году, – дата, определяющая крупный рубеж не только казахской литературы, культуры, общественной мысли, но и в целом духовности нашего государства.

«Никто не обнимет необъятного», – говорил небезызвестный Козьма Прутков. Следуя этой логике, мы в дни юбилея замечательного писателя, драматурга, философа, историка, переводчика, публициста, искусствоведа, политолога, эссеиста, журналиста хотим затронуть лишь одну грань его творчества – культурологию.

Во время работы над своей книгой «Абыз» о творчестве выдающегося мастера слова, я обратился в Национальную библиотеку Республики Казахстан, где ее генеральный директор Бакытжамал Оспанова любезно представила из фонда электронных данных библиографию Абиша Кекильбаева. В том длинном списке, где регистрируются все или почти все статьи о творчестве писателя, редко можно встретить публикации, имеющие отношение к его культуроведческой деятельности, а специальную статью о культурологии автора мы так и не нашли. Таким образом, мы полагаем, что менее всего Кекильбаев исследован как культуролог.

Тут дело заключается не в том, что наши авторы относятся к указанной теме безразлично. Культурология является сравнительно новым направлением в науке. В странах СНГ включение культурологии в учебные программы явилось шагом, предпринятым в результате самоосмысления в молодых государствах, переживших трудные социальные потрясения после девяностых годов прошлого века. По нашему мнению, именно этой целью продиктован особый поворот Абиша Кекильбаева к вопросам культурологии в годы независимости. Закономерно, что масса проблем, возникших на заре суверенитета, творчество такой выдающейся личности, как Кекильбаев, направила в первую очередь на осмысление прошлого нашей страны, на то, чтобы оценить ее настоящее, на анализ перспективы, рассматривать все это с позиции культурологии. Признанный мастер пера, с самого начала заботившийся о правильном формировании в сознании своего народа, вступившего на стыке веков, на рубеже тысячелетий на новый путь, на путь независимости, понятий об эпохе, об обществе, в реализации взятого курса даже не боялся отказаться от самого дорогого для себя дела – от художественного творчества. На переходном этапе истории, когда одна система меняла другую и создавалось новое общество, если задаться вопросом, кто нам был тогда нужнее – прозаик Кекильбаев, критик Кекильбаев или политик Кекильбаев, историк Кекильбаев, философ Кекильбаев, социолог Кекильбаев, культуролог Кекильбаев, то мы убеждаемся в том, что в те годы нам нужнее был именно мудрец Кекильбаев, чьи мысли подпитаны его писательским даром. «Прошло всего 150 лет с момента развития науки в техническом направлении. За это время появилась опасность исчерпания природных ископаемых богатств. Образовалась брешь в озоновом слое атмосферы. Нарушение естественного оборота биосферы усилило экологические угрозы. Исчезновение жизни на земле из простого фантастического прогноза приняло вполне возможную опасность. Утилитарная мораль привела к духовному оскудению людей. Таким образом, для человечества возникла опасность превращения в зло его же творческого потенциала. На сегодня является бесспорной истиной то, что для выхода из данного кризиса необходимо новое экологическое и культурологическое сознание. Особенно без создания конструктивной истории и теории понятия о культуре будет трудно создать системную программу гуманизации человеческого общества», – говоря так, автор поставил себе цель выразить свой голос в рассуждениях об этом процессе.

Все необходимые сведения об учениях, течениях, направлениях в мировой историографии, философии, эстетике, искусствоведении, литературоведении мы в полной мере находим в трудах писателя. В его статьях, интервью культура никогда не рассматривается в узком понимании. «Без высокого вкуса нет высокой нравственности. А высокая нравственность – большая ответственность. Нынешние большие изменения не могут быть осуществлены без нее. Духовное обветшание может привести к отречению и от политической независимости. Сытой обывательщине нужна свобода не народа, человека, а

свобода похоти. А границы независимости могут четко определить только высокое гражданское сознание и высокая духовная культура», – следовательно, высокая культура – одно из условий реальной независимости. «Культура – это способность людей изменить окружающую природу и социальную среду, а также способность изменить себя в этих двух средах», – считает Абиш Кекильбаев, затем в другом месте добавляет: «Одно поколение, оказывается, дарит следующему не только жизнь, а оставляет в наследство приемы и опыт жизнедеятельности. Человечество со времени своего существования называет это культурой. Единственный путь, не позволяющий быть уничтоженным окончательно от наглого насилия, исчезнуть вместе с прошлым, с умершими – это развитие культуры. Поэтому любое общество в самые ответственные периоды своей судьбы обращало особое внимание культуре, придавало ей исключительно важное значение». То есть, по определению А. Кекильбаева, получается, что культура – есть способ и опыт умения жить. Культура «прививает навыки познания человека, общества, земли, слова». Нельзя сводить ее лишь к литературе, искусству, суживать ее рамки. Ведь все в мире, к чему имеют отношение руки и мысли человека, делится только на две категории – материальная культура и духовная культура. Историю культуры автор в конечном счете признает как историю человечества и доказывает, что она шире, древнее и национальной истории, и истории государства, общества. «В древнем мире сознание появилось в процессе освоения окружающей природной среды. Деятельность по поиску пищи породила сначала разум, а разум в погоне за совершенствованием этой деятельности породил науку и культуру». Автор говорит о том, что человек, достигший значительных успехов на созидательном пути, сможет отстоять созданную им цивилизацию, только опираясь на культуру, что культура теперь представляет собой не только одну из многогранной человеческой деятельности как раньше, а превратилась в обобщающее свойство и совокупное содержание, что отныне никто не может стать сильным, опираясь на силу, а может стать сильным, опираясь на культуру, что народ может выжить только благодаря высоте культуры.

В культурологии Кекильбаева параллельно используются самые различные принципы. Мы можем выделить статьи, написанные по хронологическому принципу (палеонтология, антропология, древняя культура, современная культура), по географическому принципу (полинезийская культура, африканская культура), по языковому принципу (русский, французский, киргизский и т. д.), по религиозному принципу (христианская, исламская культура и др.), по экономическому принципу (культуры капиталистического, социалистического общества). Так он доказывает, что целостный образ жизни людей, социальное наследие, воспринимаемое индивидом из своей группы, по сути дела, являются прирожденными культурными признаками человека. С точки зрения типологии культуры в статьях Кекильбаева охвачены почти все виды типологий, так называемых цивилизационной (к примеру, цивилизация античной эпохи, китайская цивилизация и др.), формационной (культуры первобытнообщинного строя, рабовладельческого общества, феодального общества и др.), парадигматической (мифологические, религиозные культуры и др.).

В трудах Кекильбаева интересной темой является и социогенез понятий «цивилизация» и «культура». «Если очевидно, что человек является дитем природы, то и созданная им цивилизация должна была быть составной частью природы, закономерным продолжением природной эволюции. Однако, если разум предполагает не гармонию, а лишь личную выгоду, то не только между людьми, между народами, между государствами, между культурами, но и между всей природой и цивилизацией он установит антагонистические взаимоотношения... То есть тогда для наступления апокалипсиса не обязательно, чтобы с небес спустился Азрет Али или из-под земли вышел Мади. Это может сделать и сама цивилизация, уже не подчиняющаяся сознанию. Таким образом, она будет владеть влиянием, противоположным тому, чем должна заниматься с самого начала – развитию человеческого общества». Эта мысль А. Кекильбаева как бы напоминает высказывание О. Шпенглера в «Закате Европы» о том, что цивилизация – последняя ступень в развитии любой культуры.

Шпенглер говорил, что после достижения своей цели культура засыхает, обескровливается, обессиливается и превращается в цивилизацию. Вместе с тем Кекильбаев в ряде статей убедительно пишет о том, что в целом негативное содержание понятия «цивилизация» в рассуждениях Шпенглера в трудах английских, американских, французских культурологов последнего времени значительно размылось, предупреждает, что в случае нахождения соответствующего рычага для процветания, достижения цели цивилизация может оставаться в виде верхней ступени культуры, утверждает, что у цивилизации достаточно и положительных сторон. На все это казахский мыслитель смотрит с общечеловеческой вершины, все явления, происходящие в мире, он анализирует с позиции исторического сознания. Во многих случаях твердая логика Кекильбаева, как у древних биев, буквально в нескольких предложениях объясняет нам вещи, по которым мы ломаем копыя, переливая из пустого в порожнее. Темы, охваченные писателем в годы независимости, обширны: концепция человека («Укрощение привольного сознания»), история Земли («Дорога, соединяющая этот и иной мир»), историческое сознание («Во имя веры в будущее человечества и цивилизации»), «Упрямство памяти», «Не дадим себе пасть духом»), этнология («Язык и независимость»), природа национальностей («За спокойствие в общем доме»), традиция («Традиция и эпоха»), национальное сознание («Мы – дети единого казахского народа», «Слово об Ауэзове», «Гнездо и стрела»), национальное развитие («Язык и независимость»), экология («Окружающая среда – твоя золотая колыбель»), демократия («Будем осторожными – не пожалеем», «Хочешь исправить мир, сначала исправься сам», «Демократия не свалится с небес»), экономика («Хуже не бывает?», «Где справедливость – там согласие», «Внутреннее единство и внешнее сотрудничество – гаранты независимости»), образование («Действуя сообща, улучшим положение», «Стержень цивилизации»), демография («Язык и независимость»), топонимика («Былое былшем поросло, что осталось – принято», «В новом названии есть урок древней истории»), география («Пробуждение спящей красавицы»), этнография («Образцовый облик талантливого поколения»), эстетика («Летят журавли»), искусствоведение («Самая главная черта государственности»), этика («Летят журавли»), живопись («Слово о Кастееве»), музыка («Герой, живший во имя родины», «Избранный», «Монолог Гамлета»), лингвистика («Общему делу – общее внимание»)… и т. д. Их трудно даже перечислить, к тому же в статье на одну тему непременно содержится множество других тем. Конечно, достичь всего этого можно только благодаря мощной эрудиции. Уникальный энциклопедизм и академический универсализм дали возможность Кекильбаеву накопленный годами мощный интеллект мастерски сочетать с изумрудным художественным словом. Широчайшая эрудиция позволяет писателю делиться своими мыслями относительно любой эпохи, любого общества, любого человека.

Абиш Кекильбаев особенно ярко раскрыл роль языка в истории народа, в сознании общества, в укреплении государственности, внес тем самым вклад и в культурологию. Еще в советское время он говорил, что «без сохранения равноправия языков невозможно сохранение равноправия наций»; писал, что «среди трех факторов – исторических, психологических, языковых, определяющих культурные особенности народов, наиболее ярко выделяется язык. Поэтому в любые времена колониализм своим объектом влияния в первую очередь избрал эти факторы, в особенности язык»; гневно констатировал: «Лично я не верю, что там, где нет равенства языков – возможно равенство народов, а где нет равенства народов – будет социальная справедливость. Кому не по душе такая постановка вопроса, тому не по душе и сам новый поворот. Известно, что обуревают мысли таких людей – угроза карьере. Боязнь потерять портфель, который имели, владея лишь одним языком, и которого можно лишиться из-за незнания двух языков». Когда взошла заря независимости, писатель с воодушевлением, с удвоенной энергией заговорил об этой проблеме, стал рассматривать будущее языка, связывая его с будущим нации, развитие языка – с развитием нации, показал, что эта связанность ведет к первоистокам духовного опыта не только одной нации, но и всего человечества, особо подчеркнул, что «В конечном счете уважение родного языка – это не средство превосходства над другими, оно должно быть главным принципом

почтительного отношения к своему народу и к своей культуре так же, как и к родителям». В свое время, когда судьба языка висела на волоске, создалась тупиковая ситуация, Кекильбаев, хотя и не был депутатом, поднялся на трибуну Парламента и обратился к представителям других национальностей. Мы никогда не забудем его пламенные слова: «В лихую годину, когда приняли вас в свои тесные дома, развернули перед вами свой скудный дастархан, делились с вами последним куском хлеба, разве думали мы, что, строя сегодняшнюю демократию, будем со слезами на глазах просить у вас разрешения разговаривать в своем доме на своем языке?!». Мне довелось быть специальным редактором сборника «Тіл және тәуелсіздік» («Язык и независимость», «Ер-Дәулет», 2007), в который было включено одноименное эссе писателя на 127 страницах – поистине классический образец раздумий об языке. Сей труд освещает историю возникновения языков с первобытнообщинной эпохи, с фактических взаимоотношений древних людей. «Фатос – по-гречески означает «подавать голос». Живущие в кромешной тьме, чтобы знать, есть ли вокруг, кроме них, какие-нибудь живые существа, издавали голос. В случае получения ответного знакомого голоса они успокаивались». Автор четко показывает, что в результате превращения этих пещерных звуков в понятия, понятий – в слова, слов – в языки возникло слияние племен со схожими языками и культурами, что в свою очередь породило улусы, а их дальнейшее объединение – нации. Далее он, говоря, что главным рычагом национального развития является приспособление к постоянно меняющейся окружающей среде, убедительно доказывает способность народов, которые, развивая и совершенствуя языки, развиваются и совершенствуются сами.

Трудам писателя, посвященным искусствоведению, пока не уделяется должного внимания. То, что написано А. Кекильбаевым о живописи, музыке, театре, кино, архитектуре, – творения, созданные человеком, как пять пальцев знающим историю мировой культуры, свободно овладевшим теорией искусства. В познании явлений культуры автор всегда опирается на весь пройденный опыт мировой эстетической мысли, на сегодняшние достижения. В творческих портретах таких звезд искусства, как Курмангазы, А. Жубанов, С. Кожамкулов, Ш. Айманов, И. Ногайбаев, Р. Багланова, А. Ашимов, писатель поражает своим бесценным умением искренне радоваться ярким достижениям национального искусства. В силу синкретности культурологической мысли она обычно не укладывается в чисто научные жесткие рамки. Поскольку в своих произведениях Абиш Кекильбаев выкладывает весь, иногда на первый взгляд кажется, что глубине мысли мешают художественность языка, живость образов, а точнее – усиление впечатления как бы делает слабее мощь рассуждений.

Однако, когда к глубине мысли добавляется красочная языковая палитра, вы не можете не сопереживать, не трепетать вместе с автором. Особо уважительное, трепетное отношение автора к таланту – замечательный пример, лучший образец для каждого молодого человека, стремившегося впитать в себя подлинно патриотические чувства. «Она сумела быть красой нашей судьбы в ее тяжелые моменты, украшением в смутные времена. Ни один той, ни один праздник, ни одна радость того или иного человека не прошли без песен Розы, без удивительного голоса Розы. День, проведенный с присутствием Розы, равносителен весне, место, где слышался голос Розы, равносително раю. Дочь народа, звезда искусства Роза Багланова прославила на весь мир казахский народ, который раньше знали не все. Сделала понятной, любимой для всего мира казахскую песню. Вот поэтому разве грех выражать тысячи благодарностей, преклониться тысячи раз каждому дню, когда слышится голос Розы, каждому звучанию этого изумительного голоса?!» («Соловьиная песня, соловьиная жизнь»).

Естественно, мы еще до конца не познали Абиша Кекильбаева. Хотя это и не является большим недостатком. Очень трудно «разворотить» все пласты таких художников, как Кекильбаев, таких мыслителей, как Кекильбаев. Перед национальной художественной мыслью стоит много задач по раскрытию всей красоты, философской глубины кекильбаевских творений.

АЛАШ КЕҢІСТІГІНДЕГІ АҢЫЗ БЕН АҚИҚАТ

Оразалин Н.

ҚР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты

Аңдатпа. Мақалада жазушы Әбіш Кекілбаевтың суреткерлік әлемі, көркемдік әдіс-тәсілі, қаламгерлік ұстанымы талданады.

Түйінді сөздер: интеллектуалды монобаяндау, суреткерлік әлем, аңыз бен ақиқат, шығармашылық тұтастық, Кекілбаев суреткерлігі

Иә...

Адам баласының өмірі бесіктен басталады...

Бесік – ұрпақ өсіру мен ұлтты бағып-қағудың, ұятты қалыптастыру мен ұлт намысын тәрбиелеудің ұлы құндағы.

Болашақ өмірдің иесі құндақ құшағында жатып, жер үстінің мазасыз тіршілігінен алғаш хабар алады. Аспан әлемінің адамға, адамның ойына, санасына ықпал етер бимәлім құдіретті күшімен де осы бесікте жатып, алғаш тілдеседі; күннің нұры мен шуағын осы бесікте жатып, алғаш көреді; мына он сегіз мың ғаламның асыл махаббатының қайталанбас ғажайып бір сәті – ананың ұлы жүрегінен телегей-теңіз сезім боп ақтарылған бесік жырының сиқырлы, сырлы сазын да алғаш осы бесікте жатып естиді. Сондықтан болар, ана сүтімен емген, ата мінезімен енген ой тазалығы мен сүйек тазалығын танытар қасиеттердің қай-қайсысы да адам бойына осы бесігінде жатқанда дариды, қонады дейді біздің ырымшыл халық.

Рас шығар...

Әбіш Кекілбаев туралы ойланған сайын менің есіме ылғи да қазақтың ісмер қара шалдарының қолынан шыққан осындай бір қазақы талбесік елестейді. Кең даламыздың қай қиырына барсаң да алдыңнан шығып, әр үйдің жылы төрінде тұратын, басына үкінің қанаты байланған кәдімгі қара бесік!.. Аттың жалында, түйенің қомында, өгіздің арқасында көшіп-қонып жүріп, өркениет дүниесінің жиырмасыншы ғасырына өркенді ел болып іліккен, енді, міне, жиырма бірінші ғасырға да азат ел ретінде аман аттағалы тұрған халқымыздың ұлдары мен қыздары бөленген бесік...

Әбіш Кекілбаев туралы ойланған сайын... Бір дәуірді екінші бір дәуірге аманаттап, қазақ халқының мұны мен сырын, әні мен жырын, сәні мен мәнін, қаны мен жанын, ары мен барын, өртеңі мен ертеңін қоса арқалаған мына евразиялық алып кеңістік – қазақтың апайтөс ұлы Даласы да маған бір сәт әлгі Аталар рухы мен Аналар махаббаты тербеген қасиетті қара бесік бейнесінде көрінеді.

Көкірегі тола күй... Бірде домбыраның шанағындай безілдеп, заманалар сыры астаң-кестең төгілер, енді бірде қарт қобыздай аңырап, аспан мен жердің арасы қосылып кеткендей ерекше бір халге бөлер Атажұрт үні жететіндей құлаққа.

Алатау, Алтай елестейді...

Сарыарқа мен Сыр, Еділ мен Жайық елестейді...

Ат арқасы қиянда жатқан меңіреу қойын-қолтығын келе-келе түйе кезген Маңғыстаудың ақ таулары, қара таулары, қызыл таулары көлбейді... Үстірттің құс қанатын талдырар тақтайдай жазық құба жоны, Сейсем Ата, Шақпақ Ата, Тамшалы, Айрақты, Шер қала, қасиетті Бекет Атаның аңғары қолын созардай... Ұбап-шұбап, ана дәуірден мына дәуірге бет түзеген көш пен қазақы қаймағы бұзыла қоймаған бимәлім сырлы, жұмбағы мол өлкенің аңызы мен ақиқатын көкірегіне басқан қара бесік тағы да көз алдына келеді.

Қара бесіктің құндағына бөленіп, балқып, балбырап, ана әлдінің құшағында жатқан қара баланы көретіндейсің...

Қара бесік – көне-көне күндерден сыр тарқатар киелі мекен. «Аңыздың ақыры», «Үркер», «Елең-алаң» секілді көркемдік кескіні мен тарихи тұрпаты бөлек қалың-қалың романдарға оқырманының ойын өсіріп, көкжиегін кеңейтер, көңіл-қиялына қанат бітірер

соқпағы соны «Күй», «Шыңырау», «Бәсеке», «Ханша – дария хикаясы», «Құс қанаты», «Шеткері үй», «Бәйгеторы» тәрізді хикаят повестерге, әрлі де нәрлі әңгіме, толғауларға, көсіле төгіліп кетер өлең мен жырға, есіле сөйлеп берер шешен тілді эсселерге, танымы терең саяси талдауларға айналды. Берісі – қазақ пен алаш жұртының, әрісі әлем әдебиеті мен көркем ойының қазынасын молайтар құндылықтар қатарына қосылды. Орыс, неміс, венгер, болгар, чех, эстон, қырғыз, өзбек, татар, т.б. тілдерге аударылды.

Ал қара бала ше?.. Қара бала қазақ халқының арғы-бергі ұлан-асыр тарихын жадына тоқи жүріп, топты жарар шешенге, рухани әлеміміздің көшін бастар көсемге, кемел суреткерге, көрікті қаламгерге, көрнекті қоғам және мемлекет қайраткеріне, Қазақстанның халық жазушысы, Мемлекеттік сыйлықтың иегері кәдімгі ел білетін Әбіш Кекілбаевқа айналды.

Иә...

Ол – соғыс балдай тәтті бала күндерінің шырқын алған, көбін жоқшылықтың қамалына, жәбірдің қорығына қамаған, жетімдік кебін кигізіп, жер тістеткен, Мұқағалидың тілімен айтқанда, «жалғанда – жалған, жалғанда; жесірден мұңлық жан бар ма? Жалғанда жалғыз қалғанда, әдіре қалған арманға, араша түсер жан бар ма?..» деп, жесірлік тақсыретін тартып, зардабын көрген қамкөңіл аналардың қабағын тануға, жар жағасында тұрып, жабыққан жалғыз үйдей жаны жүдеу тартып, жүрегі сыздаған жаһанның қайғы-қасіретін сезінуге бейім, белі, бұғанасы ерте қатайған, ерте есейген буынның өкілі. Сол үшін де болар, ойы қағылез, мінезі зерек суреткер өзінің қатар-тұрғыластары секілді ерте ес жиып, дүниелік құбылыстар мен өмірлік байламдар хақындағы көзқарастарын да ертерек бекітті. Ол тағдырдың ала-құла тәлкегіне бой алдырмай, өмірде де, өнерде де еліктеу-солықтау ауылына алданып, аялдаған жоқ. Қалыптасу кезеңіне де ат басын ұзақ шалдырмастан, бірден үлгісі бөлек, үрдісі берік, мінез-бітімі «тайға басқан таңбадай» анық та қанық, өрімі мен өзегі өзгеше көркемдік оазистің келісті хан жайлауынан бір-ақ көрінді.

Әдібі бөлек, жаратылысы жанды баурайтын жазушының суреткерлік әлемі туралы аз айтылған жоқ. Сонау көркемөнер мен көркем әдебиетке ел ықыласы айрықша ауып, муза жарықтықтың бағы тасып тұрған алпысыншы жылдардың «жылымығы» тұсында сөз өнерінің салқар сахарасына тұтқиыл келіп қонған бір шоғыр таланттар десантының арасынан өзінің тынысы таза лирикалық жырларымен, білімді де білікті, ойлы да парасатты сыни мақалаларымен «одағайланып» көзге түскен жас жігіттің алғашқы аяқ алысы – ел есінде.

Сыры мен жыры, шуағы мен нұры молдау тұста, әдебиеттің алғыр ортасында өніп-өскен, көгеріп-көктеген, өмір мен өнерді біртұтас әлем ретінде қабылдап, қалыптасқан жас Кекілбаевтан бүгінгі шашы бурыл тартқан, ел ертеңі көкірегін көбірек мазалап, түн ұйқысы төрт бөлінген, уақытының көбі елдік қалыптасуымыз бен тәуелсіздіктің тиянағына арналып жүрген суреткер, мемлекет қайраткері, ел ағасы – Кекілбаевқа дейінгі аралықтағы суреткердің әр жазғаны, әр шығармасы талғампаз оқырманның назарынан шет қалып көрген емес.

Асылы, жазушы бақыты дегеніміз де осы болса керек. Бұл бақытқа әркім әр түрлі кезеңде әр қилы жолмен келеді. Біреу – ерте, біреу – кеш... Суреткер Кекілбаевты мұндай бақ, көріп отырсыздар, ерте, тым ерте тапқан. Тапқан да жүрегінің төріне, ақ қағаздың өріне, қаламының ұшына халқының ықылас-сенімі мен махаббатын арқалай қонған. Қапысыз қонған. Сол үшін болар, жазушы қай тұста да, қандай кезде де ақ қағаз бен қаламының алдында, әлгі бір халық ықыласы мен арының алдында жаңылып та, сүрініп те көрген емес. Ірілі-ұсақты туындыларының қандайын алмаңыз, суреткер мұраты жалғыз – өнер мен өмірдің обалына қалмау. Жалғандық пен жауапсыздыққа жол бермеу. Нені жазса да толыққан ой мен тебіренген жүрек арқылы өткізу. Өзін қай кезде де жалғастардың жалғасы, қазақ рухани әлемінің кешеден бүгінге жетіп, бүгіннен ертеңге өтер мәңгілік ғұмырының бір үзігі сезіну суреткер ойы мен мұратын тынымсыз қозғалыста, өмірлік әрекет үстінде ұстайтын қамшысы тәрізді.

Жазушы үшін өз қазанында өзі қайнаудан қауіпті нәрсе жоқ. Бұл – өз буына өзі пісер желбуаздық пен болдым-толдымның белгісі. Бұл – тоқырау мен тоқтаудың басты нышаны.

Өсу, өзгеру, түлеу, жаңару, жаңғыру әр сөзіне оқырман ойын қозғап, жүрегіне жетердей қуат беріп, жан бітіріп отыру бар жерде суреткер бағы жанады, жалыны аспанға шапшиды, жарығы алысқа кетеді. Жүректен шыққан сөз жүректерге жетеді... Қырық жылдан астам уақыт бойына оқырманының ойын қапысыз тербеп, жүрегін қалтқысыз әлдилеп келе жатқан Кекілбаев әлемі – міне, осындай принциптерге негізделген көркемдіктің келісті өлшем, биігінен көрінер кемел әлем.

Күні кеше ғана – алпысыншы жылдардың ақырында арқар мүйізді қазақ сөзінің талай-талай таңғажайып үлгілерін естіп, оқып-тоқып, таңдану мен таңырқауды сиретіп бара жатқан сергек оқырманның «Күй» повесімен қалай шұрқыраса табысқаны жадынан кете қояр ма?! Осыған дейін сан мәрте қазақы сезімнің күйтабағына қайыра-қайыра түсіп келген меңіреу кескінді жусанды дала «Күйде» өзгеше кейіпке еніп, бар қайғы-қасіретімен, күйініш-сүйінішімен, кесір-кесапатымен, өзек өртер өзгеше реңімен көрінбеп пе еді?! Ондаған ғасыр бойына бір адамның екінші бір адамға көрсетер қысастық-қиянатының соңы ағайын арасына, ел арасына, тіпті, континенттер арасына қалай түсіп келе жатқанын жақсы білеміз. Бірақ амал бар ма? Әр жаңа реніш – жаңа қақтығысты, әр жаңа қақтығыс жаңа қасірет-қырғынды тудырамын біле тұра, адам баласы әлгі төркінінде озбыр «менмендік» жасырынған көзсіз намыс пен ессіз әрекеттің жетегіне еріп жүре береді... Ақылдың құрығына көнбеген ашудың ақыры қайда апарып ұрындырамын белгілі, ол әуелі ауыл арасын шайқайды, сонан соң ел арасын бүлдіреді. Қанға, қырғынға жетелейді. Бұл – сонау Еврипид, Софокл, Шекспир, Шиллер замандарынан бері жеріне жеткізіп жазылғанымен, тарих пен тағдырдың ащы сабақтарынан аз қорытынды шығарар жұмырбасты пенденің мәңгі-бақи түзелмей келе жатқан ең үлкен кемшілігі. Әр жаңа дәуірдің, әр жаңа ұрпақтың әлгі адам әлсіздігін аңғартар пендешілік мінез ауылына соқпай кеткені кемде-кем.

Ежелден, ескі замандардан қоңсыласа қонып, қыз алып, қыз берісіп, бірде тартысып, бірде келісіп, бірде алысып, бірде шабысып, бірде жұлқысып, бірде табысып, қатар өмір сүріп келе жатқан түрікмен ауылдары мен адай ауылдарының кезекті бір текетірес қырғынын суреттей отырып, сол оқиға, сол қырғынға әуен-ырғағы мүлде тосын көркемдік сипат берген, адамның жан-жүрегін қозғай отырып, қалың қатпарлы философиялық ойлар иіріміне батыратын осынау шағын повесті күрсінбей, қайғырмай, өкінбей, тебіренбей, толқымай оқу мүмкін емес.

«Күй» – сөзбен сурет салудың, сөзбен өмірлік қақтығыстарды айнытпай көркем өрудің, сөзбен адам жанының нәзік те сырлы, сұлу да нұрлы қатыгез де қайсар, қаһарлы да қан құмар, тәкаппар да текті, аяр да арсыз мінездерге, қарекеттерге толы ішкі әлемін жан-жақты жарқыратып ашудың өзгеше, өрісі кең, ажарлы үлгісі.

«Күй» – реалистік-психологиялық мектептің жаңа сатылы биігін, деңгейін танытар интеллектуалды прозаның қазақ топырағындағы алғашқы нышандарының бірі.

Қазақ сахарасы мен түрікмен құмының қым-қуыт мінезді естен кетпес суреттерін жасай отырып, автор әлгі суреттерді кейіпкер жан дүниесін ашуға шебер пайдаланады. Өзі жасаған озбырлық пен өктемдік өз өмірін өрт болып жалап, өзегін жарып шыққан ұлдарының бірінен соң бірін жалмап-жұтқан, жүрегін, жанын аяусыз жаралаған, енді, міне, төрінен көрі жақын жасында кек тұмшалаған кеудесін домбыраның қос ішегінен шыққан мына сарыны бөлек үн біржола билеп-төстеп, жуып-шайып бара жатқаны мынау.

Кеудесін тілімдеген тұтқын қазақтың өксік пен зарға, өкініш пен ойға құрылған күйі үшін өртеуде. Мына күй сақалын жаспен жуғызып, кеудесін қасірет-қайғыға буғызып, өзі көрмек түгілі, атын естісе шошынып, үдере қашатын қалың елдің алдында шөктіріп бара жатқаны қалай?! Қысқасы, адам жанының қалың қалтарыс-бұлтарысын көркем сөздің қуатымен қапысыз аша отырып, оның айтып тіл жетпес әлем-тапырақ ішкі халін Жөнейт хан трагедиясы мен тәубасы арқылы беру, оқиға өзегін нанымды өру жазушының ғана емес, күллі қазақ көркем прозасының жетістігі екені күмәнсіз.

Кез келген жазушының жаратылысы, мінезі, болмысы, сөз жоқ, оның көркем әлемінен көрініс табады. Ой өрісі, білім-парасаты, көзқарасы, таным табиғаты бір шығармасынан екінші бір шығармасына ауысып отырады.

Осы орайда суреткер Кекілбаевты, ойшыл, білімдар, тарихшы Кекілбаевтан еш бөле-жара қарауға болмайтынын ұмытпауымыз керек. Қазақ топырағына осы суреткер алып келген баяндау мәнерінің өзгеше үрдісі мен үлгісі туралы сөз бола қалғанда да осы жайды әркез ескеріп отыру қажет-ақ. Жазушының повестері мен тарихи романдарына айрықша тән осынау стильдік тұтастық ыждаһатты зерттеуді, тануды керек етеді.

Табиғатынан сілкіне сөйлеп, бір қозғалып кетсе, оңай тоқтай қоймайтын өмірдегі Кекілбаев секілді, жазушы Кекілбаевтың да көркем баяндауындағы сөз қолдану мен сөйлем құраудың арналы ағысы қатты, алып өзендей елестер кескіні «тисе терекке, тимесе бұтаққа» дейтін ілік-шатыс сөздердің құр тізбегі емес. Бұл – ойлау мен сөйлеудің, сөйлем құраудың стильдік тұтастығын, автор қолтаңбасының даралығын танытар қадау-қадау көркемдік ерекшеліктердің ең бастысы. Кекілбаев үшін Сөз – сыр мен сынның, қуаныш пен мұңның, күн мен түннің, сарын мен үннің, мына ұлы жаратылыс пен ғаламның болмыс-бітімін танудың, мінезін ашудың ең қуатты көркемдік құралы. Көшкен бұлтай жөңкілген кең тынысты, өрімі берік осынау күрделі құрмалас сөйлемдер тасасынан қазақ халқының ғасырлар қойнауынан жаңғырып аман жеткен шешендік салтын, көсемдік қалпын айқын аңғартар ұлттық бояу-рендерімен қоса, әлемдік нақыштағы мәдениетті прозаға интеллектуалды баяндауға тән өрісі кең, өрелі ізденістердің төл топырағымыздағы күнгеілі сипаттары да молынан ұшырасады.

Қазақ топырағындағы интеллектуалды монобаяндау үлгісі туралы айтқанда Кекілбаев повестері мен романдары айрықша талдауды керек етеді дейтініміз де сондықтан.

Кекілбаев үшін өмір аңыз мен ақиқат үйлесімінен тұратын алып кеңістік іспетті. Аңыздар мен тарихи әфсаналар немесе тарихи тұлғалар мен тарихи оқиғалар, көп тұста автор үшін түбегейлі көркемдік мақсатқа жету жолындағы «гардероб» қана секілді. Аңыз да, оқиға да, тарихи тұлғалардың іс-әрекеттері де қазіргі заманның өмірлік қиындықтарымен, қуаныш-қасіреттерімен үндесе жалғасып, «Дала балладаларын» құрайтын повестердің қай-қайсысы да ерекше философиялық ой мен көркемдік сипатқа ие болады. Өмірдің қатпар-қатпар шындықтарын тануға көмектеседі. Оқырман тарих үзігін әлгі бір аңыздың өзегін өз өмірінің бүгінгі шындығындай сезінеді. Қайғырады, қуанады, күйінеді, сүйінеді. Нәтижесінде халық ойы мен кемеңгерлігін аңғартар әлгі аңыз әңгіме түлейді, түрленеді. Осыған дейін сахара төсін дастан, жыр, ән-күй, саз-сарын түрінде кезіп келген халық даналығы мен халық жады өркениет әлемінің бүгінгі ұлы кеңістігіне еркін араласады. Сонылық сипатқа, жаңа өмірлік мәнге, мағынаға ие болады. Әуелгіде қазаққа ғана түсінікті көрінген оқиға құбыла, құлпырып, ақырында Кекілбаев қиялынан өнген, өскен, көктеген көркемдік әлемі өз сәулесін алыс-алыс қияндарға, қиырларға таратады. Жұмырбасты пенденің бәріне бірдей етене ойлар мен ахуалдардың ортақ биігіне көтеріледі.

Ортақ кеңістік... Ортақ қасірет... Ортақ қуаныш... Ортақ өкініш... Ортақ сезімдер... Ортақ ойлар...

«Ханша – дария хикаясы» повесін оқып отырып, жарты әлемді қылыштың жүзі, найзаның ұшы, аттың тұяғы, білектің күшімен бағындырған, көшпелілердің қуатты ұлы империясын құрған Шыңғыс хан өміріне қатысты бір аңыздың суреткер призмасы арқылы қалай өткенін, тарағанын көреміз. Көп уақыт бойы қаһарлы да қатыгез ұлы әмірші бейнесі әдебиеттерде бұрмалана кескінделіп, адамнан гөрі, құбыжыққа ұқсаңқырап келгені белгілі. Ұлы Әміршіден адамды көру, адам бейнесін жасауға ұмтылу, сол арқылы шығарманың көркемдік тұтастығын біражола бекіту – аталмыш повестің басты мұраты. Суреткер Әмірші өмірінің соңғы сәттерінен әлемдік әдебиетте әр кез шоқтығы асқақ көрінер адам жанының ішкі қайшылықтары мен иірімдеріне көбірек ден қояр арылу, тазару тақырыбын іздестіреді. Алдына қойған осынау іргелі мақсатқа жетудің жолын жазушы ұлы қағанның бауырына басқан соңғы сұлуы – Гүрбелжін арумен арада болған тән рахаты мен жан рахатының алшақтығынан көреді. Алпыс екі тамырыңызды кеулеп, кезіп кетер ой ағысы мен сезім суреттеріне ынтыға берілген оқырман қиялына ғажайып қанат бітеді. Жер бауырлаған пендешілік әрекеттер мен адами асқақ ұғымдар аңыз қорығынан ұзап, көркемдік шындықтың айдыны кең аясына көтеріле қалқиды.

«Күй» повесінде сұлулық кейпіндегі ұлы муза кектің жолын кесіп, қатал Жөнейт ханды өз арының алдына жүгіндіріп, өзі қолымен жасаған қаталдық атаулыдан жирендірсе, кенже ұлының аруағы болып келіп, қайғы мен қасіретке алып барар пендешілік ойлардан, мақсаттардан түңілдірсе; «Ханша – дария хикаясында» керісінше, сұлулық Гүрбелжін арудың бойындағы тән рахаты кейпінде келіп, Шыңғыс ханды таңғұт жұртының қарғысына ұрындырады; сұлулық бұл жолы ұлы Әміршіні ажал болып қабады...

Шынайы классикалық биікке көтерілген, сюжет өру мен образ сомдаудың адамдар қарым-қатынасы арқылы өрбитін осынау арбасулар астарында қаншама өмір, шындық жатыр десеңізші! «Судың да сұрауы бар» демейтін бе еді дала даналығы. Автордың түпкі айтары осы. Осы уәжге ол өз кейіпкерлерін сандаған психологиялық шиеленістер арқылы алып өтіп, асықпай, аптықпай, байсалды баяндау үлгісімен жетеді. Оған оқырманын да шексіз иландырады, сендіреді. Өмірі, бүкіл саналы ғұмыры алыс-жұлыспен кеткенін, көзді ашып-жұмардай қысқа мерзімде ағып өте шыққанын Әмірші соңғы рет сезінеді. Ажалы Алладан болды ма, әлде адамнан болды ма? Мәселе сонда ғана ма? Жоқ, суреткердің мақсаты басқада. Өз қолымен істеген қиянатың, ерте ме, кеш пе, алдыңнан бір шығары хақ дегенге саяды шығарма арқауына өзек болған оқиға.

Гүрбелжін арудың ыстық құшағы болып, жыландай иіріліп келіп аяусыз қапқан мына ажал соның айғағы, соның дәлелі...

Әділет пен зұлымдықтың, ақ пен қараның мәңгілік майданында осындай бір дүние кезектің болары, ұлы жаратылыстың ғұзыр-пәрменімен атқарылар ар сотының, ұлы үкімнің болары анық.

Міне, отыздан асар-аспас жастағы Кекілбаев көркемдік әлемінің күретамырындай болып атқақтаған арылу мен тазару тақырыбының осы бір қайталанбас болмысы кейінгі «Аңыздың ақыры» романы мен «Үркер», «Елең-алаң» роман-дилогиясында да өзінің өзекті жалғасын табады.

Алғашқыда «Махаббат мұнарасы» деген атпен жарық көрген, соңыра «Аңыздың ақыры» деген атпен кітап болып басылған роман – осынау тарих пен аңызды «гардероб» ретінде пайдаланудың ең бір жетілген мықты үлгісі.

Көркем де келісті баяндау бұл жолы өзінің жазира-жайлауына шыққандай, ерекше қолтық сөге көсіледі. Авторлық ойдың қара орманы күмбірлеп, жусанды даласына айрықша тіл біткендей болады. Романда түркі дүниесінің тарихында өзгеше орны бар тағы бір ортағасырлық ұлы билеуші Әмір Темір өмірінің үзігімен жүздесеміз.

Муза мен сұлулық әлемі бұл жолы көзсіз махаббат кескінінде, көрікті мұнараны көтеріп, соған өзінің күллі жалын сезімін қоса өрген жас жігіттің кейпінде келеді. Жортуылға кеткен ұлы Әміршісін сағынған ханша өз басыесіне деген сезімі мен құрметінің белгісі ретінде әдемі мұнара тұрғызбақшы болады. Мұнараны салу кезінде сәулетті жас жігіт жас әйелге өзінің ынтық көңілін аңғартады. Мөлтең мұң, мөлтек сыр... Ұлы сезімге жалғасады. Шынайы шығыстық үлгідегі сезіну мен ойлаудың ауаны айдынын кеңейтіп, шығармаға арқау болған аңыздық сарын терең де мағыналы философиялық түйіндерге жетелейді. «Арыстан айға шауып мерт болыпты» деген халық нақылы еске түседі. Өзінің ұлы сезімінің торынан шыға алмаған сәулетші жігіттің өмірі аянышты аяқталады. Әміршінің жарына ынтық болған сезімі әшкереленіп, хас шебер дарға асылады.

Иә, қатыгездік қаһары таза сезім мен мөлдір махаббатты жеңген тәрізді еді, аяққа салып, таптаған тәрізді еді... Бірақ әмірші де, әміршінің қабағынан қорқып, тіс жармаған айналасы да, қалың халқы да, аңызды қанатына іліп әкетіп, ғасырлар қойнауынан бізге алып жеткен Уақыттың алып кеңістігі де бір нәрсені жеңе алмайтынын ескермеген екен. Шеберді өлтірдім, жазаладым – бәріне нүкте қойдым деп ойлаған ұлы Әмірші жаңылыпты, қателесіпті. Қайта өз ғұзырымен, өзінің қатал пәрменімен ол махаббаттың сұлу да сырлы мұнарасын асқақтата түсіпті.

Түптеп келгенде, сұлулық бәрін де ойсырата жеңді. Махаббат мұнарасы көкке бой созды. Ол өзінің ғажайып кескінімен, сұлу сымбатымен адамдардың пендешілік көрсоқыр мінезін, қалыбын күйретті. Махаббат мұнарасы ғасырлардан ғасырларға өтті.

Көріп отырсыздар, Кекілбаев суреткерлігінің алғашқы кезеңін анықтайтын, даралайтын шығармалар легі, яғни астарлы философияға негізделген аңыздық рухтағы туындылар – шоқтығы биік, көркемдік қуаты берік, өмірлік сипаты өзгеше әлем.

Біз бүгінгі мақаламызда осынау көркем дүниелерге арқа сүйей отырып, жазушының тағдырынан елінің, жерінің тағдырын көруге ұмтылдық, жазушыны тебіrentкен тану-тазару, айту-арылу үлгісіндегі өміршең ойлар кеңістігінен елдік қазынамызға ғана емес, ХХ ғасыр өркениетінің рухани қазынасына қосылар тұғыры биік көркемдік әлемді қайыра бір елеп-екшеуге тырыстық.

Ел тағдыры мен жер тағдырынан қымбат нәрсе болушы ма еді?! Бастауы мен қайнары көне-көне дәуірлерде, ықылым заманалар қойнауында жатқан осынау халық өмірінің мәңгілігін тануға, таразылауға, сүйеге, дәріптеуге, асқақтатуға үйретер жазушы әлемінің мақсаты мен мұраты да осы екеніне бек сендік. Сендік те жұмырбасты пендесін сергелдеңге салған мына долы ғасырдың дөңайбат мінезі мен аламантасыр әрекетін қайыра, қайта байыптадық.

Ой төрінде тағы да ісмер қара шалдарымыздың қолынан шыққан үкілі қара бесік – кәдімгі ат жалы, түйе қомында жүріп біздің дәуірге ұлтты, ұрпақты аман жеткізген қасиетті қара бесік тұрды. Еліміздің өткені мен бүгінін, ертеңі мен өртеңін сол бесікке бөлеп тербеткен аналар келді көз алдыма...

Апыр-ай! Аңызға бергісіз асау дәуірлердің қолтығынан аман шыққан алаш атты, асыл сүйекті ел едік қой... Тағдыр бізге осыншама ұлан-асыр жер бергенде, сол жерді сақтайтын, алдағы күндерге аман алып баратын бір құдіретті күшті неге бермесін?! Берген болар... Ол күштің аты-жөні ынтымақ, береке, бірлік дейді көне көз қария тарих – елдікке, егемендікке деген ел сенімі мен құлшынысы дейді абыз мінезді өткеніміз.

Кекілбаев қаламынан туған аңыз бен ақиқаттың алып кеңістігі де соны айтады. Соған меңзейді...

ӘБШ КЕКІЛБАЕВТЫҢ СУРЕТКЕРЛІК ФЕНОМЕНИ: ПАРАСАТ ПЕН ПАЙЫМ

Қабылов Ә.

Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті

Аңдатпа. Мақалада Ә.Кекілбаевтың көркем прозасының идеялық-көркемдік сипаты қарастырылып, автордың сыншылдық позициясы тұрғысынан авторлық баяндау мен кейіпкер сөзіндегі, көптоғысты толғаныстардағы көркем пайымдау арналары талданады. Қазақтың ұлттық танымы, менталитеті мен психологиялық ерекшеліктеріне орай толғам-түсініктері мен олардың сана мен тілдегі көріністерінің жазушы шеберлігі арқасында көркем бейнеленуінің сыр-сипаттары пайымдалған.

Түйінді сөздер: көркем проза, сыншылдық позиция, ирония, суреткерлік, әдеби шығарма, көркем пайымдау, авторлық позиция.

Ә.Кекілбаев – өмірді терең зерттеген, қоғам шындығы мен адам болмысының сан қатпар қалтарыстарын қаламгер һәм қайраткер ретінде жете зерделеген тұлға. Ол туған халқының тарихы мен салт-дәстүріне, рухани ділі мен жан дүниесіне терең үңіліп, оны әлемдік мәдениет пен жаһандық тарих тұрғысынан пайымдаудың арқасында адам тіршілігінің түрлі ньюанстарын өзіндік көркем өрнекпен, философиялық пайыммен, азаматтық зердемен суреттеді. Жазушының парасатты прозасының көркемдік-идеялық бітіміндегі ойшылдық пен сыршылдық, асқақтық пен сыншылдық, қарапайымдылық пен тереңдік, турашылдық пен астарлылық секілді кең арналы тоғыстар ордалы ойлардың асыл қорытпасындай жарқырап көзге түседі.

Кекілбаев феномені тарих пен бүгінгі заманды сәтімен сабақтастырып, тіршіліктің күрделі мәселелерін философиялық тұрғыдан терең талдауымен, өзіндік көркемдікпен суреттеп, өткеннің сабағын алға тарта отырып пайымдауымен ерекшеленеді. Жазушы өткен дәуір жаңғырығы мен қазіргі заман тынысын көркемдік қисынмен үйлестіріп, суреткерлік қуатпен тіршіліктің терең философиясына үңілтеді. Оның шығармаларында уақыт сырын, адамдар тіршілігін суреттеудегі талдаушылық, зерттеушілік сипат өзіндік поэтикалық өрнекпен келісті шырай алып отырады. Қаламгер адам өмірінің қайсыбір жақтарын жалаң көрсетіп қана қоймай, оның ішкі механизмдеріне барлау жасайды, жақсылық пен жамандықтың тылсым сырларын бейнелей отырып, оқырманды олардың туу себептерін, тамыр тартар бастаулары мен даму өрісін анықтауға ұмтылдырады.

Суреткер әдеби шығармадағы өмірді бейнелегенде, ерекше бір көркемдік шындықты дүниеге әкеледі және өзі де, оқырман да белгілі бір уақыт аралығында сол шындықтың ауқымында өмір сүреді. Бұл көркем шындық сөздер мен образдар арқылы жасалатын жасанды әлем болатындықтан, мұндағы сюжеттер мен қарым-қатынастар белгілі бір қисынға, әсемдік заңына, сөз сиқырына, жазушының суреткерлік мақсаты мен оқырманның қабылдау ырқына бағынатын ерекше сипат алады. Көркемдік шындықты сомдауда автордың өмірлік тәжірибесі, суреткерлік позициясы, танымы мен білігі, өмірлік құбылыстарды тәпсірлеу машығы көмекке келеді десек, солардың негізіне белгілі бір тілдік, мағыналық, психологиялық, философиялық жүйе тірек болмақ. Жазушының әлеуметтанушылық, психологтық, философиялық, ділмарлық, т.б. дарынының ең бір көрінетін тұсы да осы және ол көркем шығарманың тағдырын белгілеп отырады.

Ә.Кекілбаев шығармаларында өмір құбылыстарын пайымдаудың терең ағыстары, ішкі сыршылдық пен сыртқы сыншылдық арнаның тоғысып жататын құйылыстары, адам мінезі мен тағдырының сан алуан даңғыл-соқпақтары мен шың-шатқалдарын, ағыс-өзектерін көркем бейнелей отырып ой толғайтын, оқырманын бейжай қалдырмай, кейіпкерлер тағдырына етене жақындастыра түсетін психологиялық һәм философиялық дегдар ойлар иірімдері молынан ұшырасады.

Нағыз суреткер – ғаламдық масштабтағы адамзаттық проблемаларды көтеріп, азаматтық ой-сана мен көркемдік-эстетикалық танымды толықтыруымен қатар, өз ұлтының болмыс-бітімін, арман-мұраты мен мұң-наласын көркем кестелеп, жалпыадамзаттық проблемалар тұрғысынан талдайды, адамдық құндылықтардың идеальды мінсіз келбеті мен орын алып отырған жағдайларды салыстыра қарап, адамдық мәселелерді сарабалдықпен саралап отырады. Өйткені, жазушы – ең алдымен өз ұлтының өкілі, өз дәуірінің перзенті.

Шынайы жазушы адамдар әлемін зерттей отырып, көркем суреткерлік шеңберінде қоғамның беталыс-болмысын, ұлттың бет-бейнесін, мінез-құлқы мен ар-ожданын кестелейді. Әдебиеттің даралық және жинақтаушылық қасиеті тоғыса келіп, көркем полотнодағы сан алуан бояулардың үйлесімімен қаныққан, көркемдік кеңістіктегі өз орнын айқындаған көркемдік компоненттердің жиынтығы жазушының жалпы қоғам мен жеке адам, өмір мен тағдыр, уақыт пен мінез туралы ордалы ойларының тұтас галереясын құрайды. Осы суреттердің ішінде ұлт тағдыры, оның кешегісі мен бүгіні, қасиеті мен қасіреті, даналығы мен шалалығы туралы келелі ойлардың түзілісі оқырмандарды ойға жетеп, толғандырады даусыз. Жазушы әсте жекелеген жайлардан немесе тұтас болмыс бейнелерінен қорытынды шығарып, ақыл айтып, тұжырымдама ұсынып жатпайды. Әдебиеттің басты міндеті – санаға сәуле түсіру, өзіне-өзінді таныту, өмірдің сан түйткілдерін жайып салып, жақсылық пен жамандықтың төркінін пайымдату, ал жазылған жайлардан қорытынды шығару, толыққандылық пен кемелділікке ұмтылу – ойлы оқырманның патша көңіліне жүктелетін шаруа.

Суреткерлік парыз, азаматтық позиция, әлеуметшілдік-ұлтшылдық жауапкершілік жазушының өз ұлтының мінез-болмысына да сын көзімен қарау арқылы қазақтың аяғына тұсау болып келе жатқан кемшіліктер мен кесапаттарды да аямай шенеп отырады. Ұлтты сүю оның кемшілігіне көз жұма қарау еместігін осылайша өз шығармашылығының мазмұнымен дәлелдеп берді. Өз-өзіне сын көзімен қарап, кемшілігіне күле білу – болам

деген жұрттың айнымас қағидасы болмақ. Сондықтан қаламгер Ә.Кекілбаев та ұлт болмысының көлеңкелі жағына қабырғасы қайыса отырып көз жібереді. Бүкіл шығармашылығының тұл бойында қазақтың дарқан көңілін, жомарт мінезін, кеңпейілділігін қасиет тұтып көкке көтерсе, сонысымен қатар кейбір аяқтан шалып, жежегесін кейін тартқан кесір мінездерін де жасырмайды. Біздің қазақы мінезімізді көрсететін алауыздық, іштарлық, жалқаулық, күншілдік, сияқты жағымсыз қылықтарды жасырмай көрсетіп отырады. Халқын қапысыз сүйген суреткер мұның бәрін нақты оқиға, жекелеген жөн-жосық арнасында көрсетсе, кейде ой орамында, сөз арасында кейіпкер көзімен де, автор сөзімен де бірде мысыл-кекесінмен іліп-шалып, енді бірде әзіл әуенімен қағытып, кейде қатаң екпін түсіре, сақтандыра сөйлейді.

Автордың сыншылдық позициясы реалистікпен түзілген көркем суреттердің пайымдаушылық қисынынан, автор-кейіпкер-оқырман сұхбаттастығының ортақ репликасы іспетті мөлтек түйінінен көрініп отырады. Таратып айтар болсақ, мұндай мысқылдық іліп-шалу, кекесіндік лебіздер кейіпкер ойымен берілсе де, оның түпкі астарында авторлық қоштау жатады және бұл оқырман тарапынан да оң қабылданады, өйткені ол нақты психологиялық-әлеуметтік жағдай шығарманың контекстік қисынымен көркем дәлелденіп отырады.

Қазақ қоғамындағы келеңсіз психологиялық қатынастар, ұлттық мінездегі кесірлік көріністері, әсіресе, кең тынысты әлеуметтік-психологиялық шығармалар «Үркер» мен «Елең-алан» романдарында жеріне жеткізіле кестеленеді. Негізінен орталық кейіпкер Әбілқайырдың ойынан туындап жататын мұндай ұлттық мінездің бұлтарыс-қалтарыстары шығарманың сюжеттік желісінің, концептуальдық түйінінің арналарынан туындап отырады. Мұндайда қазақ психологиясының, ұлттық мінез-құлқының сипаттары, негізінен, өзіндік сын, сайқымазақ күлкі –самоиронияның нысанасы болып келеді. Олардың көркемдік-поэтикалық өрнегі мен стильдік-ділмарлық қисыны да әр түрлі қалыпта сомдалады.

Мысалы:

- Жекелеген мінез қырларын жеңіл іліп-шалатын риторикалық сұрау ыңғайындағы жеңіл мысқыл: «Тәйірі, қазақ қазақ болар да, ырду-дырдуға елікпей тұра алушы ма еді! Жүйрігін жетелеп, палуанын ертіп арсалаңдап жетті ғой жан-жақтан...» [1,269]; «Қотанындағы малды құдай айдап келе қалған кезбе қонақтың аузына ұстауға жиятын, кейінгі ұрпаққа сол қонақтың ел арасына жайып кеткен әңгімесін мирасқа қалдыратын қазекемде ат шығарғаннан артық мұрат болушы ма еді» [2,56]; «Бір нәрсені әуелі жақтары жыртылғанша кергілесіп, дауласып алып барып мақұлдасамса, қазақтың ішіне ас жаққан ба?» [1,264]; «Бір дән деп алса, қанағатты білетін қазақ бар ма!» [2,150]; «...Жаудан түсер мол олжаның шеті көрініп тұрғанда керіліп-созылып үйде тыныш жататын қазақ бар ма? Қалғандар кенеліп жатқанда ол қайтып қалыс қала алады?! Өзіндей екінші бөрік кигеннің қолы неге жетсе, мен де қолымды соған жеткізем деп тыраштанып бақпай ма?...» [1,319].

- Контексте бейнеленетін жекелеген іс-әрекет, құбылысты тұрақты жағдай ретінде кекесінмен шалып өтетін пародиялық эффектілі тұжырымдық-бекітушілік сипаттағы зәрсіз кекесін: «Қазекеннің ең аяғы белін босатып алу үшін де биік жер іздейтін әдеті ғой» [2,9]; «Бұл қазақ әуелі басқа біреуден бірдеңені көріп, соған іші қыз-қыз қайнамай тұрып іс қылмайды» [1,320]; «Қымызға өкпелеген қазақтың өзі жыл он екі ай тоңторыс жүрмей қабағын жылытпайды» [2,360].

- Ілкіде қоштаумен бастап, келеңсіз көріністерге шүкіршілікпен қарайтындай көрінетін зілсіз ирония: «Құдайға шүкір, дақпырта сөйлемесе басы ауыратын даңғойларға, түймедейді түйедей қып көкитін желбуаздарға қазақ арасы қашан да кенде болып көрген емес» [1,288].

- Ұлт өкілдерінің бойындағы жақсылы-жаманды қасиеттерді контрасты түрде алып, оларды инверсиялық екпінмен дамыта отырып, алогизмдік тұрғыдан қарастыратын кекті кекесін: «Қазақтан шапағат көргің келсе, мүсәпір бол! Сәл сәулет, сәл қасиет, сәл абырой, сәл бағынды көре алмай қыржандап қалғыш жұрт, мүсәпірлерге дегенде қандай кешірімпаз, қандай кеңпейіл, қандай шапағатшыл!» [2,548].

- Бұқараның жағымсыз қылықтарына жатсына қарап, ашындан туған жинақтаушы мәндегі қатаң тұжырым: «Бұл қазақ ел болып, еткен еңбегінді біліп, мәртебенді асырады деген мәңгінің қиялы!» [1,332].

Жазушы қолтаңбасындағы осындай келеңсіздіктерді суреттеудің күлкілі өрнектегі қызықты көріністерін оқығанда шымыңа тисе де, туралығына тәнті боласың, жинақтық характер жасаудағы автордың комизм құралдарына жүгінуінің астарлы мәні кім-кімді де иландырады: «Он қазақты бір дастарқанға жинасаң, бәрі де бір-бір бас, бір-бір жамбас ұстайтындай он басты, он жамбасты, қырық аяқты, жиырма көз, жиырма құлақты қой тауып союың керек. Ондай қой қандай таптырмайтын болса, қазақтың бабы да сондай таптырмайды. Бас-басына шалқаюды, бет-бетіне шіренуді еркіндік көреді» [2,76].

Ал осындай жат мінездер қайдан туындап жатыр? Бұл қазақтың басына бақ бітсе, бас-басына шалқайып, басы бірікпейтін керенау кердеңдігі, өз-өзінен өрекіп, бас бермес мақтанқұмарлығы, көрпесіне қарай көсілмейтін дарақылығы мен шашпалығы қайдан шығып отыр? Әбілқайыр секілді елге тұтқа болатын тұлғаның ой орамдары арқылы бұл мәселеге де қоғамдық-әлеуметтік сатираның уытымен қанықтырып, салмақты сөз орамдарымен назар аудартады: «...Біздің қазақта он қараның басын түзесе бай, он баланың басын қарайтса би болып шалқайып алады да, ортақтасып қам жасайтын шаруада ешкімге дес бермей қасарысып отырғаны. Сөйтіп жүріп кім көрінгенге ол көз түрткі болмағанда, кім көз түрткі болады?!» [2,77]. «Қай халықтың да қасіретке батқаны бірдей болғанмен, мақтанып-масаттанғаны әр қилы. Қазақтың бағы жүрсе – кеуілдеген мақтан әңгімесі, гулеген өсегі, кеңірдегін күнге, кіндігін айға ілген кердең жүрісі көбейіп, қараптан-қарап іші жарылып, бұтқа толып болады» [2,77]. «Аз жетіліп қатарға қосылсын десең – ұзын арқау, кең тұсау тіршілікке жібермей, белін бекем будырып сара жолға сал. Көп көбейіп, дені жайылсын десең – тар қамауға тығып тұмшалай бермей кеңге шығар! Біздің қазақ осыны да білмейді. Аяғын көрпесіне қарай көсілмейді» [2,76].

Кейіпкер сөзі мен ой-пікірінен авторлық позиция анық көрініп отырады, пайымшылдықпен тәпсірленіп, ойлы тұжырымдар түзетін тапқырлықпен жазылған жайлардың қазіргі күн үшін де өзекті болып табылатыны сөзсіз, олардағы полемикалық назар автордың тақырыпты бірегей түрде бере білуінің де (трактовкасының) амалы ретінді көрінеді. Аз сөзге көп мағына сыйғызу шеберлігі, автор тіліндегі комизмдер көкейтесті тақырыптың өзін жалпы баяндау фонында ойлы өрнекпен, сыншылдық пафоспен оңтайлы жеткізеді.

Қазақ арасының сөз бен ісі орайласпай жататын рухани тиянақсыздығы, ағайын ішін алалап, жақ-жақ боп жаға жыртасып, ел бастауға лайық деген «көсемін» өзекке теуіп, жақынын ғана жақтауға бейім тұратын жікшілдігі, сөйтіп елдің асылын бағалауына жалған намыс, әсіре рушылдықтың тигізетін кесірі секілді мерездерді ашына отырып баяндаса да, оның өзін сын-сықақтың шоғына қақтап отырады, осылайша әлеуметтік-этикалық тұрғыдағы пайымдауларға ұластырады: «...Үш арыс үш жаққа тартып, арыс басы екі-үштен хан ұстағылары келеді. Екі ұдай жұрттың өзі мынандай болып жатқанда, үш ұдай жұрт қайдан оңсын! Соны жеке-жеке тілдессең, бәрі де ұғатын сияқты. Қай-қайсысы да: «Бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығармай тұрып біз қайдан оңайық?» – деп сарнап қоя береді. Ал сондай үш ауыз жұрттың пиғылын түзейтін дуалы ауызды қайдан табар екенбіз деп қармана бастасаң, баяғы пәтуаның барлығы ұмыт қалып, әр қайсысы әр жаққа тартып шыға келеді. Бәрі де ондай ортақ тізгінді өзінің ауылының белдеуіне қарай сүйрей жөнелгісі келеді де тұрады. Біреуді: «Осы лайық-ау!» – деп атай қалсаңыз, байғұстың баяғыдан бері байқалмай келе жатқан барлық міні бір күннің ішінде баттиып-баттиып көзге түсіп шыға келеді. Біреуі өзін, біреуі көзін ұнатпайды. Біреуі қайын жұртын, біреу нағашы жұртын жақтырмайды. Ең құрығанда, астындағы атының аяқ басқаны көңілден шықпайды. Әйтеуір мін табады. Ондай тал бойында бір міні жоқ пайғамбарлар мен періштелерді сорлатқанда қай қазақтың қатыны күнді топырлатып туып жатыр. Талай пайғамбар мен талай періштенің абыройларының асып жүргендері де біздің кереуіз далада тұмағандығында шығар. Біздің даладағы көп тал шаңырақтың біреуінің астында туса, солардың көбінің абыройы әрқашан-ақ айрандай

төгілген болар ма еді, қайтер еді... Құдайдың құдайлығы да сонда ғой... Ешкімнің көзіне көрінбейтіндігінде ғой... Әйтпесе, біздің қазақ оның бойынан да бір кемшілік тауып шықылықтап күліп ала қайқаяр еді.» [1,343].

Кемелденуге кесірін тигізетін ақымақтық пен аярлық қашан да, қай ортада да кездеседі, олардың сыртқы көрінісі де, ішкі мән-мағынасы да баршаға таныс. Сондықтан, жазушы оқырманның өзіне таныс, өз ортасына, қазақ табиғатына етене жақын адамдардың бойында жиі кездесетін жағымсыз жағдайларға екпін түсіре жинақтап, алдыңғы планда көрсетуге тырысады. Жазушы шығармаларында оқиғаның бір ғана жағына мән беріп қоймайды, соған қатысты мұң мен күлкі астасып жататын барлық комикалық және драмалық жақтарына сәуле түсіреді, сөйтіп оқырманын ойға жетелейді. Жазушы мәнерінің ең маңызды сипатын өмірден байқағандарын кемел суреткерлік талғаммен пайдалануы құрайды. Кең көлемді көркем жинақтауға талпыныс нақты жағдайларды типтендіру арқылы ұлттық мінездің кең ауқымды портретін жасайды. Бұл туралы әдебиет сыншысы С.Жұмабек былай деп жазады: «Тәуелсіздігімізге дейін жарық көрген тарихи дүниелер арасында «Үркер» мен «Елең-алаң» роман-диалогиясына дейін халқымыздың ұлттық мінез-құлық психологиясындағы небір тамаша қасиеттер мен небір жиіркенішті кемшіліктер жайында әрі сүйсіне, әрі ашына айтылған ойлар мен көркемдік тың жинақтаулар мүлдем сирек ұшырасатын. Мәселен, әрбір фактіні не деректі, әрбір іс-әрекетке негізделген оқиғаны келтіру бар да, оны көркемдік тәпсірлеу жағы, сондай-ақ дүниетаным көзқарастарымен таразылап, іріктеп-сұрыптап алу жағы және бар. Бұл орайда Әбіш шығармаларындағы тарихи фактілердің, іс-әрекетке негізделген оқиғалардың қай-қайсысы болмасын әрқашан белгілі бір көркемдік мақсатқа жұмыла қызмет етеді, соған жұмыла қол жеткізеді» [3,54].

Жоғарыда талданған жарқылды жолдар – халықтың рухын оятуда, намысын қайрауда, өзі мінін өзіне көрсете отырып ұятын шақыруда, қоғамды жат қылықтардан арылтуда ерекше орны бар ерекше пафосты сыншылдық сарын деп ұққан жөн. Тіке айтқанның тұрпайы, ашық айтқанның анайы болып шықпауы үшін оның әзілмен әдіптеліп, айтқыштықпен астарланып, тұспалдап айтылуының елді иландыратындай қасиеті мол, әрі құлаққа естілуі жағымды, әрі шымбайыңа батып, жүрегінді дір еткізер уыттылығымен құнды.

Әдебиет пен өнер шығармаларындағы көркем пайымдау – суреткердің өмір құбылыстарының, жаратылыс заңдарының мазмұн-мәнін адами тұрғыдан бағалауының, оларды адам қатынастарымен, қайғы-мұң, қуаныш-сүйінішімен байланыстыра қарастыруының нәтижесі. Ой мен сезім тоғысынан туындайтын көркемдік таным суреткерлік пайымдаулар негізінде кейіпкер көзімен танылып, ой-пікірінен беріледі. Көп жағдайда олар автор көзқарасымен орайласып отырады, өйткені жазушы кейіпкері арқылы өзінің замана-қоғам, адам мен табиғат туралы көзқарасын, қызықты топшылау –түйіндерін жарыққа шығарады.

Көркемдік пайым – өмір-тіршілік, болмыстың сан алуан мәселелері туралы айқын түсінік, анық тұжырым ғана емес, оларға адами қатынастардың түрлі түйткілді тұстарын алуан бейнелік-астарлық қалыпта бедерлейтін, жазушылық шеберлікпен сомдалатын әлеуметтік-психологиялық әрі қисындық-философиялық сипаттағы ойлы-суретті пайымдаулар да. Көркем қисынға иек артқан тартымды талдау мен тәпсірлеу, орайын тауып, жүйесін келтіріп, шындық пен әзілді, туралық пен тұспалды әдемі астастырып өтімді ой айту – көркем пайымдаудың қашаннан келе жатқан тиімді құралдары. Тауып айтқан тапқырлық пен уәжді дәлелдерге арқа сүйеген аталы сөз – шындық пен әзілдің шекарасын шайып, ауқымын астастырып отырады. Олардағы әлеуметтік астардың басымдылығы, қуатты көркемдік пен ұтымды ой – кез келген айқын тұжырымдар мен дидактикалық сарыннан гөрі оқырмандарға жұғымды әрі тәрбиелік пәрменділігі жоғары болмақ.

Ә.Кекілбаев шығармашылығы адам табиғатының жұмбақ тылсымдарына бойлататын, мінез-құлық пен ішкі психологиялық иірімдерге назар салдырып, оңаша ойлантып-толғанытып отыратын сәулелі суреттерге, парасатты пайым-толғаныстарға бай. Өмір-тіршілік сырлары, бақыт, қызғаныш, қуаныш пен қайғы, алданыш пен мақтан секілді сан арналы сезімдік толғаныстар оқырманын ойға жетелейді, көңілге түйткілді ойлар жүктейді, автормен

ілесі отырып, оқырман да осы ой сілемдерінен өзінше түйін ұстауға тырысады. Прозадағы оқиға мен тартыс арналарынан туындап, диалогтер мен баяндау сипаттарында ой тудырып отыратын жәйттер өзінің терең пәлсапасымен, жұғымды ырғағымен, айшықты бояуларымен мәнді болып келеді. Мысалы: «...Асылы, адам көңілі өмірдің көп өткіншісі шұбырып жататын айдау қара жолының үстіндегі қайыршының кетік тостағаны сияқты; өткіншілердің біреуі у тамызады, біреуі бал тамызады; өңшең у болса, әлдеқашан жер қабар едің, аз да болса, анда-санда бір тамса да, жер үсті тіршіліктің тәттілігін сездіріп, таңдайыңды татытып кететін балы бар ғой тағы да. Адамның есінен қанша таңғанымен, есірік дәмеден қол үзбей, ылғи әлденеге тырмысып, арам тер болып жүретіні де сондықтан шығар» [4,368], немесе: «Бақыт... Адам байғұстың қиялы жеткен жердегі жақсы мен тәттіні бір бойына сыйғызған осы бір сөз қашан кісінің көңіліне шемен боп байланған сәтінен бастап, бастапқы мән-мағынасының бәрінен түгел айрылып, онсыз да кем қанағат, онсыз да өлермен пендені онан сайын жан алқымға түсіретін қайыс қамшыға айналатын көрінеді. Ондай қайыс қамшының саныңнан қан саулатып сабылтып жеткізетін жері – бақ шығар, дәулет шығар, даңқ шығар, әйтеуір бақыт емес...» [4,371]; «Адам мен аңның жалғыз айырмасы да сол кісінің өн бойын өртеп бара жатқан қызғанышты аяусыз баса біліп, әділетке жүгіне алатындығында емес пе?! Қызғаныштың дегеніне көнген қай мықтың да ақыры қабаған төбеттің кебін киіп, азуынан айырылып тынатын. Қызғанышты жеңіп, өзінді-өзің қайрап өрге бастасаң, кім біліпті, күндердің күнінде сенің де айдарыңнан жел есер? Жел еспеген күнде де, ешкімге қиянатың тимей, бетіне шіркеу түспей өтесің ғой!»

Мұндай пайымдаулардағы терең ой, тегеурінді дәлелдер адами түсінікпен, ұлттық тұрмыс суреттерімен жымдасып келіп, өзінің өтімділігін арттырып отырады әрі керемет әсерлілігімен жүрекке жол тауып, қисындылығына ден қойдырады: «...Сонда өмір сүру деген енесіне жамырап кетпесін деп, күні бойы темір қазықты шырқ айналып шыға алмайтын арқандаулы қараша ботадай не қорлықты көрсең де, не сұмдықты бастан кешсең де, жан-жүйкеңді жадыратқан тәтті қиял, аңсар арманның бәрінен адыра қалып, маңдайыңды тауға ұрып, тасқа соқсаң да өзінің тіленіп келмеген, келгесін еш тілегінді қабыл қылмайтын кер тағдырдың тастақ тар қойнауына қызыл өңешіңнен қылғына байлану ма?...» [4,376].

Болмаса, «Бір шөкім бұлт» повесіндегі Аққаймақтың: «...Мола екеш моланы да иемденіп, еміренудің не жөні бар деп ойлаушы еді. Сөйтсе кісі мола екеш молаға да бауыр басып, оны да өзімсінеді екен. Ата-мекен, ата-су болатыны сияқты, ата қауым да болады екен. Күні кеше соғыста өлгендер жарық дүниемен қоштасып жатқанда, кімнің көз алдына не елестеп, әркім өзі үшін ең аяулы нәрсені еске алғанда, біздің ауылдың талай жігітінің көз алдына тап осы жермен-жексен ескі мола көрініп, «Дүние-ай, соның кебір топырағына жеткізбедің-ау», – деп налымағанына кім кепіл. Тірі адам ет жақын, ниет жақынынан жылы сөз дәмемсе, өлген адам ыстық көз жасын дәмеметін шығар» [5,271], – деген ойының өзегіндегі адам-пенденің өмірімен ғана өлшенбейтін арман-аңсары, фәнилік мақсатты бақилық арманмен жалғастырып жататын жүрекжарды пәлсапасы жатқан жоқ па!?

Әдетте, адам жалғандық, өтірік, алданыш, алдамшылық секілді ұғым-түсініктерге бір жақты, жағымсыз әсермен қарап, намысқа бой алдырып, ақиқат жолын шындықтан, әділдіктен, реальды болмыстан іздеуге жетелесе де, автордың – пайымдаушы қаһарманның алданыш туралы мына секілді топшылаулары ешкімді бейтарап қалдырмасы анық: «...Адам алдана білмесе, кеп-келте ғұмырында басынан кешетін сан-сипат тауқымет пен азапқа бір күн де төзе алмас еді. Көңілдің қорғанышы – алданыш. Адам армандаймын деп жүріп алданумен болады, алданып жүріп-ақ талайды бітіреді» (1,377). «Жалған дүниенің» бір сырын мақал-нақыл түріндегі шағын ғана сырлы өрнекпен орап алып, оптимизммен түйіндейтін мұндай ойлы орамдардың ойшыл автордың жазушылық лабораториясының концепциялық-идеялық негіздемесін, поэтикалық репертуарын толықтырып отыратын сәтті өрнек, қуатты пайымдаулар екендігіне шүбә жоқ!

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Кекілбаев Ә. Елең-алаң. Роман. Алматы. Жазушы, 1984.
2. Кекілбаев Ә. Үркер. Роман. Алматы. Жазушы, 1981.
3. Жұмабек С. Халық тағдырының тамыршысы // Жұлдыз, №1, 2007.
4. Кекілбаев Ә. Таңдамалы. I том. Роман. Повестер. Алматы. Жазушы, 1989.
5. Кекілбаев Ә. Таңдамалы. II том. Повестер. Әңгімелер. Алматы. Жазушы, 1989.

1-секция
ӘЛЕМДІК ӘДЕБИ КЕҢІСТІКТЕГІ Ә.КЕКІЛБАЕВ ФЕНОМЕНІ

ӘОЖ 82.09

ӘБІШ КЕКІЛБАЕВ ПРОЗАСЫНЫҢ КӨРКЕМДІК-БЕЙНЕЛІК ҚҰРЫЛЫМЫ

Аймұхамбет Жанат Әскербекқызы,
Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ профессоры,
филология ғылымдарының докторы

Алмас Әмірбекұлы Мырзахметов,
Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ докторанты

Аңдатпа. Мақалада Ә.Кекілбаевтың «Аңыздың ақыры» романы мен «Ханша дария хикаясы» повесіндегі бинарлық оппозиция мәтін теориясындағы мәтінді құрылымдық талдау концепциясына негізделіп талданады. Жазушы қолданған көркемдік жүйеде архетиптік негіздердің бүгінгі заман мәселесімен астасып берілуі әлемдік әдебиеттанудағы ғылыми тұжырымдармен дәйектеледі.

Түйінді сөздер: мәтін, құрылымдық талдау, бинарлық оппозиция, мифтік таным, сөз өнері.

Әлемдік деңгейдегі прозаик, қазақ әдебиетінің көрнекті өкілі, классик жазушы Әбіш Кекілбай шығармашылығы – ұлттық әдебиетіміздің алтын қорына айналған дүние. Қаламгердің әңгіме, повесть, роман жанрындағы туындылары ұлтымыздың тарихы мен тағдырын көркем бейнелеген құнды мұра екені талассыз ақиқат.

Әбіш Кекілбай шығармаларының ішінде «Аңыздың ақыры» романы мен «Ханша дария хикаясы» повесі – әлемге әйгілі билеушілер болмысын психологиялық тереңдік, философиялық асқақтықпен көркем кеңістікте түлеткен кесек дүниелер. Аталған шығармаларды мәтіндік тұрғыда қарап, құрылымдық бағытта байыптау жазушы талантының қырларын таныта түспек. Ю.Лотман тілімен қисындасақ, мәтін мен көркем туындыны бір ұғым демесек керек. Мәтін дегеніміз – бар болғаны, көркем туындының бір ғана компоненті. Мәтіннің бойына сіңірілген өмірлік және идеялық-эстетикалық күрделі ұғымдардан көркемдік әсер туындайды.

Мәтінді құрылымдық талдау концепциясы ХХ ғасырда Ф.Соссюр есімімен байланысты болды. Кез келген туындының құрылыммен түзілетіні структурализм теориясының негізі. Ф.Соссюрдің ұстанымын жалғастырған К.Леви-Стросс мәтіндік құрылымдағы бинарлық оппозиция туралы ойға ерекше назар аударады.

«The initial human outlook is based on the knowledge and understanding of the nature of contradictions» («Адам баласының әуелгі дүниетанымы қарама-қайшылықтардың табиғатын тануға және түсінуге негізделгенін») [1, 12] ескерсек, қарама-қарсылықты құрылымдағы барлық тәсілдерінің жаратылыс негізіндегі бинарлық оппозиция тектоникасынан бастау алғанын көруге болады. Ал, бұл бинарлық оппозициялық құрылым көркем әдебиеттегі тартыс табиғатына, сонымен бірге диадалық бейнелердің айқындалуына қызмет етті. Протагонист – антогонист тұлғалардың қақтығысынан, тартысынан бастап, кейіпкер болмысының екіге жарылуына дейін жалғасқан бинарлық оппозиция оксюморон, антитеза, антоним, амфитеза, актортеза тәсілдері арқылы көркем туындының «тұла бойына сіңіп», диада-кейіпкерлердің тұлғалануына әкелді. Ұлттық әдебиетімізде кейіпкердің жан-дүниесіндегі тартыс М.Жұмабаевтың «Шолпанның күнәсі», Ж.Аймауытұлының «Елес», М.Әуезовтың «Қаралы сұлу» әңгімелерінде психологиялық талдаулар қалтарысында тұрса, О.Бөкейдің «Сайтан көпір», Т.Әбдіктің «Оң қол», «Парасат майданы», «Тұғыр мен ғұмыр», М.Мағауиннің «Қыпшақ аруы», «Жармақ» әңгіме, романдарда және заманымыздың заңғар

жазушысы Әбіш Кекілбаевтың «Аңыздың ақыры», «Ханша-Дария хикаясы», т.б. туындыларында түрлі қалыпты көрініс тапқан.

Даму заңдылығының қозғаушы күші болатын қарама-қарсылықтың бірлігі мен күрес заңы Ә.Кекілбайдың қай шығармасында болсын алдыңғы шепте көрінеді. «Аңыздың ақыры» романы мен «Ханша дария хикаясы» повесінде ақ пен қара, жақсылық пен жамандық, кеше мен бүгін, адалдық пен арамдық, махаббат пен ғадауат, бейбітшілік пен соғыс, қанағат пен тойымсыздық, ізгілік пен зұлымдық қатар өрбіп отырады. Бұл мәңгілік тақырыптар қаламгердің ой-көркінен тіпті түрленіп, аса шебер өрілген.

Әбіш Кекілбайдың көркем прозасында бағзы мифтік танымның жаңғыруы, мифтік құрылымның игерілуі арқылы бүгінгі күннің маңызды мәселелері қозғалады. Жазушы шығармаларының мәтіндік компонентінде архетиптік негіздер көркемдік жүйенің қайнар көзіне айналып, аңыз мотивтері мен сюжеттері маңызды орын алады. Өткен шақ пен бүгінгі күннің тұтасып, өзекті өмірлік мәселені танытуы, адам атты күрделі, қат-қабат қайшылыққа толы саналы тіршілік иесінің болмысын бейнелеу арқылы ізгілік ұғымының түп-тамырына үңілту автор талантының кемелдігін танытады. Әбіш Кекілбай прозасының көркемдік-бейнелілік құрылымы туралы сөз әуелі жазушының тілінен басталуы заңды.

Көркем мәтіннің құрылымын зерттеген Ю.М. Лотман шығарманың негізгі тірегі ретіндегі тілдің қызметін айқындай келе, оларды «табиғи тіл, жасанды тіл, қосалқы, яғни екінші сатыдағы тіл» деп топтастырады да, өнер туындылары тілін «екінші сатыдағы жүйе» деп көрсетеді [2, 17]. Көркем әдебиеттің бұқаралық коммуникацияның бір түрі ретінде «өзіндік тілі» болу керектігін айта отырып, әуелі оның табиғи тілге тікелей қатысы бар екенін ескертеді [2, 31]. Көркем әдебиет тілі ұлттық тілдің функционалды-стилистикалық қабаты екенін ескерсек, кез келген көркем туындыда бұл қабаттың қызметі ерекше.

Сөз өнерінде ойды, негізгі идеяны берудің басты құралы ретінде тіл өз бойына жаңа бояу, тың мағынаны үстейді. Басқаша айтсақ, көркем туынды тілден осыны талап етеді. Тілдік түзілімнен бастау алған сөз табиғи сипатынан бейнелеу қызметіне ауысады. Таланты кемел суреткердің қолына түскенде тіптен түрленіп, өзінің шексіз мүмкіндігін танытады.

Әбіш Кекілбай прозасында тартыс оппозициялық ұғымдардың кейіпкер болмысындағы жаңғыруымен айқындалады. Бұл жаңғырудың өзі құрылымдық сипатымен танылады. «Ханша-Дария хикаясы» хикаятының эпиграфына алынған Е.Ібітанов өлеңінің үзіндісінде «Бұл өзі әлде шындық, әлде өтірік...» деген жолдар бар. Шығармаға арқау болар тартыс табиғатына осы жолдар мегзеп тұрғандай. «Шындықты» айқындайтын «өтірік» ұғымы ары қарай жауыздық пен ізгілік арпалысына ұласып, тереңдей түседі.

«Аңыздың ақыры» романы мен «Ханша дария хикаясындағы» бас қаһармандарды протагонист тұлға деген бір ұғымға сыйдыра алмаймыз. Егер бұл ұғыммен тұрғысынан қарар болсақ, сол протагонист тұлғаға тән мінез-құлық, әрекет аталмыш туындылардың бас кейіпкерлеріне тән емес екендігін аңғарамыз. Өйткені протагонист тұлға тек күштілік, асқақтық емес, оған қоса ізгілік, жақсылық ұғымдарымен шендесуі керек. Осы тұрғыдан келгенде, екі туындыдағы протагонист тұлға ұғымына Әмірші мен Ұлы билеуші емес, Кіші ханым мен Гүрбелжін ханым сай келеді.

Әбіш Кекілбайдың шығармашылық жолы қазақ қаламгерлерінің халықтың өткені мен тарихи оқиғаларды өз туындыларына арқау ете бастаған кезеңге тән, яғни XX ғасырдың 60-жылдарынан бастау алады. Қақтығысы, тартысы көп уақыт тереңіне үңіле отырып, туындаған роман-повестерді тақырыптық, жанрлық тұрғыдан іріктегенде тарихи-хроникалық, тарихи-этнографиялық деп қарастыру басым. Ал, Әбіш Кекілбай тарихи тақырыпты көркем меңгеруге басқадай тәсілмен барды. «Күй», «Ханша- Дария хикаясы», «Шыңырау» хикаяттарында және «Аңыздың ақыры» романында бағзы дәуірлерден мұра болып жеткен аңыз оқиғаларын жаңғырта отырып, өткен күннің психологиялық-моральдық қырына назар аудара отырып, бүгінгі күннің өзекті мәселелерін еске салады.

Әбіш Кекілбайдың Мәскеудегі «Молодая гвардия» баспасынан шыққан «Дала балладалары» (1975) атты прозалық кітабына жазған алғы сөзінде Әбдіжәміл Нұрпейісов былай дейді: «Жазушы өзінің шығармаларында белгілі тарихи тұлғалар есімін саудаға

салудан аулақ... Оләуелі адам өмірінің әлеуметтік қалпына назар аудара отырып, уақыт тынысы мен кейіпкер болмысын философиялық-психологиялық тұрғыдан терең көрсетуге ұмтылады. бұл повестердің шыншылдық қасиетін ерекше көтере түскен» [3, 5].

Әбіш Кекілбай сынды биік деңгейдегі қаламгердің көркемдік кеңістігінің басты даралығы – жазушы ежелгі аңыз мотивтерін бүгінгі уақыттың таразысына салып, тарихи-философиялық тұрғыда мүлде тың сипатта түлетіп, жаңғыртады. Аңыз тереңіндегі жалпы адам баласына ортақ мәңгілік мұраттарды тауып отырады. Баяғы заманның ақиқатына бүгінгі дәуірдің сәулесін түсіріп, өмірлік мұраттарды, ізгілік идеяларын уағыздайды. Кекілбайдың суреткерлік шеберлігінің негізін осы тараптан іздеуіміз керек. Көрнекті қаламгерлер мен сыншылардың Әбіш Кекілбай қаламгерлігі туралы пікірлері де осы бағытта. Мәселен, әйгілі қаламгер Шыңғыс Айтматов жазушының «тарих пен бүгінгі күннің маңызды мәселелерін» ұтқыр қозғайтынын айтса, қазақтың классик қаламгері Әбдіжәмил Нұрпейісов «әлеуметтік ірі идеяларды өзек ететініне» назар аударады. Жазушы шығармаларының құрылымына үңілгенде, оның адам баласының күрделі табиғаты мен сан алуан іс-әрекетінің себеп-салдарын танытуды мақсат ететінін айқын аңғарамыз. Жазушы хикаяттарындағы көркемдік-эстетикалық қуат, әлеуметтік-философиялық тереңдік «Аңыздың ақыры» атты тарихи-психологиялық романында әрі қарай арнасын кеңейте түседі. Әбіш Кекілбайдың мәтіндік құрылымға аңыз оқиғасын сіңірудегі шеберлігі аталмыш романда барынша кемелденіп, эстетикалық тұрғыда жаңа биікке құлаш ұрған. Романда автор қолданған аңыз мотиві психологиялық детальдармен айшықталып, бас қаһарман, ежелгі теория тілімен айтсақ, протагонист тұлға – Әміршінің өзекті пенденің бірі ретіндегі мықтылығы мен әлсіздігін, іштей ширығуы мен рухани күйзеліске түсу себептерін бейнелеуге қызмет еткен.

«Аңыздың ақыры» романында аңыз сюжеті мәтінмен жымдасып, кейіпкерлер психологиясына кірігіп кеткен [4]. Әмірші, Жас шебер, Кіші ханым желісіндегі сана ағымымен берілетін күрделі психологиялық иірімде нысан, яки деталь ретінде Ұлы ханым әміршіге жіберетін өзегіне құрт түскен қызыл алма және аспанға қарай асқақтай көтерілген мұнара назарға ілігеді. Адам баласына тән сүйіспеншілік сезімін өз бойына өрген мұнараның салынуын автор психологиялық тінге лирикалық сазды шендестіре отырып бейнелеп жеткізеді. Сүйіспеншілік тілге тиек болғанда, лиризмнің туындауы заңды. Күллі әлемді қаһарымен тітірентіп, қаталдығымен үрейлендірген Әміршінің бойынан қылаң беретін мейірімділік пен қайырымдылық, асқақтығына тұсау салатын күйзеліс, іштей үгілуі арқылы кейіпкердің күрделі болмысы танылады. Ал, албырт сезімге бой алдырған Жас шебердің басынан кешкен халі ше? Кіші ханымның балаң да нәзік кіршіксіз сезіміне не кінә қоя аламыз? Міне, автор осындай қат-қабат оқиғалар желісін шебер үйлесіммен бір арнаға тоғыстырып, аңыз астарынан адам тағдырын іздейді.

Осы тұста Ш.Айтматовтың фольклорлық мұраның бірегейі ретіндегі аңызды тілге тиек ете отырып, мифологиялық құрылымды бүгінгі көркем шығарма өзегіне айналдырудағы суреткерлік шеберлік туралы «Талантты қазақ прозаигі Ә.Кекілбаев мифологиялық жүйе мен құрылымды игеру арқылы өткен мен бүгінгінің маңызды мәселелерін қозғай білген. Бұл кітап - ойшылдықтың жоғарғы сатысынан қарағанда да, аңыз бен шындықтың, өткен мен бүгінгі күндер тәжірибесінің қорытпасы, осы компоненттердің барлығы (әрине, мұның ішінде прозаиктің таланты да бар) қосыла келе, біздің пікірімізше, бұл шығармалардың мазмұнын ғана байытып қоймай, оның көркемдік қасиетін де арттыра түскен», [5, 81] - деген пікіріне ден қоямыз.

Аңыз оқиғасы «Ханша Дария хикаясының» кейіпкерлерінің мінезі-құлқын, мақсат-мұратын, өмірлік ұстанымдарын іс-әрекет пен оқиғалар арқылы таныту мақсатында мәтін құрылымының астарлы қабатынан орын алған. Дүниенің билігін қолына ұстаған Ұлы билеушінің пенделік осалдығы ақыры өзін ажалға бастап әкеледі. Суреткер кейіпкерлерін асқақтық пен төмендік арасындағы көзге көрінбейтін баспалдаққа тәуелді етеді. Ол баспалдақтың жоғарысында әуелгіде Ұлы билеуші, төмен жағында Шидүрге-Гүрбелджін тұрғанымен, соңында керісінше болады. Әриен, сырт көзде таңғұт елін түгелімен қырып, әміршісін өлтіріп, ханымын бауырына баспақ болған Ұлы билеуші асқақ. Бұл алдамшы

көрініс. Шын мәнісінде Шидүрге-Гүрбелжін жұбы ситуациялар нәтижесінде баспалдақ бойымен жоғары өрлеп кетсе, Ұлы билеуші төменге түскен. Мәтін құрылымына үңілсек, тартыс нәтижесін осылай танымыз.

Хикаят кіріспесіне назар аударайық:

«... Шығыс Азиядағы бір өзенді қытайлар Хуанхэ – Сары өзен, тибеттіктер Мачу – Қызыл өзен, маңғұлдар Хара-Мүрэн – Қара өзен деп атайды. Ал енді оны Хатын-Гол – Ханша-дария десеңіз бәрі де түсіне қояды.

Неге олай?» [6,1].

Автордың айтпағы – осы Ханша Дария аңызы... Яғни басты тұлға – аңызға кейіпкер болған. Шығыстағы ұлы өзеннің атын иеленген таңғұт ханымы, Азия ханшасы...

Қызыл-жасыл дүниенің көз арбайтын қызығынан Ұлы билеуші шет қала алмаса керек-ті. Оған шамасы жете қоймайды. Сондықтан да болар бәріне иелік етсем деген ойы үстемдік алады. Суреткер кейіпкерінің осы пиғылына ден қойып, психологиялық детальдарды шығарма бастауында ұсынады.

Жеңімпаз билеушінің өмірінің еңкейген шағы екенін суреткер күз сұрқай шағымен, соған үндескөңіл күйімен аңғартады: *«Күз таңының сұйқылт суық нұры шатырдың ішіне енді-енді жайыла бастағанда ол ұйқыдан оянды. Бүгінде таңертең төсектен тұрғанда таңдайынан дәмі кетпей тамсанып отыратын баяғы балқаймақ ұйқы жоғалған. Жан-жағындағы сатыр-сұтыр ат дүсірін де естімей, ердің басына қамшыңды тіреп, маңдайыңды соған қойып, сәл мызғысаң, қыз қойнынан өргендей көңілің бүрлеп сала беретін қунақылық та ұмыт болыпты» [6,1].*

Осы желі бойында билеушінің қолындағы асыл тасты қымбат жүзіктерге қарап отырып, өткен оқиғаларды есіне алуы да тегін емес. Қайрат қайтқан, рух шөккен тұста өткеннің жанын сергітер елестерін еске оралту да бір оқиғаға мегзегендей.

«...асыл жүзік салынған он саусағын түнде ұйықтап жатқанда біреу қырқып әкеткен жоқ па деген кісіше, әрқайсысын жеке-жеке салалап көреді» [6, 2].

Он саусағындағы асыл жүзік – жеңістің, жеңімпаздықтың бәрі өзңне тін екенін ишаралағанмен, шексі биліктің белгісі емес. Сүлейменнің жүзігінің өзінде «бәрі өткінші» деген жазу бар еді дейді бізге жеткен аңыздарда...

Бұхарды шапқанда өзінің алдында иілмеген тәкаппар әйелдің саусағын шауып алған қызыл шоқтай лағыл жүзік, Отырарды шапқанда кәрі ұстаның қолынан алған сіркелі күміс сақина, Самарқанды шапқанда мінәжат еткен қалпын бұзбаған мұсылманның қолынан алынған меруерт сақина..... Билеуші өзіне бас имеген, қарсылық көрсеткен өр руқты жандардың саусақтарынан алынған жүзіктерді жинағанымен, олар мәңгілік билікті бұйырта алмайды екен...

Одан әрі ситуациялар, сана ағымы тәсілімен берілетін таңғұттардың билеушісі Шидүрге мен оның әйелі Гүрбелжін ханымның психологиялық бітімі сарапқа түседі. Ұлы Билеуші мен Шидүрге, Гүрбелжін арасындағы психологиялық қақтығыстар барынша шиеленіскен сәттер қат-қабат өріледі. Жеңімпаз билеушінің өз жеңісіне масаттанар сәті тым шолақ. Таңғұт ханшасы Гүрбелжін жары Шидүргенің айтқанын айнытпай келтіріп, Ұлы билеушіге ажал құштырады. Міне, асқақтықты, зұлымдықты жеңетін «қардай аппақ», рухы кіршіксіз Гүрбелжін ханшаның ұлы ерлігі осы.

Ә.Кекілбай шығармаларындағы бейнелілік бағзы аңыз оқиғаларын көркемдік көрігінде қорытып, түлетуімен дараланады. Аңыз астарындағы адам тағдыры, ақиқат тамыры деген философиялық пайым Ә.Кекілбай сынды кемел суреткердің поэтикалық кеңістігінде барынша терең, биік әрі шексіз қалыпта көзге ұрады

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Aimukhambet Z.A., Abdilmanatkyzy A., Baitanasova K., A. Seiputanova, Kurmambayeva K. The Poetic Interpretation of Binary Opposition in the Structure of Myth // Rupkatha Journal on Interdisciplinary Studies in Humanities, Vol. IX, No. 1, 2017 0975-2935

2. Лотман Ю.М. Структура художественного текста. Анализ художественного текста. СПб.: Азбука, Азбука-Аттикус, 2016. – 704 стр.
3. Кекілбаев А. Баллады степей. Предисл. А.Нурпеисова. М.: Молодая гвардия, 1975. – 424 стр.
4. Кекілбаев Ә. Таңдамалы. Екі томдық. Алматы: «Жазушы». Т.1. – 408 б.
5. Кекілбай Ә. Он екі томдық шығармалар жинағы. Том 7. – Алматы: «Өлке», 1999. – 345 б.
6. Кекілбай Ә. Ханша-Дария хикаясы [https://kitap.kz/book/1478/read#epubcfi\(/6/2\[id1\]!/4/2/2/1:0\)](https://kitap.kz/book/1478/read#epubcfi(/6/2[id1]!/4/2/2/1:0))

ӘОЖ 82.09

ТҰЛҒАЛЫҚ ЭНЦИКЛОПЕДИЯ ЖАСАҚТАУДЫҢ ЗАМАНАУИ ПРИНЦИПТЕРІ

Ғарифолла Әнес

«Арыс» қорының (баспасының) директоры,
филология ғылымдарының докторы

Аңдатпа. Мақалада энциклопедиялық басылым туралы айтыла келіп, Әбіш аға Кекілбаевтың тұлғалық энциклопедиясын дайындау ісінің сыр-сипаттары пайымдалады. Автор ұстанған басты концепция «алпысыншы жылдықтар» мәселесі сөз болады. Қазақ руханиятындағы ғажайып құбылыс – «алпысыншы жылдықтар» феноменін Әбіш Кекілбайұлы тұлғасы толтыратындығы баяндалады.

Түйінді сөздер: Энциклопедия, тұлғалық энциклопедия, Әбіш Кекілбайұлы тұлғасы, «алпысыншы жылдықтар» феномені.

1. Энциклопедия (немесе энциклопедиялық басылым) – адамзаттың заманауи рухани-мәдени құндылықтарының бірегейі және жекелеген ұлттық (мемлекеттік) тұрғыдан зерделегенде әрбір қоғамның белгілі бір уақыт кезеңіндегі тарихи, саяси һәм мәдени дамуының көрсеткіші. Ұлттық Ғылым академиясы, Ұлттық кітапхана, Ұлттық өнер мен білім ошақтары (университет, консерватория, театр, кино-, радио-, телеөндірісі, т.б.) сынды өзіндік ұстынды орны бар, яғни мемлекеттің (ұлттың) бет-бейнесін айқындайтын баскітап.

Қазақ ұлты, қазақ қоғамы сонау кеңестік заманда және тәуелсіздік жылдарында өзінің төл энциклопедиялық басылымын жасақтап, жарыққа шығара алғанымен мақтана алады [1]. Заманында жарық көрген аталмыш 12 томдық «Қазақ совет энциклопедиясы» Советтер Одағында Украина ССР-ынан кейінгі екінші орын иеленіп жарық көргенін ескерсек (әрине, монополды орыс тілді басылымдарды есепке алмағанда), бұл да жоғарыда айтқанымыздай, еліміздің сол кездегі даму сатысының айқын көрсеткіші екенінің бұлтартпас дәлелі.

Осы орайда біз қоғамның энциклопедия сынды басты кітаптарды қажетсінуі деген мәселені, яғни жалпы қазақ тілді оқырманның кітап тұтыну мәдениеті бір кездерде көтерілген деңгейден тым төмен құлдырап кеткенін атап өтпеске лажымыз жоқ. Біздіңше, бүгінде ерекше жалаулатып отырған «Рухани жаңғыру» бағдарламамыздың басты міндеті – ұлттық рухани-мәдени мұраны бағалаудың, насихаттаудың, ең бастысы тұтынудың жаңа сапалық деңгейіне көтерілу, жалпықазақтық құндылықтарға басымдық берілуі болса керек-ті. Өйткені, осы бағдарламада нақты атап көрсетілгендей, бұның алдында 2004-2010 жылдары тұңғыш рет «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы жүзеге асқан болатын. 100 томдық «Бабалар сөзі», 15 томдық «Қазақ әдеби тілінің сөздігі», «Қазақтың 1000 әні», «Қазақтың 1000 күйі» сынды ауқымды жобалар сапалы орындалған-ды. 10 томдық «Қазақстан. Ұлттық энциклопедиясы» да осы жалпыұлттық «Мәдени мұра» бағдарламасы аясында дүниеге келгенін ескерте кеткіміз келеді.

Өкінішке орай, тәуелсіз ел атанғанымызға 30 жылға жуық уақыт өтсе де саяси элитамыз бен көшбасшы зиялы қауым негізінен орыс тілді қалпында мызғымай қала берді, ұлттық рухани-мәдени дамуымызға өз қолымызбен тұсау салып отырған жағдайымыз бар. Ақпарат алу мен оған қол жеткізуде мемлекеттік тілдің қажеттілігі туындамай отырғанда «Мәдени мұра» бағдарламасының жетістік-жемістерінің «Рухани жаңғыруға» ұласуы көңіл көншітпесі анық. Ал «Мәдени мұра» бағдарламасының нәтижесінде жүзеге асқан аталмыш іргелі жобалар – 70 жылғы советтік-коммунистік кезеңнің жемісі-тұғын, сол дәуірдегі көштен қалып қоймай бүгінге жеткен ұлттық құндылықтардың кешенді жинағы, қоғамдық және гуманитарлық ғылымымыздың айтулы табыстарын жүйелеу ғана болатын. Ал екінші саты – «Рухани жаңғыру» осы ұшан-теңіз рухани-мәдени қазынаны, ұлттық құндылықтарды жаңа заманда жалпықазақтық бірегейлікке қол жеткізуге қызмет етіп, шын мәнінде ұлттық мемлекеттің іргетасын қалауға жол ашуы қажет еді. Айтпағымыз: тек энциклопедия сынды бас кітаптарды ғана емес, жалпы барша ұлттық/мемлекеттік құндылықтарды барша қоғам қажетсінгенде ғана, барша қауым оны күнделікті тұтынғанда ғана, яғни ол жүз мыңдап, миллиондап таралып, жүректерге жеткенде ғана қазақ руханиятының бағы жанбақшы. Сонда ғана заманауи жойқын бәсекеге төтеп берер, әрі нарыққа бейімделген сапалы өнімдер дүниеге келіп, екшеле, сұрыптала отырып солар ғана болашақтың мирасына айналмақ.

2. Соңғы жылдардың өзінде бірнеше баскітаптар Алматыдан [2], тіптен облыс орталықтарынан да [3] дайындалып, басылып шықты. Таяуда ғана А.Байтұрсынов пен М.Мақатаевқа және қырғыз ағайындардың Ш.Айтматовқа арнаған энциклопедиялары жарияланды [4]. Бір айта кетерлігі – бұлардың бәрі дәстүрлі жосықпен, яғни «А»-дан «Я»-ға дейінгі әліпбилік түзіліммен жасалған еңбектер. Біз де күні кешеге дейін осы қағидатты ұстанып, әйгілі «Лермонтов» энциклопедиясын [5] үлгі тұтып келген жайымыз бар болатын.

Кешегі күнге дейін анда-санда бір жарық көретін іргелі еңбектер –энциклопедиялар танымдық әрі анықтамалық басылым ретінде күнделікті қажеттілікті өтер таптырмас дүние болып келді, кез келген сұраққа жауапты осы қол астымыздағы жуан-жуан кітаптардан оңай табушы едік. Әйтседе заманауи өзгерістер, ақпарат тасқынының өрістеуі, Интернеттің мол мүмкіндігі тек энциклопедиялық басылымдарға ғана емес, жалпы кітапқа деген қызығушылықты жылдан-жылға шектеп, шынайы оқырмандар санын азайтып-ақ келеді.

Әрбір оқыған, өзін зиялы санайтын отбасының төрінен орын тапқан, мәселен, «Большая советская энциклопедия», салалық (медицина, геологиялық, спорттық, т.б.) баскітаптар, «Қазақ совет энциклопедиясы» және ондағы құнды анықтамалық мәліметтер бүгінгі күні кез келген жанның қалта телефонында, қазақша айтқанда, (басында емес) қалтасында жүр десек қателеспейміз.

Бұрын біз «Энциклопедия – ғылым емес. Ол қолда бар құнды мәліметтерді жүйелеу ғана, алфавиттік тізбеге түсіру, ішкі сілтемелер арқылы қосымша деректерге қол жеткізу» деген қағиданы ұстандық. Оның тұрақты графикалық аппараты, мақалалардың жазылу стилі мен стандарты, көлемдік иерархиясы болды. Даулы, ғылымда басы ашылмаған мәселелерге ілуде бір қарама-қайшы пікірлер көрсетілгенімен, негізінен үлкенді-кішілі танымдық-анықтамалық мақалаларда күмәнсіз тұжырымды қорытындылар ғана жазылатын. Еркін жайылушылық, бояулы көркем тілге энциклопедияларда ешқашан жол берілген емес. Шапшағын мақаланың өзіне сол саланың білгір маманы іздестірілді, автор таңдауда оның білімі мен біліктілігіне ерекше мән берілді.

Көненің көзіндей бұрынғы тастүйін энциклопедиялық мақалаларды қазіргі баспагерлер амалсыздан өзгеріссіз пайдалануға мәжбүр болып отыр. Осы орайда «ілгеріде жарық көрген энциклопедиямыздағы бастапқы мақаланы «балапан энциклопедияларға» өзгеріссіз көшіріп басқаннан не ұтамыз?» деген занды сұрақ туындайды. Оның үстіне қазіргі кезде талғамсыздықтан, әсіресе тұлғалық энциклопедияларға «көлденең көк аттыны» кіргізе беру белең алғаны жасырын емес. Сол себепті кейбіреулер ұзақ жылдар дайындалатын азабы мол энциклопедиялық басылымдарда өзінің аты аталса ғана (мақала боп кірсе) – «жақсы», егер кітап ішінен өзінің аты-жөнін таба алмаса – «әншейін дүние екен» деп мұрын шүйіріп бағалайтын дәрежеге жеттік. Осылайша «Рухани жаңғыру» талаптарына сай ұлттық

энциклопедия түзу ісінде жаңа жол іздеуге, соны көзқарас, тың идея табуға ұмтылыс жасауға мәжбүр болдық.

3. Көп шындықтың бір ақиқаты бар. Қалай десек те, энциклопедия тек танымдық білім жиынтығы ғана емес, ол ғылыми ізденістің де жемісі болып табылады. Ғылыми негізі жоқ, зерттеп-зерделеу сүзгісінен өтпеген ешбір энциклопедиялық басылымның ғұмыры ұзақ болмақ емес. Осы орайда алғашқы 12 томдық энциклопедиямызды дайындау барысында «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясының Ғылым академиясының бір ғылыми-зерттеу институты дәрежесінде құрылуы, Бас редакцияға барша көрнекті ғалымдарымыздың тартылуы, оны академик М.Қаратаев сынды ғалымның басқарғаны еске түседі.

Біздіңше, уақыт көші, замана талабы болашақ энциклопедиялардан мүмкіндігінше академиялық ғылыми негізділікті талап етеді. Және ол бүгінде тереңдей зерттеліп тармақталған, жылғаланған ғылым салаларының білікті мамандарының қатысуымен ғана іске аспақ. Бұл тұста жеке мен жалпыны кіріктіре отырып, оқырманның әрі универсальды білім аясын кеңітетін, әрі ғылыми негізі бар, тың жаңалығымен ойға қалдыратын, бір өзек-жүлгеге байланған, соны бүге-шігесіне дейін ашатын зерттеу еңбектерін дүниеге әкелу міндеті тұр. Мәселен, біз бұрын «Отырар» [6] және «Бөкей Ордасы ауданы» [7] энциклопедияларын дайындап, жарыққа шығарған болатынбыз. Кезінде оқырман қауым жылы қабылдаған бұл еңбектерді шет тіліне аудармақ болған тұста көптеген кемшін жайттар алдымыздан шықты. Шынында да ол аудандарды кезінде кім басқарғаны, ондағы танымал тұлғалар туралы деректер шетелдік оқырман үшін қызықсыз ақпарат болып табылады. Сол себепті де біз ол еңбектердің жаңа басылымына сын көзбен қарап, мүлдем жаңаша жол іздеуге мәжбүр болдық. Осылайша көне Отырар мысалында барша Қазақстанның археологиялық энциклопедиясы түзілу үстінде, ал Ұлы Даладағы соңғы хандық – Бөкей Ордасының толыққанды тарихы екінші кітабымыздың Темірқазығы болмақ. Сол сияқты біз ұзақ жылдардан бері дайындап жүрген «Құрманғазы» энциклопедиясын да жарыққа шығарудың уақыты әлі келе қойған жоқ деген шешім қабылдап отырмыз. Өйткені онда тек қазақ ұлтына ғана тән феноменді құбылыс – Күй табиғаты, оның барша тармақ-тармақ мектептері туралы толыққанды мәлімет болуы шарт. Бір сөзбен айтқанда, ол тек қазақ үшін ғана емес, әлемге қазақты танытатын, кез келген тілге аударылғанда бәсекеге қабілетті іргелі еңбек болмағы ләзім. Әрине, мұндай биік деңгейге жету, сапалы еңбек дайындау – жаңа сападағы бәсекеге қабілетті ғалымдар мен мамандардың ғана қолынан келмек. Ал біздің міндетіміз – олардың басын ұйыстырып, бағыт-бағдар беру, заманауи іргелі еңбек дайындау ісіне жұмылдыру.

4. Соңғы 3-4 жылда біз қолға алған ауқымды жоба – заманымыздың заңғар жазушысы, мемлекет және қоғам қайраткері, Қазақстанның Еңбек Ері Әбіш аға Кекілбаевтың тұлғалық энциклопедиясын дайындау ісі. Жоғарыдағы аталған жайттар тағы да алдымыздан көлбеңдеп шығып, ескі сүрлеу-соқпақты тастап, соны жол іздеуге мәжбүр болдық. Ең қиыны – энциклопедиялық басылымның өзек-жұлынын табу, ғылым тілімен айтқанда, кітаптың концепциясын ойластыру, тап басып анықтау. Тұлғалық энциклопедияның басты қиындығы сол – ол тұлға қаншалықты танымал, мол мирас иесі болғанымен барша фактілік материал бір желіге байлануы, көгенді көктей өтер ортақ концепцияға табан тіреуі шарт.

Посткеңестік әлемде, әсіресе бізге етене таныс орыс руханиятында «алпысыншы жылдықтар» деген ауқымды тарихи құбылыс бар. Коммунистік-сталиндік жүйенің күйреуінен соң дүмпу болып жарылған жыл құсындай жаңа толқын өкілдері кеңестік мәдениет пен руханияттың жалаугеріне айналған еді. Осы бір рухты жарылыс қазақ топырағында да үркердей таланттар шоғырын – ақын-жазушыларды, сазгер, суретші, киногерлерді дүниеге алып келді. Тоталитаризм тұсаулаған дарындылардың қолтығы сөгіліп, бәсекелі аламан бәйгеге араласты, 1960-80 жылдардағы қазақ мәдениеті мен руханиятындағы барша табысты жетістіктер жарқырап жарып шыққан осынау жас буынға тиесілі-тұғын. Міне, осы «алпысыншы жылдықтардың» («алпыскерлердің») қазақ топырағындағы көшбасшысы Әбіш Кекілбаев болды деп батыл айта аламыз. Ол өзінің классикалық шағын прозасымен сол кездің өзінде Еуропада (неміс жұртында) жоғары баға алып қана қойған жоқ,

қоғамдық және мемлекеттік қызметтерімен де ұлтымыздың өсу, даму баспалдақтарындағы жаңашыл, прогресті бастамалардың көш басында тұрды. Ә.Кекілбаевтың мол рухани мұрасы мен өз кезегінде еліне сіңірген еңбегін біз жазушының ұлы ұстазы Мұхтар Әуезовтің бірегей орын-ұстынымен шендестіре аламыз. Өлі-тірісінде артына жаман сөз ілестірмеген, тумысында гуманист жазушы, энциклопедиялық білімге ие ғұлама, аузы дуалы шешен би, ұлт жанының білгірі, кең пейілді, жұмсақ жүректі жан тұлғасы уақыт өткен сайын өркештене, зорая түсіп, кемел Қазақстанның келер буындарының да арқа тірер рухани сүйеніші болып қала бермек.

«Бұл ән бұрынғы әннен өзгеше...» дегендей, жаңа бір өзгеше дүниенің Түйінін таба алмай, талай-талай том еңбектерді ақтарғанда көңіліміз шағын ғана «Достоевский» энциклопедиясына ауа берді [8]. Осы бір игілікті іске, жалғыз-дара еңбегіне 30 жылын құрбан еткен проф. Н.Н.Наседкин кітапты әрқайсысы өз ішінде әліпбилік түзілім құрған үш үлкен тарауға бөледі: «Шығармалары», «Кейіпкерлері» һәм «Достоевскийдің айналасы» («Вокруг Достоевского»). Жазушының барша шығармасын, тіптен ойына алғанымен, бірақ жазып үлгермеген дүниелеріне дейін талдаған ғалым, ең бастысы автор сомдаған кейіпкерлердің прототипін табуға баса назар аударған. Осылайша Достоевскийдің дүниетанымын, жазушының психологиялық көңіл күйін, замана рухын, күллі шығармашылық лабораториясының құпиясын аша түсуге бір табан жақындаған. Өкінішке орай, баспагерлердің кінәсінен (еріншектігінен!) кітаптың ғылыми тұрғыдан маңызды бір бөлігі – «Сводный указатель» («Көрсеткіштер жиынтығы») түсіп қалған.

Бізді тың жолға салып, жаңаша дүние жасауға итермелеген «Достоевский» энциклопедиясы жоғарыда аталған еңбектеріміздің көпшілігінде көзге ұрып тұрған «әттеген-айлардан» арылуға мүмкіндік берді.

Осындай ізденіс үстінде, қиын жолды таңдау барысында біз «Әбіш Кекілбайұлы» тұлғалық энциклопедиясын бір-бірін қайталамайтын екі тарау жолмен зерделеп, яки қос бөлімнен тұруы керек деп шештік. Оның алғашқысы «Шығармашылық» деп аталып, тәжірибе-байқау ретінде «Сөз» жинағы [9] дүниеге келді. Ал жыл-жылға, ғұмырбаяндық архивтік деректерге құрылған келесі бөлім «Өмірі мен ортасы» аталады, оның да ықшамдалған түрі жарық көрді [10]. Бір атап өтерлігі, екінші томға үлгі-нысана ретінде М.Әуезовтің өмірі мен шығармашылығына арналған «Шежіре» кітабы басшылыққа алынды [11]. Осылайша заманымыздың заңғар жазушысы Әбіш Кекілбайұлының шығармашылық лабораториясының қыр-сырын ашуға тырысып, көпке жұмбақ болып келген жазушының феномендік қасиетін айқындай түссек деген мақсат ұстандық. Үлкен жобаның алғашқы томы «Шығармашылығы» деп аталып, жазушының шығармашылық мұрасын жанр-жанр бойынша талдайтын 7 тараудан тұрады [12]. «Поэзия» тарауында Ә.Кекілбайұлының 147 төл өлеңі мен 2 шағын поэмасы және 19 аударма жыры талданды. Ақын жырларының «Ұйқастар сөздігі» қосымша 3-томға беріледі деп жоспарлануда. «Проза» тарауында жазушының 13 әңгімесі, 10 повесі және 3 романы әңгіме өзегіне айналған. Жазушыны әлемге әйгілі еткен шағын прозасын зерделегенде шығармалардың автобиографиялық және географиялық (ономастикалық) қырларына жете мән берілді. Суретші К.Бекеновтің арнайы салған иллюстрациялары пайдаланылды. Ең өнімді «Мақалалар» тарауында 660 туынды, оның ішінде сыни (57), сұхбат (93), эссе (57), қазанама (38) сынды жазбалар да әліпбилік жүйемен тізбектеліп сөз етілді.

Оқырман қауым осы кітаптың кей тұстарында дәстүрлі энциклопедиялық анықтамалықтың қасандау тіл шеңберінен шығып, көркем баяндауға ұласып кетерін де байқары сөзсіз. Бірен-саран қысқартулар (мәселен, МЭ – «Маңғыстау» энциклопедиясы) болмаса, жаппай сөз-ұғымдарды да «шүнтитпауға» тырыстық. Бұл өзгешеліктерді, жоғарыда атап көрсеткеніміздей, энциклопедиялық басылымды көпшілік қолды, жалпы жұртшылыққа қолжетімді еңбекке айналдырудың бір жолы деп түсінген дұрыс. Әрине, біткен іске сыншы көп. Сондықтан бұл айрықша энциклопедияның алғашқы томының бағасын көпшілік бере жатар деген ойдамыз.

Қазіргі таңда «Өмірі мен ортасы» атты 2-ші томның жұмысы тәмамдалып келеді. Оның да бір басына жетер проблемалары аз емес. Ұлы суреткердің мол мұрасын танып-біліп, зерттеп-зерделеу барысында көптеген «ақтаңдақтар» алдымыздан жолығуда. Біз екі-үш жылдан бері жазушы шығармаларын текстологиялық тұрғыдан бір ізге түсіріп, канондық мәтін жасау ісін де тоқтаусыз жүргізіп келеміз. Бұл әсіресе Ә.Кекілбайұлының жаңа латын әліпбилі басылымдарында, толық нұсқалы аудармаларында қатаң ескерілер мәселе. Сондай-ақ ойшыл ғұламаның жеке архиві де әзірге ашыла қойған жоқ. Ұлы Мұхтар Әуезовтің шығармашылығы сияқты классик жазушы Әбіш Кекілбаевтың мұрасы да мұхиттай айдынды әрі шыңырау-терең. Алдағы уақытта әлі де айқындала түсер ақиқаттар, тың тұжырымға әкелер нақты деректер, жарияланбаған жазбалар мен орындалмаған армандардың жай-жапсары соңғы томның жүгіне айналары сөзсіз.

Десек те, жоғарыда қадап айтқанымыздай, басты концепция – «алпысыншы жылдықтар» мәселесі бұл кітаптың да Темірқазық идеясы болып қала береді. Қазақ руханиятындағы ғажайып құбылыс – «алпысыншы жылдықтар» феноменін Әбіш Кекілбайұлы тұлғасын сөз ете отырып жан-жақты ашып бере алсақ, біздің мақсатымыздың орындалғаны.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. «Қазақ совет энциклопедиясы». I-XII тт. Алматы: «Қазақ энциклопедиясының Бас редакциясы», 1972-78; «Қазақстан. Ұлттық энциклопедиясы». Алматы: «Қазақ энциклопедиясының Бас редакциясы», 1998-2007.
2. Мұхтар Әуезов энциклопедиясы. Алматы: «Атамұра» баспасы, 2011. – 688 бет;
3. Каныш Сатпаев: Энциклопедия. Алматы: «Қазақ энциклопедиясы», 2013. – 616 стр.
4. Жамбыл. Энциклопедия. Алматы: «Қазақ энциклопедиясы», 2016. – 616 бет.
5. Қарағандыдағы «Болашақ» уеверситетінің базасында дайындалған қос еңбек: Бұқар жырау. Энциклопедия. Астана: «Фолиант», 2013. – 632 бет; Қаз дауысты Қазыбек би. Энциклопедия. Астана: «Фолиант», 2013. – 632 бет және Шоқан Шыңғысұлы Уәлиханов. Энциклопедия/бас ред. Қ.Қ.Әбуов. Көкшетау: «Әрекет» жарнама-баспа компаниясы, 2013. – 536 бет.
6. Мұқағали Мақатаев. Энциклопедия. Алматы: «Қазақпарат» баспасы, 2016. – 858 бет;
7. Ахмет Байтұрсынұлы. Энциклопедия. Алматы: «Қазақ энциклопедиясы», 2017. – 744 бет;
8. Айтматов энциклопедиясы (Портреттер, илими макалалар, әскерруулер, ырлар, каттар, маалыматтар, документтер, суреттер ж.б./А.Акматалиевтин жалпы редакциясы астында. Бишкек: «Турар», 2017. – I том: А-Ж. – 972 б.; II том: З-С. – 932 б.; III том: Т-Я. – 850 б.
9. Лермонтовская энциклопедия. Гл. ред. В.А.Мануйлов. М.: «Советская энциклопедия», 1981. – 784 стр. с илл.
10. Отырар. Энциклопедия. Алматы: «Арыс» баспасы, 2005. – 456 бет.
11. Бөкей ордасы ауданы. Энциклопедия. Алматы: «Арыс» баспасы, 2011. – 384 бет.
12. Достоевский. Энциклопедия. М.: Алгоритм, Эксмо, Око, 2008. – 800 стр.
13. Сөз-дария. Сөз-ғұмыр. Сөз-құдірет. Алматы «Арыс» баспасы, 2016. – 176 бет.
14. Әбіш жолы. Әбіш тағылымы. Алматы «Арыс» баспасы, 2016. – 160 бет.
15. М.О.Әуезовтің өмірі мен шығармашылық шежіресі. Алматы: «Ғылым», 1997. – 768 бет.
16. Әбіш Кекілбаев. Энциклопедия. 1-том. ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ/Жауапты ред.
17. Ғ.Әнес. Алматы «Арыс» баспасы, 2018. – 800 бет.

ӘБІШ КЕКІЛБАЕВ ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ ӨЛКЕТАНУДАҒЫ МАҢЫЗЫ

Байжанова М.С.

Ш. Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті

Аңдатпа. Әбіш Кекілбаев — өрелі мақсаттарға қол созып, биік мұраттарға бет алған үлкен творчестволық сапар үстінде жазушы. Әбіш Кекілбаев өзінің айтар ой, көтерер мәселесі материал аңыз әңгімелерді таңдауы, біздің пайымдауымызша, халықтың арман – ойы, үмітімен тілегі ұялаған, халықтың тарихи тәжірибелері жинақталған, оның өн бойында сол белгілі халықтың ғасырлар бойы қадірлеп, қастерлеп келген рухы жатыр деп біледі. Сол арқылы Уақыт байланысы мен Ұрпақ сабақтастығын орнықтыруды қалайды.

Түйінді сөздер: Қаламқас, Маната, Манаша, Күйген, Аппақұшқан, Маңғыстау

Әбіш Кекілбаев шығармашылығының Қазақстан географиясының оқытуда алатын орны зор. Жазушы шеберлігі Қазақстанның батысынан шығысына дейінгі табиғатты суреттеуде дүниетаным біліктілігінің биіктігін көрсетеді. Әбіш Кекілбаев адам баласын ой мен сезім деп, жүрек пен тән деп екі жармай жаратылыстың гармониялық бірлігінің тамыры екенін дәл айтады.

Әбіш Кекілбаев философиясы - адам арасындағы, өмірдегі, табиғаттағы жарастықпен келісімдіктің жаршысы.

Оның туған ауылына, туған жерге арналған шығармаларын шын тебіреністен шын шабыттан қуанышпен сағыныштан туған. Әр бір қазақ үшін Әбіш Кекілбаев еңбегінің үлкен тәрбиелік мәні бар.

Әбіш Кекілбаев Қазақстан жерін шығарма тілінде сипаттаған географ жазушы.

Маңғыстау! Тұла бойы тұнған құпия-сыр елі, 362 әулие мекені. Оның пұшпағы, әр тасы ертегі, әр төбесі мен сайы аңыз. Оны мекен еткен адамдар да аңыз. Оның жері қандай, жер бетіндегі атаулары қандай!

Шайыр, Мерет, Тамшалы, Өрмелі, Босаға, Сынды, Қаламқас, Шерқала... осылардың бойында қаншама сыр бар.

Маңғыстау сирек қонысты, табиғаты қатаң, географиялық тұрғыда оқшау орналасқан аймақ.

Әбіш Кекілбаев «Маңғыстау дариясы-халқының көкірегінде» деген мақаласында, — Маңғыстауға құдай бәрін берген-астына да, үстіне де. Маңғыстау дегенде Құдайдың сарандығы ұстаған бір жері бар. Ол-біздің жерге өзен бермеген. Жұртқа Әмудария, Сырдарияның бәрін бергенде Маңғыстауға манашының Ащыағарынан басқа ештеме қимаған. Бірақ Құдай әділ болған соң ғана Құдай болып тұр ғой деп ойлаймын. Сол жерінің бетіне бермеген дарияны осындағы халықтың көкірегіне берген-деген.

Маңғыстау географиялық картасында ойып орын алған, белгілі бір жерде телінген ертегі-аңыздар жеткілікті. Олар: Қарағантүпе-Мерт, Тамшалы, Молда тас, Таушық-Сарытас өңірінде ноғайлы аңыздармен қатар айдаһар мен үлкен жылан туралы аңыздар, Керелдегі Қаламқас ару аңызы, тіпті ең соңы Құлбарақ пен Балуанияз батырлар туралы аңыздар.

Әбіш Кекілбаев Маңғыстаудағы географиялық нақтылыққа ие болған аңыз ертегілерді былай топтастырған:

Жер су атауларының мәнін түсіндіретін аңыз ертегілер: Қаламқас, Маната, Манаша, Күйген, Аппақұшқан т.б.

Географиялық объектілердің, тау, төбе, т.б сипатын түсіндіретін аңыздар: Кендірлідегі Темір баба аңызы. Ерсарының қайрағы және Ерсарыға қатысты әңгімелер. Мерет сұлу аңызы.

Нақты мифтік топонимдер: айдаһар мен жыландар ауланды, өлтірілді деліетін Батыс Қаратаудың төңірегіндегі сай үңгірлер.

Зираттар мен құдықтарға байланысты аңыздар, бұл ертегі-аңыздардың ең көп бөлігін құрайды.

Маңғыстауда өмір сүрген дені Х-ХІғ.ғ суфистік дін уағызшылары болған мұсылман әулиешілері туралы және кейінгі қазақтың киелі кісілері туралы аңыздар

Әбіш Кекілбаевтың шығармасында кездесетін топонимдердің аттары мынадай: Қандыарал, Шыңғырлау, Торыат, Сүмбетемір, Қарабұлақ, Ақшағыл, Елік, Құбатау, Қарақобда, Елек, Қызыл-құм, Бөтен тау, Балқан, Хантөрік, Шөл тау, Айғырбүгілді, Маңғыр, Жыланды, Егізлақ, Қаратүлей, Есенқазак, Түйелі Жиренқопа, Бестөбе. т.б. топонимдердің денін Маңғыстаудың топографиялық картасынан тауып алуға болады.

Әбіш Кекілбаев 60 жасында Ақтаудағы сөзінде —«Дүниенің кеңдігін ұқтыра алатындай. Жерімнің, азаматтың абзалдығын ұқтыра алатындай Елімнің барына мақтанып отырмын. Сіздер арқылы күллі Қазақ Елінің, қара орын Маңғыстауым арқылы күллі Қазақ Жерінен айналып отырмын.

Көрер жарығымның көзі, шығар тауымның асыл тұғыры-қазақ даласының әр тасы-қағбам, әр бұтасы — сәждам екендігіне ешкім күмәндана қоймас» -деген.

Әбіш Кекілбаевтың шығармаларында «Қырымның 40 батыры»-дала көшпенділерінің дүниетаным әлемінде Манас, Алпамыс, Козы Көрпеш Баян сұлу, Қорқыт, Көроғлы сияқты алып жырлар қатарында тұр. Бірақ оны насихаттау өте төмен. Қырымның 40 батырын Маңғыстау жеріне «орнықтырудың» бір жолы, Маңғыстау мен Үстірттің мәдени ескерткіштер мұражай қорына ұқсас немесе қоғамдық ұйым құрып, әр түрлі тақырыптық материал жинақтап, ұлттық, мемлекеттік деңгейде «Қырымның 40 батыры» атты парк ұйымдастыру. 40 батырдың есімдерінің табиғи құбылысқа (Жаңбыршы-жаңбыр), географиялық объектілердің атауларына (Қарапдөң, Ағыс-Телағыс, Көгіс-Көгез, Құттықия) т.б сәйкес келуі.

Әбіш Кекілбаев өрелі мақсаттарға қол созып, биік мұраттарға бет алған үлкен творчестволық сапар үстіндегі жазушы.

Әбіш Кекілбаев өзінің айтар ой, көтерер мәселесіне материал етіп аңыз аңгімелер таңдауы, біздің пайымдауымызша халықтың арман ойы үміті мен тілегі ұялаған халықтың тарихи тәжірибелері жинақталған, оның өн бойында сол белгілі халықтың, ғасырлар бойы қадірлап қастерлеп келген рухы жатыр деп біледі. Сол арқылы Уақыт байланысымен Ұрпақ сабақтастығын орнықтыруды қалайды.

Шөл даладағы, оның ішіндегі Маңғыстаудағы, бірден-бір су көздері-құдықтар. Адамдар сияқты мал да жыл бойы тек құдық суын ішеді. Құдықтар солтүстікте тайыз, оңтүстікте тереңдеу. 2 сажыннан артық құдықтар шыңырау деп аталады. Маңғыстау тауларының оңтүстігіне таман тереңдігі 30-40 сажындық шыңыраулар бар. «Маңғыстау таулары деп отырғанымыз Солтүстік Үстірттің қазіргі Атырау, Ақтөбе облыстарының шекарасындағы Оймауыт, Желтау туралы. Экспедиция сапары сол жерлерді қамтыған.

-Маңғыстау тауларында аз сулы таңқы бұлақтар бар. Көктемде тостаған тәрізді шұңғыл саздауыт жер табанына еріген қар суы жиналады ал, бұл уақытша көлшіктер «қақ» немесе «тақыр» деп аталатын мал ішетін суат болады... Барлық құдықтар мен шыңыраулар кермек не ащы сулы. Суы тұщы құдықтар мен шыңыраулар сирек.

-Шыңырау. Тереңдігі 30-40 сажын, таспен шегенделген, аузы тас немесе топырақ үйіліп қоршаған терең құдықтар. Шыңырау жанында 10 шелек су сиятындай тұтас тастан ойылған астау бар. Шыңыраудан су 5-10 шелектік меспен алынады. Ол ашық жағынан дөңгелек не төртбұрышты, не тіктөртбұрыш, не сәл қисықтау болып матастырылған. Матасқан жеріндегі шығыршыққа ұзындығы жарты құлаш таяқ бекітіліп ұшына ұзындығы 30-40 см. жіп байланған. Ол жіптің екінші ұшы ұзын арқанға жалғаулы Арқанның келесі ұшы суды тар шыңыраудан тартып шығаратын түйенің беліне байлаулы. Шыңырау айрықша сұраныспен қазылады және қазу 100 ірі қой тұрады. Шыңырау қазатын, оған астау қоятын-белгілі шеберлер. Оларды байлар жалдайды. Құдықтары таңқы тайыз солтүстік жағалауларда

әр алуан бірнеше құдықтан қазады. Олар бүкіл ауылдың ортақ пайдалануында. Көшпелі адайлар-құдық қазудың шеберлері. Олар жұмыстарының таза, ұқыптылығымен таң қалдырады. Құдықтың үстіңгі-бет аумағы 0,5 құлашқа жетекабыл, үлкенінде 1,25 құлаш тереңдігі 2,5. 3.4.5. құлаш, қабырғалары тегіс және тік. Құдық аузы 0,5 құлаш биік үйінді қоршаумен қоршалған. Сыйымдылығы 3,4 шелектік, астау қоршаулы. Құдықтан суды қоршау үстіндегі адам тартып шығарады да, екінші адамға береді ел, ол астауға құяды. Әр адай темір күрек асып жүреді. Оны беліне қыстырып жүретіні себепті онысын өзге қазақтардай күрек деп емес, белдеме дейді. Ертеде әр қазақ өзімен бірге шақпақ, пышақ, шылбыр алып жүрген.

Әбіш Кекілбаевтың шығармаларындағы географиялық ұғым беретін сөздер: Аджы, Адым

Ағын –ағып жатқан су көзінің ауызекі тілдегі атауы.

а) Жер асты ағыны, ә) Ұры ағындар, б) Қос түтек ағын, в) Ақ түтек ағын, г) Суыт ағын, д) Сарқырама ағын.

Айдamal- түбірі малды айдау дегеннен шыққан. Елді мекеннен, қыстаудан жырағырақ, малды айдаңқырап барып суартын су көзіне қатысты айтылады. Жергілікті жерде кең қолданыста әдеби тілімізде алғаш қолданып айналымызға енгізген — Ә.Кекілбаев.

Ақсақ кунара:Ақыр, Арна

Алғи – Маңғыстау мен Атырау қазақтарының, көбіне Адайлардың өлең-жырларында, аңыздарында Х-XXғ.ғ бедерінде қолданылған аңыздық жер атауы

Осы мақала барысында ізденістерге терең ат салысып, талапкер жас ұрпаққа «Туған ел-жердің ертеңіне қалтқысыз қызмет етейік!»-деген жалынды өтініш ұран тастағымыз келеді.

Әбіш Кекілбаев - өрелі мақсаттарға қол созып, биік мұраттарға бет алған үлкен творчестволық сапар үстінде жазушы. Әбіш Кекілбаев өзінің айтар ой, көтерер мәселесі материал аңыз әңгімелерді таңдауы, біздің пайымдауымызша, халықтың арман – ойы, үмітімен тілегі ұялаған, халықтың тарихи тәжірибелері жинақталған, оның өн бойында сол белгілі халықтың ғасырлар бойы қадірлеп, қастерлеп келген рухы жатыр деп біледі. Сол арқылы Уақыт байланысы мен Ұрпақ сабақтастығын орнықтыруды қалайды.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1.Темірбек Медетбек «Кемел дарын» «Лениншіл жас» газеті 1989 жыл 11 қазан
- 2.Әбіш Кекілбаев 7 том 1999жыл
- 3.Болат Оңғарбаев «Парасат пен Саясат» «Бірлік» газеті 1995жыл қараша
- 4.<https://www.tarbie.kz/30181>

ӘОЖ 82.09

ӘБИШ КЕКІЛБАЕВ ПУБЛИЦИСТИКАСЫНДАҒЫ ФАРИЗА ТҰЛҒАСЫ

Бектұрған С.

Ш. Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технолгиялар және инжиниринг университеті, «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығының 2-курс магистранты

Ғылыми жетекші: Қамарова Н.С.

Аңдатпа. Бұл мақалада Әбіш Кекілбайұлының көсемсөзгерлік шеберлігі, Әбіш Кекілбайұлының ұлттың және ұлт зиялыларының даму, қалыптасу жолын толық игеріп, кемеліне келген шағында қаламынан тәуелсіздік санасын қалыптастырудағы құнарлы сөзгерлік еңбегінің төгілуі сөз болады. Жазушының замандасы, ақын Фариза Оңғарсынова туралы жазған мақалалары талданып, баға беріледі.

Түйінді сөздер: Әбіш Кекілбайұлының публицистикасы, көсемсөзгерлік шеберлік, Фариза Оңғарсынова тұлғасы.

Әбіш Кекілбайұлының көсемсөзгерлік шеберлігі турасында айтқанда оның романдар желісіндегі негізі үйлесімділік – мемлекетаралық, еларалық келісім-қатынас оқиғаларының аумалы төкпелі кезеңдегі алар орнын айтпасқа болмайды. Өйткені, қоғамдық байланыс пен ел бірлігі, жер тұтастығы бодандық пен бостандық тартысы үлкен бір дәуірді қамтыған тарихи-құжаттамалық, көркем публицистикалық көрінісі бар еңбектің эпопеялылығы да осында. Бұл тұтас бір дәуірдің саяси қатынасын, әлеуметтік тұрғысын, экономикалық пиғылын зерделеген, сараптама еңбек. 1991 жылдан бүгінгі күн аралығы Әбіш Кекілбайұлы шығармашылығының үшінші кезеңін қамтиды. Кемел кезеңі, дарын кезеңі. Осы арада мынандай мәселеге назар аударғанымыз абзал. Әбу Насыр әл-Фарабиден бастап Әбіш Кекілбайұлына дейінгі аралықты дәуірлегенде Абай Құнанбайұлы, Ыбырай Алтынсарин, Шоқан Уалихановтарды алғашқы қазақ көсемсөзгерлері ретінде танимыз. Одан кейінгі Әлихан Бөкейхан, Смағұл Садуақасұлы, Ахмет Байтұрсынұлы, Жүсіпбек Аймауытов, Мұхамеджан Сералин, Міржақып Дулатов, Мағжан Жұмабаев, Қошқе (Қошмұхамед Кемеңгерұлы), Халел Досмұхамедұлы, Сәкен Сейфуллин, Ілияс Жансүгіров, Құдайберген Жұбанов, Мұхтар Әуезов, Сәбит Мұқанов, Ғабиден Мұстафин, Ғабит Мүсірепов сынды қаламгерлер еңбегіндегі көсемсөзділік шеберлігіне де ден қойып, әр түрлі сипатта зерделейміз. Ал, айта кететін жайт бәріне ортақ бір мәселе – рухани бағыттылығы мен жаңашылдық тұтастығы идеялық туыстылықтары және сюжеттік ұқсастықтар да бар, бірақ, бірі-бірі қайталамайды. Өзіндік сыр, өзгеше мұң-шер, ұлттық мінез бен көркем ой өрісі алдағы күндерге жетелеп, ертеңгі күндерден үміттендіреді. Халыққа жігер, рух, қайрат береді. Бірі поэзия тілімен орындаса енді бірі прозалық дәстүрмен аяқтайды, сөйтіп публицистикалық желі үзілмей отырады. Барлығы түгел дерлік оқырман-жұртшылыққа әсер етті.

Себебі, публицистика күнделікті қоғамдық мәселені қарастырады. Бұл турасында «Қазақ баспасөзіндегі публицистика» мәселелерін зерттеуші ғалым, профессор Н.Омашевтың мына пікірін айтуға болады: «Публицистика газет-журнал бетінде жарияланғанда ғана өзінің әсер ету функциясын толық атқара алады» [1, 150],– дейді. Яғни, Әбіш Кекілбайұлының ұлттың және ұлт зиялыларының даму, қалыптасу жолын толық игеріп, кемеліне келген шағында қаламынан тәуелсіздік санасын қалыптастырудағы құнарлы сөзгерлік еңбегінің төгілуі заңды құбылыс. Себебі оның, жас күнінде жазған «Махамбет» дастаны кеудесінде жалыны, жүрегінде арыны бар «бала Әбіштің» тәуелсіз елдің асқақ туын көру арманы еді. Енді сол заман туды, оны бекіттік, қабырғасын қалау еншісі Әбішке де тиді. Осындай ұлт қуанышын, ел басындағы нұрлы күннің ұзағынан сүйіндіруін талмай жазды. Оны, сақтауды, нығайтуды, дамытуды ұрпаққа үлгі-өнеге етіп, шалқақтай қалам тартты. Тәуелсіздікті бабалар аңсаған арман-мұрат жолының асыл мұрагерлері – келер ұрпақтың санасын түп нұсқадан, «Түп-тұқияннан» бастап ізгілікпен, мәдени мансаппен, әдеби өнер мен кәсіби біліктілікпен өрілуіне зор ықпал етті. Әбіш Кекілбайұлының көсемсөзін «Асқар таудай абырой», «Алғадай азамат», «Фариза», «Қартаймас өнерге – қалтқысыз қызмет», «Тұлға», «Мен білетін Сұлтан», «Тарлан», «Құлажында құлан иек таң атса», «Талантты ұрпақтың тағылымды келбеті», «Жортқанда жолың болсын жолбарысым», «Биікке самға тарлан жыр», «Айдында жүзген ақ желкен», «Өзегінді үзе сүй, өз еліңді», «Тарихи дастан тағылымы», «Сермей тартқан семсер күй», «Есенғали Раушанов туралы», «Қартаймас өнерге – қалтқысыз қызмет», «Жиде тоғайында жидек теріп жүргенде», «Өнерімен өрілген өмір», «Ақ боз үй қонған асу бел» атты көсемсөзі өнер, әдебиет, музыка, мәдениет райында жазылған, олардың қоғамдағы әлеуметпен ортақтастығын, шығармашылық тосын жәй емес, ел деп елгезек қаққан өнердің қара орманынан халқына пана, еліне қорған іздеп жүрген арда ұл-қыздардың кезеңдер тоғысындағы қосын тобының арман-тілектестігін ардақ тұтады. Барлық көсемсөзгерлік еңбектерінің тақырыбы мен мазмұны жарастық пен бірлік, ынтымақ пен ықпалдастық, мәдени-рухани, тағы басқа көпсалалы мағынаны құрайды. Кешенді

концептуалды мәселенің төңірегінде ой өрбітеді. Өзінді, өзгені құрметтеу, асылды бағалап, барды қастерлеу бүгінгі таңдағы адамзатқа қатысты ортақ идея. Осының теориялық қырларын аша түскен Әбіш: «Өз мемлекетіңнің тәуелсіздігін қастерлеу, өзің тұратын елдің егемендігін құрметтеу – тек патриоттық парыз ғана емес, үлкен гуманистік жауапкершілік [2], – дейді. Адамға тән жақсы қасиет, жарасымды өмір көшіне ілесудің кепілі деген ойдың ұшқыны аңғарылып тұр. Шындығында Әбіштің көп қасиеттерінің көп қырының бірі дара сөзгерлігі оның адамгершілік ары мен азаматтық парқының заңғарлығында. Жылы сөз айтып, жарым ырысты көбейтіп, кімді де болмасын өз ырқына көндіріп әкетеді. Осы турасында академик М. Қозыбаев: «Әбекеңе тән қасиеттердің негізгісі – ойшылдық дер едім. ...Ойшыл жан бір ұлттың перзенті емес, адамзат перзенті...», - дейді.

«Өмірмен өрелес өмір» (1965), «Өрісін тапқан талант» (1963), «Жыр мерейі» (1964), «Мұратына жеткен адам» (1966), «Сын неге сынала береді» (1965), «Романдағы адам» (1966) секілді еңбектері алғашқы жылдардағы Әбіштің тырнақалды туындылары делінгенімен, бұл тақырыптардың көтерер жүгі мен атқарар қызметі, берер тағылымы ұшан-теңіз. Жай сөз, жалаң сөйлемдер емес, сын, сараптау, талдау, салыстырмалы ретінде самғауға құлаш, созып, қанат сермеген ізденіс ілкімі болып есептелді. Алғашқы сүрлеудің арнасы кеңіп, толғақты дүниелер төңірегіндегі тақырыптар іріктеліп, толғандырған заман туындылары ақтарыла берді. Романдарға жол ашылып, арыны күшейіп, екпінге күш, қуатқа дес қосыла берді. Алайда, мұның өзі ізденушіліктен келген табыс. Шалдықпаған шабыс Әбішті жаңылдырмай жаңа соқпақтарға тарта берді. Кейінгіге мұра, ұрпаққа ұлағат бере кесек туындылар, кемеңгер ойлар сөзгердің қарымын кеңейте түсті. Сан қырлы Әбіш Кекілбайұлы – портреттік – тұлғалық очерктерінде қаншама асыл азаматтардың абзал қасиеттерін, өмір – қызметтік жолын, қаламгерлік өнерімен, сөзгерлік шеберлігімен танымдық таланттарын аша түседі. Мәселен, осы ойымызды өрбіту үшін былайша жүйелеп көрсетуге болады: 1. Танымал тарихи тұлғалар; 2. Кино, сахна, өнер қайраткерлері; 3. Қаламгер, суреткер жазушылар, зерттеуші, ғалым ұстаздар. Бұлар әр жылдар, әр ғасыр, әр кезең, әр дәуір, түрлі қоғам өкілдері болғанымен адамгершілік пен арман-тілектері бір арнаға тоғысқан жандар. Елдік пен ерлік қасиеттерінің өзіндік тарихи орны бар. Танымал тарихи тұлғалар, тарландар мен қоғам қайраткерлері.

Тұлғалық портреттерді жасаудағы Ә. Кекілбайұлының журналистік шеберлігі кімге болса да өнеге, отандық публицистердің ең үздік туындыларының қатарын толықтырады. Жалпы, Әбіш Кекілбайұлы адамтанудың шебері, кейіпкердің ішкі толғаныстары мен тебіреністерін тап басып, оны жас ұрпаққа үлгі етеді.

«Жетпісінші жылдың аяғында екі жыл әскер қатарында болып, Алматыға оралсам, Атыраудан келген ақын қыз Фаризаның жырлары астананы әбден шулатып жатыр екен» – Әбіш Кекілбаевтың «Фариза» атты эссесінің қолжазбасынан осы жолдарды оқығанда авторына телефонмен хабарласқанмын. Әбекеңе: «Ол өлеңдер ауылды да шулатқан. Сіздің жазғаныңыз есіме бір оқиғаны түсіргені. Баяғыда Фәкеңнің өлеңін оқимын деп мені мәшине қағып кете жаздаған» дегенмін. Қалай болғанын айтып бергенімде Әбекең әуелі лекітіп күліп алып, артынша: «Қой, бұл күлетін нәрсе емес екен, бұл жазатын нәрсе екен. Қағазға түсіріп қой» деген», - деп Фариза Оңғарсынованы еске алады белгілі қаламгер, қоғам қайраткері Сауытбек Абдрахманов «Фариза феномені» [3, 4] атты естелігінде.

Ә.Кекілбайұлының «Фариза» атты мақаласында [4, 4] Фариза есімінің қайдан шыққаны туралы, ата-бабасының кімдер болғаны жөнінде тарихқа шегініс жасап, сәби Фаризаның дүниеге келуі турасында сыр шертеді. Қазақ әдебиетінің екі ірі тұлғасы – Әбіш пен Фаризаның алғаш қалай танысқанын да терең толғаныспен жазады.

«Фариза... Екінің бірі ести қоймаған тосын сөз. Кез келген тал керегелі қара шаңырақтың қара кемпір, қара шалдарының қиялына келіп, тілінің ұшына орала қоймайтын таңсық ұғым. Рузи Иранның саябағының жұпары аңқып, кәусар бұлағы сылдырап қоя бергендей сиқырлы естіледі. Парсы мен түркі дүниесінің нақ шекарасында осы тақылеттес жер атауы да бар. Көкке шапшып, күн жеп тастаған жалаңаш құзарттың ұшар басында алақандай көк майса алқапта жан-жағынан сұқтанған сұрқия көздерден қорғаймыз деп

арпалыса айқас салған алты ағасының бәрін жау жалмап, желдің өтінде, жаудың бетінде жалғыз қалған аяулы ару Фирюзаның көз жасындай мөлдір бұлақ әлі ағып жатыр. Алты ағаның мойнына кезек асылып, сылаң қағып, алаңсыз өскен басы кенет қаусата соққан қайғыдан қаншырдай қатып, қырық бұралып, бүктетіле құлай жаздаған жеті тармақ жеке шынар әлі тұр...» [4]. Әбіш ағаның Фариза есімін сипаттауының өзі әсем бейнелеулерге тұнып тұр.

Әбіш сөзгерлігінің көркемдік деңгейін көтеретін метафоралық бейнелеулерді көптеп кездестіруге болады. Танымдық, суреттеу, мүсіндеу, салыстыру, ұқсату, тағы басқа құбылыстың құпия-сырларына қанығып, қыр-қыртысына үңіле түсу үшін теңдестіре, шендестіре айтылған түйдек-түйдек алапат теңеулер төгіліп жатады. Мәселен: «Сәби Фариза бесікте жатып-ақ қайым замандардың қамырықты гөй-гөйін естіп жатқандай. Аяғына міне сала, айнала анталай мойын созған аңыздардың қоршауында қалғандай». «Оның үстіне ес біліп, есепке кіргелі қырық құбылып, құйқылжып баққан жиырмасыншы ғасырдың өткелектерінің бел ортасында жүргендей. Соның бәрі айрықша дарын иесінің көкірегіне кім көрінген аңғара алмас айрықша сыр болып тұнып, жүре келе арнасынан асып, ақ қағаздың бетіне жыр болып төгілгендей». «Елжірете ескен тау самалына жаудыраған жапырақтарын жабыла саудыратып, қолаң шашын жайып салып, ыңырсып жылап қоя беретіндей»... [4].

Шеберлік шындарын біз Әбіш Кекілбайұлының сөзгерлігінен танимыз. Тілі – ұлттық, әрине, ал стилі өзгеше сипатта: «шытырманмен мен шырғалаңы әлі де жеткілікті мына заманда ойы он тарапқа, санасы сан салаға шашырайтындай шытырман ахуалдар кешіп жатқан бүгінгі жас ұрпақ та көкіректерін көлегейсіз жайып салар сырлас іздегенде, айналып өте алмас аз тұлғаларының бірі - Оңғарсынова» [5, 12] немесе «Фариза – аспанға алау атып, шок шашыратып жатқан рух жанартауы. Өшпейтін де сөнбейтін өжеттік қайнары» [5, 30], - дейді Әбіш сөзгер. Бұдан басқа да Фариза тұлғасы туралы түйдек ойлары жеткілікті. Осындай мағыналы ойдың маңызын оқырман қалай сіңіреді. Әрине, стилдік құрылымының, ой артықшылығының есебінен. Оқып отырып, басыңды изеп, батыл сөздің, тура мінездің байыбына батып, бар мен жоқтың бағасына қанығасың. Шындық пен шырғалаң қатар айтылған қатқыл сөзге иланып қана қоймайсың, өз тарапыңнан да іштей қосыла отырып, «рас-ау» деген сөз ар жағыңнан айтылып жатады. Демек, сөзгер мен оқырман қауымның бір-бірімен тікелей байланысуы оның білім деңгейі мен кәсіби қабілетінің, идеялық мазмұн бірлестігінің оқып отырып, түр-түсінің құбылуы ым-ишаратымен де байланысып жатқандығын көреміз. Бұл сөзгердің сөйлемдерді шебер қолдана білуіндегі оқырман әлеуметке ықпал ету формасы деп айта аламыз.

оқырманын иландырып, тарихи зердені жаңғыртып отырады. Сондай-ақ, кешегінің ісі бүгінгіге мұра, ертеңгіге үлгі деген сияқты қанатты түсінік қалыптастырып, ұрпақ жалғастығына зор мән береді. Туындаған ой, композициялық құрылымын жоғалтпай, шымыр сөздер тіркесі арқылы ғибратты ұғымға айналады. Айтар идеялық пікірі бірте-бірте сомдалып, орамды қисынмен шындық шеңберіне орнығады.

Әбіш Кекілбайұлы – энциклопедиялық білім қорына айналған ғалым. Ол кез келген тақырыпта қиналмай жаза білді. Әбіш Кекілбайұлы тұлғалар төңірегінде толғаныс тудырса, заман жайында шежіре шерткені. Ұлт мақтаныштарын ұлықтау арқылы қазақ халқының сайын даласындағы өмір көшін, ілгерілеу дәуірін, психологиялық ерекше тағдырлар жиынтығын атап көрсетеді.

Әбіш Кекілбайұлы публицистикасы тақырыптық жағынан өте бай болып келеді. «Әбіш – философ, ойшыл, шешен, терең жазушы, үлкен саясаткер, көрнекті мемлекет әрі қоғам қайраткері» [6, 47], – дейді ғалым Мырзатай Жолдасбеков. Демек, Әбіштің сөз саптау ерекшелігіне тұздық болған ерен арна болғаны сөзсіз. Ізденісі мен шешенділігі ой толқынымен дәнекерленіп жұптасады да лек-легімен ағытылып түсіп жатқан сөздер бейне бір ғасырлар қоймасынан төгіліп түскен жауһарлар іспеттес, әсерленіп тұрады. Осыны дәл таныған профессор Қансейіт Әбдезұлы: «Алдымен Әбіш Кекілбаевтың жазу стилінен Әуезов мектебі бірден аңғарылды... Әлемдік әдебиеттің саңлақ қаламгерлері туралы ұлағатты сөзді Әуезов лекцияларынан тындады. Студент кезінде-ақ өлең жазып, көркем шығармашылықпен

айналысты. Орыс тіліндегі белгілі шығармаларды ана тілімізге аударды. Яғни, жас дарынның алғашқы қаламгерлік қадамдары университет қабырғасында басталып, ұлы суреткер Мұқанның, Мұхтар Әуезовтың назарына ілікті» [72, 75].

Демек, жазу өнеріндегі артықшылықты аңғару да дарын иелерінің назарынан тыс қалмаған. Орынды да, ойлы, зерделі де, зейінді зерттеу пайымының салмағын аңғарып – тану үшін Әбіш Кекілбайұлы көсемсөзінің поэтикалық құрылымын жүйелеп көргеніміз жөн. Поэтика шығармашылықтың барлық түріне тән. Поэтикасыз көркем әдебиетті көз алдына елестету мүмкін емес, ауыз әдебиетінің поэтикасы болмаса ол да жалаң дүниеге айналып жарға соғылар еді. Сондай-ақ, көсемсөз поэтикасы құбылыстың мәнін ашуда әлеуметтік заңдылыққа сүйенеді. Ойдың түзілуі сөз бен сөйлемнің стильденуі, олардың құрылымдық жүйесінің өлшемді қалпының сақталуы шығарма тақырыбына да, мазмұнына да ықпал тигізіп, зор әлеуметтік ой қалыптастырады. Осы орайдан алғанда Әбіштің әр көсемсөз тақырыбының өзі жартылай ұғымға ие де, мәтін мағынасы толық қамтылған ұлттық тағылым, ұлағатты өсиетке ұйытады.

Осы негізде: «небір көшелі жұрттар өзінің өзгеден өзгешелігін, ең алдымен мүмкіндігінше өзі тектестерден артықшылықтарын көрсетер қасиеттерін іздеп, шамасы жеткенінше соны ұрпақтарының санасына сіңіруге күш жұмсайды» [76], – деген профессор Ж.Тілеповтің пікіріне сүйене отырып, Әбіш Кекілбайұлының қазақ мәдениетін дамытудағы соның ішінде мәдениет пен дәстүрлі ұрпақтар жалғастығының тарихи тағылымдық жолдарын насихаттаудағы көсемсөзгер өнерін шын мәнінде тек ұлттық қана емес, адамзат әлемінің ортақ мүддесіне орайластырылып жазылған деуге әбден негіз бар. Айту да өнер, жазу да өнер, алайда, айтудың жөні бір басқа. Жазу арқылы адам санасының дамуына, ізденуіне, ойлана білуіне ортақ іс орнықтылық табады. Оның негізін жасауда Әбіш сынды көсемсөзгерлер еңбегінің маңызы зор.

Естелік – шыншыл жанр. Ескерткіш те, естелік те бүгін үшін келешек үшін де өте қымбат, тарихи мұра. Естелік – әдебиет жанры. Естелік мемуарлық әдебиеттің бір үлгісі. Әбіш Кекілбайұлы естелігі – көзбен көрген шынайы шындық. Естелік – еске алып отырған адамның шын табиғатынан туындай тек сол адамның шын болмысына ғана ұқсауы керек. Көрнекті Корней Чуковскийдің өз естеліктерін «ойдан шығарылмаған әңгімелер» атауының сыры да осында.

Әбіш Кекілбайұлы – өзінің еңбек жолын журналистік қызметтен бастаған көсемсөз шебері. Публицист Әбіш Кекілбайұлының журналистік жолы мен жазушылық шеберлігі қатар өрбіген және бірін-бірі толықтырып отырады. Елдің мұң мұқтажы мен заман шындығын баспасөзде жазудан бастаған Ә. Кекілбайұлы уақыт өте келе, ел ақылшысы және мемлекет қайраткері дәрежесіне дейін көтерілді. Әбіш Кекілбайұлының журналистік қызметі ұлттық мәдениетті және рухани құндылықтарды дамытуда сүбелі үлесімен ерекшеленеді. Көсемсөзгер Әбіш Кекілбайұлы қазақ публицистикасында өз қолтаңбасымен танылып, журналистік мектебін қалыптастырды.

Міне, Фариза Оңғарсынова арналған мақалаларын оқығаннан кейіносындай ойлар туындайды. Бұл дегеніңіз нағыз ұлылық емес пе?

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Омашев Н. Қазақ журналистикасы // Үштомдық. – Алматы: Таймас, 2008. – 1 т. – 352 б.
2. Кекілбайұлы Ә. Сыр десте / Әлеуметтік әңгіме-дүкен. Сұхбаттар. – Алматы: Нұрлы әлем, 2009. – 2 т. – 216 б.
3. Абдрахманов С. Фариза феномені. // «Егемен Қазақстан», 24 Қазан, 2017 ж.
4. Кекілбайұлы Ә. Фариза. // Егемен Қазақстан. № 11 (23969) 21 қаңтар, 2005 ж.
5. Кекілбайұлы Ә. Рух жанартауы. // Кітапта: Фариза Оңғарсынова. Толық шығармалар жинағы/ Т.ІІІ. – Алматы: Сардар, 2015. – 320 б.

6. Жолдасбеков М. Кекілбаев феномені / Жинақ: Әбіш Кекілбаев және замана шындығы. – Алматы: Қазақ университеті, 2009. – 47-67 бб.

7. Әбдезұлы Қ. Кекілбаев шығармаларындағы тарихи шындық және көркемдік жинақтау / Жинақ: Әбіш Кекілбаев және замана шындығы. – Алматы: Қазақ университеті, 2009. – 73-79 бб.

8. Тілепов Ж. Мұхтар Омарханұлы Әуезов және әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті: халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары. – Алматы: Қазақ университеті, 2009. – 24-25 қыркүйек.

ӘОЖ 82.09

КЕЙІПКЕР БЕЙНЕСІНДЕГІ КҮЛКІ СЫРЫ

Қабылов Ә.

Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университетінің профессоры, ф.ғ.к.

Абай Түзелбай

МНКЯЛ-18-1 тобының магистранты

Аңдатпа. Мақалада Ә.Кекілбаевтың көркем прозасындағы кейбір кейіпкер бейнесін сомдаудағы күлкі элементтерінің қолданысы қарастырылады. Жазушының роман-хикаяттарындағы күлкі элементтерінің кейіпкер портретін сомдаудағы, мінездемесін берудегі, авторлық баяндау мен кейіпкер сөздеріндегі қолданыстары әдеби-теориялық талдау тұрғысында пайымдалады. Сатира, юмор, ирония элементтерінің поэтикалық баяу-реңктерінің айшықтары нақты мысалдармен дәлелденеді.

Түйінді сөздер: образ, сатира, юмор, ирония, потика, роман, хикаят, проза.

Көркем шығарма өмірлік құбылыстарға эстетикалық қатынастардың мәтіндік жинақталуы болатындықтан, оның көркемдік-эстетикалық сипаттамасы да жан-жақты әрі сан қырлы көрініс табады. Қаһармандық, трагизм, комизм, идилиялық, т.б. секілді «эстетикалық сана модальдылығы» [1,241] көркем мазмұнның пафосынан, идеялық-эмоциональдық бағалаудан, авторлық көзқарастан айқындалмақ. Көркемдік модуста сатира, юмор, ирония, сарказм, пародияның да өз орны болады. Қаламгер суреткерлік мақсатына орай кейіпкердің белгілі бір мінез сапасын айқынырақ таныту үшін сатира мен юмор элементтерін тиімді пайдалана алады. Сатира элементтерінің образдың мінез-құлық сипаттарын типтендірудегі маңызы да айрықша. Б.М.Храпченко: «Реалистическая литература включает в себя и гиперболу, и гротеск, и аллегория, которые используются здесь в целях глубокого обобщения, реальной жизни», – дейді [2,215]. Ә.Кекілбаевтың «Үркер», «Елең-алаң» романдарындағы жазушының сатиралық-юморлық бояумен қанықтырып, күлкілі жақтарымен танытатын кейіпкерлердің бірі – Әбілқайыр ханның немере ағасы Нияз сұлтан. Нияз сұлтанның өзінің ақсүйектік шыққан тегіне сәйкес келмейтін болмысын автор роман-дилогияның әр тұсындағы оқиғаға қатысты бірте-бірте ашып отырады. Ең әуелі оқырманға сұлтанның болмыс-бітімін қысқаша таныстырып өтеді: «Хандай емес, ойқы-шойқылау қара кісі. Атқа отырғанда екі тізесі аттың алдыңғы екі тірсегін қағып келе жатады. Ерге отырысы да қолқ-қолқ. Сөйлегенде де қоңқылдап сөйлейді. Сонысынан ба, жұрт оны төре тұқымынан екендігіне қарамастан басынып, қомсынып бағады. «Әй, сол Ниязды қойшы... Соның қолында не тұр дейсің. Оның айтқаны не, менің айтқаным не?» – дейді. Ел ішінде елеусіз осы сұлтан аяғы салақтап ауыл аралайды да жүреді» [3,369]. Үзіндідегі «хандай емес, ойқы-шойқылау кісі» деп оның Әбілқайырдан өзгеше және хан сипатына кереғар екендігінен хабар берсе («ойқы-шойқылау» деген эпитеттің өзі көп нәрсені аңғартады), әрі қарай бірер сөйлеммен жүріс-тұрысы мен «қоңқылдап» сөйлейтінін айтып, жұрттың ол туралы бағасын білдіреді. Комикалық реңктегі осы портреттік-мінездемелік штрихтарды келесі беттердегі сұлтанның нақты характерін

айқындайтын авторлық баяндау толықтыра түседі: «Ақыр заманды орнатып Нияз да жөніне тайып тұрды. Пәтшағар, осынша сұмдықты айтып отырғанда бет-ауызы бір бүлк еткен жоқ. Ертегі айтып отырған кісідей екі көзі жылт-жылт етеді» [3,374].

Тегінде, кейіпкердің бүкіл болмысының немесе мінез-құлқының бірер қырының ғана ашылуы оның шығармадағы алар орнына байланысты болмақ. Автордың суреткерлік мақсаты кейіпкерге қандай міндет жүктейді, қоғамдық-әлеуметтік немесе жеке тұлғалық болмыстың қайсы жағына сәуле түсіріп, көркемдік талдаудың нысанасы қылмақ – мәселе осыған байланысты. Роман-диалогиядағы Нияз сұлтан – қосалқы кейіпкер ғана, ол шығарманың кейбір тұстарында ғана көрінеді. Нияз сұлтан – қазақтың сөзуарлығының, даңғой бөспелігінің, оспадар мақтангөйлігінің үлгісі. Автор бұл бейне арқылы осындай мінездерді көрсетуді мақсұт тұтқан. Сондықтан ол ханның інісі бола тұра, билік-бітімге араласуымен емес, өз жаратылысына сай ел аралап, әрнені айтып мақтанатын бөспелігімен әйгіленеді. Оған көз жеткізу үшін автор Ниязға бірер сөзбен қысқаша мінездеме берумен қатар, оның мақтаншақтық қасиетін қайталаулар арқылы үстемеліп, оған мысал ретінде өткен уақыттың бірер оқиғасын ретроспективті тұрғыдан еске салады: «Нияз ағасы қауқылдаған ақкөңіл адам болғанмен оспадарсыз. Қайдағыны қайдан шығарып, тұнық суды лайлауға келгенде одан шебер кісі жоқ. Ауызы қарап отырмайды. Ит жылғы сүйегі курап қалған бабаларды айтып мақтанады. Қазіргі гүрлеп тұрған інісі бұны айтып мақтанады. Нұралыжанның салиқалы сұлтан боп өсіп қалғанын айтып мақтанады. Орыстың қолындағы Ералыжанның аптасына неше рет іш киім ауыстыратынын айтып мақтанады. Тіпті мақтанатын ештеңе таба алмаса, Тұрсын хан баласының ауылы қонған жердің жан-жағының жылмағай тегістігін айтып тиіседі: «Пақырлар-ау, көсенің иегіндей қып мына жазықты қайдан тапқансындар? Ойламайсындар ма, түге... Әйел пақырлар шапан бүркенсе де бір айласын табар. Ал бөкселеріңді шөккен түйенің ту сыртындай бұлтитып өздерің қалай түзге отырасындар?! Бұл жағынан біздің орданың қонған жері рахат. Ауылдың желкесі терең сай. Түзге отырмақ түгілі кісі өлтірсең де ешкім көрмейді». Былтыр керей мен уақтың біреуінің аулына барғанда: «Жарықтық, осы шалғынды жердің малы-ай. Қаңқайған сүйегі болмаса, етінің нәрі жоқ. Жесең, аузың су татиды. Қоғаның басындай үлпілдеген неменің кенеуі қайдан болсын! Жарықтық ет деп әне бұйрығын мен изенге жайылған біздің елдің малын айт. Аузыңа салсаң болды, жүрегіңнің басына шық етіп жетіп барады», – деп айтам деп таяқ жеп қала жаздапты» [4,290].

Нияздың мінездемесіндегі комикалық эффект автордың «мақтанады» сөзін қайталауымен (бабаларымен мақтану, хан інісін айтып мақтану, Нұралы мен Ералыны айтып мақтану) берілетін Ниязға тән мінездеменің бірте-бірте өткірлене түсуі мен одан әрі кейіпкердің «тіпті мақтанатын ештеңе таба алмағанда» өз жері мен басқа жерді, өз елінің малы мен басқа жердің малын салыстырып, пайданы (артықшылықты) өз пайдасына шешіп бөсу «тәжірибесінде» жатыр. Және мұның нақты оқиғаға негізделіп көрсетілуі оқырманның күлкісін туғызып, қазаққа тән мінездің бір қырын алдына жайып салады. Тегінде, бұл романдарда, жазушының жалпы шығармашылығындағы сияқты, уақыт пен кеңістіктің көркемдік ұйымдасуы осындай кейіпкер мінездемесіне немесе оқиғаның тарихи-әлеуметтік маңызына орайласып отырады. Жоғарыда келтірілген мәтін ішіндегі мәтіндердің (интекст) көркемдік қызметі кейіпкер бейнесін ашуға жұмыстанып тұр. Атап айтқанда, Нияз сұлтанның мінездемесіндегі басты сипат – сөзуар-мақтаншақтығын дәлелдеу үшін автор екі бірдей оқиғаны фрагменттік түрде мәтінге енгізеді: мұнда Нияздың мақтаншақтығы әуелгіде дерексіз түрде – үнемі болып тұратын, тұрақты сипат түрінде алынып, оны «Тұрсын хан баласының ауылындағы» оқиға фрагментімен жалғастырады (бірақ бұл фрагменттің уақыты нақтыланбайды, тек өткен шақтық сипаты ғана белгілі). Ал одан әрі баяндалатын «керей мен уақтың біреуінің аулындағы» уақығаның уақыты «былтыр» үстеуі арқылы нақтыланады. Кеңістіктік тұрғыдан да оқиғаның орны ілкіде нақты дерексіз (жалпылай), яғни ұдайы орын алып тұратын тұрақты сипат ретінде көрсетіліп, бұл мінеземелік сипаттар белгілі бір рулардың аталуымен («Тұрсын хан баласының ауылындағы», «керей мен уақтың біреуінің аулындағы») біршама нақты дәлелдене түседі. Мәтіннің хронотоптық ұйымдасуындағы

мұндай уақыт пен кеңістіктің шұғыл ауысып отыруы кейіпкер стихиясын ашудың бір көркемдік амалы қызметіне жұмыстанып тұр.

Жазушы романның өн бойында Нияз сұлтанның мінездемесіндегі сөзуарлық-бөспелік, мақтаншақтық қасиеттерді нақты іс үстінде, өтіп жатқан нақты оқиғаларға орай толықтырып отырады және бұл жағдай кейіпкердің романда көрсетілетін осы бір негізгі мінез қырын өткірлей түсу үшін жасалады. Автор кейде кейіпкер сөзін пайдалану арқылы оған пародиялық мінездеме беріп те отырады. Мына үзіндіден кейіпкердің «тұмсығын шүйіре қарайтын» «паңдық» қалпын айшықтау «Біз баяғыда патшаға барғанда» тіркесін бірнеше қайталаумен және әр қайталауға «мұндайдың көкесін (көргенбіз)», «мұндайдың әкесіндейін (жегенбіз)», «мұндайдың бабасындайды (естігенбіз)» күшейткіш мәндегі тіркестерді бірінен-бірін асыра түйдектете қолданумен градациялық эффект үстеу арқылы жүзеге асатынын көреміз: «Мынау Нияз сұлтан ана жылғы Петерборға барып келгелі дүниедегінің бәріне тұмсығын шүйіре қараушы еді... «Біз баяғыда патшаға барғанда мұндайдың көкесін көргенбіз»... «Біз баяғыда патшаға барғанда мұндайдың әкесіндейін жегенбіз»... «Біз баяғыда патшаға барғанда мұндайдың бабасындайды естігенбіз»... «тәйірі бәрі біздің баяғы патшаға барғандағымыздың қасында не дейсің!»... Аузын ашты-ақ айтатыны әлгі. Жұмақтың есігінен басын бір сұғып алып, қайта шығып кеткен адамша өз әңгімесіне өзі таңдай қата болатын да жүретін...» [4,391].

Жазушы Нияз сұлтан бейнесін авторлық баяндау, портреттік мінездеме, кейіпкер сөзі арқылы көрсетуімен қатар, бас кейіпкер Әбілқайыр ханның ішкі ойымен де шегелей түседі, бұл орайда кейіпкер болмысы аусар даңғойлық, құр сөзді желдей есетін желбуаздық мінездердің фонында алынып, оны сол көптің бірі, типтік мінездің өкілі ретінде көрсетеді. Суреткер Нияздың осы қасиетін Әбілқайырдың өз орнына пайдалану ниетімен уәждейді. Жәнібек пен Бараққа жұмсайтын шабарман іздестіргенде хан таңдауының Нияз ағасы мен Мырзатай балдызына түсетіні осыны аңғартады. Сондағы Әбілқайырдың ой-есебі былайша өріледі: «Құдайға шүкір, дақпырта сөйлемесе басы ауыратын даңғойларға, түймедейді түйедей қып көкітін желбуаздарға қазақ арасы қашан да кенде болып көрген емес. Ондайлар мұның төңірегінде де жыртылып айырылады. Ал Нияз ағасының қай төренің үйінде де: «Бір көрген біліс, екі көрген таныс деген осы ғой. Ақ патшаның өзі Әбілқайыржанға жұмсаған адамдарына: «Нияз сұлтан, Ералы ханзадаларға да арнайы сәлем айтыңдар» деп арнайы тапсырып жатады. Құдайға шүкір, нұр сипатын көзімізбен көріп, қолынан дәм таттық қой. Бізді қайдан ұмытсын. Осы жолға да алдияр падишаның сол көңілін қимай шығып кеттім. Әйтпесе, басымның сақинасы бар. Шәйі қою емес ауылдарға барсам, өліп қала жаздаймын. Сусынның көкесі шәй ғой. Құдай, әлгі қымыз дегенің мал соңындағы жалақ еріндердің ғана таңдайына татиды ғой!», – деп бөсіп берері кәміл» [4,291]. Мына жолдар да Әбілқайырдың ішкі есебінің туралығын дәлелдей түседі: «Торғай бойындағы Барақ Әбілқайыр шаңырағының астынан өретін екі адамды көргенде әйелінің теріс қылығының үстенен шыққан еркектей шарта түйіліп шамырқанып бағыпты. Бірақ оған бола айылын жиған Нияз бен Мырзатай бола қоймаса керек. «Осы сенің баяғы әулиеден әулие қоймай түнетіп жүретін үлкен балаң қайда? Жазылып кетті ме? Жақсы болса, болсын пақыр. Сойыл ұстайтын еркектің есінің дұрыс-терісін кім байқап жатыр! Дегенмен ертең қатын-баласының обалына қалмағаны дұрыс қой! – деп қайдағыны қайдан айтып, көкжал барақты қашан апарған қағаздарына қолын қойып, атқа қондырғанша асығуға мәжбүр қылыпты» [4,291]. Бұл сөздерде аңқаусыраған аңғалдықпен қабаттаса өрілетін сайқымазақ кекесін жатқан жоқ па?! Әбілқайыр ойының дұрыстығында шүбә жоқ, демек Нияз сұлтанға жүктелген бұл миссияда кейіпкердің мақтанғойшылығы мен сөзуар-бөспелігі жарнамалық әрі «жалғамалық» қызмет атқарып, ханның пайдасына шешілмек.

Сатиралық мінездемеде психологиялық деталь да маңызды роль атқарады. Көркем бейнелеу құралдары комикалық тәсілдерге негізделіп отырады. Жазушының «Аңыздың ақыры» романындағы эпизодтық кейіпкер, Жаппар шебердің жатқан үйінің кожасы Ахмет байдың қызын ұзату тойы алдындағы сәнденіп жасануын автор былайша суреттейді: «Тамаша десе ішкен асын жерге қоятын саудагер тойға бір апта қалғанда-ақ сандықтың

түбінде жатқан тойға киетін киімнің бәрін алдырды. Сосын айнаның алдына барып ұлы сәскеге дейін отырады да қояды. Әуелі басына сәлде орайды. Былай орайды, айнаға қарайды – келмей тұрған тәрізді, олай орайды, айнаға қарайды – келмей тұрған тәрізді...» [5,71]. Адам мінезінің сырттай қарағанда күлкілі көрінетін бір қыры осылайша той қарсаңындағы қарбаластағы байдың сәнденуін, тойшылдығын суреттесе, одан кейін бойын кернеген қуанышын сыртқа шығарып, жұртқа естірте мақтануымен әйгілейді: «...тіпті күллі дүниеге түгел естілсін, Ахмет байдың бүгін базарданне бітіріп қайтқанын бәрі де түгел білсін дегендей даусы саңқылдап, қай саудагердің дүкеніне кіріп, киімін көрсеткенін, кіммен балағаттасып, кіммен тәжікелескенін, кімге тіл тигізгенін, шайханада неше құман шай ішкенін, әскияда кімнің шамына тигенін, кімнің бөденесіне бәс тіккенін – бәрін-бәрін түк қалдырмай тәптіштеп түгел айтып береді...» [5,73].

Көзі қарақты қазақ оқырманына бұрыннан таныс мінез. Бұл жолдарды оқығанда оқырманның есіне С.Көбеевтің «Қалың мал» романындағы Итбайдың қылығы түсері анық. Немесе Ғ.Мүсіреповтің «Ақан Сері – Ақтақты» драмасындағы Қоңқай көңіл-күйі де осыған жақын келеді. Әйтсе де мұндай ортақ мінезді бір қалыптан шыққан дей алмаймыз. Осы үш кейіпкердің адами болмысының өзіндік айырмашылықтары да бар. Итбайдың сөзі мен есер қылығынан Тұрлығұлмен құда болғанына жаны семіріп, құдайын ұмытқан әумесерлігі түрлі ситуацияларда айқындалса, Қоңқай монологынан кешегісі мен бүгінгі жайын салыстыра пайымдап, қазіретті пір тұтып, осы күніне жеткізген тағдырына шүкірлік еткен тәубашылдығы басым көрінеді. Ал Ахмет байдың басындағы жағдай үйреншікті мінезінің осындай қуаныш үстіндегі сыртқа тепкен бір көрінісі дерлік. Әр жазушының кейіпкер бейнесін сомдау қалыбының әр қилы болуы да – кейіпкер типін саралау шеберлігіне тән қасиет. Мінез тұрғысынан тектес кейіпкерлердің ұқсастықтары мен айырмашылықтарын осындай реминисценциялық сипаттардан анық аңғарамыз.

Көркем бейнелеудің фонында алынатын бірер детальдың юморлық, ирониялық баяндау діңгегіне айналуының мысалына «Елең-алан» романындағы Кириловтың көзімен берілетін императрицаның портретін атауға болады: «...Салтанат залында бар асылды үсті-басына үйіп-төгіп жарқ-жұрқ кіріп келгенде жұрттың көзі ең алдымен императрицаның қолапайсыз үлкен мұрнына түсетін. Шексіз билік иесі монархтарға тән астам мінезбен айналасына көзі түспей шекелей қарайтын. Сонда қолақпандай үлкен мұрын көкке шапшыған шу асаудың алдыңғы тұяғындай шодырайып аспанға ілініп тұра қалушы еді. Соның өзі-ақ мәрмәр залдың, хрусталь шамдардың, асыл таж, алтын тақтың, жақұт пен меруертке малынып келіп отырған зиялы қауымның барлық сән-салтанатын бірден тәрк етіп мәнсіздендіріп жібергендей көрінетін. Ал енді, міне қасына отырып қарағанда тап ондай ерсі ештеңе байқалмайды екен. Рас, қорасан талап тастаған күлгін қызыл құж-құж бетті әдемі деп айта алмайсыз. Мынадай қылдырық аяқ қыл белдікті қымбат диванның мынадай батпан денені сынып кетпей қалай көтеріп отырғанына қайран қалмауың мүмкін емес. Алайда, осыншалық сұрықсыздықтың бәрін бір басына соншама үйіп-төгіп берсе де, тап мына әйел тап анау айтқандай адам шошырлық құбыжыққа айнала қоймапты. Ол әлде, қанша дегенмен, таж иесі патшалығынан ба екен?.. [4,33].

Бұл үзіндіде императрицаның қолапайсыз үлкен мұрыны күлкі нысанына алынып тұр. Автор «көкке шапшыған шу асаудың алдыңғы тұяғына» теңейтін қолақпандай үлкен мұрын мен «қорасан талап тастаған күлгін қызыл құж-құж бет» – қыр халқының тұрмысына етене таныс суреттер. Мұндай ұсқынсыздықты салыстыру, шендестіру арқылы суреттеулермен көркем тәпсірлеп шығу портреттік мінездемеге коллизиялық сипат берген. Императрицаның сұрықсыз бейнесін сән-салтанатты, қымбат жасауға толған әсем зал мен асыл киімдерге малынып келген зиялы қауым ортасының фонында алып, кереғарлықты бір шалып өтсе, қасына отырып қарағанда оның әлгіндей ерсі болып көрінбеуін «таж иесі патшалығына» меңзеп, ирониямен түйіндеп жібереді. Үлкен билік иесі патша әйелдің сиықсыздығының «жанынан қарағанда» ерсі көрінбеуінің ішкі астары да жоқ емес секілді. Биліктегі кейбір «сұрықсыздықты» сырттай сынап, одан тазалық пен әділдік, әсемдік пен үйлесім талап ететін сыншы пенденің сол биліктегіге өзі «жақындап», көзі үйреніскесін, бәрі де орынды көрініп,

мидай араласып кететінін меңзей ме екен?! Ә.Кекілбаевтың қарымды қаламы даланың жөргегінде тербеліп өскен қазақтың олпы-солпы тірлігін де, небір мінез қырлары мен дарқан табиғатын да сол қазақтың өз көңіліне жақын суреттермен, айшықты теңеулермен сипаттап, езу тартқызар ақжарқын күлкімен әдіптеп отырады. Жарқын құбылыс, жағымды кейіпкерлерге қатысты мұндай юморлық нышандар өмірдің өзінен туындап, баяндаушы субъектілік интенцияны да, авторлық симпатияны да көріктеп отырады. Мысалы, «Шыңырау» повесіндегі Еңсептің ағасы Дәржанның портретін былайша береді: «Қаба қара сақалды қалай болса солай қағусыз бетімен жіберген. Үлкен басына тым құрдым көрінетін шұнақ құлағы уда-дуда самай жүнінен атымен көрінбей қалады. Таңқақ танаудан шыққан дем шиыршық атқан бұйра мұртқа малтығып жатқандай. Әр талы сояудай қатты сақал жұдырықтай-жұдырықтай екі емшектің ортасын тырнай құлаған. Осынша қалың қара жыныстың үстінде қақ төбесіне дейін ай қасқа дөң маңдай жылтырайды. Қос иығы қанталаған алақан көз айналасына алақ-жұлақ қарағанмен, ештеңеге тоқтамайды; ылғи айдалаға лағып жүреді.» [28,366-367]. Кейіпкердің түр-тұлғасы оның мінез-құлқын сипаттаудың бірер штрихымен толығып отырады: «...Сөз дегенді атымен білмейді. Үйінің ішінің де, сырт жұртқа да не тәтті, не қатты тілі жоқ. Қатарларынан біреу-міреу көңілінен шықпаса: «Көрінді ұрайын!» деп бір дүңк еткізеді де, сосын қайтып жақ ашпайды.» [5,367].

«Бір шоқ жиде» повесіндегі Тілеудің үйіне түсетін адай қонақты суреттегенде кейіпкер портретін гиперболамен әсірелей сомдайды: «...Жаратылыс мына мейманды жаратқанда я мынау Тілеуге ұқсап іштей масаттанып, я мынау Күдеріге ұқсап қырыстанып отырған түрі бар. Не де болса, ол онша қырнап, жонып, егеп, безеп әлек болмаған, олақ қатын иірген домалақтай домбалдай, доғалдай салған. Кеспектей-кеспектей екі аяғы жер-көкке сияр емес. Бүкіл оң жақты бір өзі толтырыпты. Денесі де сол қос кеспектің үстіне қонжита салған зілбатпан қанар сияқты. Ал енді домбал денеге қондырылған домбал баста да дұрыстап мүсінделген ештеңе жоқ. Атшаптырым ай жазық маңдайды қиған жомарт табиғат мұрынға келгенде сараңдығы ұстапты. Келте мұрынға тап анадай кең танаудың керегі қанша еді?! Таңырайып қапты. Алақандай екі көзі өңменіңнен өтіп барады» [6,141].

Жазушы шығармаларында кейіпкердің өзін-өзі сипаттауы да кездеседі. «Бәсеке» повесіндегі Балпан байдың портреті кейіпкердің өзі туралы ойымен өріліп, өзін-өзі сипаттау деңгейінде танылады, мұнда өзіндік сипат әуелі өзгелер туралы ой-пайымдаудан өрбіп, өз бейнесіне ауысады және бірте-бірте оның адамгершілік қасиетін қамтып, нақты бір детальмен отбасына орнықтылығын, махаббатқа адалдығын дәлелдеп шығады: «Жұрты құрғыр сайтанмен табақтас болып қалғандай, осындай ылдым-жылдым ұры қулықты қайдан үйреніп ала қояды. Анада бір мұртын қағып отырып, айнаға көзі түсіп кетіп еді, тұсында бұ да тап жұрт үркетіндей жігіт болмапты. (Портреті) Анау екі самайдан ай қасқаланып, торсиып бөліне шыққан жалпақ кең маңдайы, періштенің аузынан түскендей мүп-мүсінді болмаса да еркек кісіге лайық етті қыр мұрыны, сәл бұйығылау болғанмен, ылғи күлімсіреп тұратын қой көзі, етті-етті қайқайған еріндері, соның бәрін молынан сыйғызған үлкен дөңгелек беті, қанды қоңыр жүзі, қатарларынан ертерек шыққанмен, ерсі қайқайып кете қоймаған еркек адамға біртүрлі орнықтылық бітіріп, егделік сән беріп тұратын қозы қарыны, ортадан жоғары бойы, етті-женді денесі – осының бәрін құдайкең кез келген еркекке құшақтатып жатыр ма? Әйелдер еркектің бұдан артық келбеті мен сымбатын шайына езіп іше ме... Сөйтсе де мұның Маржаннан басқа әйелдің көйлегіне қолы тиіп көрген жоқ. Асылы, бұған әйел қарамайды емес, мәңгі кісідей маңқиып жүріп, мұның өзінің көп нәрсеге көзі түспейтін тәрізді. Баяғы жас жігіт кезінде құрдастары Балпан қызы бар үйге қонғанда қу кемпірлер қонақ түнде қозғалар ма екен деп, ұйықтап қалған соң көрпесінің үстіне бір уыс құмалақ қойса, таңертең сол құмалақ бір сынық құмалақ шығыны жоқ, әлгі орнында тұрады екен деп күлісіп жүретін. Сол қалпымен әлі келеді» [6,273].

Ал жағымсыз бейнені суреттегенде сатиралық бояуды қоюлата түсіп, кейіпкер бойындағы оспадарлық пен оғаштықты түйреп өтеді: «Жалғыз келіп, жалғыз ішіп, жалғыз сөйлеп «жел таратып» кететін Өтемағанбет кейінгі бір жолы жігіт боп қалған баласын ертіп келді. «Жұрттың ішіне киімшең кіріп-шыға береміз», – деп мақтанатын су жұқпас

Өтемағанбеттің баласы Оразмағанбет әңгідіктеу көрінді. Жүріс-тұрысы түгіл сөйлеген сөзінің өзі келі түйгендей дүңк-дүңк етеді.

Әкесінен төмен жайғасқан дүрдік ерін қара жігіт дастарқан жайылар-жайылмаста келсаптай-келсаптай екі борбайды шай құйып отырған бойжеткеннің ту сыртынан босағаға қарай созып тастап, қолтығындағы құс жастықты өші бардай умаждап, дастарқан жиылар-жиылмаста елден бұрын атып тұрды...» [6,9]. Кейіпкердің дара тұлғалық ерекшеліктерін мейлінше терең ашып көрсететін және бұл ретте субъективтік-психикалық болмыс қырлары барынша айқын да шыншылдықпен танылатын көркемдік құралдардың бірі – кейіпкер тілі. Персонаждар тілі сөйлеуші субъектінің адамдық өресі мен рухани байлығын, интеллектуальдық деңгейін айқын аңғарта алады. Кейіпкер тілінің сипаты монолог, диалог, полилог, ішкі ой ағыны (ой толғаныс) түрінде беріліп отырады. Монологтарда кейіпкердің ішкі жан сырының мейлінше айқындалуы, ой ағыны арқылы терең психикалық арналар аңғарылса, диалогтарда мінез-құлық құбылыстары кейіпкер сөзінен сыр тартады. Мұндайда Ф.Шиллердің: «Когда человек говорит, мы видим, как вместе говорит его взгляды, черты его лица, его руки, часто все тело, и нередко мимическая сторона разговора оказывается наиболее красноречивой» [7,131], – деп тұжырымдайтыны бар.

Мысалы, «Үркер» романындағы Сырлыбайдың Тевкелевтің сый-сияпатына риза болмай айтатыны мен оның өкпесіне орай сый үстемелей түскендегі айтқан сөздерінен кейіпкердің психикалық құбылыстарын көреміз. Бір ғана үзіндіден әуелі айбаттана-ашына айтқан сөзі мен бірте-бірте сабасына түсетін үш түрлі күйін танимыз. Жазушы Сырлыбай туралы жеке-дара мінездеме бермесе де, дүниекоңыз бидің шүберек үшін жанын сала өңмендей сөйлеген осы сөздері кейіпкердің қоясын ақтарып-ақ салады. Оқырман мұндай гәптің астарындағы елшіден алған екі кез матаны жұртқа көрсетіп мақтану, өзінің қоғамдағы орнын аңғартып, абыройын асыру үшін пайдаланатын бишігендердің саясатын да аңғарады. Үзінді ұзақтау болса да, Сырлыбайдың осы үш рет сөйлеуін толықтай келтіре кетелік: «...Айт, мына ноғайына... Бұл неме біз келгенде неғып тауыққа жем шашқандай шөпектеп қалған. Ана сандығына қолын батыра түссе, түбінде шаян жатқан жоқ шығар, шағып алмас. Қасындағы мына жуынды ішіп семіріп, есірген башқұрттардың бұдан үш жұма бұрын немере інімді өлтіргенін ұмытып қала қойды дейсің бе? Қазақтың санда жоқ жаны, санатта жоқ азаматы болмайды. Қанға қан, жанға жан деп бір башқұртын ұстап алып, ертең қырқын беретін күні қаралы ошақтың басына апарып, маңдайын құбылаға қаратып, кеңірегінен шалып, қара қанын шашайын деп едім, бәрің кеп «әке-көкелеп» қолыма жабыстыңдар. «Шырық бұзса, солар-ақ бұзсын, біз ертең елдің бетіне шіркеу салмайық», – дедіңдер. Ағайын ғой, жаман болсын деп тұрған жоқ шығар деп айтқандарыңды қылдым. Сондағы жасаған жақсылығымның қиуазы мынау бес елі көк шүберек болғаны ма! Қазақтың бетіне шіркеу түсірмеймін деп, қағынды алып қарайған жүрегімнің жарты қанын жерге төгіп, қолыма түсіп тұрған қандықол қарақшыға кешірім жасап, кеңпейіл болғанымда, ертең, ең болмаса иығым жарқырап бармайтын болса, елге не бетімді айтам. Ойбай-ау, ағайын екен десем, өңшең жау ма едіңдер, түге!...»

Тевкелев оның алдына тағы да елу сомның матасын тастағанда жүзі жыли түсіп:

« – Пәлі, бұларыңды мен ана жақта қанды қол қарақшыны тік бастырып апарып, он екі жілігін, отыз омыртқасын, қырық қабырғасын саудыратып түгел санап бергенде қолтығына не қыстырып қайтар екен деп жалаңдап жолыма қарап отырғандарға таратып берем ғой! Сонда менің өзім ше... От төсеп, оқ көсеп жүргенде иінім қурап құр қол барам ба? Маған берсең, ана үстіндегідей асыл жағаңнан бер. Көк ала шүберекті жұрт сенен туғанынан айрылып бауыры күймей-ақ «ассалаумағалейкүм» – деп алдына кіріп шыққаны үшін де киіп жатқан көрінеді ғой...» – дейді.

Ал елші орнынан тұрып, беліндегі деңмент белбеуін, алқызыл мауыты шекпенін шешіп бидің алдына тастап, сосын күрең барқыт бешпетін шешіп ұсынғанда Сырлыбай:

– Пәлі, баяғыдан бері осылай істемедің бе? – деп, үйіліп жатқан дүниенің бәрін алдына тартады. «Сақал-мұрты селтиген дәукес бидің қызара бөрткен жалпақ беті біреу майлап кеткендей аяқ астынан жылтырап қоя береді». [4,404].

Жазушы полилогтерінде де белгілі бір жәйтқа көзқарасты білдірудегі көпшіліктің ой-танымына сәйкес қазақ менталитетін танытатын репликалармен ойнақы әзіл араластыра өрнектеп жібереді:

– Мынау бірінен-бірін өткізіп жұтындырып киіндіріп қойған әдемі жігіттер патшайымның балалары ма екен?

– Патшайым қанша төлшіл болса да, тап осынша көп баланы топырлатып бір өзі қайдан тапсын!

– Енді қалай деп ең? Жер түбінен келген ханзаданы патшазадалар шығып қарсы алмай, қайдағы бір қаратаяқтар шығып қарсы алып тұр ғой дейсің бе?

– Қара таяқтарға мынадай киім қайда! («Елең-алан»), [4,5].

Ғалым А.Мұсаев: «Образ – болмыс, тіршілік келбетінің, қоршаған орта мен жағдай, уақыт және адамдар арасында туындайтын құбылыс, құпиялардың жинақтаушылық мәнге ие бейнелі көрінісі. Егер антикалық дәуірден бүгінге дейінгі образдар жүйесін кезегімен көз алдымызға елестететін болсақ, адамзат дамуының бай картинасын – рухани дамуын, көркемдік сана мен психикалық пішіндер диалектикасын да, қоғамдық-әлеуметтік прогрестің қозғаушы күштері мен кертартпа қалдықтарын да көрер едік», – деп жазады [8,105]. Өткен ғасырымыздың 60-90 жылдарындағы көркем прозадағы сатиралық, юморлық образдарды байыптағанда ауыз әдебиетіндегі көркемдік дәстүр мен әлемдік жазба әдебиеттің соны табыстарын сабақтастырған көркем сөздің көл-көсір байлығын таба аламыз. Олардың ең басты ерекшелігі – адам бейнесін жасауда күлкі элементтерінің жан-жақты қызметін мейлінше пайдаланып, суреттелетін кезеңнің әлеуметтік-қоғамдық сипаты мен моральдық-этикалық нормалары аясында идеялық-көркемдік бірегей суреттеудің тың тәсілдеріне қол жеткізуі. Жоғарыда талданған Ә.Кекілбаев шығармаларындағы бейнелер сыры осы сөзіміздің дәлелі бола алады ғой деп ойлаймыз.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Гегель. Эстетика. В 4 томах. Т.1. М., 1935.
2. Б.М.Храпченко. Проблемы типологии русского реализма. М., Наука, 1969.
3. Кекілбаев Ә. Үркер. Роман. Алматы. Жазушы, 1981.
4. Кекілбаев Ә. Елең-алаң. Роман. Алматы. Жазушы, 1984.
5. Кекілбаев Ә. Таңдамалы. I том. Роман. Повестер. Алматы. Жазушы, 1989.
6. Кекілбаев Ә. Таңдамалы. II том. Повестер. Әңгімелер. Алматы. Жазушы, 1989.
7. Шиллер Ф. Собр., соч. В 7-ми т. М., 1957.
8. Мұсаев А. Қазіргі қазақ сатирасы. Алматы. Ана тілі, 1993.

ӘОЖ 82.0:001.12/18

ӘБШ КЕКІЛБАЕВ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ РУХАНИ ҚҰНДЫЛЫҚТАР

Орда Г.

М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының
Бас ғылыми қызметкері, филол.ғ.д., профессор

Аңдатпа. Мақалада жазушы Ә. Кекілбаевтың қазақ әдебиетіне қосқан үлесі ғылыми сараланған. Автор жазушы шығармаларындағы рухани құндылықтарға көңіл аударған. Қаламгер көтерген ел мен жер, азаттық пен бостандық мәселелеріне бүгінгі күн тұрғысынан баға берілген. Шығармалардағы адамзатқа ортақ мораль мәселесі мен ұлттық құндылықтар, қазақ халқының ұлттық ерекшелігі болып табылатын әдет-ғұрпы мен салт-дәстүрлері санамалап көрсетілген.

Түйінді сөздер: поэзия, проза, әңгіме, повесть, роман, драма.

Әбіш Кекілбаев – қазақ әдебиетінде прозашы болып танылғанмен, поэзия, проза, драма, сын, публицистика (көркем сөз), аударма жанрларының бәріне бірдей үлес қосқан қаламгер. Алғашқы жыр жинағынан елді елең еткізген қаламгер бар күш жігерін қазақ елінің бүгінгі мен болашағы үшін жұмсады.

Оның «Алтын шуақ» (1962), «Дүние ғапыл» (1999) жыр жинақтарына енген лирикалық өлеңдері қазақ халқының басынан өткен (XX ғасырдағы) ірі-ірі тарихи оқиғаларды сезіне білген ақынның ой толғанысын білдіреді. Олай болса, ақын поэзиясына ел мен жер мәселесі арқау болғанын баса айтқан жөн.

Балалық шағы Ұлы Отан соғысының ауыр кезеңімен тұстас келген оның «Сол жылдар әлі жадымда», «Танктер», «Әйел күлкісі», «Біздің бала шағымыз», «Қарындасым Нұрғайша», «Жүректе әлі жатыр мұң» өлеңдері сұрапыл соғыс салған ауыртпашылықты шынайы бейнелейді. Елдің де, жердің де жазылмас жан жарасын:

...Майдандағы танктердің ізінен
Мандайларға талай-талай түсті әжім[1, 9] –

деп жырласа, сол жылдардағы тылдағы әйел-аналардың тылдағы жанқиярлық еңбектерін жоғары бағалады:

Сол жылдар әлі жадымда,
Сонда үйренген өз басым.
Батырдың пәк қанындай,
Қадірлеп әйел көз жасын [1, 10].

Соғыс зардабы сол тұста дүниеге келген балалардың да жүрегін жаралағаны ақын назарынан тыс қалмайды.

Жүректе бірақ жатыр мұң,
Жатыр сол бір кесір күн.
Тыртығында батырдың,
Әжімінде жесірдің [1, 12], –

деген образды бейнелеу осы идеяны аша түседі. 1937-1938 жылдардағы жаппай қуғын-сүргінді еске алуы да заман ауыртпашылығы жайлы ойын толықтыра түседі. Ол «Көрдім мен көзі іскен жылаумен АЛЖИРлік ана күйігін» деп, атылып кеткен азаматтардың АЛЖИР лагеріндегі азабын да еске алады.

Ақынның «Әке» атты шоғырлы өлеңдері – лирикалық кейіпкердің көргендері мен сезгендерінің сырын аша түседі. Қарындасы Нұрғайша дүниеге келген күні түске дейін құтты болсын айтқан жұрт түстен кейін қаралы қағазға бата оқуға жиналады. Осы оқиғаны ол: «Иесін тапса бір бесік, Оққа ұшыпты бір солдат» деп еске алады. Жас бала ылғи да әкесін ойлайды, асығы алшы түссе өзін «көкем келеді» деп жұбатады. Әкесінің домбырасы мен шаңырақтың иесіз қалуы, тұлмымы желбіреген бүлдіршіннің мандайынан сипар адамның болмауы, жеңіс күні үй-үйде болып жатқан қуаныштың да бұл шаңырақты жұбата алмауы жаныңды сыздатып, жүрегінді езеді.

Өзге үйде тойдың әні шарықтаса,
Бұлығып қайғы уына біз жыладық...

...Көп төрге ілінсе де сұр шинельдер,
Тек қана біздің төрге ілінбеді...
...Өзге үйді күлімдеткен жомарт бақыт
Тек қана біздің төрге үңілмеді [1, 26], –

деген жолдар жетім баланың екі көзі төрт болып, әкесін күткен сезімін көз алдымызға әкеледі. Жалғыз тұяғының ат жалын тартып азамат болғанын көре алмау әкеге арман болса, перзентіне әке қабіріне топырақ сала алмай, зиратының қай төбеде қалғанын біле алмау да үлкен қасірет, орындалмас арман екені өлеңнің ойшылдығын көтеріп тұр.

Бұл жинақтағы Махамбет туралы өлеңдер өз заманында бостандық, теңдік іздеген, сол үшін күресіп өткен ақынның арманын жырлауға құрылған. Әбіш патшаның отарына айналған елдің күйін «қыл арқан абжылан боп қысып жатыр, Оралып оның көкжал өр

төсіне», – деп кейіптеу арқылы бейнелейді. Махамбеттей арысынан айрылған қазақ еліне, жер-анаға түскен ауыртпашылықты адам мен табиғаттың ажырамас бірлігі негізінде жырлайды.

Қайғыдан қар жамылып қасқа дала,
Қыр кәрін біржолата ақтара ма?
Жетіріп айналаға уыс-уыс,
Ақ шашын жұлып жатты аспан-ана [1, 42].

Аз сөзге көп мағына сыйғызу, сөз құдіретін түсіну, образды сурет жасау, тілсізге тіл бітіру сынды ерекшеліктер Әбіш өлеңдерінің көркемдігін байытқан.

Ал, оның «Дүние ғапыл» жинағына әр жылдардағы өлеңдері енген. Жинақтың басындағы «Таңғы кәлима» өлеңінде ол таңғы кәлимасын Фатиха сүресінен бастап елге, жерге амандық тілеп, хақ жолдан адастырмауды Алладан сұраса, кітаптың соңғы өлеңі «Түнгі кәлимамен» аяқталған. Онда да ел амандығын тілеген ақын:

Қасіреті асқан қасқа маңдай қазаққа,
Көңтері боп көндігіп алып азапқа,
Көншімей жатқан көңілі бостан азатқа
Ұшырата көрме масқара мен мазаққа [1, 135] –

деп, өлеңді «Ықылас», «Нас» сүрелерімен аяқтайды. Өлеңнің негізгі ерекшелігі де Құран сүрелерінің толық келтіруінде. Бұл – қазақ поэзиясындағы жаңа сөз. Ақын хақ жолынан адастырмайтын «Аллаға» жатса да, тұрса да жалбарына сөйлейді.

«Туған жер», «Жол жыры», «Туған жерге барғанда...» өлеңдерінде туған жерге деген ыстық сезімін асыл анаға деген махаббатымен ұштастыра білген: «Анамның жұпар исі көкірегіндей, Жусанға тұмсығымды тыға түсем».

«Бағзы бабаларға ода», «Обалар» өлеңдері тарихтан сыр шертеді. Лирикалық кейіпкердің соғыс салған қасіретті жарасы туралы ой «Іңір сембей іргеге кеп құлаған», «Әкем түске кіреді» өлеңінде жалғасады. Мұнда да әке мен бала арасындағы сағыныш лирикалық кейіпкердің арманы күйінде суреттеледі.

Оның бірсыпыра өлеңдері 1986 жылдың желтоқсан оқиғасына арналған.

Шыдай алмай шайқалыпты шаңырақ,
Майыстырып тіреу қылған бақанды.
Желтоқсанның желі сапты аңырап,
Бұрын-соңды естілмеген мақамды [1, 92] –

деген шынайы сурет қазақ халқының азаттықты аңсаған арманы жолындағы жаңа қадамды еске түсіреді. Өмірден көрген қайғы-қасіретін біраз өлеңге арқау еткен лирикалық кейіпкер сол көргеннен түйгенін «Тіршілік қай күнде де құбылмалы», «Ел болмақтың орнына», «Қайдағы қайда жоқтан дау шығып жүр», «Жамыраспай, жағаласпай, жарандар-ай, тоқтандар» деген өлеңдерінде көпке арнау ретінде ақыл-өсиет айтумен түйіндейді. Ол әумесерлерді ел болуға шақырады. Өмірден көргенін, түйгенін өсиет ретінде көпке арнау Абайдың өсиет өлеңдерінің дәстүрлі жалғасы сияқты көрінеді.

Жазушының әңгіме, повестерінде адамдар арасындағы адамгершілік, моральдық мәселелер көтерілген. Жазушы тосын орта, тосын оқиға іздеп әуре болмайды, күнделікті өмірде болып жатқан жайттарға терең үңілу нәтижесінде заман, адам, оның тіршілігі жайлы философиялық түйін жасайды. Оның әңгімелерінде Ұлы отан соғысы жылдарындағы тыл өмірі, сол заманнан қалған адам бойындағы тән жарасы мен жан жарасы, қазақ ауылының кешегі тұрмысы, бүгінгі қала қазақтарының тыныс-тіршілігі сынды мәселелер қозғалады. Қазақ ауылы мен оның тұрғындары суреттелетін шығармаларда қазақ даласының исі мен қазақ баласының ұлттық мінез ерекшелігі, өзіне тән әдет-ғұрпы мен салт-дiстүрі анық танылады. Жазушы кейіпкер бейнесін сомдауда психологиялық талдаудың тың жетістіктеріне қол жеткізді. Бұл – жазушының ғана емес, қазақ прозасының елеулі табысы.

Оның кейіпкерлері – ұлттық дәстүр мен әдет-ғұрып заңына сүйенген, қазақы мінезді, кішіпейіл, ата-ананы сыйлаған әдепті жандар. «Ең бақытты күндегі» ата мен ене алдында әдеп сақтап, өз ибалығымен көрінген Торғын жары майданнан аман келгенде қанша сағынса

да, бірден жақындай алмайды. Әдептен озбау – қазақ келініне ғана тән қасиет. Бір кештің арасындағы оқиғаны арқау еткен әңгіме шегіністермен тыл өмірінің көп жайларын еске салады. Қыз-келіншектерге қырғидай тиген бригадир Берден – кешегі ел өмірінен алынған типтік бейне. Ал, оған ыңғай бермеген Торғынның жазықты болуы да заңды.

«Бәсекеде» «қыз ұзатуға» қатысты әдет-ғұрып, салт-дәстүрді әдемі бейнелеген. Қазақтың бүгіндері ұмыт бола бастаған қолөнер әшекейлері де қолмен қойғандай. «Күй» повесінде қазақ, түрікмен елдерінің әдет-ғұрпы салыстыра суреттелген. Өлікті шығару рәсіміне қатысты екі елдің әдет-ғұрпын бүге-шүгесіне дейін суреттеу – жазушының осы ғұрыпты жақсы білетіндігінің көрінісі.

Жазушы шығармаларына негіз болған тақырыптың бірі – өнер. «Аш бөрі» әңгімесіндегі Құрманғазы, «Күй» повесіндегі Абыл күйші, «Шыңырау» повесіндегі Еңсеп бейнелері оған мысал. Жазушы сонымен бірге ашкөздікті жеріне жеткізе шенейді.

70-80 жылдардағы қазақ прозасында фольклорлық аңыз әңгімелер негізінде лиро-эпикалық стильдің қалыптасқаны қазіргі зерттеулерде әңгіме болып жүр. Бұл әсіресе Ә.Кекілбаевтың тарихи тақырыптағы прозасынан анық көрінеді. «Күй» фольклорлық аңызды жазба әдебиетте шеберлікпен бейнелеудің жақсы үлгісі саналады. Мұнда, екі елдің шапқыншылығы, адам өлімі бәрі де күй құдіретімен астаса суреттелген. Тақырыбы аңыз болғанмен, жазушы кейіпкердің жандүниесіндегі тебіреніс пен толғанысты терең аша білген.

Ол – адам табиғатының зерттеуші психологы. Шығармаларында өткір оқиғалар негізінде кейіпкер болмысына терең үңіле білді. Әдебиетте «мәңгүрт» деген ұғымды бірінші қолдануды да Әбіштің осы повесінен көреміз. 1967 жылы «Дала балладалары» кітабына енген бұл повесть Ш.Айтматовтың 1980 жылы шыққан «Ғасырдан да ұзақ күн» романындағы мәңгүрттен ерте жазылғаны жөнінде әдебиеттанушылар біраз зерттеулер де жасады [2, 164-167]. Ш.Айтматов осы терминді «Жан пида» (1986) романында да қолданып қазақтың кешегі тарихының келеңсіз жағдайлары арқылы бүгінімізге ой салған-ды. Халқының, ұлтының мүддесін ойламайтын, тілін, ділін, дінін, салтын, тарихын білмейтін мәңгүрттерді әшкереледі. Алайда Шыңғыс шығармаларында үлкен образдық дәрежеге көтерілген мәңгүрттікті ұғым есебінде алғашқы пайдалану Әбіште кездесетініне дау болмаса керек.

«Ханша-дария хикаясы» (1968) повесінің идеясы – жауыздықты, қанішерлікті, тойымсыздықты әшкерелеп, адалдықты, пәктікті, адамдықты ардақтау.

«Шыңырау» (1971) повесінде құдық – шын мәнісінде сыртқы фон, автордың негізгі айтпағы – адамдардың жүйкесін жеген даңғойлық, көрсеқызарлық, іштарлық, дүниеқоңыздық, бәсекелестік секілді дерттері. Өз өнері өзіне сор болған Еңсеп тағдырынан өнер адамдарының өнері қашанда өз бағасын ала алмайтынын ғана емес, өткінші дүниедегі әлсіздікті, жалғандықты, баянсыздықты, парықсыздықты көруге болады. Жазушы Еңсептің өмірі мен өліміне әлеуметтік, психологиялық талдау жасайды.

Автор құдықшының өмірі мен өлімі арқылы философиялық ой түйеді. Бірінші көзге түсетін – өнер иелері еңбегінің бағаланбауы, екіншісі – адам бойындағы астамшылық пен эгоизм. Еңсепті де жұтқан осы. Себебі ол елде жоқ құдық қазып атын шығармақшы болады. Бар тәжірибесі оның өз басын жұтуы арқылы автор сол бір даңғазалық, мақтаншақтық, эгоизмді әшкерелеген. Автордың негізгі айтпақ ойы – осы.

«Бәйгеторы» (1974) повесінде жазушы тұлпар арқылы адам тағдырын, қоғам шындығының көркем бейнесін жасайды. Тұлпарлар туралы жазылған шығармалардан «Бәйгеторының» өзіндік ерекшелігі – оқиғаның жүйрік жануардың түйсік сезімі арқылы баяндалуында. Көзден де, құлақтан да қалған жүйріктің трагедиясы – адам трагедиясы. Кезінде «ақ дегені алғыс, қара дегені қарғыс» болып, бүкіл елді өзіне қаратқан жандардың жас келе, уақыт өте, осы жануар секілді мүсәпір күй кешуі – дүние жалғандығының бейнесі.

Жазушының әңгіме, повестерінде қазақ ауылының шындығы негізінде жаңа характерлер ашуға құрылған. Оның әрбір кейіпкерінен қазақтың ұлттық мінез-құлқы анық көрінеді. Олар халықтық аңыздан бастап, бүгінгі заманда өзі көріп таныған адамдар бейнесін жарқын суреттейді. Қазақ қоғамында орын алған әділетсіздік, күштінің әлсізге

жасаған зорлығы өнер иелерінің қорлықпен, азаппен жаншылуы, адамдар арасындағы бәсеке таластық, т.б. бұл повестердің негізгі оқиғаларын құрайды. Бәріне тән ортақ идея – қараны ақтан, жеңдетті жауыздан күштіні әлсізден айыра білудің қажеттігі, адамгершілік, жақсылық сияқты мәңгілік құндылықтарды бағалай білуге үйрену тәлімі.

«Аңыздың ақыры» (1971) романында жазушы тарихи тақырыпты игерудегі жаңа қадамын танытты. Ол Алмас ханның болмысын ашу жолында адам жанына үніле білді, психологиялық талдауға ден қойды. Бұл ізденістер сол тұстағы қазақ прозасының табысына айналды. Авторлық ұстаным мен кейіпкер ойының, баяндаушы мен қаһарман үнінің кейде қосылып, кейде кезектесіп кететіндігі, «адам психологиясының иірімдерін көрсету, талдау молдығы жағынан» романның әдебиетімізге тың жаңалықтар алып келгеніне әдебиетшілер баса назар аударды [3].

«Елең-алаң», «Үркердің» заңды жалғасы. Қазақстанның Ресейге қосылуын көркем бейнелейтін бұл екі роман бөліп жаруға келмейді. Ондағы кейіпкерлер де, оқиға да ортақ. Романның негізгі бас кейіпкері – Әбілқайыр. Жазушы Әбілқайырды қол бастаған батыр, ел басқарған билеуші, халыққа, оның мүддесіне жақын жан ретінде көрсетуге тырысқан. Мәселен, С.Сматаевтың «Елім-ай» трилогиясында ол – мансапқор, құзғын пиғылды көп сұлтанның бірі болып суреттеледі. Ал, Қ.Жұмаділовтің «Дарабозында» қазақты орысқа сатқан алаяқ, баққұмар сұлтан ретінде бейнеленсе, І.Есенберлиннің «Жанталасында» дарақы, әпербақан, өркөкірек жан болып кескінделген. Ә.Кекілбаевтің ерекшелігі – Әбілқайыр бейнесін жасау үшін тарих қойнауына үңіліп, сол тұстағы қазақ халқының әлеуметтік, экономикалық хал-ахуалына талдау жасай отырып, кейіпкердің сондай қиын заманда елін аман-сақтап қалу жолында шешуші қадамдарға батыл барғанын көрсетеді. Аталған романдар жарық көргеннен бері сыншылар мен әдебиеттанушы ғалымдар бұл туындыларды әр қырынан сөз етуде.

«Үркер» де, «Елең-алаң» да реализмі бай шығармалар. Жазушы өмірде болған адамдарды, тарихта болған оқиғаларды екшеп алуға тырысқан. Оның көп ізденгендігі әрбір оқиғаны бүге-шүгесіне дейін тәптіштеп суреттеуінен көрінеді.

Шығарма қазақ халқының басынан өткен ХҮІІІ ғасырдағы тарихи оқиғаны белгілі тұрғыда саясаттандыра суреттейді. Оқиғалардың кейіпкер көзімен суреттелуі олардың психологиялық, эмоционалдық сезімдерін аша түскен. Оқиғалардың Әбілқайыр, Тевкелев көзімен суреттелуі олардың саяси көзқарасын да ашады. Сондықтан да оны – тарихты әр қырынан зерделеп зерттеген саяси роман деуге болады. Автор қазақ халқы өз еркімен орысқа бодан болды деген ұстанымға сүйеніп, оның әлеуметтік, экономикалық, саяси сан қырлы астарын ашуға тырысады.

Әбіш Кекілбаев драматургия жанрына да біршама үлес қосты. Оның әлем әдебиетінен тәржімалаған драмалық туындылары қазақ театрларында ана тілінде сөйлеп, көпшілік көрерменнің ыстық ықыласына бөленген. Қазақтың М.Әуезов атындағы Ұлттық академиялық драма театрында және басқа театрларда Уильям Шекспирдің «Ромео мен Джульетта», «Кориолан», «Король Лир», Валехо Антонио Буэроның «Бүгін мейрам, бүгін той», Карл Гоццидің «Туранбике ханшайым», А.Чеховтың «Ваня ағай» және Макс Фриштің «Ғылым қуған Дон жуан» сынды драмалық туындылар репертуардан берік орын алса, Генрик Ибсеннің «Үрей» атты үш перделі отбасы оқиғасы Қазақстан Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінің репертуарлық қорына кірген.

Жазушының «Абылай хан» атты халықтық-қаһармандық сахналық дастаны еліміз тәуелсіздік алған тұста жазылды да, сол тәуелсіздік жолында қызмет еткен ел басшыларын көркем бейнеледі. Туынды 1998 жылы қазақтың М.Әуезов атындағы академиялық драма театрында қойылды. Ә.Кекілбаев прозалық шығармаларында қазақ халқының ғасырлар бойы арман етіп аңсаған тәуелсіздігін негізгі мәселе етіп көтерсе, сол асыл армандарды енді сахнаға алып келді.

Пьесадан ұлттық мінез бен болмысты тану да оңай. «Сыбыр-күбір, пыс та пыс. Жыбыр-жыбыр, пыш та пыш. Шонжарлар жүр, шоқыдай боп шоңқып. Батырлар жүр бұрқсарқ, бурадай боп қомпиып, Пысықтар жүр, қол-аяғы сып та сып, үйден-үйге, топтан-топқа,

табақ тасып, сөз тасып» [1, 250-251] деген жолдарға қарап отырып, ХҮІІІ ғасырдағы шонжарлар мен батырлардың, пысықтар мен жанкештілердің күні бүгінге дейін арамызда жүргеніне күйінесің. Жалқаулық, кертартпалық, аяқтан шалу, іштарлық, т.б. жағымсыз қылықтар біздің қазақи мінезімізді көрсетер жазылмас дерт екені де даусыз. Ал, «Шуылдаған көп қазақ. Сен бұйдалы боз тайлақ, мен бурамын шабынған. Сыртында тұрмын шырпынып, омыртқанды опырып, жамбасыңды жапырып, шонқайтқалы кеп тұрмын, қырық бүгіп тізенді, тоңқайтқалы кеп тұрмын. Ит мүжіген асықтай, омпайтқалы кеп тұрмын»[1, 186] деген жолдардан қазақтың шалқар даласына сұқтана қарап, көз алартқан бүгінгі көршілеріміз мен мұндалап тұрғаны байқалады.

Бұдан шығатын қорытынды, Ә.Кекілбаевтың «Абылай хан» пьесасы – қазақтың кешегісі арқылы бүгінін меңзейтін туынды. Ол Абылайдың аузына ел басының сөзін салса, жоғарыдағы мысалдар қазақты ел болуға шақырып тұрғаны даусыз. Пьесадағы түйдек-түйдек төгілген толғаулы ойлар, асылдай мөлдіреген сөздер – драматургтың қол жеткізген табысы. Әйгілі прозашының драматургия жанрын да еркін игергеніне осы шығарма дәлел. Ендеше, «Абылай хан» – ақын, сыншы, прозашы, публицист Ә.Кекілбаев шығармашылығының шарықтау биігін танытар туынды.

Алғашында ақын, кейін сыншы болып танылған Ә.Кекілбаев қазақ әдебиеті сынының қалыптасып, дамуына да біршама үлес қосты. Оның «Дәуірмен бетпе-бет» (1972), «Әдебиет әлемі, өнер өрісі» (1999) кітаптарына енген сын, рецензия, мақалалары – осы тұрғыдағы еңбегінің жемісі. Сыншының негізгі жетістігінің бірі – ақын-жазушылардың әдеби портретін жасаудағы шеберлігі. Оны біз сыншының Т.Әлімқұлов, Т.Ахтанов, Ә.Нүрпейісов шығармалары жайлы пікірлерінен танимыз.

Сыншы қазақ әдебиетінің бүгіні мен келешегіне немқұрайлы қарай алмайды. Бүгінгі қол жеткізген табысымыздың төркінін, шыққан тегін сөз ету – оның қаламына тән ерекшелік. Қазақ әдебиетінің қол жеткізген табысын әлем әдебиетімен қатар алып салыстыру негізінде ғана көрсетеді. Оның терең ойлы, сындарлы сын, рецензия, мақалалары қазақ әдебиеті сынына қосылған үлес.

Ә.Кекілбаевтың публицистикалық еңбегінің бір саласы – сапарнамалар. Бұлардың да тілге тиек етерлік өзіндік ерекшеліктері мол. «Ұя мен жебе» (1968), «Тырау-тырау тырналар» (1984), «Ұйқыдағы арудың оянуы» (1975 жылы «Жұлдыз» журналында жарияланып, 1979 жылы жеке кітап болып шыққан) атты кітаптарының жазылу стилі бар. Ол әрбір елдің, жердің бүгінін айту үшін оның тарихына үңіліп, өткені мен бүгінін салыстыруға, жер, су атауларына қатысты аңыздар мен нақты деректердің көзін тауып сөйлетуге шебер. Сол арқылы ол сапарда болған әрбір елдің экономикасына, географиясына, мәдениеті мен өнеріне, тарихы мен әлеуметтік жағдайына терең үңіле біледі.

Он екі томдық шығармалар жинағының 8, 9-томына кірген «Толғауы тоқсан тарих», «Ғасыр өтіп барады...» атты мақалалар – оның публицистикасының екінші қырын ашар дүниелер. Осындағы «Әйтеке би», «Жәнібек тархан жайлы» мақалаларының орны бөлек. «Тұла бойы тұнған жұмбақ жан» арабтың «Бейбарыс» («Әз-Зәкір Бейбарыс сұлтанның ғұмырнамасы») атты халықтық романының С.Әбдрахманов аударған қазақша баламасына алғы сөз ретінде жазылған. Мұнда 1968 жылы жазылған сапарнамадағы ойлар жаңа қырынан толығы түскен. Автор романда келтірілген деректердің шындыққа қаншалықты үйлесетінін зерттеуге тырысқан. Тарихи дерек пен аңызға сүйену негізінде Әз-Захир Бейбарыс сұлтан атанған Махмуд деген баланың Атырау маңында туғандығы, қыпшақтардың беріш тайпасынан тарағаны анықталған.

Ә.Кекілбаев өте ізденімпаз жазушы. Ол өзінің әрбір жазбаларына биік талап қойып, биік деңгейден көріне білді. Ғылыми зерттеу негізінде жазылған әрбір мақала ғылымилығымен құнды. Қаламгер өзін көп толғантқан, шешімін таппаған өзекті мәселелерге қайта-қайта оралып отырады. Оны Әбілқайыр хан, үш би (Қазыбек, Төле, Әйтеке), сұлтан Бейбарыс, Махамбет жөніндегі жазбаларынан көруге болады.

Қорыта айтқанда, Қазақстанның халық жазушысы, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Ә.Кекілбаев – қазақ әдебиетінің поэзия, проза, драматургия, сын, публицистика, аударма

жанрларына бір кісідей үлес қосқан қарымды қаламгер. Оның поэзия жанрындағы алғашқы ізденістерінен бастап, соңғы жылдары жазылған сыршыл лирикасы, әңгіме, повестері, романдары қазақтардың кешегі, бүгінгі өмірі жайында терең сыр шертеді. Оларда жасалған тарихи тұлғалар мен біздің замандастарымыздың толымды бейнесі оқырмандар тарапынан үлкен қызығушылық танытуда. Оның тілінің құмға да, тасқа да тіл бітірген образдылығы, елі мен жерін сүйген отаншыл (патриот) азаматтың бүкіл шығармашылығының қазақ халқының азаттығы мен тәуелсіздігін негізгі идея етіп ұсынуы да қолдау табуа.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Кекілбаев Ә. Он екі томдық томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Өлке, 1999. – 6 том. – 9-б.
2. Елеуменов Ш.Р., Ровенский Н.С. Искушение временем // Каз. правда, 1994. – 19 марта; Простор, 1989. – №5. – С.164-167
3. Бердібаев Р. Қазақ тарихи романы. – Алматы: Ғылым, 1979. – 218-221; Тарихи роман. – Алматы: Санат, 1997; Сыдықов Т. Қазақ тарихи романы. – Алматы: Ердәулет, 1996. – 158-160; Оскоцкий В. Под звуки домбры // Литературная газета. – 1990. – 24 январь.

ӘОЖ 82.09

ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНДЕГІ ӘБІШ ӘЛЕМІ

Пірәлі Г.Ж.

М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты «Әуезов үйі» ҒМО-ның бас ғылыми қызметкері, филол.ғ.д.

Аңдатпа. Мақалада Әбіш Кекілбайұлының жалпы әлемі қарастырылады. Әбіш шығармаларының көркемдік әлеміне шолу жасайды. Шығармаларындағы ішкі монологтардың, түс көру концепциясының қызметі қаралады. Әдебиеттегі психологизмнің шығарма көркемдігін арттыратын ерекше көркемдік тәсіл екендігіне баса назар аударылады.

Түйінді сөздер: Әбіш әлемі, психологизм, ішкі монолог, түс көру, қарама-қайшылықты образ, көркемдік әлем.

Қазақ әдебиетіндегі көрнекті суреткерлер М.Әуезов, Б.Майлин, З.Шашкин шығармаларында өрісі кеңіп, өз міндетін жаңа сапаға көтерген түс көру тәсілі Әбіш Кекілбаевтың шығармаларында өз шыңына жетіп, көркемдік, характерлік, символдық, мифологиялық, психоаналитикалық қызмет атқарар әдіс қана емес, тіпті түгелдей бір туындының тұтқасын құрайтын көркемдік тұтастыққа ие болды.

Әбіш Кекілбаевтың “Аңыздың ақыры” мен “Ханша-дария хикаясы” роман-повестері бастан-аяқ түстен тұрады десе де болады. Бұл шығармалардың идеялық, көркемдік тұтастығын құрайтын түс-ішкі монологтың бір элементі ретінде кейіпкердің көңіл-күйін, санасында үздіксіз жүріп жатқан психологиялық процесті бейнелейтін бірден-бір тәсіл. Қазақ прозасында әдеби түс көруді талдауға соншалықты мән беріп, одан үлкен философиялық, ой, әлеуметтік-қоғамдық мәселе көтеретін Әбіш Кекілбаевтың көркемдік әлемі әлі де ашылмай жатқан арал секілді.

Ендеше, Ә.Кекілбаевтың шығармаларындағы сюжетке арқау болған кейіпкерлерінің түс көру эпизодтарын еске алып көрелік. “Үркердегі” Әбілқайыр ханның түс көріп, оны сонша жерге ат арылтып досы Тайланға жорытуы, “Аңыздың ақырындағы” Кіші ханым мен Әміршінің түстері, “Күй” повесіндегі Жөнейттің, “Ханша-дария хикаясындағы” Гүрбелжін ханымның қыз күніндегі мен ерге шыққаннан кейінгі үнемі кіретін бір мазмұндағы түстері т.б. Бұл түстердің поэтикасын талдау, мағынасын оқып-тану /прочтение смысла сна/ арқылы біз көркем шығарманың шындығын, кейіпкердің бүкіл табиғатын, шын бет пердесін, ішкі

иірімдерін, көңіл-сана түкпіріндегі құпия сырды, адам жанының психологиясына тереңдей енеміз. Біздің ұлттық әдебиетімізде ежелден қалыптасқан түс көру тәсілін талдау туралы ұғым-сенім,салт-дәстүр мен жору символикалары Ә.Кекілбаев шығармаларында жаңаша өң алып, олар үлкен әлеуметтік, философиялық, ғибраттық, психологиялық та қызмет атқаратын болды. Тіпті, жазушының көркемдік әлеміндегі әдеби түстердің адам тағдырын, оның қоғамдағы орны мен азаматтық ар-абыройын да түбегейлі өзгертіп, Ақиқат алдындағы қиянатын мойындатуға да мәжбүр ететін бейнелеу құралы екендігіне көз жеткіземіз.

Өмірдің мәңгілік құндылығы да осы әдеби түстерді талдау тұсында кеңінен әңгімеленеді.Әдеби түстер мазмұны мына өмірдің жалғандығын, бүгінгі тақ пен мансаптың, байлық пен бақтың өтпелілігін тұспалдайды. Осы түстер арқылы философиялық, психологиялық тереңдіктерге бару, бүкіл адамзат баласына ортақ “мәңгілік құндылықтар”, кезең, орта, уақыт таңдамайтын мәселелер жөнінде ой толғау тек Ә.Кекілбаев түстеріне, оның қаламгерлік қуатына тән қасиет.

Сондай-ақ, жазушы әдеби түстерді сюжет құруда және шығарманың бүкіл көркемдік-құрылысын ажарландыруда бірден-бір айшықты бояу,бейнелеу құралы ретінде қолданылады.

Негізі, Ә.Кекілбаев әдеби түс көруді шығармасына енгізу арқылы адамның жан күйін,ішкі сезім құбылыстарын қазбалай,қадағалай зерттеуді мұрат тұтады. Тіршілікте ешкім елеп-ескере қоймайтын түс көруді талдау мен жорудың поэтикалық суреттемелері Ә.Кекілбаев үшін нені меңзейді, нені тұспалайды? Жазушы кейіпкерлерінің көрген түстері оқушысын түпсіз ойларға, философиялық толғаныстарға тіреп қоятыны неліктен?

Шынында да Ә.Кекілбаевтың әрбір шығармасында Түс – Ақиқат. Олар оқушысына ақыл айтпайды, жол сілтемейді. Ол тек тұспалдайды, ой толғайды, өмір мен өлім, тазалық пен настық (адам жанының), қуаныш пен қасірет, адалдық пен жауыздық т.б.арасында өмірі ымыраға келмейтін қайшылықтар мен қақтығыстар жайлы сыр шертеді.

Әбіш шығармаларындағы әдеби түс көру тәсілдері “мәңгілік құндылық” жайлы философиялық ойларға жетелейді. Бірақ нұсқау бермейді. Әдебиеттегі түсті кім, қалай түсінеді, кім қалай жориды, неге тұспалдайды содан өз қорытындысын шығарып алады. Міне, Ә.Кекілбаевтың түсті қолданудағы көксеген мақсаты да осы. Әдеби түстегі символдық, мистикалық көріністер романдағы өмір шындығымен үндесіп, кейіпкердің бастан кешкен өмір азаптары мен жан қозғалыстары психоаналитикалық тұрғыдан тереңдетіле талданады. Әдеби түс көруді талдаудың поэтикасы көркем туындының сюжеттік-композициялық құрылымымен тұтас қарастырылса ғана баянды болары хақ.

Енді бір сәт осы әдеби түстердің өздеріне, олардың берілу түрлеріне де тоқтала кетейік.

“Аңыздың ақыры” романындағы “Махаббат” атты тараудан бір үзінді: “...Бауыры от құшақтағандай өртеніп барады. Ол төсегіне батылсыз енген жас жігіттің мойнына оратыла кетті. Бұның баяғыдан бергі сарылып күткен ыстық іңкәрі басқа ешкім де емес, тек осы ғана...” (151-б). Бұл – Кіші ханымның түсі /женские сны/, екі бетке созылып әйелдің есін алған шебер жігіттің ыстық құшағы түс емес тап өңдегідей, яғни бұл көрініс бар ашық бояуымен бейнеленген. Өйткені, адамның бейсаналы сәттері оның көптеген құпияларын ашудың таптырмас тәсілі. Сана актін құрайтын әдеби түс көруді талдау кезінде өтірік өрге баспайды. Сіздің күндізгі еркінізге көніп, жасырын жатқан іңкәр сезімді де оқыста опасыздықпен әшкерелеп қоятын да осы –Түс. Абайдың ел-жұрттан жасырып, тек жүрегінде ғана сақтап-жаттап жүрген жалғыз есім – Тоғжан еді. Ұл-қызы бар, некелі жұбайы болса да, елге танылған атақты Абайды да естен айырып, “Тоғжан” деп толғандырып қойған осы Түс емес пе еді? Бөгде жұртта, әсіресе Тоғжан деп тіл қатуға қақысы жоқ Тоғжанның қайын елінің көзінше – “Жаным! Асылым. Барым бір өзін”, – деп бар сырын жұртқа жариялатып, ішкі әлемін әшкерелеген де осы –бейсаналы түс көру процесі ғой.

Бұл – әдеби түс көрудің тек шындықты әшкерелейтінін дәлелдейді.

Кіші ханым да күні бойы алыс сапардан оралған Әміршіні ойлап, аңсап, бар жан-тәнімен соған бағышталды, бірақ түсінде шебер жігіттің шырғауынан шыға алмай қалады.

Өйткені, ол өтірік өрге баспайтын түс өлкесінде, өзге әлемнің ішінде жүр. Ешқандай ақыл-еске, ырыққа көнбейтін бейсаналы елінде саяхатта жүр. Күндізгі өзін-өзі алдаусыратқан алдамшы, жалған өмірден өзге шынайы өмір, шындық пен тазалықтың, адалдық пен Ақиқаттың аулында, ол. Өзін-өзі алдайын, ұстайын десе де, ерікке көнбейтін түн, түс деген тылсым күш оның бүкіл шын бет-пердесін ашып тастады. Өзі де білмейтін, сезбейтін, тіпті мойындамайтын жүрек сырын әдеби түс әшкерелеп берді. Ұйықтап жатқан адамның қимыл-қозғалысын, дене қалпын зерттеген психиатр Самюэл Данкелл түс көру сәтінде ашылған ақиқат алдында кімде болса дәрменсіз екендігін ескертуі тегін емес. Өйткені ол күндізгі маскировкаға көнбейтін шынайы шындықтың қайнар көзі екендігін ескертеді. Сол себепті де Ә.Кекілбаев түстің осынау психоаналитикалық, символдық, көркемдік мүмкіндіктерін кеңінен пайдала білген.

Романның үзіліссіз бір үндестікпен дамып келе жатқан оқиға желісі түс сюжетімен үзеңгілесіп, сол қалпында дами береді. Біз оқып отырған үзіндінің сана актісі екенін Кіші ханымның түс көру барысындағы ілеспе ішкі күдігі, өз болжауы арқылы анықталып жатады: “Ханым ұйықтайтын ұлан-асыр кең жайды барша жарық жалғаннан көлкештеп тұрған алтын шайған ауыр есік сықырсыз ашылып, аяғының ұшынан басып әлдекім ішке өткендей болды”. Мұны алғашында түс емес, елес, көзге елестету екен деп қаласыз. “Кірді де, одан арғыға батылы жетпегендей босағада тұрып қалды... Апыр-ай, кім болды екен. Ханым оны танитын сияқты... Күнде-күнде қасында жүрген, күнде-күнде көріп жүрген біреуі тәрізді. Бірақ жыға тани алмады...” Осылай ұзаққа созылған түс-елес сана астарында Кіші ханымды біраз әуресарсаңға салады. Ол ұзақ уақыт мұның кім екендігін білмей, бет-жүзіндегі бейвербалды ишараттарды, сыртқы психологиялық қимыл көріністерді қадағалаумен болады, сосын ғана шырамытады, шебер жігітті. Өңінде өзіне ғашық болып, үздіккен жас жігіттің түсінде батылы жетіп бұған келуі Кіші ханым үшін тосын жәйт. Екеуінің де ішкі бір іңкәрліктерін үйлестірген бұл түс ынтық сезімнен туған сананың сәулесі екені сөзсіз. Өңінде шебер жігіттің салып жатқан махаббат мұнарасында мөлдіреп тұрған мөп-мөлдір сезімді күнде көрсе де мойындағысы келмеген Кіші ханымның да жүрек түкпіріндегі жасырын сырын әшкере еткен бұл әдеби түс ең бастысы, ұлы Әмірші алдында сыр алдыртып қояды. Оқып көрелік: “Иә, ол өмірінде өз күйеуінің алдында, Әміршінің алдында жалғыз-ақ рет күнә істепті. Онда да өңінде емес, түсінде күйеуінің көзіне шөп салыпты. Бірақ сол жалғыз қылмысының өзін Әмірші иенің қырағы көзі қалт жібермей, үстінен шығыпты. Бұның бөлмесінде көп аялдамағаны-әйелінің түсінде шайтансырап жатқанын өз көзімен көргені ғой, ашулы шыққаны-бұның түсінде өзге еркектің құшағына кіріп, құштарлыққа берілгенін түсінгені ғой...” (152-б).

Бұл түстің көркемдік-эстетикалық қызметі мен философиялық құндылығы мынада-жан мен жүректі жегідей жер сезім, ғашықтық дерттің қандай да бір сезімдік-эмоционалдық құбылыстарды, яғни бейсаналы сәттердегі психологиялық процестерді паш ету. Осындай терең ой, үлкен философиялық тұжырымға тірейтін түстің роман оқиғасын одан әрмен әрлеп, ажарландыра түсері хақ. Мұндағы әдеби түс көруді талдаудың кейіпкерлердің мінез-құлқын, болмыс-бітімін, күрделі ішкі жан дүниесін ашудағы атқарар қызметі де орасан зор.

Адам атаулыға тән тәжірибеге сүйенсек, әркім көрген түсінің мағынасын, оның себеп-салдарын іздейтіні табиғи құбылыс. Сондықтан да Ә.Кекілбаев шығармаларындағы түс көрушінің түсі де, ондағы оқиға да оқушысын ойландырмай қоймайды. Және олардың бәрі де романдағы шындықтан алшақтамайды. Олар бейне бір суреткер-автордың философиялық ойлары жинақталған, өз бетінше аяқталып тұрған аңыз-әңгіме, новелла секілді. Егер де Ә.Кекілбаевтың көркемдік әлемінен әдеби түс көруді алып тастар болсақ көркем шығарманың құндылығынан түк те қалмас еді.

Негізі Ә.Кекілбаевтың кейіпкерлері ерекше түстер көреді және оны автор да асықпай, толыққанды түрде баяндайды. Өйткені, Ә.Кекілбаев стиліндегі өзгешеліктің өзі осында, яғни әдеби түс көруге қатысты психологиялық құбылыстарды жинақтап, оның түрлі берілу пішіндерін парықтап, түгендеп, жан-жағын жұмырлап, теп-тегіс әрі толыққанды, көлемді етіп беру. Және оның кейіпкерлерінің көрген түстерінен, оны жору суреттемелерінен сол

кезеңнің лебі сезіліп тұрады. Кейіпкерлерінің түр-сипаты да, сөз саптауы да, ойлау жүйесі де, тұрмыстық ұстанар заттары да сол дәуірге сай туған. Сондықтан да көңілге күдік ұялатар көрініс, нанымсыз оқиға оның шығармаларында кездеспейді. Соның бір дәлелі де осы – Кіші ханымның түсі. Көркем әдебиеттегі түс көрушінің ұйықтар алдындағы, түс көру сәтіндегі, тіпті түстен кейінгі дене мен ішкі жан сезімдеріндегі әрбір психологиялық құбылысты қалт жібермей кеңінен толғап, тереңнен қозғаған қаламгер қатаң бақылаушы, қыбыр еткен қозғалысты аса қырағылықпен қадағалауға құмар.

Дүниеде тән опасыздығынан ой опасыздығының ауыр екендігін ежелден жақсы білетін Әмірші жан мен сананың өзгеге арналғандығын кешіре алмады. Осы опасыз Түс кесірінен он саусағынан өнері тамған жас жігіт екі бірдей көз бен қолдан айрылып, домаланған тас секілді зынданға тасталды. Кіші ханым кешірілмес күнәға батты.

Жазушы әдеби түсті, одан кейінгі ой-толғаныстарды, сезім мен ой қайшылықтарын, атап айтқанда ашу-кек, опыну мен ақталу, өзекті өртеген өкініш пен налу, күйзелу мен күйреу т.б. секілді толып жатқан ойлау процесінен туындап жатқан сыртқы психологиялық сәттердің т.б. бірінде не көзден не көңілден таса етпей егжей-тегжейлі баяндайды. Және ол баяндаулар үстірт, сырттай бақылаудан туған оқиға тізу емес, әрбір қалт еткен қыбыр-қимыл арқылы ой айту, образ ойнату, өмірдің өміршең өнегесін көксеу адам тағдырының мәңгілік құндылықтарын меңзеу бар. Оны да бір сәт бақылап көрелікші:

“Сүйегін сүйреткен ебіл-дебіл бір хал. Енді ханымға бұл дүниеде, бұл тіршілікте ешқандай қызық қалмағандай. Дарға асса да, басын шапса бәрібір, өз күнәсін, өз қылмысын мойындап болған... Көңілін түсінде жеңген әзәзіл өңінде жеңбей ме?.. (153-б). Өз қылмысын өзі осылай мойындаған /мойындауға мәжбүр еткен-түсі Г.П./ Кіші ханым Әміршіге деген адал көңілі, ендігі өмірінің мәнсіздігі т.б. туралы ой арпалысына түседі. Оның бүкіл өмірін өксітіп қойған бұл түстің нендей құдіреті бар? Кіші ханымды да, Әміршіні де, оқушысын да ойлантып қойған осы әдеби түс. Оның айтпағы – тек ой опасыздығы ғана емес оны жүзеге асырып отырған табиғат пен Ар-Ақиқат алдындағы адам атаулының әлсіздігі.

Кіші ханым шебер жігіттің таза да адал махаббаты алдында әлсіздік танытса, Әмірші – Табиғат пен Ақиқаттың алдында, яғни Кіші ханым мен шебер жігіттің жастығы мен таза махаббатын “күш – айбат”, дақ пен байлық арқылы табындырып, жас жүректі жаулап алмасын мойындайды. Романдағы кейіпкердің түс көру үзіндісін талдау міне, осындай мәңгілік мәмлеге келмейтін жас пен кәрінің, тазалық пен байлықтың, махаббат пен жауыздық секілді екі әлемнің қақтығысын, сезім сәйкессіздігін астарлап жеткізеді. “Жұмыр басты пенденің кез-келгеніне лайық күйбең тірліктің қарапайым рахатынсыз қонған бақ пен даңқтың қай-қайсысы да соқыр тиынға тұрмайды екен” (175-б). Бұл – Әміршінің әлгі түстен кейін сол түске қатысты үш адамның (Кіші ханым, шебер жігіт, өзі – Әмірші) тағдырын толғана келіп түйген түйіні.

“Аңыздың ақыры” дейтін төртінші тарауда Әміршінің өз түсі баяндалады. Мұнда да жазушының терең ойлы, әлеуметтік-философиялық мән-мағынасы терең адам жанының ішкі иірімдеріне үңгірлей, қазбалай үңілетін айшықты стильдік мәнері айқын көрініп тұр. Дарынның кәсіби даралық шеберлігі де осы түс көру тәсілін ерекше бейнелеп беруімен ұштасып жатқандай.

Оқылық: “Ол мынау қарғыс атқан қағынды өлкеден алыстаған сайын басындағы зіп-зілдей тәжден, үстіндегі оқалы киімнен арылып, тұла бойы жеңілейіп бара жатқандай көрінді. Бір уақытта тіпті иығындағы лыпа ихрамға айналып кеткен екен дейді...”. 185-188 беттерге дейін созылған әдеби түстің қысқаша мазмұны осындай. Автор Әміршінің көрген түсін ертеңіне еске ала отырып, ондағы әрбір детальға, әрбір іс-әрекет пен оқиғаға талдау жасау арқылы жадында қайта жаңғыртады: “Есіне таң алдында көрген түсі оралды. Анау қарлы шындар түсіндегі Арафа мен Мұздалифтің, Саф пен Мәрудың күйген бауырдай қоп-қоңыр шоқыларына, көп шуылдақ қиқу салып аң қуып жүрген көк жасыл қойнау аяғыңды бассаң бұрқ-бұрқ шаң ұшқан Мин алқабына атымен ұқсамайды. Алайда, түсінде көрген өңірдің шаң-тозаңы, ыстық жалап кеткен топырақтың күңірсік иісі көкірегіне біржола орнап қалғандай. Ғұмыры көрмеген алыс өлкенің көз алдына тап осынша анық сайрап келе

қалғанына қайран қап отыр. Әлде қажыға сан рет барып қайтқан пірінің әңгімесінің әсері ме екен. Кешелі-бүгін ойына да алмаған жер түбіндегі киелі өлке бұның түсіне неге кірді? Әлде ата-баба бұған басындағы мына дағдарыстан қалай шығудың жолын меңзеді ме... Шынында да, осы хажыға неге бармайды?... (191-б). Осылай өз түсін өзі ұзақ ойға беріле отырып, болжауы осындай тосын түйін жасатты. Көркем туындыдағы әдеби түс-географиялық та, математикалық та өлшеуге симайтын тек көркемдік уақыт пен кеңістік секілді категорияға тән шексіздігі мен еркіндігін де осы жерде айқын көрсетеді. Жер жаһанды жаулаған Әмірші болса да ғұмырында бір рет жолы түспеген өлкені тап өңінде көргендей тау-тасына, топырағына дейін анық көріп, Құранды да өз құлағымен өңіндегідей естуі, елге сүйдірген қағбаның бұдан қашып сүйдірмей қоюы да тек әдеби түс көруді талдау арқылы жүзеге асатын қиял-ғажайып оқиғалар, эмоционалдық, психологиялық, сезімдік құбылыстар, эстетикалық құндылықтар екендігін дәлелдей түседі.

Әдеби түсте бейнеленген оқиғаның өтіп жатқан жері – Мин алқабы, мұнда түс көруші кейіпкер көп сынақтан өтеді. Мұндай сынақ роман кейіпкерінің басына түскелі отыр. Көркем шығармадағы әдеби түстегі пейзаж кейіпкер өміріндегі табиғатпен мүлдем қайшы. Әмірші аулындағы қарлы шыңдарға Арафа мен Мұздалифтің, Саф пен Мәрудің шаң басқан шөлі кереғар. Бұрын-соңды өңі түгілі түсінде көрмеген бөтен өлкеде Әмірші өмірінде білмеген қорлықтың, сынақтың бәрін көріп бағады. Өлемді билеген Әміршімін деп ойлаған ол да көп пенденің бірі екен. Тіпті түсінде кім-көрінгенге ұстатып жүрген қағба тасының бұл келсе ұстатпауы да көңіліне күдік ұялатып, ойын аласапыран етеді.

Ә.Кекілбаев өз шығармаларындағы түстерде ертегілік уақытты /сказочные время. М.Бахтин ендірген термин. – Г.П./ көп қолданады.

Әміршіні әрі-сәрі күйге бөлеп, арғы-бергі күнәларын тізуге мәжбүр еткен әдеби түс одан арылудың да жолын қарастыруға жөн сілтейді. Ол қажылыққа барғысы келіп, үнемі түс жорытып, әр жорық алдында батасын алатын Піріне келеді. Алайда ол: “ – Жаратқан ие, ата-баба, желеп-жебеуші, әулие-әмбие, ақыл қосса, ол тұспалдары соқырға таяқ ұстатқандай сайрап тұрады. Кие үркіткен, әруақ ренжіткен жерің бар шығар, балам, ойлан, – деді де тыйылып қалды” (197-б). Далалық жұрағаттар жады мен өмірлік-тәжірибелік болжамында сан ғасырдан бері орын алатын діни-мифтік, этнографиялық салт-сананы танытатын түсті тек жақсылыққа жоруға тырысқан. Әмірші түсі жаманшылықты тұспалдаса да өзі іштей жақсылықты тілеп келсе де Пірі ыңғай бермеді. Әміршінің рухани күйреуі, міне, осы тоқырау түсінен басталады.

Әлгі түстен кейінгі тынышын тонаған сансыз сауалдарына көңіл орнығатындай жауап ала алмаған Әміршінің көңіл күйзелісі, күдік пен күмәнға толы көңіл-күйі жан дүниесіндегі арпалыс шығарма соңына дейін үздіксіз жүріп жатады. Жалғандағы жалғыз жанашыр деп жүрген Пірінің өктем пішінінен, жарытымсыз сөзінен соң біржола өмірден безген Әмірші рухани тоқырауға, адамдық, моральдық тұрғыдан күйреуге ұшырайды. Кеше ғана бүкіл ғұмырының мән-мағынасына айналған ел билеу секілді астамшылық ой-арманы осы түстен соң-ақ аяқасты болып, күл-талқаны шығады. Тіпті, мына өмірден баз кешіп, Қажылыққа да барғысы бар, күнәсінен айрылғысы да келеді. Бірақ, Пірінің пұшайман пішінінен соң, күрт өзгеріп, тынышын тонаған беймаза тірліктен, осынау опасыз дүниеден біржола безудің бірден-бір жолы жорық, ұлы жорық деп шешеді де шұғыл сапарға аттанады. Бұл сірә, соңғысы да болуы мүмкін?! Әрі оның жұмбақ әлемінің шешуін осы ұлы шайқастар шешіп бермесіне кім кепіл?!

Бұл туындының өн бойында осылай өріліп, кейіпкерлерінің ішкі жан дүниелеріне жаңаша жол аша білуі, олардың алуан түрлі хал-ахуалын, көңіл-күйін, психологиялық жағдайларын баяндау шығарма сюжетін дамытуға дәнекер болады. Әрі бұл әдеби түстер оқиғаны өрбітер өлке ғана емес, тап сол жағдайды туғызатын үзік бір үзіндінің өзі болып табылады. Мұның өзі жазушы шығармашылығындағы әдеби түс поэтикасын танып-түсінуге түрткі болары сөзсіз. Ә.Кекілбаев шығармашылығына фантастикалық-реалистік, иллюстративті-психологиялық және сюжетті түс көріністері тән. Шығарма сюжетіне тірек болатын мұндай әдеби түстер оқушының ойында мәңгі сақталады. Сондықтан да оның

түстерін рет санымен санамалап, циклды түстерге жатқызуға болады. Айталық, кіші ханымның түсін бірінші түс десек, әміршінің түсін екінші деп реттеуге болады.

Екінші, Әміршінің өз түсіне тоқталайық: “...Жан даусы шығып: “Хақ тағала қай қызметіңе де әзірмін, – деп айқай салып келеді. “Тек жұртқа жасаған мейірімді маған да қия гөр”, – деп екі етек боп жалбарынып келеді. Бірақ тірсегінен қағып өтіп, шыркөбелек үйіріліп, шыр айнала қашып жүрген қағбаның қасиетті тарғыл тасы бұған бәрібір жеткізер емес” (186-б). Мынадай ауыр жазаға қай пиғылынан тап болғанын, оны неге жорырын білмей дағдарды. Кейіпкердің көркем шығармаға бергісіз мазмұнды, әрбір деталына дейін айқындалған мұндай шынайы, күрделі оқиғалы түстегі әлем, кісі күтпеген көптеген оқыс сезімдік психологиялық көріністерімен көкейде қалатыны бар. Әміршінің түсі, міне, осындай сюжеттік оқиғаға бай, романның көркемдік құндылығын арттырып тұрған символдық, мифологиялық, психоаналитикалық сана актісі екендігін айқындайды.

Сондай-ақ оған аң аулауға барғанда оқыстан шыға келген жолбарыстың неліктен бұған шаппағаны қосымша болып, қайғы үстіне қайғы жамағаны белгілі. Жолбарыс қарсы алдында тұрса да ол өзінің көрген түсі туралы ойланады, оның шешуін тапқандай болады: “Түсіндегі тастың мұны маңайлатпай қойғаны мынадай тосын ажалға көрінген екен” дейді. Алайда ол тірі қалады, есін жиып садағымен атып алған олжасы арасындағы осынау қас-қағым сәтте түсіндегі қара тас секілді Ажалда бұған ұстатпай кетеді. Мұны да жаман ырымға санаған Әмірші енді өзінің Піріне барып, “анау күнгі түсі мен тосыннан тап болып, бірақ шаппаған жолбарыс жайын айтып” жауап тосады. Ол тағы да: “Кие үркіткен, әруақ ренжіткен жерің бар шығар, балам, ойлан”, – дейді де қояды.

Міне, бұлардың бәрі қаламгердің адамды қайта тудыруға және жаңартуға тікелей әкелетін тоқырау түстерінің (кризисных снов) үздік үлгілері екендігін атап айту керек. Жоғарыда атап өткен Әмірші, Жөнейт, Кіші ханым, т.б. секілді жарты әлемді билеген адамдардың тоқырау түстерден соң Адам, Ақиқат, Ажал, Тағдыр алдындағы “аллаларын танып”, өздерінің қанды қолдарымен жеткен жеңістері мен даңқтарының өткіншілігіне өкінеді, жерінеді, мүлдем жаңарады немесе біржола күйрейді. Мұның бәрі тоқырау түстерінің әдебиетте маңызды роль атқаратынын айғақтайды. Кейіпкерлерге өмірді басқаша қырынан танып, түсіндіруге тырысқан мұндай тоқырау түстер Ә.Кекілбаев шығармашылығында көптеп шоғырланған. Сондықтан да Ә.Кекілбаевта түс көрмейтін кейіпкер кемде-кем. Және олар жәй түс көрмейді. Олардың түстері өміріне өзгеріс әкелетін, кейіпкерлердің жан дүниесін, өмірге деген көзқарасын түбірінен жаңартатын түстер. Оған Әбілхайыр, Әмірші, Жөнейт т.б. түстері куә. Олардың бәрі де түстерінен соң өздерінің қанды қолдарымен қиратқан “Өмірдің мәңгі құндылықтарының” қадіріне жетіп, бағалай бастайды.

ӘОЖ 82.09

ҚАЗАҚ ҚАРА СӨЗІНІҢ ҚАРА НАРЫ

(Халық жазушысы, Қазақстанның Еңбек Ері Әбіш Кекілбаев туралы бірер сөз)

Тілепов Ж.

Халықаралық ақпараттандыру академиясының академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор, Халықаралық Жамбыл атындағы сыйлықтың лауреаты

Аңдатпа. Мақалада әдебиетке әу баста ақын, әдебиет сыншысы ретінде келген Ә.Кекілбаев туралы толғаныстар баяндалады. Ә.Кекілбаев қаламгерлігі туралы әдеби құбылыстың тамырын тап басатын алыс-жақындағы замандастарының ой-пікірлері де мақалаға арқау болған. Сондай-ақ қарымды қаламгердің әдебиеттегі орнының биіктігі, қайраткер тұлға екендігі айтылған.

Түйінді сөздер: Әбіш Кекілбаев, қайталанбас тұлға, қарымды қаламгер, ақын, әдебиет сыншысы, замандастар ілтипаты, өшпес із.

Әбіш Кекілбайұлы – әдебиетке келген уақытынан бастап елінің назарында болған қаламгер. Әдебиеттің барлық жанрында қажымай-талмай еңбек етіп өткен ол әуелі өзі мекен ететін Маңғыстау аймағының тұрғындарына частушка аталатын ән-өлеңінің авторы болып көзге ілінді. «Ей, жігіттер, дәмеленбең, Ақеркеге қол созып, Шопан болып келді бізге, жарысқа түс, көрші озып» деп басталатын сол бір жігерлі жырды кезінде тек мектептің ғана емес, бүкіл мәдениет үйлерінің сахнасынан ауылдар мен ауданның әншілері бірімен-бірі жарыса талмай шырқайтын. Бұл сонау өткен ғасырдың елуінші жылдары жастарының мектеп қабырғасынан мал отарларына шопан, бақташы болып бару туралы жоғары жақтың пәрменіне үн қосқандығын әйгілейтін өз уақытындағы замана тудырған туынды болатын. Сол кезде Әбекең әлде тоғызыншы, әлде оныншы сынып оқушысы еді. Ән-өлеңінің кейіпкері – өздерінің қатар оқып жүрген құрбысы болатын. Автордың өзі де, Ақерке сияқты бүкіл сыныбы мен мал отарларына комсомолдық жолдамамен баруға тілек білдіріп қойғанды. Бірақ, сол кездегі облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы, көрнекті мемлекет қайраткері Нұртас Дәндібайұлы Оңдасынов маңғыстаулықтар қазіргі таңда малшы жастардан гөрі, жоғары білімді маман жастарға ділгер деп, Әбекеңдер мектеп бітіретін жылдың жастарын мал ауылдарына жаппай аттану сапарынан тежеп қалған еді. Сөйтіп, қазіргі қазақтың қабырғалы қалам иесі, мемлекет қайраткері Әбіш Кекілбайұлына 1957 жылы шопан таяғын ұстауға сәті түспеді. Мұнан кейін жалындап тұрған жас қаламгер бағын сынап көрмекке Алматыға аттанды. Сол кездегі республиканың маңдайына біткен жалғыз университетіне келіп студент болды. Күллі адамзат баласы өмір кешіп жатқан бес материкке қазақ сөзімен туындаған шығармалары мәлім Мұхтар Омарханұлы Әуезов сынды ғұлама бастаған данагөйлердің дәрісін тыңдады. Озат студент атанды. Қазақ баласының, тіптен қазақ емес, еңбегінен хабардар әрбір республика тұрғынының дидарлы өндерін бір көрсек деп армандайтын Қаныш Сәтбаев, Сәбит Мұқанов, Ғабит Мүсірепов, Ғабиден Мұстафин, Бауыржан Момышұлы, Ахмет Жұбанов, Мұқан Төлебаев сынды ұлтымыздың біртуар перзенттерінің жүздерін көріп қана қоймай, сөйлеген сөздерін тыңдап, дағуалы ойларының тұңғығына шомуға мүмкіндік алды. Сөйтіп жүріп есейді. Сол студент шағының өзінде ақын, сыншы ретінде қазақ әдебиетінің көш басшыларының назарына ілінді. Университеттің әдебиет бірлестігінің жетекшісі ретінде, ұлы ұстаз М. Әуезовті бірлестіктің жиынына шақырып, алдын-ала дайындалған сұрақтарға деген жауабын алып, өз тұрғысында шағын интервью ұйымдастырды. Сол жиынға ғұлама М.Әуезов қазіргі қазақ поэзиясы, оның жас күштері турасында ағыл-тегіл сөйлеп, ел әдебиетшілерін бір серпілтіп тастаған-ды. Ал, бұл дарабоз қаламгер М. Әуезовтің әдебиеттің жас күштері туралы соңғы рет сөйлеген сөзі еді.

Әдебиетке әу баста ақын, әдебиет сыншысы ретінде келген Ә.Кекілбаев – сөз өнерінің қай жанрында да оза шауып, бәйге алып келе жатқан қалам иесі еді. 1963 жылы «Жұлдыз» журналының бір саны сол кездегі Қазақстандағы жас қаламгерлер туындыларына арналып шығарылғаны көпшіліктің есінде. Сонда өз замандастарына арнап әзіл сөз арнаған Қайрат Жұмағалиев Әбекеңе арнап: «Ерте тұрдың, шулаттың дабыл қақтың, өнердің өзің білген арқасында әртүрлі жанрлардың дәмін таттың» деп, лебіз білдіріп еді. Сол Әбіш, Сол Әбекеңнің шындығында да қалам тербеменген бірде бір жанры жоқ. Оның үстіне бұл әлемдік әдебиеттің небір майталмандарын, классикалық туындыға лайық дәрежеде сөйлеткен тәржімашы.

Қазақ оқырманы көп жағдайда қаламгер Кекілбаевты қай жанрда шығарма жазса да, оны ең алдымен тарихи тақырыпты толық меңгерген туындыгер деп біледі. Тегінде, Әбіш Кекілбаев жайындағы оқырманның бұл пікірін түгелімен ешкімде мансұқтай алмаса керек. Өйткені, сонау студент шағында жазған Махамбет туралы поэмасы да, есейген шағындағы «Абылай хан» драмасы да, алпысыншы жылдардың ақыры мен сексенінші жылдардың басында өмірге келген «Үркер», «Елең-алаң», «Аңыздың ақыры» романдары, «Күй», «Ханша-дария хикаясы» повестері де, «Ұйқыдағы арудың оянуы» мен бес томдық «Сыр десте» атты көркем публицистикалық танымдық еңбектерінің қай-қайсысы да қазақ жұртының тарихынан қандай мөлшерде, қандай дәреже де болса да сыр бөлісетін еңбектер.

Әбекең өз халқының тарихының бүге-шігесіне дейін білу үшін, қазаққа қатынасы болуы мүмкін-ау деген әрі-берідегі Ислам елдерінің, моңғол ұлысының, славян елдері қауымдастығының, батыс-шығыс еуропа жұртының, тибет діндарлары, қытай жұрты, жоңғар-қалмақ одақтастығы, Алтынорда, Әмір Темір ұлысының өмірінен хабардар ететін мағұлматтарды зерттеп, зерделеуге талай жылдарын жұмсады. Мұның өзі оған, түптеп келгенде тек қазақтар мен қазақтарға кіндіктес, тағдырлас жұрттардың ғана жеткен жетістігі мен шеккен мехнатын бажайлауға ғана емес, бүкіл әлем елдерінің өскелең өркениеті мен өткен өмірінен айтарлықтай хабардар болуға қол жеткізді. Ал, осы білімдарлық оған тек көркем шығармалар жазуда ғана емес, кейін еліміздің тізгіні өз қолымызға тиер тұстағы, одан берідегі өміріміздегі мемлекеттік, қоғамдық қайраткерлік істерінде оң-терісті дұрыс пайымдай білуде айтарлықтай көмегін тигізді. Бұны Әбекеңнің қатардағы қалам иесінен, бүкіл адамзаттық деңгей ауқымында ойлай алатын кемеңгерлікке жету жолындағы ізденіс іздері деп түсінуге болады.

Асылы, белгілі бір халықтың өзге жұрттардан қор еместігін біліп жүруі үшін оның елдік санасын қалыптастыратын ғылыми тұғыры мықты төл тарихы жазылуы шарт. Тарихи дәуірлерінің беденін қапысыз түсірген көркем шығармалары болуы қажет. Ол үшін ХІХ ғасырда орыс елінің тарихын жазған Н.Карамзинге көрсетілгендей, бейнетқорлардың қолын қақпайтын қамқорлық керек. Ондай қамқорлықты кешегі қызыл империяның заманында да, онан ілгеріде де қолына қалам ұстаған қазақ азаматының көруі мүмкін еместігі өзінен өзі түсінікті. Жақыннан дүрбімен, алыстан «телескоппен» көз алмай сығырайып отырған сығырлар өз тарихыңды өзіңе жамандатуға күштеп отырған кезде жөні түзу тарих қалай жазыла қойсын, міне, осы жағдайлардың барлығы тек Кекілбаев – қаламгерді ғана емес, отызыншы жылдардың жұтынан аман қалған М. Әуезов бастаған ағалары мен кейінгі өзінен бір-жар мүшел ересектерді де, өзі тұстастарында елдегі ахуалдың қабағына қарай отырып, халыққа ой салатын шығармалар беруге мүдделі етті. Бұл тарапта Әбекең өзі айтатын: «Әлемдік әдебиеттің эзелден бергі өзегі – эгоизм мен әділет арасындағы қайшылық» мәселесін Шыңғыс хан, Әмір Темірден бастайды. Дүниеқоңыздық, ашкөздік секілді адам бойындағы дерттерге таңқалып, сонымен күресіп жүрмін деп, ойлайтын Шыңғыс ханның өзі әйел намысы, ел намысы, жар намысы үшін өзін құрбандыққа шалған төмен етекте Гүрбелжиннен сазайын тартады. Сөйтіп, осы кезге дейін өзі күресіп жүрмін деп ойлап келген ынсапсыздық бір сәтсіз күні өзін баураған тұста соның қақпанына түсіп, ақыры содан көз жұмады. «Аңыздың ақырындағы» әмірші де солай, даңқ жолындағы өзінің күрескерлігі ақыр аяғында өзінің түбіне жетеді.

Халқына жаңа тарихи сана қалыптастыруға аянбай қайрат етіп өткен кемеңгер бүгінде «саяси тәуелсіздікке қол жеткіздік, енді рухани тәуелсіздікке қол жеткізуіміз керек. Тарих ездікке емес, теңдікке бастайды. Ескілікке емес, жаңалыққа ұмтылдырады,» -дей келіп, қазіргі жағдайда әлем елдерінің барлығының бір-бірінің сұраныстарына (бірі шикізатқа, бірі озық технологияға, бірі қаражатқа, бірі жұмыс күшіне мұқтаж) назар аудармай тірлік кеше алмайтынын, сондықтан біздің отандастарымыздың : «аңғал сана, шолақ көзқарастан» аулақ болуы елдіктің тұғырлылығына қызмет етеді деп білген еді.

Жазушыға роман жанры мен әдеби сын тағдыры, жалпы ұлттық әдебиеттің келешегі, соның ішінде автордың келешекте қандай көркем шығарма жазғысы келетіндігі туралы баспасөз бетінде бірсыпыра сұрақтар қойылып, оған Әбекең орнықты да айқын жауаптар беріп келді. Мәселен, ол «жазушы ретінде ұстанған принципіңіз қандай» деген сұраққа: «қаламдастарыңның жазғандары көңіліңнен шығып жатса –айтқың келсе, айт. Шықпай жатса –ауызыңды ауыртпа. Өзгені жамандаған өз қадірін түсіреді» деп жауап береді. Шындығында, автордың М. Әуезов, Ғ. Мүсірепов, Ғ. Мұстафин, Ш. Айтматов, Ә. Тәжібаев, Ә. Сәрсенбаев, Қ. Мұхамеджанов, З. Қабдолов, Ә. Нұрпейісов, С. Қирабаев, М. Мақатаев, Ш. Мұртаза, Т. Айбергенов, Ф. Оңғарсынова, М. Сатыбалдиев, С. Оразалин, Н.Оразалин, Қ. Жұмағалиев, Т. Медетбеков, Д. Исабеков, Т. Әбдіков, А. Сейдімбеков сынды қаламгерлер туралы, А. Жұбанов, Е. Рахмадиев, С. Шәкіратов, Н. Үлкенбаев секілді өнер адамдары жайлы толғаныстары мен Б. Әшімов, Ө. Жәнібеков, Қ. Тұрысов, И. Тасмағамбетов, Қ. Сұлтанов, Т.

Қағазов, Н. Марабаев, Б. Жұмалиев секілді мемлекет пен қоғам, ғылым қайраткерлеріне арналған тебіреністері соның дәлелі.

Қарымды қаламгер Әбіш Кекілбайұлының бүкіл шығармашылық өнерін шағын ғана бір мақаланың көлемінде түгелдеп шығу мүмкін де емес, және оны жазып отырған автор өзіне ондай мақсатта қоймайды. 1982 жылы Германияның «Фолк унд вест» баспасының Луй Арогон, Тагор, Стейнбек, Пастернак, Блок, Айтматов, Ғамзатов сияқты жиырмасыншы ғасырдың үздік жүз қаламгерінің қатарында оның есімін атауының өзі көп жайларға көзіңізді жеткізеді. Демек, ол – әлемнің небір кірпияз оқырманының талғамына толық жауап берген саңлақ қаламгер, нағыз дәуір суреткері. Олай болса, оның көпке беймағұлым атамзамандағы жазба деректермен сәйкес кеп, ел аузындағы аңыз әңгімелермен шебер астасатын тек тарихи тақырыпқа жазылған туындылары ғана емес, бүгінгі күннің өзекті мәселелерін көтерген «Автомобиль», «Тасбақаның шөбі», «Бір шөкім бұлт», «Құс қанаты», «Шеткері үй», «Бір шоқ жиде» секілді шығармаларының да адам жанының қалтарыстарын қапысыз өрнектей білген суреткерлік қасиетін айна-қатесіз көрсететіндігіне күмәнданбайсыз.

Ә.Кекілбаев қаламгерлігі туралы әр кезде де әдеби құбылыстың тамырын тап басатын алыс-жақындағы белгілі-белгілі замандастары үзбей пікір білдіріп келеді. «Адамзаттың Айтматовы» атанған Шыңғыс аға мен «Қазақтың Қабдоловы» атанған Зейнолла ағадан бастап, өзімен ұзақ жылдардан бермен қарайғы үзеңгілес әріптесі Герольд Бельгер мен мектептес досы Сайын Назарбековке дейінгі авторлар есімдерін тізер болсақ, біраз тізімді құраған болар еді. Солардың ішінде әсіресе кейінгі Әбекеңнің 70 жасқа келіп жатқан мерей тойы үстіндегі академик Серік Қирабаев ағасынан бастап, замандас тұрғыластары Мырзатай Жолдасбеков, Рымғали Нұрғалиев, Нұрлан Оразалин, Темірхан Медетбеков, Қансейіт Әбдәзұлы, Өмірзақ Озғанбаев, Әбілқайыр Спанов, Есенбай Дүйсенбаев, Қадыр Жүсіп, Боқай Қожыров, Бектұр Төлеуғалиев, Жанбиді Дүйсенбаева, Ғалым Әріпов, т.т ондаған авторлардың риясыз көңілден айтылып жатқан лебіздері өркені өскен елдің өз жүйрігіне деген сүйсіністері мен мақтаныштарын паш ететін-ді.

Ә. Кекілбайұлы – халық жазушысы, академик, мемлекеттік һәм Республика Президенті сыйлықтарының иегері. Абыз қаламгер 70 жасқа толғанда оған Республикамыздың тұңғыш президенті Н.Ә. Назарбаевтың жарлығымен «Қазақстанның еңбек ері» аталатын мемлекетіміздің ең жоғарғы атағы берілді. Сол атақты халыққа жария еткен салтанатты жиында Елбасымыз Әбекеңе жүрек жарды лебізін төмендегіше білдірген еді: «Бүгін еліміздің мәдени-рухани өміріндегі жарқын да жарасымды, абзал да ардақты, мерекелі күннің бірі. Көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, қазақ әдебиетінің саңлағы Әбіш Кекілбайұлы 70 жасқа толып отыр. Әбекең қай қиырға салсам да қиядан көрінді, қай тереңге салсам да бойлап та, ойлап та шыға білді. Қазақ әдебиетінің ғана емес, қазақ саяси ойлау жүйесінің жаңа белестерін қамтитын сындарлы толғаулар мен салдарлы мақалалар жазды. Тіл тағдырын, діл тағдырын, дін тағдырын ұштастырған ұлағатты пікірлері мен ұрымтал ойлары жұртының жүрегіне жетті. Мемлекеттік кеңесшім, ұлттық саясаттың ұраншысы болды. Кәсіби парламенттің тұңғыш төрағасы болды, ел парламентаризмнің қалыптасуына үлес қосты. Мемлекеттік хатшы болды. Қай қызметтің тізгінін ұстаса да жоғары жауапкершілік, өз халқына деген перзенттік парыздан айныған жоқ. Шіркін-ай, осындай қазақ көп болса екен деп тілеймін! Сондықтан да бүгінгі той тек Әбіш Кекілбайұлының емес, күллі қазақ мәдениеті мен өнерінің, қазақ руханиятының тойы». Осы сөздерде Әбекеңнің мемлекет пен халқы алдындағы абыроймен атқарған істерінің барша көрінісі айна қатесіз бейнеленген. Елбасымыз сол жиында Әбекеңе ел көкірегіндегі сезімді ел атынан тебірене отырып, кеңінен толғаған-ды.

Кез келген алқалы жиынның төрінде отырып елді ұйытар, бір елдің ғана емес, бүкіл ғаламның адамгершілік жолындағы күрескер қаламгерлерін тапқыр ой толғақты лебізімен тебіреніп алар - қазақ қара сөзінің қара нары, сол Әбекеңнің биылғы мерей тойын елі, қабырғалы халқы өзінсіз атап өтуде. Бұл-бір жағынан өкінішті. Бір жағынан ел перзенті, ел ағасы бола білген, абыз қаламгерлікке жеткен ұлт мақтанышын өмірге келтірген халқы үшін, бұл да- шүкір етер жағдай...

2-секция
Ә.КЕКІЛБАЕВ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ТІЛДІК ТАНЫМ

ӘОЖ 811.512.122

Ә.КЕКІЛБАЕВ ТІЛІ: ДҮНИЕТАНЫМ, МЕНТАЛИТЕТ, ҰЛТТЫҚ ӘЛЕМ

Абдрахманова Ж.М.

Филология ғылымдарының кандидаты
Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті

Аңдатпа. Мақалада кемеңгер жазушы Әбіш Кекілбаевтың шығармаларындағы ұлттық тіл мен халық дүниетанымының бірлігі мен сабақтастығы лингвомәдениеттанымдық зерттеу тұрғысынан қаралады. Жазушының шығармалары ұлттың менталитетін, ұлттың мәдени, тұрмыстық әлемін бейнелейтін лексика қолданысымен ерекшеленеді. Мақалада ұлттық дүниетанымдық лексиканың жазушы шығармаларындағы түрлері, қолданыс ерекшеліктері, тілдік қоры талданған. Ә.Кекілбаевтың публицистикалық еңбектеріндегі саяси-әлеуметтік лексиканың дүниетанымдық сипатына шолу жасалған.

Түйінді сөздер: Ұлттық дүниетаным, дүниетанымдық лексика, менталитет, «дүние» ұғымы қолданысы, тіл мен дүние тұтастығы.

Тіл – ұлт дүниетанымның, тарихының, барлық бітім-болмысының көрінісі екені айқын. Сондықтан ұлттық үрдіс пен ұлт тілінде жазылған кез келген шығарманың негізінде аталған дүниетаным, тарих, бітім-болмыс ұғымдарымен қатар сол ұлттың өмірі, өмір сүру сипаты, ұлт қоғамында болған оқиғалардың ізі, ерекшеліктері жатады. Сол өмір сүру сипатына, басынан кешкен оқиғаларына байланысты ұлт тілінде көптеген ұғымдардың да қалыптасатыны негізді. Бұл ұлт тілінің сол ұлттың дүниетанымынан хабардар ететіндігін дәлелдей алады. Демек, ұлт дүниетанымының негізгі көрінісі – тіл. «В языке народ выражает себя полнее и многостороннее, чем в чем-либо другом Все, что есть у народа в его быте и понятиях, и все, что народ хочет сохранить в своей памяти, выражается и сохраняется языком» деген орыс зерттеушісінің сөзі осы ойымызды дәлелдейді [1,573].

Кез келген халықтың этномәдени тұрмысын ұлттық тілдің жетегінде, әлеуметтік мәдениеттің ауқымында, дүниетанымын қоғамдық ғылымдар аясында сөз ету мәселесі этнолингвистика ғылымында қарастырылғанымен, осы құбылыстың қоғамдағы әлеуметтік-мәдени өрісі – лингвомәдениеттанудың еншісіне тиіп отыр. Бұған дәлел ұлттық танымның қыр-сырын барынша толық жеткізуге ұмтылған, ұлттың тыныс-тіршілігіне тарихи тұрғыдан келіп, оны өз шығармаларында жан-жақты тарихпен байланыстыра отырып жеткізуге тырысқан қазақтың кемеңгер ойшылы, классик жазушысы Әбіш Кекілбаев шығармалары тілінен кездестіруге болады. Сондықтан да жазушы Ә.Кекілбаев шығармаларының тілі бүгінде этнолингвистика мен лингвомәдениеттану салалары тұрғысынан құнды зерттеу объектісі болып табылады.

Осы мақаланың зерттеу объектісі болып отырған ұлттық дүниетанымның тілдегі көрінісін ойшыл жазушы Ә.Кекілбаев шығармаларынан мысалдар келтіру арқылы дәлелдеуге болады. Бір ғана «дүние» сөзін жазушы «дүдамал дүние», «күдік-күмән дүние», «күмілжіген дүние», «дүние әлі дүрбелең», «қырық құбылған дүние» сияқты «дүние» туралы толғаныстарды, дүниені қабылдаудың, ұғынудың сан қилы тарихи, адами ситуациядағы көріністері бейнеленген концептілік жүйені байқаймыз. Осы ситуациядағы адамдардың көңіл-күйі, яғни психологиялық жағдайы, сенімдері мен күйініштері, қуаныштары жан-жақты көрсетілген. Дүниенің адами-мәдениленген бөлшегі ретінде социумдағы адам өмірі, қоғамның тарихи дамуындағы өзгерістерді, құбылыстарды суреттеуде Ә.Кекілбаевтің жазушылық шеберлігі, тілдік құрал арқылы молынан жіктеліп көрінетін тұстары оның шығармашылығындағы дүниетанымдық лексиканың топтарын құрайды.

Жазушы Ә.Кекілбаев өз шығармаларында «дүние» ұғымын кең көлемді аспектіде пайдаланған. Соның ішінде жеке адамның субъектілік ішкі көңіл-күйін объектілікке айналдыратын тұстары да аз емес. Жазушының «Аңыздың ақыры» шығармасында «опасыз дүние», «жарық жалған», «жалған дүние» сияқты тіркестер бір жағынан жалпы ұлттық қабылдаудың тілдік формалары болса, екіншіден, бұл жерде олар нақты контекстке ие. Мысал келтірсек, “Опасыздық” – сенімсіздік, сатқындық, яғни бұл дүниеге нық сенімді болуға болмайды, сақтық керек. Әйтпесе, “опасыз дүниенің” тағы бір пұшпағынан өзіңнен гөрі мықтырақ басқа біреудің сыпаң етіп шыға келуі оңай [2.10]. Осы сөйлемде өзі опасыздықты көп жасаған күдікшіл Әміршінің барлық адамдарға көзқарасы, мүмкін өзінің де соның бір бөлшегі екенін мойындауы болар.

«Жарық жалған» – қарама-қарсы мағынадағы тіркес. Ұлттық дүниетанымда жарық тек қараңғылықтың антонимі емес, абстрактілік, философиялық мағынаға ие сөз. Бұл жерде «жалған» - тек шындықтың қарама-қарсы мәні емес, өткінші, тұрақсыз дүниенің сипаты. Демек, «жарық жалған» – өткінші дүние.

Ал, «Автомобиль» хикаясында махаббаттан жолы болмаған жігіт дүниені кінәлап: «көлгір дүние» – дейді. Өзінің сол сәттегі көңіл-күйін түсінбеген немқұрай адамдар «... Елемесі бар, Өтемағанбеті бар, Оразымбеті бар – көлгір дүниені енді қайтып көргісі келмейді» [2.368 б.]

Кейіпкер өзінің екі-үш адамға деген ренішін (тіпті олар тікелей кінәлі болмаса да) бүкіл әлемге деген ренішке айналдырады, одан безгісі келеді. Сондықтан «... мынау бейшара дәрменсіз дүниені сол талтаңбайлар-ақ табанына салып таптай берсін», - деп шешеді [2.369]. Біріншіден, осы сияқты психолингвистикалық иірімдер этномәдени контексте іске асырылады. Екіншіден, Ә.Кекілбаевке тән ұлттық дүниетанымның ерекшеліктері көрініп тұр.

Ә.Кекілбаев өз шығармаларында мифтік танымды бейнелейтін сюжеттерді жиі қолданады. Ә.Кекілбаев шығармаларындағы қазақ дүниетанымының тұрақты элементі болып жиі кездесетін құбылыстың бірі – түс. Түстің қазақ менталитетінде танымдық сипаты ерекше. Сондықтан да ол ауыз әдебиетінде жиі кездесіп, қазіргі жазушылардың шығармаларында да үлкен сюжеттік роль атқарады. Түс – шындық дүниесімен параллель құбылыс десек, Ә.Кекілбаев шығармасында оның кейіпкерлер тағдырындағы атқаратын ролі зор.

Мысалы, «Әбілхайыр ханның түс көруі», «Шыңырау» әңгімесіндегі «Еңсептің түсі» немесе «ант беру дәстүрі» сияқты көріністер этностық болмысты айқындайтын мифологиялық танымның әсерінен туындаған деп ойлаймын.

Түске байланысты іс-әрекет, әдетте, екі кезеңнен құралады: а) түсті көру; ә) түстің сырын аштыру (жору) (курсив біз - А.Ж.).

Ә.Кекілбаев – түсті көруші мен оны жорушының көңіл-күйін, психологиясын ұлттық таным тұрғысынан жан-жақты аша білген философ жазушы. Соның ішінде дәстүрлі дүниетанымда түс жорушылардың құдіреттеріне байланысты «құмалақ шашу, жауырын қарау, бал ашу» сияқты ұғымдарды қолданады.

Жазушы шығармашылығында ол былай суреттеледі: Әбілхайыр ханның келу себебін Тайлан өзінше жорамалдайды: “Шамасы, мұның құмалақ шашып, жауырын қарайтын шайқы-бұрқылынан дәмәтіп келген шығар. Кешелі-берлі арқасы құрыстап жүргізбей жүр еді. Біреу-міреу бал аштыра келеді-ау деп, таң атқалы бері, жан-жаққа көзі боталап көп қарап еді. Осыған көрінген ғой.

Бал аштырғалы келдің бе, жоқ түс жорытқалы келдің бе? – деді Тайлан» [3. 235 б.].

Түс көру, түс жору сияқты дүниетанымдық ұғымдар Ә.Кекілбаевтің шығармаларындағы жиі қолданатын көркемдік-мазмұндық әдісі деуге болады. Олай дейтініміз, жазушының шығармаларында екі дүние: шындық, тәндік дүние мен түстік, символдық дүние қатар жүреді

Ә.Кекілбаев шығармасының тілдік қолданысы, ондағы өзіндік ерекшеліктер ғана емес, жалпы ана тілін қолданушы ретіндегі Ә.Кекілбаев тұлғасы тіл мен дүниетаным

тұтастығы тұрғысынан айқындала түспек. Бұл қазіргі орыс тіл білімінде зерттеліп, айтылып жүрген тілдік тұлға ұғымымен тікелей байланысты. Бұл әрі кең мағынасында жалпы тілдің тіл ретіндегі жеке тұлғалық ерекшелігін, тіл ретіндегі мүмкіндігін анықтауға, тілдің ұлт тілі ретіндегі өзіндік сипатын нақтылау, әрі жеке тілді қолданушының тілдік байлығын, тілдік қолданысындағы шеберлікті дәлелдеу үшін қажетті тілдік зерттеу бағыты болып табылады.

Ұлт дүниетанымды тек ойлау сияқты жалпылау ұғыммен қатып қалмайтындығын айта отырып, осы бағыттағы дүниетанымдық лексиканың сипатын, қазақ тіліндегі дүниетанымдық лексикалық қабаттың аталған талаптарға жауап беру сипатын нақтырақ мысалдармен көрсетіп көрейік.

Мысалы, Ертең қылыш болса, төбесінен аузын арандай ашып тажал төніп тұрған бүгіннің не қажеті бар? Бірақ бүгін мәңгілік болса, ажалсыз болса, кешегілер қайда? Кеше бұнымен тіке тіресіп арыстандай арпалысып жүргендердің көздеріне қалай құм құйылды? Оларды омақастырған тек бұның аяу білмес алмас қылышы ғана ма? Жоқ. Ең алдымен, өздері, өздерінің әлсіздігі. Кеше деген әлсіздіктің екінші аты. Бүгін әлсірей-әлсірей кешеге айналады. Ал бет қаратпас алапат күш бүгін түгілі ертеңнің өзімен белдеседі. Күштіліктің шын аты - Мәңгілік...

Мәңгілікпен сол бетқаратпас алапат күш қана тіл табыса алады. атасын танымас алып күштің Мәңгіліктің дәл өзіндей ажалы жоқ. [3, 8 б.].

Осы мәтінде ертең, бүгін, кеше, мәңгілік сияқты сөз қолданыстары біріншіден, ауыспалы мағынада беріліп тұр. Екіншіден, бұл сөздер мәтінге этнопсихологиялық мазмұн үстейді. Үшіншіден «уақыт» сияқты философиялық категорияны ұлттық дүниетаным мен ұлттық тілдің ерекшелігі тұрғысынан әсірелей, метафоралық тұрғыдан суреттейді.

Ә.Кекілбаев шығармаларының көркемдік ерекшелігін ашып тұрған сөз қолданыстарының бірі – ұлттық-дүниетанымдық лексика. Бұл лексикалық құрылым тарихи шығарма ретінде Ә.Кекілбаев шығармаларының көркемдігі мен мазмұнын, ондағы тарихи дәуірдің болмыс-бітімін, тіршілік-тұрмыс қалпын ашып беруде үлкен қызмет атқарады. Бұл ойға қатысты мифтік дүниетанымның қазақ тіліндегі көрінісін зерттеген Б.Ақбердиеваның мына пікірін де келтіре кетуге болады: «Сөз дегеніміздің өзі тек қана дыбыстардың тіркесуі емес, белгілі бір мағынаның көрсеткіші, ал мағына болса, қатып қалған нәрсе емес, ол да кеңістік пен уақыт аралығында өзгеріп, дамып отырады. Демек, сөз және оның мағынасының дамуы әрбір қоғамдық даму кезеңдеріндегі дүниетанымдық көзқарастарға тікелей байланысты» [4,12 б.]. Яғни, кез келген көркем шығарма тілінде кездесетін көне немесе тарихи сөздердің, архаизмдердің халықтың күнделікті тұрмыс-тіршілігімен, салт-дәстүрімен байланысты пайда болған өзіндік себептері бар. Ә.Кекілбаев шығармаларындағы ұлттық-дүниетанымдық лексика деп отырған сөздер жиынтығын пайда болу, шығу, қарым-қатынас жасау барысындағы қолданысқа ену себептеріне байланысты бірнеше топқа бөліп қарастыруға болады. Атап айтқанда, тарихи дүниетанымдық лексика, тұрмыс-тіршілік негізінде пайда болған дүниетанымдық лексика, діни дүниетанымдық лексика, психологиялық ерекшеліктерге байланысты пайда болған психологиялық дүниетанымдық лексика. Аталған топтармен қатар жазушының шығармаларында кездесетін ұлттық сипаттағы диалекті сөздердің кездесуіне байланысты диалектілік дүниетанымдық сөздерді де бөлек бір топ етіп қарастырған орынды сияқты. Яғни, бірі тарихи дәуірге байланысты қалыптасса, екіншісі күнделікті тұрмыс-тіршілік қажеттілігінен, үшіншілері ұлт дүниетанымдындағы адам психологиясына қатысты сөздер ретінде және т.б. себептер нәтижесінде сөздік қорымызға енген ұлттық-дүниетанымдық лексика қабаттары болып келеді.

Бұл ойдан шығатын пікір – Ә.Кекілбаев шығармаларының да, ондағы ұлттық-мәдени, ұлттық-дүниетанымдық мақсатта қолданылған сөздердің халық тарихын, салт-санасын танып-білудегі рөлі ерекше.

Ұлттық дүниетанымдық сөздік қорының күрделі-күрделі дегендеріне жазушы өзінің публицистикалық шығармаларында да мұқият мазмұн береді. Мысалы, «Заманамен сұхбат» жинағында ол: «Рухани жансебілдіктің тұяқ серпер шекарасы – тіл», - дейді. Немесе, өзінің

С. Торайғыровқа арналған мақаласында: «Ақын көңіл маңайынан арзымсыз мінез, аяр қылық, бәтуасыз шындық көрді...», «Көріп жүргені-көңілге азар болмаса, ләззәт дарыта алмас дозақы құлық, тозақы тірлік ед»". Автор С.Торайғыров заманы болсын, қазіргі заманды суреттесін таза қазақы ұғымдарды немесе теңдеулерді шеберлікпен қолданады. Қазақ тілінің мүшкіл халін, оның қазақтың рухани өміріндегі маңызын афоризммен суреттейді. «Рухани өлудің ақыры – «тұяқ серпері» - тілдің жойылуы». Ә.Кекілбаев осыны бауыздалған малдың жаны шығардағы соңғы әрекетпен теңестіреді. «Жансебілділік» - төзімділік, сірі жандылық. Демек, рухани шыдамның бітер жері-тілдің жойылуы. Міне, осы сияқты сөздік қолданыстарды

Ә.Кекілбаев белгілі қайраткерлер заманы туралы сөйлегенде шебер тілін, теңеулерін аямайды. Ұлы күйші Құрманғазыға арналған «Күй тәңірі» атты сөйлеген сөзінде қоғам, адам, әлем туралы көркемдік мәнге толы сөздер айтады: «дүние әлі дүрбелең; сезім әлі сергелдең; адам абыржулы; қоғам қобалжулы» [5, 486].

Осылайша жазушы заманның өтпелі кезеңіндегі жағдайды әлемдегі түсініксіз, тұрақсыздық, көңіл-күйдің бір тоқтамға келмеуі, адамның тосылуы, қоғамның толқуы мағынасында түсіндіреді.

Осы баяндамадан тағы бір үзінді келтірер болсақ, «... қырық құбылған дүниенің ауанымен кетіп, қырық құйқылжи берсе, құрдымның түбінен шығуы мүмкін» [5,486].

Дәстүрлі қазақ мәдениетінде жиі кездесетін «қырық» өлшемін бұл жерде Ә.Кекілбаев саяси-әлеуметтік тұрақсыздық мағынасында қолданады және соған еріп кетудің қауіптілігін ескертеді.

Қырық, ауан, құйқылжу, құрдым сияқты қазақы ұғымдағы бірліктер жаңа заманды суреттеуде жазушы қаламынан туындаған ұлттық дүниетанымды беретін концептілер қатарынан саналады.

Тағы бір жерде жазушы: «Заманғайым болғанмен, заманғайып әлі болмағаны» [6, 99 б.] деген сөйлем келтіреді. Осы сөйлемдегі «ғайып» сөзінің «жоқ болу, тылсымдық» сияқты мағынасы түсінікті болғанымен, «ғайым» сөзінің мағынасы бізге күңгірттеу.

Сондай-ақ, жағымсыз, арам саяси пиғылдағы іс-әрекетті жазушы былайша береді: «Бұл салада оңды-солды мінез шығарып жүрген аймақтарға» әдейі тиіспей, айтқанынан шыға қоймайтындай, қалпақпен басып ала қоятындай, қойдан қоңыр можантопай жерлерді қарастырады» [6,150 б.].

Немесе, «Алматы, Сумгайт, Қарабах, Ферғана, Жаңаөзен, Рига оқиғалары – бәрі бір көгеннің қозылары» [6,197 б.].

Ұқсас саяси-әлеуметтік жағдайда қақтығыстар болған жерлерді қазақ этноұғымдарын жете меңгерген жазушы байланған қозыларға теңейді. Ортақ тағдырды билеуші орталық кінәсін бір ауыз малшы қазақтың ұғымымен жеткізеді.

Ә.Кекілбаев қаламынан туындаған қоғамдық ой бағытындағы сөз қолданысы зерттеуші Б.Момынованың еңбегінде жан-жақты талданған. Ғалым Ә.Кекілбаев еңбектерінде қоғамдық-саяси лексиканың молдығымен қоса, оның шебер қолданысын айта келе, «қайраткер ретіндегі Ә.Кекілбаев тілі - аса көркем, публицистикалық стиль жанрларының аясына симай, газет тілі заңдылықтарынан шығып, кейбір ресми қасаңдықты ысырып тастайды», - деп, [7,74 б.] өзіндік баға береді.

Бұл ғалым көзқарасымен дұрыс берілген баға десек, оны жазушының тәуелсіздіктің қадірін білуге шақырған мына сөздерінен көруге болады: «бағалай білмегенге бақ тұрмайды, қуана білмегенге құт қонбайды; табына білмеген қауымға пайғамбар бітпейді, бағына білмеген қауымға басшы бітпейді; бірлік содан азып, береке содан тозады. Ол екеуі жоқ жерде тәуелсіздіктің тасы өрге домаламайды. Ал егер тәуелсіздігімізді тәрк етер болсақ, онда бізді кешегілердің киесі ұрып, ертеңгілердің қарғысы атады» [6, 499 б.].

Қазақтың классикалық шешендік өнері стилімен айтылған бұл сөздер «тілдік тұлғаның», Б.Момынова жан-жақты зерттеген кең тынысты жазушының ғана қаламынан шығуы мүмкін.

Қорыта келгенде, ұлттық тіл мен ұлттық дүниетаным тұтастығы идеясы этнолингвомәдениеттану позициясынан Әбіш Кекілбаев шығармашылығына байланысты мынандай тұжырымдар жасауға болады:

– ұлттық дүниетанымдық сөздер көркем шығарма мәтінінің көркемдік мәнін ашып тұратын тілдік бірліктер ретінде кездеседі, яғни, Ә.Кекілбаев шығармаларында көркемдік мән мен ұлттық дүниетаным сабақтас болып келеді;

– Ә.Кекілбаевтың публицистикалық ой-толғамдарының көркемдік сипатын айшықтайтын – дүниетанымдық сөз қолданыстар қазақ тілінің тарихи уақыт пен кеңістіктегі мол қорынан хабар береді және заманауи оқиғаларды, тарихи-әлеуметтік, саяси жағдайларды суреттеудегі ұлттық дүниетанымдық лексикалардың өміршендігін, мол тілдік әлеуетін көрсетеді;

– Ә.Кекілбаев шығармаларында кездесетін дүниетанымдық лексиканы тарихи дүниетанымдық лексика, тұрмыс-тіршілік негізінде пайда болған дүниетанымдық лексика, діни дүниетанымдық лексика, психологиялық дүниетанымдық лексика, диалектілік дүниетанымдық сөздер сияқты бірнеше топтарға айыруға болады. Оның өзі ұлттық тіл мен дүниетанымды келер ұрпақ үшін сақтау және дамыту үлкен мәселе болып отырған қазіргі жаһандану жағдайында жазушы шығармаларының ұлттық тіл тұрғысынан әрі этномәдени жағынан маңызын, құндылығын арттыра түсері сөзсіз.

Ұлттың айнасы – тіл десек, сол ұлт тілі көркем әдеби шығармаларда көрініс тауып, сол көркем шығармалар арқылы ұлттың табиғатын беруге ұмтылады. Белгілі классик жазушы, қоғам қайраткері Ә.Кекілбаевтың шығармалары осындай құнды дүниелерге толы. Ә.Кекілбаев шығармаларының тілдік әлемі, дүниетанымдық әлемі оны ешкімге ұқсамайтын тілдік тұлға ретінде қалыптастырады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Толстой Н.Н. И.И.Срезневский – диалектолог. Учен.Записи Тартуский гос.университет., 1981. – 573 с.
2. Кекілбаев Ә.Он екі томдық шығармалар жинағы.-Алматы. «Өлке»,1999. 1-12 т.т. 1.Т.
3. Сонда, 4-том.
4. Сонда, 3-том.
5. Ақбердиева Б. Лексика-фразеологиялық жүйедегі мифтік-танымдық құрылымдар. (Қазақ тілі материалдары бойынша) // Фил. ғыл. канд. дисс. – Алматы, 2000. – 114 б.
6. Кекілбаев Ә. Заманмен сұхбат. – Алматы, 1996. – 592 б.
7. Момынова Б. Газет лексикасы (Жүйесі мен құрылымы). –Алматы: «Арыс», 2003. – 228 б.

ӘОЖ 81.512.122(045)

Ә.КЕКІЛБАЕВ ТАРИХИ РОМАНДАРЫНЫҢ ТІЛДІК ӘЛЕУЕТІ

Нұрдәулетова Б.І.

Филология ғылымдарының докторы, профессор

Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті

Аңдатпа. Мақалада Ә.Кекілбаевтың «Үркер» романының тіліндегі жергілікті тіл ерекшеліктері, көнерген сөздер, қазақ халқының XVIII ғасырдағы тілдік қазынасында кеңінен қолданылған этнографизмдер, қару-жарак, әскери қызмет атаулары, автордың поэтикалық тілінің көркем кестесін айшықтай түсетін ерекше оралымдар талданады. Аталған

ұғым-түсінік, бұйым атауларының қазіргі әдеби тілімізге кәсіби термин сөздер ретінде ену мүмкіндігі сөз болады.

Түйінді сөздер: этнографиялық атаулар, авторлық қолданыс, контаминациялау, әскери термин, перефикс т.б.

Маңғыстаудың Абыл, Нұрым, Қашаған, Қалнияз, Сүгір, Сәттігүл сынды жыр жүйріктерінің зергер сөздерін тындап, Адайдың дана қарттарының аузынан шешендік сөздер мен тарихи шежірелерді зердесіне құйып өскен Ә.Кекілбаевтың қолданысында осы өңірде ғана қолданылатын тіл ерекшеліктері мен көне тұлғалар жиі қолданылады. Әсіресе, жазушының тарихи тақырыпқа жазылған туындыларында байырғы сөздер, жергілікті тіл ерекшеліктері, ауызекі сөз саптау үлгілері, танымдық-этнографиялық сөздер жиі ұшырайды. Мұндай сөздер, әсіресе, халқымыздың арғы тарихынан хабар беретін «Үркер», «Елең-Алаң» романдарында мол. Әбіш Кекілбайұлының тілдік әлеуеті, қазақтың сөз қазынасындағы әрбір дүниені орнымен қиыстыра білудегі ешкімді қайталамайтын, ешкімге қайталата алмайтын қас шеберлігі тіл өнеріндегі бөлекше әлем деуге татиды.

Ә.Кекілбаев шығармаларының тілі туралы зерттеу еңбектерде жазушы қолданған жергілікті тіл ерекшеліктері, көне тұлғалар, қаламгердің өзіндік қолтаңбасын танытатын авторлық қолданыстар (жеке сөз-образдар, тұрақты тіркестер), әсіресе, жазушының сөзтаңдау, сөзқолдану, сөзойнату шеберлігі, шешендік қыры жан-жақты талданып жүр. Жазушы тілін қазіргі танымдық тілбілімі тұрғысынан қарастырған зерттеулерде Ә.Кекілбаев тілдік тұлғасының түрлі қырлары да талданған. Сондай зерттеулердің қатарынан академик Р.Сыздықтың Ә.Кекілбаевтың тарихи романдарының тілдік кестесін танытуға арналған еңбегінің (кітаптың бір тарауы арналған) маңызы айрықша. Талғампаз зерттеушінің талдауларына іліккен «жеке сөздер» қатарын (жазушының шеберлік мәнерін танытатын поэтикалық әді-тәсілдеріне арналған талдауларға тоқталып жатпаймыз) шамамен төмендегідей топтауымызға болады:

1. ХҮІІІ ғасырдағы қазақ әдеби тілінің қазынасын танытатын қару-жарақ, сауыт-сайман, киім-кешек, әскери адам, әскери титуль атаулары: күлдір мамай, жекеауыз, бірауыз, қандауыз, жездіауыз, шиті, берен, жалаңқат, кіреуке тон, көк найза, ақ алмас, шар болат, даңғырашы, сайыскер, садақшы, қылышкер, айдауыл, қарауыл, торуыл, ноян, зайсан, тайшы т.б. Зерттеуші аталған сөздерді жай ғана талдап қоймай, әскери термин ретінде дозор, авангард, аръергард сияқты кірме сөздердің орнына түркі-монғол тілдік бірлестігінен бері қолданыста бар шыңдауыл, ертеуіл, шығауыл, айдауыл, торуыл, тосқауыл сөздерін неге пайдаланбасқа деген ұсынысын да айта кетеді.

2. Қазақстанның батыс өңірінде, соның ішінде Маңғыстауда қолданылатын жергілікті тіл ерекшеліктеріне жатқызылатын сөздер деп мошқау, жаңғыз, жандық, кермар, атанақтау, күнте, бөтеке, құдандал, әрпіл-тәрпіл, айлапат т.б. сөздерін атайды.

3. Автордың өзіндік ізенісінен туған сөздер ретінде: сұқсыр, сойыл дос, қамшы дос, күп, тұран, сәлдекендей, жұтыраю, лайытқан, ызғындай, әрқайын, кемталай, шажырқай, батымды болу, қойманшы, тұяқкешті, мәмлехана, мәмлегер, жаубасарлар, жолығыс, тұқым-тебер, дегелшіктер, тұрымтай мәслихат, мөлт қара, ыңғайтек, басына тауан іздеу, бөспебай, сөлімбай, сүмірейме, шұбарту, лайыту, бәсік, бетжүздік т.б. сөздері көрсетіледі. Бірақ зерттеуші аталған сөз қатарының бірен-сараны жергілікті болуы мүмкін екендігін, диалектологиялық сөздікте тіркелмегендіктен, дәл айту қиын екендігін де ескерте кетеді. Нақты фактілер мен дәлелдерге ғана сүйеніп пікір айтатын нағыз ғалым ретінде болжамдарға бой алдырмай, барын бар деп қана көрсетеді [1, 91-94].

Ә.Кекілбаев шығармаларының тілі туралы зерттеулер мен ғылыми пікірлердегі деректерді жүйелей келіп, жалпы жазушы тіліндегі «ерекше» (яғни қазақ әдеби тілінің ресми сөздік қорында кездеспейтін) сөз-қолданыстарының басым көпшілігі оқырмандарын тәнті етіп қана қоймай, олардың ұлттық таным көкжиегін кеңейтуге де септігін тигізетін, қазақ халқының тарихы мен танымынан дерек беретін этнографиялық атаулар деп айтуға толық негіз бар. Мысалы, қазақтың салт-жоралғысын білдіретін *сыйана, киене, алапа, сыралғы дос*

сөздері қазіргі әдеби тілімізде қолданылмайды. *Сыйапа* сөзімен төркіндес *сияпат* (сый-сияпат) тұлғасы этимологиялық сөздіктің мәліметі бойынша, парсы, өзбек, тәжік тілдерінде «банкет, той, салтанатты түрде тамақтандыру, сыйлау» мағынасында қолданылатын сөз. Кекілбаевта *сияпа* сөзі екі түрлі мағыналық реңкте жұмсалады: 1. хан ордасында он екі биге көрсетілген құрмет (ағыл-тегіл дастархан, қонақасы); 2. Соғыста ерлік көрсеткен батырларға жорықтан түскен олжаны (сұлу қыз, жүйрік тұлпар, бағалы қару-жарақ т.б.) тарату да сияпа (Хан енді бұл жорықта айрықша көзге түскендерге сияпа тартылатынын хабарлады) аталады [2, 115]. *Алапа* сөзін Р.Сыздық жыраулар тілінде кездесетін көне тұлға ретінде қарастыра келіп, оның қазіргі диалектілік сипаттағы «олжа, пайда, табыс», «пара, ауызбастырық», «кәде, сый», «бедел» мағыналарының бар екендігін атап көрсетеді. Бірақ ғалым *алапа* сөзінің бастапқы көне мағынасы «соғыс, ұрыста түскен олжа» дегенге саятынын жазады [3, 35]. Кекілбаевтың қолданысындағы *алапа* сөзінің «жеңген жақтың жеңілген жаққа беретін сый-сияпаты» мағынасы да осы «ұрыс, соғыс, бір-бірімен күш сынасып жеңілген жағдайда» еріксіз беретін кәде, сыйлық реңкін нақтылай түседі. Оның жай сыйлық емес, ұрыс, соғыспен келетін олжа сыйлық екендігін «ала» сөзінің «бүліншілік, соғыс» мағыналық астары да айшықтайды. С.Қондыбай: «қала күзеті, шекара қорғаны, хан сарайларының күзеті, елшілік, жаушылық т.б. мемлекеттік жұмыстарға қолданылатын әскери адамдардың аттарына мемлекет тарапынан бөлінетін азық-түлік, фураж» [4. 32], – деп, *алапа* сөзін әскери термин ретінде қарастырады. Ал сыйлықтың үшінші бір түрі *киепе* атауы тек Ә.Кекілбаев қолданысында ғана бар: «Төлеңгіт Бәйбектің жеті атасы мен әлі қаралары да жоқ қыз-қатыны адыраңдаған адай батырынан киер киепесін әп-сәтте-ақ киіп шықты» [2, 105]. «Киепесін кию» тіркесінің астарында «айыпты болған адамға кигізетін киім» деген ұғым бар тәрізді. Бірақ әзірге нақты мағынасын таба алмағандықтан, ештеңе айта алмаймыз. Дегенмен, аталған үш сөз де (сыйапа, алапа, киепе) апа/епа сөзінің мағыналық қазығына байланып тұр.

Қазақтың ұлттық киім-кешек атауларының қорын толықтыра түсуде *далбай, байтаба, жыға* сөздерінің және жоғарыда аталып өткен қару-жарақ, киім, әскери адам атауларының қазақ әдеби тілін толықтыруға айтарлықтай үлес қоса алатыны сөзсіз. Ал адамның мінез-құлқын, болмысын, түрлі күйін сипаттайтын *арапшы, кісәпір, сімсік, әрпіл-тәрпіл, әбеқоңыр, можау, құрағыта қарау, бөкіту, қолтиді болу*, малға қатысты *тұғжым, көрт*, сондай-ақ, *ыңып жүр, ызғындай, бықу, атанақтау, пақырана, шыпалы іс, көзапара, құлта* (ар жағында сақтаған құлтасы бар), *ұқсатады* (Ендігісін Мырзатай ұқсатады ғой...), *қолат* (Кемер шыңның кемиек аңғарының арасындағы аядай қолаттан ұшан далаға кеше шыққан бір топ салт атты сар желіспен келеді), *пұшайман боп* сөздері – Маңғыстаудың байырғы тұрғындары үшін күнделікті тірлікте айтыла беретін етене қолданыстар.

Ал *бау басып жүріп кетті* (...етектегі жалғыз үйге қарай бау басып жүріп кетті), *түс қыңғасын* (түс қыңғасын-ақ, іріген шалаптай реңінен айрылып жүре берген бозарыңқы аспан...), *тағатын сарыққан* (Әлде көптен тағатын сарыққан аңсарлы күннің не де болса жуықтай түскеніне... қуанды ма екен...), *желмір шал* (Жан баласына аузынан шықпай, тек қана өзім білем ғой дейтін түп құлтасын жер түбіндегіні біліп отырған желмір шал түсініп қойған ғой), *сірке сорпа* (Көз алдына тағы да тай қазан ет пен мөлтендеген сірке сорпаның тұра қалғаны, 9-б), *тұяқ басты* (Жаңа ғана тұнық көлдей мөлдіреп жатқан зеңгір аспан тұяқ басты шалшықтай қоймалжытып сала бергені, 9-б), *пұшпақ тістелеп, қара судан қаймақ қарап*, (Онда осы күннің өзінде пұшпақ тістелеп, зорға талшық айырып отырған қазақ қара судан қаймақ қарап біржола пұшайман боп қалды дей беріңіз, 10-б) қолданыстары автордың өзіндік қолтаңбасын танытатын эмоциональды-экспрессивті реңкі мен көркемдік қуаты бар тіркестер. Біздің пайымдауымызша, *түс қыңғасын* тіркесінің құрамындағы *қыңу* етістігі тілімізде «ештенеден саспайтын, міз бақпайтын» мағынасында «қыңбайды» деп, негізінен болымсыздық формада жұмсалса, Ә.Кекілбаев түс мезгілінің ауа бастаған сәтін «түс қыңған соң» деп болымды тұлғада алып, суреттейді. *Тағаты таусылу* тіркесін жазушы *тағатын сарқу* вариантында алған, яғни тілімізде бұрыннан қалыптасқан фразалық тіркестерді контаминациялап, жаңғырта қолданған, сол арқылы тіркеске жаңа мағыналық реңк жүктеген, әсерлілігін арттырған. *Құлта* («ішінде сақтаған сыр») [5, 311], *желмір* («әккі, көпті көрген»)

[6, 300], қазақ әдеби тілінде бар сөздер ретінде тіркелген, бірақ *түп құлтасы*, *желмір шал* тіркестері – Кекілбаев қаламына ғана тән қолданыстар. Сонымен бірге жазушы шеберлігінің тағы бір шыңы – қазақтың салт-дәстүр, киім-кешек, мал-жан, кәсіп, тұтынатын зат, бұйым т.б. атауларын айыра танытып, ажырата қолдану, жеріне жеткізе жекелеп сипаттау әдісі. Мысалы, жігіттің мықтысы – *сүлей* болса, жылқының мықтысы – *дүлдүл*, соғыс кезінде мінілетін аттың да түр-түрі бар: *жаугершілік тұлпар* (қан майданға тебініп кіретін...), *жорық ат* (төсек-орнын, киім-кешегін, жолым үйлері мен баспаналарын артқан...) [2, 136], *ереуіл ат*, мылтықтың түрлері: *күлдір мамыл, жеке ауыз, бір ауыз, қанды ауыз, жезді ауыз, шиті, берен*, кәсібі мен атқаратын қызметіне қарай: *ісмер, зергер, жаубасар жігіт, миясар қария*. Оққа пайдаланылатын жүннің өзі: *күшігеннің қойлық жүні, тасқараның тайлық жүні*, сол дәуірдегі қазақ жұртының бас қосатын ұлы ордасы саналатын екі қала: *ен қазақтың ене қазаны* – Сайрам, *айбынып кірер ата шаңырағы* – Түркістан, тіпті бір-бірімен синонимдес деп қарауға болатын *қалшылдау* мен *қалтыраудың* да мағыналық айырмасы Кекілбаев қолданысында айқындала түскен: *қорқақ жағы қалтырап, қайсар жағы қалшылдап*, қорқақтар үрейден қалтыраса, қайсарлары намыс пен ызадан қалшылдайды, жаугершілікте қолданылатын әскери аспаптың өзі *дабыл* [2,135], *дауылпаз* [2, 135], *даңғыра* болып жіктеледі, әскердің қауіпсіздігін қорғайтын *шолғыншы* мен *сақшы* бар. Тіліміздегі *әңгіме-дүкен құру* тіркесінің құрамындағы *дүкен құру* оралымының түпкі мәнін жазушының мына сөйлемінен аңғаруға болады: «...дүкен құрып, көрік басып, қорғасын балқытып, оқ-дәрі жасап, қылыш шындап жатқан жұрт...» [2, 135]. Сонда *әңгіме-дүкен құру* тіркесінің астары бұйымдар сатылатын дүкенге емес, ұстаның темір балқытып, қару-жарақ т.б. бұйым жасайтын аспаптарын құрып қоятын *дүкен құру* ұғымына қатысты екен.

Қазақ тілінде парсы тілінің әсерімен қалыптасқан *бей* перефиксінің бар екені белгілі: *бейкүні, бейуақ, беймаза* т.б. Жалғамалы тіл болғандықтан, бұндай формалардың қазақтың төл тілінде болмауы заңды да. Ал Кекілбаев *кем* сын есімінің *бей*-ге жуық «жоққа шығару» (отрицательное значение) реңкін беруге бейімділігін пайдаланып, бірнеше тың сөз жасайды: *кемпарық, кемтәуекел, кемпайда* т.б.

Маңғыстау өңірінде ғана кездесетін кейбір табиғи құбылыстар, наным-түсініктер атауларын Кекілбаев тілдік қазынасынан тауып, таңғалуға болады. Мысалы, *алда төмпек* (Ат суытып алайын деп, жусаны мен жапағы қалың көлдеу ойдың ортасындағы алда төмпектің қасына кеп тоқтады. 9-б) – Маңғыстау даласында ғана кездесетін кішкентай-кішкентай төмпешіктер. Жергілікті тұрғындардың айтуы бойынша, ол сары құмырсқалардың (ғылымда термиттер деп аталады) илеуі көрінеді. Неліктен жай төмпек емес, алда төмпек (Алла сөзімен байланысты болуы да мүмкін) аталатыны түсініксіз. Осы өңірден шыққан тағы бір сөз зергері С.Нұржанның өлеңдерінде де алда төмпек сөзі қолданылады:

Шығып алып *алда төмпек* үстіне,
Керіледі сұр кесіртке кенептей. [7, 168]

Сондай-ақ, *сарыүйек жылан* («Сары үйек жыландай шұбар ала дойыр қамшысын сылқ еткізіп ортаға тастай салды») [2, 119] туралы мифологиялық таным да негізінен Маңғыстау фольклорына тән. С.Қондыбай зерттеулерінде *сарыүйек* ертедегі мифтік жыланның атауы ретінде түсіндіріледі [8, 320]. Оның түпкі этимологиясы «отты жылан», «киелі жылан» ұғымына барып тіреледі. Маңғыстауда сарыүйек жылан қасиетті, киелі саналады. Дауасыз дертке шипа болады деген де түсінік бар.

Тексіз адамдар туралы: «тегінде теке атпаған, теке атса да екі атпаған» деген мәтел де осы өңірде айтылады. Жазушы болашақ хан Әбілқайырдың тегін менсінбей, басқолбасшылықты қимай күңкілдеген топтың аузына осы тіркесті салады («Жарықтық біздің жақсыларымыз да қартайып келеді ғой. Әйтпесе, бір-екі жерде қулық-сұмдығымен ауызға ілікті екен деп, үш арыстың айбынды туын тегінде теке атпаған, теке атпа да екі атпаған Әбілқайырға ұстатар ма!») [2, 141]

Кейде тарихи оқулықтар мен ғылыми зерттеулер бере алмаған маңызды мағлұматты көркем шығармадан ғана таба алатын жағдайлар болады. Ә.Кекілбаевтың қазақ халқының аса маңызды тарихи кезеңдері мен сол кезеңнің айтулы тұлғаларының өмірінен дерек беретін

тарихи шығармаларының орны бір төбе. Тағдыры мен тарихы әлі де жұмбақ күйінде қалып тұрған қайшылықты тұлғалардың бірі – Шыңғысхан мен Ақсақ Темірдің адами бейнесін тарихи оқиғалармен жымдастырып тосын қырларымен оқырманына ұсынатын «Ханшадария хикаясы», «Аңыздың ақыры», қазақ халқының талайлы тағдырын алмағайып кезеңнен алып өткен ұлы тұлға Әбілқайырдың адамдық, азаматтық бейнесін тарихи деректерге сүйеніп көркем сомдаған «Үркер» мен «Елең-алан», қазақтың қайратты да қабілетті, көреген ханы Абылайдың сахналық образын жарқыратып танытқан драмалық дастаны – бір қазақ емес, қазақпен бауырлас, төсекте жаны, төскейде малы қосылып жатырған тағдырлас халықтарға ортақ әдеби кеңістіктен орын алады.

Ә.Кекілбаевтың тарихи шығармаларында тек тарихи-көркем шындық қана емес, ел-жер тағдыры, адамзат болашағы, тұлғаның пенде ретіндегі психологиялық жан-күйі шебер тілмен суреттеліп, өткеннен өнеге, өмірден сабақ алуға, келешекке ұмтылуға жетелейді.

Әдеби тілдің қайнар көзі жалпыхалықтық тіл екенін ескерсек, Ә.Кекілбаев ұсынған «жалпыжұрттық» сөздердің әдеби тілімізді кемеліне келтіріп, кенересін кеңітпесе, кемсітпейтіні анық. Бұл сөздер осы уақытқа дейін Маңғыстаудың байырғы тұрғындарының ауызекі қолданысында, осы өңірден шыққан сөздергерлерінің көркем тілінде, ақын-жыраулар тілі мен би-шешендердің оралымдарында кездесетін кәдуілгі қолданыстар деуге болады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Сыздық Р. Сөз құдіреті. Алматы: Санат, 1997. – 224 б.
2. Кекілбайұлы Ә. Үркер. Роман. Алматы: Сөздік-Словарь, 1999. – 584 б.
3. Сыздық Р. Сөздер сөйлейді. Алматы: Арыс, 2004. – 2323 б.
4. Қондыбай С. Жауынгерлік рух кітабы. Алпамыс ғаламы. Алматы: Арыс, 2008. – 416 б.
5. Қазақ әдеби тілінің түсіндірме сөздігі, 15 томдық. (Құраст.: М.Малбақов, Н.Оңғарбекова, А.Үдербаев және т.б.) 10-том. Алматы, 2011. – 752 б.
6. Қазақ әдеби тілінің түсіндірме сөздігі, 15 томдық. (Құраст.: Ж.Қоңыратбаева, Ғ.Қалиев, Қ.Есенова және т.б.) 6-том. Алматы, 2011. – 752 б.
7. Нұржан С. Жұлдыздардың жұпары. Алматы: «Мерекенің баспалар үйі», 2019. – 376 б.
8. Қондыбай С. Арғы қазақ мифологиясы. Алматы: Арыс, 2008. – 520 б.

ӘОЖ 82:81-26

ОРТАҒАСЫР ЖАЗБА ЕСКЕРТКІШТЕРІ ТІЛІНДЕГІ АФОРИЗМДЕР МЕН ӘБІШ КЕКІЛБАЕВ АФОРИЗМДЕРІНДЕГІ ДӘСТҮР САБАҚТАСТЫҒЫ

Исина Ж.А.

Филология ғылымдарының кандидаты
Баишев университеті

Аңдатпа. Мақалада Алтын Орда дәуіріндегі ескерткіштер тілінде кездесетін афоризмдер мен Әбіш Кекілбаев шығармаларында кездесетін афоризмдердегі ой сабақтастығы, дәстүр жалғастығы жөнінде айтылады. Тілдік тұлғаның жәдігерліктер тіліндегі дидактикаға толы ой өрнектерін жаңаша ойлау мен тың көзқарас негізінде бере білуі мысалдар негізінде дәлелденді.

Түйінді сөздер: Ортағасыр жазба ескерткіштері, Ә.Кекілбаев, афоризмдер, дидактика, тілдік тұлға.

Адамзат ақыл-ойы талай ғажайыптарды ойлап тауып жатыр ғой.
Алда да небір ғаламат жаңалық ашылар.
Бәрібір ең ұлы жаңалық — жазу. Одан асқан жаңалық

болған емес. Жазудың ойлап табылуы мәңгіліктің біржола мойындалуы. Жазу Адам нәсілін ақылды, айлалы етіп қана қойған жоқ, иманды да ибалы, парасатты да етті. Шын мәнінде Ғылым, Дін, Мәдениет жазудың арқасында пайда болды. Осы арқылы өткен ұрпақтардың құндылықтарымен сусындады, кемелденді.
Ә.Кекілбаев

Тіліміздің бүгінгі мен болашағына көз жүгірту үшін өткен тарихымыздың алар орны ерекше. «Тегі мен түбі тексерілмеген тілдің өресі биік болмайды. ана тіліміздің арнаулы мамандары бүкіл жазба ескерткіштері мен олардың тілдері туралы мағлұматтардан барынша хабардар болуға тиіс. Тарихсыз ғылым тайғанақ келеді, тұғыры берік орнықпайды, тереңдік деңгейі торғайдың сирағынан да келмейді» деген ғалым пікірінің жазба жәдігерліктерді зерттеуші тілшілер мен әдебиетшілер үшін алатын орны ерекше. Ұлт тарихындағы кез келген тарихи жағдайлар мен тарихи кезеңдер, түрлі оқиғалар мақал-мәтелдер мен қанатты сөздердің қалыптасуына өзіндік әсерін тигізді. Өйткені халық тіліндегі паремиялар мен афоризмдер – талай тарихи жағдаяттардың сырын өз бойына сақтап қалған сөз өрнектері.

Афоризм – бірінші кезекте дидактикалық поэзияның жемісі. Афоризмдердің тууына түрткі болған ең негізгі себеп қоғамдық жағдай, қоғамдық қажеттілік. Жазба ескерткіштер тіліндегі афоризмдердің басты тақырыбы – адам және қоғам болса, оның ішінде адамгершілік, білімділік т.б. адам бойындағы жақсы қасиеттерді насихаттайды. Афоризмдердің тақырыбы қай қоғамда да маңыздылығын жоғалтпаған.

Ортағасыр жазба ескерткіштері тіліндегі афоризмдерді саралай келе жәдігерліктер тіліндегі бірсыпыра қанатты сөздердің қазақ жазушылары шығармаларынан көрініс тапқанын байқауға болады. Шешендік өнердің тамыры бірінші кезекте көне түркі заманында-ақ көрініс берген. Дидактикаға толы афоризмдік қолданыс Орхон-Енисей сына жазуларында да кездеседі. Түркіліктің тамыры тілмен таралған тәрізді. Ортағасырдағы жәдігерліктер тілі де афоризмдерге тұнып тұр.

Ескерткіштер тіліндегі афоризмдер халықтың сана-сезімі мен көркемдік шеберлігін ұштастырған рухани құндылық. Олардың мазмұнында ықшамдалған ой-түйіндер жымдаса кірігіп, жүйелі, тұтас бір ойды береді.

Афоризмдер – жан-жақты саралаудың нәтижесінде өмір тәжірибесінен туындаған, қысқа да нұсқа, көркем келісіммен көрініс берген жүйелі ой. Басқа жанрларға қарағанда афоризмдер қазақ халқының санасына, дүниетанымына өте жақын болып келеді. Бұл қазақтың ойшылдығының, дана халық екендігінің дәлелі. Қазақ афоризмдері тәрізді орта ғасыр жазба ескерткіштері тілінде кездесетін афоризмдердің де негізгі мақсаты, прагматикасы – қоғамдық дертті емдеу. Ал, афоризмдердің жәдігерліктер тілінде көптеп кездесуі халықтың оларды тәрбие құралы функциясы ретінде қолданғанының дәлелі.

Қазақ шешендік өнері қазақ ұлыстарының бір орталыққа бағынып, нығаюымен жаңа бір белеске көтерілді. Қазақ хандығының құрылуымен жер дауы, жесір дауы, ел қорғап, бір шешімге келу үшін елші шаптыру мәселелері жоғары деңгейге көтерілген кезде қоғам тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінін айтатын шешенді тудырды. ХІХ ғасырда белгілі түркітанушы В.В. Радлов «Қазақтардың тілі жатық та шешен әрі өткір, көбіне іліп-қағып сұрақ пен жауап беруге келгенде таңғалдырарлықтай оралымды сөйлейді. Кез-келгені, тіптен сауатсыздарының өзі ана тілінде біздің Еуропада байқап жүргенімізден тек француздар мен орыстардың дәрежесінде сөйлей біледі» деп баға берген.

ХІV-ХVІ ғасырдағы қазақ шешендік өнері Жиренше шешен атымен тығыз байланысты. ХVІІ-ХVІІІ ғасырлардағы ердің құнын бір ауыз сөзбен шешетін әділдігімен әйгілі болған Төле, Қазыбек, Әйтеке сынды билердің шешімдері мен кесімдері шешендік өнермен өрілген. ХІХ ғасыр қазақ шешендік өнеріне қара қылды қақ жарған әділдігімен және шешендігімен көзге түсетін Құнанбайды әкелді.

ХХ ғасыр кеңес үкіметінің белгілі бір саясат шеңберінде өмір сүрсе де қазақ өнері мен әдебиетінің шарықтай дамыған дамыған тұсы болды. Жәдігерліктер тіліндегі афоризмдердің

қазақ жазушыларының шығармаларындағы афоризмдермен сабақтастығын анықтауда Ә.Кекілбаев шығармаларын негізге алдық. Заманымыздың заңғар жазушысы М.Әуезовтан кейін тұрған көрнекті жазушы, сөз зергері Ә.Кекілбаев сынды жазушының қазақ әдебиеті мен шешендік өнердегі алар орнын тарихтың өзі тағайындап кеткен. Ә.Кекілбаев шығармалары шешендік сөздер мен тарихи деректерге толы.

Ортағасырлық жәдігерліктер тіліндегі афоризмдердің Ә.Кекілбаев шығармаларындағы қанатты сөздермен ой сәйкестігі кездейсоқ жағдай емес.

Ә.Кекілбаев шығармаларындағы афоризмдер тек тәрбиелік мәнімен ғана емес, ұлттық мәдени құндылықтарды насихаттаушы тілдік құбылыс ретінде ерекшеленеді.

Қызғаныштың қара күшігі жақыннан үрсе балтырыңды тістейді, алыстан үрсе құлағыңды тістейді, бәрісі бір жүрегіңді жаралайды, - десе, жәдігерліктер тілінде де күншілдік, көре алмаушылық мәселесі көрініс береді:

Ердәм ийәсин хусуд севмәс, Ватват нечук ки севмес нур [М,211] – Жарғанаттың жарықты жақтырмайтыны сияқты күншіл де білімдіні ұнатпас.

Сонымен қатар, Ә.Кекілбаев афоризмдерінде адамгершілік мәселесі сөз болады. Адамгершілік тақырыбы қай кезеңде де өзектілігімен ерекшеленеді.

Ақыл қосардай естіміз бен қайрат қосардай күштімізді де басымызға іс түскенде іздейміз. Таба алсақ – сонда барып қуанамыз. Таба алмасақ сонда барып мұңаямыз.

Ініден аға озбаса – қауым өспейді, әкеден бала озбаса – ұлт өспейді, кешегіден өмір бүгін жақсы болмаса – адамзат дамымайды, - десе, ортағасыр ескерткіштері тілінде де адамшылық, сыйластық мәселесі алдыңғы орында.

Некөдәр ким бекләр ашы татлы болса, ей қонақ, Йарлы-йоксулға қуру етмәги андан йахшырақ [Г,346] - Бектердің асы қаншалықты төтті болса, -ей қонақ, Жарлы-жақыбайға құрмет көрсетуі одан жақсырақ.

Имандылық, кісіге жақсылық жасау мәселесі – екі дәуірге ортақ, тәрбиелік мәні зор қасиеттер.

Ағаның назары жығылғаннан, інінің базары тасымайтындығын, алдыңғының ынсапсыздығы артқыны имансыз ететінін, үлкеннің жолын кескеннің көрінбей қаларын, кішінің жолын кескеннің көмілмей қаларын бір сәт те естен шығармайтын тұс – қазіргі өтпелі кезең, өлара дәуір, - деп ой қорытқан Ә. Кекілбаев қамшының сабындай қысқа ғана ғұмырда адамға жақсылық жасап, сыйласып, кешіріммен қараудан артық жақсы қасиет жоқ екенін еске салады. Бұл мәселе жәдігерліктер тілінде де өзекті.

Өч алмақдан 'афу йақшырақ [Г,257] - Кек алғаннан кешірім жасау жақсырақ.

Йаманлық қылған ергә егүлік қыл [Г,322] - Жамандық қылған жанға да жақсылық жаса.

Қуана білмегенге құт қонбайды, бағалай білмегенге бақ тұрмайды, табына білмейтін қауымнан пайғамбар шықпайды, бағына білмейтін халыққа патша тұрақтамайды, - деген афоризмінде Ә.Кекілбаев тәубеге келіп, шүкіршілік қылудың маңызды іс екендігін айтады. Аталы ой көне қыпшақ тілінде жазылған ескерткіштерде де көрініс тапқан.

Қылып тәвбә қутулмаққа болур төңри' өзабыдан, Вәлекин бу хөлайықның тилиндән қуртулуп болмас [М,122] - Тәубеге келіп тәңірі азабынан құтылуға болар, бірақ халықтың сөзінен құтылып болмас.

Әгәр йазыдағы барча күмләр инжи болса, тиләнчиләрнің көзі тоймағай [Н,72] – Шөл даладағы барша құмдар інжуге айналса да, қанағатсыздың көзі тоймас еді. Жаугершілік заманда өмір сүрген арысы қыпшақ, берісі қазақ үшін бостандық, тәуелсіздік мәселесі алдыңғы орында.

Бодандықта өкініш көбейсе, бостандықта жауапкершілік көбейетінін түсінбегіміз шарт.

Адам жүрегі үшін ең ауыр трагедия – тәуелділік. Әлемдегі барлық бақытсыздық пен барлық қиянаттықтың түп-төркіні де сол. Тәуелсіз болғысы келген жұрттың мәдениетті болмағы шарт. Ә.Кекілбаевтың ойы жазба ескерткіштер тілінде жалғасын табады:

Зулум қылса мөлік рә'ийөткә, Ла жөрәм мәмлөкәт хөраб болур [М,31] - Патшасы қарамағындағыларға әділетсіздік қылса, мемлекет бүліншілікке ұшырап.

Біз Әбіш Кекілбаевтың қазақ прозасын жаңа сапалық биікке көтерудегі үлесі туралы айтқанда өзінің алдындағы көне түркі тілінің көркем қазынасынан қабылдаған өнегесіне, игерген байлығына, талғаммен жарата білгеніне назар аударамыз. Соның бірі – жазушының прагматиконындағы афоризмдері.

Қазақ прозасын жоғары деңгейге көтеріп, өз заманының заңғар жазушысы атанған Ә.Кекілбаевты тілдік тұлға деп тануға болады. Г.Ә. Мұратова зерттеу еңбегінде «тілдік тұлға» ұғымына мынадай анықтама берді: «Біздің пайымдауымызша, тыңдаушысын сөзімен ұйыта алған, таным көкжиегі кең, рухани-мәдени өресі биік, өз дискурсын қалыптастыруда шеберлік үлгісін таныта алған “тіл тұтынушысын” ғана тілдік тұлға дәрежесінде қабылдауға болады» [1,28 б]. Көркем ойлау қабілеті жоғары, қазақ әдебиетінде өзіндік қолтаңбасы, тіл тарихында өзіндік орны бар жазушыны тілдік тұлға деп атауға әбден болады.

Көркем ойлау қабілеті жоғары, қазақ әдебиетінде өзіндік қолтаңбасы, тіл тарихында өзіндік орны бар жазушы шығармаларының келер ұрпақтың кемел келешегіне қосқан үлесі зор. Қорыта келгенде, Әбіш Кекілбаев ескерткіштер тіліндегі афоризмдерде көрініс тапқан қазақ халқының рухани мәдениеті мен ой-санасын жаңа сатыға көтеріп, жаңа рухани кеңістік ашты, қанатты сөздерді көркем тұрғыда игерудің ерекше үлгілерін көрсетті. Қазақ шешендік өнерінде ерекше айырмашылығы бар үлгілер жасады. Жазушы жәдігерліктер тіліндегі дидактикаға толы ой өрнектерін жаңаша ойлау мен тың көзқарас негізінде бере білді, сонымен қатар орта түркі тілінен бастау алған этникалық және эстетикалық құндылықтарды қалыптастыруда шеберлік танытты.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Мұратова Г.Ә. Абайдың тілдік тұлғасы: дискурстық талдау мен концептуалды жүйесі, ф.ғ.д. дисс. автореф. Алматы, 2009. – 52 б.

Шартты белгілер мен қысқартылған атаулар:

XIII – Хұсрау мен Шырын

Mн – Мұхаббат-наме

Г – Гүлістан би-түрки

НФ – Нахдж әл-Фарадис

ӘОЖ 81.512.122(045)

Ә.КЕКІЛБАЕВ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕРДІҢ КОГНИТИВТІК ИНТЕРПРЕТАЦИЯСЫ

Жылқыбаева М.С.

Ш. Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті

Аңдатпа. Мақалада қазіргі таңда когнитивті лингвистика қарқынды дамып, оның тілдік тұлға, категориялау теориясы, когнитивті-дискурсивті теория, концептуалды метафора, когнитивті семантика сынды көптеген салалары сараланып кететіндігі ғалымдар еңбектерімен жүйелі баяндалған. Ә.Кекілбаев шығармаларындағы фразеологизмдердің когнитивтік интерпретациясы қаламгер туындыларынан келтірілген мысал арқылы дәлелденген.

Түйінді сөздер: когнитивті лингвистика, фразеологизм, адам дүниетанымы, концептуалдық өріс, тілдік таңба

Қазіргі тіл біліміндегі жаңа бағыттардың бірі болып саналатын антропоэлектік парадигманың қатарына жататын тоғыспалы ғылым саласы когнитивтік лингвистика деп аталады. Когнитивтік лингвистика – тілдің танымдық табиғи болмысын адамның

дүниетанымы тұрғысынан зерттейтін ғылым. Бұл туралы ғалым Б.Нұрдәулетова когнитивистикада адами когницияға баса назар аударылатынын айта келіп: «ол тек бақылауға алынған іс-әрекет деңгейінде зерттеліп қоймай, оның менталды репрезентациясы, символы, даму стратегиясы, адамның когнитивтік әлемі, тілдің белсенділік әрекетімен ілгерілеп отыратын мінез-құлқы мен іс-әрекеті бойынша зерттеліп, мотивтері мен қалыптасу нәтижесі қатар қаралады», – дейді [6,5].

Қазіргі таңда когнитивті лингвистика қарқынды дамып, оның тілдік тұлға, категориялау теориясы, когнитивті-дискурсивті теория, концептуалды метафора, когнитивті семантика сынды көптеген салалары сараланып кетеді.

Адамзаттың танымдық дүниесі оның ойлау әрекетінен көрінетін болса, оның тілі – сол әрекетті танытатын негізгі белгі болып есептеледі. Көркем шығармадағы тілдік жүйенің құрылымын, ұлттық тілдің табиғатын танудың бір жолы – тілдік таңбаларды, оны құрайтын элементтерді, олардың мазмұндық жағы мен тұлғалық жағын тілдің өз заңдылықтары негізінде қарау болса, екінші жолы – ақиқат өмір, ойлау, танымдық тұрғыда бір-бірімен байланыста қарау болмақ.

Тілдік таңбаның ерекше түрі болып табылатын фразеологиялық бірліктерде ұлттың мәдени жемістері, яғни халық ауыз әдебиеті, діни философиясы, салт -дәстүрлері, әдет-ғұрыптары, мифологиялық дүниетаным көздерінің іздері жатыр. Осыған байланысты көркем әдебиеттегі фразеологизмдер, оның концептуалдық өрісін қарастыру тіл біліміндегі өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Тілдік бірліктерді антропоцентристік парадигма тұрғысынан қарастыра отырып, көркем шығармадағы тұрақты тіркестердің семантикасынан ұлттың мәдени болмысы мен ойлау жүйесін, қоршаған дүниені қабылдаудағы ұлттың менталдық ерекшелігін, қазақ халқының салт-дәстүрін айқын аңғаруға болады. Көркем шығармадағы фразеологизмдерге концептілік талдау әлемнің тілдік бейнесі туралы білімді анықтау үшін қажет. Концептіде әрбір тілдік тұлғаның мәдени деңгейі іске асады, ол концептінің өзі сөзде ғана емес, сөз тіркестерінде, мәтіндерде жүзеге асырылады.

Осы орайда Әбіш Кекілбаев шығармаларындағы фразеологизмдерді қарастыра отырып, халық дүниетанымы мен жазушы дүниетанымын бірлікте айқындау және оның тілдік бірліктер арқылы оқырманға беретін пайдалы ғибраттарын ашу арқылы фразеологизмдердің авторлық дүниені қалыптастыратын көркем сөз атрибуты екендігін көрсету негізге алынды. Қазақ тілінің тілдік әлем бейнесінің ерекше сегменттерінің бірі – «өмір» концептісі. Аталған концептінің проза тілінде кеңінен қолданыс табуы оқырмандардың да әлемдік тілдік бейнесін құруына негіз болады. Ә.Кекілбаев шығармаларында «өмір» концептісі төмендегідей фразеологизмдердің қатысуымен дәйектеледі: жалған дүние, жарық дүние, жарық әлем, жарқыраған тірлік сұм дүние, жарық жалған, жер үсті, өтірікші дүние. Жазушы шығармаларынан мысал келтірсек, бір ғана «Шыңырау» повесінің өзінен-ақ жоғарыда келтірілген фреймдерді түгел дерлік кездестіруге болады: ...өзі сонау иненің жасуындай сығырайма тесікке, жарық дүниеге қарай жаныға өрмелеп барады...жаңа ғана артында қалған жарық әлемнің сонау бір алақандай жұрнағына телмірумен...емексітіп тұрған жарық дүние жым-жылас... жер үстіндегі жарқыраған тірлікпен...жарық жалғаннан түгел түңіліп, сырттап кете жаздап тұрған кездерде...жер үсті тіршіліктің тәттілігін сездіріп... Мысалдардан көріп отырғанымыздай, қаламгер өмір ұғымын дүние, әлем, тірлік, жалған, үсті тәрізді лексемаларды түрлі анықтауыштық коннотация арқылы құбылтып қолданады.

Өмір бар жерде өлім бар. Жазушы шағармаларында «өлім, ажал» концептісі де фразеологизмдер арқылы таңбаланады. Мысалы: Аяғының астында, сонау көзге түртсе көрінбес қара түнекте, ол өмірі көрмеген бір дүлей аранын ашып, тісін сақ-сақ қайрап тұрғандай ту сыртына мұздай тер шығады («Шыңырау»). Осы мысалдағы қара түнек – о дүние, яғни өлім болса, аранын ашқан дүлей немесе тісін сақ-сақ қайраған дүлей – ажал. Алыстан болсада атой беріп, емексітіп тұрған жарық дүние жым-жылас ғайып болды («Шыңырау»). Мұндағы жарық дүниенің жым-жылас ғайып болуы бұ дүниенің о дүниеге ауысуы, яғни өмірден кейін өлімнің келетіні. «Шыңырау» повесінде жазушы

құдықшының шыңырау түбіне түскен сайын болатын ішкі арпалысын, үрей мен сенім, өмір мен өлімнің іштей айкасын фразеологиялық оралымдар арқылы ұтымды жеткізеді.

Қаламгер туындыларындағы «үрей» концептісінің өзін жеке қарастыруымызға болады. Жазушы үрейді бір жағынан жан алғыш аш қасқырға, көлденең кесапатқа теңеп, образды түрде берсе, екінші жағынан (үркек) жүрегін тас төбесіне шығару, жүрегі ұшу, төбесіне мұздай су құйып жібергендей болу сынды фразеологизмдер арқылы бейнелейді: Жан-жағынан аш қасқырдай анталаған үрейді кейін серпілгендей болды ...онсыз да ойнақшумен болатын үркек жүрегін тас төбесіне шығаратын тағы бір көлденең кесапат па, қашан қасына жетіп, қолымен ұстағанша сенбей, көктен көзін алмайды («Шыңырау»). Жан-жақтан тартылған сұр жебе онсыз да жүректері ұшып безіп бара жатқан жүйрік хайуандардың соңынан суылдап қуып берді. Біреу төбесіне мұздай су құйып жібергендей болды («Күй»). Әлгінде ғана кейбіреулердің үрейін ұшырған дәу он алты хайуандар бірте-бірте сирей берді. «Әмірші бүгін намазға келеді» деген хабарды естігенде-ақ, бұның екі тізесі дірілдеп ала жөнелгенді («Аңыздың ақыры»). Жазушы шығармаларында «дала, жер» концептісі «бетпақ әйелдің бетіндей бедірейген», «көкбет әйелдің бетіндей бедірейген», «ку медиен» «қара жер» тәрізді фразеологиялық фреймдер арқылы беріледі. Мысалы: «Қашан қарасаң да, қанша қарасаң да, бетпақ әйелдің бетіндей бедірейеді де тұрады» немесе «Қыс екі жыл қатарынан көк бет қатынның бетіндей бедірейіп өтті». Мынау ұлан-асыр ку медиен далаға елу жылдай болыпты – ел қонбапты. Осы үзінділерде табиғат «бетпақ әйелдің бетіндей бедірейсе», екіншісінде ол «көк бет қатынның бетіндей бедірейеді». «Бетпақ» пен «көк бет» синонимдері қатар қолданылуы арқылы қатал табиғаттың көрінісін дәл беруде қазақы ұғымдағы көк долы әйелге теңестіріп отыр.

«Батырлық» концептісі: Сарайшықтағы қалмақтарды шабатын жорыққа жаужүрек болғанмен жұқа тақым Қонай батыр атты осы ауылдан мініп аттаныпты («Құс қанаты»). Көп ұзамай ер жүрек жігіттер қылыштарын жалаңдатып пілге қарсы шапты («Аңыздың ақыры»).

«Жастық» концептісі: Ала қырдан су іздеп, құдық қазуды ата кәсіп қылып алатын Қараш әулеті бесіктен белі шықпай жатып еститіні мазақ. Мұндағы «бесіктен белі шықпаған» фразеологизмі тым жас дегенді білдіреді. Немесе: Ат құлағында ойнап өскен әкесіне тартқанда да бұл шіркін тап осындай салбөксе болмаса керек еді («Аңыздың ақыры»). Бұл жерде ат жалын тартып мінген, балалық пен бозбалалықтың аралығындағы жас кезең бейнесі. Бозбалалықтан өтіп, махаббаттың бал дәмін татқан жігіттік шақтың қымбат сәттерін қимай, еске алған құдықшының ішкі өкініш, сағыныш сыры былай бейнеленеді: Неге екенін білмейді, жасы ұлғайған сайын сол бір қас-қағым келте дәурен есіне тым жиі оралып, көз алдына дәл осы қазір көріп отырғандай бәрі сайрап ап-айқын елестейтін болып жүр («Шыңырау»). Сондай-ақ, аталған корреляциялық құрылымның шеңберінде жастық концептісі уақыттың өткіншілігімен, жастық шақтың тым қысқалығымен сипатталатынын көреміз.

«Әйел, ана» концептісі. Шешесінен көзін ашпай жатып айрылып, бетбейнесінің қандай екенін ұмытып қалған кішкене бала мынау қастарынан қалмай ербеңдеп жүрген ебіл-себіл әйелді: «Апа!» дейтінді шығарды...Қараңғы түнде омырауына тұмсығын тығып пысылдап жатқан кішкене сәбидің кекілін сипап кемсеңдеп жылап шығатын атымен бөтен бейтаныс әйелдің көкірегіне сүт жүгірді («Үркек»). Бұл мысалда соңғы сөйлем тұтасымен «ана» ұғымын беріп тұрса, құрамындағы баяндауыш компонент – «көкірегіне сүт жүгірді» фразеологияқ тіркесі аналық мейірімнің құдіретін көрсетіп, «ана» концептісін нақтылай түседі, төмендегі мысалда «етегіне сүріну» фразеологизмі арқылы шаруабасты, от басы, ошақ қасындағы қазақ әйелінің бейнесін образды түрде әдемі суреттейді: Өншейінде өз етегіне өзі сүрініп, қапылып жүргенімен, шайы қайнағанша елу ел көшін жөнелтіп, көшкен ел үйін тігіп үлгеретін борпыаяқ Сақыптың қара шәйнегі сол күні ә дегенше бұрқ ете түсті («Тасбақаның шөбі»).

Қазақ әйелінің күнделікті іс-әрекетінен бөлек, оның түр-сипатын суреттеу арқылы да «ару әйел» концептісін толықтыра түседі: Дөңгелек ашық жүзінде әрлі-берлі берлі домалап жүрген жақұт моншақтай ойнақшыған қос жанары, үлбірек ерні, күлгенде сау етіп төгіле

қалатындай көрінетін маржан тістері онсыз да қылықты сұлуды одан сайын жұмбақтандырып, одан сайын ынтықтыра түседі («Елең-алаң»). Қаламгер жақұт моншақтай қос жанар, үлбірек ерін, маржан тіс тәрізді теңеу, метафораларды қазақтың сұлу әйелінің бейнесін жасауда үйлестіре шебер қолданған.

Поэтикалық мәтінде концептілер дүние құндылықтарын танытады: санадағы ұғымды бейнелейді, тіл арқылы объективтенеді ұлттың мәдени болмысы мен менталитетін көрсетеді, әрбір ұлттың танымдық белгілерінің мазмұнын береді. Фразеологизмдер қатысқан суреттеулер арқылы ой бейнелі шығады. Ә.Кекілбаевтың тілдік тұлға ретіндегі дүниеге деген көзқарастарын, тілдік құрылымын қарастыра отырып, оның өзіне тән даралық стилін ажырата аламыз.

Қаламгер қолданысындағы фразеологизмдерді саралай отырып, автордың поэтикалық санасының бірлігі іспетті индивидуалды-авторлық концептілері анықталды. Жазушы шығармаларындағы фразеологизмдер мағынасына интерпретациялық талдау жасау барысында: 1) әлем, дүние туралы ақпарат алмасу жүзеге асады; 2) құбылысқа баға беріліп, ол қабылданады; 3) фразеологиялық коннотациясының әсер етушілік қабілеті айқындалады; 4) автор қолданысындағы фразеологизмдер оқырманның эмоцияналдық қарым-қатынасын туғызуға уәждейді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Нұрдәулетова Б. Когнитивтік лингвистика. -Алматы: Асыл кітап, 2010. -344 б.
2. Кекілбаев Ә. Шығармалар жинағы: 19 т. – Алматы: Жазушы, 1999.

ӘОЖ 81.512.122(045)

«ҮРКЕР» РОМАНЫНЫҢ ЛЕКСИКА-ФРАЗЕОЛОГИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ, СОМАТИКАЛЫҚ ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕР

Дүйсенова Қ.Е.

Ш. Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті

Аңдатпа. Мақалада Ә.Кекілбаевтың «Үркер» романының лексика-фразеологиялық ерекшеліктеріне тілдік талдау жасалған. Жазушының өзіндік қолданыстарын тілімізде қалыптасқан негізгі тіркестермен салыстыру жұмысы да орындалған. Әбіш Кекілбаевтың «Үркер» романындағы дәстүрлі тұрақты тіркестердің төрт түрлі жолмен өзгертіліп қолданылғаны нақты мысалдармен көрсетілген. Сонымен қатар романдағы соматикалық фразеологизмдердің қолданысына бірнеше мысалдар берілген.

Түйінді сөздер: «Үркер» романы, фразеологизм, соматикалық фразеологизм, сөздік.

«Әдебиет – ұлттың жаны. Ұлттық сана, тағдыр, жан жүйесі – көркем өнердің басты тақырыбы» - дейді Алаш қайраткері Жүсіпбек Аймауытұлы. Сол ұлттық рух пен дүниетаным, кейіпкердің ішкі жан толғанысы молынан көрініс тапқан әдебиеттегі шоқтығы биік шығарма – Әбіш Кекілбаевтың «Үркер» романы. Тығырық, елшілік, арбасу, айқас атты төрт бөлімнен тұратын романда кіші жүз руларының Ресей империясына қосылған кездегі тарихи жағдай суреттеледі. Үркер романы – қазақ елі басынан өткерген аса ауыр кезеңдерді, яғни XVII-XVIII ғасырларда орын алған ірі-ірі оқиғаларды тарихи деректер негізінде баяндаған шежірелі туынды. Романның тарихи құндылығы мен әдебиеттегі орны талас тудырмайды. Сонымен қатар тілдік тұрғыдан да көркемдік дәрежесі жоғары, тілі айрықша, орамды шығарма. Романының лексика-фразеологиялық ерекшеліктері тіл мамандарының ерекше қызығушылығын тудырып отыр. Ғалым Бесенбай Ардақ Бақытұлы 2008 жылы жарық көрген «Әбіш Кекілбаев шығармаларындағы окказионалдық қолданыстар» атты

авторефератында Ә.Кекілбаев шығармаларындағы тұрақты тіркестердің окказионал варианттылығын қарастырылады.

Әбіш Кекілбаевтың «Үркер» романының лексика-фразеологиялық ерекшеліктерін зерделеу барысында дәстүрлі тұрақты тіркестер төмендегідей тәсілдер арқылы өзгертіліп қолданылғаны анықталды:

1. Компоненттерін өзгертіп айтуға байланысты:

- Шүмектей шапшыған қызыл қан қолдарын жуып жатыр [1,13] (шүмектеп құйды – қатты жауды, сорғалата жауды [2,768]). Жазушы қан майдандағы адам шығынының шексіздігін осылайша көрсетеді.

- Онда тағы да бір зобалаң қоздады дей бер [1, 271] (зобалаң туды: басына қауіп төнді, қауіпті күн туды [2,269]). Жазушы қоздады етістігі арқылы қауіптің жаңа басталып келе жатақанын суреттейді.

- Ата сақалы ауызынан шыққанша руын білмейтін бұл қандай маубас [1,19] (ата сақалы ауызына біткен – ер жетіп кемеліне жеткен, егде тартқан, ұлғайған. [2,72]).

- «Қап бәлем қолыма түстіңдер ме? Сауда дос болғыларың келсе, әуелі ақ патшаға мойын ұсыныңдар!»-деп қодырандайтын болса, онда мысықтабандап кері шегініп, «көрмегенім сен болсын» деп, сау басқа сақина салып алмай тұрғанда, аяқ-қолды тартып ала қою керек еді [1, 151] Мұнда сау басына сақина тіледі: өз-өзіне қиындық істеді, ауру, азап сұрап алды [2,607].

2. Қосалқы компоненттермен кеңейтілген фразеолгизмдер.

- Жездене айт, ұрыншылап келген күйеудей тұмшаланып жатып алғаны несі? [1,8] Тұрақты тіркестің қолданыстағы нұсқасы: ұрын келді, ұрын барды, ұрын жіберді.

3. Бір жолын түсіріп қолданған фразеолгизм.

Ақыр заман боларда жер астынан шығатын жеті басты аждаһа осы шағар. Ирелендеп келіп қалды [1,10]. Тұрақты тіркестің қолданыстағы толық нұсқасы: жер астынан жік шықты, екі құлағы тік шықты: табан астына бәле шыты [2,257]

4. Бір компонентін жаңартып, екінші сыңар қосып жұмсау арқылы пайда болған фразеолгизмдер.

Басында нокта, тірсегінде тұсау жоқ бостандық [1,14]. Жазушы бұл сөйлемдегі тұрақты тіркестердің мағынасын жаңартып, сөз бостандығының бейнесін ашу мақсатында қолданған. Басынан жүген сыпырды: еркіне қоя берді; басына нокта киді: еркіндіктен айырылды, бала-шаға бағып, шаруа күйттеп кетті. Тілдегі бар тіркестердің мағынасын негізге ала отырып, сөйлемнің мағынасын нақты әрі әсерлі жеткізу мақсатында жазушы жаңа тіркес жасауға ұмтылады.

Ғалым Ғұбайдуллин Сәндібек «Әбіш Кекілбаев прозасының тілі» атты кандидатық диссертацияның авторефератында «Әбіш Кекілбаев прозалық шығармаларында фразеологизмдерді дайын күйінде де, авторлық өңдеу де де үйлесімді пайдалана білді» деп баға береді. Тек «Үркер» романынан шартты түрде алынған алғашқы 25 бетінде автор тұрақты тіркестердің дайын күйінде 50-ін, өзіндік өңдеумен 22-сін қолданған. Бұл қолданыстарда фразеологизмдер зат пен құбылыстың атауы ретінде, іс-әрекетке бейнелі, мәнерлі реңк беру мақсатында да қызмет атқарған.

Әбіш Кекілбаевтың «Үркер» романындағы фразеолгизмдердің бейнелік құрылымы әр түрлі, олардың арасында тұрақты эпитет (бас сауға, жуыс өзек, шыбын жан) тұрақты теңеулер де (қарадай қағылу, жұлдыздай ағу, шоқтай жайнау) поэтикалық параллелизм де (пышағы бар сүйгенін жейді, пышағы жоқ тигенін жейді) кездеседі.

Жазушы Ә.Кекілбаевтың «Үркер» романында соматикалық фразеологизмдер жиі ұшырасады. Соматикалық фразеологизмдердің пайда болуының негізгі көзі мыналар болып табылады: 1. Адамның іс- қимылдары мен мимикалық қимылы; 2. Адам ағзасының фразеологиялық сезімдері мен рефлекстері психифизикалық қозулары; 3. Жануарлардың қимылы; 4. Қазіргі заманғы дәстүрлер, салттар, ритуалдар, діни және ырымшыл көзқарас [3].

Ә.Кекілбаевтың «Үркер» романындағы соматикалық фразеологизмдердің қолданысына төменде бірнеше мысалдар берілген:

1) Башқұрттар өздігінен қодырандап жүрген жоқ, бір шапқанда қарғанда бес шапқанға қарағанда, қолтықтарынан дым біркеушілер бар деседі [1,7].

Қолтығынан демеді - сүйемеледі, көтермеледі [2,346].

2) Қол қусырып мүсәпірсіп алдына барғасын, қанша дегенмен, аты әйел ғой, патша да қайдағы-жайдағы өткен кеткенді есіне түсірген шығар [1,7].

Қол қусырып. Бағынды, еріксіз көнді [2,345].

3) Ішкен-жегенімізді мұрнымыздан сығып алатын болар [1,7].

Ішкен-жегенімізді мұрнынан шығарды. 1. Асықтырды. 2. Жегенін сығып алды [2,582].

4) Қапшаған қашардың уызынан дәмеп, мықтыға арқа сүйеп тайтаңдаған башқұрттардың талапайына төзе берер жәйіміз жоқ деді [1,7].

Арқа сүйеді. Сүйініш қылды, тірек етті. [ҚТФС;47-б].

Қазақ халқының таным-түсінігінде «біреуге арқа сүйеу» деген алдындағы адамдарға сену, сол адамдардан көмек күту деген мағынамен астасып жатыр. Көбінесе бауырлар арасындағы кенже баланың үлкен ағаға арқа сүйеуі. Бұл жерде башқұрттардың басқа халқытарға сенуін айтып тұр.

5) Шіркіннің дәмесін қарай көр! Үш қазақтың екеуін теріс айналдырып, біреуін зорға иліктіріп жүріп, ормандағы орыстың арыстандай ақырған азулы патшаның ауызын алмақ дәмесін көрмейсің бе? [1,34].

Ауызын алды. 1. Ауызбастырық берді, пара берді, ауызын майлады. 2. Сөзін алды. [2,66].

6) Өткеннің бәрі қыз күнінде ата-ананың көзін ала беріп көрген бармақ басты, көз қысты ләззаттарындай діңкілерін құртып бағады да, бүгінгілері беймаза күйеудің беймезгіл мекіренгеніндей сұмпайы көрінеді де тұрады. (34-бет)

Көзін ала бере. Көрсетпей, назары басқа жаққа ауғанда. [1,261].

бармақ басты, көз қысты. Жең ұшынан жалғасты. [2,94].

7) Шіркін, мынау ай асты тіршілікте өз жұртына не керек екенін бес саусағындай біліп тұрып, оны жүзеге асыруға тәуекелін де, ақылың да, қажыр-қайратың да жетіп тұрып, бірақ ол ниетінді жүзеге асыруға алдымен сол емешегінді үзген еліңнің өзі дес бермей, бетіңнен қақпайлап, көкірегіңнен кері итеріп, сыртың бүтін, ішің түтін күн кешкеннен асқан тауқымет бар дейсің бе! [1,75].

Бес саусақтай білді. Жатқа білді, жетік білді [2,113].

Бетін қайырды. Қарқынын бастын; алған бетінен тайдырды; жолына тосқауыл болды; жігерін құм қылды; қолын қақты; меселін қайтарды [2,118].

Сырты бүтін, іші түтін. Көңілі жарым; іші құса. [2, 481].

8) Бір-біріне тұмсық тірестіре жалғасып жатқан осы бір үш биік – көл-көсір ұлы түздің маңдайына біткен үш сеңгір биік бір-біріне сонадайдан омырауын ашып, құшағын жайып, ентелей ұмтылысқан [1,59].

Омырауын ашып. Бейіл білдірді, кел деп қарсы алды. [2,416].

Құшағын жайып. Шын ықыласпен түсіп, кең пейілмен қарсы алды [2,368].

9) Жан-жақтан анталай қараған ашкөз дұшпаннан бейқам жатпай, белді буып бекем отырудың жай-жапсарын толғаса бастады [2,71].

Белді бекем байлады. Бір нәрсені істеуге шындап кірісіті, тәуекел етті [2,110].

10) Пәлен ғасыр бойына желкелеріне мініп келген көшпенділердің бір-біріне айдап салып ірит-соқ қып қояды [1,73].

Желкесіне мінді. Мойнына мініп алды; біреудің еңбегін сорды; үстемдік етті. [2,196].

11) Сонда өткен-кеткен жолаушының көзін арбай кететін қырық бұлтаң тұз тағысы мен біреудің әлпештеп алақанына салып отырған қырмызыдай құлпырған жас келінінің арасында қандай байланыс қандай ұқсастық болмақшы? [1,45].

Алақанына салды. Әлпештеп өсірді; мәпелеп бағып-қақты; сый-сияпат, қадір-құрмет жасады. [2,31].

12) Сонау биіктен қашырта қараған қиық көздің жүзіне түсіп кеткенін байқасаң, ішіндегіні көріп қойғандай, дереу көзіңді тайдырып әкететінсің [1,45].

Көзі түсті. Назары ауды [2,265].

13) Қашан сондай бір елшілік орысқа бара жатып, ойраттарға қолды болып келгенше солай бола береді [1,48].

Қолды болды. Из-түзсіз жоғалды; ұрланды [2;343].

14) Өзгелер өзінен дәметпесе, бұған қол ұшын берер қайрандары шамалы [1,48].

Қол ұшын берді. Қолғабыс етті, көмек көрсетті, жәрдемдесті. [2,346].

15) Көз ұшында құлтылдап бара жақан шұбар аттың жеткізетін түрі жоқ [1,45].

Көз ұшында. Алыста, жырақта, көз жетер-жетпес жерде. [2,259].

16) Қытай базары өздеріне ұқсап отырықшы дәпке бүйректері бұрып тұратын күнгей мен шығыс маңғұлдарын көргенде көптен күткен ағайындары келгендей екі етек боп елпек қағып, батыс маңғұлдарын көздері шалса болды, анадайдан-ақ тұмсықтарын көкке көтеріп, кекірейіп шыға кедетін көрінеді [1,73].

Бүйрегі бұрды. Жаны ашыды; жақын тартты; болысты; іш тартты.

17) Сол маңқа немелердің жұлынын үзіп, жотасын опырар күн туса, қыл жалаулы маңғұлдың жұлдызы тағы да зырқырап көктен бірақ шықты дей бер! [1,85].

Жұлыны үзілді. 1. Өлді, дүниеден өтті. 2. Тірегі құлады, таянышы жоқ болды [2,210].

18) Мына хабар Әбілқайырдың қабырғасына қатты батты [1,122].

Қабырғасына батты. Жанына батты; қатты қыйналды; ойысты [2,302].

19) Көзге түсер, келім-кетімі көп болар оңтайлы орындарға қызыл кеңірдек боп таласатын [1,61].

Қызыл кеңірдектесті. Таласып, дауласты, керілдесті, жанжалдасып керісті [2,371].

20) Кәрі билердің арғы көмейлерін айтпай ұғып қойған жас нояндар құрықтарынан шығып кеткелі тұрған кешегі майбөксе жылы-жұмсақ ауылдарға: «Қап, бәлем, сендерді ме!» - деп тістерін қарш-қарш қайраулы [1,95].

Тісін қайрады. Біза болды, кектенді. [2,210].

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Кекілбаев Ә. Он томдық шығармалар жинағы, 3 том, «Үркер» Алматы Өлке баспасы 1999 ж.

2. Кеңесбаев І. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. – Алматы: Ғылым, 1977. – 712 б.

3. Өтебаева Ш., Садыбекова Б.А. Қазақ және ағылшын тілдеріндегі соматикалық фразеологизмдер // Білім. – №6(54) 2010 ж. – 33-36 б.б.

«Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі» Алматы, «Дайк-Пресс», 2008 ж

ӘОЖ 81.512.122(045)

ӘБІШ КЕКІЛБАЕВТЫҢ ПРОЗАЛЫҚ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ЖЕРГІЛІКТІ ТІЛ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Мұхамбетов Ж.И.

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті,
ф.ғ.к., профессор

Аңдатпа. Бұл мақалада замана жазушысы Ә.Кекілбаевтың түрлі прозалық шығармаларында кездесетін жергілікті тіл ерекшеліктері туралы болмақ. Жазушы шығармаларындағы жергілікті тіл ерекшеліктері яғни диалектизмдердің қолданылуы мен тілдік ерекшеліктері, олардың прозалық шығармалардағы берілуі туралы айтылады. Жергілікті тіл ерекшеліктерінің түрлі прозалық шығармалардығы берілуінің тілдік жағдайаттары мен диалек-тизмдердің шығарманың мән-мазмұнын ашудағы, шығарма тіліндегі диалек-тизмдерді берудің автордың мақсатты қолданыстары туралы айтылмақ.

Түйінді сөздер: Диалект, сөйленіс, жергілікті тіл ерекшеліктері, говор, аймақтық лингвистика, диалектология.

Қазақтың дана да дара біртуар ұлдарының бірі, замана жазушысы бола білген, үлкен тұлға, қоғам қайраткері белгілі жазушы Әбіш Кекілбаевтың сиқырлы қаламынан туған сан түрлі шығармалары ісі қазаққа мәлім. Оның қаламынан туған сан алуан шығармалары шежіре мен тарихқа, дәстүр мен салт-сана, философия мен мынау сырлы әлемнің сан алуан штрихтарына толы десе де болады. Жазушының ұшқыр қаламынан туындаған әр шығармасының салмағы мен құндылығы, өзіндік қайталанбас шеберлік иірімдері бар.

Қара сөздің қас шебері, өзіндік ұшқыр ойы мен философиялық тұж-ырымдары бар замана жазушысы бола білген Әбіш Кекілбаевтың прозалық шығармаларындағы жергілікті тіл ерекшеліктері туралы сөз қылмақпыз. Өмірде көркем сөз шеберлері өзіне керекті материалды халық өмірінен, халық тілінен алатыны, оны өздерінің шығармашылық ой елегінен өткізе отырып пайдаланатыны да белгілі. Халық тілінің табиғи мүмкіншілігін ежелден қалыптасқан тілдік дәстүр негізінде меңгерген ақын-жазушылар ғана оны бұрынғысынан әрі дамыта, жаңарта, қолдану аясын кеңейте алады. Мұның өзі тілдің сымбаттылық қасиетін, икемділігін арттырумен бірге даму процесін жетілдіруге мүмкіндік береді.

Адамзат үшін ақиқат дүние біреу болса, оны түсіну, тану, сол дүн-иенің біртұтас бейнесін санада қалыптастыру әрекеттері әр адамзатта әр ұлтта әр деңгейде сан алуан интерпретацияда беріледі. Сондықтан тіл иесінің ой-өрісіне, оның концептуалдық әлеміне байланысты дүниенің танымдық бөлшектері тілде өзінше көрініс тауып, өзінше бейнелеп суреттейді, ал тіл иесі танымдық ойын өз тілінде сақталған дүние бейнесіне сәйкес танытуға тырысады. Жазушы өзінің прозалық шығармаларында батыс аймағына тән жергілікті тілдік ерекшеліктерді ұтымды бере білген. Жергілікті тіл ерекшеліктерінің көркем шығармалардағы қолданылулары туралы сөз ете кетер болсақ, жалпы прозалық шығармаларда диалектілік ерекшеліктер негізінен кейіпкерлердің тілінде қолданылады. Сонымен қатар кейде автор сөзінде қолданылуы да орын алып отырады. Жазушылар диалек-тілік ерекшеліктерді көбінесе жергілікті тұрғындарды сипаттауда, халық тұрмысын шынайы көрсету, белгілі бір аймаққа тән материалдық және рухани мәдениет ерекшеліктерін беру, халықтың болмысын, рухын шынайы түрде бейнелеу мақсатында қолданады. Жергілікті ерекшеліктердің лирика-лық поэзияда қолданылуы мен прозалық шығармаларда қолданылуының өзіндік ерекшеліктері де бар. Прозалық шығармалармен салыстырғанда, лирикалық шығармаларда диалектілік ерекшеліктер әлдеқайда аз қолданылады, оның үстіне онда негізінен лексикалық ерекшеліктер ғана қолданылады да, фонетикалық, грамма-тикалық ерекшеліктер мейлінше аз кездеседі. Бұл ақындардың жергілікті тұрғындардың тіліндегі фонетикалық, грамматикалық ерекшеліктерді көрсету емес, ойын нақты беру, қысқа да түсінікті етіп жеткізу мақсатынан туындаған. Көркем мәтіндердегі жергілікті сипаттағы лексикалық ерекшеліктерді өз ішінен бірнеше топқа жіктеуге болады:

- нақты лексикалық ерекшеліктер - әдеби тілде баламасы, синонимі бар сөздер;
- семантикалық ерекшеліктер - белгілі бір тұрғындардың тілінде жалпы-халықтық қолданыстан бөлек мағынасы бар сөздер;
- этнографиялық ерекшеліктер - белгілі бір аймаққа ғана тән, басқа жер-лерде қолданылмайтын немесе олардан түбегейлі ерекшеленетін заттар мен құбылыстардың аттары. Мұндай этнографизмдердің жалпыхалықтық тілде баламасы болмайтындықтан, оларды сипаттама түрінде ғана беруге болады;
- фразеологиялық ерекшеліктер - белгілі бір аймаққа ғана тән, сол жерде ғана түсінікті болатын тұрақты сөз тіркестері.

Жергілікті ерекшеліктер жалпы көпшілікке бірдей таныс болмай-тындықтан, олардың көркем әдебиеттегі қолданылуы көп талас тудырған мәселелердің бірі болып келді. Ол, ең алдымен, шығарманың тақырыбына, мазмұнына, суреттелетін оқиғаларға, автордың

мақсатына, эстетикалық идеалы мен шеберлігіне байланысты. Көркем шығармадағы диалектизмдердің қолданысы туралы С.Б.Кураш былай дейді: “В художественной речи диалектизмы выполняют важные стилистические функции: помогают передать местный колорит, особенности речи героев, наконец, диалектная лексика может быть источником речевой экспрессии” [1].

Жергілікті ерекшеліктерді жазушы цитата түрінде қолданып, контексте басқа стильдің элементі ретінде пайдалануы мүмкін. Сонымен қатар әдеби тіл нормаларына жауап бере алатын басқа сөздер сияқты, солармен тең қолдануы мүмкін. Жергілікті тіл ерекшеліктерінің эстетикалық мәні контекстегі қолданысы мен ішкі уәжділігі негізінде айқындалады. Шығармада жергілікті тіл ерекшеліктерінің қолданылуы белгілі бір аймақтың колоритін, шығарманың шынайылығын бере бермейді. Әдеби тілде жергі-лікті ерекшеліктерді шамадан тыс қолдану да шығарманың тілін шұбар-ландырып, түсініксіз етеді. Жергілікті тілдік ерекшеліктер - жалпыхалықтық тілдің бір аймаққа тән тілдік көрінісі. Ол аймақтың тілдік материалы жалпы халықтық тіл арнасымен жалғасып жатады да, кейбір лексикалық, фонетика-лық, грамматикалық ерекшеліктері жағынан одан ажырап тұрады. Өзінің изоглостық (сөздердің таралу шегін картаға түсіру) шекарасы бар нақтылы территорияда өмір сүріп жатқан тілдік ерекшеліктер ру-тайпалық тілдің қалдықтарынан, сол жердің халқының шаруашалық кәсібіне байланысты қалыптасқан сөздерінен, қонысы, тұрмыстіршілігі жағынан жақын көрші отырған елдер тілінің әсерінен кейбір грамматикалық формалар арқылы семантикалық өзгеріске түскен, жергілікті тілге ғана қатысты сөздер мен формалардан құралады. Көркем мәтінде қолданылатын диалект сөздердің мән-мағынасын ашып, қолданымдық аясын зерттеп, стильдік қызметін анық-тау жұмысы орынсыз қолданылған жергілікті тіл ерекшеліктері мен әдеби тіл қатарына еруге бейім тұрған диалектизмдерді айқындауға мүмкіндік береді. Ақын-жазушылардың тілі арқылы сөздік қорымыздың қатарын кеңей-теміз. Олардың индивидуальді-авторлық сөз тудыру негізінде қалыптасқан атауыштық сөздер мен ұмытылып бара жатқан көне этнографизмдерді жаңғыртуы арқылы және де кейбір естілмей жүрген заттық мәдени диалек-тизмдері қайта дүниеге әкелуі арқылы сөздік қордың шеңбері ұлғая түседі. Осыған байланысты Г.Әзімжанова: «Жазушы көркем шығарманы жазу барысында халық тілінің бейнелеу құралдарын пайдалана отырып, ұлттық тілдің жасырын жатқан байлықтары мен мүмкіндіктерін ашады. Олар өз шеберліктері арқылы тіл дамуының ішкі заңдылықтарына сәйкес келетін, жалпы қолданысқа еніп, ұлттық тіл қорының төрінен орын алатын тілдік асыл құндылықтар жасайды. Қаламгер халықтың тіл байлығын пайдалана отырып, әдеби тіл нормаларын ескеріп, тілдік құралдарды көркем дүние жасау үшін шебер пайдалану нәтижесінде көркем дүние туындайды. Жазушы тілінің суреттеу шеберлігі, көркемдік әдістері көркем мәтін арқылы ашылып, эмоциялық бояуы айқындалады. Прагматикада барлық назар адамға (субъектіге) бағытталады», - дейді. Прозалық шығармаларда диалектілік ерекшеліктер негізінен кейіпкерлердің тілінде қолданылады. Сонымен қатар, кейде автор сөзінде қолданылуы да орын алып отырады. Жазушылар диалектілік ерекшеліктерді көбінесе жергілікті тұрғындарды сипаттауда, халық тұрмысын шынайы көрсету, белгілі бір аймаққа тән материалдық және рухани мәдениет ерекшеліктерін беру үшін, халықтың болмысын, рухын шынайы түрде бейнелеу мақсатында қолданады. Ақын, жазушылардың қай-қайсысының да шығармасынан диалектілік ерекшеліктер кездеспей отырмайды. Өйткені, әр адам, әсіресе әрбір сөз шебері - таза әдеби тілдің ғана емес, сонымен қатар белгілі дәрежеде, белгілі бір аймаққа тән диалектіні де сақтаушы. Қазақ әдебиетінде де диалект сөздер көркем шығармаларда кеңінен қолданыс тауып келеді. Бір ғана мысал, Әбіш Кекілбаев шығармаларында үй сөзі там, жай, бықынажай, құжынажай, майхана, сәлемхана, шатпа, шошала, сағанақ теппе, сылама т.б. түрлері.

Дара да дана жазушы Ә.Кекілбаевтың прозалық шығармаларында жергілікті тілдік ерекшеліктер өте ұтымды беріліп отырады. Жазушы ол өз шығармаларында жергілікті тілдік ерекшеліктерді жайдан-жай беріп отырмағаны белгілі, ол өз шығармасында суреттеп отырған жердің, аймақтың ерекшелігіне орай, сол жерге тән жергілікті тілдік ерекшеліктерді

нақты, мақсатты түрде бере білген. Себебі осындай жергілікті тілдік ерекшеліктерді беру арқылы жазушы шығарманың шынайылығы мен сол ортаның табиғи болмысы, жергілікті халықтың тұрмыс-тіршілігі мен шаруашылығы, кәсібі т.б. шынайы суреттей білген, тілдік детальдар арқылы мол нақты деректер бере білген.

Жазушы, Ә.Кекілбаев шығармаларында жергілікті тілдік ерекшеліктер, диалектизмдер негізінен кейіпкер тілінде қолданылатыны байқалады. Көркем шығармадағы диалектизмдердің қолданылу ерекшеліктерін сөз еткенде, екі фактіге: біріншіден, белгілі бір сөздерді қолдануда автордың өзіндік позициясын, мақсатын түсінуін, екіншіден, автор бейнесінің ерекшеліктеріне мән беру керек.

Ә.Кекілбаев шығармалары Маңғыстау өңірі тұрғындарының өмірінен, тұрмыс-салтынан, тіршілігінен энциклопедиялық деңгейде мол хабардар ететін көркем туындылар болып табылады. Жазушының шығармаларынан нақты тілдік мәліметтер келтірер болсақ:

Әліге дейін көз алдында үш бума уық, керосин құйған темір күбінің ар жағына, босаға жақ бұрышқа тығылды; көгі үзіліп, сылдырап тұрған төрт кереге - бұл үйдің үзік-туырлығы, қызының үйінің тоқымдары мен жабу-лары, ыбырсып жатқан көп киіздің астына түсті; талайғы таң шаңырақ аядай қуыстан орын тимей, сыртқа, шошаланың төбесіне төңкерілді (Ә.Кекілбаев «Құс қанаты 25 б.).

Бұл бағытымен төрт қанат жаман шатпаның төрінде ала қағаз қыстырылмаған уық қалдырар түрі жоқ (Ә.Кекілбаев «Құс қанаты» 24 б.).

Бірер жыл қызмет жасаған соң, мынау талайғы төрт қанат шатпаны тастап, күмбірлетіп алты қанат ақ үй де көтерер (Ә.Кекілбаев «Құс қанаты 25 б.).

«Құс қанаты» повесіндегі шатпа (төрт қанатты киіз үй), шошала (ас су қоятын, сақтайтын үй) көптеген диалектизмдерімен төсекқап, аяққап, метей жүкаяқ тәрізді көнерген сөздерді қатар алуы, сөз саптаушының коммуникативтік стратегиясына сай, ол бойынша, автордың осы көзқарасын, ой сезімін адресат қабылдауға, онымен бөлісуге тиіс [3, 203 б]. Көркем шығармадағы автор бейнесі - тіл біліміндегі адам мәселесі қойылысының бір қыры екені осылай көрінеді. Коммуникативтік мақсат аталған зат атауларының бағалау мәнін ашады. Кейіпкердің тұрмыс жағдайын өзгертіп, «шыл-дырмақтай» ақ пәтерге кіру кезіндегі өмірінің екі кезеңін салыстыру сәтін жазушы осы сөздер арқылы танытады. Аталған мәдениет деректерінің құны кейіпкердің соларға деген сағынышынан аңғарылады. Қалаға көшерде ол дүниелерін шашып-төгіп кеткен жоқ, жанына жақын адамдарына сыйға беріп «қолдатып» (көтертіп) жіберді, аманатқа қалдырды. Ал екінші кезеңде «шылдырмақтай» пәтер оның жаңа тұрмысқа көну сәтін бейнелейді. Ол үшін жалғыз ұлдан артық ештеңе жоқ, соның жолында құрбан, соның қолында өлсе болды. Прагматикалық ақпарат осыны көрсетеді, оқушыны сендіреді. Бұл жазушы қолданысындағы диалектизмдер мен көнерген сөздердің үйлесіп келгендегі әлеуетінің күшін танытады десе де болады.

Қандайша жазушы әдеби прозалық шығармалар жазу барысында өз дәуірінің әдеби нормасын пайдаланады. Сөйтіп, көркем мәтін әдеби тіл заңдылық-тарының көрсеткіші болады. Әдеби тіл нормасы ірі жазушылардың көркем шығармаларында ғана жан-жақты көрінеді. Сонымен бірге жазушы шығар-маларында жергілікті тіл элементтері де көрініс беріп, қолданылып отырады. Жазушы өз шығармасының мәтініне әдеби тіл нормасынан тыс элементтерді (атап айтқанда, жергілікті тіл элементтерін яғни диалектизмдерді, жаргон, дөрекі сөздерді т.б.) енгізуі мүмкін. Сөйлеу тілі элементтерінің көркем әдебиетте қолданылған тұстарының бәрін мақсатты қолданысқа жатқыза беруге болмайды. Ғалым, диалектолог Ш.Сарыбаев: «Жергілікті ерекшелік - әдеби тілді байытудың көзі, әдеби тілге әр кезде азды-көпті еніп отырады, әдеби қолданысқа түскеннен кейін ол диалект болудан қалады. Егер жергілікті ерекшелік (диалект сөз) көркем шығармада арнайы стильдік мақсатта қолданылса, оны «диалектизм» деп атауға болады» [4, 37]-дейді.

Диалектілер, сөйленістер (говорлар) - ұлттық тілдің белгілі бір аймақтағы сөз құрауда, сөз тіркесін жасауда тарихи қалыптасқан, өзіне ғана тән дыбыстық ерекшеліктері бар тармақтары болып табылады. Алайда ол «дұрыс» сөйлеу тілімен әдеби тілмен

салыстырғанда, нормадан ауытқу болып есептеледі. Жергілікті тіл ерекшеліктерінің эстетикалық мәні контекстегі қолданысы мен ішкі уәжділігі негізінде айқындалады. Шығармада жергілікті тіл ерекшеліктерінің қолданылуы белгілі бір аймақтың колоритін, шығарманың шынайы-лығын береді. Белгілі классик жазушы Ә.Кекілбаевтың прозалық шығармаларында негізінен Маңғыстау өңіріндегі тұрғындардың өмірі суреттеледі, оның құрғақ, шөлді далалы аймақ екені белгілі сол себепті құдықшылық ежелгі атадан балаға жалғасып келе жатқан өнер ретінде қастерленетіні белгілі. Ол өңірдің күн-көріс қажетін өтеген кәсіптерінің бірі - құдық қазу болған. Сол себепті мұнда құдыққа қатысты, оны қазу, онда қолданылатын түрлі құрал-жабдық атаулары өте жиі кездеседі. Бұл өңірдегі табиғи суаты жоқ жерлерде құдық қазудың өзіне тән қызық жайлары мол. Жергілікті қазақтар су тапшылығының зардабын көрумен бірге одан арылудың жолында көп ізденіп, су табу мен оны сақтаудың түрлі қызықты әдістерін ойлап тапқан. Осыған байланысты осы өңірде көптеген құдық пен суға және ыдыс-аяққа қатысты көптеген атауларды тілге тиек етуе болады. Жазушының шығармаларынан осы жайттарға байланысты көптеген деректерді айтуға болады.

Қараса, Берден әйкелден түсіпті (Ә.Кекілбаев. «Ең бқытты күн» 37 б.).

Өңге жерден гөрі әнтек қарауытқан тебін ортасындағы ағарған тас әйкел барған сайын бұлдырай түсті. (Ә.Кекілбаев. «Аш бөрі» 29 б.).

Қауғаны астауға сырғытып жіберіп, әйкелде талтайып тұрып алды (Ә.Кекілбаев. «Ең бқытты күн» 36 б.) [5, 378 б].

Әйкел - құдықтың аузындағы тастан дөңгелек тоқаш ретінде ойылған тас, құдықтың кенересі құламау үшін қаланатын ортасы ойылған дөңгелек тас. Арғы түбі арабтың «һайкел» деген сөзінен шыққан. Арабшасының мағынасы да «дөңгелек» дегенді білдіреді. Ғалым, М.С.Атабаева осы дөңгелек тас мағынасы диалект иелерінің құдықтың аузын бекіту қажетіне сай атауға ие болған деп есептейді. Дөңгелек, шеңбер ұғымы – түркілер үшін әлемтанудың аса маңызды басқышы, арба дөңгелегінен басталатын таным, аспан – үй – шаңырақ ұғымдарымен ұштасып, «тіршілік көзі – су» танымына негіз болған. Сөздің өзбек тілінде ойкулча «дөңгелек жүзді мағынасында кездесуі сөздің жалпы түркілік лексика қабатынан шығатынын дәлелдейді [6, 137 б.]. Әйкел сөзінің ҚТАС-та төрт түрлі мағынасы көрсе-тіледі, омонимдік қатар құрайды. Сөйленістерге тән омонимдердің өзіндік ерекшеліктері бар. Ш.Сарыбаев оларды әдеби тілге қатысына қарай: әдеби омонимдер, диалектілік, әдеби диалектілік деп бөлсе [4, 272-273 бб.], енді бір еңбектерде диалектілік омоним таралу шегіне қарай тағы: сөйленіс аралық, өзіндік (ішкі) сөйленістік омонимдер болып топталады. Әйкел сөзі осылардың ішінде сөйленісаралық омонимдер қатарына кіреді, өйткені таралу шегіне қарай батыс өңірімен қатар Түрікменстан қазақтары, Қостанай, Қарағанды, Талдықорған жақтарын қамтиды. Бұл сөздің арғы түбі жоғарыда айтқанымыздай арабтың «һайкел» деген сөзінен шыққан. Арабшасының мағынасы да «дөңгелек» дегенді білдіреді [7, 19 б.] дейтін пікір де ұшыра-сады. Өзбек тілінен орын алуы оның кірме сөз болса да, жалпытүркілік кезеңге тартатынын байқатады. Сөз мағынасына мүмкіндігінше терендей зерттеу шығармада бейнеленген шынайы болмысты тануға, батыс өңіріндегі тұрғындардың тұрмыс-тіршілігінен мол мағлұмат алуға, этнографиялық құн-дылығы жоғары деректерден ақпарат жинақтауға мол септігін тигізеді.

Заңғар жазушы Ә.Кекілбаев шығармаларында ыдыс-аяққа қатысты да жергілікті атуларды молынан кезіктіруге болады:

Ондай тасаяқ немененің бір жылға жетпей-ақ іші бұлтиып шыға келе-тін, - деп, «Үйде алдындағы қуыршағыңды құшақтап, әлди-әлдиңді айтып, сен қаларсың», - деп (Ә.Кекілбаев. «Құс қанаты» 6 б.).

Шыны аяқтың түбіне жұққан қан күрең шайды ішіп жатып: «Шындарыңды айтыңдаршы, балалар, басқа үйден осындай шай іштіндер ме? - деді (Ә.Кекілбаев. «Құс қанаты» 11 б.).

Шай сандықтан атауыз алып, сарысу сындырды (Ә.Кекілбаев. «Ең бақытты күн» 33б.).

Сақанның шамалы уақытта шыны аяқтан бас көтеретін сыңайлары жоғын байқап, бір өзі ғана қол жайып бата қылды да тысқа шығып кетті (Ә.Кекілбаев. «Құс қанаты» 25 б.).

Енесі пақыр, шалының бетіне бажырайып қарады да шелектен бір бақыр су алып берді (Ә.Кекілбаев. «Құс қанаты» 16 б.).

Метейді арқалап, шелегін қарына іліп, суға беттеді (Ә.Кекілбаев. «Ең бақытты күн» 36б.).

Торғын метейге үңілген қалпы үнсіз жымыды (Ә.Кекілбаев. «Ең бақыт-ты күн» 36 б.).

Арқасын метей соғып тастапты (Ә.Кекілбаев. «Ең бақытты күн» 38 б.). Жаңа ғана бұл арқалап келген метей босап қапты (Ә.Кекілбаев. «Ең бақытты күн» 41 б.).

Маңғыстау өңірінде жиі айтылатын жергілікті диалектілік метей сөзі су құятын теріден жасалған ыдыс атауы атауы. Метей - адамның бауын маң-даймен тіреп арқалауға, не түйеге артуға бейімделіп ағаштан жасалған әртүрлі сыйымдылықтағы күбі, ыдыс. Аузында екі тығыны болады. Метей – ағаштан не теріден жасалған екі не бір тесігі бар бітеу шелек. Онымен құдықтан су тасылады. Бір метей суды әйелдер арқалап та, түйеге теңдеп те әкеле беретін. Ол үлкен-кішілі болып та келеді орташа салмағы 40-50 килограмм [8].

Бақыраш 1) кішкене шелек, 2) ожау, шөміш. Бұл сөз көршін деп те аталады. Қараш, тіккені күрке, асқаны бақыраш, иті үрегеш, қызы күлегеш, ақ боз үйге кіре алмас, шоңқайма етік кие алмас, шөккен түйе міне алмас!... Ал диалектологиялық сөздіктерде бұл сөздің бес түрлі мағынасы беріледі. Сөздің архисемасы М.А.Хабичевтің бақыр сөзінің түсімен, металмен байланыстыратын тұжырымы арқылы анықталады, кур, гур түркі тілдеріндегі «қызыл» сөзінің түбірі де, бой - бояу - бұлардың бәрі жез ұғымынан тарайтын атауларға негіз болады. Бақыраш - жезден жасалған ыдыстың бір түрі [6, 38-39 бб.]. Жергілікті халықтың бір зат немесе құбылысты тану деңгейіне қатысты туындаған атау (зат есім) немесе сипаттама атау (сын есім), яғни диалектизмдер сол заттың әдеби вариантын білмегендіктен емес, оған берген өзінің бағасы мен сол заттың қасиеті мен қолданымдық қызметі үстемдікке ие болуына байланысты жаңа атаудың (диалектизмдердің) туа-тыны - заңды құбылыс. Халық берген атау басым түсіп жатса, жалпыадамзат-тық деңгейге жетіп жатса, әдеби сөздік қор қатарына енетіні де дағдылы жағдай. Көркем әдебиет тілінде кездесетін жергілікті тіл ерекшеліктерінің бәрін бірдей әдеби нормаға жат дей беруге болмайды. Бұл орайда Н.Уәлиев: «Жалпы, диалект сөздерді зерттеу бірнеше мақсатпен байланысты. Бірінші-ден, бұл өзі - тарихи категория. Сондықтан да жалпыхалықтық тілдің тарихы мен қалыптасуын, оларды лексика-фразеологиялық, грамматикалық жағынан тексеру мәселелерінде диалектілердің көп пайдасы бар. Екіншіден, мұны әдеби тілді байытудың бір көзі ретінде қарау керек. Кейбір жаңа ұғымдарды, заттарды немесе бұйымдарды қазақша атау керек болғанда және баламасы әдеби тілден табылмаған жағдайда оларды осы жергілікті ерекшеліктерден іздеген дұрыс. Диалектизмдерден алынатын, тілімізде кәдеге асырылатын сөздер әлі де бар» [3, 16 б.],-дейді. Демек, көркем мәтінде қолданылатын диалект сөздердің мән-мағынасын ашып, қолданымдық аясын зерттеп, стильдік қызметін анықтау жұмысы орынсыз қолданылған жергілікті тіл ерекшеліктері мен әдеби тіл қатарына еруге бейім тұрған диалектизмдерді айқындауға мүмкіндік береді. Ақын-жазушылардың сөз қолданысы арқылы тілдің сөздік құрамы ұлғаяды. Олардың индивидуальді-авторлық сөз тудыру негізінде қалыптасқан атауыштық сөздер мен ұмытылып бара жатқан көне этнографизмдерді жаңғыртуы арқылы және де кейбір естілмей жүрген заттық мәдени диалектизмдері дүниеге қайта әкелуі арқылы сөздік қордың шеңбері ұлғая түсетіні анық.

Замана жазушысы, белгілі қоғам қайраткері Ә.Кекілбаевтың прозалық шығармаларындағы жергілікті тіл ерекшеліктерін сан түрлі тақырыптық топта әрмен қарай қарастырып, зерттеудің тіл білімі үшін маңызы зор. Түрлі көркем, прозалық шығармалардығы сол жердің толық танымдық коллортін беретін жергілікті тіл ерекшеліктерін, диалектизмдер мен түрлі сөйленістерді ақын-жазушылардың шығармаларынан іздестіріп, қарастырудың да маңызы зор...

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Кураш С.Б. Метафора и ее пределы: микроконтекст – текст - интертекст. -Мозырь, 2001. -121 с.
2. Әзімжанова Г. Филол. ғыл.докт. дисс. -Алматы, 2007. – 311 б.
3. Уәли Нұргелді. Қазақ сөз мәдениетінің теориялық негіздері. Филол. ғыл.докт. дисс. -Алматы, 2007. – 311 б.
4. Сарыбаев Ш. Қазақ тіл білімі мәселелері. Вопросы казахского языкознания. - Алматы: Арыс, 2000. – 621б.
5. Кекілбаев Ә. 2 томдық таңдамалы шығармалар. -Алматы: Жазушы, 1989.
6. Атабаева М.С. Қазақ тілі диалектілік лексикасының этнолингвистикалық негізі. - Алматы: Білім, 2006. -228 б.
7. Оңдасынов Н.Д. Арабша-қазақша түсіндірме сөздік. -Алматы: Мектеп 1 том. 1984. - 255б.; 2 том 1989. -284 б.
8. Картуц Р. Среди киргизов и туркменов на Мангышлаке. -СПб., 1910.

ӘОЖ 81.512.122(045)

ӘБІШ КЕКІЛБАЕВ ШЫҒАРМАЛАРЫ ТІЛІНДЕГІ ОККАЗИНАЛ СӨЗДЕР

Тиникулова Ж.Н.

Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті,
қазақ тілі мен әдебиеті мамандығының 1-курс магистранты

Ғылыми жетекші: Нұрдәулетова Б.И.

Аңдатпа. Мақалада жазушының кейбір шығармаларын ала отырып, тілдік қолданысына өзіндік сараптама жасалды. Жазушы Әбіш Кекілбаевтың көркем шығармаларының қай-қайсысы болсын оқушысын бей-жай қалдырған емес. Қоғамның елеулі оқиғасы, құбылысы болып енді. Әбіш Кекілбаевтың шығармаларында кездесетін жеке қолданыстағы сөздерді, жазушының өзіне ғана тән сөз иірімдерді табуға тырыстық.

Түйінді сөздер: тосын сөздер, роман, жазушы, проза, шығармашылық.

Қазақ халқының заңғар жазушысы Әбіш Кекілбаевтың шығармалары кез келген көзқаракты оқырманды өзіне тартып, әрбір шығармасы оқырман жүрегінен өзіндік орын алары сөзсіз. Әбіш Кекілбаев шығармаларының тілдік ерекшелігі басқа жазушыларға ұқсамайтын дара, әрі дана шығармалар десек те артық етпес. «Кекілбаев толғанса – роман, көсілсе – көсемсөз туады» деп бекер айтпаса керек-ті. Туындыларының көрінісі көркемдігімен, кейіпкер бейнелері шежірелі шешендігімен, оқиғасы тарихи деректілігімен қатар өріліп, астарлы сөз, ой дариясының тұңғиығына шомылдырады. Ол өзінің көркем сөз зергерлігімен біздің рухани өмірімізді байытты, көзімізді ашты, көкірегімізге ұлттық сенім, сана ұялатты.

Қандай да болмасын жазушы шығармаларының тілін зерттеу барысында, оның өзіне ғана тән тілдік ерекшеліктерді қамту жағына баса назар аударылатыны табиғи құбылыс. Бұл зерттеу мақсат үшін негізгі мәселе болса, зерттеу жұмысы үшін жаңалықты тұстарымен тығыз байланыса келіп, мақаланың өзектілігін де қалыптастырып жатады. Осындай әр қаламгер туындыларына тән айрықша сипатты танып білуде автордың жеке шығармашылығынан туған соның шығармаларына ғана тән сөздердің орны ерекше. Қандай да болмасын қаламгер шығармалары тіліндегі қаламгер авторлық сөздерді зерттеу, сөз жоқ, оның шығармаларының лингвистикалық тұрғыдан алғандағы ерекше сипатын айқындауға бастайды.

Авторлық сөздерді зерттеуде қиындық тудыратын кедергінің үлкені – әсіресе, қазақ тіл білімінде қажетті термин сөздердің қалыптаса қоймауы болып табылады. Дегенмен мұндай авторлық сөздерді «тосын сөздер», «бір қолданылар сөздер» деп атайды.

Окказионал сөздердің дүниеге келуі – ең алдымен тілдің жанды организм екендігін, оның түрленіп поэтикалық болса да жаңа, тың сөз жасауға бейім екендігін көрсетеді. Екіншіден, қаламгердің тіл саласындағы нәтижелі ізденістерін, солардың еркін шығармашылық қиялын байқатады. Үшіншіден, окказионал сөздер қашанда экспрессивті мәнде тұрып жазушының стиліне де ыпалын тигізеді. Окказионал сөздер де тілдегі қандай болмасын құбылыс сияқты, әйтеуір, белгілі бір тілдік элементтердің қосындысынан барып түзіледі.

Тілдік актіге тиесілік – окказионал сөздердің ең маңызды және басты белгісі. Окказионал сөздер тек сөйлеушінің тілдік әрекеті барысында туындайды, тілдік фактіге жатқызылмайды; түсіндірме сөздіктерде тіркелмейді, алайда сөйлеу барысында қарапайым сөздермен қатар қолданылады. Окказионал сөздер таза тілдік құрылым ретінде лексикалық қорға енеді.

Қайталанбастығы – каноникалық сөздердің тілдік лексикалық жүйесінің бірлігі ретінде дайын күйде қолданылуына қарсы қойылады. Қайталану қасиеті: әртүрлі мәтіндерде қайталана отырып, тұрақты тілде бекітілген болу қасиеті. Ал окказионал сөздер қайталанбайды, жасалады. Әр нақты қолдану жағдайы үшін қайта құрылады. Каноникалық сөздер үшін оны қолданудың әр нақты тілдік актісі жүзеге асыру жағдайларының бірі ғана. Окказионал сөздер үшін әр нақты тілдік акт бірегей. Кейбір зерттеушілер қайталану қасиеті окказионал сөздерге де тән деп есептейді, себебі олар оқығанды немесе естігенді еске түсірген жағдайда жадыдан алынып, дайын күйде қолданылады, қайтадан қағаз бетіне түсіріледі.

Окказионал сөздердің жасалу белгісі бір қолданарлық белгісімен тығыз байланысты. Бұл қасиет окказионал сөздердің бір рет қолдану үшін ғана құрылатындығында көрініс табады. Әрине, өйлеушілердің тілдік әрекеті барысында бір-бірінен тәуелсіз, бірдей окказионал сөздер туындауы мүмкін, алайда бұл оқиғалар кездейсоқ.

Шығарма авторының өзіндік стильдік ерекшелігі мен көркемдеу шеберлігін танытар маңызды көрсеткіштердің бірі – окказионал сөздер. Әсіресе, көркем шығарма тілінде кездесіп жүрген окказионал сөздер құрылымдық-мағыналық өзгешелігінен, стильдік мүмкіндігінің кеңдігінен өзіне назар аударуды талап етеді. Оларды мәтін ішінен танып, мағынасын түсіне білу автор шығармасын түсінудің Түйіндіі болып табылады [1, 186].

Окказионал сөздер – жалпыхалықтық қолданысқа сай келмейтін, белгілі бір авторға меншікті, тосынна пайда болатын, тілдегі сөзжасам жүйесінің мүмкіндіктеріне сәйкес жасалатын, әдеби тілге ену қабілеті шектеулі, үнемі жанашылдығымен, экспрессивтілігімен ерекшеленіп, контекст қалауына қарай қызмет атқаратын поэтикалық мәнде қолданылатын сөздер.

Окказионал сөздердің өн бойында экспрессия, эмоция басым келеді. Кез келген таңба мазмұн меже және тұрпат меже негізінде уәжделеді.

Жазушы тіліндегі мұндай сөздердің кездесуі, әрине автор тілінің сан алуандығын, кеңдігін көрсетіп береді. Оның қай-қай шығармасын алсаң да, қарапайым сөйлемдері әсем сөздермен құрылады.

Жазушының «Шеткері үй» повесінде де авторға тән жеке қолданыстағы сөздер жетерлік. Қикуда жүріп, қуғында өткен тұлғаның төңірегінде ешқандай екі ұштылық пен екі ұдайылық кездеспей, бәрі де айдан анық, күннен сұлу боп, сараланып, сайрап тұрмағы ақылға сыймас еді. Тамұқта жүріп, тауқымет шегіп, қияметте жүріп, хикмет шегіп баққан жанықас жан турасында өзге түгілі өзі де көсіле сөйлеп кете алмас еді [2, 1]. Мұнда жаны қиналған жанның сезімдерін нақты көрсетеді. Қикуда жүріп, қуғында өткен тұлға. Осы бір тіркестерден-ақ жазушының кейіпкері жай тұлға емес, үнемі күреспен жүрген адам екенін аңғарамыз. Мұндай адамның өмірі де оңай болмасы анық.

Қалың ағаштың арасын сирек қондырылған сықсима шамдардың сұйқылт жарығында тәлтіректен барып келе жатқан мас кісідей қисалаңдаған рабайсыз көлеңке әлгі абажа қақпаның алдына келгенде бойын тіктеп ала қоярды. Беймезгіл уақытта келе жатқан жолаушының әрекеті осы сөйлемге толық сиып тұрғандай. Бұл сөйлемде көркемдегіш құралдардан теңеу де, эпитет те бар. Теңеу – мас кісідей, эпитет – сықсима шамдар, рабайсыз көлеңке. Адам көлеңкесінің қимылдан кейіпкердің көңіл-күйін аңғару қиын емес.

Сылдыр еткен Түйінді дыбыс мен қаңқ еткен қақпа сықыры кешкі тымық ауада құлағынды бір тырнап өтер еді. Іштегі адамдардың сырттағы дыбысты естуін, жай естіді деп қана қоймай, құлағынды бір тырнап өтер еді деп көрсетуі жазушының шеберлігі емей немене? Әдетте, дыбыс құлақты тырнамайды. Бұлай қолдана алу да – жазушының шеберлігі.

Күні бойы топырлатып торға қамап қойған ақ сазандардай кеңсе-кеңседе жіпсіз байланып отырған көп балтыр көшеге атып-атып шығады. Бұл кәдімгі кеңседе күні бойы телміріп отыратын қызметкерлерді ескі алады. Олар да жұмыс уақыты біткен бойда үйлеріне асықпас па?! Жұмыста күні бойы отырып шаршаған қызметкерлерді торға қамаған ақ сазандарға теңеу керемет шеберлікті талап етеді. Екеуінің де қалағандары – еркіндік. Қызметкерлер үйіне асығады, сазандар суға асығады.

Тағы бір мысал: Орындық тиіп жайғасып алғандар болмаса, түрегеліп тұрғандардың жіліншігінің жыланқарағы үзіле жаздағанда, өрге қарай ышқына ыңыранып келе жатқан көксау автобус көшенің тау жақ шетіне шығып та үлгерер. Адамдарды лық толтыра жүктеп алған автобустың күндегі әрекетін байқаймыз. Көксау деген ұғым әдетте жаны бар тіршілік иелеріне қарата айтылады. Ауыр сырқатқа ұшырап, жөтеліп жүрген адамды көксау дейміз. Ал автобустың көксаулығын қалай түсінеміз? Демек, бұл жерде ішіне лық толған адамдарымен ыңырына өрге ұмтылған ескі автобусты солай атап тұр.

Сайқымазақ көлеңкелерді даусыңызды шығарып балағаттауға мәдениеттілігіңіз шаужайыңызға оратылып, ішіңізден зіп-зілдей қып бір сыбап ап, тау жақтан кешқұрым сирек қатынайтын автобусты күтіп, екі көзіңіз төрт болып сарғайып тұрарсыз да қоярсыз. Дерексіз ұғымды жаны бар нәрседей етіп суреттей білу жазушының қарымын көрсетері хақ. Жазушы бұрын көлеңкені рабайсыз етіп суреттесе, енді сайқымазақ көлеңке деп отыр. Мәдениеттілігіңіз шаужайыңызға оратылып... Бұл сөйлемдегі кейіпкердің әлденеге зауқы соқпай, соншалықты шарған кейпі осылай суреттелер, сіре?! Қанша жерден ашу қысып тұрса да, қоғамдық орында өз абыройына дақ түсіргісі келмеген адамның әрекеті.

Жазушының әйел бейнесін суреттеуде қолданатын теңеулері де ерекше. Кейде теңеуді, кейде эпитеттерді қолдану арқылы бір қолданалар сөздерді жасап шығарады. Мысалы, «Мынау төр жақ қабырғадағы шынылы рамадағы әдемі келіншек дәл мына суреттегісіндей шырадай жалтыраған шара көзін төңкеріп тастап, ақ жұмыр иекті ақ борықтай білекке асып тастап, бетінен бейнең көрінетін жылмағай столдың басында жылмиып қана отырмас па еді». Бұл жерде тек әйел бейнесі емес, оның үстел басындағы әрекетіне дейін суреттеліп тұр. Шырадай жылтыраған шара көз. Шыраның шам екенін ескерсек, әйел көзін суреттеуде мұнан артық теңеу таппаспыз. Ақ жұмыр иек, ақ борықтай білек - әйел мүсіндерінің сипаты. Жылмағай стол – эпитет. Бұл көркемдегіш құрал арқылы столдың тазалығынан хабар беріп тұр. Әрине, сол стол басында отырған әйел де жай кейіпкер болмасы анық.

Автордың «Автомобиль» әңгімесінде мынандай бір сөйлем бар: Салақ үйдің дастарқанындай сатпақтанып жататын жұтаң дала [3, 1]. Мағынасы бір-біріне мүлдем сәйкес келмейтін ұғымдарды бір ғана сөйлемге сыйдыра алу да үлкен таланттың нәтижесі. Салақ үйдің сатпақтанып жататын дастарқаны мен бетіне шөп шықпаған жұтаң даланы байланыстыру үлкен шеберлікті талап етеді.

Окказионал сөздер тек жазушының өзіне тән бір қолданар сөз деп есептесек, оның жасалуы да сан алуан. Бұл сөздердің жасалу жазушы тілінің шеберлігіне тікелей байланысты. Оказионал сөздер кейде теңеу боп келсе, кейде эпитет күйінде келеді. Теңеулерді ретіне қарай қолдана білу жазушыға тән құбылыс. Мысалы, Теңбілкөктің тақымы қыза қыз тіккен кестедей құлпыра сала беріпті. Жылқының тақымын қыздың тіккен кестесіне

теңеу байланыссыз дүние сияқты болуы мүмкін. Бірақ шеберліктің арқасында сөйлемге өзіндік бояу беріп тұр.

Теңеулерді бейнелі, әсерлі, бояулы ету үшін суреткер көп сөздіктен де қашпайды. Мысалы, Сабаздардың суға қанбайтын жаман жабының бүйіріндей шеңбірек атып кеткен қарындарына ие бола алмай жүріп, дәмелерін көрмейсің бе! Адамның қарнын жабының бүйіріне теңеп тұр. Кейіпкердің әліне қарамай өзіне тең емес дүниеден дәмелі боп жүргенін аңғарамыз.

Ғалым Р.Сыздықова «Үркер», «Елең-алаң» романдарын ала отырып, жазушы тіліне қатысты зерттеу жүргізеді. Автордың өзіне ғана тән ерекше сөздік әлемін зерттеп-зерделейді. Енді содан мысалдар келтірсек:

Жазушы бір нәрсенің, кейде адамдардың сыны мен сырын, белгісі мен қасиетін, сапасы мен салмағын бейнелеп (образдап) сипаттайды. Мысалы, хан болу сияқты билік тізгіні қолдарына тимей жүрген Өсеке ұрпағын «шаршы төр бұйырмай, асық жіліктің табағында күндері өтіп жатқан Өсеке балалары» деп атайды. Көрсетілген анықтауыш аса образды, ол образ халықтық, ұлттық таныммен берілген әңгімеленіп отырған кезінде, тіпті күні кешеге дейін қазақ қауымындағы әлеуметтік топтардың беделі, салмағы, яғни иерархиялық тәртібі отыратын орнына (төрте немесе одан төменірек, я болмаса босағада отыру деген сияқты (алдына тартылатын табақтың ішіндегі сыбағаға (бас ұстау, жамбас тиюден бастап қалған жіліктердің «дәрежесіне») қарай танылатынын білеміз, демек, «асық жіліктің табағында күні өту» лауазымдық орын (хандық, билік) тимей келген бұтақты сол кезеңнің көзімен әдемілеп дәл атаған, оның алдындағы шаршы төр бұйырмай деген тіркес те, қазірше айтсақ, «номенклатураға ілінбей» жүргендерді бейнелеп сипаттауда күшейе түскен.

Екінші бір мысал: орыс патшасына бағынып, сыртқы жауларынан енді соққы жемейтін, жағасы босап, жаны жайланған башқұрт жұрты сондай бодандықты өзі қалап жүрген Әбілқайыр мен оны қостаушылардың көзіне нулы жердің балдырғанын татып, сулы жердің тұнығын кешіп тұрған башқұрт болып көрінеді. Мұнда да аса бейнелі сипаттама сол кездегі қазақ қауымының бейбіт өмірді, малға жайлы балдырғанды, сулы мекенді аңсаған көзімен, ойымен берілген.

Қазақ еліне тыныштық бермей, соқтығып отырған көрші жұрт іргеңнің бел арқанын қиып отырған дұшпан деп аталады. Әрине, іздесе, жауласып отырған көрші елдің бейнесін әр алуан түрде атап көрсетуге болады. Күні кешеге дейін «империалистік елдерді», оның ішінде Американы кеңестік саясат көзімен қарап, не деп сипаттамай келдік, бірақ оларды киіз үйдің бел арқанын қиып отыр деп айтқан емеспіз, өйткені қазіргі жұртшылықтың басым көпшілігіне бұл бейнелі сипаттама аса таныс та емес, әсерлі де емес, «бел арқан» дегеннің қай жерде екендігін, ол қиылғанда не болатындығын бүгінде екінің бірі біле бермейді, ал Ә.Кекілбаев суреттеп отырған кезең үшін, сол кездегі қазақ қауымының көзімен қарағанда, бұл – дәл табылған мінездеме.

Егер мұндай мысалдар бірді-екілі жерде, тіпті бес-он жерде кездескен болса, біз оны бөліп сөз етпеген болар едік. Бұл жерде әңгіме – осы тәсілдің жазушы Ә.Кекілбаев тілінде жүйелі түрде келіп, жиі қолданылатындығында және олардың көбінің авторлық дүниелер екендігінде.

Образды сипаттамалар халықтың ауызекі сөйлеу тілінде де, ақын-жыраулар поэзиясында да, фольклорлық, өлең-жырларда да аз емес, көбі – ұзақ уақыт, жиі-жиі айта келе, жалпыхалықтық лексика-фразеологиялық қазынаға еніп, нормаға айналған дүниелер болып келеді. Жазушылар оларды да еркін жұмсай алады. Олар да әсерлі, орынды болып шығады. Ал көркем сөз шеберлерінің бірқатары әсерлі, әдемі қолданыстарды өзі жасайды. Жасалу моделі бұрынғы, бірақ іші – тілдік бұйымы өзге, жаңа болып шығады. Мысалы, нағыз бостандық басында нөқта, тірсегінде тұсау жоқ бостандық деп бейнелесе, бұл – мал баққан қазақтың көз алдында тұрған таныс образ.

Бейнелі сипаттамаларды жазушы көбінесе параллель түзілімдер етіп береді:

Орталарынан ойып қоныс беріп, қораларынан жырып сауын беріп...

Мұнда орталарынан – қораларынан, ойып – жырып, қоныс – сауын, беріп – беріп деген қатарлар тұлғалық, синтаксистік, позициялық абсолют параллельдерді түзіп тұр.

Индивидуалдық образды параллельдердің енді бір тобы ұйқасқа құрылған болып келеді, әрине, ол – өлеңдегі сияқты аяққы ұйқас емес, параллель құрылымының компонентінің ішінде өзара ұйқасқан сөздер болады. Іштеріндегі бір сөзі ұйқасып келген параллель құрылымдар Ә.Кекілбаевтың екі кітабында да едәуір мол кездеседі. Молдығы сондай, олар кейде тұтас абзацты алып жатады:

Қолына тізгін тимесе де, еліне елеулі, халқына қалаулы азаматтың басы алтын, құйрығы күміс ботаға буаз боз інгендей жапырып отап, сапырып суламай, тырандап аунап, бұртандап туламай, өз қадірін өзі біліп... анық баспағы шарт.

Әрі қарай да осылайша ұйқасты құрылымдар кетеді. Келесі мысалдар да ұйқасты сөздермен келген параллельдерді танылады:

Жау сұғына түсем де, қазақтың жүні жығыла түседі. Ай астының жары болам деп жүргенде, өз ұяластарының қоры бола жаздапты ғой. Жайса – белге, жапса – көлге сыймайтын мал.

Ал мына мысалдар ұйқастың басқа үлгісіне жатады. Бұлжердегі «ұйқас» дегеніміз – шартты, яғни ұйқасқан сөздер дыбыс үйлесіне қарай емес, сөзқұрамына қарай, яғни морфемдік сәйкестіктерге қарай қатарласады: көзінің сұғы мен бетінің сұғы мол Абдолла. Қазақтың желкөз керегінің аржағында желбуаз әңгіме жетпей қалушы ма еді?

Бұндағы ұйқас – дыбыстық емес, морфемдік екі сөздің құрамында бір сөз келіп тұр. Бұл – өте сирек кездесетін тәсіл. Мұндайда морфемдес сөздер айтпақ ойға сай болуы керек: желбуаз әңгіменің қазақ ортасында тез жойылатынын бейнелеп айту үшін сол ортаның айналасын «желкөз қабырғаның аржағы» деп беру дәл түсіп тұр. Жазушы осындай сирек «ұйқастарды» табуға келгенде ізденімпаздық танытқан. Мысалы, «Елең-алаңдағы» мына сөйлемде морфемдес қатар параллель құрылымдар емес, бір сөйлемнің ішінде келтірілген:

Бірақ қашан көрсең де асығыңды алдап ұтып алғысы келіп жүретін жылмың төс балалардай, сыр бермей жымпыып жүретін жылмақай неменің бүгін езуіне ие бола алмай, жымыңдай амандасып, жымыңдай қоштасуында бір гәп бар шығар.

Бұл – Абайда түбірлес сөздердің өлеңнің бір тармағында немесе қатар келген жолдарында, кейде бір шумағында келіп, үн гармониясын жасайтын тәсілдің көркем прозада да сирек болса да орын алатындығын көрсетеді.

Тегі, шығарма тілін образдап жіберуге Ә.Кекілбаев өте шебер, оның аузынан бейнелі, әсерлі, әуезді сөздерді «Құдай тағала», яғни қалам таланты лақ етіп төге салады.

Айтпақ ойды әсерлі, бейнелі етіп білдіру үшін шешендік керек, шешен болу керек, ал сөз шешен болып шығуы үшін әсерлілік, образдылық керек. Тегі, алдыңғысы – басты, біріншілік те соңғысы – сол тудыратын екіншілік сияқты. Және шешендік – өзіміз білетін ақындық, суретшілік, композиторлық сияқты туа бітетін табиғи талант болса керек.

Шешендік те, жазушылық та – Құдай берген, табиғи өерлер болса, ол екеуі бір кісінің бойынан табылса, екі шақпақтың соғылысынан пайда болатын ұшқындай, оқырманның жан дүниесін шарпып өтетін от жалынды, жарық шығармалар дүниеге келері хақ.

Енді «шегіністен» шығып, зерделеп отырған материалымызды әрі қарай талдасақ, тағы мына жайттарға назар аударар едік. Біреуді не бір нәрсені, я болмаса іс-қарекетті танытуда жазушы Ә.Кекілбаев халық қазынасына да иек артады. Олардың ішінде, сырт қарағанда, ауызекі сөйлеу тіліне не жергілікті сөзге жақын тұрғандарын таңдап алады. Мысалы, бұтқа толып жүру деген тіркесті жазушы бірнеше рет қолданған. Мамандардың айтуына қарағанда, бұл – «өзін-өзі зорға санау». «менменсіну» деген мәнде жұмсалатын жергілікті ерекшелік тәрізді, бірақ осы шығармада оның мағынасы контекске қарай әбден түсінікті және әсерлі болып ұсынылған.

Мысалы: Жас сұлтан, неге екені белгісіз, осындай қараптан қарап бұтқа толып жүретін кердең мінезді жек көруші еді.

Мұндағы бәрімізге таныс кердең сөзі алдындағы бұтқа толып жүретін деген бейтаныстау тіркесті жетекке алып, мағынасын ашып тұр. Бұл сияқты жергілікті, көне, сирек

сөздердің алдын не артын таныс сөздермен «тіреп», біртұтас мағына шығару амалы ұлы Мұқтарлардан бері келе жатыр.

Образды тіркестердің ішінде мұрты жылтырап қоя беру сияқты өзге авторлардан көп кездестірмеген күрделі етістіктер де бар. Сірә, ол да – халықтікі болар болмаса мұртынан күлу, мұрты жыбырлау, мұрты майлану деген сияқты таныс тіркестердің үлгісімен жасалған авторлық дүние болар. Қайткен күнде де бұндайлар да – өте образды қолданыстар.

Абстракт ұғымдарды нақты затқа, оның ішінде де қарапайым тұрмыстық заттарға теңеу өте әсерлі шығады. Мысалы, Әбілқайырдың орыс елшілігін күтіп алаң болған көңілін «күні кеше қымыранның бетіндей, көпіршіп шыға келген желбірек көңіл» деуі қазақ құлағы үшін түсінікті образ. Бұл қатардан жазушының теңеуге алған: «ішіне құйрықбауыр салып құдаларға ұсынған қара тегештей дөңгелек алқап... кемпірдің қолынан жел алып қашқан шүйкедей боп тұман кілکیدі.., арлан бөрінің азу тістеріндей аңдыздаған ақ тұмсықтардың арасынан жалғыз сабақ ине жіптей ширатыла құлаған жіңішке жол... көк теңізге барып бірақ тіреледі» деген тосын образдарын да көруге болады. Бұл мысалдар бір абзацта шоғырланып келген. Егер жай информативтік баяндау болса, жазушы көрсетілген теңеулерсіз: «дөңгелек алқапта тұман кілکیدі, ақ тұмсықтардың арасынан жіңішке жол теңізге барып бірақ тіреледі» деп жаза салар еді, бірақ алқапты да, жолды да, тіпті тұманды да дәл осы жерде баса суреттеу керек болып отыр, олардың бұл жердегі сюжет үшін маңызы бар, сондықтан жазушы оларды бейнелеп көрсетеді, бейнелеу қызметін теңеулерге артады [4, 167].

Қорытындылай келе, жазушының еңбектерінде бір қолданылар сөздердің соншалықты мол екенін аңғарамыз. Кейіпкер бейнесін жасау немесе белгілі бір оқиғаны, құбылысты, іс-әрекетті баса көрсету мақсатымен жеке сөздер мен тіркестерді стильдік объект ету де – жазушы шеберлігінің айнасы.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Сагадиева З.М. Окказионал сөздердің айқындауыш белгілері. – Астана: Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ хабаршысы, №5(108), 1995
2. Кекілбаев Ә. Шеткері үй. 25 желтоқсан, 2015 ж., alashainasy.kz
3. Кекілбаев Ә. Автомобиль. 19 ақпан, 2018 ж., bilim-all.kz
4. Сыздықова Р. Қазақ әдеби тілінің тарихы. 3-том. – Алматы: Ел-шежіре, 2014.

3-секция
Ә:КЕКІЛБАЕВТЫҢ САЯСИ-ӘЛЕУМЕТТІК ҚЫЗМЕТІ ТӘУЕЛСІЗДІК
КОНТЕКСТІНДЕ

ӘОЖ 1.0.161

ӘБІШ КЕКІЛБАЕВ ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ ФИЛОСОФИЯСЫ

Бекежан Ө.Қ.

философия ғылымдарының докторы,
Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті

Аңдатпа. Мақалада жазушы Ә.Кекілбаев шығармаларының философиялық сипаты әлемдік мәдениеттегі философия мен әдебиеттің тығыз байланысы контекстінде қаралады. Жазушы шығармаларының философиялық мән-мағынасының бағыттары, сипаты көрсетілген. Ә.Кекілбаевтың «Аңыздық ақыры» романына семиотикалық талдау жасау арқылы романның семиозисі айқындалады. Сонымен қатар жазушы шығармаларының экзистенциалдық, этикалық проблемалар көтерген ерекшелігіне назар аударылды. Жазушы аңыздар мен мифтер арқылы адамзатқа ортақ философиялық проблемаларды ұлттық мәдениет аясында интеллектуалдық деңгейде бере білгені көрсетілген.

Түйінді сөздер: Әдебиет және философия. Ә.Кекілбаев шығармаларының философиясы. Семиотика. Роман семиозисі. Ә.Кекілбаев шығармаларындағы рухани сабақтастық.

Философия өзінің онтологиялық сипаты жағынан барлық рухани саламен сабақтас болып келеді. Соның ішінде оның әдебиетпен рухани үндестігі аксиома деңгейіндегі феномен. Бұл жерде әрине, әдебиеттегі философия, философиядағы әдебиет сияқты ізденіске негіз болатын сұрақтар да туады. Әлемдік әдебиетті қарасақ, метафизикалық жүк арқалап тұрған, классикаға айналған тізімді көреміз. Жалпы әдебиеттің философиямен байланысы тарихи-мәдени қалыптасқан шығармашылық тандем. Бұл, әсіресе, XIX-XX ғасырларда кеңінен тараған құбылысқа айналды. Әдебиетшілер кең көлемдегі философиялық проблемаларды көтерді. Әдебиет – оқиға жазу емес, оқиғаны ойлаушы, экзистенциалдық, моральдық мәселені дүниетанымдық талқылаушыға айналды. XX ғасырда Б.Рассел, А.Камю, Ж.-П.Сартр сияқты философтар өздерінің әдеби шығармалары үшін Нобель сыйлығын алды. Достоевский, Пруст, Кафка, Сартр, Камю, Бланшо, Борхес, Кортасар шығармашылығы – әлемдік философия мен әдебиетте бірдей қаралатын жоғары интеллектуалдық шығармалар.

Әдебиет пен философияның терең байланысы қазақ әдебиетінен де тыс қалмады. Басқасын айтпағанда, ғасырлар бойғы қазақ халқының даналығы, яғни философиялық ой-толғамдары жеке философиялық мәтін түрінде емес, ұлттық әдебиетпен, фольклормен синкреттік түрде біте қайнасқанын айтсақ та жеткілікті сияқты. Міне, осы шығармашылық симбиоз дәстүрі XX ғасырдағы қазақ әдебиетіне де кең таралған құбылысқа айналды. Солардың ішінде шығармалары философиялық терең мәнге ие жазушының бірі – Әбіш Кекілбаев екені талас тудырмайды. Оның шығармаларының философиялық, интеллектуалдық сипаты алғашқы туындылары шыққаннан-ақ сыншылар назарынан тыс қалмады. Мүмкін ол сол жағынан да олардың назарына тез ілінген шығар. Әдебиет зерттеушілері С.Әшімбаев, М.Сқақбаев, Г.Бельгер және шетелдік зерттеушілер бұл туралы келелі пікірлер айтқаны белгілі. Мысалы, С.Әшімбаев «Аңыздың ақыры» жайлы: «Роман бастан аяқ ойға, толғанысқа толы, кәдімгі интеллектуалдық дәрежеде шыққан философиялық шығарма», - дейді [1, 418]. Ә.Кекілбаевтың өзі де философияға, әдебиеттегі философиялық дискурске көңіл бөлетіндігін үнемі айтып отырады. Өзінің «мәңгілікпен үндестік» деген мақаласында Маркес пен Айтматовқа қалай қарайсың деген сұраққа жауап ретінде мынандай тұжырым жасайды: «Әрине, бұл екеуін неге қосақтап отырғандары

түсінікті. Екеуі қазіргі рухани ізденістегі ең басты тенденцияның жыршылары. Маркес пен оның Латын Америкасындағы әріптестері «каудильошылдықты», Айтматов «мәңгүрттікті» бүгінгі саяси-философиялық ойға тұрақты ұғым қып қосты. Алдыңғысы – әсіре өктемдіктің философиясы. Соңғысы-құлақ кесті құлдықтың философиясы. Екеуі де менің творчестволық ізденістерімнің басты арналары» [2, 451]. Сондықтан оның шығармаларынан шығыстық каудилизмді де, өзіміздің мәңгүрттікті де көре аламыз. Шынында, жазушы шығармалары моральдық-этикалық проблемаларды көтеруімен ерекшеленеді және күрделі жалпы адамзаттық философиялық ұғымдарды көркем шығарма сюжетінің желісінде көрсетуімен айшықталады. Кезінде гуманитарлық ғылымдарда ұлттық тілде монографиялар жазылмағанына қынжылып жазушы былай деген еді: «Тілсіз философия ұлттық санаға қандай нәр бере алады? Тілсіз ғылым ұлттық дүниетанымды қайтып кеңейте алады?» [2, 459]. Осы жерде Кеңес кезінде тілі жағынан шектелген қазақтілді философиялық ой иірімдерінің, дүниетанымдық, моральдық-этикалық, эстетикалық танымның «паналаған» жері – сол кездегі қазақ әдебиеті мен поэзиясы деуге болады. Қазақ тіліндегі ауыз тұщытарлық философиялық-гуманитарлық еңбектердің орнын осы екеуі толықтырды. Философиялық ой, әсіресе ұлттық дүниетаным әдеби шығармалар ішінде, поэзиялық шығармаларда кең өріс табуы халқымызда бұрыннан-ақ әдеби жанрлар аясында дамып, ұрпақтан-ұрпаққа жеткен дәстүрлі даналықтың жаңа мазмұнда, жаңа форматта жол табуы болды. Сондықтан шығар ғылыми философияны, әлемдік философияны орыс тілінде игерместен бұрын сан қилы философиялық проблемаларды, ұғымдарды, терең ой тұжырымдарын сол кездегі қазақ баласы әдеби шығармалардан оқып, өзінше топшылап өсті. Бұл, әрине, тек қазақ мәдениетіне ғана тән болған тенденция емес еді, мысал ретінде Ф.Достаевскийді, Ж.-П. Сартр мен А.Камюді, жоғарыда аталған Маркес пен Л.Борхесті, Ш.Айтматовты айтсақ та болады. Осы тұрғыдан қарайтын болсақ, Ә.Кекілбаевтың шығармаларының философиялық мән-мағынасы, көтерген жүгі аталған әлемге танылған жазушылардың шығармаларынан осал емес. Әдебиет пен философия етене жақын, бірін-бірі толықтырып отыратын руханият түрлері екені сөзсіз және «әдебиет бірінші ме, философия бірінші ме» деген сұрақ орынсыз көрінеді. Егер М.Хайдеггер айтқандай «тіл – болмыстың үйі» болса, соның бір мекені әдебиет екені сөзсіз. Қазақ әдебиетіндегі философиялық ой тұжырымдары әдеби көркем тілмен, берілген оқиғамен ширекқан жазушының бірегейі Әбіш Кекілбаев екені осы қасиетінен көрініп тұр. Жазушының тәуелсіз еліміздің мемлекет қайраткері болған кезінде жазылған публицистикалық ой-толғамдары да осыны дәлелдейді. Өзінің әдеби шығармаларында автор философиялық ойларды әдеби көркем жанрдың көмегімен берсе, публицистикалық еңбектерінде өзін гуманист ойшыл, әлеуметтік философ, саясаткер ретінде танымал етті, гуманитарлық ғылымның категориялық жүйесін еркін әрі концептуальдық дәйектілікпен қолданғанын әрбір мақаласынан байқауға болады. Жазушының шығармалары терең философиялық ойларға, афоризмдерге толы болып келеді. Жазушының философиялық толғамдары адамның әртүрлі жағдайдағы сезімін, көңіл күйін, күйзелістерін, жан дүние арпалыстарын көрсетеді. Бұл жағынан дәстүрлі қазақ философиялық ойына тән болып келетін экзистенциалдық ізденістер, экзистенциалдық сұрақтар барлық шығармаларында дерлік орын тапқан. Сонымен қатар моральдық-этикалық мәселе де шығарма кейіпкерлерінің тіршілігінен, оқиғалар лейтмотивінен үнемі орын алады. Жазушы негізінен антропоцентрилік қағиданы ұстана отырып, жеке адам мен оны қоршаған қоғам, жеке адам мен саясат қатынасы сияқты күрделі мәселені шығарма кейіпкерлерінің болмысы, тауқыметі аясында беріп отырады. Тағы бір маңызды ерекшелігі жазушы кейіпкерлерінің, шығарма оқиғаларының ұлттық дәстүрлі тіршілікпен, дүниетанымымен байланысы. Ә.Кекілбаев та сонау өткен ғасырдың 60-шы жылдары әдебиетке келген топтың барлық өкілдері сияқты ұлт басындағы зор әлеуметтік тарихи өзгерістері, ол өзгерістердің әкелген жақсылығы мен зобалаңын айналып өте алмады. Егер әлемдік әдебиетті алатын болсақ ұлттар тарихындағы осы бір қиын қыстау мәдени өлара шықты Латын Америкасы, кеңес елдерінің жазушылары көркем шығармашылық құралдары арқылы кеңінен суреттеді. Кеңестік ұлттық жазушылардың ерекше еңбегі де осында болды. Сол идеологиялық қысым

уақытында қоғамдық ғылымдар өкілдері жаза алмаған, айта алмаған тарихи шындықты, елдің шынайы жағдайын, нәубет жылдардың құпияға айналған тарихын оқиға арасына кірістіріп, кейіпкердің жан азабынан туындаған күйзелісі, ойы толғамы түрінде тек жазушылар ғана бере алды. Адам тіршілігінің мәнсізденуі, оның өмірінің, қадір тұтқан нәрселерінің құнсыздануы осының бәрі жазушы шығармаларында үлкен орын алды.

Ә.Кекілбаев шығармасында көркемдік бейнелеудің әртүрлі құралдары кеңінен қолданылған. Соның ішінде тұспалдың, қазіргі ғылыми тілмен айтқанда семиотиканың, символдардың кеңінен қолданыс тапқанын айта кеткен жөн. Батыс әдебиеті мен өнеріне, философиясына кеңінен тараған әдіс дәстүрлі қазақ мәдениетіне де жат емес еді. Қазақтың дәстүрлі сөз өнері, оның жанрлары қашанда белгілерге, ишараға, тұспалға толы болды және ұлттық далалық дәстүрлі интеллектуализмнің көрінісі іспетті саналды. Сонымен бірге тұспалдап сөйлеу қазақ мәдениетінде ойындық сипат алуымен де ерекшеленеді. Сол себептен Ә.Кекілбаевтың шығармаларындағы семиозис тек оның әлемдік әдебиеттен алған үлгісі деп қана есептемей, жазушының қоршаған дәстүрлі мәдени ортадан, халық ауыз әдебиетінен үйренген, бойына сіңірген қасиеті десе де болады. Семиотикалық жүйе әлемдік әдебиетте зор көркемдік, бейнелеушілік роль атқаратыны белгілі. Мысалы ол жөнінде М.Донези былай дейді: «семиотика – не просто метод, который используют вымышленные детективы для раскрытия тайн; это научная дисциплина, изучающая самую спорную составляющую человеческой разумности – его способность создавать и использовать знаки (слова, символы и т.д.) при размышлениях, общении и передаче опыта» [3, 92]. Тағы бір ойымыз, сонау идеологиялық қыспақтағы өткен ғасырда осылай тұспалдап айту және оны өткен тарихи заманның контекстінде бейнелеу заман туғызған амалсыз қажеттіктен туған әдіс болған шығар. Жазушының зерттеушілер жиі айтатын ежелгі мифтік-аңыздық сюжеттерді қолдануы да осындай ойға меңзейді. Сондай үлкен философиялық, семиотикалық жүк аркалап тұрған символдың бірі-мұнара бейнесі. Мұнара – автордың «Аңыздың ақыры» романында негізгі әдеби, мазмұндық конструкцияның бірі. Егер бұл роман мәтінін семиотикалық оқу жағынан қарайтын болсақ, онда тағы бір маңызды белгі бар, ол- «шірік алма» бейнесі. Егер ұлттық дүниетаным позициясынан қарар болсақ, «шірік»-қазақ этномәдениетінде моральдық-этикалық тұрғыдан өте ауыр бағалау, сөгу түрі болып келеді. Бұл жерде романның орта ғасырлық түркілік қалада (далалық мәдениетте емес мағынасында) өтіп жатқанын ескерсек, «алма» белгісінің коды түсінікті болады. Романның семиозисін қарастырар болсақ негізгі семиотикалық құрылымды «шірік алма», «мұнара» құрайтынын көреміз. Одан басқа жазушының шығармаларынан жиі кездесін түс көру және оны жору, күміс жүзігін жоғалту сияқты детальдар да романның семиозис жүйесінің элементі болып табылады.

Енді романды семиотикалық жүйе тұрғысынан талдасақ, семантикалық жағынан белгінің яғни, алманың, мұнараның махаббатқа, сезімге, ханшаға, шеберге, әміршіге қатынасы романның мазмұнын құрайды. Ал синтактика тұрғысынан келер болсақ, «шірік алманың» «мұнараға» қатынасын көреміз. Әміршінің толғанысы, оқиғаның өрбуі логикасымен қозғала отырып мұнараның шіріген алмаға («өзегінен құрт шыққан алма»)қатынасын ашамыз. Ең маңызды нәрсенің бірі романның семиотикалық жүйесіндегі прагматикамен байланысты. Жалпы романдағы негізгі интерпретатор – Әміршінің өзі. Әрине, оның образын атақты Умберто Эконың «Имя розасындағы» Вильгельм бейнесімен салыстырмаймыз (екі романның мақсаты мен жанры бөлек деген мағынада-Ө.Б.). Бірақ, детектив болмаса да, Әмірші өзін торлаған ауыр ойдан шығу барысында, сезім арпалысымен жүріп біраз семиотикалық кодтарды ашады және философиялық толғамдарға барады («жауыз ойшыл» деңгейіне көтеріледі). Жалпы бүкіл романның сюжеттік желісі мұнараның әміршіге интерпретатор ретінде семантикалық мәндерді ашуға әсері болып шығады. Романның сюжеті даму барысында мұнара белгісін түсінудің бірнеше интерпретациясы, біріне-бірі қарсы кодтары пайда болып, әртүрлі трансформацияға ұшырап отырады. Әміршінің мұнараны қабылдаудағы сезімі мен ойы бірнеше қарама –қарсы оппозициядан өтеді. Олар: ризашылық сезімі, күмән-күдік сезімі, қызғаныш, өшпенділік сезімдері. Мұнара

ғашықтық сезім объектісі ретінде романдағы үш кейіпкердің тарапынан әртүрлі либидо мен сублимация туғызады. Әсіресе, мұнаның сублимациясы шеберге тән. Элеуметтік фрустрациядан либидосын өзінің ең керемет туындысы – мұнара арқылы жүзеге асырады. Мұнара бірнеше трансформациядан өткен символ. Мұнаның үш кейіпкер тұрғысынан әртүрлі оқылуы бар екенін айттық. Негізінен, ол Әміршінің тарапынан көбірек оқылып ең соңында оған деген жеккөрінішке де әкеледі және жауыздық жаза қолдануға себепші болады. Осы жағынан мұнаның бірнеше семиотикалық мәнін байқауға болады.

1. Мұнара – Ханшаның Әміршіге деген сағыныш көрсету объектісі.

2. Әміршінің Ханшаға (және шеберге) ризашылығын туғызу символы.

3. Ханшаның шеберге қызығушылығы белгісі.

4. Шебердің Ханшаға ынтықтығын білдіруші символ.

5. Әміршінің Ханшаға күмәнмен қарау (опасыздық) символы.

6. Әміршінің шеберге жеккөрініс символы. Баяғы Бабылдың мұнарасы сияқты бұл мұнара да ақыры түсінбестік, араздық объектісіне айналады. Мұнараны қабылдау, интерпретациялау барысында Әмірші қызу тартысты, қарама-қарсы сезімге толы ой кешеді. Мұнара тек сезім ғана емес интеллектуалдық толғаныс, моралдық-этикалық құндылықтар таласын, жан азабын, экзистенциалдық күй туғызады. Жазушы Әміршінің толғаныстарын беру барысында философиялық ұғымдарды да кеңейтіп, толықтырып отырады. Олардың қатарына: алмаға байланысты Әміршіде қастандық, сатқындық, опасыздық ұғымдары туады. Ой барысында шексіз билік, зұлымдық, жалғыздық, билеуші мен бағыныштылар, биліктің мәнсіздігі, айналып келгенде адам-пенде тіршілігінің мәнсіздігі жайлы ой толғамдар туады. Осы жерде жазушыға тән бір әдеби әдіс кейіпкер ретінде жауыздарды алуы екеніне назар аударған жөн сияқты. Мүмкін бұл әдісті де жазушы ХХ ғасырдағы екі диктатордың (Гитлер, Сталин) адамзатқа (соның ішінде қазаққа) жасаған жауыздығын әдеби-философиялық тұрғыдан зерделеудің жолы ретінде алып және ой азабын тартуды өздеріне берген шығар. Осылайша автор шығыстық «каудильошылдықтың» ақырын, жазасын өз толғаныстары, өз оқиғасы арқылы жеткізеді. «Ханша-Дария хикаясынан» да соны көреміз. Демек, өзі айтқандай «өктемдік» пен «құлдық» философиясын шығармаларында терең талдау жасайды. Мұнара бейнесінің диалектикасы да көңіл аудартады. Әміршінің мұнараны қабылдауы оқиға ширыққан сайын өзгере түседі. Әуелі: мұнара күлімдеген, биік, сұсты, шалқалаған, тәкаппар, әйелге тән паңдық пен сүйкімділік, келе гөр деп жалбарынған жас ару, арудың білегі түрінде әлдебір интимдік нышанда қабылданады. Антипод ретінде аяғында табалаушы, әжуалаушы, табалаушы болып көрінеді. Ханшаның мұнараны «оқуы»: сағыныш белгісі, мұнара-хат сияқты, мұң, құштарлық, наз, жанар, ғашықтық, шебердің ханшаға сезімі. Мұнаның «кетігі» және оның семиотикалық мәні және романдағы оқиғаның шиленісуіндегі рөлі де маңызды. Себебі, «кетік» айналып келгенде опасыздыққа итереді (басқа әйел арқылы болса да). Тағы бір назар аударатын белгі-«жанар», «жазықты-жазықсыз жанар» символы (концептісі) және шебердің жазалануы (соқырлық). «Мұнара-шебер-жанар-махаббат» және «Мұнара-жанар-өшпенділік» бинарлық оппозициясы. Романдағы тағы бір семиотикалық нышан: түс. Түсті Ханшада, Әмірші де көреді. «Ханшаның түсі» сублимация ретінде, түс-күнә және түс – қылмыс сипатын алады. Әміршінің түсі моралдық этикалық жазаға меңзеу болып табылады. Осылайша бір ғана шығармадан жазушының символикаларды асқан шеберлікпен қолданып, романның бүкіл оқиға желісінің мазмұнын ашуға тірек қылғанын көреміз. Талай шығарма өзегі болған мұнара бейнесі романда жаңаша шешім алады және философиялық концепция деңгейіне көтерілді.

Әрине, жазушының әрбір шығармасынан көптеген ой толғамдарын табуға болады. Мысалы, зерттеушілер оның аңыз-мифтік оқиғаларды жиі қолдануы жайлы айтады. Бұл әлемдік әдебиетке көп тараған әдіс және жазушының зияткерлік ой өрісін, таным көкжиегін көрсетеді. Біз қазір рухани жаңғыру, рухани құндылықтар сабақтастығы жайлы айтамыз. Осы рухани құндылықтардың адам тіршілігіндегі және әділетсіз әлемдегі жасампаз мәнін, өмірмәндік орнын жазушының «Күйші», «Аңыздың ақыры» және басқа да шығармаларынан көреміз. Автор қолданған миф, аңыздардың маңызы да осында. Бұл Ницшенің атақты

«мәңгілік оралу» идеясымен де ұштасып жатыр. «Пусть все беспрерывно возвращается. Это есть высшая степень сближения между будущим и существующим миром, в этом вечном возвращении – высшая точка мышления!» деген Ницше сөзі автор қолданған ескі аңыздар мен мифтердің қатігез өткен ғасырларда, қазіргі заманға да өз үндестігін табарын көрсетеді. Адамзат тарихында ремифология құбылысы жиі көрініс береді, автор осы бір қоғамдық сана, мәдениет заңдылығына айналған феноменді қазақ өмірі, дәуір шындығы арқылы сипаттай білді. Ол да жазушы шығармаларының бір философиялық қыры болып табылады.

Ойшыл жазушының шығармалары қашанда мән мағынасы терең философиялық толғаныстар мен эстетикалық, этикалық дүниетанымға толы. Тіпті, сюжеттік қақтығыстардың, оқиғалардың орнын ой толғанысы, интеллектуалдық ойын, сезімдер шытырман толықтырады. Ондай жағдайда шығарманың «заттық» әлемі де, кейіпкерлері де минимум көлемде болады. Сондықтан ондай шығармалар әлем мен адамның болмысына үңілу, адам пенденің өмірінің мәнін толғау, жақсылық пен жамандық, сенім мен опасыздық, махаббат пен өшпенділік, ақиқат пен жалған, әділетсіздік, уақыт пен кеңістік, заман сияқты философиялық абстрактілік категориялар шеңберінде ой кешуге құралады. Оқиға бірінші орынға шықпайды, алдыңғы орынға сол минимум оқиға (сюжет) туғызған шектелген кеңістік пен уақыттағы аз ғана «зат» айналасындағы экзистенциалдық күй, психологиялық жан дүние әлемі тартысы шығады. Терең зерделі жазушы қарапайым оқиғадан астарлы философиялық дүниені, адамзатқа ортақ болып келетін проблеманы байқайды және өзінің тұжырымдарын әдеби шығармадан өрелі философиялық туындыға айналдырады. Ұлт жазушысының көркем шығармасы соның арқасында өзінің ұлттық менталитет орбитасынан шығып, әлемдік деңгейдегі жалпыадамзатқа ортақ мәселені көтерген әдебиет деңгейіне жетеді. Ондай шығарманың авторы ұлтының да, адамзаттың да мақтанышына айналары сөзсіз. Қазақ халқы үшін Әбіш Кекілбаев сондай интеллектуал жазушы. Жазушының шығармалары философиялық дискурске, символдық бейне-образдарға, адамзатқа ортақ идеалдар мен философиялық категорияларға толы. Оның кейіпкерлерінің ой тұжырымдары, ішкі монологтары өзінің индивидуалдық жағдайын адам баласының бәріне ортақ болмыстың сұрақтары дәрежесінде толғануымен айшықталады. Әлем мен адам қатынасының түйткілдері локалды ұлттық кеңістік пен уақыттың шеңберінде көкейкесті сұраққа айналады. Теориялық-концептуалдыққа негізделген таза философиялық еңбектен айырмашылығы көркем шығарма сюжет пен сезімдік-эмоциялық дүниеқабылдау, дүниекешу арқылы әлемді тек рационалдық емес көркем образды түрде әлдебір заттық-физиологиялық нақтылық немесе эмпириялық айқындылық түрінде қабылдауға мүмкіндік береді. Ә.Кекілбаев шығармалары осы қырымен ерекшеленеді. Жазушының шығармалары сонау кеңестік қасаң идеология мен цензура кезінде жазылды. Бірақ құндылығы сол заманда да, қазір де жойылған жоқ. Неге? Себебі, автор өткінші дәуірлік, саяси конъюнктуралық тақырыптарға бармады. Қай заман адамын да толғандыратын философиялық, антропологиялық, экзистенциалдық құндылықтарды қамтитын туындыларды жазды. Сонысымен де құнды.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Әшімбаев С. Ой мен оқиға. // Кекілбайұлы Ә. Он екі томдық шығармалар жинағы. – Алматы: «Өлке» баспасы. – Т.3. – 1999. – 400б.
2. Кекілбаев Ә. Заманмен сұхбат ой-толғамдары – Алматы: Жазушы, 1996 – 592б.
3. Данези М. В поиске значения. Введение в семиотическую теорию и практику / пер. с англ.; под общ. ред. С. Г. Проскурина. Новосибирск: Новосибирский государственный университет, 2010. 192 с.

Ә.КЕКІЛБАЕВТЫҢ ӘДЕБИ БОЛМЫСЫ

Миров М.О.

ф.ғ.к, доцент, Баишев Университеті

Аблаева З.Р., Достанова А.М.,

Қазақ тілі мен әдебиеті мамандығының 4 курс студенттері,

Аңдатпа. Бұл мақалада қазақ әдебиетінің абызы Әбіш Кекілбаевтың қаламынан туған көркем шығармалары әдеби талдаулармен кең көлемде баяндалады.

Түйінді сөздер: тәуелсіздік, поэзия, лиризм, ұлттық құндылық, әдеби тіл.

Қазақ елі өз егемендігін алғаннан кейінгі жылдарда поэзия әлемінде ұлттық тәуелсіздік жаңа көркемдік мазмұнмен жырланды. Поэзияда ұлттық рух, ұлттық мұрат, тәуелсіздік деген ұғымдарға ерекше екіпін түсіре жырлаған жас ақындар келіп қосылды. Солардың бірегейлері С.Адай, Ғ.Әріп, Ж.Сәрсен, М.Райымбекұлы, Ж.Әскербекқызы, Н.Бердалы, А.Исаділ, Б.Айболатұлы, А.Шегебай, С.Қамшыгер, Б.Алдияр, А.Бабажанұлы, Т.Қамзин, Б.Беделханұлы, М.Құнапияқызы т.б. болатын. Осы аталған ақындар өлеңдеріндегі жаңаша пайымдаулар рухани жағынан түзудің жаңа бір кезеңі басталып, қазақ әдебиетінде көркем ойлардың серпінін туғызды.

Әбіш Кекілбаев «Алтын шуақ» атты сыршыл лиризмге толы өлеңдер жинағымен ақын ретінде танылды. Дүниенің жарқын жағы ақынды қуантып, көңілін көтеріп, шабытына шабыт қосады. Ол күн сайынғы жаңалыққа үміт артады. Айға ұшқан ұрпақтың сөзін сөйлеп, жер-анасына табынады. Өзінің туған жерін әрбір шөбіне дейін әдемі образдармен суреттейді. Мысалы, «Туған жер» өлеңінде былай деп толғайды:

Өстім қырда, қиырда,
Естімей орман шуылын.
Жүзімді қақтап құйынға,
Селеудің тыңдап суылын.
Теңізден шетпін бұрқақты,
Тәнімді толқын көмбеді.
Сусай қалсам, су тарттым
Шыңыраудан шөлдегі.
Тақырға асық иірдім,
Құмақта қудым қозыны.
Күн жеп қойған киімнің
Иықта кеткен тозығы.
Қиып та кеткем қиясын,
Шағылын, тауын, обасын,
Шағынып тамған көз жасым

Бабамның кара моласын, - деген шумақтарды оқып отырғанда М.Лермонтовтың поэзиядағы дауысын естігендей боласың [1.5].

Ақынның поэзиясындағы соны дүниесі «Дүние ғапыл» [2] жинағында философиялық ой-танымға құрылған, даналыққа тұнған ойшыл өлеңдері арқылы дана ақынға айналғанын көре аламыз.

Біз Ә.Кекілбаевты тек жазушы, драматург, әдебиет сыншысы, қоғам қайраткері ғана емес, сонымен бірге шебер аудармашы ретінде де танимыз. Ірі суреткер қай жанрда, қай тақырыпта жазса да, соның бәрінде ол негізгі бір өзекті идеяны, идеалды нысанаға алады. Осы ретте жазушы қаламынан туған аударма, пьесалары мен аударма романдарының мәні зор. Өйткені жазушы аударма саласында да суреткерлік қабілет танытады. Әбіштің аудармадағы суреткерлік еңбегі түпнұсқадағы шығармашылық тұтастықты сақтауымен, өзінің ойын және ол дйттеген шындықты көркем түрде суреттей алуымен, оны жанды бейнеге

айналдыру өнерінің биіктігімен, талғамының озықтығымен көрініс тапқан. Ә.Кекілбаевты аудармашы ретінде ерекшелейтін маңызды жайттың бірі - оның өрнекті көркем тілі. Ол өз ойын бейнелі жеткізуге, әрбір нәрсені жанды суретке айналдыруға өте ұста. Ұлттық тілдегі сөз саптаулармен әдеби тілдегі мың иірімді оралымдарды қиюын тауып қиюластырып, тәржімаларында да асқан дәлдікпен бере алған.

Осы ретте, Әбіш Кекілбаев - көркем аударма өнерінің де үздік шебері. Ол орыс, жапон, Батыс пен Шығыс поэзиясының классикалық туындыларын: лирикалық өлеңдер мен поэмаларын қазақ тіліне зор шабытпен аударды. Оған жапон поэзиясының көрнекті өкілдері: Кобояси Исса, Ньюдо-Саки-Но Дайдзедзидзин, Сайге-хоси, Исикава Тонудокидың, әлем поэзиясының жауһарлары М.Лермонтов, Г.Гейне, Р.Ғамзатов, О.Сүлейменовтің өлеңдері енген. Ә.Кекілбаевтың тәржімалау барысында әр жолды сөзбе-сөз аударып қана қоймай, көркемдік ерекшелігін, поэтикалық құрылымын сақтай отырып, сөздердің баламасын, ұғымдарды нұсқаға сай бергендігі көрініп тұрады. Жазушы әр жылдары дүниежүзі әдебиетінің таңдаулы үлгілерінен прозалық шығармаларды да аударып отырды. Әбіш Кекілбаевтың аударуымен Г.Мопассанның «Өмір», «Пьер мен Жан», Л.Толстойдың «Соғыс және бейбітшілік», Ш.Айтматовтың «Ерте келген тырналары» қазақ тілінде сөйледі. Солардың ішіндегі ерекше назар аудартатыны «Өмір» романының тәржімасы. Олай болатын себебі, бұл шығарманы аудару барысында Ә.Кекілбаев өзінің ұзақ жылғы тәжірибесінен түйген ойлары мен пікірлерін қорытып, жинақтаған күш-қуатын іс жүзінде тұтастай қолданған екен. Осымен бірге ол классикалық драматургияны жақсы білді және оның көп үлгілерін қазақ тіліне аударды. Оның аудармаларының ішінде У.Шекспирдің «Ромео мен Джульеттасы», «Король Лирі», «Кориоланы», Г.Ибсеннің «Үрейі», К.Гюццидың «Турандот ханымы», М.Фриштің «Дон Жуанның думаны», Л.Дарконың «Сүйіктім менің Электрасы», В.Буэроның «Бүгін мейрам, бүгін тойы», М.Кәрімнің «Ай тұтылған түні» сияқты әртүрлі стильдік үлгілері болды.

Әбіш Кекілбаевтың драма саласына да сіңірген еңбегі мол. Оған дәлел «Абылай хан» драмасы. Драмада ақ пен қараның, сезім мен сананың, жан мен тәннің қалауы арасындағы мәңгі бітпейтін арпалыс суреттелген. Шығармада Абылай осынша сынақтың бәрінен сүрінбей өтіп, өзінің һәм қазақ халқының тағдырын пәле-жаладан аман сақтап қалады. Бұл асқақ образ кемеңгер Кекілбаевтың қиялында ғана емес, осы өмірде де болатыны белгілі. Дегенмен, «Абылай хан» драмасы арқылы автор жас ұрпақты жақсылыққа шақырып, жасампаздыққа бастап, жамандықтан тыюға ұмтылады.

Әбіш Кекілбаевтың «Абылай хан» пьесасын драмалық дастан деп атап, кең ауқымды құбылысты суреттеуге бүгінгі күннің биік талап-талғамымен келген. Автордың өткенімізді айта отырып, пьесаның кейбір тұстарында бүгінгілік астар мән-мағына беруі – сол идея айқындығынан туындаған.

Жазушы драмада қазақ халқы өмірінің сан алуан қырларын үлкен шеберлікпен көрсете білген. Оған қаламгердің әлем әдебиетіндегі классикалық драматургия үлгілерін оқып, аудару арқылы шеберлік мектебінен өткендігі себеп болған. Академик С.Қирабаев: «Қазақтың ұлттық драматургиясында Жүсіпбек Аймауытов бастап жазған өлең мен ұйқасты проза тілінде жазылған шығармалар дәстүрін кейін жоғалтып алған сияқты едік. Оны Мұхтар, Ғаббас, Әбділда сияқты қаламгерлер пайдаланған. Солармен бірге кеткендей болған осы көркемдік үлгінің Әбіш пьесасымен қайта тірілгендігі қуантады. Тұмысында шешен, дау мен тартыстардың бәрінде билердің тіліне сүйенген диалог, монолог бүкіл қазақтың рухынан туындайтын еді, Әбіш осыны тірілті, әдемі жаңартты деп білеміз».

Ақынның «Абылай хан» туындысы 1993 жылы қазақтың М.Әуезов атындағы Ұлттық академиялық драма театрында қойылды. Бұл халықтың азаттық жолындағы шынайы күресінің бір кезеңін көрсететін қаһармандық драмалық дастан болып шықты. Ә.Кекілбаевтың прозалық шығармаларында қазақ халқының ғасырлар бойы арман етіп аңсаған рухани тәуелсіздігін негізгі мәселе етіп көтеріп, сол сарғайып күткен армандарды сахнаға алып келгені айдан анық.

2015 жылы Қазақ хандығының 550 жылдығына орай «Абылай хан» пьесасы Ақтау қаласындағы Н.Жантөрин атындағы Маңғыстау облыстық музыкалық драма театрында қойылды.

Кемеңгер Кекілбаев «Абылай хан» пьесасында ұзақ қазақ елінің XVIII ғасырдағы жоңғар басқыншыларына қарсы ерлік күресінің көріністерін жыр етеді. Абылайдың ақылдылықпен, айлакерлікпен жүргізген күресінің арқасында қалмақтардың жеңілуі баяндалады. Ғұлама Әбіш Абылайдың ерлік істерін қазақ халқының азаттық жолындағы туына айналдырады.

Тәуелсіздік қазақ елінің тұғырының биік болып, мемлекетіміздің нығаюына өлшеусіз зор үлес қосқан қоғам қайраткері Әбіш Кекілбаев халқымыздың бейбіт өмір сүруі жолында, ауыз бірлігі жолында да аянбай еңбек етті. Ол кешегі ел билеген патшаларға ақыл қосқан данагөй билердей мемлекеттік қызметтерге де бар қайратын салып араласты. Артына өшпес із қалдырды. Қазақ сөзінің зергері алмағайып уақытта елдік мүддені қорғау барысында да әрқашан азаматтықтың, даналықтың үлгісін көрсетті.

Мемлекет және қоғам қайраткері Сауытбек Әбдірахманов Әбіш туралы сөзінде: «Алайда тарихтың осынау өтпелі, екі ұдай кезеңінде, бір жүйеден бір жүйеге ауысып, жаңа қоғам құрылып жатқан шақта жаңа қоғам құрылып жатқан шақта бізге прозашы Кекілбаев, сыншы Кекілбаев көбірек керек пе еді, әлде саясаткер Кекілбаев, тарихшы Кекілбаев, философ Кекілбаев, әлеуметтанушы Кекілбаев, мәдениеттанушы Кекілбаев көбірек керек пе еді десек, осы жылдарда бізге оның қаламгерлікке суарылған қайраткерлігі керегірек болғанына көзіміз жетеді» деген сөзіне қарап та Кекілбаевтың қазақ мемлекетін нығайтудағы еңбегінің зор екендігін байқаймыз.

Әбіш Кекілбаев жас республика – Қазақстанның аяқтан тұрып, қалыптасуына бар күш-жігерін салды. Бір сөзінде: «Егер әдебиетші болмасам, саясатқа келмес ем. Мені қаламгер ретінде де алаңдатуға тиіс. Көркем шығармаларымда қазақтың түйін мәселелерін шешкенмен, былайғы өмірде өзімді ұлтыма қалайша арнамаймын?» деген екен [3.13].

Ә.Кекілбаев Егемендіктің ақ таңында «Ұлт үшін ендігі ең маңызды қызмет – Тәуелсіздікті орнықтыру» деп, осы іске Елбасымен бірге бел шешіп, білек сыбана кіріскен. Сонда «Артымыздағы ұрпаққа аз күндік ырзақ қана тастап кетпей, баянды болашақ қалдыра алсақ, бұл дүниеге босқа келіп, босқа кетпегеніміз» деп, ақтарыла сөйлеп еді ғой. Содан кейін-ақ, «Демократия көктен түспейді», «Ұлтты ұлы мұраттар алға жетелейді», «Отаншылдық мұраты-жасампаздық», «Өткеннен тағылым, ертеңнен үміт іздегендер ғана ілгері баса алады», «Ел тағдырын шешетін жасампаз кезең енді келді» деп, көпшілік қауымның көкірегіндегі күпті ойлардың түйінін шешіп, жігерлендірген болатын.

Әбіш Кекілбаев Қазақстанның алғашқы сайланған Парламентінің Төрағасы, Мемлекеттік хатшы, Президент кеңесшісі, сенатор. 1997 ж.- Ұлттық татулық пен саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу жылы, 1998 ж.-Халық бірлігі мен ұлттық тарих жылы, 1997 ж., -Ұрпақтар бірлігі мен сабақтастығының жылы. Елбасының арнайы жарлығымен әр жылды атап өту жөнінде мемлекеттік комиссия құрылып, оны Мемлекеттік хатшы Әбіш Кекілбаев басқарған. Осындай жұмыстарды атқару жолында Әбіш Кекілбаев жан аямай еңбектенген. Мемлекет басқару жолындағы қызметтерді атқарудағы ұсыныс пікірлері, ақыл қосқан ойлары ақпарат беттерінде жиі жарияланып, Қазақстан халқына зор шабыт беріп отырған.

«Өз мемлекетінің Тәуелсіздігін қастерлеу, өзің тұратын елдің егемендігін құрметтеу-тек патриоттық парыз ғана емес, үлкен гуманистік жауапкершілік...

Мың жылдап күткен арманды бір күнде жүзеге асыра салмасымыз белгілі. Олай болса, уақытша қиындықтарға бола мәңгілік мұраттарымызды тәрк ете алмаймыз. Тәуелсіз еліміздің көгеріп-көркеюі жолында күш-жігерді аямаймыз» деп жазды бір мақаласында Әбіш Кекілбайұлы [4.35].

Әбіш Кекілбаев – философ, ойшыл, шешен, терең жазушы, үлкен саясаткер, көрнекті мемлекет әрі қоғам қайраткері.

Шәкәрімнің мына бір өлеңі ойыңа оралса, Әбішті айтып тұрғандай болады:

Адамдық борышың -
Халқыңа еңбек қыл
Ақ жолдан айнымай
Ар сақта, оны біл.
Талаптан да білім мен өнер үйрен,
Білімсіз,
Өнерсіз,
Болады ақыл тұл.
Өмірінді сарп қыл өлгенінше,
Жоба тап,
Жол көрсет,
Келешек қамы үшін.
Қайталап, қайырылып
Қауымға келмейсің,
Барыңды,
Нәріңді,
Тірлікте бергейсің.
Ғибрат алар артына із қалдырсаң-
Шын бақыт,
Осыны ұқ.
Мәңгілік өлмейсің

Расында да, қамшының сабындай қысқа ғұмыр, баянсыз дүниені жобалау да, мөлшерлеу де баянсыз. Сол қысқа жіп күрмеуге келмейтін ғұмыр мен алдамшы фәниден, өтпелі уақыт пен кеңістік шегінде өшпейтін шырақ жағып, өлмейтін іс жасауға Алланың пенделерінің ілуде біреуінің ғана қолы жетеді. Әбіш Құдайдың өзіне өлшеп берген жылт еткен жарығында өлмейтін өнер құдіретін артына қалдырып кетті.[5.120]

Қорыта айтатын болсақ, Әбіш Кекілбаевтың шығармаларының негізгі идеялары ұлтшылдық, отансүйгіштік, тарих сахнасына үңілген кеңінен талқылауға түсіре алатын өзекті мәселелер толқынынан тұрады. Кемеңгер Әбіштің шығармалары өзге ақын-жазушылардың шығармаларынан өзіндік ерекшелігімен озады.

Киелі Маңғыстау топырағында дүниеге келген сыршылда, сыншыл Әбіш Кекілбаевтың зерттелмеген қырлары әлі де болса көп. Әулиелі, қасиетті, тарихи, сыршыл мекенде дүниеге келген ғұлама Әбіш Кекілбаевтың шығармаларын әлі де тереңінен зерттеуді қажет ететіні айдан анық.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Ана тілі газеті, №37 (1502), 12-18 қыркүйек, 2019 ж.
2. Кекілбаев Ә. «Дүние ғапыл», Алматы: «Арыс», 1999ж
3. Үш таған \ рухани-танымдық журнал\ №2 (2) қазан, 2016 ж.
4. «Әбіш Кекілбайұлы – Қаламгер. Қайраткер. Саясаткер»\ Құраст. Жоламан Болашақов. -Алматы: «Ана тілі» баспасы ЖШС, 2009.-416 б.
5. Кекілбайұлы Ә. Сыр десте: Әлеуметпен әңгіме-дүкен (Сұхбаттар).-Алматы: «Нұрлы Әлем», 2009.Т.2-216 б.

Ә.КЕКІЛБАЕВ КӨСЕМСӨЗДЕРІНДЕГІ ЕЛДІК МӘСЕЛЕЛЕР

Отарова А.Н.

Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті

Андатпа. Мақалада көрнекті жазушы Әбіш Кекілбаевтың публицистикалық шығармаларының жанрлық әр алуандылығы, стильдік, тілдік ерекшеліктері мен образ жасаудағы суреткерлік және шеберлік әдіс-тәсілдері жан- жақты қарастырылады.

Түйінді сөздер: очерк, қоғамдағы мәселелер, характер, стильдік ерекшелік, жанр, философиялық өрнек, тәуелсіздік, адам концепциясы.

Қазақ публицистикасының қалыптасу, даму жолдарына бүгінгідей тәуелсіздік көзқарасынан қарайтын болсақ, оның түп-тамырының тым әріде жатқандығы байқалады.

Елбасы Н.Ә. Назарбаев «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыру жөніндегі Қоғамдық кеңестің кеңейтілген отырысында өз ойын: «Қай халықтың болмасын өзге жұртқа ұқсамайтын бөлек болмыс-бітімін даралап, өзіндік тағдырын айқындайтын басты белгі – мәдениеті. Мәдениет – ұлттың бет-бейнесі, рухани болмысы, жаны, ақыл-ойы, парасаты. Өркениетті ұлт, ең алдымен, тарихымен, мәдениетімен, ұлтын ұлықтаған ұлы тұлғаларымен, әлемдік мәдениеттің алтын қорына қосқан үлкенді-кішілі үлесімен мақтанады. Сөйтіп, тек өзінің ұлттық төл мәдениеті арқылы ғана басқаға танылады» [1, 2 б.], – деп білдірген болатын.

Әрине, қазақ журналистикасын, оның ішінде публицистика жанрларын қалыптастырып, дамытуда өзіндік үлес қосып, сондарына мол рухани мұра қалдырған жеке тұлғалар баршылық.

Публицист өмірдің фактілері мен құбылыстарының бәрін бірдей, қалай болса солай жинақтай бермейді. Өзінің идеалына, жоғары саналылық мақсаткерлігіне керектілерін тандап алып, шығармасына арқау жасайды. Бұл ретте ол өмір құбылыстарын өзінің дүниетанымы мен әлеуметтік көзқарасы тұрғысынан саралайды. Бұл публицистің дүниетанымы мен әлеуметтік көзқарасын ол өмір сүріп отырған қоғамдық орта белгілейді. Демек, ол өзі өмір сүріп отырған қоғамы тұрғысынан, өзінің табының мүддесі тұрғысынан келеді.

Қазақ журналистикасының өсіп, өркендеп нығаюына айтарлықтай өзіндік үлес қосқан, публицистика мен проза дәрежесін биікке көтеріп, бүгінгідей егемендік еркіндігіне үн қосқан суреткердің бірі – Қазақстан халық жазушысы, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Ә.Кекілбаев.

Бұл орайда әдебиетке келуінің алғашқы баспалдағын журналистикадан бастаған кейін хабарлама, репортаж, фельетон, көкейкесті тақырыпты көтерген очерктер, проблемалық мәселелерді қамтыған ойлы мақалалар, естелік-эсселер, жолсапар очерктеріне дейін жазып, публицистиканың барлық жанрына қалам тартқан жазушы деп бағалауымызға әбден болады.

Публицистикадағы тақырып пен проблема бір бірімен тығыз байланысты. Кейде тақырыптың өзінен проблема көрініс береді. Проблема бір ғана фактімен шектелмейді, онда бірнеше фактілер жүйесі көрсетіледі. Жетпісінші жылдардағы публицистикада қоғам өмірінде орын алып отырған сан алуан шешімін таппаған мәселелер тақырыпқа өзек болды

Ол өз публицистикасында қоғамдағы мәселелерге, адамдардың сана-сезіміндегі психологиялық кемшіліктерге назар аударады. Сондықтан да оның публицистикасындағы сын-мақалалары мен очерктері ең алдымен адамдардың іс-әрекетіндегі, ішкі дүниесіндегі проблемаларға арналған. Ал, оның туындыларынан халықтың тіршілік-тынысына, болашағына көз салып, байыптаған публицистің қоғамдық-саяси көзқарасын көруге болады.

Ә.Кекілбаев қамтыған тақырып сан алуан: тәуелсіздік толғанысы, азаттық идеясы, ұлттық салт-дәстүр, тіл, қарапайым еңбек адамдарының бейнесі, ел басқарған адамдардың игі істері т.б.

Ә.Кекілбаев публицист ретінде жоғарыда аталған тақырыптардың барлығын қамтып, өзінің шығармашылығына арқау ете білді. Бұл жерде публицистика деген пікірге теориялық жағынан тоқталып өткенді жөн көріп отырмыз. Қазақтың белгілі әдебиетшісі Ахмет Байтұрсыновтың көсемсөз туралы берген анықтамасына назар аударсақ, ол: «Көсемсөз шешен сөз сияқты әлеуметке айтқанын істету мақсатпен шығарылатын сөз. Шешен сөзден мұның айырылатын жері – шешен сөз ауызша айтылады, көсемсөз жазумен айтылады. Көсемсөз әлеумет ісіне басшылық пікір жүргізетін сөз болғандықтан да көсемсөз деп аталады. Көсемсөз кезіндегі әлеуметке керек іске мұрындық болып істеу ыждағатымен айтылады» – деп маңызды мәселенің түйінін шешіп берген.

Оның көркем очерктерінің негізіне қарапайым қазақ аулының адамдарының тұрмыс-тіршілігі, өмір шындығы, адамдар арасындағы әралуан қарым-қатынастар, бауырмалдық жарқын қасиеттер, адамгершілік биік парасат, өзгеріске толы өмір суреттері арқау болады.

Ә. Кекілбайдың «Ұйқыдағы арудың оянуы» [2,194] деп аталатын нақты деректерге сүйене отырып жазған, аты аңызға айналған өлке Маңғыстау түбегінің өткені, бүгіні, келешегі жайында сыр шерткен кітабы бар. Осы кітаптың алғашқы очеркінің басты кейіпкері – жазушының өзі мен анасы. Автордың туған жер, туған топырақ, кіндік қан тамған жер деген ұғымдарға көзқарасы, осы ұлы сезімдерді қалай түсінетінін очеркші әдемі толғайды. Бұл көркем очерк таза автордың нәзік көңіл-күймен жазылып, сезім әсерінен суарылған. Балалық шақтағы сол бір оқиға туралы ойлары лирикалық кейіпкер автордың өз көзімен қаралып суреттелген және бастан кешкен осы бір кішкентай оқиғадан автор көңіл-күй әсерлерінен желі туғызып отырған. Сол жылы жетіге келген кейіпкер сол күннен бастап қара нардай мығым жерге зер сала қарайтынды шығарып, жердің жұмбағын ұғынуға, құпиясын ашуға талпынуды сол күннен бастағанын келісті әңгімелейді.

Осы мәселе төңірегінде ғалым Бақытжан Майтановтың мына пікірі орынды: «... көп жағдайда жазушының ішкі сезім толғаныстары туған жер, өскен орта тіршілігімен бетпе-бет ұшырасу сәттерінде ауыл тұрмысы, бір кездегі балалық шағы қалған аяулы мекен жайлы жан-жақты көңіл-күй әуендерін толғайтын қазақ прозаиктерінің де қалыс қалар реті жоқ» [2,190]. «Осы призма арқылы суреткер Кекілбайұлы, ең бастысы, тағдырлар философиясынан алуан тұрғыдан мейлінше саралап көрсетеді. Сондықтан шығар, тарих пен бүгінгі күннің өзіне тән философиясы әрқашан көркемдік философияға айналып кетеді. Оның үстіне Тағдырлар философиясы – көркемдік философияға, ал өркем философия – тағдырлар философиясына айналып жатады» - дейді сыншы Сайлаубек Жұмабек. [4]

Расында да Әбіш Кекілбайұлының қай көркем очеркіне зер салсақ та байқалатыны өзіне тән философиялық өрнегі мен тарихи өрімі қатар жүреді. Тарих та, бүгінгі күн де – тіршіліктің тартыс аренасы. Мұның өзі суреткер Әбіш туындылары үшін тиек боларлық көркемдік фон, көркемдік декорация ғана. Ал, шығармаларының басты өзегі – тарих философиясы. Дүние дидарындағы болып жатқан құбылыстардың бәрін де тарихи сана тұрғысынан саралайды. Очеркистің басты мұраты – ел өмірін жауапкершілік тұрғысынан суреттеу, жақсылықты, жаңалықты жырлау әр кезеңнің тынысын тыңдай отырып, өмірдің өзі тудырған проблемаларды қозғау арқылы оқырман жүрегіне жол табу екенін көреміз.

Қаламгердің тәуелсіздік жылдарында жазғандарындағы қамтылған тақырыптар адам концепциясы («Сайранқұмарлық санаға тұсау»), Жер тарихы («Бағзы мен бақиды жалғастырар сара жол», тарихи сана («Во имя веры в будущее человечества и цивилизации», «Упрямство памяти», «Өз еңсемізді өзіміз жықпайық») этнология («Тіл және тәуелсіздік»), ұлттар табиғаты («Ортақ үйдің түтіні түзу ұшсын»), дәстүр («Дәстүр мен дәуір»), ұлттық сана («бір қазақтың баласымыз», «Әуезов туралы сөз», «Ұя мен жебе»), ұлттық даму («Тіл және тәуелсіздік», экология («Айналаң – аялы алтын бесігің»), т.б. бар.

Ә.Кекілбаев адам концепциясы, рухани ізденістердің жемістері, қоғам проблемалары, қоғамдық сана, әдебиет пен мәдениетті саясаттандыру, электронды революция сияқты өзекті мәселелерге «Сайранқұмарлық санаға тұсау» атты философиялық ой-толғамдарға толы көркем очеркінде жан-жақты тоқтала отырып, кең пайымдаулар жасайды. Әсіресе, автордың телевизор экранының қаншалықты зиян әкеліп отырғандығы туралы ой-пікірлері орынды: «Тұтынушы қоғам идеологтары экран арқылы тарайтын «мәдениет» жұрнақтары сол тасып болмаған санасына орасан зор информация мен әр алуан көріністерді боратқан үстіне боратып, оның көкірегінен ата-аналары, жанашыр ағайын-тумалары, ойда жоқта оқып қойған әдеби кітаптары мен мектептегі ұстаздары құлағына құйып баққан «мәдениеттің ежелгі» дәстүрлеріне тән моралистік уағыздардың бәрін қуып шықпақтың аса күрделі стратегиясын жасақтап шығарды» [3,17], - деп ой қорытқан қаламгер телевизор экраны, адамзаттың көп ғасырлық әлеуметтік, рухани тәжірибесінің бәрін айырбастай алмайтынын, теледидар экранындағы жүйесіздік рухани әлсіреуге әкелетінін болжаған очеркші рухани кемелдік, биік сананың қалыптасуын тежейтін де осы теледидар екенін ашық дәлелдейді.

«А. Кекильбаев – один из интереснейших самобытных писателей современности. Его произведения отличаются неповторимостью художественного рисунка, емкостью содержания. В них удивительным образом сочетаются лирическое и философское начала» [4,326].

Бұл очерктегі биік талғамсыз парасат болмайтындығы жайында автордың философиялық түйіні парасат пен пайымды азаматтық сана мен рухани мәдениет болған жерден ғана іздеу керек екенін баса көрсетеді. «Бағзы мен бақиды жалғастырар сара жол» лирика-философиялық көркем очеркі көлемді, көтерген проблемасы да ауқымды, тарихи-мәдени мұраның кешегісі мен бүгінін салыстыра келе, ертеңін де болжаған үздік шығарма. Бұл очерктің негізгі идеясы – мұрагер болып үйренуге шақыру, күрескерлікке, жасампаздыққа қол жеткізген де ғана қай халық болсын өз мұратына жететіні жайында. Қазақ мәдениетінің тарихы, ұлт тарихы, мемлекет, қоғам тарихы екенін очеркші философиялық толғамдарымен түсіндіре отырып, өсімдік, жануарлар дүниесі де адамзаттың бір бөлігі екенін, оны Адамның ұмытпауын тілеген автор бүкіл планета тағдыры мен адамдар тағдыры бірлікте, бір-бірінен бөлуіне болмайтынын жан-жақты дәлелдеп, қатар дамыған елдер мәдениетін салыстырған тұстарының танымдық қасиеті жан-жақты көрініс тапқан. Әр елдердегі мәдениет, тарих, әдебиет дамуын шымыр да шыншыл кескіндеген очеркші жаны рухани таза ұрпақты тәрбиелеудің, адамгершілігі мол азамат өсіру үшін де кешегі, бүгінгі рухани мұрамызды дұрыс жеткізгенде ғана ертеңгі күні аңдатқан.

«Айналаң – алтын бесігің» атты лирика-философиялық очеркі мынадай лирикалық шегініспен басталады: «Жылдар шіркін құба жонның құланындай зымырап өтіп барады. Арман сабаздың көбейе түспесе, азая түсер түрі жоқ. Абай айтқан «сағаттың шықылдағы» да бұрынғыдан гөрі жиірек соғып, қаттырақ естілетіндей. «Алдағы жолың, арттағы жолыңнан аз болмаса, көп емес», деп үсті-үстіне қайталап тұрғандай» [3,69], - дей келе, өзінің байыз таба алмаған көңілін, алаңдаушылығын білдірген автор бақыттың соғыстан кейін де дұшпаны көп болатыны жайлы ой толғайды. Қазақстанның көп қалаларының экологиялық жағдайына шын алаңдаушылық білдірген публицист көп дерек, фактілерге сүйене отырып, күллі ұлттың бүкіл интеллектуальдық потенциалы жиылған, ғылыми-әлеуметтік ортаның шоғырланған астасындағы экологиялық жағдайына алаңдаушылық білдіріп, басқа аймақтардың қарқ болып тұрмағанын да қатты сынап өткен. Республиканың он пайыздай жерінде таулы аймақтарда кен,түсті металлургия, химия өндірістері орналасқаны, суды сұраусыз пайдаланатын қазақтың, жерді де бей-берекетсіз құнарсыздандырып жатқандығын автор философиялық толымды пайымдаулар арқылы жеткізеді.

Экологиялық жағдайсыздық жайында сөз болса, тек Арал, Балқаш, Дегелең ғана аызға алынатыны, Шымкент, Ақтөбе, Шығыс Қазақстан облыстарының да табиғатына апат төніп, халқының өмірі қысқарып, өлім атаулы жиілеп бара жатқанын ашына жазған публицист адам тағдыры, адамның болмыс, ажал алдындағы шарасыздығына назар аударуды ұсынады. Әбіш Кекілбайдың бұл көркем очеркін: «Ал ендігі жерде өз бауырымыздан

шыққан бүлдіршіндерден басталатын болашақ адамзаттың бақыты жолында бел шешіп, білек сыбанып күресуге тұратындай жалғыз майдан осы. Жарастықты өмір, сау-саламат тіршілік жолындағы күрес. Өйткені, айналаң – аялы алтын бесігің. Бесігін ардақ тұтпаған береке қайтып таппақшы?!» [3,79], - деп логикалық тиянақтылық табатын соңғы шешіммен аяқтайды.

Ә. Кекілбаев тілдің халық тарихындағы, ел санасындағы айрықша орнын, мемлекеттік орнықтырудағы рөлін айшықтап ашып беруімен де мәдениеттануға үлес қоса алды. Кешегі кеңестік кезеңнің өзінде «тілдер тең құқылығы сақталмай тұрып, ұлттар теңқұқылығы сақталмайтындығын» айтқан, «халықтардың мәдени ерекшелігін белгілейтін ең қуатты тарихи, психологиялық, тілдік – үш фактордың ішіндегі ең айқын көзге түсетіні де – тіл. Сондықтан да, отаршылдықтың қай заманда да ең алдымен сол үшеуін, әсіресе тілді ерекше нысанаға алған» деп жазған, «Тіл теңдігі жоқ жерде әлеуметтік әділеттік орнайды дегенге өз басым сене алмаймын. Бұл төңіректегі әңгімеден тіксінетіндер – жаңа бетбұрыстың өзінен тіксінетіндер. Ондайлардың көкейін тескен қызыл құрттың не екені де белгілі. Мансаптан айырылып қалмау. Бұрын бір тіл біліп-ақ өңгеріп жүре беретін портфельді енді екі тіл білмесең, бермей қоя ма деген қорқыныш» деп шамырыққан қаламгер тәуелсіздік таңы атқан тұста шиыршық атып, ширығып шықты, тілдің болашағын ұлттың болашағымен, тілдің дамуын ұлттың дамуымен өзектестіре қарады, бұл өзектестік бір ұлттың ғана емес, бүкіл адамзаттың рухани тәжірибесінің түп бастау қайнарына барып тірелетінін көрсетті. «Түптеп келгенде, ана тілдіңді құрметтеу – басқалардан артық тұрудың құралы емес, туған анаң мен атаңды сйлағаның сияқты өз халқың мен мәдениетіңді қалтықсыз қадірлеудің басты қағидасы болуға тиісті», деп қадап айтты. Тіл тағдыры таразыға түсіп, тар кезеңге тірелген шақта Әбіш Кекілбаевтың депутат болмаса да Парламент мінберіне көтеріліп, сондағы өзге ұлт өкілдеріне: «Немене, кеше ел басына күн туғанда, тар үйімізден орын ығысып, төрімізді ұсынғанда, тартыңқы дастарқанымызды алдарыңызға жайып, жарты күлшемізді ауыздарыңызға ұстағанда, біз күндердің күнінде, бүгіндей демократия орнатып кемелденеміз деп жатқан заманда, өз үйімізде де өз тілімізде сөйлеу үшін мына сіздерден бүйтіп жылап тұрып рұқсат сұраймыз ғой деп ойлап па едік?!» - дегенін біз еш уақытта ұмытпауға тиіспіз. Публицистің бұл мақаласы тұтас бір қоғамдық кезіңнің айнасы бола алған. Өткеннің сабақтарынан үйренуге де бастайды. Бүгінгі өмір шындықтарынан да дәйектер келтіреді. Болашақ туралы батыл болжамдар да бар.

Ә.Кекілбаевтың көсемсөздерінен Отанға, тіл мен дінге деген махаббаты, мейірім, шарапаты айқын сезіледі. Тіпті, өткен кеңестік дәуірдің өзінде оның тәуелсіздікке, теңдікке, еркіндікке деген ұмтылысы жазушылық, журналистік творчествосынан басым орын алған. Оның кейінірек, тәуелсіздіктің алғаш жылдарынан бастап-ақ саясат, тіл, дін тақырыптарына арнап қадау-қадау іргелі проблемалық материалдар жазғаны соның айғағы деп білеміз.

Шағын жанрдың көркемдік шарттарын толық меңгерген қаламгер өмірдің өзекті мәселелерін арқау етіп, заман тынысын өткір сезініп, замандас бейнесін жан-жақты сомдайды.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Кекілбайұлы Ә. «Он екі томдық шығармалар жинағы».- Алматы: Өлке,-Т.7.-1999.
2. Майтанов Б. Лиризм-стильдік құбылыс.Көркемдік Түйіндіі-шеберлік.- Алматы:Ғылым,1985.
3. Ә. Кекілбаев. «Заманмен сұхбат».- Алматы: Жазушы,1996.
4. З.Ахметовтың әдеби мұрасы және қазақ әдебиеттану мәселелері атты РҒТК материалдары.- Алматы: Үш қиян,2003.
5. «Тіл және тәуелсіздік» жинағы А.: «Ер – Дәулет», 2007

ӘБІШ КЕКІЛБАЕВТЫҢ САЯСИ- ӘЛЕУМЕТТІК ҚЫЗМЕТІ

Өтесова Г.Е.

Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті

Аңдатпа. Мақалада заманымыздың заңғар жазушысы Маңғыстаудың төл перзенті аса көрнекті қоғам және мәдениет қайраткері, Қазақстанның халық жазушысы Әбіш Кекілбаевтың саяси-әлеуметтік қызметі сөз болады.

Түйінді сөздер: Маңғыстау, саясат, тәуелсіздік, қызмет, мемлекет

Қойнауы қазынаға толы қазақтың қазақтың қасиетті жері Маңғыстау топырағында талай танымал тұлғалар дүниеге келсе солардың бірі биыл туғанына 80-жыл толғалы отырған халықаралық деңгейде кең танылған аса көрнекті, мемлекет, қоғам және мәдениет қайраткері, Қазақстанның халық жазушысы Әбіш Кекілбаев.

Әбіш Кекілбаев Маңғыстаудың кішкентай Оңды деген ауылында 1939 жылы 6 желтоқсанда дүниеге келді. 1957жылы Таушықтағы мектептің 1сыныбына барып, 1948-1954жылдары Оңды орталау, ал 1956-57 жылдары Ұштағандағы орта мектепте оқиды. Әдебиетке құштар ол мектепті аяқтаған соң Қазақ Мемлекеттік Университетінің филология факультетіне оқуға түсіп университет қабырғасын жүргенде университеттің әдебиет бірлестігін басқарады.

Университетті аяқтаған соң 1962-1965 жылдары Лениншіл жас газетінде бөлім меңгерушісі болып қызмет атқарады.1964-1968жылдары Қазақ КСР мәдениет министрлігінде репертуарлық -редакциялық коллегия мүшесі қызметін атқарады.1968-1970жылдары Кеңес Армиясы қатарында болды. 1970-1975 жылдары Қазақфильм киностудиясында бас редактор болған жылдары қазақ мәдениетіне қыруар еңбек сіңірді. Театр сахналарында көптеген жаңа пьесалар қойылып жаңа фильмдер бүкілодақтық, дүниежүзілік киноэкрандарға жолдама алды. 1975жылы Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетіне қызметке шақырылып бастапқыда мәдениет бөліміндегі әдебиет секциясының нұсқаушысы болып кейін осы секцияның меңгерушісі болады.1984жылы Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев Әбіш Кекілбаевті мәдениет министрінің орынбасары қызметіне тағайдайды.

Ол өзіне сеніп тапсырылған Орталық мемлекеттік тарихи мұражайы құрылысын жоспарлы мерзімде аяқтап жаңа ғимраттың құрылысына қажетті құрылыс материалдары мен технологияларды іздеп Қазақстан мен Ресейдің біраз жерлерінде болады. Сондайақ Алматыдағы қазігі Нұрғиса Тілендиев атындағы Орталық концерт залын да іске қосты. Ол өзіне тапсырылған сенімді ақтап қазақтың жер су атауларын қазақшалап, мұражайлардың салуына үлес қосты.[1.1] Түркістандағы Қожа Ахмет Ясауи кесенесінің жөнделуі,басқа да он істердің шешімін табуына мұрындық бола білді. Осы мәдениет министрінің орынбасары қызметінде 1986 жылға дейін болып осы жылы Қазақстан жазушылар одағы басқармасының 2 хатшы қызметіне ауысып бұл қызметте 1988жылға дейін болады.

1988-1989жылдары Қазақ КСР тарихи және мәдени ескерткіштерді қорғау қоғамы Орталық кеңесінің төралқа төрағасы қызметінде болады. Осы жылдары біздің дәуірімізге дейінгі XII-Xжәне Шымыңжылдықтың 400-ге жуық ескерткіштерінің қазба жұмыстары арқылы табылғандығы Арал маңы, Алтайдағы Усть Нарым ,Батыс Қазақстандағы Ырғыз және тағы басқа ескерткіштердің бет бейнесін ашуға, Ежелгі Тараз жеріндегі Жамбыл облысындағы Ақтөбе су қоймасын,Сайрам зиярат орындарын қалпына келтіруге де сүбелі үлесін қосты. 1989жылғы Жаңаөзендегі оқиғасына қатысты келеңсіз жайлардың барлығын бұлтарпас дәлелдермен ашып көрсетіп одақтық мұнай министрлігіне хат жолдап республикалық баспасөзде мақала жазып теледидарда сөз сөйледі.

1990жылы Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бөлім меңгерушісі болады. 1990жылы желтоқсанда ел тәуелсіздігі жарияланды. Тәуелсіздігімізді сырттың алақөздігінен, іштің алауыздығынан аман сақтап қалу – біздің тарих алдындағы ең басты парызымыз дей отырып Елбасының беделі қай мемлекет үшін де ұлттық игілік екенін айтып өтті. 1991жылы желтоқсанда тәуелсіздік алған елімізде алғаш президент сайлуымыз өтіп президентіміздің халқымызға ант беру рәсімінен кейін сөйлеген жүрекжарды сөздері Әбіш Кекілбаев өміріндегі жаңа саяси қадамының басы болатын. Осы жылдан бастап Әбіш Кекілбаевтың саяси қайраткерлік мәртебесі мәуелі кезеңге көтерілді. Қазақ қоғамына ең алдымен ақын, жазушы ретінде танылған Әбіш Кекілбаев дарыны бөлек, сөзі ерек жазушы бола тұра Қазақстанның тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың сенімді қосшысы ретінде жас тәуелсіз мемлекеттің саясатына араласты. Себебі азаттықтың арайында, тәй- тәй басқан Тәуелсіздіктің әр қадамына сүйсінетін, елдің тізгінін қолына алған Елбасына тірек болатын азаматтар қажет еді. Шығармашылық адамының мемлекет басқару ісіне, билікке араласуы төтенше құбылыс емес. Еліміз тәуелсіздік алған алғашқы жылдарда ана тіліміз және жер су атаулары, ұлттық тарих және әлеуметтік мәселелерге көп көңіл бөлсе 1991жылдан бастап Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесінің Мәдениет, тіл және ұлтаралық қатынастарды дамыту жөніндегі комитеттің төрағасы болып сайланады. Өзінің кіндік қаны тамған Маңғыстауды Әбіш Кекілбайұлының «өзі тарих пен табиғаттың бірге толғаған тамаша дастаны» деп сипаттаса, ол қай жерде қандай қызметте жүрмесін киелі мекені туған жері Маңғыстауды есінен шығарған емес. Ол әрдайым халықтың жәй күйімен, тыныс тіршілігімен таныса отырып, бұрынғы өткен ата бабаларымыздан қалған өлшеусіз рухани тарихи байлықтың сақталу, жалғасу жәйіне де айырықша назар аударып отырды.

1992жылы Қазақ КСР жоғары Кеңесінің ұлт саясаты, мәдениет пен тілді дамыту жөніндегі комитетінің көшпелі мәжілісін Маңғыстауда өткізу туралы шешім қабылдайды. 1992жылдың 6-12 қыркүйегі арасында Маңғыстау облысында Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің мәдениет тарихи ескерткіштерді қорғау жөніндегі комитеттің көшпелі мәжілісі өтіп комитеттің төрағасы болған Әбіш Кекілбаев пен бұл жиналысқа республиканың 60-тан аса өнер, мәдениет қайраткерлері, депутаттар, бірқатар министрлер қатысады.[2.2]

Бұндағы мақсаты - ұрпақтар үшін тарихи мәдени мұраларды сақтау, рухани қайта түлеуге қамқорлық жасау, бұл игілікті істерді Маңғыстаудан бастау және осы өлкені бүкіл Қазақстанның зиялы қауымына жан – жақты таныстыру еді. Осы комитеттің көшпелі мәжілісінде Маңғыстаудың көне тарихы, Қарлыбас қорымы, өлген адамды өртеп көмген Сақакұдық, тағыбасқа көне ескерткіштердің қай ғасырларда пайда болғандығы, ол кездердегі тіршілік- өмір салты, жаугершілік, қоғамдық құрылыс, олардың әлем елдерімен сабақтастығы, байланыстылығы туралы баяндама жасайды.

Ол сондайақ облыстың Маңғыстау аталып қайта құрылуына атсалысуы, қалаға Ақтау атын қайтару, Ақтау теңіз портын салу, тағы басқа өлкеміздің өміріндегі маңызды істеріне араласып отырды. Ол Маңғыстау энциклопедиясының алғаш жарыққа шығуына да аянбай ат салысты.[3.1] Ел тарихында алғаш өмірге келген ұлттық теңге шығару, оған Маңғыстаудың көне мәдени тарихи ескерткіштерін енгізу ісіне де өз үлесін қосты. Ә.Кекілбаев туған өлкеге келген сайын не бір кездесу өткізбей, не бір газеттерде сұхбат бермей кеткен емес.

Ол Қазақстан Республикасының алғашқы конституциясын жасаушылардың бірі болды. Қазақстанның мемлекеттік рәміздерінің Жоғарғы Кеңес сессияларында қабылдануында да қыруар еңбек етті. Әсіресе елтаңбаның қабылдануы Ә.Кекілбаевтың жүйелі бұлтартпас дәлелдерінен кейін ғана жүзеге асты. 1992-1993 жылдары «Егемен Қазақстан» газетінде бас редактор қызметін атқарса 1993 жылы лингвистердің пікірлерінен туған талқылаудан кейін бас редактор ретінде «Егеменді Қазақстан» газеті атауы «Егемен Қазақстан» болып өзгертеді.

Мемлекеттік тіл ана тіліміздің жөніндегі сан алуан таластарда да орынды пікір айтып орыс тілінің орны жөніндегі конституция бабының Парламентте қайтадан қаралу қажеттігі

жоқтығын дәлдей білді. Ә.Кекілбаев 1994 жылдың сәуірінде Қазақстанның тұңғыш рет көппартиялық кәсіби парламенті- Жоғарғы кеңестің төрағасы болып сайланды.

Егемен елдің Елтанбасы,Әнұраны,Туы,мемлекеттік тіл,мемлекеттік шекара секілді аса маңызды ұғымдар қоғамдық талқыға түскен тұста мәселелердің парасат пен әділдік пайдасына шешудің ең тиімді жолдарын таба білді.Сондықтан да, Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев Әбіш Кекілбаевқа 1995жылы «Бейбітшілік пен татулық» сыйлығын тапсырды. Мемлекет басшысы: «Бұл абырой биігіне Сіз табиғат- ана молынан сыйлаған ақыл парасатыңыздың қажымас қайратыңыздың, дара дарыныңыздың арқасында жетіп отырсыз. Сөз танитын адамды тәнді етпей қоймайтын кітаптарыңыздағы ордалы ойлар, терең толғаныстар сіздің мемлекеттік қоғамдық қызметіңізде жаңаша жалғасып, жарқырай көрінгені- халықтың ортақ игілігі» деген еді.

Бұл үлкен сыйлық оның тәуелсіз қазақ елінің әралуан міндеттері мен проблемаларын философиялық тұрғыдан жан жақты сөз еткені,көтерген мақалары үшін берілген болатын. [4.1]Әбіш Кекілбаевтың қаламынан туындаған шығармалар әдебиетіміздің ортақ игілігі болса оның мемлекеттегі, жалпы қоғамдағы әр іс әрекеті халықтың ортақ игілігіне айналып отырғаны ақиқат. Республикамызда мемлекеттік хатшы деген лауазым 1996 жылы пайда болса бұл лауазымды 1996жылдың наурызында елбасымыз ҚР «Мемлекеттік хатшының дәрежесі мен уәкілеттілігі туралы» қаулысы негізінде бекіткен болатын. Осы қызметте алғашқыда Ахметжан Есімов отырса оның басқа қызметке ауысуына байланысты 1996 жылдың 30 қазанынан бастап Әбіш Кекілбаев отырып бұл қызметте 2002 жылдың қаңтарына дейін болады. Әбіш Кекілбаев Мемлекеттік хатшы болып тағайындалғанда Брюссельден Шыңғыс Айтматов «Әбіш інім.Тарих біліп істегендей. Бұл қызметке келуің - ұлттың табысы. Өмірің өркендесің,еңбегің -халық үшін,қаламың- рух үшін,ақылың -заман үшін деп батасын берді.[5.1]

Мемлекеттің хатшылық қызметте болған кезде оның бастамасымен «Ұлттық татулық пен саяси қуғын өсүргін құрбандарын еске алу», « Халық бірлігі мен ұлттық тарих», «Ұрпақтар сабақтастығы жылдары ресубликамызда» кең көлемде аталып қыруар жұмыстар жасалды. Қазақ елінің рухани мұралары және төл тарихымызға үңілу, еліміздің тарихын құрметтеу сезімінің қалыптасты.Әбіш Кекілбаев 2002-2010 жылдарда Парламент Сенатының депутаты, Халықаралық істер, қорғаныс және қауіпсіздік комитетінің мүшесі болды.1995 жылы Әбіш Кекілбаев Егемен Қазақстан газетіне берген бір сұхбатында былы дейді . Адамдар мен халықтардың арасындағы жарастыққа қызмет ету менің суреткерлік те, азаматтық та парызым...Мен әдебиетші болмасам,саясатқа келмес ем. Суреткер болмасам, күрескерде болмас ем. Бұрын суреткер ретінде толғандырған мәселелер мені азамат ретінде де толғандырып жүрген мәселер еді. Қиял арқылы шешіп келген мәселелерге нақты өмірде тікелей атсалысуға мүмкіндік туып тұрса, одан қалайша бой тартамын?Оның үстіне,қай кезде де қаламгерлік еңбекті қоғамдық қызметпен ұштастырып жүрген адаммын.Саясатқа келгенімен келгеніме өкінбеймін деген екен [6.1]

Әбіш Кекілбаев әдебиет майданында жауынгерліктен қолбасшылыққа көтерілген қазақ тарихын о шеті мен бұ шетін терең сүңги зерттеген кеменің капитаны десем, ешкім дау айтпас. Сондай ақ біз көрген тірі философтардың ішіндегі қоғамның даму үрдісін, кешегісі мен бүгінін біліп қана қоймай,өз ойшылдығымен қоғамның келешегіне жаңа ғылыми- тәжірибелік тұжырым жасай алатын,қатарынан ілгері келе жатырған,қазақ халқының маңдайына біткен дара тұлғалардың бірі де бірегейі[7.2]

Әбіш Кекілбаев қоғамдық іске,саясатқа жетіктігімен,өскелеңдігімен,өзіндік көзқарасымен ерекшеленіп келді. Ол өмірінің қай кезінде де әдебиетшілдігімен саясаткерлігін ардақтай тең ұстаған. Егер саясат деген өнер болса,Әбіш соның кемел өнерпазы.Кешегі жылдардағы ,еліміз егемендік алар кездегі қым қиғаш жағдайлар,көп ұлтты республикадағы халықтың саны жағынан жартысынан да жетпейтін қазақ халқының басындағы ұлттық , тіл мен діл мүддесіне қатысты қасарысқан психология жібімей,көзі ашық деген жандардың өзі тар жол мен ақ жолды айыра алмай шатасып тұрған шақта Елбасы

қасынан табылып, табиғат берген жомарт парасатын ел игілігіне аянбай жұмсаған қазақтың біртуар тұлғаларының бірі болды.

Қазақстанның дамуына өзіндік үлес қосқанын елбасы өте жоғары бағалап осы еңбектері үшін Әбіш Кекілбаев 2004 жылы 15 желтоқсанда «Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаев» орденімен марапатталды. 2009 жылы 70 жасқа шыққа мерей тойында Президентіміз Мемлекетке сіңірген еңбегі, мәдениет пен әдебиетті дамытуға қосқан қоғамдық қызметі үшін «Қазақстанның Еңбек Ері» атағын берді.

Әбіш Кекілбаев өз орнын, яғни шынайы азаматтық келбетін, қайраткерлік тұлғасын, жазушылық қабілетін ешкімнің әсерелеуінсіз ақ баршаға мойындатқан, барынша дәлелдеген жан.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Әбіш Кекілбайұлы-қаламгер, қайраткер, саясаткер. Құрастырған Ж.Бошалақов. Алматы. Ана тілі баспасы жшс 2009
2. Маңғыстау газеті // 2009ж 27 тамыз.

ӘОЖ 908 (045)

ӘБИШ КЕКІЛБАЕВ – ЗАМАНЫМЫЗДЫҢ ЗАҢҒАР ТҰЛҒАСЫ!

Серикбаева А. Қ.

Ш.Есенов атында Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті

Аңдатпа. Бұл мақалада Әбіш Кекілбаевтың еңбек жолы, атқарған қызметі туралы қарастырылған. Жазушының еңбектеріне талдау жасалған. Еліміздің бұған дейінгі де, тәуелсіздік алғаннан кейінгі де ата тарихының сан қырынан бейнеленуінде, егемендігіміздің мызғымас кірпіші қалануында ұлтымыздың ұлағатты ұлы Әбіш Кекілбаевтың атқарған ерен еңбектері баяндалған.

Түйінді сөздер: Әбіш Кекілбаев, жазушы, қазақ, шығармалары, мәдениет.

Әбіш Кекілбаев – төл әдебиетіміздің көрнекті өкілі, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, Халық жазушысы, әлемдік әдебиетте өзіндік орны бар кемеңгер жазушы. Талантын алғашқы жазған шығармаларында-ақ байқатып, сөз еткен қай тақырыбын да жоғары биіктікке көтеріп, көркемдік шешіміне оқырманды иландыра алатын шынайы суреткер. Оның әңгімелерінен бастап повесть, романдары да жеңіл-желпі оқуға көнбейтін, «қадалып, қайталап ой көзімен оқуды тілейтін», ирімдері мол, астарлы ой, күрделі философиялық түйіндерден тұратын туындылары екені баршаға аян.[1]

Әбіш Кекілбаев – адам жанының шындығын танудың алуан түрлі тәсілін шеберлікпен игерген жазушы. Ә. Кекілбаев кейіпкерлері қарапайым адамдар болғанымен, олардың өзіне тән өмірі, тағдыры, мінез-құлқы бар. Жазушы олардың жан дүниесінің тереңіне барады. Кейіпкерінің жеке басындағы түрлі сезім иірімін сипаттай отырып, олардың іс-әрекетіне баға береді. Жазушы кейіпкерінің ішкі толғанысын, жан күйзелісін, жүрек тебіренісін қара сөз күдіреті арқылы толғап жеткізеді.

Жазушы 1939 жылы 6 желтоқсан күні Маңғыстау облысы, Маңғыстау ауданы (бұрынғы Гурьев облысы), Оңды ауылының Мырзайыр деген жерінде туған. Арғы атасы Жанайұлы Қожаназар қазақтар көшін Маңғыстауға бастап келген. Белгілі, білікті, беделді, дәулетті адам болған. Тектінің ұрпағы тектілік танытпаса, айыбы, аманатқа қиянат жасағаны. Әбіштің әлемі сол текті бабаның көріп-білген дүниесін балаға аңыз бен ертегі, әңгіме ретінде жеткізгенінен пайда болды. Әбіш әлемі - өзіндік бір пәлсапалық, дүниетанымға толы әлем. Әбіш Кекілбаев өткен ғасырдың 70-80 жылдар аралығында мәдениет, әдебиет, кино салаларында ұйымдастыру-шығармашылық қызметтерін атқара жүріп, өзінің жазушылық

кәсібін алдыңғы қатарға қоя білді. Партияның Орталық Комитетінің мәдениет бөлімінде әдебиет секторының меңгерушілігіне Әбіш Кекілбаев жазушыларға да, қоғамға да сөйлесе, сөзі өтетін, қажет кезінде басқарушы билікке олардың да талап-тілегін, сөзін өткізе алатын беделді қаламгер, тәжірибелі саясаткер ретінде қызметке шақырылды. Ә. Кекілбаев Орталық Комитеттен Мәдениет министрінің орынбасары қызметіне жіберіліп, қысқа мерзімде қыруар істер атқара алды. Жаңа мемлекет тұсында да Әбіш Кекілбаев – депутат, Комитет төрағасы, Жоғарғы Кеңес төрағасы, Мемлекеттік хатшы, Сенат депутаты сияқты лауазымды қызметтерді атқарып келді. Оның «Аңыздың ақыры», «Үркер», «Елең-алаң» тарихи романдары – тек тарихи шежіре емес, бүгінгі қоғам үрдісімен, ұлт мүддесімен астасып, бостандық рухы мен өркениеттің өшпес құндылықтарына ұмтылатын мінез тәрбиелерлік қуатты шығармалар. Әбіш Кекілбаевтың қай қасиетін сөз етсек те, ең алдымен, қазақ санасында оның әдебиет сыншысы, шебер, көркем шығарма жазушылығы алғы кезекке шығады. Әдебиетке бала кезінен мол дайындықпен келгені оның терең шығармаларынан айқын көрінеді. Әдеттегідей жасқана, имене әдебиеттің есігін ашқан жас өскін емес, білімі толық, кемелі келісті, қаламы төселіп, даусы орныққан дарын иесі екендігі шүбәсіз, нық басқан салмақтылықпен келді. Ол өзінің көркем сөз зергерлігімен біздің рухани өмірімізді байытты, көзімізді ашты, көкірегімізге ұлттық сенім, сана ұялатты.

Әбіш әлемін тану — әр қазақ үшін қажет дүние. Елдің, ұлттың рухын көтеретін дүниелердің барлығы фольклордан, елдің ауыз әдебиетінен басталады. Халықтың санасына сіңген нәрселерді әр уақытта түп-түбірімен жеткізе білген ақын-жазушыларға қазақ халқы кенде емес. Бірақ осы ХХ ғасырдағы ірі тұлғалардың көрнекті өкілі – Әбіш Кекілбаев. Әбіш Кекілбаевтың әлемдегі 100 жазушының қатарына кіруі – соның айғағы. Қалам ұстап жүрген халық көп болғанымен, ел мойындағаны – шанда-шанда. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында «Бостандық ұлтты бодандықтан да қатты сынады» деп, осынау ұлтымыз ішінде жас тәуелсіз мемлекеттің Ақордасының керегесі кең, уығы тең, шаңырағы биік болуына Елбасымен бірге барлық күшін жұмсады. Әбіш Кекілбаевтың туған елі, туған топырағы Маңғыстау үшін жасаған еңбегі — ұшан-теңіз. Қазақ елінің тәуелсіздік алып, тәй-тәй басқан тұста еткен еңбегі де көпшілікке белгілі. Сол уақытта Елбасының жанында жүріп, бірге қызмет етті, Парламентте жұмыс істеді, Сенаттың депутаты болды. Келелі мәселелерді көтерді. [2]

2006 жылдан бастап өлкенің тарихи-мәдени мұрасын қорғау туралы ғылыми-әдістемелік кеңес құрылды. Әбіш аға сол кеңестің төрағасы болды. Тарихи-мәдени ескерткіштер, мұраға байланысты қордаланып қалған мәселелер сол уақыттарда шешілді. Оған еліміздегі әр саланың білгір мамандары тартылды. Зейнолла Самашев, Карл Байпақов, Елена Корж сынды мамандар шоғыры осында жиналды. Арал, Каспий өңірінің тарихи мұралары атты халықаралық деңгейдегі конференция да ұйымдастырылды. Сол уақытта өңірдің халықаралық деңгейге шығуына, туристік әлеуетінің дамуына, ескерткіштердің өзекті мәселелерінің жан-жақты зерттелуіне үлкен септігін тигізген кеңес болды. Қазіргі таңға дейін бұл кеңес көптеген мәселелерді шешіп келеді.

Ақиқатында Әбіш Кекілбайұлы – бүтін қазақтың, бүкіл Қазақстанның мақтанышы. Еліміздің бұған дейінгі де, тәуелсіздік алғаннан кейінгі де ата тарихының сан қырынан бейнеленуінде, егемендігіміздің мызғымас кірпіші қалануында ұлтымыздың ұлағатты ұлы Әбіш Кекілбаевтың кемеңгерлік іздері сайрап жатыр. Елі, жері, тіпті күллі адамзат үшін де тындырған ісі тым мол, қомақты болса да, табиғатында бірегей, даңғаза мен дақпыртқа, дандайсуға жаны қас, қай істе де ар мен адалдықты, сабыр мен салмақтылықты таразы биігіне қоятын, ерен еңбегін елге жария етіп, жарапазан қылуды көңілі қаламайтын, қаншама қыруар да іргелі елдік шаруалардың жүзеге асуына ұйытқы, көшбасшы болып жатса да, кеуде керіп масаттануға, мақтануға, мардамсуға мүлде жұлдызы қарсы Әбіш Кекілбаевтың адамгершілік қасиеттері өскелең ұрпаққа үлгі деп білемін.

Қорыта айтқанда, жазушы шығамашылығына негіз болған құбылыстардың басты арнасы- халық тарихы, туған ел. Қаламгер Әбіш Кекілбайдың халықтың өткен тарихы ,туған ел туралы шығармаларын жарыққа әкелуі жазушы мәртебесін көтереді. Жазушының туған

жер, ел тарихы жайлы жазған шығармаларын оқи отырып, бойымызда елге, туған жерге деген патриоттық сезім оянады. Жазушының ұлы тұлға ретінде қалтырған мұраларын көзіміздің қарашығындай сақтау бүгінгі жас ұрпақтың міндеті деп білеміз. Сол кездегі жазушының шығармаларына арқау болған халықтар достығы, тәуелсіздік, туған ел тақырыптары бүгінде орындалып қолымыз жетіп отыр. Әбіш Кекілбаевтың проза, әдеби сын, көркем аударма саласында жемісті еңбегі бүгінде өз жемісін беріп, оқырмандар көзайымына айналуда. Тарихи оқиғалардың түп негізінде жатқан көкейкесті ой мұраттардың ерекшелігін, жеке адам мен тарих арасындағы қатынастың саяси-әлеуметтік және психологиялық алғышарттары мен нәтижелерінің сырларын танытады. Соған орай, туған ел, тарихи оқиғалармен өзектес, тамырлас алуан сипаттағы саяси әлеуметтік құбылыстар өзекті мәселеге айналған жазушының шығармалары туған ел туралы терең мазмұнымен ерекшеленіп, оқырманын баурап алады.

Саналы ғұмырын елін, жерін, Отанын сүйуге, мемлекетімізді нығайтуға арнаған, қазақ руханиятының өсіп-өркендеуіне үлес қосқан қазақ жұртының ардақтысы Әбіш Кекілбаевтың жарқын бейнесі халқымыздың жадында мәңгі сақталып қалады.

Жазушының дана ойлары бүгінгі күні маңызын жоймай, одан әрі мән-мағынасы тереңдеуде.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Ж. Дүйсенбаева «Әбіш Кекілбаев суреткер», Алматы: Нұрлы Әлем баспасы – 2002 ж. – 260 бет.
2. Ә. Спан «Заңғар» Алматы: Нұрлы Әлем баспасы – 2008 ж. – 304 бет.

ӘОЖ 81.512.122(045)

ТАРИХ. ТҰЛҒА. ТАҒЫЛЫМ

Ыбырайым Б.

ф.ғ.д., профессор,

Халықаралық «Алаш» және Қ.Аманжолов сыйлықтарының лауреаты,
Халықаралық Ш.Айтматов академиясының академигі

Аңдатпа. Баяндамада Әбіш Кекілбаевтың «Аңыздың ақыры» романының көркемдік ерекшеліктеріне, негізінен көркемдік мазмұн арқылы бейнеленген концепциялардың қоғамдық-әлеуметтік, тарихи-философиялық сыр-сипаттарына, жеке адамның тарихи тұлға ретінде өз дәуірі мен кейінгі күнге ықпал жасау дәрежесі мен мүмкіндігіне, замандық әлеует ретінде қажеттілігі мен көкейтестілігіне, перспективасына тарих, философия эстетикасы тұрғысынан назар аударылған.

Түйінді сөздер: проза, роман, концепция, тарихи-қоғамдық жағдай.

Сауал мен жауап

Өткен ғасырдың жетпісінші жылдарының басында отыздың белесінен енді асқан жас жазушы Әбіш Кекілбаевтың «Аңыздың ақыры» романы жазылды және жарық көрді. Романды оқып шыққан соң, негізгі үш сұрақ туындайды:

1. Не айтпақшы?
2. Мазмұн арқылы ұсынылған көркемдік шындықтың кімге, қаншалықты қажеті бар?
3. Қалай айтылды?

Осы үш сұрақ романның концептуалдық әлемі мен поэтикасын байыптауға бастайды.

«Аңыздың ақыры» тарихтағы түрлі өркениетте, алуан өмір-қоғамда өшпей келе жатқан тарихи-рухани құбылыстар табиғатының индивидуалистік, максималистік сырларына зер салған концептуалдық мазмұнымен әдеби қауымның назарын аударды. Бұған

және бір себеп - романның жазылу сипаты. Бұрын-соңды ешкім дәл осы ракурстан арнайы ден қоймаған, алайда қай заманда да қарсы алдынан шығуы әбден мүмкін тарихи-философиялық оқиға-жұмбаққа, әрекет-шешім-жұмбаққа, ежелден емі табылмай келе жатқан рухани-әлеуметтік дертке қоғамдық-тарихи құбылыстар контексінде қоғам мен тұлға талабын, табиғаты мен тағдырын салыстыра-сабақтастыра зер салды. Қай дәуірде де қалтарыста қалмай, қандай қағаберістен де қағынып шыға беретін шырғалаңдардың тамырлары мен байланыстарынан көз жазбай, үнемі бақылау барысында қоғам мен адам сырының сұмдығын, сымбатының сиқын, айбынының айбарағын айқындаудың, замандық сипаттың философиялық, қоғамдық-әлеуметтік салмағы мен зардабын зерттеудің әлем әдебиетінде бұған дейін кездеспеген, мүлдем тың талабы, жинақтап айтқанда, болмысты байыптау мен бейнелеудің жаңа үлгісі ұсынылды.

Бұған дейінгі қазақ және әлем романдарынан басқаша, мәселен, романға арқау болған өмірлік коллизиялардың тосындығынан /мұнаның салынуы мен қиратылуы/ гөрі, психологиялық талдау барысында әлем әдебиетінде бұрын кездеспеген тәсіл-мысалдың қолданылуы: Өміршінің ұйықтап жатқан ханшаның үстінен шыққанда, еске түскен сәттер – умаждалған көрпе арқылы баяғы бала кезде көрген қарасақалдың су алуға келген әйелмен кездейсоқ ұшырасуы, шыңғырған дауыс пен қойдың мекіренгені сияқты «тосынның» психологиялық-логикалық астары, кейіпкерлердің кейініне шешуші ықпалы, жас шебер Жағыпардың күлің-күлің еткен көгілдір мұнара арқылы ишаралаған құпиясы, соны көрген көшелінің іші сезбеуі мүмкін емес Сұлулықтың - мұнаның ханша мен ғажап ғимаратты өрген өнерліге эмоциялық әсері, эстетикалық мазмұны, соның бәріне қозғаушы, түрткі болған қызыл алманың көңілді ұйқы-тұйқы еткен астыртын пәрмен серпініне айналуы, ханның өмірдегі әрекет түгіл адамның / ханша мен шебердің/ жарық дүниеден жасырған ойларына жасаған қысымы-қиянаты, алдымен ойын, сосын адамның өзін табанға таптаған жойқын озбырлығы, талай адам-пенденің пікірін қазып алып, солардың көзқарасын және талғамын таразыға тарта келе, талдай келе, жасырын шындықты, адамды танудың өзіндік, жаңа тәсілін табуға деген қайтпас құштарлығы мен белсенділігі, әмірші өзімшілдігінің өрттен бетер өршіп, оқырманның көз алдында «өту шежіресі», басқаша айтқанда, бір адам туралы мәліметі мен «білімін» бірнеше адамның (бәйбішенің, шебер Жапардың, күтуші кемпірдің, азбан құлдардың, қарт уәзірдің сөз ләмі мен қарым-қатынас елестерінен байқайтын сұңғылалығы) «еңбегі» мен «тәжірибесі арқылы молайтуы» және осы «білімін» үзік-үзік объективті жағдайлар-оқиғаларға байлап сәйкестендірмей, үнемі өміршінің бұйрығын бұлжытпайтын өзімшілдіктің өңмендеуі, тайынбай, табан аудармай үсті-үстіне жасаған «шабуыл» - әрекетінің арнасымен жүйелі, үздіксіз толықтыруы, болмыстанудың теңдессіз, тиімді тетігінің бірі – «адамтанудың» адымы астамшылық жолында аршындауы, бүкіл романның осы процесті айқындауға қалтқысыз қызмет етуі Әбіш Кекілбаев шығармасының әлем әдебиеті контексіндегі орны мен көркемдік бітімін бірден айрықшалайды.

Тап осындай тосын сипат – тың дәстүрге – жаңа өріске ден қойған, өзіндік Әбіш Кекілбай үлгісімен жазылған роман қазақ әдебиетінде бұған дейін болған емес, әзірге ондай теңдесі де, жалғасы да жоқ дегенде, әсіре мақтан үшін емес, әдебиеттің шексіз көркемдік әлемінде айтулы ізденіске қашанда мүмкіндік барын, әрі осындай жанкешті пайымдауды рухани қажеттілік деңгейіне көтеретін парасатты ізденіс қоғам мен адам үшін ең басты зәрулікке, әсіресе қазіргі ақпарат тасқынында аласұрған заманда рухани кемелденуге әсері зор қоғамдық-мемлекеттік, рухани-мәдени құндылыққа айналғанына назар аудару үшін ескерсек керек.

Саптыаяққа ас құйып, сабынан қарауыл қараған заманның көзілдірігімен бір шолғанда, қараға аунап кетуге немесе нұсқап жіберуге бейім сол кездің идеологиясына, төбелдірігіне идея деген үкі тағылған талаптарға, бықынажай пікірлерге құлтасыз қызмет ететін секілді. Айталық, «қылмысы» көрінбейтін, айыптауға нақты, айқын дәлел жоқ жас ғашық, ханшаға сырттай іңкәр жазықсыз шебердің көзін ойып жазалауы ханның жауыздығын, дәуірдің сұмдығын көрсетуі сықылды көрінгенімен, түптеп келгенде,

романның көркемдік мазмұнының әлемі қоғамдық-мемлекеттік болмыс пен сол болмыстың камалы ішінде үстемдік орнатқан жағдайдың құлақкесті құлына айналған адамның табиғаты мен танымындағы замандар бойы қайталана беретін, қайғыға қамайтын қайшылықтар мен сабақтастықты сан ситуация, сын-сәттерде, қарапайым, күнделікті тұрмыста ұшыраса беретін қылық-қимыл, әрекет, кейіпкер психологиясы арқылы тайқы маңдай адам затының қайталана беретін трагедиясын алдымызға көлденең тартады. Соның барлығын ұршықтай ійіріп, диірменнің тасындай айналдырған, ақ дегені – алғыс, қара дегені- қарғыс болып тұрған, қор етем десе де, зор етем десе де, қалауы білетін, өз елінің, өз мемлекетінің құдіретіне айналған билік иесі – Алмас хан.

Қай кезеңде де заман талабына қарай әр хан – әр билеуші өз жұртының бәсекелес басқа елдерден басым түсуіне мүдделі екені тарихтан мәлім. Кез келген сәтте шабуылдауы мүмкін өзгелердің табанында қапелімде тапталмас үшін әскери басымдықпен өмір сүру қажеттілігі – бертінге дейін бетке ұстап келе жатқан тіршілік шарты. Сол замандағы әр елдің билеушілерінің арасындағы объективті, субъективті қарым-қатынастар мен соған әсер етуі мүмкін ықпалдардың үйлесу айрықшалықтары мен қайшыласу зардаптарын толық білмейінше, бұрынғы тарихи оқиғалар мен жағдайларға үкім айту, ақтау немесе жақтаудың қай-қайсысы да әсіресіз әділетті болуы неғайбіл. Ендеше оқиғалар, тұлғаларды дерек, дәйеккөздері ретінде ескеру немесе пікір білдірушінің субъективті сөзі ретінде ғана пайымдау әділетке тым құрыса бір табан жақындау талабына айналса керек...

Биліктің құдіреті мен қулығы

Сонымен бір қарағанда, заман идеологиясына бейімдеп, бейнелегендей көрінетін Алмас ханның прототипін іздеу жөнсіз және оның прототипі - талассыз, айқын. Ол – қандай шексіз биліктің де белгілі бір кезең-жылдармен тұйықталатын шектеулілігі мен зұлымдығы. Бұған тарихта мысалдар қисапсыз, тап кәзір тізіп, уақыт кетірудің қажеті шамалы. Бұрынғы тарихтың алмағайып кезеңдерін, алапат аласапыранын білетін, жеке басқа табынушылықтың қорғансыз, қарапайым қалың бұқараны қандай қасіретке қамағанын өз көзімен көрген қаламгердің бұлайша толғануына себепкер – шексіз биліктің ашық және астыртын озбырлығының жеке адам түгіл тұтас қоғамға, мемлекетке, заманға жасаған және жасай беретін, алдағы уақытта да сан рет сансыратуы мүмкін қиянаттарына деген қайсар қарсылығы, қоғамның жеке адамға көрсеткен немесе көрсете беретін қиянатын, қысастығын әшкерелеу.

Роман мазмұнына қарасаңыз, бүкіл хан сарайындағыларды шырқ үйіруге түрткі – бәрінен бұрын ханның күдігі. Ханның ойында ойран тудырған күлбілте күдік дем беретін дәлелдің жоқтығынан күмілжіп көміліп қалмай, тұншығып өліп қалмай, қызғаныштың қызыл шоғынан тұтана келе, күдірейген күмәнға ұласты. Нақ осы күмәннің шынтуайтқа шыққанда, мызғымайтын мықты дәлел емес, желк-желк еткен желбуаз желеу ғана екенін сұңғыла, әм сарапшыл хан білмейді емес. Білгенде қандай! Сол себепті асығыс, шұғыл шешім жасаудан аулақ. Шешімді көшедегі «жуәгер» көптің көзі жетіп, көңілі ұйитындай етіп, үкімді сол көптің өзіне «шығартады». Мұнараға қастандық жасап, қиратпақшы болды деген дәлелсіз желеуді өсекке ұластырып, оған «бәледен» бейхабар қарашы - көптің «рас па, апырмайын» «бәсе, сұмдық-айға» жеткізгенде, әлгі өсекке өң кіргізіп, шырайлы тон киген шындыққа айналдыру технологиясы - үстемдіктің қашанғы сары тәсілі, ары-беріден кейін принципі екеніне барлық замандағы барлық мемлекет, барша қоғам өмірі куә.

Сонымен сауаты кем немесе мүлде жоқ, байыпсыздығы салдарынан кертартпа немесе көрбала көптің көбік сөзін «өзіне сол керек» деген өкімге, сол өкімін үкімге айналдырған қаперсіз жұрттың надандыққа бергісіз білместігін пайдаланғанда, қоғамдағы, тарихтағы, жеке адамның тұтас өмірі мен күнделікті тіршілігіндегі сырт көз байқай бермейтін, байқауы мүмкін де емес небір ию-кию Түйіндіпан-лептерге дейін сол жылдардағы жас жазушы қапысыз сезіп, сұңғыла сараптай білген, сол білгенін психологиялық талдау арқылы таратып, кейіпкерлердің табиғи ой-толғанысы арқылы шебер бейнелеген. Алпысыншы жылдардың соңында, жетпісінші жылдардың басында прозаға бел шеше, белсене араласқан жас Әбіш Кекілбаевтың заман-қоғам-адам сабақтастығының шарасыздығын, сорын идеологияның қалт

жібермейтін қырағы көзі қадағалап отырғанына қарамастан, содырлы байланысты сынау жолын тапқан алғырлығы, зеректігі, зерделілігі тәнті етеді.

Тарихи дерек, өмірлік материал мен көркемдік мазмұн логикасы авторды қаншама қанаттандырып, шыңға шығандатып алып кетті деген күннің өзінде бұған дейінгі әдебиетіміздегі тап осындай жүйелі де терең мазмұн-болмысқа зер салып, бұған дейін дәл осындай философиялық концепциямен ұсынылмағанын, билік-қоғам мен адам қарым-қатынастарының қалтарыстарын ақтарғанын, шығармашылық парасат әлеуетінің бұдан кейінгі қазақ әдебиетіне зор әсер еткенін көрмеу, мойындамау мүмкін емес. Қазақ әдебиетінде «Абай жолынан» кейін бір де бір шығарма әдеби процесіміздегі ізденістерге көркемдік мазмұн кеңістігімен, көркемдік шеберлігімен мұндай әсер ете алған жоқ. Болмысты адам мен қоғам, индивидуалистік психология мен тарихи-әлеуметтік жағдай, жеке адам табиғаты мен танымындағы құбылыстар контексі, сол контексте қамтылған шындық арқылы пайымдауды өзіндік тандап алған ракурста байыптау – шын ойшылдың, нағыз суреткердің қолынан келетін, әрі сәтімен ілуде бір жаратылатын құбылыс.

Әлденеше ғасыр бұрынғы тарихи жағдайдың шындығын алға тартып, «Бес жүз кісі тауда тас шығарып жатты. Екі жүз кісі оны сол арадан жылтыратып өңдеді. Арба жеккен тоқсан бес піл тасып тұрды...

... Мешіттің біткеніне үш күн болды. Ішінде әрқайсысының биіктігі жеті құлаштан асатын, тастан қашалған төрт жүз сексен баған бар...

Мешіттің көк күмбезі сонау зеңгір аспанның өзіне көгілдір сәуле шашқандай, әншейінде шыжыған шілдедегі аптап ыстықтан отқа ұсталғандай, өңі тайып, ақ айранданып тұратын ол бүгін қайтадан ніл жүгіріп, мөлдірей қалыпты» / 52-бет/ сияқты мысал – суреттер арқылы кезең көрінісін көз алдымызға әкелгенімен, автордың алаңы арыда – сол заманнан бертінге дейінгі десек те, көне дәуір мен келешектегі кезеңдер аралығы десек те, қайталанып келген, әлі де жалғасуы әбден мүмкін – субъективті өзімшілдіктің тарихи-қоғамдық, әлеуметтік-экономикалық озбырлыққа ұласуы, шексіз биліктің жазықсыз қалың ел үшін, тиран немесе жәдігөй билеушінің өз кезіндегі «беделі» мен көкжиектегі келешек атағына да көлеңке түсіретін жойдасыз, жойқын жуандықтың қасіретке душар ететін, ылаңды, қанды шежіресін айқындау, соған деген ымырасыз қарсылықты ояту. Адамзаттың бүкіл тарихы – озбырлықпен күресуі, тыныш өмір сүруге мүмкіндік беретін заманға ұмтылуы. Жеттік-жетілдік деген ХХІ ғасырда да озбырлықтың өлмей-өшпей, сонымен уланған дүниежүзілік саясаттың мың құбылып, сан түрлі қитұрқы сипатта құтырынып тұрғанына – тарихи-саяси, т.б. оқиғалар мен идеологиялық концепциялар бұлтартпас айғақ.

Концептуалды мазмұны қоғам құрсауындағы адам табиғатын, оның болмыс батпанымен байланысын байыптаған «Аңыздың ақыры» - психологиялық-философиялық роман деп кезінде орынды айтылды. «Қызыл алма» атты алғашқы бөлімінде әмірші Алмас ханның бәйбішесі жіберген қызыл алмадан күдік алуы, одан кейінгі «Мұнара», «Махаббат», «Аңыздың ақыры» бөлімдерінде кезегімен ортөбелік жас шебер Жаппардың, ханшаның ахуалы, ең ақырында мұнараны қиратуға шешім қабылдау «хикаясы» - себептері айқындалады. Оқиға желісі күрделі емес, сюжеті ықшам. Алайда әр кейіпкердің үнемі дызығып, ұстараның жүзінде тұрғандай өн бойын қорқынышты діріл мен емексіген үміт кезек билеп, алма-кезек басым түсіп жатқанда, көлкештеген, адымы қысқа қайырымдар емес, көл-көсір баяндаудың ағыл-тегіл суреттеуге ұласып, одан керісінше тәсіл алмасуы немесе екі тәсілдің де жарыса, жараса қолданылуы жас ойшыл, жас суреткердің орасан зор шығармашылық әлеуеті мен үзілмей, үздіксіз үдере алға тартып отыратын, алған бетінен қайтпайтын, өзіне дейінгі болмаған тың тәуекелден тайқымайтын сұрапыл шабытының, сол қуаттарды негізгі мақсат – нысанаға үнемі бағындыра, бағыттай білген ұлы парасатының, нәзік сезімталдығының дәлелі.

Мәселен, құрт түскен алманың ханға жетуі – әл-әзір тиянағы жоқ, дәлелі жеткіліксіз, бұлыңғыр желеу-емеурін, ійшараның ійіне түсіп қалған күдік қана. Ұйқыдағы жас ханшаның ырықсыз, ессіз тән құмарлығының құшағында көрпені кеудесіне басып жұмарлауы, әлден уақытта саябырлап, бәйіз табуы ойға қалдырған әміршінің ілік іздеуіне себепкер – алманың

бүлінгені мен көрпенің умаждалуы ғана емес, бұған дейін жинақталған өмірлік тәжірибесі. Түсінде мауқы басылғандай ханшаның тыншуы мекіренген қойды еске салуына түрткі – о жар қарасақалдың қолына түскен бейтаныс әйелдің алғаш айқайлап жанұшырғанымен, көп ұзамай лажсыз ләззат құшағында масаюы, суын алып, түк болмағандай, бұраңдап кете баруы. Алма – ханша – қарасақал – суға келген белгісіз әйел – мекіренген қой... – бұлардың барлығы – қырағы ханның жадынан шықпаған, өз көзімен көрген мысал-ассоциациялар. Соларды бір-бірімен сабақтастыра салыстыру барысында ұлғая түскен күдігі – ханның енді мұнараға да, жас шеберге де жіті назар аударып, мұқият бақылауына себеп. Әсіресе балғын шағында ну жыныста қарасақал мен беймәлім әйелдің кездейсоқ ұшырасқанын өз көзімен көруі – тәжірибесіз жасты тіксіндіргенімен, таңсық сезімін қытықтап оятуы, өмірі ұмытылмастай әсер алған сәті, естуі, түйсінуі – таңдана қабылдауы. Қабылдау арқылы әсері психологиялық-эмотивтік тәжірибеге айналып, жалпы өмірлік тәжірибесін толықтырды. Осылайша «әккіленуі», есеюі - алдағы күнге жараксыз бармай, алданып қалмай, қамданып баруына сеп.

«Осындай» тәжірибесі табан тірейтін тиянаққа айналып, шексіз билік иесіне ойға алғанын өзі ғана біле алатын зымияндықпен жүзеге асыруына қолайлы мүмкіндік береді. Қиялы тәуелсіз, ойы азат адамды бүкіл тіршілігін басынған бұйрықтың бағытына бейімдеген, ойы – тұл, қиялы - құл адам-пендеге, адам-малға, құрал-адамға айналдыруына мүмкіндігі ұшан-теңіз. Пендеге немесе тұлғаға айналдыру тетіктерін табу, пайдалану құпиялары мен Түйіндіпандарын әбден біліп қана қоймай, одан әрі дамытатын, үсті-үстіне «жаңасын» ойлап таба беретін, үстемдіктің тұлға-«таланты» - Әмірші.

Оның өз қолындағы биліктің эзәзілдігі мен эзірейілдігін бес саусақтай біле тұра мойындауға, ерте ме, кеш пе, күндердің күнінде жұтып алатын құрдымға құлау қаупін ойлауға құлықсыздығына дәлел - астамшылдығы. Солай бола тұра әмірші – белгілі бір дәрежеде психолог. Аталған ассоциациялар ханшаның жан дүниесін, ханшаның талабы мен қарекетін білуге, сонымен бірге Жаппардың да «аяқ алысын» аңғаруға мегзейді. Сол сияқты шебердің ерекше жан салып, көз жауын алған мұнара өрген өнері, еңбегі – оның өзін де, ханшаны да байқап-барлауға қажет, мызғымас тиянақ. Бір кейіпкер арқылы екіншісін, немесе керісінше, бұл аз болса, басқа характер-образдардың, ситуация, детальдардың барлығының да жиыла, тұтаса келе, ханша мен Жаппарды танытатын, «әшкерелейтін» тұтас жүйеге, дәлелдер тізбегіне ұласуы – қиыннан қиыстыру шеберлігі мен жазушының күрделі ойлау мен сезіну ерекшелігінің мысалдары.

Хан – ханша – шебер – үшеуіне қатысты психологиялық шиеленіс шытырмандары үнемі мұнараға келіп тіреледі. Ол – көптің көзін қытықтап, көңілін арбаған көрнекті, сұлу ғимарат қана емес, шебердің қол жетпес арман – ғашығы – ханшаға деген ықыласын айнакатесіз айшықтап, аспанға, айдай әлемге аян еткен махаббат ескерткіші, қайран қалып, қарамасқа қоймайтын сұлулық бейнесі, қайталанбас ынтызарлық жыры. Күлің-күлің етіп, көз арбаған мұнара, жазықсыз мерт болуға шақ қалған ханша, алып-ұшқан жас жүрегінің толқуын жасыра алмай, таспен сырласуға мәжбүр болған, өзі айта алмай, мұнараны «сөйлеткен», арманды, ынтық сырын соған ғана сеніп тапсырған жас шебердің тасқа тіл бітірген ғажап өнері түрлі кейіпкерлердің қабылдауы арқылы әлсін-әлсін бейнеленгенде, бояулар қайталанбайды, қайта бірін екіншісі толықтыра үстемелеп, мұнараның көркін әр қырынан әрлеп аша түседі. Кідіртетін кісен, тежейтін тұсауды елемей, шарықтаған қиял, төгіліп тұрған жазушы тілі, ана тілінің құнарын еркін, табиғи пайдалануы, қай Түйіндіпан мен қай құпияны да тамылжитатын, жарасымы жанға жайлы табиғи пластикасы, психологиялық иірімдер шырғалаңы мен тұңғиығы арқылы әлем әдебиетінде ұқсасы жоқ өзіндік көркемдік әлем түзілген.

Сол әлем ұстындарының бірі – Жаппар шебер, түптеп келгенде, жазықсыз, сұлу өнердің өкілі. Әміршінің алдындағы бар айыбы – жасырын сезімінің мұнара арқылы бейнеленіп «әшкереленуі». Шығарманың басынан аяғына дейін көктеп өтетін осы ғимарат сұлулығы – әр кейіпкер үшін әркелкі, әркілі серпін. Бірақ бұл – әлі әмірші ойлағандай қылмыс емес, кесек дәмеден ауылы алыс есекдәме ғана. Әмірші соған да іштей шамданады.

Өзімшілдіктің астамшылдық атты уының тамшылай беруі салдарынан әуелгі елеусіз күдік ұлғая беріп, ақыры қыжылға ұласты. Қыжылдың қынабынан кескілеспей келіспейтін кек шықты. Ішіне қатқан кек – зіл оның еркін, алаңсыз тыныстауына мүмкіндік бермей, ойын қақпалап, озбырлығын түрткілеп оята береді. Ақыры шебердің қиялын жазалаудың амалын тауып, жаны жай табады, «есесін» қайтарады.

Жақсыны білмей, қадіріне жетпей мансұқтау – топастық, надандық, түлейлік, ал біліп тұрып мансұқтау – ішмерез іштарлық, қанқұмар қаныпезерлік. Байғұс жас шебер адал еңбегі мен аяулы өнерінің көзге шыққан сүйелдей көрініп, сарай ішіндегі саясаттың, адам ішіндегі саясаттың, сұрқиялықтың тәлкегіне айналарын білмеуі – албырт жастықтың аңғалдығы.

Мұнара сымбатының сиқырын түйсініп, ұғына алатындар, қадіріне жете алатындар санаулы ғана. Ары-беріден кейін басқа түгіл соны өз қолымен тұрғызған шебердің өзі де ақи-тақи анық білмейтін сұлулық айрықшалығын ілуде бір сарапшы ғана анықтай алады. Хан мен ханша дәл сондай деңгейдегі сарабал болмаса да, күнде шүйілетін күдіктің көзі қырағы, кері шегінуді білмей, өңмендеуден қажымайтын күмән – әрі күншіл, әрі сыншыл. Мұндайда ақылға ақыл қоса алатын, баршадан ерек сарапшының – сыншы ойшылдың маңызы баға жеткісіз. Бірақ хан ондай тәуелсіз, тура биді іздеуге де, тындауға да ықылассыз, құпиясының жария болып кетуінен сақтанады. Ақылман сарапшы мұндайда тиімді жол табуы, қаһарлыға да, жазықсызға да, шарасызға да шарапаты тиюі, қай-қайсысын да аман алып қалуы мүмкін еді. Алайда ханның өзімшілдіктен өрбіген озбырлығының асқынып, жазықсыздық жендеті – жауыздығы басым түсіп, бас шеберді өлтіртіп, жас шебердің көзін ойғызып тастағанымен, зорлық шешімі өле-өлгенше есінен кетпейтіні анық. Қайдан кетеді, қайыршыдан бетер қарашысы көзінше құлдық ұрғанымен, үнемі именіп, қаймығып тұратынын есінен шығарып, өз ойы, өз еркіне ие бола алмаса? Несі хан - құлына құдіреті жүрмесе?! Ханшаға қайдағы бір бейшараның, күнін көре алмай жүрген байғұстың көзі түсуі – мұның жарты әлемнің әміршісі екеніне қарамай басынуы. Хан сарайы үшін бұдан өткен сорақылық болмақ емес. Тәуелсіз ақылшысы жоқ немесе кемеңгермен келісімі кемшін қоғам, мемлекеттің жығасы қисаюы осындай біржақты, шалағай ойлардың тіршілік нормасына, жүйесіне, өмір сүру принципіне айналуының зардабы екеніне тарих куә.

Сарапшы жоқта, өнер – жетім. Талғамы жетілмеген қай белсендінің де, таңдайы тақылдаған талай-талай тапқыр емес, тақыр шешеннің, қаншама білгішсіп, езуі көпірген демагогтың – қай-қайсысының да сөзі, пікірі, шешімі, т.т. – белгілі бір сәттегі құбылмалы көңіл ауанының, шектеулі тәжірибесінің ықпалымен қорытынды жасауы. Шексіз биліктің шыңына шыққан, өзгені қор, өзін зор тұтқан Әмірші – солардың жиынтық бейнесі іспетті.

Ол – әрі өз дәуірінің Тұлғасы, әрі Заман Құрбаны. Өзгені танып-таразылауға келгенде, соншама сұңғыла ол өз пиғылының құлына, өзімшілдігінің тұтқынына айналғанын аңғармайды. Өзімшілдіктің өзегін өштіктің өрті жайлап алған. Басқа, бейтарап өмірді байыптауға аяқ баса алмайды. Осындай дүлей қара күш – биліктің салдарынан шебер туындысының күйреуі – өнердің сирек ұшырасатын сұлулығының қор болуы ғана емес, адам қиялына – ханшаның ханға арнап ақ тілекпен салдырған мұнара – ықыласының, бәйбішеден басым түссем деген аңқау да адал есебінің, зау биікке талпынған үмітінің соққыға ұшырап есеңгіреуі, шебердің бар білгенін сарқып жұмсаған ғажап еңбегі мен мөлдір сезімінің тас-талқан болуы. Нағыз өнер – адамның адам екенін әсіресе анық танытып, жасампаздығын мойындата алатын, қайталанбас ғажап екенін білгісі келмеген, соған қасақана қастандық жасауға ұмтылған дөкір, дүлей қара күштің аты – Зұлымдық. Сұлулықты терең сезінбейінше, қадіріне жете алмайды. Ендеше зұлымдық тартынбайды, талқандауға бейім тұрады.

«Аңыздың ақыры» арқылы қазақ әдебиетіне болмысты сезіну мен бейнелеудің жаңа үлгісі, жаңа типі дүниеге келді. Кейіпкерлерді талдау тактикасы мен таныту стратегиясының Әбекеңе ғана тән, кемелденген соны үлгісін әкелу арқылы қазақ әдебиетіне ғана емес, әлем әдебиетіне әсер еткеніне шетел қаламгерлерінің Ө.Кекілбай шығармаларымен үндестігі мен олардың ағынан жарылып айтқан лебіздері де айтарлықтай дәлел ретінде ескерілуі тиіс.

Шығармадағы тарихтың белгілі бір дәуір-қоғамдағы дерек, шежіре емес, қай заманға да тән көркемдік уақыт – мәселеге айналуы болмыстану, адамтану, сезінудің әдебиетте бұрын-соңды ұшыраспаған перспективаларын жасады.

Ең бастысы – автордың дәуірлер, қоғамдар, мемлекеттер өмірі мен тағдырын мұқият таразылай келе, ашынбасқа қоймаған көкейкесті ойын жеткізуі, мемлекеттің өмір сүру сипаты мен болашағына биліктің ықпал жасау мүмкіндігін, жауапкершілігін сезіндіруі, жеке адамның бостандығына жасайтын зорлығының қайдан бастау алатыны, әрі соған деген тозбас, тапжылмас қарсылықтың айқындалуы. Ендеше «Аңыздың ақыры» - әлеуметтік-тарихи үстемдік пен оның табиғаты, өзіндік, астыртын психологиясы мен зардабы, озбырлық машинасына айналу қатерін пайымдауға бастайтын роман-толғаныс /размышление/.

ӘОЖ 81.512.122(045)

АЛАШТАНУШЫ ӘБІШ КЕКІЛБАЙҰЛЫ

Ісімақова А.

М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының Бас ғылыми қызметкері,
ф.ғ.д., профессор

Аңдатпа. Бұл зерттеу Тәуелсіз кездегі қазақ әдебиеттануындағы алаштану мәселесіне зор үлес қосқан, Алаштанудың негізгі ұстанымын айқындап берген сол кездегі мемлекеттік хатшы Ә.Кекілбайұлының «Ұстаз ұлағаты» атты баяндамасының мәні мен маңыздылығын ашуға бағытталады. Тәуелсіздік кездегі алаштанудың негізгі шарттары осы зерттеуде орын алған, сондықтан еңбекті қайта бір саралап шығу – қазіргі алаштанудың негізгі концепциясын тағы бір анықтап алуға мүмкіншілік береді.

Түйінді сөздер: Әбіш Кекілбайұлы, әдебиеттану, алаштану, түркітану, Ахмет Байтұрсынұлы.

Тәуелсіз қазақ елінің тұңғыш президенті Н.Ә.Назарбаев «Ахмет Байтұрсынұлы – қазақ халқының ар-ожданы» деген жоғары бағаны ғалымның 125 жылдық мерейтойындағы баяндамасының атауына қойған еді.

Мемлекет қайраткерлері Алаш ғалымдарының ғылыми еңбектері қайта оралғанына да биыл 30 жылдан асты. Содан бері бұл ғылыми мұраны қабылдау екі түрлі болып келеді. Біреулер күні бүгін Ахмет Байтұрсынұлының «Әдебиет танытқышы» ескірген, біздің ғылым одан әлде қайда алға кетті деген пікірден әлі жалыққан емес. Бұл қауымның ниетін де түсінуге болады. Оның негізі – кеңестік кездегі тілтану мен әдебиеттанушы ғалымдарының зерттеулері екінші кезекке түсіп қала ма деген пендешілік. Тәуелсіздік кездегі әдебиеттану саласында Ахмет Байтұрсынұлының әдеби-теориялық тұжырымдары қазір қажет пе деген пікір-талас жалғасып келеді.

Ғалымның тілтанулық, әдебиеттанулық пән сөздерінің (терминдер) атын атамай пайдаланып келген аға ұрпақтың ішінде М.Әуезов, М.Дулатов, Е.Омаров, Т.Шонанов, Е.Поливанов (1927), С.Сейфуллин, Н.Яковлев (1928), А.Н.Самойлович, А.Кононовпен қатар А.Байтұрсынұлының ғылымдағы реформаторлық қызметін тәуелсіздік кезде мойындағандар: Б.Кенжебаев, К.Нұрпейсов, М.Қозыбаев, М.Қойгелді, Ш.Қ.Сәтбаева, Р.Нұрғали, З.Қабдолов, З.Ахметов, С.Қирабаев, Т.Кәкішев, Р.Сыздықова, Ө.Айтбай, С.Дәуітұлы Ж.Ысмағұлов, Ө.Әбдиман, Қ.Сәрсекеев, Д.Досжан және Ә.Кекілбайұлы екен.

А.Н.Самойловичтің «Байтұрсынов является первым выдающимся казахским ученым-лингвистом. Он реформатор орфографии казахского языка, основоположник его грамматики и основатель теории казахской литературы» [1, 144] деген пікірін тәуелсіз кезде алғашқы болып қазақ тілінде айқындап берген де Ә.Кекілбайұлы.

Тәуелсіз кездегі қазақ әдебиеттануындағы алаштану мәселесіне зор үлес қосқан бұл зерттеу жоғарыда аталған халықаралық ғылыми конференцияда оқылған Алаштанудың

негізгі ұстанымын айқындап берген сол кездегі мемлекеттік хатшы Ә.Кекілбайұлының «Ұстаз ұлағаты» атты баяндамасы. Күні бүгін Алаш ғылымын мойындамай келе жатқандарға бұл зерттеу осыдан 16 жыл бұрын ғылыми негізделген тойтарыс беріпті («Егемен Қазақстан» – 1998, 15 қазан).

Қазіргі ғалымдардың ішінен Ахмет Байтұрсынұлының еңбектерін мойындап, бірақ кезінде атын атай алмай өттік деп кешірім сұрағандар академиктер З.Қабдолов, З.Ахметов, Р.Нұрғали еді.

Бүгінгі әдебиеттану ғылымында ерекше орын алатын Ә.Кекілбайұлының еңбегінің мәні неде? Ел егемендігін аңсаған ғалымның мұрасын біз қалай қабылдауымыз қажет?

Тәуелсіздік кездегі алаштанудың негізгі шарттары осы зерттеуде орын алған, сондықтан еңбекті қайта бір саралап шығу – қазіргі алаштанудың негізгі концепциясын тағы бір анықтап алуға мүмкіншілік береді.

«Біз бүгін қилы заманда туып, қиямет кешіп, мерт тапқан ғазиз жанның атын ардақтап, аруағын ұлықтауға жиналдык». Зерттеудің алғашқы сөздері тәуелсіз кездегі ары таза қазақтың перзенттік парызын осылай о баста айғақтап алады.

Алаштың мұрасын тану бүгін бізге не үшін қажет? Ол туралы Ә.Кекілбайұлы былай депті: «Құдайға шүкір, қазақ даласы қай заманда да ондай марқасқаларға кенде болмапты. Солардың ішінде дәл осы ғасыр басындағы аңтарылыста жұртына жоралылық көрсете алған жолбасшы топтың өмірі мен өнегесі біз үшін тым қымбат. Өйткені, ол ұрпақ пен бүгінгі ұрпақ, түптеп келгенде, бір арқанның екі ұшын ұстап тұр. Ол – ХХ ғасыр деп аталатын қазіргі жер басып жүрген ұрпақтардың барған сайын ширыға түскен шытырман тіршілігінің арқауы» [2, 81-82].

А.Байтұрсынұлы ұлт тәуелсіздігі үшін қандай үлес қосты? Ол өзі қандай тұлға? Осыған байланысты Ә.Кекілбайұлы былай дейді: «Ол – кесекті кезеңде келелі істер тындырған кемел ер. Кемеңгер ... Сондықтан, қалыс қауымды алысқа озып кеткен өркениет көшіне жетелеп апарып іліктіруге тәуекел ету үшін елден ерек ержүректік керек еді. Біз сөз еткелі отырған адам да сондай сирек сүлейлердің сойынан-тұғын. Оның азаматтық тағдырының қаншалықты арасат қиындықтарға толы болғанын аңғару үшін ұлттық тарихпен шектелмей, ғалами тарихқа көз жүгіртуге тура келеді» [2, 82].

«Құбылмалы дүниенің құйқылжыма ықпалымен өніп-өрбу қажеттігі сананы қалыптастырыпты», – дейді Ә.Кекілбайұлы. Бұл тұжырым ұлттық мемлекеттің пайда болуына байланысты айтылған. Ә.Кекілбайұлы алаш әдебиетшілері сияқты әдеби мәселені қоғамдық, әлемдік деңгейде қарастырады. Ұлттық мәдениет пен ғылымды аталған ғаламдық контексте қарастырады: «Күллі адамзатқа дүниежүзілік соғыстар мен әлеуметтік революциялар ахуалы күштеп таңылды. Оны біреулер өркениет қамын, екінші біреулер езілген тап мүддесін көздегендік деп түсінді. Шын мәнінде, жер бетіндегі халықтардың көбіне ұлт ретінде жойылып кету, мемлекеттерге – тәуелсіздігінен айырылу қаупі төнді. Бұған төтеп берудің жалғыз жолы – өркениеттің жаңа жетістіктерін өз еркімен меңгеріп, халықаралық тиімді еңбек бөлісуге тікелей қатысуға тезірек жетілу еді. Мұндай жағдайда біреулер дүниежүзілік соғыстарға бой алдырса, біреулер – ұлт-азаттық қозғалысын қоздыруға мәжбүр болды» [2, 83-84]. Осы тұста тәуелсіз кездің саясаттанушысы Ә.Кекілбайұлы қазір қажет келесі пікір берген: «Өйткені, өзінде бар экономикалық ресурсты басқалармен тиімді бөлісіп, өркениет игілігіне қол жеткізу үшін, сол арқылы өз отандастарының саяси-экономикалық мүдделеріне жауап бере алатындай кемелді дамуға ие болу үшін, ең алдымен, ұлттық езгіден арылу, мемлекеттік дербестік пен тәуелсіздік керек еді. Алайда, оза дамыған дүниенің идеологтары азды-көпке, әлсізді күштіге біржолата жығып беру арқылы жаһандық жарастыққа тезірек жетуге болады деп санады. Жарастықтан гөрі үстемдік көбірек күйттелді.

Бірақ, бұл қай жақ, қай тап үшін де аса қауіпті ахуал еді. Өркениетті – жалпыадамзаттық құндылық деп қарамай, оның белгілі бір бөлігінің басыбайлы монополиясы деп ұғатын жаңсақтықтан түбегейлі арылмай, аздың да, көптің де, әлсіздің де, күштінің де құлағынан қиқу кетпейді» [2, 84]. Бұның бәрін Ә.Кекілбайұлы қазіргі қазақ

даласының жағдайын ойлаған алғаш Алаш саяси элитасының қалыптасуына себеп болғанын анықтау үшін ғана емес, қазіргі тәуелсіздіктің де негізгі ұстанымы ретінде айғақтап береді.

XX ғасырдың басында қазақ зиялылары қандай еді? Ол туралы былай делінген: «Оқығандар шашыранды жұрттан шыққандықтан бас қосып, күш біріктіруге құлықты емес еді. Мұндай жағдайда әлгіндей тәуекелге бел байламақ түгілі, ол жайында ойланудың өзі ақылға сыймас батылдықты еді. Соған айдаладағы ауыл мұғалімінің қалай жүрегі тұрғанына қанша таңғалсаң да көптік етпейді. Бұл жағынан келгенде, Ахмет Байтұрсынов – ұлттық тарихымызда ешкіммен салыстыруға болмайтын ерекше тұлға» [2, 85]. Осыдан 12 жыл бұрын замандасымыз Ә.Кекілбайұлы тәуелсіз кездегі Алаш атынан ұлт ұстазына өз бағасын осылай береді.

Сол жылы қозғалған менің докторлық диссертацияма жазған пікірінде бүгінгі бір академик ағамыз: «А.Байтұрсынұлының «Әдебиет танытқышы» – оқулық қана, филология ғылымы одан баяғыда алға кеткен. Ол ескірген мұраны сонша насихаттау дұрыс емес», – деп еді. Бір кезде айтылған екі түрлі пікір, екі түрлі ниет. Ә.Кекілбайұлы осындай замандастарының пікірін ескеріп отырғандай былай депті: «Бәлкім, біреулерге бұл орынсыз тамсану боп көрінер. Оған дейін де, бұл далада Фараби, Иасауи, Қорқыт, Асан қайғы, Ыбырай, Шоқан, Абайлар да өтті ғой десер».

Ә.Кекілбайұлы осылардың ішінен А.Байтұрсынұлын бөліп алады. А.Байтұрсынұлы неге ұлт ұстазы атанды? Ол туралы былай делінген: «Ол рас. Бірақ, Ахмет Байтұрсынов оларға ұқсайды да, ұқсамайды да. Ұқсайтыны: ол да аталмыш алыптар сияқты, ұлттық дамуымыздың үрдісі мен қарқыны қалған дүниедегі даму үрдісі мен қарқынына сәйкес келмей кенде қалып, көрер көзге тығырыққа тірелген халқына адастырмас жол іздеді.

Ұқсамайтыны: Ахмет Байтұрсынов ондай жол Қорқыт пен Асан қайғыдай үйреншікті үрдісті аман сақтап қалатындай жаңа қоныс іздеумен табылады деп түсінбеді; Фараби мен Иасауидей өз тұсындағы кең жайылған антикалық немесе исламдық дүниетанымға уақытылы көшу арқылы барлық мәселені шешуге болады деп ұқпады; Абай, Шоқан, Ыбырайлардай теңдікке жетудің жолында тек ағартушылықпен шектелгісі келмеді. Оның үстіне, бұлардың ешқайсысы да Ахмет Байтұрсыновтың рухани қалыптасуына тікелей әсер етті деу тым асыра айтқандық болар еді. Ол кезде жұрттың көбі Фараби мен Иасауидің заты түгілі, атына қанық емес еді.

Шоқан Уәлихановтың атына қанық қазақ оқығандары еңбектерімен соншалықты таныс емес еді. Ал, Абайдың атына да, затына да Байтұрсынов тым беріде, өз таңдауын жасап, сол үшін айыпты боп, Семейге ауып барған кезде қанығыпты. Ал бала жасынан жақсы білетін Ыбырай өнегесінің жаңа кезең жағдайында жеткіліксіз екендігіне бастапқы жылдары-ақ көзін жеткізіп үлгерген-ді» [2, 85-86]. Бұл ғылыми мәселе осылай қойылғанымен әдебиеттануда әлі арнайы зерттелген жоқ.

Осы ретте әдебиеттанушы Ә.Кекілбайұлы тарих тұрғысынан қазақ даласындағы рухани дәстүрдің үзілмегенін қазіргімізге қажет етіп келтірген. Кеңес кезінде Әл-Фараби есімі аталғанымен күні бүгін одан үркіп жүргендерге Ә.Кекілбайұлы былай депті: «Біз бұл арқылы рухани дамуымыздың ойдағыдай өрістеп кете алмауының себебі тарихи сабақтастықтың қайта-қайта үзіліп қала беретіндігінен, соның салдарынан әрдайым тыңнан бастап, өткендер біліп үлгерген ақиқатқа қайтадан өз күшіңмен жетуге тура келетіндігінен, сүйтіп, көп күш-жігердің босқа сарп болатындығынан екенін айтқымыз келеді» [2, 86].

А.Байтұрсынұлының жоғарыда аталған киелі ата-баба жолындағы орны қандай? Ол туралы былай делінген: «Алайда, бұдан Ахмет Байтұрсынов алдыңғылар салған соқпақты қайта шиырлап шықты деген қорытынды тумаса керек. Ол – ешқандай атланттардың иығына шықпай-ақ, бұрынғылардың көздеріне іліге қоймаған соны көкжиектерге көз жеткізе білген, көрген. Ол, бар болғаны алты-ақ жыл оқыпты. Екі жылын Торғайда, төрт жылын Орынборда оқыпты. Екеуінде де өз заманының интеллектілік өрісін толық таныта алған ордалы оқу орнын, өнегелі ұстаздар ортасын көре алмапты» [2, 86]. Бұл күні бүгін А.Байтұрсынұлы «біз сияқты университет бітірмеген, оған ғалымдық қайдан келді» дегендерге берілген жауап.

Сонда А.Байтұрсынұлының жанына қандай күш әсер етті? Оның асыл жүрегі нені армандап, өзіне қандай мақсат қойды? Ғалымдық оған, әрине, әуелі Алланың бұйрығымен берілді. Одан кейін Ә.Кекілбайұлы айтқандай: «Ендеше, Ахмет Байтұрсыновтың ендігі тағдыры қыл үстінде тұрған халқының қамын ойлап, жанкешті жолға түсу мен азаматтық кемелділіктің мұншама шырқау биігіне көтерілуінің сырын тек тумысынан ерек қабілет пен абзал жүрекке ие азаматтың айрықша ыждаһаты мен мігірсіз ізденістерінен іздегеніміз орынды. Ол бір басының тәуекелімен бүкіл бір ұлттың тәуекелінің түгел оянуына түрткі болды. Бір өлеңінде ол: «Оқ тиіп он үшімде ой түсіріп, бітпейтін жүрегімде бар бір жарам, алданып жегеніме оны ұмытсам, болғандай жегенімнің бәрі харам» [2, 86], – деп жазды».

Бұл қазіргі әр қазаққа қажет үлгі. Қазіргі Алаш ұрпағы тәуелсіздікті көгерту үшін әрқайсысы азаматтық таныту керек.

Ата-бабамыздан келе жатқан қазақ үшін қасиетті сөз бар. Бұл туралы Ә.Кекілбайұлы: «Сол бір найзадай түйрелген намыс сөзі көкірегіне мәңгі-бақи қадалып қапты. Оқуға аттандырған да намыс. Оған қанағаттандырмаған да намыс. Елің теңелмей тұрып, өзің теңелмейтініңді ұқтырған да намыс. Жат оқудың жады пиғылын аңғартқан да намыс.

Көршілес екі халықтың мәдениеттері үзбей байланыста болуы нәтижесінде әлсіз әлдісінің ықпалына жығылып, бастапқы айырмашылықтарының бәрінен айырылып, ақыр соңында бір ұлтқа айналады дейтін қисын бел алып кетпей тұрғанда, апаттың алдын алу жолында аласұртқан да намыс. Әрі мәдениетке жетілу, әрі өз қалпынан айырылып, өзге болып кетпеу сияқты аса шытырман мәселенің төңірегінде ойын он саққа, қиялын қырық саққа жүгірткен де намыс» [2, 87]. Бұл Алаш ғылымына бүгінгідей күмәнданып қарайтындарға қаратып айтылғандай. А.Байтұрсынұлының өзімен сырласқандай Ә.Кекілбайұлы қазіргімізге қажет ата-бабаның тектілігін осылай алға тартады.

Заман мен саясиленген кеңес қоғамы қолын байлаған кезде ер азаматтың қолынан не келеді? Ар-намысын қара басының пайдасын ғана ойлаумен шектемеген А.Байтұрсынұлы туралы осы ретте былай делінген: «Ендігі жол – үкіметтің емес, халықтың өзінің көзін жеткізу еді. Елді түзеудің баланы оқытуды түзеуден, ұлт болудың қазақша оқуды жолға қоюдан басталатынын ұғындыру еді...

Ұлт тізгіні ұлттың өзіне тимей тұрып, ұлттық даму жүзеге аспайтынына көзі біржола жеткендей болды. Енді бостандық жолында ашық күресуге тура келді. Жоғарыда келтірілген бір шумақ өлең де сонда жатып анасына жазылған хаттан алынған-ды. Демек, дәл сол кезде баяғы он үш жасында жүрегіне қадалған оқ ақыр аяғында ұлттық тәуелсіздікті көксейтін айықпас дертке айналды. Нені бастап, нені қолға алса да, сол өзек күйдірген арманнан бастау алатын еді» [2, 88]. А.Байтұрсынұлы туралы тәуелсіздік кезде көп көпірме сөздер айтылды. Бірақ тура Ә.Кекілбайұлы сияқты жанымен, рухымен түсіну әлі де сирек.

Тәуелсіздік кездің әдебиеттанушысы Ә.Кекілбайұлы А.Байтұрсынұлын дарынды тұлға деп санайды: «Бұл арада басын аша кететін бір жәйт бар. Байтұрсынов ықыласы ауған қай салада да ең үлкен беделге ие болды. Әдеби мұрамызды жазуда, зерттеуде, насихаттауда арғы-бергі айтулы шығыстанушылармен қатар тұрады. Өнер мен мәдениет теориясын жасақтауда күллі түркі дүниесінде ең бірінші боп батыл қадамдарға бара алды» [2, 88]. Бұл өнертану мен мәдениет, әдебиет теориясын жасап шыққан А.Байтұрсынұлына берілген тәуелсіз кездегі ғылымның әділ бағасы. А.Байтұрсынұлының әдебиеттану мен қазақ поэзиясындағы Т.Шонанұлы, М.Дулатов, Е.Омаров, Ж.Аймауытов, М.Әуезов, Қ.Мұқамедханұлылар Абай шәкірті деп анықтап берген қасиетті орны туралы былай делінген: «Оның «Әдебиет танытқышы» енді қаз тұра бастаған көбен әдебиет түгілі, әлем мойындаған кемел әдебиеттің өзіне де көрік қоса алатын сүбелі еңбек еді. «Маса» мен «Қырық мысал» өткелекте тұрған ұлт өмірінің ең зәру мәселелеріне ең дәру жауаптар іздеді» [2, 88]. Бұған дәлел қазіргі ресейлік ғалымдар мойындап отырған А.Байтұрсынұлы мен М.Бахтиннің әдебиет пен мәдениет теориясының негізгі ұстанымдары, екі ғалымға ортақ қоғамдық ғылымды ізгілікті ғылым саласы ретінде ғаламды тану жүйесімен бірлікте қарастыру.

«Маса» мен «Қырық мысал» қазақтың күні бүгін келе жатқан ұлттық мәселелеріне арналған саяси астарлы азаматтық лирика үлгісі.

XX ғасыр басында А.Байтұрсынұлы өзі атауын қойған көсем сөз жанр ретінде қалыптасты. Бұрын жырау мен ақын сөздерінде орын алған бұл жанрлық түр тұңғыш рет өз ресми құқықтық атауын А.Байтұрсынұлынан алды: «Ол бұрын ұтқыр да өткір шешен сөзге ғана құлақ асып қалған жұртшылыққа енді істің байыбына барып, мәселенің мәйегін аршып, еліктіре сөйлеудің орнына ежіктей сөйлейтін шынайы көсем сөздің үлгісін көрсетіп берді» [2, 82] – дейді Ә.Кекілбайұлы.

А.Байтұрсынұлы елдің көзін қалай ашты? Ол туралы Ә.Кекілбайұлы былай дейді: «Ағарту ісінде көп мәселеде әлемдік тәжірибеден алға оза әрекеттенді. Көп халықтарда енді талқылана бастаған жәйттерге ол сонау ғасыр басында-ақ өз тұжырымын айтты. Кейінгі тәжірибе оларды дұрысқа шығарды» [2, 89].

Қазіргі ғалымдарының көбі күні бүгін қимай отырған шындықты Ә.Кекілбайұлы осыдан 12 жыл бұрын айтып беріпті: «Қазақ тілінің дамуына жер жаралып, су аққалы бергі қалған қазақтың қосқан үлесі бір пара да, Байтұрсыновтың бір өзінің сіңірген еңбегі бір пара. Сол арқылы түркітануға да келелі үлес қосты. Жаңа жазу. Жаңа әліппе. Тұңғыш емле. Тұңғыш фонетика. Тұңғыш грамматика. Тұңғыш синтаксис. Тұңғыш терминология мен әдістеме. Тіл ашарлар. Тіл танытқыштар. Тіл жұмсарлар. Ұлттық тіл біліміне түпкілікті темір қазық болар мәңгілік үлестер. Кейде күллі бір ұлттың талай ұрпағының қолынан келе бермейтін келелі істерді бір-ақ адамның тындырғаны таңданбасқа болмайтын жәйт. Кейде, шіркін, сол сабаз қазір тіріліп келсе ғой дейсің. Бізге ұят болғанымен, ең үлкен мәртебеге енді ие боп, соны әлі дұрыстап игере алмай жатқан сорлы қазақ тілінің сауабына бір қалар еді-ау деп ойлайсың» [2, 89]. Кім біледі? Доктор, академик емессің деп қазіргі ғылым басындағылар бұған жол берер ме екен?

Осы тұста Ә.Кекілбайұлы А.Байтұрсынұлының кәсібилік деңгейін нақтылап береді. Сонымен қатар, қазіргі тіл тануға үлгі боларлық мысалдарына назар аударады: «Бір ғана «ш» дыбысы мен «ш» әрпіне қанықтыру үшін: «мынау сорлы шал, бойына назар сал, сақал-шашы ақ; қайраты шак; баладан ада, қарадан таза; ауқаты – шабақ, сусыны – шалап, аяқта – шарық, қатқан аш, арық, шабақтан, шалаптан болсын ба қарық?» – деп, әлеуметтік тұрмыстың күллі бір эпопеясын көз алдыға көлденең тартатын, тіл таныта отырып, тіршілік танытатын әліппелері, «бақ-бақ еткен текені қыс келгенде көрерміз, батырсынған жігітті іс келгенде көрерміз», «кісі бір көргенде бұлан, екі көргенде құлан, үш көргенде адам», «ексең егін, ішерсің тегін», «түбі бірге түтіспейді», «ойнандар, ойландар» деп жататын тіл ашарлар, шіркін, салт өзгеріп, сана өзгеріп жатқан қазіргі заманда да көптеп шықса ғой» [2, 89]. Қазақ тілін таныту арқылы ұлтты таныту мәселесін Ә.Кекілбайұлы осылай еске салады. Бұл мойындау ғана емес, А.Байтұрсынұлының мұрасының тәуелсіз кездегі қажеттілігін айқындап беру. Қазіргі қазақ тілін таныту осыларды іске асырумен жалғасса ғой... Қаншама жалған оқулықтардан арылар едік. Осыған орай Ә.Кекілбайұлы бүгінгі ғылым алдындағы мәселелерді де атап өткен: «Ахандар қазір арамызда жүрсе, баяғы «Қызыл әскер тіл ашары» сияқты «Кәсіпшінің тіл ашары», «Іскерлік тіл ашары», «Тәуелсіздік тіл ашары», «Демократия тіл ашары», «Әділет тіл ашары», «Кеңсе тіл ашары», «Билік тіл жұмсары», «Құқ әліппесі» қосылмасына, тілтану құралдары тіршіліктану, заңтану, адамтану, қоғамтану құралдарына айналмасына кім кепіл? Сондай мемлекеттік тілдің жолындағы талай психологиялық тосқауылдың өз-өзінен аласталмасына кім кепіл? Ал, осы ғасырдың басында Ахмет Байтұрсынов та отбасында омалып қалған ана тіліміздің жоқ-жітігін айтып, күні-түні зарлап, қол қусырып қарап отырып алса, қазақ тілі мен ол туралы ғылымның әлі күнге кіндігі кесілмей, шырылдаған шарана халде жатпасына кім кепіл? Егер Ахмет Байтұрсынов осының бәрін сол кезде дүниеге келмек түгіл, әлі ешкімнің қиялына да келе қоймаған ұлттық мемлекет орнап, сол жасап берсін деп отырып алса, ұлттық мектеп, ұлттық баспасөз, ұлттық тілтану, елтану, өнертану, өзін-өзі тану бүгінге дейін болар-болмасына кім кепіл?» [2, 89-90]. Бұл қазіргі қазақ тілінің құқығы үшін дауласатындарға берілген жауап. Әр қазақ өзі нақты не

қосыпты бұл іске? Ұрандап, байбалам салу уақытты өтті. Әрқайсымыз өз саламызда тәуелсіздік үшін не тындырдық деп есеп сұрайтын кез жетті.

А.Байтұрсынұлының ұлт тарихындағы орны қандай? Күні бүгін пейіліміздің тарлығынан айтылмай келе жатқан пікірді осыдан бір мүшел бұрын Ә.Кекілбайұлы беріпті: «Иә, Ахмет Байтұрсынов – ұлттық дамудың талай жыл әбден тот басып қараусыз қалған, тіпті қараң қала жаздаған тегершігін бір өзі айналдырып көріп, мігірсіз қозғалысқа қосып берген, ертегінің ерлеріндей ерен тұлға. Туған халқының рухани жаңғыруының сырын тап ондай біліп, сол жолда қалтқысыз еңбек етіп, мәңгі ескірмейтін ағыл-тегіл мол үлес қоса алған қайраткер қазақ топырағында оған дейін де, онан кейін де болған емес. Неліктен ол мұншалықты жанкештілікке барып жүр? Бұның жауабын оның арман мен арпалысқа толы өмірінің ең шынайы шежіресі – өлеңдерінен ізделікші» [2, 90]. Бұл әдебиетші Ә.Кекілбайұлының Алаш ақынының басты тақырыбын айқындап беруі. Әр ақынның өзіне ғана тән ішкі тақырыбы болуының сырын әдебиетші Ә.Кекілбайұлы осылай аңғартады.

Әдебиеттанушы Ә.Кекілбайұлы мемлекет қайраткері А.Байтұрсынұлы-ның қалыптасу жолын оның поэзиясында айқындалғанын дәлелдеп шығады. Бұл тәуелсіз кездегі әдебиеттанудың үлгісі болатын әдеби мәтінді талдаулар: «Мақтағандықтан ба? Онда «Әзірге қолдан келген осы барым, қомсынып, қоңыраймай, құрбыларым, бабы жоқ жұмыстағы мен бір арық, күн қайда үздік шығар топты жарып; бар болса сондай жүйрік, қызар деймін, естілсе құлағына дүбір барып: әйтпесе, арық шауып ондыра ма, жүргенде қамыт басып, қажып-талып», – деп қайғыра қаймығар ма еді?

Масаттанғандықтан ба? Өйтсе: «Қалтылдақ қайық мініп еспесі жоқ, теңізде жүрміз қалқып кешпесі жоқ, жел соқса, құйын қуса жылжи беру, болғандай табан тіреу ешнәрсе жоқ; бұл күнге бүгін емес, көптен кірдік, алды-артын андамаған бетпен кірдік, жат жақты жаратқанға күзеттіріп, жақынмен ырылдастық, иттей үрдік... білдірдік елдің сырын, ердің құнын, еліріп ерегіске екі-үш күндік... кіреді тентек есі түстен кейін, мүшкілін халіміздің енді білдік...», – деп күйзелер ме еді.

Даңққұмарлықтан дейін десең, «Жанға көңіл қалып тұр, жан бұл күйге салып тұр; тәнге көңіл қалып тұр, тән шыдамай арып тұр; жұртқа көңіл қалып тұр, жұрт жалғанға нанып тұр; өтірік өрлеп, күшейіп, шын жеңіліп, талып тұр; жала деген төбеті балтырыңды қауып тұр; табалаған жаманның шаян тілі шағып тұр; жаны ашыған жақынның жасы көзден ағып тұр...» – деп айтқаны рас болса, кімге сеніп атақ іздейді, кімнен даңқ дәметеді» [2, 90]. Бұл поэзия талдау үлгісі. Мағынасыз терминдердің қалай болса солай қолдануы емес, негізгі түпкі ойды анықтап алу. Өлеңдегі мағына мен түрдің үйлесуі осылай анықтала түседі. Абайдан келе жатқан мақтану, масаттану, даңққұмарлықтан аулақ болған шынайы поэзия сипаттары осылай айғақтала түседі. Ақынның өзін өзі атақ алуға ұсынуы деген сұмдықты біз бүгін ғана көріп келеміз.

Кезінде Т.Шонанұлы талдаған, бірақ қазіргі әдебиетшілер назарынан тыс қалған «Адамдық диханшысы» өлеңіне Ә.Кекілбайұлы жаңа баға беріп Т.Шонанұлының басты ойын жалғастырып тәуелсіз кезге қажет мазмұнды анықтап алады: «Сонда мұншама сарп болып сарсылуда не мән бар? Сүйтсе, мән бар екен: «Адамдық диханшысы қырға шықтым, көлі жоқ, көгалы жоқ – құрға шықтым; тұқымын адалдықтың шаштым, ектім, көңілін көтеруге құл халықтың»... «рахатсыз өтсе де өмір-жасым, бұл жөнімнен Құдайым айырмасын... шалдығатын, шаршайтын жерлер де бар... шыққызбайтын жолында өрлер де бар... ел бұнымды білемін ұқпайтынын, көтермеге қалғанда шықпайтынын, шалыс басып аяқты жығылғанда, «жатқаныңнан тұрма» деп мықтайтынын ...мен өлсем де, өлемін жөнімменен, тәннен басқа немді алар өлім менен, тән көмілер, көмілмес еткен ісім, ...ойлайтын да мен емес бір күнгі ісін, жұрт ұқпаса, ұқпасын, жабықпаймын, ел – бүгіншіл, менікі ертең үшін...

Міне, гәп қайда?! Шын азаматты пендешілікке, шын ерді есерлікке жібермейтін де осы: ертеңге деген сенім; келешек алдындағы жауапкершілік. Ендеше, әңгіме әлі келе қоймаған бостандық, орнай қоймаған тәуелсіздік жайында болып отыр» [2, 91]. Ә.Кекілбайұлы А.Байтұрсынұлының аталған өлеңінде Абайдың асыл қағидасын

жалғастырып кеткенін ғана аңғармайды («Тәннен басқа немді алар өлім менен, тән көмілер, көмілмес еткен ісім»... Тәуелсіз кездің әдебиетшісі Ә.Кекілбайұлы бәрімізге қажет ұлттық мақсатты осылай алға тартады: «ел бүгіншіл, менікі ертең үшін».

Ә.Кекілбайұлы А.Байтұрсынұлының ғалымдық, тұлғалық істерін қазіргі мемлекеттік деңгейден бағалайды: «Өйткені, басқа бір өлеңінде: «Кім біліп, ер еңбегін сезіп жатыр? Кім шыдап жолдастыққа төзіп жатыр. Кешегі кеңшілікте керек қылған бостандық болмаған соң безіп жатыр» дейді. Осыған қарап-ақ, оның көп қырлы қызметінің қай саласына басым маңыз бергенін аңғарамыз.

Олай болса, Ахмет Байтұрсынов бірінші кезекте халқының азаттығы, елінің тәуелсіздігі мен ұлттық мемлекеттілігі жөнінде жан аямаған күрескер. Бұлай болатын жөні де бар еді» [2, 91-92]. Алаш саяси тұлғаларының мемлекеттік істі ғалымдық, ақындық іспен ұштастыра білгені ғана емес, олар тәуелсіздік жолында қолынан келген амалдардың бәрін қолданған күрескерлер екені осылай анықталады.

Әдебиеттану ғылымы күні бүгін әр жазушының шығармашылығын тектік түрлерге бөліп қарастырады. Ә.Кекілбайұлы А.Байтұрсынұлының өлеңдерінің азаттық рухы ақының көсемсөзімен тікелей байланысты екенін аңғартады: «Бұндай тұста ағартушылықты тек сауат ашумен шектемей, ең алдымен заман танытуға бағыттау керек болды. «Қамсыз жатқан қазақтың көңіліне соңғы кезде ғана қайғы кіре бастады, басқа келген нәубәттің қайдан келген, кімнен болғанын біле алмай, әркімнен көріп өкпеледі. Қазақтың өкпелеуінің жөні бар ма, жоқ па?», – деп толғанады бір мақаласында Ахмет Байтұрсынов. Бұл жайында толғана-толғана келген қорытындысы «Өзімізге өкпелемесек, өзгелерге өкпелер рет жоқ... Өткен өтті, іздегенмен таптырмайды, қуғанмен жеткізбейді... Ендігі әңгіме, өткенді көксемей, сары уайым сала бермей, сағым қуып, сандала бермей, шалажансарланған шаруаны түзету... Жеке кісі түгілі, жалпақ ел – заманның бұйдалап жетектеген түйесі» [2, 92-93].

Бұл да Ә.Кекілбайұлының қазіргі замандастарына қаратып айтқаны.

А.Байтұрсынұлының жүз жыл бұрынғы айтылған тұжырымының Ә.Кекілбайұлы тәуелсіз кездегі қазақ үшін қажет екенін осылай айғақтап алады: «Бұдан бүгінгі біз үшін шығаратын қорытынды: тіршіліктің үйреншікті үрдісін заманға лайықтап түбегейлі жаңғыртпақ шарт... Ұлттық сананы заманға лайықтап қайта қалыптастыруға жұрт боп жұмылмақ шарт.

Өйткені, біз өкпеледі екен деп, өз өзегін үзіп бере қоятын, бопсалады екен деп болатынды болдыртпай қоятын заман бәрібір жоқ» [2, 93].

Қазіргі қазақ үшін не қажет екені туралы ойын Ә.Кекілбайұлы А.Байтұрсынұлы пікірімен түйіндейді: «Әркім өзіне керегін күйттейді. Көптің керегін әркім өз шаруам деп емес, біреудің шаруасы деп санайды. Ол үшін біреулерге өкпелеп, біреулерді сынайды. «Қазақ балалары қазақ жұмысына қолынан келгенше қарап тұрмай кірісіп істей берсе, ұлт жұмысы ұлғайып толықпақшы. Іс қолынан келмейтініне сөз жоқ, іс қолынан келетіндері де қарап жатыр... Алға басып жұрт қатарына кіру керек. Басқадан кем болмау үшін біз білімді, һәм күшті болуымыз керек. Білімді болуға оқу керек. Бай болуға кәсіп керек. Күшті болуға бірлік керек. Осы керектердің жолында жұмыс істеу керек», – деп ренжиді Ахмет Байтұрсынов» [94]. А.Байтұрсынұлының саяси ұстанымдары бүгін де ұран болуға әбден лайық екені осылай анықтала түседі. Ұлт жұмысы бәрімізге ортақ мүдде. Әр қазақ осы жолда нақты іс тындыруы қажет. Бірлігі бар ел ғана күшті бола алады.

А.Байтұрсынұлының көсемсөзінен Ә.Кекілбайұлы қазіргі қазаққа қажет ел бірлігі ойын осылай алға тартады: «Байтұрсынов бөліне-жарылушылық атаулыға атымен қарсы боп, бәрін де ұлттық жаңарысқа жұмылдыруға тырысты. Ол өтпелі кезең жағдайында кездеспей қалмайтын дәстүршілік пен жаңашылдық тайталасында жаңаруды жақтады. Жаңару жаппай жұмылмаса жүзеге аспайды. Жиғанды – тойға, білгенді дауға шашып, ауыз бірікпейді. Олжалы жердегі үлес пен жоралы жердегі жол да тек білімдіге ғана емес, біріккенге бұйырады. Ұлт мүддесі – үлкен міндет. Үлкен іске көп кісі керек. Көпті күшті билік жияды. Өз ісің өз билігіңді өз қолыңда бекем ұстай алсаң ғана өнеді. Ол үшін ұлт әуелі өз ахуалын өзі терең түсініп, оны түзетуді бірлесе ойластырып, бірлесе қамдастырмақ шарт.

А.Байтұрсынов жан-жақты әдеби-ғылыми шығармашылығы мен ұстаздық-қоғамдық қызметін – қандастарына осыны терең ұғындыруға арнады. Бұл оның ұлттық мемлекет билік жолындағы жүйелі күресіне керекті білім, тәжірибе, бедел жиып бере алды» [2, 95]. Бұл тәуелсіз кездегі басты көзқарас: ұлт мүддесі жолында ел болып бірігу.

Алаш тұлғалары неге қара басының ғана қамын ойламаған? Ол туралы Ә.Кекілбайұлы былай дейді: «Байтұрсынов басшылығындағы «Қазақ газеті»: «Мұндай лайсаң заманда закон жоқ, жол жоқ, қорғалайтын пана жоқ. Әркім өзін-өзі қорғайды. Әуелі өлмеске, екінші мал-мүлкімізді талауға бермеске, үшінші осы лаңның ішіне кірмеске қолдан келген күшімізді, ісімізді сарп етуге керек. Данышпандар білімін, азаматтар қайратын ұлты үшін аямай жұмсайтын орын осы», – деп дабыл қақты. Құдайдан басқадан қорықпай, бұрынғы айтыстарды ұмытып, халық бірлігін нығайтуды бірінші кезекке қойды. Сонда ғана ұлт тізгіні қолға ілігіп, оны бекем ұстауға болатынын ескертті» [2, 96]. Соңғы сөйлемдерде тәуелсіз кездегі саясатшы Ә.Кекілбайұлының пікірі анық аңғарылады. Ел бірлігі болмай, ел көсегесі көгермейтіні осылай айғақтала түседі.

XX ғасыр басындағы қазақ даласы төртке бөлінгені туралы қазіргі саясаттанушы Ә.Кекілбайұлы былай дейді: «Сібірдегі Колчак үкіметі либералдықтан гөрі таза монархиялық сипат танытты. Семейдегі Алаш үкіметін жаптырды. Түркістан автономиясында аз ұлттардың өзара қырқысы қоздады. Ондағы Уақытша үкімет басшылары Мұхаметжан Тынышбаев пен Мұстафа Шоқай елден аластатылды. Батыс Алашорда мен дутовшылар мәмілесі де ұзаққа бармады. Большевиктер үстемдігі тарихи шындыққа айналды. Ұлттық автономиядан не атымен қол үзу, не большевиктермен келіссөз жүргізу керек болды. Бұған дейін автономия төңірегіндегі кереғар пікірлерді үйлестіруге үнемі ұйытқы боп келген Ахмет Байтұрсыновқа бұл міндетті өз мойнына алуға тура келді. Ағарту ісіндегі, әдебиет пен ғылымдағы, әлеуметтік қызметтегі табандылығы, білімдарлығы, бірлікшілдігі арқасында түрікшілдердің де, орысшылдардың да, қазақшылдардың да, либералшылдардың да, тапшылдардың да алдында үлкен беделге ие айтулы қайраткермен келіссөзге большевиктер де пейіл болды» [2, 97].

«Алаш» партиясы, Алаш Орда мемлекеті қазіргі тәуелсіздік үшін қандай міндет атқарды? Осыдан 20 жыл бұрын ол туралы анық айтқан Ә.Кекілбайұлы екен: «Кейін біздің егемендік алып, тәуелсіздік жариялауымызға да сол бір жанқиярлық пен жүзеге асқан жағдай бірден-бір құқықтық негіз болды» [2, 98]. Бұл да есте сақтайтын нақты тарихи дерек.

Сауатты адам өз ұлты үшін қандай қызмет атқара алады? Осы тұста оған кімдер үлгі бола алады деген сауалға Ә.Кекілбайұлы былай депті: «Ахмет Байтұрсынов өз арманы жолында арыстанның аузына, зымыстанның түбіне бара жүріп, халқына қалтқысыз еңбек сіңіре білді. Елдің арасына алалық кіргізетін айтыс-тартыстан аулақ тұрып, тек қана ұлттық мүддеге қызмет етті. Кеңес үкіметімен мәмлеге де сол үшін барды. Ақ пен қызылға бөлініп, бір-бірін бүріп тастағалы тұрған үзеңгілестерін аман сақтап қалғысы келді. Бай мен жарлыға бөлініп, барынан айырылып қалғалы тұрған халқының ұйытқысының бұзылмағанын көздеді. Патша кезінде де жан аямай қолға алған ағартушылық реформаны жаңа жағдайда жалғастыра беруге тырысты. Сол үшін де ағарту комиссары болуға келісті. Сол арқылы ұлттық оқу-білім, мәдениет, өркениетті дамыту ісіне ешқашан естен шықпастай мәңгілік үлес қосып үлгерді» [2, 98-99]. Алаш тарихын зерттеген академик К.Нұрпейісов осыған байланысты А.Байтұрсынұлының кеңестік академиялық орталықтың төрағасы болғанын ұлттық ғылым академиясының басы деп айқындап беріп еді.

Кеңес өкіметі неге алашты жоюды өзіне басты мақсат етіп қойды? Кеңестік саясаттың шын пейілі туралы Ә.Кекілбайұлы былай дейді: «Бірақ, тапшыл идеология өліара кезең өткен соң түбегейлі үстемдікке ұмтылды, кешегі уәделер ұмытылды. Ұлттық автономиялар уақытша шарттылыққа айналды. Бір кезде самодержавие үлгере алмай кеткен аздарды ұлтсыздандырып, көптің сойылын соқтыратын саясатқа көшті. Оған қарсы болатын күштер алдын ала есепке алынып, олардың алдынан арандар қазылды. Халықтардың тарихи қалыптасқан әлеуметтік қатынастары жаппай тапшылдық арнаға көшіріліп, ұлтішілік алауыздық ашық қолдау тапты. Ахмет Байтұрсыновтың үзеңгілестері жаппай жер

аударылды» [2, 99]. Қазақтарды жаппай қыруды Голощекин іске асырды. Әуелі ұлттың қамын ойлаған алаш қайраткерлерінің көзі жойылып, ғылыми, әдеби, саяси мұрасына қатаң тыйым салынды.

Қазақ мемлекеті мен қазақ ұлтына қызмет етудің осындай үлгілі тұлғасы бар қазіргі біз не істеуіміз керек? Нені есте сақтап, нені басты мақсат етуіміз қажет? «Ол сағат Байтұрсынов ақырына дейін адал қызмет еткен тәуелсіздік жеңісімен бірге соқты. Жетпіс жыл бойы тұншықтырылған егемен мемлекеттілік бәрібір жүзеге асты. Оны баянды ету үшін де бір кезде Ахандар айтқандай, тағы да қапы қалмастай боп, бір Құдайдан басқадан қорықпай, араға жік салар айтыс-тартысты ұмытып, халық бірлігін нығайта беруге тиіспіз. Сол арқылы өзгеріске толы дүниеде өзгелерден кем қалмайтындай боп, өз орнымызды иемдену үшін бір кезде олар бастап беріп кеткен түбегейлі жаңарысты жаңа қарқынмен жалғастыруға міндеттіміз» [2, 100].

«Бір Құдайдан басқадан қорықпаған» қазіргі алаш өз алдына қандай мақсат қою керек? Ол туралы Ә.Кекілбаев былай дейді: «Біздің кемеміз үміт жағалауына жақын қалды. Бұндай кезде жауапкершілік бұрынғыдан да арта түседі. Өйткені, сын кезең әлі өткен жоқ. Тарихтың алдан қанша талқысы тосып тұрғанын ешкім білмейді. Сонда қалтылдақ қайықтың кебіне түспес үшін тәуелсіздік алғаннан бергі аз жыл ішінде жинақталған тағылым мен тәжірибені жете байыптап, әділ бағалағанымыз, бұдан арықарай да тізгінімізді сол талай тығырықтан аман алып өткен саяси реализм мен мемлекеттілігіміздің, демократия мен реформаның мүдделерін қорғаудағы азаматтық табандылықтың сенімді қолына бекем ұстатқанымыз дұрыс болары даусыз.

Тек сонда ғана осындай аса бір жауапты кезеңде бәріміздің басымызды маңызды мәслихатқа жиып отырған Ұлттың ұлы Ұстазы аруағы алдындағы шәкірттік арымыз таза, иманымыз кәміл болар еді» [2, 101].

А.Байтұрсынұлын тәуелсіз кезде «Ұлттың ұлы ұстазы» деп атаған Ә.Кекілбайұлы бұл бағаны бүгінгі қазақ елінің атынан беріп отыр. А.Байтұрсынұлының еңбегін күні бүгін біреулер «ескірді» деп жоққа шығарушыларға осыдан 23 жыл бұрын осындай кәсіби әділ пікір білдіру екінің бірінің қолынан келмес.

Ә.Кекілбайұлы осыдан 12 жыл бұрын Алаштанудың негізін осылай анықтап беріпті. Сондықтан біз Ә.Кекілбайұлына алғысымызды кеш те болса білдіруіміз қажет.

А.Байтұрсынұлы туралы тәуелсіздік кезде көбіміз жаздық. Бірақ ешқайсымыздың аузымызға келесі сөздер түспепті: «Ол, бүгін расында да мынау бостандықтың бозала таңында ақ бозға мініп, қыр басынан көрінген Қызыр Илияс сияқты. Алдынан жүгіріп, аяғын құшқымыз келеді. Үзеңгісіне жабысып, әкеден балаға ауысып келе жатқан сағынышымызды басқымыз келеді. Қайтадан ақ жол үстіндегі бүгінгі ұрпақ ол жазып кеткен адамгершілік пен азаматтық, жаңартушылық пен жасампаздық әліппесін жетік меңгеріп, жемісті жүзеге асырарына сендіргіміз келеді.

Сонда рухани піріміз Ахаң көк аспандағы көлеңдей желпілдеген көк туымызға көзі түсіп сүйсінер. Өздері көре алмай кеткен тарихи дәуренге біздің жеткенімізге еміренер де тебіренер. Бір кезде «Қазақ» газетінде берген батасын берер: «Төңірекке қарасаң, түнерген бұлттар әлі бар... Түбі қандай болады деп қобалжымалық... Дауылды жауын ету қолымыздан келмесе де, үйімізді үй етіп, шашылмай қалудың қамын желік... Дүниенің төріне ұмтылғандар төрден орын алып жатыр. Ұмтылмағандар есікте қалып жатыр... Қалмайық десек, қарап жатпалық... Көп ісіне көп болып жабылайық... Қолымнан не келеді деп қорынбайық. Ұлтына қызмет етуге ниет болса, жұмыс табылады. Көп жұмыстың ауыры да, жеңілі де болады. Қазақтың бітіп, тынып тұрған нәрсесі жоқ. Әркім әлінен келер жұмысын алсын. Жадымызда болсын, аз нәрсе көпке сеп болмақшы. Сәл демеу зорға сүйеу болады. Ұлы іс ұсақтан ұлғаяды... Ұлт үшін деген күштің ұлғаюына үлес қосу қазақ баласына міндет». «Елін қорғайтын ер болайық, Ерін қолдайтын ел болайық!», – дер» [2, 102].

Алла Тағала А.Байтұрсынұлына ұл беріп, ол бүгінгі күнге аман-есен жетсе тура осылай егілер ме еді? Алаш тұлғалары атылып жатқан кезде дүниеге келген, Әбіш аға, осыншама адал перзенттік алғысыңыз үшін сізге Алла риза болғай!

А.Байтұрсынұлының «Қазақ» газетіне берген батасын бүгінгі қазаққа ұлт үшін күрестің ұраны ретінде анықтап бергеніңіз де саяси көрегендік пен білгірлік. А.Байтұрсынұлының ақындық, көсемсөздік, ғалымдық, саяси тұлғасын осыншама жаныңызбен түсініп бүгінгі санасы таза Алаш ұрпағына айғақтап бергеніңіз қазіргі тәуелсіздік кездегі ғылымға қосылған зор үлес қана емес. Бұл бүгінгі қазақтың өзіне үлгі тұтарлық тұлға – ұлт ұстазы бар екенін анықтап беру. Шынында да әр қазаққа «ұлтына қызмет етуге ниет болса, жұмыс табылады». Ең бастысы «Елін қорғайтын ер болайық, Ерін қолдайтын ел болайық!».

Осыдан 12 жыл бұрын: «Қай ісіміздің де Құдай сәтін салғай! «Әумин» деп қол жайып, «Әуп» деп күш қосып, «Алла!» – деп іске кіріселік», – дер.

Бүгін бұны жете ұғынып, терең сезініп отырған халық та бар, қоғам да бар, азамат та бар. Сондықтан ұлтымыздың кешегі де, бүгінгі де, ертеңгі де ұлы ұстазына: «Айтқаныңыз болсын!» – деп басымызды иіп, тағзым етелік!» [2, 103]. – деген сөздеріңізге де Алла разы болсын! Атеисшіл замандастарыңыздың ішінде алғашқылардың бірі болып, Алаш ғалымдары сияқты сөзді тура осылай Аллаға мінәжат етумен қорытындылау да шынайы ғалымдықтың белгісі.

Тәуелсіздік кезде бүгінгілердің көбі үн-түзсіз келе жатқанда Алаштанудың негізгі темірқазығын анықтап берген бұл зерттеуіңіздің арғы ғұмыры да сәулелі болғай!

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Литературная энциклопедия. М., 1931, т. 5) А.Н.Самойлович // Литература Востока. Вып. I. П., 1919.

2. Ә.Кекілбайұлы. Ұстаз ұлағаты. (А.Байтұрсынұлының туғанына 125 жыл толуына арналған халықаралық ғылыми конференция материалдары). 81-103 бет // Ұлттық рухтың ұлы тіні. Ғылыми мақалалар жинағы (қазақ, орыс, ағылшын т.б. тілдерде). – Алматы: Ғылым, 1999.

4-секция
Ә.КЕКІЛБАЕВ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ТАРИХЫНЫҢ МӘСЕЛЕЛЕРІ

ӘОЖ 82.09

**ТҰЛҒАНЫ БЕЙНЕЛЕУДЕГІ ТАРИХИ ШЫНДЫҚТЫҢ ТЫҢ МАЗМҰНДА
КӨРКЕМДІК НЕГІЗМЕН БЕРІЛУІ (Ә.Кекілбаевтің «Шандоз» туындысы хақында)**

Аяпова Г.Б.

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті,
Атырау қ., Қазақстан

Аңдатпа. Қазіргі таңда тәуелсіздікке қол жеткізгеннен бері қазақ әдебиетінде тарихи тұлғаларға жаңаша көзқарас тұрғысында жазылған туындыларды зерттеу мен зерделеу жалғасын табуда. Бұл орайда Әбіш Кекілбаевтің «Шандозы» - қазақ әдебиетіндегі айырықша, өзіндік орны жоғары зерттеу еңбек болып табылатыны сөзсіз. Зерделі зерттеудің басты ерекшелігі – ғылым мен публицистиканы қосып, қатып қалған қасаң ғылыми қағиданы бұзуы. Ел тарихын әйгілі тұлғалар арқылы зерделеу-қазақтың дәстүрлі таным-түсінігінде ертеден қалыптасқан үрдіс. Қазақтың шежірелік зердесінде адам - тарихтың негізгі тұлғасы, ал адам санасы – тарихтың қозғаушы күші. Кез келген тарихи тұлғаның замана төрінен алар орны мен үлес-салмағы бөлек. Олар кемеңгерлігімен, алысқа көз тастап келешекті кең толғай білуімен, туған халқы мен елінің тағдырының алдындағы парызымен өлшенсе керек. Ұлт маңдайының бағына біткен ірі тұлғалардың бірі - Жәңгір хан деп ойлаймыз.

Түйінді сөздер: тарихи тұлға, деректі-тарихи баян, махамбеттану, тарих қойнауы.

Ә.Кекілбаев қазақ халқының тарихын тереңнен аша, дәстүрлі мәдениет үлгілерін, ұлттық салт-дәстүр, ұлттық өнер тақырыбын жетік меңгерген қаламгер. Өзіндік стиль, тіл өрнегі қалыптасқан, ұлттық тіл нәр-нақышын өз шығармаларында көркемдік суреткерлік тұрғыда суреттей алған жазушы. Сондықтан оның шығармалары уақыт өткен сайын, жаңа қырынан танылып, келешекке өзіндік шынайы, дара болмысымен жарқырай жетпек. Оның шығармаларының тамыры тереңде. Ол өзінің ұлттық тамырынан нәр үзбеген әңгіме, повесть, романдарындағы: Тәуке, Әбілқайыр, Абылай, Жәңгір хандар, Есет, Арыстанбай батырлар, Төле, Қазыбек, Әйтеке билер, Құрманғазы, Махамбет, Абыл ақын т.б. тарихи тұлғалар бейнесі ұрпақтан-ұрпаққа өнеге тағылымымен қала бермек. Себебі олар – қаламгердің суреткерлік шешімінде өзінің тарихи шындық болмысынан ауытқымай сомдалған шынайы образдар.

«Шандозда» бұрын бір жақты қарастырылып келген тарихи тұлғаларға ұлттық дүниетаным тұрғысынан қарау керектігі айтылып, мысалдармен дәлелденген. Бұған дейін әдебиет тарихында Махамбет өмірін, айналасын бұрынғы кеңес кезіндегі зерттеушілер әңгімелерін көтерілістің шығу себептерінен бастады.

Ә.Кекілбаев Исатай-Махамбет көтерілісінің шығу төркінін бұрынғы кеңес дәуірі зерттеушілері салған үлгіні ұстанбай, әріден: Бөкей, Өтеміс дәуірінен тартып қарастырады. Құлмәлі тағдыр-баянына тоқтала, тарихтың жасырын сырларына үңіле, одан да әріге Нәдір шахтың өмірбаянын, ол өмір сүрген кездің топалаңын біраз ашып, Махамбеттің арғы түбі – Нәдір екенін сенімді түрде пайымдаған. Кеңестік кезде халық Жәңгірді-Махамбеттің «Хан емессің, қасқырсың» деген бір өлеңінің мазмұнын аясында ғана танып-біліп келді. Ханды тереңдей, қайта танытудың басында осы «Шандоз» деректі-тарихи баяны тұр. Кеңестік кездегі зерттеушілердің көкейкөзі әріге бара алмай, Жәңгірді сол саясаттың шешімі негізімен жазғаны, солай етуге мәжбүр болғаны белгілі. «Қоғамдық ой, сана, пікірдің аса бір жүйелі, жинақталған көрінісі – әдебиет. Әдебиет туралы сөз қалай дегенде де,

уақыт туралы сөз», – дейді ғалым, сол айтқандай, біздің туған әдебиетімізде де махамбеттануға үлесін әр кез қосқан зерттеушілер де бар [1, 334].

Ә.Кекілбаев туындыда Шыман төренің сатқындығы, Жәңгірдің халық алдындағы елеулі еңбегі, қайраткерлігі ханмен бірде тәтті, бірде қатты қарым-қатынаста болған В.И. Даль, В.В. Григорьев, П.И. Небольсиндердің сырластығының ара салмағын, Жәңгір тыйым салмаған бәле басы Қарауылқожа әрекеттерін тарих іздерімен, деректерімен екшей алған. Сонымен қатар, Махамбет өмірінің кейбір тұстары тарихта жазылып жүрген жылдарымен нақты сәйкеспейтінін дәлелдейді.

«Исатай-Махамбет қозғалысы патшалық Ресейдің отаршылдық саясатына қарсы бағытталған халық көтерілісі болған. Оның Жәңгір ханға қарсы бағытталғаны көп айтылады. Шын мәнінде олай емес. Еділ мен Жайықты қатар емген Атыраудың жалпақ Нарын өлкесінің «қызғыш құсы» болып, шарқ ұрып, теңдік іздеген Исатай-Махамбеттің тағдыры отаршылдық жылдарында сахарада ешбір толас таппаған көтерілістер эстафетасының бірі және бірегейі», – деп [2, 610], Елбасы көтерілістің арғы түбі кімге қарсы болғанын ашық айтып, келешек бағдарымызды түзетуді ескерткен.

«Ордасында Жәңгір деген ханы бар». Бұл он екі бөлімнен тұратын «Шандоздың» бір тарауы. Ондағы ерекше тұлға – Жәңгір хан. «Жәңгір тарихы біздің замандастарымызға осындай парадокстық, трагедиялық сипатымен қызғылықты. Онымен айқасқандардың тағдыры да – дәл сондай айқыш-ұйқыш қайшылықты сипаттарымен тартымды. Жәңгірдің жиырма екі жылға созылған билікшілік дәурені Ішкі Орданың саяси дербестігін сақтап қалуға бағышталды. Ол – арғы-бергі қазақ хандарының ішіндегі ең білімдісі еді. Сондықтан да, қандай заманда, қандай ортада, қандай аумақта, қандай қауымға билік құрып отырғандығымен, белгілі мөлшерде есептесе білді» [3, 233], – деп Ә.Кекілбаев бағалайды..

Жәңгір – күрделі де басында қайшылығы көп адам. Тарихи деректерде ол Астрахань губернаторының үйінде жатып оқып, мол білім алып, жеті жұрттың тілін білген өз заманының білікті адамы. Оның үстіне, ақылды, ой қабілеті жоғары, кісілік келбеті де келіскен – мұсылман. Білімділігінің арқасында, Қазан университетінің «Құрметті мүшелігіне» қабылданған.

Ә.Кекілбаев осылардың бәріне жете тоқталып, тарих қойнауынан ханның бұрын беймәлім, ғұмыр парақтарын тауып, оларға сарабал талдау жасаған. Өмір шайқас болған жерде, екі жақтың бір түзудің бойына сыймайтыны белгілі. Ел басқарған адамның көпке ұнауы да, көптің көңілінен шығуы да екіталай. Билік пен халық арасында қай кезде де кикілжіңдер болған. Жәңгір билік құрған заман жаңаның қарыштап алға басып, ескінің етекпен тартып жібермеген бір жолайырық кезеңі еді. Бұл кездегі қоғамның сілкінісі – өктем. Жәңгірде оны мойындамасқа шара да, жол да жоқ еді. Бұл – Жәңгірдің трагедиясы да. Жәңгір өз ордасын қоршаған ірі мемлекеттермен тіл табыса да, жұмысын нәтижелі жүргізе де білді. Әрине, бұл Жәңгірдің артықшылығы екенін мойындауға да тиіспіз.

Бұл турасында академик З.Қабдолов: «Махамбет өмір сүрген уақыт пен өнерін өрбіткен кеңістік туралы ойласақ, біздің жадымызға патшалық Ресейдің тепкісінде төңбекшіген басыбайлы отары – ұланғайыр ұлы даламыз, сол даланың бір шалғайындағы Бөкей ордасы, Орданы билеген қазақтың соңғы ханы Жәңгір Бөкеев оралады», – деген еді [4, 234]. Хан Бөкейсіз, Жәңгірсіз Орда тарихын айту мүмкін емес [5,78]. «Ресейдің тепкісінде төңбекшіген басыбайлы отары» дегенде, Ресейдің кез келген жерге ауыз салмағаны, балығы көп, шалғыны мол, жан-жақпен қатынасы да мардымды Жайық бойын текедей таңдап, тапжылтпағаны – сол заманның ақиқаты.

«...Ішкі-сыртқы саясатта мейлінше прагматик болуды талап етті. Жәңгір бұл талапқа жауап бере білді [3, 233].

Губернатор артынан бұл ойынан айнып, ханның атқарған істерін түкке алғысыз етеді. В. Перовский патша өкіметі саясатының құлы болған бірде былай, бірде олай түлкі бұлаң саясаттың адамы еді. Заманына қарай шалу деген – осы. Губернатордың бұл берген бағасы сондығына қарамай, сол кез үшін ең жоғарғы баға болатын. «Ол, ең алдымен, өз төңірегіндегі географиялық кеңістіктегі ең ірі және ең күшті мемлекеттің қақ ортасында

отырғанын білді. Мұндай жағдайда теке-тіресіп емес, тек тіл табысып қана өз мүддесін қорғай алатынын түсінді. Сондықтан да, оның қай әрекетінде де есепшілдік пен епсектік үстем түсіп отырды. Бұл жағынан – ол өзінің қай бабасына да ұқсамады деуге болады» [3, 238], – дейді Ә. Кекілбаев.

Жазушы саясат қыспағындағы Жәңгір басының ерекшелігін атап, ашып берсе, өңірде дүниеге келген ақпа-төкпе шешен З.Қабдолов және былай дейді: «Бөкей хандығының құрылуына байланысты туған даламыздың бір кезде жоңғар таптап, қалмақ жайлаған Еділ мен Жайық арасын өзімізге қайтарып алдық. Торталана туырылып, иесіз құлазып жатқан құм қойнауына Орда қаласы орнады. Көшпелі жұрт көлігін туарып, қоныстана бастады. Ел орныққан соң, Ордадан Шығысқа қарай сусыған қызыл шағылдың ондаған шақырым ұзына бойы қысы-жазы бірдей көкпеңбек көксіл атып, жасыл орманға айналған. Ғұмырда шөлі қанып көрмеген қалың құмға кезінде әлдеқайдан су келіп, көл пайда болған. Айдында аққу ұшып, қаз қонған. Жапан түзге қалың ел ірге теуіп, қатар-қатар қарағай үйлер салынған» [4, 130]. Өңір адам танымас күйге еніп, қарыштап алға басқан. Өркениетке ұмтылды. Мұның өзі: «Жәңгір «ел қамын ойламады», – деген теріс пікірге тойтарыс береді. Ал ақын дүниетанымы бұл жаңаруларды қабылдамады. «Жәңгір тұсында отырықшылыққа бет бұрылды. Ол өзі бастап үй салып, барлық сұлтандар мен рубасыларды үй салуға міндеттеді. Жасқұстағы Орда қаласы солай пайда болды. Тек онымен ғана тынбай, ірі руларды билейтін рубасылар мен старшындар өздеріне тұрақты мекен тұрғыза бастады. Байлар мен әлді шаруалар да өздеріне үй, ең болмаса, жер қазба салып алуды әдетке айналдырды. Отырықшылық нышандарының күшеюі жолдар мен қатынас жүйелеріне де көңіл бөлді.

Хан көрші ірі қалалармен үзбей байланыс болуына назар аударды. Сауда-саттық өркендеді. Әуелі шектес орыс, қалмақ базарларында өз өкілдерін ұстап, тұрақты орын иемдену жүзеге асырылды», – дейді жазушы [3, 234]. Ханның өзі басқарған орданы дамыта алғандығы берілген үзіндіден анық байқалады. Бөкей хандығы жөнінде өз еңбектерінде А.Рязанов [6], В.Шахматов [7], С.Зиманов [8] жазған. Жазса, жазғандай-ақ, 1832 жылы хан Жәңгірдің өтініші бойынша Бөкей ордасында маусымдық жәрмеңке ашылып, сауда айналымы 2 миллион сомнан асқандығы тарихи деректерде де, ел арасында да күні бүгінге дейін айтылады. Оған ірі-ірі қалалардың көпестері қатысқан. Сауда дегеніміз – елдің экономикасының дамуының бір көрінісі. Мұның әрқайсысын жеке алып қарасаң, үлкен істер. Жәңгірдің үй, мешіт, мектеп салдыруы күні бүгінге дейін халық арасында дәріптеліп, жағымды жағымен айтылады. Ол салдырған үй мен мешітті, мектепті сол тұқымнан өрбіген, сол мешіттерден нәр алған арқалы ақын Шәңгерей Бөкеев айнытпай сөзбен суретке түсірген:

«Көз алдымда тұрады:
Кешегі өткен күндей-ақ.
Сол айтылған Нарында,
Нарынның қызыл құмында:
Ай белгілі ақ мешіт,
Алпыс бөлме, жүз есік,

Салынған екен Көкорда», – дегені сол Жәңгір жасаған қызмет, еліме болсын деген ниет, қажырлы қайратының арқасы, еңбегінің жемісі [9, 57]. Ол тірлік те бірден оп-оңай дүниеге келген жоқ-ты. Мұның бәрі – Жәңгірдің қажырлы, қайратының арқасы. Еліме болсын деген ниеті еді. «Кейін «Дала қоңырауы» атанған Ыбырай Алтынсарин туатын жылы (1841) жылы тарихта тұңғыш рет қазақ балаларына орысша-қазақша білім беретін Жәңгір мектебі ашылған. Мектептегі оқу-ағарту ісінің өрбуін хан тікелкей өз қамқорлығына алған. Бұл арада бұрын-соңды болып көрмеген кітапхана, клуб, мұражай орнаған» [4, 293-296], – деген. Білімге, өнерге аса қатты мән беріп, оның жүзеге асырылуын қадағалаған. Батыс Қазақстан облысындағы хан салдырған білім ордалары күні бүгінге дейін халыққа қызмет етуде. Жайық бойында пәндік білім алу жүйесі қалыптасып, оқудың орысша жүргені белгілі. Оның бастауында Бөкей ордасындағы хан Жәңгірдің тұрғаны анық. Алғашында, өз ақшасына 25 орындық мектеп ашып, қазақтың алғашқы зиялы

топтарының легін қалыптастырды. Ол мектепті бітіргендер білімін сол кездегі іргелі оқу орындарында жалғастырып, қайтып келіп, сол өз мектебіне жұмысқа орналасады, мұндай талапты кезінде хан қойған екен.

Жәңгір мектебінің қабырғасынан шыққан ғалым Мұхамед-Салық Бабажанов – Ресей Географиялық қоғамының мүшесі, «Қазақтың қазақ туралы жазбалары» мақалалары «Северная пчела» журналында басылған. Жеке кітап болып Петербург баспаханасынан шыққан. Атақты дәрігер М. Шомбалов, ақын, аудармашы Ш. Бөкеев, ұстаз А. Меңдешев, А. Тажетдиновтер – еліне еселі еңбек еткен осы мектептің түлектері. «Шаруашылық жүргізуде жаңалықтар көбейді. Мал тұқымын асылдандыру қолға алынды. Дәнді дақылдар өсіру мен бақшалық салу үрдіске енді. Халықты індеттерге қарсы егу тәжірибеге ене бастады.

Финанстық жүйе жасақтау мен алым-салық жинау жолға қойылды. Ел басқару қайта жүйеленді. Империя көкірегіне сұғына кіріп жатқан аймақта таза өркениеттік таңдау жасамай тұрып, көсегелерінің көгере қоймайтынын жақсы білген Жәңгірге жан-жақты жаңашыл болмасқа жағдай қалмады. Орыс капиталымен ықпалдаса отырып, шикізат өңдеу кәсіпорындарын ашуға талаптанды. Қандастарын жаңаша тұрмыс құруға бағыттап, өзі өнеге көрсетті. Н.Харузин айтқандай: «Жәңгір ақылы мен білімдарлығы жағынан орда хандары арасындағы айырықша құбылыс болды». Жоғарыда айтылған В.А. Перовский мен Н. Харузин сөздері – ханның жаңаға құмар, іскерлігін мойындағандық [10, 76].

Ислам дінін қастер тұтуы Жәңгірдің орыс еліне ұнамағаны анық. Жәңгір жасаған жаңалықтарды халық көп қабылдай қоймады. «Ақынның кейіпкерлеріне, яки дос, дұшпандарына байланысты көзқарастарының өте айқын, бір бетті, бір ізділігінен айнымайтындығы» осы кезде туған өлеңдерінен байқалады [11, 96]. Жәңгірдің өзі де екі жақты қыспақта қалды. Себебі жерінен айырылып, екіұдай болып отырған елге Ордадағы жаңару пәлендей ұнамады. «Оның үстіне, Жәңгір қай жағынан алып қарағанда да, прагматик еді. Елдің қамын ойлаумен қоса, өзінің де қамын ұмыт қалдырмайтын. Кейде соңғысын алдыңғысына қарағанда, көбірек ойлаған сияқты» [3, 235]. Жәңгір туралы кездескен деректің көбі – жер мәселесіне, шектен шыққан салыққа байланысты реніштер. Зекет жинаудың да шарифат заңында өзінің тәртібі бар. Сол зекет Жәңгір тұсында шектен тыс артық жиналып, халық наразылығын тудырған. Жәңгір қарауындағы халықтан бұрын, қасындағылардың тойымсыздығын тежеуге келгенде, әлсіздік танытты. Халықты ашындырған жайдың бірі осы еді. Осы себепті Жәңгір мен халық арасы шиеленісіп, оның артыөртке ұласып, Исатай-Махамбет көтерілісіне шарықтады.

Қаламгер Ә.Кекілбаевтың жоғарыдағы «Алайда, ол бөтенге еліктейміз деп жүріп, өзгеге сіңіп, өз-өзімізден біржолата құрып кетпеді» мықтап есте ұстады. Бірақ ол ісі көп ретте ел арасында наразылықтар тудырып жатты. «Жәңгір мешіт салдырды. Елге шарифат жайыла бастады. Ханның айналасына ноғайдың молдалары, қожалар көп жиылды. Бұлар ел билеу ісіне араласты. Ханның айналасына аннан-мыннан келген келімсектер көп жиылды. Бұрынғы елді билеген билердің қадірі кеміді. Молдалар, қожалар, келімсектер елді билей бастады. Бір жағынан, орыстан көрген қысымшылық, қоныстың тарылуы, қоныстың тозуы, екінші жағынан, молдалардың, қожалардың келімсектердің астамшылығы елді Жәңгір ханға наразы қылды. Елдің бір қатары Бөкейлікті тастап, Жайықтың күн шығыс бетіне өте бастады» [3, 131].

Оның үстіне, отаршыл үкімет орыстандыру саясатын жүргізді. Қазақ даласындағы алғашқы мектептерде тек тілмаштар ғана дайындау үшін ашылғаны белгілі, ал Жәңгір қазақ баласын орыс мектебін ашып, жан-жақты оқытып, білімді қылғысы келді. Ол өзі ашқан мектептің түрін де, мазмұнын да ұлттық қылды. Мұнысы отаршылдар жүргізген идеологияға жақпайтын. Көзі ашық Жәңгір мұны күнілгері біліп, осылай істеді де, ал, енді онысы генералға ұнамады! «Жәңгір сұлтанарға – ру басқартты. Көңіліне жаққан қара сүйек өкілдеріне – ауыл басқартты... Ол ешкімге тәуелсіз билеушідей әмір жүргізді... Берілген билікті, қарауындағылардың игілігіне емес, өзінің өктемшілдік, дүниекоңыздық мүдделеріне пайдаланды. Ол билеген тұста Орданың көсегесі көгерудің орнына, жұрт ханның өзі мен сыбайластары тарапынан орынсыз қысым, әсіре салық, паракорлық пен қиянаттан басқа

ештеңе көрмеді. Ал, істемегенін істеген, тындырмағанын тындырған болып көрінуде: одан жетік, одан шебер жан болмайтын. Сондықтан да ол өле-өлгенше үлкен абырой-беделге ие болып өтті», – депті [3, 239].

Бұл мысалдардың барлығы да Жәңгірдің өз заманында басқа хандардан үстем болғандығын жоққа шығармайды. Бойында пендешілігі де ит жығыс түсіп жатыр.

Жәңгірдің бар жазығы сол әупірім мақсатты жүзеге асыруда құрдай жорғалай жөнелмей, әр түрлі айла-тәсілдерге жүгініп, бұлталақтап қолындағы хандық билік пен мемлекеттік дербестікті жойып жіберуге жол бермеуге тырысқандығы еді. Ел басқарған адамға мұндай айла мен ақыл қатар керек. Бұл – Жәңгірдің артықшылық қасиеті болатын.

«Жәңгірді карапайым халыққа Қарауылқожадан кейін, жеккөрінішті еткендер – өз ағайыны Шыман төре мен Қайыпқали Есімов. Көтерілістің алдында Мұғаджар тауын жайлаған Шыман ханға келіп: «Сенің орныңа Қайыпқали хан болмақшы. Дегеніне жетсе, Исатайды Баймағанбеттің, Иманбай Қалдыбайұлын Арыстан Жантөриннің орнына аға сұлтан қоймақ. Ал, Сауқым, Жанғазы, Елекей – үшеуі Қайыпқалиға ақылшы би болмақ», – деп тісін жасырып, тілін көрсетеді. Бұл азғырысқа сеніп қалған Жәңгір жанына Баймағанбетті алып, төрт ағасымен ұстасады. Көтерілістің тууын – олардың ызғыштыруынан іздейді. Шатақ іздеген, өз орнына көз алартқан төртеуінің арттарынан шырақ алып түсіп, елден қуғындайды. Олар Самар даласынан тиянақ таппаған соң, Хиуаға қашады. Ал, иманшылығын айтсақ, екіжүзді саясаттың төселген шебері Қайыпқали орайын тапса, хан болғысы кеп ұмтылған»... [12,37]. Мұның өзі кезінде Ордадағы ішкі жағдайдың да оңып тұрмағанын байқатады. Таққа талас, өз ағайындарының: Шыман төре мен Қайыпқалидың берекесіз істеріне ұқсас қылықтар Жәңгірдің өз айналасында да болып, өз ішінде де беделінің түсуіне әсерін тигізді. Бәрінен Жәңгірді іштей жеген өз туыстарының қысастығы қатты әлсіретті. Бұл – патша үкіметі үшін «іздегенге- сұраған», тіпті, жақсы «шоқ-шоқ» болды.

«Қарауылқожа – Жәңгірдің қайын атасы болған себептен астамсыды», – деген дерек шындыққа сәйкеспейді, себебі, «Қарауылқожаның қызы ол уақытта бесіктен белі шықпаған бала... Жәңгір оған күйеу бала емес» екендігін анықтайды. Бірақ жоғарыдағы түсінік қазақ әдебиетінде әбден орнығып қалған. Бұл – келешек зерттеушілерге құлаққағыс. Осы деректі де бірінші «Шандоз» еңбегінде көрсеткен – Ә.Кекілбаев. Тарихтың бұл ақтаңдағы түзетілуі керек. Үнемі Махамбет ақынмен сөзге келгенге шыдамаған хан: «Алдым-жалын, артым-өрт, екі оттың арасында жүрмін, қайтейін», – депті. Артымдағы өрт деп отырғаны ханға билік бергенсіп, сол арқылы қазаққа деген бодандық бұғауын қысқан үстіне қыса түскен орыс патшасының зымиян саясаты болса, алдымдағы жалын деп отырғаны – хан арқылы қан қақсатып бара жатқан отаршылдық езгіге (қорлық пен зорлыққа) қарсы кек кернеген қазақ халқының азаттық жолындағы айықпас айқасы мен шайқасы. Мұндай жағдайда хан мен халық арасында қандай ынтымақ болу керек?!», – деген ғалым З.Қабдоловтың сөзі біздің айтпақ ойымыздың қорытындысымен үйлеседі [4, 130]. Ол кездегі билік иелерінің бәрі осындай күй кешті. Әрине, оның себептері жеткілікті. Әбіш Кекілбаев – дүниетанымы кең, әлемдік ауқымдағы қаламгер. Ол отаршылдық, трагедиясының да қыр-сырын жете білді, шығармаларында оны сараптай да білді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Әшімбаев С. Шындыққа сүйіспеншілік А., Жазушы, 1993.-623.
2. Назарбаев Н. Сындрлы он жыл А., Өлке, 2003.-240
3. Кекілбаев Ә. Шандоз Деректі тарихи баян. Атырау, 2003.-368.
- 4.Қабдолов З. Махамбет поэзиясындағы ерлік пен елдік рухы және қазіргі дәуір\Халықаралық конференция материалдары, А., Қазақ университеті, 2003.-520
5. Қозыбаев М. Жауды шаптым ту байлап А., Қазақстан, 1994.-192
6. Рязанов А. Исатай Тайманов көтерілісі 11-кітап. А., Өлке, 2003.-295.
7. Шахматов В. Ф. Внутренняя орда и восстание Исатая тайманова А., Өлке, 2003.-284.

8. Зиманов С. Россия и Букеевского ханство А., Наука, 1982.-171
9. Дербісәлин Ә. XX ғасыр басындағы қазақ ақындары А., Ғылым, 1982.-254.
- 10.Кітапта: Тілепов Ж. Елім деп еңіреген ерлер жыры А., Білім, 1995.-192
11. Тілепов Ж. Қазақ поэзиясының тарихилығы А., Ғылым, 1994.-172
12. Отарбаев Р., Құлкенов М. Жәңгір хан А., Өлке, 1992.-48.

ӘОЖ 81.512.122(045)

ӘБІШ КЕКІЛБАЕВ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ТАРИХИ ТҮЛҒАЛАР

Бағдатұлы М.

Ш. Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті

Аңдатпа. Мақалада қазақ әдебиетінің өзіндік орны бар, прозамызда тарихи тақырыпты бейнелеуде шығармалық шеберлігімен үлкен белеске көтерілген, Қазақстанның халық жазушысы Әбіш Кекілбаевтың туындыларындағы тарихи тұлғалар тағылымы қарастырылады. Бүгінгі күні тәуелсіздік уақытында жаңа көзқарас биігінен жекелеген қаламгерлердің шығармаларын терең бойлап олардың туындыларының көркемдік-шеберлік сипатын айқындау, талдау, саралау жұмыстары жүргізілді.

Түйінді сөздер: Ақын, жазушы, ғалым, зиялы, тарих, тұлға.

«Бір адамдар болады, жанына жақындасаң қабағымен қара зіл болып басып сүйегінді ұнтап, жаншып, бір сені жерге тығып жіберетіндей болып тұратын бір адамдар болады. Өкінішке орай мұндай адамдар өте көп мына дүниеде. Ал енді өте сирек кездесетін бір адамдар болады, жанына жақындасаң сені сол сәулесімен орап, сені сол сүйегіңе дейін шұғылаландырып, рухынды бір биіктерге самғатып, мынау боқташаққа толы дүниенің бір кір-сіленін бәрінен ажыратып алыстарға алып кететін бір адамдар болады. Әрине өкінішке орай мұндай адамдар өте аз! Бірақ азда болса біздің бағымызға, менің бағыма сондай адамдар жолықты. Солардың бірі, Әбіш аға Кекілбайұлы еді! Әбіш аға шын мәнінде әулие пішінді, сирек кездесетін өте ерекше жаратылыс. Сонау шын мәнінде ұлылардың сарқыты, біз беріде елесін таныған, суретін көрген Абай, Шәкәрім сияқты дана, әулиелердің сипатындағы, кешегі Әлихан, Ахмет, Міржақып сияқты, Халел Жанша сияқты, мұның бер жағындағы Қаныш Сәтпаев, Мұхтар Әуезов, Әлкей Марғұлан сынды кемегер ғұламалардың сипатындағы бір сирек кездесетін тұлға еді. Сирек жаратылған, бір туатын құбылыс еді. Біздің құдайға шүкір сол кісінің қасында жүрдік соңына ердік, сол біздің бақытымыз!», - деп Светқали Нұржан «Әбіш Кекілбаев жөнін бір үзік сыр» атты сұхбатында айтып өткендей бізге Әбіш жайында сөз қозғау үлкен мәртебе, оның шығармашылығын зерттеу, оған үнілу көп еңбек пен ізденісті талап ететін дүние.

Әбіш Кекілбаев өткен ғасырдың 70-80 жылдар аралығында мәдениет, әдебиет, кино салаларында ұйымдастыру-шығармашылық қызметтерін атқара жүріп, өзінің жазушылық кәсібін алдыңғы қатарға қоя білді. Партияның Орталық Комитетінің мәдениет бөлімінде әдебиет секторының меңгерушілігіне Әбіш Кекілбаев жазушыларға да, қоғамға да сөйлесе, сөзі өтетін, қажет кезінде басқарушы билікке олардың да талап-тілегін, сөзін өткізе алатын беделді қаламгер, тәжірибелі саясаткер ретінде қызметке шақырылды.

Ә. Кекілбаев Орталық Комитеттен Мәдениет министрінің орынбасары қызметіне жіберіліп, қысқа мерзімде қыруар істер атқара алды. Жаңа мемлекет тұсында да Әбекең – депутат, Комитет төрағасы, Жоғарғы Кеңес төрағасы, Мемлекеттік хатшы, Сенат депутаты сияқты лауазымды қызметтерді атқарып келді. [1].

Тарих та, бүгінгі күн де — тіршіліктің тартыс майданы. Мұның өзі — суреткер туындылары арқылы көрініс табатын адамдар тағдырлары үшін тиек болған көркемдік фон — көркемдік декорация болып табылады. Ал, Әбіш Кекілбаевтің шығармаларының басты

өзегі — тарих пен тағдырлар философиясын алуан-алуан тұрғыдан мейлінше саралап, мейлінше даралап көрсетеді. Мұның бір шырқау көріністеріне «Үркер» мен «Елең-алаң» роман-диалогиясын, «Абылай хан» халықтық қаһармандық драмалық дастанын, ұлы ақын Махамбет туралы «Шандоз» тарихи баянын жатқызар едік [2].

Көркем ой тұрғысынан алып қарағанда монументалды роман мен драмалық дастанды, тарихи баянды қазіргі қазақ әдебиетінің даму өрісіндегі кезеңдік ірі туындылар десек жарасымды. Өйткені философиялық прозаның, философиялық драманың, философиялық тарихи баянның қай-қайсысы болмасын мазмұндық-түрлік орасан зор қуатымен, орасан зор ізденісімен, орасан зор көркемдік жетістігімен мүлде жаңа, мүлде тың, мүлде соны, мүлде тосын, мүлде кесек, мүлде ірі, мүлде ойлы, мүлде сындарлы шығармалар болып табылады. Сондықтанда біз бұларды саяси-элеуметтік, тарихи-философиялық сипаттағы соқталы дүниелер деп білеміз. Солайша қабылдаймыз. Солайша сүйсінеміз.

Әрбір туындыдан бір-бірден мысал келтірсек артық та болмас еді. Біздің шектелуіміздің басты себебі — жоғарыда аталынған, жанры әрқилы шығармалардың баршасы ойға, әсіресе ойдағы тартысқа, небір тағдыр шырғаландарының тартысына құрылған көшелі де өрісті туындыларды еріксіз тұтас келтірер болар едік [2].

Ә.Кекілбаев шығармаларындағы неше алуан тартыстар мен қақтығыстар белгілі бір сюжеттер немесе оқиғалар аясында тікелей алынбайды, қайта, керісінше, сол сюжеттер мен оқиғалар санадағы ой ағымына бағындырылады, сол арқылы өрбіп, өріс тауып жатады. Соның нәтижесінде ой ағымының түбінде, образды түрде айтсақ, еңсеп қазған құдықтың түбінде шөгіп жатып-ақ, шығарманың көркемдік бітім-сүйегіне, дем-тынысына өзгеше шырай дарытатынын ешкім жоққа шығара алмайды. Бұған оның жоғарыда аталынған күллі туындыларының кез келгені нақты дәлел бола алады [3].

Ә.Кекілбаевтың тарихи тұлғаларға арналған еңбектерін негізінен екіге бөліп қараймыз: Бірінші, әдеби-көркем шығармалардағы тарихи тұлғалар (Абыл, Сүйінғара, Бекет ата, Шыңғыс хан, Ақсақ Темір, Әбілқайыр хан, Абылай, т.б.). Екінші, ғылыми зерттеулерінде қамтылған тарихи тұлғалар. Олар негізінен: Қарабура, Шотан батыр, Төле би, Қазыбек би, Әйтеке би, Әбілқайыр, Барақ сұлтан [4].

Ә. Кекілбаевтың «Ханша дария хикаясының» тақырыбы – Шыңғыс хан. Соңғы кездері қазақ жұртында Шыңғыс хан туралы екі түрлі көзқарас бар. Біріншісі Шыңғыс хан шабуылынан кейінгі қыпшақ тайпалары ғана емес, көптеген халықтардың саяси және экономикалық жағдайының нашарлауын, әлсіреуін, яғни зардабын көрсетеді. Екіншіден, Шыңғыс ханды жақтайтын, яғни оның жаулап алушылық саясатының прогрессивтік мәні жөнінде пікір айтушылар (“ол болмаса қазақ тарихы да әдіра қалатын еді”) бар. Жалпы, Совет Одағына қараған елдердің тарихында татар-монғол, әлде монғол-татар шапқыншылығы деген термин мықтап қалыптасты. Шын мәнінде ол монғолдың да, татардың да емес, Шыңғыс ханның шапқыншылығы. Монғол тілдес халықтар түркі тілдес халықтармен салыстырғанда өте аз еді. Қазір монғол тілдес халықтар (қалқа, қалмақ, бурят, ойрат, торғауыт, дүрбіт, т.б.) саны түркі халықтарынан бірнеше есе аз және бұрын да, қай заманда да солай болған. Ал қазіргі Монғолияның мемлекеттік тілі – қалқа тілі [3].

Ә. Кекілбаев шығармаларын мұқият оқыған зерделі оқушы осы айтылған тарихи жайттар турасында толғанбай қалмайды. Ұлы тұлғалар ішінде А.Македонский, Ю.Цезарь, берідегі Наполеон мен Гитлерді мысалға алсақ, олардың да туған халқын аспанға шығарған ештеңесі жоқ, керісінше: дүние жүзін бағындырамын деген Македонский Грекияны әлсіретті. Соңынан бұл ел Римге бағынышты болды. Цезарьдің шектен тыс билік құмарлығынан Римде бес ғасыр өмір сүрген республикалық басқару жүйесі жойылып, императорлық, яғни бір адам билеп-төстейтін басқару жүйесі дүниеге келді. Осыны пайдаланып, Израильден шыққан ағайындар христиан дінін дүниеге әкеліп, сол арқылы Римді құлатып қана қойған жоқ, бүкіл Еуропа халқын құлдыққа салды.

Әбіш жазған Шыңғыс пен Ақсақ Темір – қанша ұлы жаулаушы, қанша асқақ билеуші болса да, өлімнен қашып құтылмайтын жұмыр басты пенде. Осы екі тарихи тұлға туралы талай ғұламалар жазды. Бірақ Әбекең олар туралы халық аңыздарына сүйеніп жазған екен.

Ұлы әміршілердің құдіреті мен дәрменсіздігін ірі суреткер Ә. Кекілбаев кең көлемде, жан-жақты көрсетеді. Дәрменсіздіктің басы жұмыр пенденің бәріне ортақ екенін жеткізеді. Дәрменсіздік, әлжуаздық латын тілінде vulnerable, орыс тілінде уязвимый, әсіресе, ұлы әміршілерге тән қасиет немесе ауру екенін автор көркем тілмен баяндаған [4]. «Үркер» романы-қазақ елі басынан өткен ауыр кезеңдерді, XVII- XVIII ғасырларда орын алған ірі-ірі оқиғаларды деректерге сүйеніп жазылған, көп қанатты, тарих шежіресін жырлайтын тамаша туынды. Ол әдебиеттегі тарихи шығармалардың қатарында белді жерден орын алатын, көркемдік дәрежесі жоғары, айрықша орамды шығарма. Роман мазмұны, ең басты, нағыз өзекті мәселесі – қазақ елінің өз жері, өз бостандығы, дербес ел болып қалыптасуы үшін талай жылдар бойы табан тіресіп жүргізген күресінің жайы, айбынды асулары.

Шығарманың басты кейіпкерлері – Тәуке, Әбілқайыр, Бөгенбай, Тевкелев немесе бірдің емес бүкіл елдің атынан сөйлеген билер: Қазыбек, Төле, Әйтеке. Бұдан басқа кейіпкерлер ойдан шығарылған адамдар емес, өмірде, тарихта болған, қоғам өмірінде өшпес із қалдырған тұлғалар, қайраткерлер. Бұл шығарманың басқа шығармалардан ерекше айырмашылығы мен артықшылығы – ол түгелдей өмірде болған оқиға желісінде жазылғандығы. Сондықтан да бұл шығарма шын мәнісінде тарих шежіресінде құрылған тарих жанрына жататын туынды [5].

Сондықтан «Үркер» мен «Елең-алаң» - Әбіш Кекілбаевтың ғана емес, қазақ романының табысы болып саналады. Ә.Кекілбаевтың қазақ тарихына қатысты зерттеулерінде ерекше орын алатын тарихи тұлғалардың бірі- Әйтеке би. Жалпы қазақ еліндегі билер институтының тарихын соңғы екі ғасырда көптеген ғалымдар зерттеді. Солардың ішіндегі ең ірілерін айтсақ, XIX ғасырда Ш.Уәлиханов, XX ғасырда С.Зиманов болатын.

Ал Ә.Кекілбаев Әйтеке биге қатысты барлық деректі жан-жақты зерттеген. «Жеті жарғыны» жасақтаған әйгілі үш бидің тарихтағы орнының аса үлкен екенін айта келіп, Әйтеке би туралы: «Алаш ішінде Алшыннан, Алшын ішінде Әлімнен, Әлім ішінде Төртқарадан, Төртқараның Қарашы, Қараштың Сейітқұлы». Сейітқұл болғанда, кәдімгі Әз-Тәукенің төртінші атасы, атакты Қасым хан өлген соң біраз уақыт билігін қолына алған Шығай Жәдікұлы 1581 жылы ұлысымен Сырдарияның сағасындағы қонысын тастап, Самарқанның теріскейіндегі Нұрата тауына көшкенде, қасына төртқара Сейітқұл дегенді ерте кетпейтін бе еді, сол Сейітқұлдың дәл өзі. Сейітқұлдың сегіз баласының аты жер жарған.

Ең атактысы Жалаңтөс, сол кезде бар болғаны бес жаста екен. Сол Жалаңтөс Нұратада жүріп, Бұхар мен Тамды маңындағы қазақ ұлыстарын билеп, Ақназар ұлы Дінмұхамедтің көзіне түседі. Ол – кәдімгі Хафиз -Таныштың «Абдулла-нәмесіндегі» Дінмұхамед Қасым өлгесін шырқы бұзылған қазақ хандығының еңсесін тіктеп берген әкесі Ақназардың саясатын одан әрі жалғастырып, Абдолла әулетінен өрбитін билеушілермен батыл тайталасқа шығып, Орта Азияның кейбір шаһар мемлекеттерінің тізгінін өз қолына ала білген қазақ ханы Жалаңтөс те Дінмұхамедтің сол күресі үстінде көзге түссе керек», - деп оның туып-өскен ортасы мен айналасындағы тарихи тұлғалар туралы нақты мәліметтер береді.

«Абылай хан» атты пьеса жазуға қаламгердің баруы бойына сіңген, ойын билеген осы іске Әбіштің тәуекел етуі болды деп топшылаймын. Әбіш Кекілбаев тәуелсіз Қазақстанның ірі қоғам, мемлекет қайраткерлерінің алдыңғы легінде белсенді қызмет істеп, біраз шыңдалды. Ол тәуелсіздік алған кезде Президент Н.Ә.Назарбаевтың сенімді серіктері қатарында болып, жауапты қызметтер атқарды, тәуелсіздіктің басты идеологы ретінде оны баянды етуге үлес қосты.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев: «Әбекең – әлемдік өркениетке ортақ қазынасына олжа салған суреткер. Көркем ойдың, көркем әдебиеттің көсемсөзге жол берген тұсында ол ел-жұртына үлгі беретін үрдіске қол артып, уақыт мінбесіне көтерілді. Ағынан жарылды, адалынан сөйледі. Әлі де қоғам мен қауымды толғандырған келелі мәселелерге кең толғар пайым қажет болғанда, қаламына қайраткер сөз

ұштап, шынайы пікірі мен шырайлы бәтуасын жайып салады. Жұртының мүддесі үшін жазары таусылмаған жазушы болу да бір бақыт қой. Шіркін-ай осындай қазақ көбірек болса екен деп тілеймін» [5].

ӘДЕБИЕТТЕР

1. <https://massaget.kz/> Әбіш Кекілбаев өмірі мен шығармашылығы туралы//
2. <https://articlekz.com/> Әбіш Кекілбайұлының тарихи-рухани тақырыпты көтерудегі көркемдік күдірет/ Амангелдиева Г.С.
3. <https://articlekz.com/> Әбіш Кекілбайұлының тарихи-рухани тақырыпты көтерудегі көркемдік күдірет/ Амангелдиева Г.С.
4. <https://e-history.kz/> Әбіш Кекілбаев шығармаларындағы тарихи тұлғалар// Самат Өтениязов
5. <https://ust.kz/> Ә. Кекілбаев шығармаларындағы тарихи тұлғалар бейнесі//

ӘОЖ 908 (075.8)

Ә.КЕКІЛБАЕВ ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ КӨРКЕМДІК ҚҰРЫЛЫМЫНДАҒЫ ФОЛЬКЛОРЛЫҚ-ЭТНОГРАФИЯЛЫҚ КОМПОНЕНТ

Бекешов С.С.

Ш.Есенов атында Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті

Аңдатпа. Әбіш Кекілбаев - ХХ ғасырдың екінші жартысындағы қазақ әдебиетінің көрнекті өкілі. Оның прозалық шығармалары шығармашылық қызығушылықтары мен ой-пікірлерінің негізгі шеңберін айқындады және оның қиялға, философияға, психологизмге бейімділігін ашты. Бала кезінен бастап жазушы фольклорды жақсы біліп қана қоймай, оны бойына сіңірді. Оның көркем талғамы аңыздар, дәстүрлер, астарлы әңгімелер мен балладаларды қалыптастырды деп айтуға болады, сондықтан Әбіш Кекілбаев қазақ халқының тарихы мен халық шығармашылығына жиі назар аударғандығы мақалаға арқау болды.

Түйінді сөздер: философия, психологизм, этнографизм, акценттер, интонация.

Әбіш Кекілбаев - ХХ ғасырдың екінші жартысындағы қазақ әдебиетінің көрнекті өкілі. Оның прозалық шығармалары шығармашылық қызығушылықтары мен ой-пікірлерінің негізгі шеңберін айқындады және оның қиялға, философияға, психологизмге бейімділігін ашты. Бала кезінен бастап жазушы фольклорды жақсы біліп қана қоймай, оны бойына сіңірді. Оның көркем талғамы аңыздар, дәстүрлер, астарлы әңгімелер мен балладаларды қалыптастырды деп айтуға болады, сондықтан Әбіш Кекілбаев қазақ халқының тарихы мен халық шығармашылығына жиі назар аударды.

Ә. Кекілбаевтың шығармашылық жолының басы көптеген қазақ әдебиетшілерін өз халқының өткеніне, өзінің белгісіз тарихына мұқият және өткір көңіл бөлу кезеңімен тұспа-тұс келді.

Жазушы мүлдем басқа жолмен жүрді. «Ұмытылған жылдар балладасы», «Хатынгол балладасы», «Кұдық» повестерінде ол ежелгі аңыздар, ертегілер мен астарлы әңгімелерді шебер ұйымдастыра отырып, жарқын және қатал өткеннің адамгершілік келбетін қалыптастырып қана қоймай, қазіргі заманның жаһандық проблемаларына да назар аударады.

Адамзаттың жалпыға ортақ мәселелерін көтеріп, фольклорлық мотивтер мен сюжеттерді кеңінен қолдана отырып, А.Кекілбаев кейіпкерлердің рухани әлемінің тереңдігін ашады. Оның көптеген шығармаларының оқиғалары, сюжеттері халық көрінісінде

фольклордан белгілі, бірақ стильдік және мазмұнды акценттер, интонациялар жазушы әлемінің жеке көзқарасынан айқын көрінеді [1].

Этнографизм өзінде әр дәуірдегі халықтың рухани және материалдық мұрасын сақтайды. Олар халықтың қоғамдық өмірін, ұлттық тарихын немесе мәдениетін сипаттайды, сондай-ақ мәдени-рухани байлықтың қайнар көзі болып табылады. Осылайша, «баллада» өлімнің себебі болғандықтан, повесть беттерінде жерлеу, жерлеу, салт-жоралғылар мен табынулар жасау, мінажат ету, дұға оқу, құрбандық шалу және т.б. сияқты көптеген ескертулер кездеседі. Оларды мәтінге енгізіп, жазушы қазақ пен түрікмен дәстүрі арасындағы айырмашылықты атап көрсетеді.

Қазақта аза тұту кезінде, ауылда мазасыздық орнайды. Біреу келеді, біреу кетеді, өлгендерді жоқтайды. Қазақтардағы жерлеу рәсімі өлген күні емес, бір тәуліктен кейін емес, екі күн өткен соң да орындалады: өлгендерге «соңғы рет» үйден «көшіруге» мүмкіндік береді, ал алыс жерлерден туғандар мен туыстарына, қайтыс болған адаммен қоштасып, соңғы құрмет көрсетуге мүмкіндік береді. [2]. Ал тұтқын - қазақтың түрікмен ауылында байқайтыны «мұнда тыныш, бірақ көңілсіз. Мұнда олар мәйітті жерге беруге асығады. Мұндай әдет-ғұрып айқын: күн батқанға дейін жерлеу, ең болмағанда түн ортасына дейін мәйітті қараусыз қалдыру - үлкен күнә.

Орта Азияның басқа халықтары сияқты, қазақтар да, түркімендер де жерлеу рәсімдері мен еске алу шараларына, қайтыс болған адамның руласы тікелей қатысады.

Адамның қайтыс болғаны туралы білгеннен кейін ауылдың құрметті қарттары марқұмның үйіне барып, жерлеуді ұйымдастыра бастайды.

Бұл әдет-ғұрып А. Кекілбаевтың әңгімесінде де көрініс табады.

Осылайша, қарастырылған фольклорлық бейнелер мен этнографизмдер мысалында фольклорлық-этнографиялық компонент Ә. Кекілбаевтың повестері эстетикалық арсеналының ажырамас бөлігі болып табылатындығын айтуға болады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Традиционная культура жизнеобеспечения казахов. Очерк теории и истории. Алимбай Н., Муканов М.С., Аргынбаев Х. Алматы:1998.
2. Описание Средней Орды киргиз-кайсаков. Андреев И.Г. Алматы: Ғылым, 1998.

ББК 65 (2) 30-5

ҚОҒАМДЫҚ САНАНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫНДА ҚАЗАҚСТАН ГЕОГРАФИЯ ҒЫЛЫМЫНЫҢ РӨЛІ

Демеев А.Д.

Ш.Есенов атында Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті

Аңдатпа. Мақалада Қазақстан Ғылымдар Академиясының География институтының негізгі зерттеу бағыттары, елімізде және өңірде қоғамдық сананың қалыптасуында, сондай-ақ география ғылымының аймақта одан ары дамуында географ ғалымдар мен экономистердің, қоғам қайраткерлері мен саясаткерлердің еңбектері маңызды рөл атқаратындығы, осы бағытта үлкен еңбек сіңірген ақын-жазушылар шығармаларынан жазушы жерлесіміз Ә. Кекілбаевтың «Үркер», «Плеяды - созвездие надежды», «Аңыздың ақыры» және т.б. еңбектері баяндалады.

Түйінді сөздер: академия,ресурс,гидрология,гляциология, геокриология. Геоморфология.

Қазақстан географиясын ғылыми зерттеу XVIII ғасырда Ресей империясының құрамына кіру процесі басталған уақыттан басталды.

Қазақстанда кешенді Географиялық зерттеулер 1938 жылы КСРО Ғылым Академиясының шешімімен дербес құрылым ретінде құрылған ғылым академиясының Қазақ филиалы жанындағы география Секторында жүргізіле бастады.

1983 жылы Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің Қаулысымен Сектор Қазақ КСР Ғылым академиясының құрамында География институты болып қайта құрылды [1]. Қазіргі уақытта География институты - Қазақстандағы географиялық бейіндегі көне зерттеу орталықтарының бірі және Орталық Азия аймағында осы бағыттағы жалғыз институт.

География - қоғамдық-гуманитарлық (экономикалық, әлеуметтік, саяси география, халық географиясы, еңбек ресурстары мен туризм, демография және т.б. мәселелер) және табиғи (климаттың өзгеруі, жер үсті суларының гидрологиясы мен ресурстары, гляциология және геокриология, геоморфология, ландшафттану, геоэкология мәселелері), олардың өзара іс-қимылында экологиялық негізделген табиғат пайдалану мен салалық, ұлттық және аймақтық деңгейлердегі орнықты дамудың негізі ретінде құрайтын жалғыз ғылыми пән.

География техникалық ғылымдар санатына жатпайды, сондықтан ол техникалық жобаларды, техникалық регламенттерді әзірлеумен, техникалық құрылғыларды құрумен айналыспайды. Демек, География институтының зерттеулері әлемдегі ұқсас бейіндегі ғылыми мекемелердегі сияқты, анықтау бойынша технологияларды, техникалық регламенттерді және нақты техникалық проблемаларды әзірлеумен байланысты емес.

Тәуелсіздік жағдайында институттың зерттеулері жаңа серпін алды, өйткені географиялық ғылым, бүкіл әлемдегі сияқты Қазақстанда сұранысқа ие болды. Бұл климаттың өзгеруі және азық-түлік қауіпсіздігі, тұщы судың жетіспеушілігі, мұздықтардың тозуы, табиғи қауіптердің жандануы (су тасқыны, сел және метеорологиялық тәуекелдер кешені.) және т. б.

Институттың аталған зерттеу бағыттары стратегиялық дәрежеге жатады және төрт негізгі блоктарға біріктірілген:

- Климаттың және шаруашылық қызметтің өзгеруін ескере отырып, Қазақстан Республикасының жер үсті суларының ресурстары мен режимін бағалау және болжау, орнықты дамудың негізі ретінде Қазақстан Республикасының су қауіпсіздігін қамтамасыз етудің географиялық негіздерін әзірлеу.

- Қауіпті табиғи құбылыстардың, табиғи апаттардың және қоршаған ортадағы экологиялық қауіпті өзгерістердің әлеуметтік-экономикалық салдарларын бағалаумен олардың пайда болу және таралу заңдылықтарын анықтау.

- Республиканың табиғи ресурстық әлеуетін бағалау, табиғатты ұтымды пайдалану, қоршаған ортаны қорғау, экологиялық тұрақсыз табиғи-экономикалық жүйелерді қалпына келтіру жөніндегі ұлттық және аймақтық бағдарламалардың ақпараттық-аналитикалық базасын дамыту.

- Заманауи географиялық ақпараттық технологияларды қолдана отырып, ұлттық, аймақтық және салалық деңгейлердегі географиялық жүйелерді атластық картаға түсіру.

Сонымен қатар, бірқатар жобалар жүзеге асырылуда, олардың әкімшілері - ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігі, Маңғыстау облыстық әкімдігі болып табылады.

География институты шетелдік серіктестермен бірге бірқатар халықаралық жобаларды іске асыруға белсенді қатысады, соның ішінде Ньютон-аль-Фараби Бағдарламасы бойынша Абериствис университетімен «Табиғи және антропогендік факторлардың әсерінен климаттың тез өзгеруі жағдайында Оңтүстік Қазақстанда су ресурстарын басқару жүйесін дамыту туралы» жобасы бойынша (09/21/2015 12.12.2015) және «Қазақстандағы климаттың өзгеруі, су және азық-түлік қауіпсіздігі» (07.21.2015-31.12.2016), Реддинг қаласы (Ұлыбритания), Колорадо университетінің (АҚШ) Басқарма мүшелерімен «Биік таулық Азия гидрологиясындағы мұздықтар мен маусымдық қар жамылғысының рөлін бағалау» жобасы бойынша (2013-2016), ЮНЕСКО-мен «Жер асты сулары - Приташкен трансшекаралық сулы горизонтты» жобасының әлеуметтік-экономикалық аспектілері туралы.

География институты - қызметі Қазақстан үшін ғана емес, сонымен қатар Орталық Азия аймағы елдері үшін де өзекті стратегиялық маңызды міндеттерді шешуге бағытталған,

табысты ғылыми ұйым. Оның зерттеу нәтижелерінің қажеттілігі болашақта да арта түседі [2].

Елімізде және өңірде қоғамдық сананың қалыптасуында, сондай-ақ география ғылымының аймақта одан ары дамуында географ ғалымдар мен экономистердің, қоғам қайраткерлері мен саясаткерлердің еңбектері маңызды рөл атқарады. Осы бағытта үлкен еңбек сіңірген ақын-жазушылар шығармаларынан жазушы жерлесіміз Ә. Кекілбаевтың «Үркер», «Плеяды - созвездие надежды», «Аңыздың ақыры» және т.б. еңбектерін атап көрсетуге болады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Жаһандану жағдайындағы азақ-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету жолдары мен дамыту бағыттары. А.Д.Демеев. Алматы 2007

2. Шөл-ауыл шаруашылығы-азық-түлік қауіпсіздігі. А.Д.Демеев. Алматы, 2008.

ӘОЖ 82.09

«ӘКЕ» ПОЭМАСЫНДАҒЫ Ә.КЕКІЛБАЙҰЛЫНЫҢ ЕСЕЮ, ҚАЛЫПТАСУ КЕЗЕҢДЕРІ

Жайлауов Б.С.

педагогика ғылымдарының магистрі, PhD докторант,
Yessenov University ғылыми қызметкері

Аңдатпа. Мақалада Ә.Кекілбаевтың көркем шығармашылығының алғашқы кездері сөз болады. Әбіш ағаның алғаш жазған өлеңдері мен мақалалары назарға алынған. Шығармаларындағы авторлық баяндау мен толғаныстардағы көркем пайымдау арналары талданады. Әбіш Кекілбайұлының балалықтан даналыққа басқан соқпақты сүрлеуінің даңғылға айналуы баяндалады.

Түйінді сөздер: Ә.Кекілбаев, әдебиеттегі алғашқы қадамдары, көркем шығармашылық, ақындық, даралық, даналық.

Қазақстанның халық жазушысы, мемлекет және қоғам қайраткері, Еңбек Ері Әбіш Кекілбайұлы феноменін зерттегенде, оның балалық, бозбалалық, жастық шағына да айрықша назар аудару керек. Ә.Хемингуэйдің ұлы жазушы болуды талантпен қоса бақытсыз балалық шақпен де байланыстыратынына бір мысал ретінде Ә.Кекілбаев өмірбаянының қалыптасу кезеңіндегі қиын тағдырын айтуға болады. Қаламгердің кемел ойлы кемеңгер кезін ғана көрген қоғам үшін оның өткен өмірі қызығушылық тудырады сөзсіз. Алайда ақылман, абыз адамның өмір белестері, өсу кезеңдері жеткілікті дәрежеде зерттелмегендіктен, тұлғасы толық танылмай келеді. Осы олқылықтың орнын толтыру – бізге міндет болмақ.



Ол үшін бала Әбіштің алғаш жазған өлеңдері мен мақалаларын оқу керек. Ондағы оқушының озық ойларынан ерте есею процесін анық аңғарасыз. Мектеп қабырғасында жүріп-ақ оның ақыл жасы әлдеқайда ересек, естияр ұлдарға тән болғанын ұстаздары да, қатар-құрбылары мен достары да тамсана естелік қып айтады. Өлеңдерін оқысаңыз, оған өзіңіздің де көзіңіз жетер еді. Жас ақынның апыл-тапыл қадамы, алғашқы шығармалары туралы зерттеушілер әр жылдары жалпылама пікір білдіріп жүр. Ал біз бұл жолы бір ғана шығармасы – әкесіне арнауы арқылы жанына үніліп, болмысын таныта түскіміз келеді.

Әбіштің әкесі Кекілбай Қоқымұлы екінші дүниежүзілік соғыста ерлікпен қаза тапқаны белгілі. Әдебиеттанушы ғалым, жазушы Хасен Әдібаев «Лениншіл жас» газетінде «Биік мұрат» атты мақаласын жарияларда [1, 3] алдын ала кейіпкеріне бірнеше сауалдар жолдаған. Оған 02.04.1977 күні жауап ретінде жазған автопортретінде Әбекең: «Әкем Сталинград шайқасында қаза тапты. Оны ақырғы рет 1943 жылы 19 ноябрьде кешкі елең-алаңда барлауға аттанғалы жатқанында көрген ауылдас досы, құрдасы Құлбасов Қайыр әлі тірі...» – дейді [2, 53]. Ол кісі дүниеден өткенде, «Қайыр Құлбасовқа – әкемнің мен көрген ең соңғы құрдасына» деп арнаған «Нағашы» атты өлеңі де бар [3, 86].

1995 жылы журналист Жанболат Аупбаевпен көлемді сұхбат-диалогында да: «Әкем домбырашы, атқұмар, сауықшыл кісі болыпты. Сталинград түбінде қаза тауыпты...» – деген бір-ақ ауыз дерек берген [4, 172].

Мұны анасынан естігені сөзсіз. Әдебиет сыншысы, журналист Әлия Бөпежанова Айсәуле әжемізден алған сұхбатында: «Отағасымыз сауыққұмар, атқұмар кісі екен. Шаруаға құлықсыз екен... Сталинград түбіндегі майданда бірге болған жақын нағашысы жарақат алып елге оралған. «Ұрыста бірге жарақаттандық, Кекілбайды санитарлар алып кетті» деп келген. Үш айдан соң кеңсеге қара қағазы келіпті. Бірақ ауылдас ағайындар бізді аяп, тұсында естіртпей, араға жылдар салып барып естіртті... Отағасымыздың қазасын естігенде Әбішім қаршадай еді...» – дейді [5, 12].



Бала кезінде әбден күдері үзілгенше күткен Әбіш ержеткен соң әкесі жатқан жерді өмір бойы іздейді. Өз қолымен бір уыс топырақ салып, зиярат етіп, басында бет сыйпауды арман қылады. Осы мақсатта жауынгер әке ізін ылғи Сталинград маңынан іздей берген... Әскери архивтерге аты-жөні бойынша сұрау салумен болған... Есінде елесі, ел аузында естелігі ғана қалған әкесі туралы басқа жазба деректер болмағандықтан, ақынның жырларына жүгінеміз.

Әбіш ақын «Әке» атты лирикалық поэмасында қиялындағы әке бейнесіне балалық сағынышын, аңсар-арманын, өмір белестерін элегиялық сарында жүректі елжірете отырып жыр қылады [3, 24].

Уа, Мезгіл! Талай-талай жазың келді,
Қыр дөңін сан қайтара сағым көмді.
Кекілім қайырылды шалқасынан,
Менің де жігіт деген шағым келді.

Қақпасын балалықтың бұзып кіріп,
Барасың, о, жігіттік, қызықтырып.
Барлығын сүю деген кереметтің
Кетеді күлкісімен қыз ұқтырып... –

деп басталған жалынды, жігерлі жолдарды оқығанда, көңіліңіз өсіп, сүйсініп, лирикалық қаһарман тұлғасына бір сәт қызыға қарайсыз. Бірақ осыдан кейін-ақ өткен күндерге, өксікті өмірге ойша шегініс жасалғанда, әлгі көтеріңкі көңіл су сепкендей басылады.

Жігітпін, дербес атқа мінем мен де,
Жасаттым жабу, тоқым, жүгенді де.
Білмеймін әлі күнге қалай етіп
Таралғы тағатынын үзеңгіге.

Әуре боп күні бойы күбінемін,
Жөн сұрап енді кімге жүгінемін?
Әкем жоқ ақыл айтар, жөн көрсетер,
Амалсыз көрші шалға жүгіремін.

Амалсыз әркімге бір жүгіремін,
Амалсыз әркімге бір жүгінемін.
Қайтейін қайран әкем қасымда жоқ,
Амалсыз өткен күнге үңілемін.



Халық аузында «Әке көрген – оқ жонар, ана көрген – тон пішер» деген мақалға айналған тұжырым бар. Тура мағынасында тұрмыстық еңбекке бейімділік туралы болғанымен, тәрбие тұрғысынан мінез-құлықтың қалыптасуына әсер-ықпалымен де байланыстыруға болады. Рас, әкесіз өскен ұл мен анасыз өскен қыз шаруаға қырсыз, еңбекке епсіз, іске икемсіз болуы мүмкін. Сондай-ақ әке тәрбиесін көрмей өскен ұлдың мінезінде көп жағдайда еркелік, тентектік, асаулық, жігер жетіспеуі де өмір тәжірибесінде байқалады. Ондайлар бұла емес, бұйығы, жасық болмаса да жасқаншақ, жуас та жұмсақ болып келеді. Бірақ қас-қабаққа қарап өскен момын мінезін ынжықтыққа балауға болмас. Қиын тағдырға мойынсұнған адам көңілі үшін көнбістік – қалыпты қылық. Оны осы шығарманың өн бойынан сезінеміз.

Үңілсем қайран жүрек сызды өбеді,
Жанымның жарқ етпейді іздегені.
Көзіме күлімдеген көктем емес,
Салпы етек, салыңқы иін күз келеді.

Жарқын жаз талақ етіп атырапты,
Кетіпті жел қуалап жапырақты.
Күлмейді күміс бұлақ бұйығыңды,
Күндегі мінезі жоқ жасып ақты.

Басында қыраны жоқ күз қалыпты,
Қасында құмары жоқ қыз қалыпты.
Алқаптың балбыраған шалғыны жоқ,
Орнында көк сүмелек мұз қалыпты.

Күн сайын өңір өңі сұйылады,
Сұр тұман жер бетіне жиылады.
Жынды жел туырлығын жұлқып тартып,
Ондыда біздің ауыл бұйығады.

Бұл жерде көңіл күйін табиғатпен қатар сипаттап, психологиялық параллелизм арқылы бейнелеп отырған Оңды ауылы – талай тарихтың куәсі, Маңғыстау облысы, Маңғыстау ауданындағы Әбіштің туып-өскен жері, атажұрты.

Ондыда біздің ауыл бұйығады,
Өңінен күлкі реңі сұйылады.
Кешқұрым бүлк-бүлк етіп қазан қайнап,
Ошаққа бала-шаға жиылады.

Жиырып ала шұбар алашаны,
Жиылып бала-шаға бал ашады.
«Келеді көкем, сақа алшы түсті!»
Көп бала көк сақаға таласады.

Солармен мен де бірге таласамын,
Солармен мен де бірге бал ашамын.
Қуанам, алшы түссе, «Келеді!» – деп,
Үстінде тайраң салып алашаның.

Ол кездегі барлық үйдің, барлық баланың арманы ортақ, тілегі бір. Тіпті бала ойындарының өзі ізгі сенім-нанымға, жақсылықты ырымдауға құрылған. Арманшыл балалардың бар қалауы – соғысқа кеткен әкелерінің аман-есен елге оралуы ғана. Мұндай жағдайда алдамшы сезім, бір сәттік иланымның өзі үлкен үміт сыйлайды. «Кебін киген келмейді, кебенек киген келеді» деген мақал да осындай жағдайға байланысты туған.

Үйімде көкем барда күмбірлеген,
Домбыра үндемейді кімді іздеген?
Көкемнің шапаны тұр керегеге,
Өзінен өзге жұртқа кигізбеген.

Көкемнің бармағынан бал саулады,
Осы ауыл талай тыңдап тауыса алмады.
Көп болды сол көкемді көрмегелі,
Күйіне біздің ауыл тамсанғалы.

Соқтырған қыр өкпегін, таң самалын
Мен де іздеп ерке күйді тамсанамын.
Қаңсыған домбыра да сездіріпті,
Бал бармақ күйші иесін аңсағанын.

Сарғайған сағынышпен жылдар да өтті,
Төсінен қара жердің мұз, қар кетті.
Үй-үйдің босағасын безеп алған
Көп қыстан ірге тепкен ызғар кепті.

Көп үйде қайта бақыт күлімдеді,
Көп әке бүлдіршіндей ұлын көрді.
Көп төрге ілінсе де сұр шинельдер,
Тек қана біздің төрге ілінбеді.

Көп болды көп үйде той күбінгелі,
Көп үйге шүйіншісі жүгіргелі.
Өзге үйді күлімдеткен жомарт бақыт
Тек қана біздің төрге үңілмеді.

Біржола қылғынды ма күй тамағы,
Бұл үйде енді қай жан күй шалады?
Қаңсыған қара домбыра қала берді,
Мені ешкім маңдайымнан сипамады.

Жетсе де жеңіс күні, қыз қуанып,
Кетсе де қайғы мұзы жылжып ағып
Өзге үйде тойдың әні шарықтаса,
Булығып қайғы уына біз жыладық.



Жесір ана мен жетім бала жағдайы аянышты халде суреттеледі. Анасының отағасымен, ұл-қыздарының әкесімен тым болмаса бақұлдаса да алмауы жандарына батады. Әкесінің тұтынған бұйымы мен киген киіміне дейін көзінде сақтап, оралуына себепші қылғысы келеді.

О, мезгіл, бұрынғыдай аға бердің,
Жан көкем, сен де алыста қала бердің.
Мекендеп көкірегің жалғызыңның,
Мекендеп көкірегің қара жердің.

Жатырсың қай жерінде қара жердің?
Білмеймін, молаңа іздеп барар едім.
Жасырды жанарыңды қай топырақ?
Шіркін-ай, шарлай-шарлай табар ма едім?!

Бастың сен ақырғы рет қай араны?
Жұттың сен ақырғы рет қай ауаны?
Қай көкке көзің түсті ақырғы рет?
Қай жердің желі сонда аялады?

Қай жерде өлім сенен өшін алды?
Қай жерде өміріңнің көші қалды?
Кекілі желпілдеген жалғызыңды
Қай жерде ақырғы рет есіңе алдың?

Өкініштісі – өзегін өртеп, жанын жегідей жеген осы сұрақтардың жауабын перзент Әбіштің өмір бойы таба алмастан кетуі. Жұбанышымыз – кеш те болса, ол дерекке біздің қолымыздың жеткені. Бұл жазбамыздың ең басты жаңалығы да – осы болмақ. Ары қарай ақынды оқысақ:

Жетпейді туған жердің желі де оған,
Жетпейді өз қырыңның селі де оған.
Төкпейді мөлдір жасын бұршақтатып,
Сен өскен сахараның көгі де оған.

Белгісіз қабіріңе қиырдағы
Қырыңның қызғалдағы бұйырмады.
Қайғыдан тамшылаған ыстық жасым
Жамылған топырағыңа құйылмады.

Белгісіз қабырыңа қиырдағы
Тілеулес дос-жараның жиылмады.
Жыл сайын құшақ-құшақ гүл терсем де,
Өзіңе бірі де оның бұйырмады... –
деп шарасыздықтан шағымданады, балалық بازیнасын білдіріп назырқанады. Қамыққан көңіл, жабыққан жан жазмышты жазғырып, өлеңімен өлімнен өш алғандай болады. Артынша әке үміті, ана арманы, өмірге құштарлығы жарқын болашаққа құлшындырады, зор сенімі келешекке ұмтылдырады.

Мен де өстім, мектеп бардым, жыр жаттадым,
Жақсы әннің қағып алдым ырғақтарын.
Зерек деп ауыл-аймақ болды риза,
Сен оны естімедің, тіл қатпадың.

Бейнелеп туған жердің кешкі көгін,
Қытықтап сұлулардың ет жүрегін
Жыр жаздым, риза боп қалыпты жұрт,
Сен оны оқымадың, естімедің.

Артыңда жайраңдаған бар ұланың,
Аясын сая бақтың жамыламын.
Жігіт боп, мен де бүгін шаттығымның
Шалқыған сәулесіне малынамын... –
деп енді бір сәт әке рухымен сырласып, жаңалықтарын айтып, жетістіктерімен бөліседі.



Біздің бағалауымызша, Әбіш вундеркинд болған. Оның жан-жақты білімі тобынан даралап, қатарынан озық қылған. Сүйенер тірегі, сенер қолдаушысы жоқ баланың оқу-тоқудан, өзін-өзі қамшылаудан, қабырғасы қатып, бұғанасы бекімей жатып тіршіліктің бар ауыртпалығын көтере білуге бейім болудан басқа амалы да жоқ. Әсіресе, Әбіштің сөз өнеріне құштарлығы ерте жастан байқалған. Жетім жүрегінен жарып шыққан ойлары өлеңге айналып, ақындық қасиеті барын біліп, әдебиетке әуестігі оянады. Тегінен талантты, табиғатынан талапты, асқан аңғарымпаз, байқағыш баланың қабілет-қарымы өскен сайын артып, таным көкжиегі кеңейе береді. Студенттік жылдарында-ақ кәсіби қаламгерге айналып, түрлі жанрларда өзін сынап көреді. Оған да мысал ретінде бірнеше мақала жазуға болады. Әзірге «Әкеге» қайта оралайық:

Жарылғап бұл дүние тілегімді,
Толтырды шаттық күлкі реңімді.
Садақ қас, найза кірпік қазақ қызы
Менің де лүпілдетті жүрегімді.

Әкенің мейіріне шөлдепті о да,
Қыр гүлін қабіріне термепті о да.
Туыпты әкесі алыс жүрген шақта,
Ғұмыры оның жүзін көрмепті о да.

Рас, жазушының жұбайы Клара Қалекенқызы да сондай өмір көрген бойжеткен екен. Жетімдікті бала жасынан басынан өткізген тағдырластар бір-бірінің тауқыметін түсінеді, болмысымен сезінеді.



Бірімін мен өзім де сол түлектің,
Жастықтың шалқарында толқын өптім.
Қызықтар қызығым көп бұл өмірде,
Жалғыз-ақ өзіңді аңсап толқып өттім.

Өтсе де елендетіп көп ай тағы,
Өзіңді енді келмес деп айтады.
Өзге жұрт біздің үйдің иесі деп,
Бүгінде өзіңді емес мені айтады.

Бұл – ендігі бар үмітінің үзіліп, торыққандағы толғанысы. «Жетім қозы – тасбауыр, түңілер да отығар» деген қазақ мұндайда тағы «Өлгеннің артынан өлмек жоқ», «Тірі адам тіршілігін істейді» деп жұбататыны бар. Анасының қаралы хабарды естіген күннен белін бекем буып, жалғыз өзі төрт баласын қанаттыға қақтырмай, тұмсықтыға шоқтырмай мәпелеп өсіріп, қатарға қосуы – азаматқа бергісіз ерлік. Ай-Ана туралы әр жылдары жазылған әдебиеттер жеткілікті болғандықтан, кеңірек сөз етуді мақсат қылмадық.

Деуші едің ылғи мені – құлыншағым,
Қайтейін, бәрі соның бүгін сағым.
Сен жоқта құлының да әке болып,
Сипамақ құлыныңың тұлымшағын.

Ортайтқан өліміңді кенеремді,
Қосамын жүрек күйі мен өлеңге.
Тілегім – баяғы қыс қайта қақап,
Жазбасын жоқтау дастан немерең де! –

деген тілекпен аяқтайды. Орнында бардың оналып, жетім ұлдың жетілген кезіндегі жүрекжарды жыры оқырманның да көңілін басып, жанын тыныштандырады. Тек бір ғана «әттеген-ай» – туған жерінен топырақ бұйырмай, жат жерде бақилық болған боздақтың өкініші жары мен ұлының ішінде кетті...



Тарихи құжаттардың цифрландырылып, интернет сайттарында жариялануы арқылы Әбекеннің іздеген жоғы Ресей Федерациясы Қорғаныс министрлігінің орталық архивінен табылды. Онда Қоқымұлы Кекілбайдың аты-жөні «Кохонов Кокильбай» деп жазылған екен. Ол 1906 жылы туған. 1942 жылы майданға алынып, 492-атқыштар полкінің 199-атқыштар дивизиясында соғысқан. Сталинград шайқасынан аман шыққаннан кейін Смоленск стратегиялық шабуыл операциясына (07.08 – 02.10.1943) жіберілгенін анықтадық. 1943 жылғы 3 қыркүйек күні Смоленск облысы, Глинковский ауданы, Милеево деревнясының шығыс бетінде болған қиян-кескі шайқаста көптеген қаруластарымен қатар қаза тапқан. Сүйегі бауырластар бейітінде жиырма бір солдатпен бірге жерленген. Анықтамалықтағы «Ата-анасының немесе әйелінің аты-жөні» деген бағанда «Әйелі – Кохонова Айса» деп жазылған [6]. Смоленск облысының Ельня қаласындағы обелиск – данқ ескерткішіндегі тізімде де аты-жөні жазылған.

1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11
26	Понкратов				1916. Дарханов өзі. Иустовна. Мессе. Моголи. Моголи. р.н.	Моголиевский өзі. Дарханов өзі.	Жыл 3-09-43.	Смоленск өзі. Дарханов өзі. Моголиевский өзі.	Әйелі Кохонова Айса	Дарханов өзі. Моголиевский өзі. Моголиевский өзі.
27	Б.У.З.Б.М.И.Н.				1916. Дарханов өзі. Сопел.	Сопеловский өзі.	Жыл 3-09-43.	Смоленск өзі. Дарханов өзі.	Әйелі Кохонова Айса	Дарханов өзі. Моголиевский өзі. Моголиевский өзі.
28	Неспегов				1913. Дарханов өзі. Моголиевский өзі. Моголиевский өзі.	Моголиевский өзі.	Жыл 3-09-43.	Смоленск өзі. Дарханов өзі.	Әйелі Кохонова Айса	Дарханов өзі. Моголиевский өзі. Моголиевский өзі.
29	Кохонов				1906. Моголиевский өзі. Моголиевский өзі. Моголиевский өзі.	Моголиевский өзі.	Жыл 3-09-43.	Смоленск өзі. Дарханов өзі.	Әйелі Кохонова Айса	Дарханов өзі. Моголиевский өзі. Моголиевский өзі.
30	Зенченко				1916. Моголиевский өзі. Моголиевский өзі. Моголиевский өзі.	Моголиевский өзі.	Жыл 3-09-43.	Смоленск өзі. Дарханов өзі.	Әйелі Кохонова Айса	Дарханов өзі. Моголиевский өзі. Моголиевский өзі.
31	Константинов				1912. Моголиевский өзі. Моголиевский өзі. Моголиевский өзі.	Моголиевский өзі.	Жыл 1-09-43.	Смоленск өзі. Дарханов өзі.	Әйелі Кохонова Айса	Дарханов өзі. Моголиевский өзі. Моголиевский өзі.
32	Цылин Василий				1916. Дарханов өзі. Моголиевский өзі. Моголиевский өзі.	Моголиевский өзі.	Жыл 1-09-43.	Смоленск өзі. Дарханов өзі.	Әйелі Кохонова Айса	Дарханов өзі. Моголиевский өзі. Моголиевский өзі.
33	Курданов				1919. Моголиевский өзі. Моголиевский өзі. Моголиевский өзі.	Моголиевский өзі.	Жыл 3-09-43.	Смоленск өзі. Дарханов өзі.	Әйелі Кохонова Айса	Дарханов өзі. Моголиевский өзі. Моголиевский өзі.
34	Сластанин				1916. Моголиевский өзі. Моголиевский өзі. Моголиевский өзі.	Моголиевский өзі.	Жыл 3-09-43.	Смоленск өзі. Дарханов өзі.	Әйелі Кохонова Айса	Дарханов өзі. Моголиевский өзі. Моголиевский өзі.
35	Ходяков				1905. Моголиевский өзі. Моголиевский өзі. Моголиевский өзі.	Моголиевский өзі.	Жыл 3-09-43.	Смоленск өзі. Дарханов өзі.	Әйелі Кохонова Айса	Дарханов өзі. Моголиевский өзі. Моголиевский өзі.
36	Дурданов				1916. Моголиевский өзі. Моголиевский өзі. Моголиевский өзі.	Моголиевский өзі.	Жыл 3-09-43.	Смоленск өзі. Дарханов өзі.	Әйелі Кохонова Айса	Дарханов өзі. Моголиевский өзі. Моголиевский өзі.
37	Кодяков				1916. Моголиевский өзі. Моголиевский өзі. Моголиевский өзі.	Моголиевский өзі.	Жыл 3-09-43.	Смоленск өзі. Дарханов өзі.	Әйелі Кохонова Айса	Дарханов өзі. Моголиевский өзі. Моголиевский өзі.

Кекілбайдың інісі Мұқыр атамыздың ұлы Әбдірәшит Ниязов пен Әбішұлы Дәулет және немересі Абыл Кекілбаевтар былтыр сол аймаққа арнайы барып, ата рухына тағзым етіп келді.

Ал жеке біз үшін таңқаларлық сәйкестік – сержант Кекілбай Қоқымұлы мен біздің атамыз аға сержант Жайлау Жылдамбайұлы бір майданда, бір полкте болған. Тағы да сол архив құжаттарына үңілсек: «Джилдамбаев Джайлов», 1916 жылы туған. Ол да 492-атқыштар полкінің 256-атқыштар дивизиясында бөлім командирі болған. Соғысқа 1942 жылғы 7 қараша күні алынған. Смоленск облысы аумағында 1943 жылы 8 тамыз күнгі бетпепет, қойын-қолтық шайқаста ерекше ерлік көрсетіп, «За отвагу» медалін алып, III дәрежелі Даңқ орденіне ұсынылады [7].

Сол күні жарақатының ауырлығына қарамастан қарсыласы неміс солдатын найзалап өлтіргені де құжатта баяндалған. Ары қарай өзіміз білетіндей, Барнаул қаласындағы әскери госпитальге жөнелтіліп, жарақатының ауырлығына байланысты 1944 жылғы 8 сәуірге дейін емделіп, I топ мүгедегі ретінде елге қайтарылады. Үйленіп, үй болады, еңбекке араласады. Зайыбы Бұлжетпес Құлбергенқызы бес-алты құрсақ көтеріп, аман қалған үш ұл, бір қызын бірге тәрбиелеп өсіреді. Атамыз 1996 жылы, әжеміз 2005 жылы өмірден озды. Қазір ұрпақтары Маңғыстау облысының Ақтау, Жаңаөзен қалаларында тұрады.

2019 жылғы 3 сәуір күні ҚР Президенті Қ.К. Тоқаев пен РФ Президенті В.В. Путиннің бірлескен мәлімдемесінде: «Қазақстан мен Ресей біздің одақтастық қатынастарымыздың, ең маңызды негізі болып табылатын ортақ тарихымызды, ең алдымен Екінші дүниежүзілік соғыс тарихын бұрмалау, қайта жазу және «қаралау» әрекеттерін құптамайды», – деп келіскен. Ендеше, ол келісімге ортақ тарихымызды бірлесе зерттеу, ата-бабаларымыздың ерлігін ұлықтау, еңбегін ұмытпау, мәңгі есте қалдыру шараларын бірге ұйымдастыру да кірсе керек. Олай болса, осы мәселеге ҚР-ның РФ-дағы төтенше және өкілетті елшісі И.Н. Тасмағамбетовтың назарын аудартқымыз келеді. Ұсынысымыз – 76 жыл бұрын, дәл осы айларда жүргізілген Смоленск операциясы деректерін, ондағы Кекілбай Қоқымовқа қатысты құжаттардың түпнұсқасынан сапалы көшірмелерін алдырып, әскери жауынгерлік жолын жете зерттеп, топырақ бұйырған жерін нақтылап, ескерткіш белгі қою жұмыстарын ұйымдастырсақ, Кекілбай атамыздың да, Айсәуле әжеміздің де, Әбіш ағамыздың да рухтары шат болар еді. Қаламгердің биылғы 80 жылдық мерейтойы қарсаңында Маңғыстау облысында арнайы салынып жатқан «Әбіш әлемі» рухани орталығын осындай деректермен толықтырып, келер жылы Ұлы Жеңістің 75 жылдығына орай Кекілбай Қоқымұлына арналған танымдық іс-шаралар өткізуді де қазірден қолға алуымыз керек.

Міне, Әбіш Кекілбайұлының балалықтан даналыққа басқан соқпақты сүрлеуінің даңғылға айналуына осындай сынаққа толы өмір жолдары да негіз болды деп білеміз.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. «Лениншіл жас» газеті, 22.08.1978.
2. Кекілбайұлы Ә. Он екі томдық шығармалар жинағы. – Алматы: «Өлке» баспасы. – Т. 11. – 1999. – 464 бет.
3. Кекілбайұлы Ә. Он екі томдық шығармалар жинағы. – Алматы: «Өлке» баспасы. – Т. 6. – 1999. – 464 бет.
4. Автограф (Ә.Кекілбаевпен сұхбат). «Жұлдыз» журналы, 01.01.1996.
5. Әбіштің анасы (Ә.Кекілбаевтың анасы Айсәуле әжемен сұхбат). «Қазақ әдебиеті» газеті, 07.03.1995.
6. РФ ҚМОА, 58-қор, 18001-тізім, 721-іс.
7. РФ ҚМОА, 33-қор, 744808-тізім, 940, 106-істер.

ӘБІШ ДРАМАТУРГИЯСЫНЫҢ ҚАЗІРГІ ТЕАТР ӘЛЕМІНДЕГІ ОРНЫ

Жұматова Ж.С.

Ш.Есенов атында Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті

Аңдатпа. Драматургия жанрына да үлкен үлес қосқан қаламгер, әлем әдебиетіндегі классикалық драматургия үлгілерін қазақ тіліне аударумен бірге өзі де осы жанрда төл туындыларын дүниеге әкелген Әбіш Кекілбаевтың қазіргі кезде театрда сахналанып жүрген шығармалары қарастырылған.

Түйінді сөздер: драматургия, театр, «Махаббат мұнарасы», «Абылай хан», «Лир патша»

«Әбіш Кекілбаев – заманымыздың бір заңғар тұлғасы. Кекілбаев туралы сөз айту кімге болса да, оңайға түсе қоймас», - деп Қуаныш Сұлтанов «Кекілбаев кеңістігі» атты мақаласында айтып өткендей, Әбіш жайында сөз қозғау, оның шығармашылығын зерттеу, оған үңілу көп еңбек пен ізденісті талап ететін дүние.[1]

Жазушы 1939 жылы 6 желтоқсан күні Маңғыстау облысы, Маңғыстау ауданы (бұрынғы Гурьев облысы), Оңды ауылының Мырзайыр деген жерінде туған. Арғы атасы Жанайұлы Қожаназар қазақтар көшін Маңғыстауға бастап келген. Белгілі, білікті, беделді, дәулетті адам болған. Тектінің ұрпағы тектілік танытпаса, айыбы, аманатқа қиянат жасағаны. Әбіштің әлемі сол текті бабаның көріп-білген дүниесін балаға аңыз бен ертегі, әңгіме ретінде жеткізгенінен пайда болды. Әбіш әлемі - өзіндік бір пәлсапалық, дүниетанымға толы әлем.

Әбіш Кекілбаев - драматургия жанрына да үлкен үлес қосқан қаламгер. Әлем әдебиетіндегі классикалық драматургия үлгілерін қазақ тіліне аударумен бірге өзі де осы жанрда төл туындыларын дүниеге әкелді. Халық жазушысы Әбіш Кекілбаевтың шығармаларын насихаттауға арналған алғашқы театр фестивалі 2016 жылы желтоқсан айында республикалық деңгейде өтті. Оған ел өңірлерінен – 6 және Ресейден Ноғай театры қатысқан болатын. Облыстық музыкалық драма театрында Әбіш Кекілбаевтің пьесасына жазылған "Абылай хан" қойылымы қалың көрерменге тегін көрсетілді. Сахна әртістері туындыны қазіргі мен өткен заманды ұштастыра отырып сахналаған.

«Әбекең біздің театрмен тығыз байланыста болды. Әбекеңнің тек қана «Абылай хан» шығармасы емес, «Аңыздың ақыры» романындағы соның желісінде біздің театр ұжымы «Махаббат мұнарасы» деген қойылым қойды. Сонымен бірге қызылордалық режиссер Әмір Темірді шақырып, Әбекеңнің «Мәңгүрт» деген бойынша «Адам болып өтейін» деген қойылымын қойды» - дейді Нұрғияз Мұханов - облыстық музыкалық драма театрының директоры.[2] Театр әртістері Әбіш Кекілбаевтың «Абылай хан» қойылымы арқылы тарихымыздың тереңдігін, тіліміздің байлығын тағы да бір дәлелдеді. "Абылай хан" сахналық дастаны - қазақтың кешегісі арқылы бүгінін меңзейтін туынды. Тарихи мәні зор шығарма ғасырлар бойғы халық аңсаған тәуелсіздікті сахналады. Осы спектакльдің режисері - "Тарлан" сыйлығының иегері әрі аталған театрдың көркемдік жетекшісі Гүлсина Мерғалиева. Қойылымда тарихи оқиғаларға жанама түрде қазіргі заман көріністері енгізілген. Естеріңізге сала кетейік, "Абылай хан" қойылымының тұсаукесері, Астанада өткен қазақ хандығының 550 жылдығының торқалы тойында көпшіліктің назарына ұсынылған болатын. Шығарманың авторы, Әбіш Кекілбаев ағамызда сол кезде қойылымды көріп, өзінің жоғары бағасын берген еді. "Әбіш әлемі" фестивалінің 2-ші күні Петропавл қаласынан келген Сәбит Мұқанов атындағы қазақ сазды-драма театры Әбіш Кекілбайұлының "Махаббат мұнарасы" пьесасын ұсынды. Көрсетілім көрерменнің көңілінен шықты. Екінші - Уильям Шекпирдің туындысы "Лир патша" сахналанды. Бұл Әбіш Кекілбаевтың аудармасы. Ашкөздік. Сатқындық. Билікке талас. Бұл "Лир патша" спектаклінде айқын көрінеді. Пьеса әке мен бала арасындағы қарым-қатынасқа негізделеді.

Ұлы Лир патшаның еліне жүргізген өктем билігі балалары алдында әлсіз болады. Қойылым көрермендерге мейірімсіздік пен махабаттың ара жігін ашып көрсетеді.

Көрерменге бұл пьесаны театрдың қара шаңырағы Мұхтар Әуезов атындағы Қазақ мемлекеттік театры сахналады. "Махабат мұнарасы". Сезім мен сергелдеңге толы спектакль. Пьеса желісі әмірші Ақсақ Темір мен оның кіші әйелі арасындағы оқиға төңірегінде өрбиді. Әмірші сүйіктісінің көңілі өзге біреуге ауған. Айбатты хан тағдыр тәлкегінің алдында шарасыз күй кешеді.

Жортуылға кеткен ұлы Әміршісін сағынған ханша әдемі мұнара тұрғызбақшы болады. Мұнараны салу кезінде жас жігіт жас әйелге өзінің ынтық көңілін аңғартады. Мөлтең мұң, мөлтек сыр ұлы сезімге жалғасады. Әміршінің жарына ынтық болған жігіттің сезімі әшкереленіп, хас шебер дарға асылады.

Биыл Әбіш атамның 80 жылдығына байланысты Маңғыстау облысында өтетін «Әбіш әлемі» I Халықаралық фестиваліне шет мемлекеттен 8 театр қатысады. Қазан айында ҚР Мәдениет және спорт министрлігінің және ТҮРКСОЙ-дың қолдауымен, Маңғыстау облысы әкімдігінің ұйымдастыруымен өтетін фестивальдің ерекшелігі – оған әлемнің түкпір-түкпірінен бірнеше театр ұжымы қатысады. Атап айтқанда, Арменияның Абельян Ванадзор мемлекеттік драма театры, Грузияның Тбилисидің Мемлекеттік Азербайджан театры, Иранның Биле Савар Барбод театры, Өзбекстанның Хорезм театры, Тәжікстанның К.Худжанди атындағы музыкалық комедия театры, Түркияның Мемлекеттік театры, Түрікменістанның Мемлекеттік театры қойылымдарын ұсынады.

Ал Қазақстаннан фестивальге М.Әуезов атындағы мемлекеттік академиялық драма театры, Ж.Аймауытов атындағы Павлодар облыстық драма театры және Н.Жантөрин атындағы драма театры қатысады.

«Өкінішке орай, Әбекеңнің классикалық көркем шығармаларының сахналанғаны, оның ішінде өзге тілдерге аударылғаны тым аз. Сондықтан оларға биылғы фестивальге өз репертуарындағы ұлттық және классикалық қойылымдармен қатысуға рұқсат етілді. Ал болашақта Әбекең шығармаларын ұлттық және шет елдердің сахналарында сөйлетуге жан-жақты дайындық жүргізіледі деп ойлаймын. Бұл ретте, жалғыз біздің театр ғана емес, Әбіш ағаның әдеби мұрасына жанашыр қаламгер әріптестері, басқа да ынталы зиялы қауым белсене ат салысуы тиіс», - деді Нұрғияз Мұханов. [3]

Қара нардай қайыспай, арқалаған қазақ елінің аманат жүгінің салмағын бүгінде жүрек таразысымен халық сезініп келе жатыр. Алда одан сайын сезіне береді. Әбіш әлемі ашыла береді. Әбіш Кекілбаев кеңістігі кеңейе береді. Оның танымын түсіну үшін, зерттеу үшін, тану үшін осы жастардың бойына, санасына, жүрегіне сіңіру керек.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. massaget.kz
2. <http://mangystautv.kz/kz/news/society/aktaulyktar-ekekilbaevtyn-abylai-han-koiylymy>
3. <https://lenta.inform.kz/kz/mangystauda-abish-alemi-i-halykaralyk-teatr>

ӘОЖ 82/512.122(045)

ӘБИШ КЕКІЛБАЕВ ЗЕРТТЕУЛЕРІНДЕГІ БИЛЕР ИНСТИТУТЫ

Өтенияз С.К.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ

Аңдатпа. Әлемге Маңғыстау өлкесін танытқан қазақ әдебиетінің іргелі суреткері, белді өкілдерінің бірі Әбіш Кекілбаевтың сүбелі-сүбелі шығармаларындағы өзек болған туған өлкеміздің тарихы туралы зерттеулері қарастырылады. Сондай-ақ, тарихи жерлерге байланысты аңыздар, су және құдықшылық, кәсіпке байланысты аңыздар сараланып, Әбіш

Кекілбаевтың шығармаларынан орын алған өлкеміздегі географиялық ұғымдарға түсінік беріледі.

Түйінді сөздер: Әбіш, Маңғыстау, «Ұйқыдағы ару», өлке тарихы, қазақ әдебиеті.

Ә.Кекілбаев – әдебиетке кемел ойымен, көркем сөзімен келген гуманист жазушы. Оның шығармаларының көп бөлігі халқымыздың тарихымен тығыз байланысты. Әдебиет – халық өмірінің айнасы, рухани мәдениеті, елдің арманы мен мүддесі болса, тарих оның шежіресі. Жалпы тарих пен әдебиет қатар жүреді, әрқашан тығыз байланыста болады.

Әбекеңнің тарихи тұлғаларға арналған еңбектерін негізінен екіге бөліп қараймыз: 1. Әдеби көркем шығармалардағы тарихи тұлғалар (Абыл, Сүйінғара, Бекет ата, Шыңғыс хан, Әмір Темір, Әбілқайыр хан, Абылай, т.б.) 2. Ғылыми зерттеулеріндегі тарихи тұлғалар. Олар негізінен Қарабура, Шотан батыр, Төле би, Қазыбек би, Әйтеке би, Әбілқайыр хан, Шақшақ Жәнібек, Барақ сұлтан т.б. Біз осылардың ішінде Әбекеңнің билер институтына арналған зерттеулеріне тоқталамыз.

Қазақ тарихындағы билер қызметін зерттеген адам қара қылды қақ жарған әділдікті көреді. Ә.Кекілбаевтың қазақ тарихына қатысты зерттеулерінде ерекше орын алатын тарихи тұлғаларның бірі – Әйтеке би. Жалпы қазақ еліндегі билер институтының тарихын соңғы екі ғасырда көптеген ғалымдар зерттеді. Солардың ішіндегі ең ірілерін айтсақ, XIX ғасырда Ш.Ш. Уәлиханов, XX ғасырда С.З. Зиманов болатын. Ал Әбіш ағамыз Әйтеке биге қатысты барлық деректі жан-жақты зерттегенін қазір біз мақтанышпен айтамыз...

Қазақ билері тарихымызда әділ билігімен ерекшеленеді. Сол қара қылды қақ жарған әділдік осы заманда болса екен деп армандаймыз...

Осы уақытқа дейін қазақтың үш биі Төле, Қазыбек, Әйтеке ерекше дараланып, қатар ұлықталып келгендіктен, басқа билерімізге қарағанда көп зерттеліп жазылды [1]. Әлі де ғылыми жаңалықтар ашылып жатыр.

Төле биге қатысты бір қате мәліметті алғаш Ш.Ш. Уәлиханов жазғандықтан, сол оқиға осы уақытқа дейін талай зерттеуші ғалымдардың басын қатырған еді. Ол қазақ елін Ресей шапқыншыларынан өмір бойы қорғаған батыр, қолбасшы Әбілқайыр ханды қастандықпен өлтірген «Барақ сұлтанды Төле мен Әйтеке билердің ақтағаны» туралы еді. Қалай болғанда да, ол осылай Ш.Ш. Уәлиханов еңбегінде жазылып кеткендіктен, соңғы уақытқа дейін талай тарихи мәліметтерді шатастырған еді [2]. Әрине, Шоқан бұл мәліметті халықтан алды. Сондықтан ол өзінің билер сотын зерттеуіне пайдаланған. Қазақ елінің алдындағы осынша еңбегі бар хан Әбілқайырды Неплюевтің тапсырмасымен өлтірген Барақ сұлтанның бандиттік әрекетін қазақ билері ақтады дегенге зерделі зерттеуші сене қоюы мүмкін емес. Дегенмен осы жалған, шындыққа қисыны келмейтін мәлімет талай зерттеушінің санын соқтырып келген еді. Қысқасын айтқанда, осы бір қазақ билерінің әділдігіне күмән келтіретін оқиғаның шындығы Ә.Кекілбаевтың Әйтеке би туралы зерттеулері (соңғы нұсқасы 1997 ж.) және И.В. Ерофееваның Әбілқайыр хан туралы зерттеулері жарық көргенге дейін (1999 ж.) анықталмай келді. Осы авторлардың кітаптары жарық көрген соң, көптеген зерттеушілердің күдігі сейіліп шындыққа көзі жетті [3].

Әйтеке бидің XVIII ғасырда өмір сүргені туралы Ш.Ш. Уәлиханов еңбектерінде қате жазылып кеткендіктен соңғы жылдарға дейін көптеген зерттеушілерді жаңылыстырды. Әбекең осы тақырыпқа қатысты материалдарды мұқият зерттеген себепті, Әйтеке бидің XVII ғасырда ғана өмір сүргенін дәлелдеді.

«Жеті жарғыны» жасақтаған әйгілі үш бидің тарихтағы орнының аса үлкен екенін айта келіп Әйтеке би туралы: «...Алаш ішінде Алшыннан. Алшын ішінде Әлімнен. Әлім ішінде Төртқарадан. Төртқараның Қарашы. Қараштың Сейітқұлы. Сейітқұл болғанда, кәдімгі Әз Тәукенің төртінші атасы, атақты Қасымхан өлген соң біраз уақ қазақ билігін қолына алған Шығай Жәдікұлы 1581 жылы күллі ұлысымен Сырдарияның сағасындағы қонысын тастап, Самарқанның теріскейіндегі Нұрата тауына көшкенде, қасына Төртқара Сейтқұл дегенді ерте кетпейтін бе еді, сол Сейтқұлдың дәл өзі. Сейтқұлдың сегіз баласының аты жер жарған. Ең атақтысы – Жалаңтөс, сол кезде бар болғаны бес жаста екен. Сол Жалаңтөс Нұратада жүріп,

Бұқар мен Тамды маңындағы қазақ ұлыстарын билеп Ақназарұлы Дінмұхамедтің көзіне түседі. Ол – кәдімгі Хафиз Таныштың «Абдулла-нәмесіндегі» Дінмұхамед. Қасым өлгесін, шырқы бұзылған қазақ хандығының еңсесін тіктеп берген екесі Ақназардың саясатын одан әрі жалғастырып, Абдолла әулетінен өрбитін билеушілермен батыл тайталасқа шығып, қазіргі Орта Азияның кейбір шаһар мемлекеттерінің тізгінін өз қолына ала білген қазақ ханы Жалаңтөс те Дінмұхамедтің сол күресі үстінде көзге түссе керек» [3], – деп оның туып өскен ортасы мен айналасындағы тарихи тұлғалар туралы нақты мәліметтерді келтіреді.

1748 жылы Әбілқайыр ханды Неплюевтің тапсырмасымен өлтірген Барақ сұлтанды «ақтап шыққан атақты билер ішінде Төле би мен Әйтеке би болғаны» туралы жалған мәлімет Ш.Ш. Уәлихановтың «Сот реформасы туралы жазбалар» (1-том, 1961, 506-бет) атты еңбегінде жазылып кеткен болатын. Шынында бұл оқиғаға Төле би де, Қазыбек би де, Әйтеке би де қатысудан аман. Біріншіден, Төле би мен Қазыбек би Барақты ақтау түгілі, ешқашан жақтаған емес. Екіншіден, Әйтеке ол кезде дүниеде жоқ болатын...

Әбекең сол оқиғалардың шындығын алғаш рет анықтағандардың бірі еді. Барақ туралы: «төрт биге, атап айтқанда, Кіші Орданың Алшын Төртқарасының Қаратоқасына, Қаракесегінің Қожанабы мен Мәмбет аталығына, Орта жүздің бағаналы Найманының Өтебайына өз атынан сәлем жолдап, егер солар Әбілқайырды өлтіргенің теріс болды десе, басымның еркін соларға беремін», – депті. Көріп тұрмыз бұлардың арасында Төленің де, Әйтекенің де аты жоқ. Ю.Гуляевтің күнделігінде келтірген бұл деректі С.Абдрезяков қуаттайды» [1], – деп нақты мәліметтермен дәлелдеген болатын.

Барақ сұлтанның 1735 жылы Ресей патшасына хат жазып, бодан болуға өтініш жасағанын да және оның 1742 жылдың күзінде Орынбор генерал губернаторы Неплюевке барып ант бергені, патшаға елшілікке батыр Сырымбет Бекбасұлын жібергені туралы да алғаш Әбекең жазған еді.

Бұл жерде біздің айтпағымыз – осынау Әбекең алғаш айтқан тарихи аса құнды мәліметтер И.В. Ерофеева зерттеулерінде түгелдей қолдау тапқанын және кеңейтілгенін айтуға міндеттіміз. Алайда Әбекеңе сілтеме жасалған жоқ...

Қазақ елінде аса қадірлі батыр қолбасшы Әбілқайырды өлтірген соң, оның туыстарының кек алмай тынбайтынын білген Барақ ел алдында ақталғысы келіп өзін үш жүздің билері ақтағанын тілге тиек етеді. Алайда сол мәлімет ел аузында өзгеріп Шоқанға жеткенше Төле би мен Әйтекені қатыстырады. Оның шындыққа келмейтіні, біріншіден, ол заманда Әйтеке би дүниеде жоқ еді, екіншіден, Төле би сияқты қазақ биінің Барақ сынды атаққұмар, таққұмар кісі өлтірушіні қолдай қоюы билер тәжірибесінің тарихында болмаған жағдай.

Сол кездегі нақты тарихи құжаттарда ол былай баяндалыпты: Барақ сұлтан өз айыбын жуып шаю үшін өзінің беделі жүретін үш бидің сотын ұйымдастырады. Оларды атап айтсақ, біріншісі төртқара Қаратоқа /Қараток/ би, екіншісі де Кіші жүз Әлімұлының бірі, Батыр сұлтанның ауылынан Қозанай мен Мамет-Аталық билер еді. Ал Орта жүзден бағаналы найман Олжабай би болатын. Соңғысы Барақтың өз қоластындағы адам еді. Сонымен осынау «сот процесіне» үш емес, төрт би қатысқан болып шығады. Шыққан елдеріне қарағанда үшеуі Кіші жүз руларынан, тек біреуі Орта жүз руы – Бағаналыдан [4]. Ал Төле би түгілі, Ұлы жүзден ешкім қатыспаған екен. Бұл сот процесінің қаншалықты нақты екені белгісіз, алайда Барақ сұлтан «мені осындай билер ақтады» деп елге таратқаны белгілі.

Бұл, әрине, асығыс жасалған процес болу керек. Себебі Барақ Төле би сияқты ұлы адамдарға баруға жүрегі дауаламас еді, екіншіден уақыты да, мұршасы да жоқ болатын. Себебі ол өзі өлімнен қорқып қашып-пысып жүрді. Әрине, аталған сот Барақ сияқты қылмыс жасаған адамды ақтағаны рас. Егер осы оқиғаны Барақ жалған таратпай, ақиқат іс болса қазақ елінің билер сотына, яғни ғасырлар бойы келе жатқан әділ сотқа көлеңке түсіретіні рас...

Әбілқайыр балалары кек алмай қоймайтыны айдан анық. Сондықтан Барақ жанталасып неше түрлі әрекет жасады. Оны Әбілқайыр өліміне айдап салған Ресей басшылары және мұндай арам істе оған тікелей басшылық еткен Орынбор басшысы

Неплюевтен ешқандай жәрдем болмай қалғаны, Баракқа алданып, арандап қалғаны туралы шындыққа көзін жеткізген еді... Жан сақтап жанталасуға тура келді...

Қалай болғанда да Барак Әбілқайыр балаларының қолына түспеді, алайда ел адамдарының қолынан ойламаған жерде қаза болды. Осы жәйіт Баракты ел адамдарының өзі қолдамағанын көрсетеді.

Патша өкіметі, Орынбор басшылары, көп жылдан бері бағынбай жүрген Әбілқайыр ханның қаза болғанын тойлап жатты. Ең басты мәселе – ол қазақ сұлтанының қолынан қаза тапты. Демек, осы оқиға нәтижесінде қазақ елін және оның сұлтандарын қырылыстырып қызығына батамыз деп есептеді. Алайда олай болмады. Қазақ елі Әбілқайыр сынды кеудесін оққа төсеп, 48 жыл бойы Ресей империясынан және оның итаршыларынан қорғаған батыр қолбасшыны өзінің қадірлі адамдары аса құрметтейді екен. Олар Баракты өлтіріп қана қоймады, жанында болған Сырымбет сияқты адамдарды да және оның балаларын да аямады. Осы қатаң жазалауды әрине Әбілқайырдың балалары басқарды.

1750 жылы апрель айының басында жазған хатында адай Мырзатай батыр /Әбілқайырдың бәйбішесі Бопайдың ағасы/ Ю.Гуляевке Барактың өлтірілгенін хабарлады. Мырзатай батыр сол хатта Барактың жанында болып, Әбілқайырды өлтіруге қатысқан Сырымбет батырды және оның бала шағасын Әбілқайыр балалары Ералы мен Нұралының жазалап өлтіргенін жазған еді [5].

1753 жылдың 3 қаңтарында Нұралы ханның Тевкеловке жазған хатында осы оқиғаларды толық баяндайды. Барак өлтірілген соң інісі Ералының Сыр бойындағы ауылына адам жіберіп, әкесін өлтірген Барактың өлтірілгенін, алайда басқа қаскүнемдердің әлі тірі екенін және олардың ауылының қазір қай жерде отырғанын дәл хабарлайды. Бұл хабарды естіген Ералы асығыс өз жасағымен аттанып Барактың ауылына жетіп талқандайды. Сырымбет батырды және әйелімен қоса үй-ішін түгелдей қырып тастаған. Бұл тарихи мәліметті алғаш рет Б.С. Сүлейменов пен В.Я. Басин жариялаған болатын: «... семью его, также и семью Баракону и все имение, слугителей, служанок и верблюдов их... в добычу получил...», «чрез одна ночь... всех трех злодеев разорил...» [6], – деп жазылған мәліметтерге қарағанда, Барак отбасынан тек бір ғана әйел аман қалған екен [7, 304].

Ералы Барак пен Сырымбет батырдың үй ішіндегі адамдарды түгел қырған, оның ағайындары құн сұрап билер сотына шағым жасайды. Міне, осынау үлкен, әрі аса қиын, әйгілі сот процесін Ұлы жүздегі атақты Төле би басқарады. Себебі бұған туыстық жағынан да, жерлестік жағынан да қатысы жоқ бейтарап адам, яғни Ұлы жүздің биі басқаруы тиіс болады. Осы тарихи оқиғада қазақ биінің әділ соты жарқырап көрінеді.

Сырымбет батырдың туыстары Сырымбетті кінәлі дегенге келіседі, алайда оның жазықсыз балалары мен әйелдерін қырып тастағаны үшін Ералыға құн төлетуді сұрайды. Бірақ Төле би Ералының екі қылмысын да кешіреді. Кешіріп қана қоймай, тіпті Сырымбеттің туыстарын Ералыға құн төлеуге міндеттейді [8].

Осы аса құнды материалдарды біздің заманымызда қайта қарап, алғаш жариялаған И.В. Ерофеева: «...Төле бий не только оправдал сына Абулхаира, но и присудил сородичам Сырымбета уплатить в его пользу два куна, а остальные четыре куна султан им простил» [9], – деп жазған еді. Әділдік деген осы.

Қазақ билерінің әділдігі соншалық, ақты ақ, қараны қара деп әділ төрелік еткен. Бұл жердегі аса құнды тарихи мәліметпен «Төле би Баракты ақтады» деген жаманаттан біржола құтылады. Жоғарыда көрсеткеніміздей, оның өзі Ш.Ш. Уәлиханов еңбектерінде үстіртін жазылып кеткендіктен, кеңес заманындағы зерттеушілердің негізге алуына себеп болды. Алайда Әбілқайыр ханды өлтірген Баракты ақтаған Төле би мен Әйтеке биге жабылған жала сол XIX ғасырдың өзінде-ақ анықталған еді. Себебі ол Л.Ф. Баллюзектің 1871 жылғы жарық көрген зерттеуінде анық жазылған. Одан соң Добросмысловтың 1900 жылғы еңбегінде де жазылған. Осы тарихи мәліметтер қазақстандық кеңес ғалымдарының назарынан да тыс қалған жоқ. 1948 жылы Алматыда жарық көрген «Материалы по казахскому обычному праву» атты жинақтың 1-бөлімінде берілген болатын. Алайда осы аса құнды мәліметтер көп ұзамай ескерусіз қалды. Оған негізгі себептердің бірі 50-ші жылдардың ақыры, 60-шы

жылдардың басында қазақ ғалымы Ш.Ш. Уәлихановтың еңбектерінің жарық көруі болған сияқты. Сонда әлгі айтқан жалған мәліметтің жарық көруі Әбілқайыр тарихына да, Төле би тарихына да нұқсан келтірді. Осы кемшілікті қайтадан зерттеп, 1997 жылы жарыққа шығарған Ә.Кекілбаев және 1999 жылы И.Ерофеева болатын.

Бұл Төле би тарихын зерттеушілерге үлкен олжа еді. Қазақтың билер институты тарихындағы аса елеулі және халқымыздың жат жұрттық басқыншыларға, соның ішінде Ресей экспансиясына қарсы тұрған Әбілқайыр сынды мемлекет қайраткерінің тарихындағы ақтандақтарды анықтауға зор маңызы болды.

Біз бұл жерде Ә.Кекілбаевтың тек тарих зерттеушісі ғана емес деректанушы екенін де қуанышпен мойындайтынымызды айтпақшымыз.

Барақ сұлтанды кейбір жазушылар Әбілқайырды Ресейге бодан болғаны үшін өлтірді деген қауесетті қолдап, оны нағыз патриот есебінде көрсетуге тырысты. Ал Ә.Кекілбаев Барақ сұлтанның 1735 жылы Ресей қоластында болуға ниет білдіріп хат жазғанын, 1742 жылдан бастап ресми бодан болып Ресей бұйрықтарын орындағанын, яғни патша өкіметінің нағыз шынжыр балақ, шұбар төс қолшоқпары болғанын көрсетіп, тарихымыздың ақтандақ беттерін жапты.

Барақ сұлтанның Ресей қолшоқпары болғаны туралы өз заманында Ш.Ш. Уәлиханов мына мәліметті жариялаған еді.

Башқұрттармен достық қатынасты Әбілқайыр өмір бойы жалғастырды... 1736 жылы башқұрттардың кезекті көтерілісі бұрқ еткен кезде, патша өкіметі қазақтар мен қазақтарды және бір рет жауластырмақшы болып көп ақша бөлді. 1738 жылдың ақпан айында Татищев: «Әрбір башқұрттың басын әкелген қазаққа 60 рубльден ақша беріледі. Кек алатын және байып қалатын жағдайыңыз бар» (Олкотт Б.) – деп қазақ еліне жар салды. Кейбір қылмыстық істерді башқұрттан көріп жүрген қазақтар осыны пайдаланып кек алмақшы және ақша таппақшы болды, бірақ олардың бірде-бірін Әбілқайыр жібермеді, керісінше, ол бұрынғыдай башқұрт халқына көмектесті.

1740 жылы Орта жүз ханы Әбілмәмбет пен Абылай сұлтан Ресейге ант берген салтанатында олардың башқұрт көтерілісін басқарған Шона батырды ұстап береміз деп уәде бергеніне ашуланған Әбілқайыр балалары Нұралы мен Ералы кетіп қалады. Олардың ашуланатын себебі – әкесі Әбілқайыр өмір бойы башқұрт елін қызғыштай қорғады. Әбілқайырдың мұнысын қазақ елінің игі жақсылары да түгелдей қолдаған. Сол Шона батырды Әбілқайыр алдымен қауіпсіз болуы үшін Қабанбай батырдың қол астындағы Найманның Қаракерей ауылына жіберіп паналатады. Осы мәселе туралы Ш.Ш. Уәлиханов: «Поселившись в степи, он сделался опасен как для России, так и для Джунгарии: первая боялась, чтобы он снова не возмутил башкирского народа, вторая была напугана его самозванством: какой-то Шуна, погибший претендент на джунгарский престол, был так любим джунгарским наодом, что последний готв был во имя его восстать против тогдашнего хана Галдан Серена» – деп жазғаны тарихи шындық. Ал Ресей басшылары башқұрт көтерілісінің басшысын қолға түсіру үшін Барақ сұлтанды жалдайды (себебі Барақ қоластындағы азғантай елмен 1742 жылдың күзінде Ресейге бодан болуға ант берген еді. Өтінішті Ресей патшасына 1735 жылы жазған болатын. Ант беру кезінде оған көрсетілген сый-құрмет Әбілмәмбет пен Абылайға көрсетілген құрметтен әлдеқайда асып түсті). Әрине Ресеймен одақтас Жоңғар басшысы да осы істі Бараққа жүктейді...

Бараққа тез арада Шона батырды ұстау әлде өлтірудің сәті түспейді. Ол нөкерлерімен Қабанбай ауылын аңдуға кіріседі. Ал Қабанбай болса қауіп шындап төнген кезде Шона батырды Қарқаралыдағы Қазыбек бидің ауылына жөнелтеді... Бараққа деген Ресей мен Жоңғар басшыларының қысымы күшейеді. Барақтың Жоңғармен қатынасының күшті болғаны соншалық, бір баласын аманатқа беріп қойған еді. Ш.Ш. Уәлиханов осы оқиға туралы: «Когда Барақ султан послал к Галдан-Серену в замену прежнего аманата своего сына Шигая, то Галдан-Серен обещал ему отпустить его сына Шигая, если он поймает мнимого Шуну», – деп жазған [1,436].

Қазақ елі қызғыштай қорғап жүрген Шона батырды күшпен ала алмайтынын түсінген Барақ, амалы таусылып басқа айла қарастырады. «Мен Шона батырға қарындасымды беремін, құдандалы боламыз!» – деп кісі жібереді. Ол тіпті қарындасын көндіріп те қояды. Ұзатылатын күні келісіліп, Шона батыр қызды алып кетпекші болады. Барақ оны осылай тұтқындау үшін жендеттерін сайлап тағатсыз күтеді. Қазақ батырлары мен Қазыбек би Барақтың арам пиғылын бұрыннан біліп жүрген себепті Шонаны белгіленген күні жібермей қояды. Сөйтіп Ресей қоластына қара басының қамы үшін кірген (1742), қолшоқпар және итаршы болып жүрген Барақ осылай Ресей алдында қарыздар болып қалады.

Ал Шона батырды қазақ елінің құрметтегені соншалық, Барақ сияқты итаршылардың қолына түспей-ақ жасы жетіп қартайғанша өмір сүріп, қазақ арасында дүниеден өтеді. Мұның бәрі Орта жүз батырлары мен билерінің башқұрт халқына Әбілқайыр сияқты әскери жәрдем бермесе де, осындай туысқандық көмек көрсеткенін айғақтайды. Қорыта айтқанда, қазақ елінің басшылары Әбілқайыр саясатын яғни оның Ресейге қарсы күресін әрқашан қолдағанына көз жеткіземіз.

Ә.Кекілбаев Әйтеке бидің жерленген жері туралы дақпырт таратып жүргендердің жорамалдары туралы: «...Тәуке тұсындағы Кіші жүздің ұлыс бегі Әйтеке, міне осындай ықпалды әулеттен шыққан. Ол Жалаңтөстің әкесі бір, анасы бөлек бауыры Ақшаның үшінші баласы Бәйбектен туады. Бір ғажабы, осындай атақты тұқымнан өрбіген атақты бидің қай жерде жерленгені беймағлұм». («Қарабура», 280-бет) – деп олардың әртүрлі жорамалдарын жоққа шығарып нақты деректермен жазған болатын.

Сондай-ақ Ә.Кекілбаев Әйтеке би туралы зерттеуінде Жәнібек батырдың екеу екенін алғаш көрсеткендердің бірі. Бірі Кіші жүздегі сұлтан Жәнібек болса, екіншісі Арғын Шақшақ Жәнібек...

Жалпы Ә.Кекілбаевтың әдеби мұрасы мен тарихқа қатысты зерттеулерін негізінен былай жіктеуге болады: Қазақ тарихы (саяси тарих, өнер тарихы, деректану), мәдени мұра, өркениет, руханият. Оның қай шығармасын алсаңыз да, қазақ елінің өмір тіршілігі мен тұрмыс салтын қамтиды. Ғылыми қауым лайық бағасын беріп, болашақта да дерек ретінде Ә.Кекілбаев еңбектері кең қолданысқа еніп, дамыта зерттеле берері сөзсіз.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Өтенияз С.К. Шоқан өскен орта. А., 1995. 154-55 беттер.
2. Валиханов Ч.Ч. Записки о судебной реформе. ССВ в пяти томах. А., 1985. т. 4. стр. 88.
3. Кекілбаев Ә. Әйтеке би // «Қарабура». А., 1997. 279-299 беттер.
4. Казахско-русские отношения. Т.1. 426-27, стр. 433,438; МИК ССР т.2. ч.2. стр. 319, 322.
5. Материалы по истории КазССР. Т.2. ч.2. стр. 341.
6. Сулейменов Б.С., Басин В.Я. Казахстан в составе России. /Приложение/ 189-бет.
7. Ерофеева И.В. Хан Абулхаир-поководец, политик. А.1999
8. Баллюзек Л.Ф. Народные обычаи, имевшие, а отчасти и имеющие в Малой киргизской орде силу закона. //Записки ИРГО. 1871. Вып.7//;
9. Добросмыслов А.И. Тургайская область. Оренбург. 1900. стр. 84
10. Материалы по казахскому обычному праву. А., 1948. Сб.1. стр. 204.

**ӘБІШ КЕКІЛБАЕВТЫҢ «ХАНША-ДАРИЯ ХИКАЯСЫ» ПОВЕСІНДЕГІ
ШЫҢҒЫС ХАН БЕЙНЕСІ**

Садықова А.Т.

Х. Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің қауымдастырылған профессоры, ф.ғ.к.

З.З. Шакиров

«Филология» мамандығының 4-курс студенті

Аңдатпа. Қазақ әдебиетінің көрнекті өкілі, жазушы, мемлекет және қоғам қайраткері Ә. Кекілбаев шығармаларын тереңірек оқып, зерттеген сайын оның біз білмейтін зерттелмеген қырлары мен сырларының әлі де көп екендігін ұғындық. Оның шығармаларының маңыздылығы мен құндылығы уақыт өткен сайын арта түскендей. Төл әдебиетіміздің түрлі жанрында қалам тербеген жазушының аңыздар мен тарихи деректерге толы шығармаларында халқымыздың өткен өмірін, тарихи құндылықтарды асқан шеберлікпен жеткізеді.

Түйінді сөздер: қаламгер, тарихи тұлғалар, Шыңғыс хан, философиялық ой-толғамдар, адам тағдыры, даралық қолтаңба.

Қазақ елі Тәуелсіздік алып, тұғырын тіктегеннен кейін елдің қамын ойлап, сол жолда қалам тербеп жүрген жазушылар мен ақындар ел саясатын жүргізуде билікке тартыла бастады, өйткені осындай білікті азаматтардың кеңесі мен бағыт-бағдары өте қажет болды. Сол тұлғалардың арасында көрнекті қаламгер, мемлекет және қоғам қайраткері, философ жазушы Әбіш Кекілбаев та бар еді. Қаламгер әлеуметтік және экономикалық мәселелерді тереңінен зерттей отырып, ел болашағы мен көп ұлтты мемлекеттің әл-ауқатын, тыныс тіршілігін өз шығармаларына арқау етті, ел мен жердің мүддесі, халық тағдыры олардың тұрмыс тіршілігін еш уақыт назарынан тыс қалдырмады. Оның шығармашылығында айтылған ұлттық болмыс: мәдениет пен сөз мәйегі, тіл мен әдебиет, дін мен діл, тұрмыс-салт пен тарихи дәстүр, елдің болашағы басқа да сан алуан құбылыстар автордың дүниетанымдық көзқарасындағы ерекшеліктерінің күре тамырын зереледі. Қаламгер туындыларын психологиялық-философиялық деңгейінде байыптап-бағдарлау халық пәлсапасының тартымдылығы және дүниетанымын көрсете келіп, халқымыздың өзіне тән ерекшеліктері арқылы әлем дәрежесіндегі мәдени ғаламшарынан орын алды. Неміс кітап баспасы Әбіш Кекілбаевты «Жиырмамыншы ғасырдың ең көрнекті жазушысы атты кітапқа енгізді.

Жазушы Бексұлтан Нұржекеев: «...Оның тұңғышы терең, ойлы сөздерінен ерте есейген, жастайынан көсемдікке, әсемдікке құмартқан, қарттың даналығын бала жастан бойына дарытқан, бай қазыналы да қызырлы етіп, тәңірім терезесін теңдей биік етіп жаратқан», -деп баға берген.

Жазушы мемлекет ісіне араласа жүріп, қоғамдағы маңызды оқиғаларға үн қосып, саяси мәселелерге қалам тартты. Оның қаламынан «Күй», «Шыңырау», «Ханша Дария хикаясы» повестері мен «Аңыздың ақыры», «Елең-алаң», «Үркер» романдары, «Абылай хан» драмасы, әсіресе, Тәуелсіздік жылдарында жазылған публицистикалық шығармалары қаламгердің ой жүйріктігі мен тарихи танымын танытты. Қоғамдық істерінде ел тағдырына, қоғамда болып жатқан оқиғаларға бейтарап қарай алмайтын еді», -деп жазады замандастары өз естеліктерінде.

Әбіш Кекілбаев шығармаларының негізгі арқауы – тарихи тақырып. Жазушының тарихи шығармаларының өткен ғасырдың алпысыншы жылдарының аяқ кезінде жазылуының да өзіндік себебі бар, өйткені осы кезеңнен бастап, кейінгі онжылдықтарда тарихи тақырыптың қазақ әдебиетінде үлкен бір толыққан кезеңі болды. Қаламгердің тарихи тақырыпта жазылған шығармаларының бір ерекшелігі – жазушы кейіпкерді оқиғалар

желісінен жалаң алмайды, автор өзіне тән байсалды баяндау арқылы психологиялық, философиялық тереңдікті танытады. Тарихи тұлғаларды бейнелеуде кейіпкерлерінің моральдық бейнесін жасауға, ел аузындағы аңыз шежірелерден бүгінгі күннің көкейкесті мәселелерін көтеруге баса көңіл көлді. Әлеуметтік белсенділігі қажет болып тұрған тұста оның тұтас қоғам мен тарихи оқиғаларға, халқымыздың рухани мерейіне қатысты көптеген іс шараларды жүзеге асыруға көмектеседі.

Соның бірі – ежелгі ескерткіштерді, заман тарихын зерделей келіп, танытуда үлкен іс атқарды. «Мұра – ол тек жәдігер мен тарихи ескерткіштердің жиынтығы емес, ол адамдардың дәйім күрделі, дәйім белсенді іс-әрекеттерінің барлық жиынтығы мен жемісі, нәтижесі мен тағлымды тағдыры», - деді [1].

Жазушының сыршыл көркем туындылары әлемге мәшһүр аңыздар мен әміршілердің табиғаты мен құдіретті ойларын, сол замандағы тұрмыс-тіршілік пен өмірді суреттеп, көруге, көкірек көздерінен өткізуге мүмкіндік береді. Бұл тұрғыдан алғанда Әбіш Кекілбаев – қазақ әдебиетіне философиялық үдеріс енгізген жазушы. Сонымен қатар, шығармаларында психологизм элементтері де мол. [2].

Ә. Кекілбаевтың тарихи еңбектерін зерттеп зерделеуші Ж. Дүйсенбаева жазушының тарихи деректерден ауытқымай, тұлға таныту шеберлігін, тарихи деректер мен халықтың аңыздарды қоса отырып тұлға жасау, тарихи деректерді көркем қолдану шеберлігін ерекше атап өтеді [3].

Жазушы Ә. Кекілбаев «Үркер», «Елең-алаң» шығармаларында тұтас бір кезеңнің саяси мәдениетін, еліміздің тыныштығын, ұлт алдындағы мәселелерді қарастырса, «Тасбақаның шөбі», «Көлденең көк атты» әңгімелері мен «Күй», «Ханша-Дария хикаясы», «Шыңырау», «Бәсеке», «Бәйгеторы», «Бір шоқ жейде» повестерінде адам өмірінің әлеуметтік болмысын, өткені мен бүгінін және болашақтың маңызды мәселелерін, адам психологиясының алуан түрлі иірімдерін, мұрат мүддесін, салт-дәстүрін нанымды қозғай білген.

Адам психологиясын терең ашуда көркемдік компоненттердің бірігіп, кейіпкер жан дүниесіндегі қозғаушы күш пен жағдайды асқан шеберлікпен жеткізу – жазушының жиі жүгінетін тәсілі. Мысалы, Ә. Кекілбаевтың «Аңыздың ақыры» романы мен «Ханша Дария хикаясы» повесі бастан аяқ түстен тұрады десе де болады. Аталған шығармалардың идеялық, көркемдік тұтастығын құрайтын ішкі монолог кейіпкер бейнесін ашып тұр.

«Ханша Дария хикаясы» атты повесіндегі оқиғаның өмірге келуіне түрткі болған жайт – Шыңғыс ханның түсі. «Жалпы қазақ әдебиетінде түс көру тәсілін жан-жақты дамытып, оның түрлік, көркемдік, символдық, мифологиялық, психоаналитикалық т.б. варианттарын жасаған, оның әрқайсысының көркемдік кеңістігі мен поэтикасын көркейткен жазушы да Әбіш Кекілбаев», - дейді ғалым Г. Пірәлиева [4].

Келесі бізге объект болған шығарма Әбіш Кекілбаевтың «Ханша-Дария» хикаясы атты хикаяты. Күрделі тұлға туралы дерек те күрделі, сан түрлі. Нақтылықтан болжау басым. Ұлы қаған өмірінің соңы, қазасы туралы да әртүрлі айтылады. Соңғы кездері қазақ жұртында Шыңғыс хан туралы екі көзқарас бар. Біріншісі Шыңғыс хан шабуылынан кейінгі қыпшақ тайпалары ғана емес, көптеген халықтардың саяси және экономикалық жағдайының нашарлауын, әлсіреуін, яғни зардабын көрсетеді. Екіншіден, Шыңғыс ханды жақтайтын, яғни оның жаулап алушылық саясатының прогрессивтік мәні жөнінде пікір айтушылар бар. «Шыңғыс хан өлімі туралы тарихшылар пікірі де әртүрлі: бір деректерде үнді елінен жорықтан келе жатып, ауырып өлсе, енді бір деректерде Арбух тауында құлан атып жүріп, аттан құлап өліпті дейді. Қытай тарихшылары басқа дерек айтса, маңғұлдың кейбір тарихшылары Таңғұттың асқан сұлуы Гүрбелжіннің қолынан өлді дегенді айтады.

Біз талдайтын хикаятта осы соңғы нұсқа, моңғолдың тарихшыларының келтірген деректері көркемдік шешім табады. Ел аузындағы аңыз бен тарихи дерекке сүйенген жазушы көргені мен естігенін көркем дүниеге айналдырған. Тарихи тақырыпқа жазылған бұл шығармаға Шыңғыс хан тұлғасына қатысты аңыз негіз болғанымен жай фон үшін ғана алынғаны шындық. Шығармада тарихи дерек нақты суреттелмейді. Шыңғыс ханның әлемді

тітіренткен қаталдығы мен жауыздығына байланысты аңыздарды автор ой сүзгісінен өткізе отырып, өз мақсатына орай жаңғырта, жетілдіріп пайдаланады. Шығармада арпалысқан айқас та, кескілескен шайқас та суреттелмейді, бірақ ой ағымы психологиялық талдау арқылы автордың философиялық пайымы оқырманды терең тебіреніске жетелеп, зұлымдық пен жауыздық, тәнқұмарлық пен қанқұмарлық жайында сыр ұқтырады.

Енді тілкелей шығарма желісіне көшсек, Ұлы қағанның ұйқыдан оянып, саусағындағы жүзіктерін түгендеуден басталады. Он саусағында тұрған он жүзіктің өзіне тиесілі тарихы бар. Жазушы сол оқиғаларға шолу жасап шығады. Шыңғыс хан өзіне бас имеген, қаһарынан именбегендердің басын алып, жүзігін тағып алып отырған. Әлемді тітіренткен ұлы жиһангерге бас имегендердің жүзігінің көптігіне тоқталады. Демек, қаған қанша қаһарлы, айбарлы болса да, оған бас имей кеткен қарсыластар аз болмаған. Жазушы шығарма басында осыған бір назар аударады. Бұл өз алдына келген адамның қай-қайсысының да жүзік сақинасын кесіп алып тағып жүреді. Адамдар неткен көзсіз, неткен өжет. Тап бұдан именбейтін адам түбі бір жолығар деп ойлап еді, ондайлардың тек сақина-жүзіктерінің өзі бірнеше керуенге жүк болды. Бұл қарекеті өрлік пен ерлік түгілі, мешкейлікті де, дүниеқоңыздықты да жеңе алмады.

Таңғұт елін жаулау сапары бір қарағанда әйел үшін басталғандай көрінгенімен, көреген ханның екі қоянды бір оқпен атқандығын көреміз. Дәл осы тұста, Шыңғыс ханға бағынышты таңғұттардың жорыққа әскер қосудан бас тартып, онымен қоса көршілерді Шыңғыс ханға қарсы соғысуға үгіттеп жүргендігі соғысқа басты себеп болады. Жауды жену бір басқа, сұлу қыз-келіншегін қатын қылу бір басқа. Алғашқысы елдігінің нығайып, күшінің артқанын көрсетсе, соңғысы жеңісінді дәлелдеп, жауыңның сағының біржола сынғанын айғақтайды.

Шығарманың негізгі тақырыбы – Шыңғыс хан. Қаламгер өз шығармасында ұлы Шыңғыс ханның да пенде екенін, адам екенін басты идея еткен. Оның да осал тұсы болатындығын жазады. Адамзатқа тән осалдыққа ол да ие. Адам баласы ұлы сезім махаббаттың алдында дәрменсіз. Шыңғыс хан да осы орайдан табылады. Аңдамай басқан бір қадамның өмір бойы ешкім таптай алмаған намысын мен мен жеңе алмаған тәніңді аяқ асты етуі мүмкін. Шыңғыс хан да күтпеген жерден қырсыққа ұрынады. Ешкімнен аяласын өзінен асырып көрмеген хан бір-ақ сәтте соқыр сезімнің құлына айналып, нәзік жыныстының қолынан құрбан болады. Бар ғұмыры күреспен, жеңіспен өткен ханның өлімі жайлы сыр шертетін хикаяттың көркемдік шешімі осындай. Туған сәтінен бастап Тәңірінен талай сый алған тумысы ерек ұлы билеуші осындай сұмдыққа кез болды.

Бұл орайда, шығарма өмірге келген кезеңдерде жазылған көрнекті сыншы Сағат Әшімбаевтың мына бір пікірі ойымызды бекіте түсетіндей: «Гүрбелжіннің Шыңғыс ханға жасаған қастығы жайдан жай, кездейсоқ әрекет емес. Әйел жүрегінің түкпірінде қордаланған, аяусыз тапталып жоқ болуға айналған туған Отанына деген шексіз сүйіспеншіліктің бас көтеруі. Ондай қастықты күбің күйкі әрекетпен шатастырмау керек. Отанына шын берілген адал жанды арлы әйел сол жерде болмағанымен, басқа орында болсын сол қастандыққа баратыны сөзсіз».

Ұлтымыздың егемендікке қол жеткізіп, көгімізде көк байрағымыздың желбіреуіне ас салысқан зиялылармен бірге, бүгінгі заман келбетінде келелі қоғамдық қызметімен танымал тұлға болған, қазақ халқының ойшыл жазушысы, мемлекет және қоғам қайраткері Әбіш Кекілбаевтың рухани өмірімізден, тарихымыздан алар орны ерекше. Тума талант, терең таным иесі, ақын, халық жазушысы, сыншы, драматург, публицист, саясаттанушы, сөз зергері, аудармашы, бір сөзбен айтқанда тау тұлға Әбіш Кекілбаев бейнесі алыстаған сайын биіктей бермек.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Кекілбаев Ә. Заманмен сұхбат. –Алматы: 1996 ж.
2. Әуезов М. Таңдамалы шығармалар жинағы. 5-том.-Алматы: 1956 ж.
3. Дүйсенбаева Ж. Әбіш Кекілбаев шығармасындағы тарихи тағлым.-Алматы: 2007.

4. Пірәлиева Г. Қазақтың көркем прозасындағы психологизм және оның бейнелеу құралдары.-Алматы: 2007.
5. Қабышұлы И. Шыңғыс хан//Егемен Қазақстан, 24 тамыз, 1992.

ӘОЖ: 82/512.122 (045)

Ә.КЕКІЛБАЕВ ТУРАЛЫ ОЙ-ТОЛҒАМДАРҒА ШОЛУ

Табылдиева О.Д.

Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті

Аңдатпа. мақалада көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, Қазақстанның халық жазушысы Әбіш Кекілбаевтың қайраткерлігі, қаламгерлігі, ақыл-парасаттылығы туралы замандастары мен достарының, әріптестерінің баспасөз бетінде жарияланған ой-толғамдары, ыстық лебіздеріне шолу жасалған.

Түйінді сөздер: саясаткер, Кекілбаев феномені, сенатор, халық жазушысы.

Әбіш Кекілбаев адам жанының шындығын танудың алуан түрлі тәсілін шеберлікпен игерген жазушы. Қазақстанның Еңбек Ері, халық жазушысы және Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының иегері, көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері. Әбіш Кекілбаевты танымайтын қазақ бүгінде кемде-кем. Әбіш Кекілбаевтың ойлары, философиясы және жалпы рухани әлемі мұхиттай терең, әдеби әлемі шексіз. Білімінің көкжиегі шексіз, бірегей тұлға, әрі жазушы, әрі әдебиеттанушы, ғалым, тарихшы, ойшыл, философ қана емес, мемлекетіміздің дамуына елеулі еңбек сіңірген көрнекті мемлекет қайраткері, ойы терең парасат иесі ретінде мойындалған сирек тұлға. Әбіш Кекілбаев күллі қазаққа ортақ, елдің қай аймағында да оны өз ұлдарындай құрметтеп, мақтан тұтқан тұлға.

Әбіш Кекілбаев Тәуелсіздік жылдарында Жоғарғы Кеңес төрағасы, Мемлекеттік хатшы, Сенат депутаты бола жүріп елге, ұлтқа адал қызмет етудің өнегелі үлгісін көрсетті. Ол Мемлекеттік сыйлықтың, Қазақстан Республикасы Президентінің бейбітшілік және рухани келісім сыйлығының иегері атанып, «Құрмет белгісі», «Отан» орденімен марапатталды. Түркі елдері қауымдастығының шешімімен «Түркі дүниесіне сіңірген еңбегі үшін сыйлығын» алып, «Қазақстанның Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаев» орденімен марапатталды, Қазақстанның Еңбек Ері атанды. Оның ел, ұлт алдындағы ерен еңбегі осылай бағаланды.

Мемлекет және қоғам қайраткері, филология ғылымдарының докторы, профессор Мырзатай Жолдасбеков ««Әулие немесе Кекілбаев феномені туралы толғаныс»» атты баяндамасында Әбіш Кекілбаевқа былай деп баға береді: «Әбіш – табиғатынан, жаратылысынан ерекше туған, тарихтың құрсағынан, дәуірдің құндағынан, жалпы қазақтың кең пейілінен, құшағынан ерекше жаралған тұлға. Қазақтың даналығы да, көсемдігі де, шешендігі де, жыраулығы да, даңғылдығы да бір Әбіштің басына сыйып, жарасып тұратын. Оның көл-көсір білімі, кемел кеңесі, терең толғауы, шалқар шабыты, қазақтың бағзы жырауларын, ұлы шешендерін, дана билерін еске салушы еді. Әбіш маған жүзіп өте алмайтын мұхиттай, өткел бермейтін дариядай, жүріп өте алмайтын шексіз даладай, асу бермейтін биік шыңдай, алынбайтын қамалдай көрінетін. «Маңғыстау –әулиелер мекені, бұл түбекті 362 әулие мекен еткен, солардың арамызда тірі жүрген 363-шісі Әбіш Кекілбаев» деген едім. Мен бұл пікірден бүгін де айнығаным жоқ.

Мен Әбішті адам аяғы баспаған арал секілді күнде ашамын, ашқан сайын жаңа қырынан танымын. Көп кісі дүние тіршілігінде жаза басып қателеседі, біраз кісі «мықтымын» деп биіктеп сөйлейді, біраз кісі «жете алмадым» деп пұшайман хал кешіп кішірейіп жүреді. Бірде Әбіш сыр бөліскенде кешегі қан майданда Берлинге дейін барып келген ұстазының сөзін айтты. «Қарақтарым, ешкім ешкімнен артық та емес, кем де емес.

Біреудің қолынан келген өз қолымнан келмейді деп төмендемендер, біреудің қолынан келгенді өзім неге өсітпедім деп күндемендер», -деуші еді жарықтық. Әбіш сол ұстазы айтқандай өзін ешкімнен артықпын деп те, кеммін деп те санамайтын» [1].

Нұрлан Оразалин «Аңыз бен ақиқаттың алып кеңістігі» атты ой-толғамында: « Әбіш Кекілбаев туралы ойланған сайын менің есіме ылғи да қазақтың ісмер қара шалдарының қолынан шыққан осындай бір қазақы талбсік елестейді. Кең даламыздың қай қиырына барсаң да алдыңнан шығып, әр үйдің жылы төрінде тұратын, басына үкінің қанаты байланған кәдімгі қара бесік!...

Қара бесіктің құндағына бөленіп, балбырап, ана әлдиінің құшағында жатқан қара баланы көретіндейсің... Қара бала қазақ халқының арғы-бергі ұлан-ғасыр тарихын жадына тоқи жүріп, топты жарар шешенге, рухани әлеміміздің көшін бастар көсемге, кемел суреткерге, көрікті қаламгерге, көрнекті қоғам және мемлекет қайраткеріне, Қазақстанның халық жазушысы, Мемлекеттік сыйлықтың иегері кәдімгі ел білетін Әбіш Кекілбаевқа айналды» [1, 84-93 бб.].

Сауытбек Абдрахманов өзінің «Сардар. Ділмар. Елдар» атты мақаласында Әбіш Кекілбаевтың мәдениеттанушылығы туралы ойларымен бөліседі. Автор XIX –XX ғасырлар айырығында британ этнологы Э.Тайлордың «Мәдениет ... тұтастай алғанда білімнен, сенім-нанымнан, өнерден, парасаттан, заңдардан, әдет-ғұрыптар мен адамның қоғам мүшесі ретінде бойға сіңірген басқа да қабілет-қарымдарынан құралады» деген мәдениеттің классикалық анықтамасы мен Ә.Кекілбаевтың еңбектеріндегі мәдениеттану теориясы тұрғысынан назар аударарлық жайларды салыстыра қарастырады. «Қаламгер жазғандарында мәдениет тар аяда қарастырылмайды. Биік талғамсыз биік парасат жоқ. Ал биік парасат-үлкен жауапкершілік. Рухани бедерсіздік саяси тәуелсіздікті де тәрк етеді. Тойған тоғышарлыққа халықтың, адамның азаттығы емес, нәпсінің азаттығы керек. Мәдениет дегеніміздің өзі-адамдардың өздерін қоршаған орта және әлеуметтік аяны өзгертіп, сол екі ортада өздерін де өзгерте білу қабілеті. Бір ұрпақ екінші ұрпаққа тек өмір сыйлап қана қоймайды екен, оны адамзат адамзат болғалы мәдениет деп атап келеді екен. Оспадарсыз озбырлықтан түпкілікті опат болып кетпудің де, өткенмен бірге өшіп, өлгенмен бірге құрып бітпудің де жалғыз жолы-мәдениетті өркендету екен. Мәдениет, қазақша айтқанда кісі тануға, ел тануға, жер тануға, сөз тануға баулиды». Сонымен Бірге Сауытбек Абдрахманов Ә.Кекілбаевтың сөз орамдарына да тоқталып өтеді: «Кешегіміз түгенделмей, бүгінгіміз бүгінделмейді», «Бүгінгі тәуелсіздік-біреудің емес, күллі дүниенің ахуалына тәуелді болу», «Өліп-талып қолымыз зорға жетір отырған тәуелсіздіктің қадірін білмей, өйтіп шолжандайтындай біздің қазақ құдіреті күшті құдайдың не туған құдасы, қарын бөлесі емес. Мынау жарық дүниедегі өз түтінін өзі түтетіп жатқан қалған халықтар нені көрсе, соны көруге тиіс, нені білсе, соны білуге тиіс», «Тағдырға төтеп бере алған пенде кісілікке жетеді», «Елдік жоқ жердің бәрі-тамұқ, Тендік жоқ жердің бәрі-көр» [1, 94-102 бб.].

Әбіш Кекілбаев өзінің қоғамдық қызмет пен саясатқа қалай келгені туралы 1995 жылы «Егемен Қазақстан» газетіне берген сұқбатында: «Адамдар мен халықтардың арасындағы жарастыққа қызмет ету-менің суреткерлік те, азаматтық та парызым... Мен әдебиетші болмасам, саясатқа келмес ем. Суреткер болмасам, күрескер де болмас ем. Бұрын суреткер ретінде толғандырған мәселелер – мені азамат ретінде де толғандырып жүрген мәселелер еді. Қиял арқылы шешіп келген мәселелерге нақты өмірде тікелей атсалысуға мүмкіндік туып тұрса, одан қалайша бой тартамын? Оның үстіне, қай кезде де қаламгерлік еңбекті қоғамдық қызметпен ұштастырып жүрген адаммын» деген еді [2].

Әбіш Кекілбаев «Сыр десте» кітабындағы «Тәуелсіздік толғауы» бөлімінде елдің тәуелсіздігі туралы былай ой қалдарады: «Біздің ел болмағымызға шүбә келтіргендер де табылады. «Қайда барар дейсің, ертең-ақ бастарын иіп өздері келеді», -деп кергігендер де баршылық. «Енді бізге ермегенде кімге ереді дейсің?», -деп масайрап масанттанғандар да аз емес. Дәл осындай аума-төкпе, кіресілі-шығасылы заманда өз мүддесін толық, өз мақсатын анық білетін қауымдар ғана аяқ-жөніне мұқият бола алмақшы. Азаттықтың асау тұлпарының тізгігіне тұтымды уыс, тегеурінді тақым, тереңнен толғап, алыстан барлап, қапысыз шешім

тата алар кемел ақыл иелік ете алмақшы. Өзімізді өзіміз шындап, өзгеге есеміз кетпейтіндей боп, ар-намысқа тырысуымыз керек. Ар-намыс қана тәуелсіздікке тірек бола алады. Тәуелсіздіктің бағы сонда ғана жанады» [3].

Тәуелсіздіктің алғашқы күндерінде «Бүгінгі отаншылдық – төзім, бүгінгі ерлік – сабыр, бүгінгі елдік – тыныштық», – деген Әбіш аға, саналы өмірі мен бар болмысын сол тәуелсіздіктің тұғырын бекітуге аямай жұмсаған қайраткерлік қырынан да танылды. Ә.Кекілбаевтың «Тарих пен тәуелсіздік» туралы айтылған ой-толғамдары: «Біздің тарих – тақсіретті тарих. Сондықтан да оның ащы-тұщы тағылымы мол. Дәурендеген замандарымызды айтып дарақыланбай, дәурен тайған замандарымызды айтып қаралай сары уайым сапырмай, оның қалай болып, қалай қойғанын терең пайымдап, озған тұстарымыздан өнеге тауып, опық жеген тұстарымыздан қорытынды шығарып, жан-жақты тағылым алмайынша, бүгінгі жасампаздық керек саликалы ұлттық санаға қол жеткізе алмаймыз. Отаршылдық озбырлықты өрбітеді. Озбырлық жалаға жүгінбей тұрмайды. Тарихтағы талай қиянат көпе-көрінеу жалақорлықтан басталған. Өркениеттік бейқамдық – кешегі жеңгендердің ұрпақтарын бір кезде олардан жеңілгендердің ұрпақтарына кіріптар етті. Бодандық дегеніміз – обал-сауабыңды біреуге артып, құдайдың салғанына көну. Бостандық дегеніміз – өз тағдырыңның жауапкершілігін өз мойныңа алып, өз қамыңды өзің қамдау. Көшпенді тұрмыс құлақ кесті құлдықты, діни фанатизмді, әлеуметтік көнтерілікті, билікке бас ұрушылықты мойындаған емес. «Бас кеспек болса да, тіл кеспек жоқ. Өзіңе иілгенге иіл: ол – әкеңнің құлы емес, өзіңе шүйілгенге шүйіл: ол – Құдайдың құлы емес» дейтін қағиданы әліге дейін ұмытпай келген теңдікшіл, бостандықшыл халықтың жігерін тоталитаризм біржолата жер жастандырып кете алмады. Кешегі кенеуі кетіп тұрған қызыл тоталитаризмге алдымен қол көтерген қауымбыз. Азаттыққа жету қандай қиын болса, азаттыққа үйрену де сондай қиын. Азаттықтың асау тұлпарының тізгініне тұтымды уыс, тегеурінді тақым, тереңнен толғап, алыстан барлап, қапысыз шешім таба алар кемел ақыл иелік ете алмақшы. Тәуелсіздік – тәтті сөз ғана емес, ұлттық жауапкершілік. Тәуелсіздігімізді сырттың алакөздігінен, іштің алауыздығынан аман сақтап қалу – біздің тарих алдындағы ең басты парызымыз» [4].

Ә.Кекілбаев елді рухани дерттен сақтандыру, тіл тазалығы мен рух биіктігін сақтау мәселесі туралы былай ой бөліседі: «Мәңгүрттік-барлық ғасырда бар құбылыс. Аздың емес, көптің басындағы құбылыс. Мәңгүрттік – тек тілінді ұмыту, тегінді ұмыту емес. Тілің мен тегінді ұмытқаныңды да байқамай қалатындай әлеуметтік жетесіздік. Өзіңді ғана ойлап, еліңді ұмытып кететін пасықтық. Бүгінгіні ойлап, өткенді ұмытып кететін парықсыздық. Бүгінгіні уайымдап, ертеңгіні уайымдамайтын тайыздық. Ондайлар қайда жоқ?! Тек ана тілін ұмытқандарды жазғыру әділдік емес. Ана тілінде сайрап тұрған да талай мәңгүрт толып жүр. Ең басты мәңгүрттігіміз-өзімізді дұрыс бағалай алмайтындығымыз. Әр нәрсені бір сылтауратып, өзімізді өзіміз кеудеден итерегініміз. Басқаларға өкпелеудің жөні жоқ. Сыйлай білетінді сыйлай білмейтін кісі жоқ. Жаңаның жақсылығын, ескінің қадірін білмеген адам бәрібір біле алмайды. Таңсықтың соңынан жүгіре жөнелу бейтаныс жолаушының соңынан далақтап шаба жөнелетін әуілдектерді еске салады. Көбі саққұлақтықтан емес, әңгүдіктіктен әуілдейді. Қазіргідей заман өзгеріп жатқан тұста құдай сондай әлеуметтік әңгүдіктер мен әуілдіктерден сақтағай» [5].

Маңғыстау облысының әкімі қызметін атқарған Қырымбек Көшербаев «Ғұлама тұлға, ғибратты ғұмыр» атты ой-толғауында Ә.Кекілбаев туралы былай сыр шертеді: «Әбіш аға-ең алдымен сөз гергері, қаламгер. Оның қаламгерлігі туралы қазақ әдебиетінің алып бәйтерегі Мұхтар Әуезовтан бастап, талайлар орынды бағасын бергені белгілі. Жүмекен Нәжімеденов айтқандай Әбіш аға «екі кеме емес, үш кеменің басын» ұстаған қаламгер. Оның адам жанының нәзік қабаттарына ала жөнелетін ойшылдығы, талғампаз суреткерлігі, терең мазмұндық және психологиялық ізденістері, мол бояулы тілі, тағы да басқа шығармашылық қырлары оқырманға ауызбен айтып жеткізу мүмкін емес өзінше бөлек әлем. Қазақи сананың биігіне, жүрек толғанысының тереңіне бойлағың келсе, осы әлемді құрайтын шығармаларды бас алмай оқып шығу міндет. Түсіне білгенге Әбіш Кекілбайұлының қаламынан туған

шығармалар бізді кісілік пен адамсүйгіштікке тәрбиелейтін, кейінгі ұрпақтың бойына намысшыл тарихи сана дарытатын интеллектуалды қазына» [1, 7-9 бб.].

«Тарихтың жалай да сараң деректерінен нағыз шынайы көркем шығарма тудыру үшін бір-ақ жазушы тер төгеді. Ондай орасан істі құдайдың оң көзі түскен, қаламын періштелер тербеткен, мыңнан, а бәлкім миллионнан біреу ғана атқара алады. Әбішке тағдыр сондай үлес бұйыртқан. Әбішке осындай мол дарын берген күдірет оған бай мінезде берген», - дейді Шерхан Мұртаза [1, 394 б.].

Әбіш Кекілбаевқа тән қасиеттердің негізі-ойшылдық. Ойшыл Әбіш біркүнді, пендешілік қарекетінің аясында қалмайды, ол өткен заманға бойлайды, бүгінгі күнді ойлайды, тарих тағылымыға сүйеніп, болашақ туралы толғайды. Ойшыл Әбіш бір ұлттың перзенті емес, адамзат перзенті.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Әбіш Кекілбайұлы-Қаламгер. Қайраткер. Саясаткер. А., 2009., 56-57, 67, бб.
2. Ә.Кекілбайұлы 12 томдық шығармалар жинағы. 9-т. 397-398 бб.
3. Ә.Кекілбайұлы. Сыр десте. А., 1 т. 60-61 бб.
4. <https://turkystan.kz> › tulqa
5. // Егемен Қазақстан. №213, 2 қараша, 1995 жыл.

ӘОЖ 82.09

ӘБІШ КЕКІЛБАЕВ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ҰЛТ ТАҒДЫРЫ

Тәжіғұлова Ж.

Жекелеген пәндерді тереңдетіп оқытатын мамандандырылған Форт-Шевченко мектеп-интернатының қазақ тілі мен әдебиеті пәндерінің мұғалімі,
Форт-Шевченко қ., Маңғыстау облысы

Аңдатпа. Бұл мақалада Әбіш Кекілбаевтың ұлт тағдырын арқау еткен шығармаларына шолу жасалып, жазушы лабораториясы, шығармаларындағы заман шындығын бейнелеу шеберлігі сөз болады.

Түйінді сөздер: жазушы шеберлігі, жазушы идеясы, ұлт тағдыры, замана шындығы.

Әбіш Кекілбаев жазу барысында ауыр тақырыптарды таңдады. «Аңыздың ақыры» 1982 жылы неміс тілінде Берлиннің «Фольк Унд Велт» баспасынан жеке кітап болып шықты, ол 1999 жыл Будапешттің «Европа баспасынан венгр тілінде жарық көрді. «Үркер» романын 1978 жылы бастап, 1980 жылы аяқтайды. Ал келесі 1981 жылы «Жазушы» баспасынан жарық көрді. 1980 жыл мен 1983 аралығында «Елең-алаң» романын аяқтады да, ол 1984 жылы «Жазушы» баспасынан жарық көрді. Осы романдардың дүниеге келу аралығында бірнеше повестер жазды. Өз сөзімен айтқанда «Үркер» мен «Елең-алаң», «Аңыздың ақыры» мен «Құс қанаты» кітабына кірген повестердің бәрі бас-аяғы он жылдың ішінде жазылды. Аталған роман-повестерінде Әбіш тойымсыз жәдігөйліктен тарихи жәдігерлікті арашалап отырды. Қазақ топырағында туылған елді қорғаудың азаматтық жолы мен дәстүрлі жөн-жосықтың тарту таралғысына дейінгі әлеуметтік тартылыс заңдылығының философиялық құштарлығынан қол үзбей, құжатнамалық дәуірдің тарихи анықтамасын жазып шықты. Оның ішінде – ішкі айла-шарғының арпалысы, сырттай аңдысу, көзбе-көз арбасу, оймен ұстасып, сөзбен тоқтатысу, тағысын-тағы психологиялық ықпалдасудың барлық формасы бар. Әр кезеңнің кездейсоқ оқиғаларының себептерін қоғамдық қатынастан, мәдени аралықтан қарастырып отырды. Мәселен, «Аш бөрі», «Ең бақытты күн», «Ажар», «Бір шөкім бұлт», «Жүндібарак», «Күй» әңгіме-повестерін осындай теңізден мұхитқа түсер бұғазаралық аялдамасының өткелі іспеттес туындылар еді. Сондай-ақ, «Ақ қайың», «Кек», «Көз жасы»,

«Галстук сатушы қыз туралы хикая», «Ор теке», «Есболай», «Тасбақаның шөбі», «Ақырғы аялдама», «Міне керемет», «Бәйге торы», «Құс қанаты» еңбектері, Әбіш Кекілбайұлы көсемсөзінің алғашқы қарлығашындай ой мен қиялдың, шындық пен шырғалаңның өмір таразысына айналған еңбектері әлеуметтік қоғамдық маңызы зор көркем көсемсөз үлгісінде танылды. Мәселен, «Аш бөрі» әңгімесінің әсерлі шығуы заман шындығының көрінісін айғақтайтын туынды екендігінде. Күйші Құрманғазының күңіренісі – заманға білдірген назасы еді. Сібірге айдалып азапты абақтыдан азатты кең далаға табаны тигенде домбыраның қос шегі солқылдай жөнеледі. «Мұң шаққан әуез. Бірақ, егіліп-төгілмейді. Бір түрлі өрекіген өр күңіреніс» [1, 27]. Домбыраның үні, қасиетті қос шектің тілі – еркіндікті аңсау күмбірі. Сонау ауыр кезеңді сипаттау, бейнелеп баяндау асыл мұра домбыраның еншісіне тисе, орындаушысы – Құрманғазы, баяндаушысы – Әбіш. Рухы Алатаудай асқақ екі тұлғаның араға бірнеше дәуір салып сұхбаттасуы. Ал енді, сөзгердің «Көз жасы» [1, 46] әңгімесінде өмір ағымымен қайталанып келіп жатқан орайлы сәттерді, ұлы сезімді ұлтарактай сөзбен әдемі жеткізеді. Ойдың қабысуы, шындық дүниесімен орайласа өрбиді де шынайы өмір көркемдігімен беріле отырып, шымыр сөздермен айшықтала түседі. Мысалы, «... – Апа-ау, ана Сәбит бар ғой, әкем Жанкожа десем, шын әкеңнің атын айт деп кітабымды бермей қойды. Анасы отырған орнынан тырп ете алмай қалды. Басын жуып отыр екен. Қыпқызыл жүзін ұлынан төгілген қою кара шашы ғана жасырып тұрды». Алайда, Әбіш шындықты жасырмады. Ол адам тағдырын тәлкек еткен осы бір ауыр жылдардың көрінісін заманның келбетінен іздейді. Өмір шындықтың айнасы – сөзгер соны танып білу үшін оның себептерін халықтың басына түскен ауыртпалықпен байланыстырады. Уақыт өткен сайын қайғы мен қуаныш артта қалады да, еске алу кездері ұлғая түсіп сағынышқа айналады. Сонысымен өмір көші жалғаса бермек. Әбіш Кекілбайұлының еңбегіндегі ерекше сипатқа ие боларлық жайт – ол өмірдің өзі. Сол заман кесірінен келген кесапат сезім Нұртай баланың жүрегінде қалып қояды. Алайда ол кімді жазғырарын білмейді. Бала намыс, бала жүрек, құпия көңілдің азабын тартып, азалы күндерді бастан кешіреді. Мәселен, «Ертесіне ол тағы мазақтар деп мектепке балалардың ең соңынан кешігіп келді. Класқа кіре бергенде мұғалім оған неге кешіккенін, атын сұрап, бірнеше сұрақ қойса да, үндемейді. Бала жалт бұрылып есікке зыта жөнелді. Мұғалім аң-таң. Нұртайдың столдың үстінде қалып қойған дәптерінің бетінде екі тамшы мөлдірейді. Міне, асау өмірдің аумалы-төкпелі кезеңдерінен теперіш көріп, тепкі жеген жас ғұмырдың көз жасын – Әбіш шындығы әділет тұрғысынан баяндайды. Сөзгер баз біреуді айыптап, әлде біреуді күндеуден аулақ. Тек соғыс дәуірінің ащы кермегін, ел ауыртпалығының алуан қиындықтарын сол кезеңнің күнделікті оқиғаларынан алады. Автордың «Бір шөкім бұлт» шығармасының идеялық өзектілігі де динамикалық қуатынан өрбіп отырады. Ол турасында Сағат Әшімбаев былай дейді: «Автордың шығармадағы негізгі идеясы – бір шөкім бұлттай шағын семьяның басында болған қабырға қайыстырар трагедиялық өткір драмалық шиеленіске толы өмір эпизодтары, сол кездегі баршаны шарпыған, баршаның басындағы ащы шындық екенін көрсету» [2]. Демек, Әбіш қаламының дәуірлеуі қоғамдық шындықты көрсете білуімен өріс алды дей аламыз. 1969 жылы «Жұлдыз» журналында жарияланған «Күй» повесі әлеуметтік әділетсіз көріністердің қоғамдағы белең алған кезеңдерін сөзгерлейді. «Ұя мен жебе» сапарнама очеркі де 1968 жылы «Лениншіл жас» газетінде жарияланды. «Өмірмен өрелес өмір» (1965), «Өрісін тапқан талант» (1963), «Жыр мерейі» (1964), «Мұратына жеткен адам» (1966), «Сын неге сынала береді» (1965), «Романдағы адам» (1966) секілді еңбектері алғашқы жылдардағы Әбіштің тырнақалды туындылары делінгенімен, бұл тақырыптардың көтерер жүгі мен атқарар қызметі, берер тағылымы ұшан-теңіз. Жай сөз, жалаң сөйлемдер емес, сын, сараптау, талдау, салыстырмалы ретінде самғауға құлаш, созып, қанат сермеген ізденіс ілкімі болып есептелді. Алғашқы сүрлеудің арнасы кеңіп, толғақты дүниелер төңірегіндегі тақырыптар іріктеліп, толғандырған заман туындылары ақтарыла берді. Романдарға жол ашылып, арыны күшейіп, екпінге күш, қуатқа дес қосыла берді. Алайда, мұның өзі ізденушіліктен келген табыс. Шалдықпаған шабыс Әбішті жаңылдырмай жаңа соқпақтарға тарта берді. Кейінгіге мұра, ұрпаққа ұлағат бере кесек туындылар, кемеңгер ойлар сөзгердің қарымын кеңейте түсті.

Сондай-ақ, «Есболай» [1, 131-144], «Бір шөкім бұлт» [1, 230-290], «Көлденең көк атты» [1, 107-130], «Жүндібарақ» [1, 77-82], «Ең бақытты күн» [1, 3] атты еңбектері соғыс уақытындағы ауыл, ел тұрмысының күнделікті тіршілігін шынайы көрсетумен қатар адамдар өмірін де қаз қалпында еш боямасыз көрсетеді. Сөзгердің «Ор теке» [1, 88-101] еңбегіндегі табиғи жаратылыстың тауқымет тартып, қырғынға ұшырауын аянышты болса да айғақты жазған. Көсемсөзгер алмағайып заманның көрінісі мен күрделі күйкі тірлігін тамаша келтіреді. Бір топ киік. Жазыққа шықса да, жайылым жайласа да, суатқа түссе де, тіпті жан сауғалап биік аңғарлардан асса да екі аяқтылар тыныштық бермейді. Кәнігі кәрі теке қартайып, қалың қарда омбылап ол өлді. Жас теке – Ор теке үйір киікті игеруге тырысады. Алайда, екі аяқтылар мен төрт аяқты азулыларға жем болып, озбырлықтың құрбанына ұшырайды.

Енді, қаламгер даланың келбетіне шырай кіргізген сұлу мүсін жаратылыстың психологиясын адамзат мінезімен арасалмақтайды. Олар да өмір сүргісі келеді. Еркіндікті, мамыражай тіршілікті аңсайды. Тыныштыққа аңсары ауады. Бірақ, армандары алыстап кетеді. Осыны Әбіш идеологиялық тұрғыдан алады да адамзат дүниесінің ашкөзділігімен салыстыратын нысанаға айналдырады. Айталық, Ор текенің ойын былай береді. «Осылардың жайбарақат жайларына жайылып жүрген жабайы үйірдегі шаруалары қанша екен?... Кең дүниені қарадай тарылтып, қарадай қараң суға алдыратын да жүретін бұл неткен кесір нәсіл еді?!» ... Қара жердің бетінде қаптай жайылып өз төлдерім жүреді ғой деп еді. ...Жақсы үміттің адымы неткен қысқа еді. ...Неткен келте дәурен еді! ...Тіпті алдындағы үйірін жаңа бауырына түгелдей қысып шығып та үлгере алмапты. ...Үлгергендері де аяқ астынан жалп-жалп тыраң асты. Енді оларға бастарын қосып бір үйір, бір қауым боп бірге өріп, бірге түнеп жүрер дәурен қайда!» – деген Ор текенің ішкі монологы – сыртқы дүниенің қапысыз қайранына өкіндіріп, ғапыл өмірдің қаперінде қысқа тартып кеткенін шындықпен алмастырады. Көсем еді, көш бастай алмады. Көсіліп бауырын жаза алмады. Бас болғысы келген бала теке «... дымға түсінбей бейкүнә қос жанар айнала тосқан тажалдан басқа ештеңе ұсынбаған жарық жалғанды қимағандай тесірейіп жатыр...» [1, 101]. Дала тағысының ішкі жан дүниесінің күйзелісі – табиғат ана тағылымының бұзылуын, тепе-теңдіктің, қоршаған орта жарасымдылығының ойран асыр алапатқа айналуының қоғамдық сипаты еді. Географиялық орта мен экологиялық және биологиялық түрдің тепе-теңдік мөлшерінің жойылуы еді. Айталық, «Екі аяқтылар сеңгір-сеңгір қара қошқыл таудың екі бөктерін де қасқыр тиген қотандай бөрліктіріп бірденелерді қазды, бірденелерді үйді. Күнде дүрсіл, күнде тарсыл» [1, 92] деген шалғайдағы шарасыз текенің жарық дүниеге деген құштарлығын, сөзгер тізбектелген ой өрімдерімен еңсеріп, кестелі жұмсақ сөйлемдермен жұмырбасты пенделердің түйсігіне салады. Сөзгердің «Құс қанаты» повесіндегі идеялық көркемдіктің қаншалықты салмақ көтеріп, қаншалықты кезең сүрендерінің жүгін арқалап тұрғанын аңғарған сайын аңсарың ауа түседі. Мазмұны – қарт ана, жалғыз ұл, қыз тұрмыстанған. «Марқұм осы үйдің адамы осы баласы туғанда қолындағы жалғыз қашарын кіндік кесерге беріп еді». ...Баласы екіге толмай жатып майданға кетті. ...Сол кеткеннен мол кетті» [3, 8-9]. Ұлы ержетіп, оқу бітіріп қызымет істейді. Қалаға шешесін қолына алады. Қарт ананың ауылдас, құрбылары әзілдеп «қолыңды жылы суға маларсың,» дейді. Ұлы үйленеді. Анасы көп жыл осыны арман еткен еді. Қар жауады. Қыстың соңы. Кемпір оны «Құс қанаты», – дейді. Кейіпкерлердің аты аталмайды. «Осы үйдің адамы», «Әй біздің үйдің әйелі», Атасы, әжесі деп қана алынады. Мәселен: «Анада шашын алып беріп кеткен ақсақ қоймашы: «Мына патшағардың басы қызық екен. Маңдай жағы жаңа піскен тәмші қауындай дөңгеленіп жатыр да, желке жағы қазанның асқабағындай қыртыс-қыртыс. ... Мынауың әйтеуір мен көрмеген бас екен!» [3, 9-10 бб.], – деген «Шопан қайнағасы» деп аттарын атамайды. «Баласы кішкентайында әуейілеу еді. Мал сауып жатқанда қой қосақтас деп жіберсең, ауылдың шетінде батып бара жатқан күннің шапағына қарап аузы аңқайып тұрар еді. Қарт ананың ойы. Күйеуі отыз үш жасында соғысқа кетіп оралмады. Өзі сері еді. Той-томалақ ойын-сауық онсыз өтпеуші еді. Ауылдан аттанарда: «– Көз көрген сары аяқ келіп едің, мына оқымысты неме ит арқасы қиянға алып барады», – деп аумалы-төкпелі заманның ырқы солай болса,

жалғызымның жанында болайын деген қарт ананың ойын қаламгер ширата келіп, «Қия шеттегі бөтен қала, бөтен молада атасы жатыр. Қай бұтаның түбінде қалғаны белгісіз әкесі жатыр. Менің жаным, менің сүйегім солардан артық боп па: Жер таңдайтын, мола таңдайтын жайым жоқ. Жалғызымның қолынан бір уыс топырақ бұйырып, қара жердің астына кірсем армансызбын», – деп кедір-бұдыр жолда сылдырақ машинаға қосыла тербеліп бұл келе жатты» [3, 25]. Қаламгердің көсемсөзділігі де осы арада көркемделіп қарт ананың ой-көзқарасы арқылы уақыт келбетін аша түседі. Нақтылық деңгейін тану үшін де стильдік ерек қолданысқа да ие. Әрі ұлттық, дәстүрлі бабалар жолының ардақталып, мұрагерлік бейнетін көтеру, оны сақтау, сол жолдағы кедергілерге де бас тігу оқиғалы емес, саналық тіні қаламгердің дәуірді меңзелеп сипатын аша түскен. Әбіштің алғашқы шығармаларының арқауы – сұрапыл соғыстың зарары. Қоғамның көрінісі бағы ашылмаған жандар, зарлаған аналар, көз жасына малынған қыз-келіншектер, басқыншылықты басынан өткеріп отырған жұртшылық пен тұқыртқан тұрмыспен алысқан тұрғындар, тоқыраған шаруашылық, тоқмейілсіген дұшпанның басымдығы бәрі тұтасып келіп топалаң түзге айналған дәуір жүгін ел иығына аса салған. Міне Әбіштің көрегенділігі мен пайым-пішімділігі кезеңдер кесапатын, адам жанының ішкі күйзелісін психологиялық әлеуметтану тұрғысынан танып білуінде. Сөйлемдері тік шаншылып, ашуға батпайды, тезге берілмейді. Арзанға ұтылып, мінезге жеңілмейді. Бұл Әбішке ғана тән қасиет. Шайқалған дүние, шашылған ел-жұрт, сүреңсіз сұрғылт заман, адамдар төзімінің төрешісі болған уақыт шіркіннің ұзақтығы бәрін қалжыратып тастаған. Өйткені, азапты күнің жылға парапар, ал қуанышты сәтін түс көргендей-ақ. Сондықтан, алыстағы арманың қыр асқан сайын жақын көрініп, таяған сайын ұзара түсетіні де содан. Ақыры онымен қауышарың хақ. Қоғамның өзгермелі кезеңдеріндегі орын алған адамдар санасындағы күйзеліс-қиналысты тудырып, табиғи тұрмыс салтына қайта оралудың жолдарынан алшақтай береді.

Уақыт дүрбелені әкелген қым-қуыт бұралаң белдерді басып, жазыққа шығып жансақтау тәсіліне көшкен қарапайым ауыл адамдарының ішінде Әбіштің жан дүниесі де қоса қабат жүруі осындай заңдылықтың ережесіз қабылдануында еді. Көсемсөз иесінің қисынды ойларының негізі де осындай шындық шеңберіндегі кәсіби тұжырымға жетуі. «Құс қанаты» еңбегінде қаламгер кейіпкерлерінің аты-жөнін атамайды. Оның екі жақты себебі бар. Біріншісі, Герольд Бельгер айтқандай «ол көшпенділер өмірінің қазір ұмытыла бастаған этнографиялық детальдарына ерекше мән береді. ...Сол детальдардың әлеуметтік – философиялық мән мағынасына үңіліп халық өмірін, адам жанының ішкі иірімдерін ашуға тырысады» [1, 12]. Бұл пікірді құптай отырып, қазақтың бабалар салған дәстүрлі үлгі-өнегесінің заман шындығының айнасы екендігінде шүбә жоқ. Екіншіден, қаламгер кейіпкер атауының бәлендей маңыздылығын айтқалы тұрған жоқ. Мәселе, әңгіменің бас-аяғы аралығындағы қоғамдық тарихи құбылыс тудырған тағдырлар тақсыреті. Автордың «Бір шөкім бұлт» шығармасын оқығанда да күрделі шырғалаңға шырмалмай көркемділігіне көңіл тояды. Қаламгер еңбегінің жемістілігі зіл батпан уақыт салмағының аяусыз сәттерін айшықты суреттеуінде. Жүздерінде мұң, көкіректерінде шер, тек ертеңгі күнге деген үміт ұшқынын жоғалтпаған ауыл адамдары бір-бірімен тағдырлас еді. Әр таңды «аһылап» атқызып, әр кешті «үһілеп» батыратын сол бір шыдамды да төзімді қарапайым жандардың жүдеу жүздері әр сәт қуанышты күтті, әр сәт күлімдеп жанарына жалт етіп, сәуле шашар шуақты минуттарды аңсады. Тек ертелі-кеш еңбекпен ғана еңселерін түзеп, есірік заманның епсіз күндерін сенімділікпен серпіп, сергектілікпен жеңе білді. Күнде атың өшкір «қара қағаз», күнде бір жанұя күніренуде, үлкен кіші үдірейіп, бала-шаға үрпііскен қарасы батқыр қара заманның ақыры барма екен, – деп күйзелгенімен, күңіреніп кетпей, ұйымдасып, ұйыса түседі. «Осы ауылда жалғыз қорқатыны почташы Түсіп, – Бұл күнде бұл ауылдың Китлері Түсіп болды ғой» [1, 269], – дейді Теңге кемпір. Аласапыран айқастан қан төгіліп, қылыш сермер, оқатарлар оқиғасын көрмейсің. Ол сыртқы дүние. Алайда, Аққаймақ, Шайзада, Жаңылсын, сынды кейіпкерлерді жеке дара тану үшін дидарласып отырасың. Қаламгер шығармашылығының тақырыптық идеясы бір текті тұжырымдылығымен ашық мазмұнда дами түседі де жұмырбасты пенденің басындағы жұмбақ дүниені емес, Аққаймақтың және

оның төңірегіндегі ішкі жан құбылыстарындағы терең толқынысты тарихи тауқымет шындығымен сабақтастыра отырып, қоғамдық көріністің динамикасын поэтикалық суреттеумен өзіндік қолтаңба қалдырады.

Ізденіс аясындағы Әбіштің тапқырлығын аңдыр болсаң, Аққаймақ жоқ іздеп шығады. Құбыла жолмен жоталардан асып, әртүрлі ойдың жетегінде кетпей, «өмір өткен күн емес, есте қалған күн» – дегендей артта қалған «мың күнді» көз алдынан тізбектейді. «Бұрнағы күні шығарда ашу үсті абайламай күйзеліп кетіпті. Ермекжан: «Апа, қайда барасың?», – деп жабыса берген соң, – «Түйе іздеп... Осы үйде ол жамандатқырды мен іздемегенде кім іздейді» [1, 231], – деп қонып еді атқа. Осы арада автор өз кейіпкерімен үзеңгілес қатар келе жатқандай. Оның көңіл күйі де, іс-әрекеті де сөзгердің мінез құлқымен ортақтасып, қарама-қайшылықтың заңдылығынан жапа шегеді. Алайда, сөзгер мен заманның дәуірлестігін қоғамдық ара-қатынастан тауып отырасың. Әңгіме, сыр-сұхбат құрғандай, оның көңіл күнделігін ашады. Ал, Аққаймақтың «көңіл күнделігінде» шерлі заман шежіресі жатыр. Ол шежіре бейбіт елдің қасырет белесінің айнасы. Бейнетті күндердің берекелі шақтары жақындағандай болғанымен «Бір шөкім бұлт», «тек бұның үстінде ғана бір шөкім бұлт тұр» еді деп содыр дәуірдің солқылын таңбалайды. Әбіш Кекілбайұлының «Жүндібарақ» еңбегіндегі шағын ауылды қаумалаған қиындықпен қоса тауқыметі көп жылдардың келбетін адамдардың көңіл-күйін, табиғаттың құпия мінезімен байланыстыра нанымды береді «Шашып тұрған сәулесі де ақ теңбіл, көк теңбіл, сары теңбіл боп әлемтапырақтанып кетіпті». Таутасырдың тасасында жасырынған аюлар да адамдарды тас лақтырып мерт қыла бастайды. «Желтөбенінің етегіндегі ...кішкене қыстақты шошытатындай сұмдық-ақ көп екен бұл дүниеде» [1, 77], – десе қыспақта қалған қыстақтың соғыстан оралмаған тұрғыны Текес, «Аюдың терісін бауырына басқан күйі баяғы үңгірдің аузындағы қара тасты құшақтай құлаған» [1, 82] оның жары Ажар ажал құшқанда – үрейден жанпидалыққа барды ма? Жоқ. Әрине, мына зар заманнан баз кешкен Ажар Текеске деген сағыныштың сары уайымына түсіп, онымен о дүниеде кездесуге бел буған болды. Осы шығарманың психологиялық тұрғыдан өрбуі сол кезеңнің ауыртпалығын, адамның жан-тәніне, тіпті, санасына әсер етіп уайым-қайғының құрсауында қалдырғаны шындық дүниесі еді. «Көз жасы» еңбегіндегі күйеуі майданнан қайтпай қалған Ажардың тағдыры Әбенмен байланғанда «жігіт қызуы бірте-бірте молайып денесі де жақын сезілді» деп шынайылық сюжетімен әдемі келтіргенде оның нәтижесі «Қып-қызыл жүзін ұлынан төгілген қою қара шашы ғана жасырып тұрдыға» әкеп соқтырды. Алайда, бүгінгі көзқарас тұрғысынан алынған таңдау таразысы мен талдау талабына ден қояр болсақ, Әбіш Кекілбайұлының, «Ең бақытты күн», «Аш бөрі», «Көлденең көк атты», «Есболай», «Ор теке», еңбектері бір қолдан шыққан бірыңғай типтес, мазмұндас болғандықтан дәуір панорамасын кең ауқымда көз алдына елестете аласың. Себебі, заман шындығын боямасыз бұлтартпай тастайтыны ақиқат. Әрі философиялық ұғымды өмірдің өзінен алып береді. Өйткені, тіршілік – ғұмыр философия. Қалтарыс қамбылына малтыққан тірінің күні үнемі қимыл-қозғалыс, іс-әрекет үстінде сомдалады. Қиырдағыны көріп, қиядағыны шалады. Секемшіл, сонысына қарай сақ. Қиындықты қарсы алып, қайырымдылықпен шығарып салады. Өмір деген ұлы дауылдың жел жағына шығып, аяусыз тағдырдың ажырамас бөлігі адам екенін ұғынып, ол үшін мүсіріктенбей пендешілігін алға тартып, ардақты жаратылыстың айбынды күрескері ретінде асауланады. Осындай көсемсөзділікпен жазылған Әбіш философиясы тулаған толқынды шабыт алады да заман тербелісінің тетігін тапқандай кейіпкерлерінің жан даусы – дәуір дүбірі, тән жарасы – заман сызаты, – деген ой түйсікке түйінделеді. Сондықтан да Әбіш еңбегінің биік мұнарасына жетуді мұрат етіп, ондағы кейіпкерлердің көлеңкесіне бірге тоңып, көз жасына бірге малынасың. Жалпы, Әбіш Кекілбайұлының тәуелсіздік, егемендік тақырыбындағы көсемсөзділігі кездейсоқ дүние емес. Қаламгер идеясының түп мақсаты халықтық драмаға айналады да оның төркінін тағы да жалпы халықтық, қоғамдық тенденциядан іздейді. Демек, Әбіштің пайымы тарихи теңсіздіктің кеспірі әлеуметтік әділетсіздікті тудыратындығын айқындай түспек. Алайда, осының өзі қоғамдағы шешуші факторға айналатынын дәлелді келтіреді. Мәселен, «Елең-алаң» «Үркер» тарихи романдарында дерекнамалық ахуалдарды

көркемсөзбен өре отырып, оның маңызды әлеуметтілігін арттыра түседі. Сатыр-сұтыр сойылдар мен қынсыз қылыштардың жарқылын үнемі көз алдына әкелмейді. Әлеуметтік қатыгездікті адамдардың, би-сұлтандардың мінез-құлқымен, айла-шарғысымен ашады. Хан Әбілқайырдың орыс елшісі, Тевкелевті астыртын шақыртуы, ханның өзін, ел ағалары мен рутайпа басшыларының қарсылығына ұшыратады. Осы бір жоңғар шапқыншылығы кезеңіндегі тарихи шындықты Әбіш трагедиялық көрініспен емес қисын (логика) мөлшерімен сипаттайды. Әбілқайыр ханның арманы жоңғар басқыншылығынан бас сауғалау емес, елді қантөгіс апатынан аман алып қалу. Тұтас бір ұлттың келешегін сақтап қалу үшін де Бөкенбай, Есет батырлар қолдау көрсетті. Сөйтіп, ауыр да болса ертеңгі ұрпақ өзі таразылай жатар деп тәуекелге бел буды. Ұлы Ералыны кепілге берді. Қандай жағдайда, қалай ойласаң да басқаша шешім жоқ. Жеке бастың, арам пиғылдың шешімі емес. Жұтылып бара жатқан жұртын, жоғалуға айналған елді мекенін, даңғаза дүбірден тозған даласын адақтап алу мақсатында би сұлтандар алдында басын бәске де тікті. Міне, Әбіш Кекілбайұлының романдары желісіндегі көсемсөзділік нышанды – Әбілқайырдың тәуелсіздік жолын іздеу амалынан байқаймыз. Өмірдегі беймәлім құбылыстарды сол кезеңнің өзінен, оқиғаларынан, адамдардың көңіл-күй сезімінен іздеді. Тіршілік дүниесінің ұңғыл-шұңғылына терең үңіліп, оның психологиялық құпия сырларын ашуға ақыл-жігерін жұмсады. Сөйтіп, философиялық пайымдауларға қол жеткізді. Күнделікті қабысқан күрделі қозғалыстан, уақыт ағымын, өзгеріс бағытын аңғарып отырды. Алайда, мұндай жетістіктерге төзім мен табандылығының арқасында қол жеткізді. Сөйтіп, оның қаламынан «Бағзы мен бақиды жалғастырар сара жол» (Жұлдыз, 1988, №12), «Ортеке», (Жалын, 1989, №6) «Ауыз», (Жалын, 1989, №6) «Бір уыс топырақ», (1974) «Көлденең көк атты» (Лениншіл жас, 1975), «Есболай», «Ең бастысы – ел тағдыры» (Лениншіл жас, 1990), «Әділет бар жерде ынтымақ бар» (Қазақ әдебиеті, 1989, 11 тамыз), «Ел еңсесі биік болсын» (Халық кеңесі, 1990, №1), «Тасбақаның шөбі» (Жұлдыз, 1978), «Міне керемет» (Жұлдыз, 1978), «Құс қанаты» (Жалын, 1978), «Бәйгеторы» (1974), «Ақ қайың» (Жалын, 1989 №6), «Тырау-тырау тырнарлар» (1973), «Ұйқыдағы арудың оянуы» (Жұлдыз, 1975) сапарнама очерктері мен повестері жарық көрді. Сондай-ақ, «Бір шоқ жиде» (Жұлдыз, 1978), «Самғау мен құлдырау» (1976), «Өмір, талант, шығарма» (Жұлдыз, 1982), «Бунинмен жолыққанда» (Лениншіл жас, 1970), «Өлең көкжиегі» (Жұлдыз, 1971) сияқты талдау, сараптау еңбектерін жазды. «Асқар биік әлі алда» (Жалын, 1987), «Қалтқысыз шындық жыршысы» (Қазақ әдебиеті, 1988), «Шабыттың шалқар өрісі» (Қазақ әдебиеті, 1989), «Шыңырау» (1971), «Шеткері үй» (1978), «Өнердің өрен жүйрігі» (1987), «Үркер» романы (1981), «Елең-алаң» романын (1984) атап айта аламыз. Әбіштің осындай архитектуралық толғаныстарынан, ұлттық пішіндерді аршып алуға әбден болады. Жаратылысқа деген жанының тазалығы, елге, жұртқа, тіпті, әлемге тілеген тыныштылығы кемеңгерлік сипатын аша түседі. Лек-легімен төгіліп жатқан пайымдаулар, шымыр сөз, шебер сөйлемдер автордың көсемсөздігіне лек шеберлігіне еш күмән туғызбайды. Қоғамдық сараптау еңбектерінде алапат ой қисындарымен әлемдік даму тенденциясының қалтарыстарын шаршамай шарлап, шалдықпай шолып шығады. Әбіш Кекілбайұлының сүбелі ойлары, сүйекті сөздері оның мінез-құлқын аша түседі. Уақыт пен кеңістік аралығында адамзат кешкен алапат кезеңдерден жақсы тағылым таба білуі осының айғағы. Сөйлемдері бір оқиғаны баян еткендей, баяу бастау алады да, шиырлана, қоюлана түседі. Бірте-бірте салалас, аралас, құрмалас құрылымдар жеке дара дерекке айналып, теңіз түбінде жатқан маржан тастай табылған құндылыққа бет бұрады.

Әбіш – қоғамдық ойды ашық айтқан сөзгер, әрі тура жол сілтеген қаламгер. Әбіш әлем таныған публицист. Оның тақырыбы алуан түрлі, бірақ, қоғаммен, елмен, тіршілік дүниесімен біте-қайнасқан тақырып. Көркем, өзекті, өміршең тақырып. Әбіш Кекілбайұлы жалпықоғамдық, жалпыадамзаттық мәселеге, даму жолындағы мәдени ықпалдастық пен саяси-экономикалық ымыраластықтан орын табу біздің ел үшін, болашағымыз үшін бүгінгінің үлкен бетбұрысы деп біледі. «Өйткені біз қиял дүниесінде емес, шындық дүниесінде отырмыз» [4]. Автордың еңбектеріндегі шындық – адам тезисі – тәуелсіздікті қорғау, егемен еліміздің бағына сына, барына балта шаптырмау. Есесіне әлеуметтік ой

қалыптастыру. Бодан болған адам бостандықты түсінеді, тауқымет тартқан ел тәуелсіздікті ұғады. Сондықтан, тақымын қыспаса тақырға құлайтын балаң мінезден арылып, іскер кезбен қол алысуымыз шарт деген байламды білдіреді. Бұл терең ұғымды, пайымдарды ғылыми стильде, алайда, жалпыға бірдей түсінікті көркем тілде жазады. Ортақ элементтің жиынтығынан тұратын мақала, очерк, шолу, талдау еңбектері дәйекті, дәлелді, әрі жүйелі сөйлем құрылымы арқылы құндылық сапасын арттыра түседі. Қысқа сөзбен бірнеше қабат ойдың терең мағынасын береді, мәселен: «Бүгінгі ерлік – сабыр». «Бүгінгі елдік – тыныштық» [5] десе, ендігі бір кезекте «бүгінгі тәуекел – осы жолдағы жаппай жауапкерлік. Бүгінгі ерлік – осы жолдағы жаппай ыждаһат» [6] деп нақтылыққа жүгінеді. Яғни, алдыңғы қатардағы сөйлем иірімін қандыра отырып, екінші компонентпен түсіндіре байланыстыра сабақтастырады.

Ә.Кекілбаев шығармаларынан ұлт тағдырының ауыр да қилы кезеңдеріндегі тарихи оқиғалар желісін бүгінгі тәуелсіздік аңсаған елдің ұлы арманымен ұластырып жатқан қоғамдық идеясын аңғарып отырасыз. Сол жолда ұлы жазушы ел мұңын, ел арманын шығармашылығында аша білді.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Кекілбайұлы Ә. Повестер // Он екі томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Өлке, 1999. – 1 т. – 27 б.
- 2 Әшімбаев С. Салиқалы сөз, соны із // Лениншіл жас. – 1967. – 19 қаңтар.
- 3 Кекілбайұлы Ә. Құс қанаты // Он екі томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Өлке, 1999. – 2 т. – 5-53 бб.
- 4 Кекілбайұлы Ә. Бетерден де бетер бар деген осы емес пе? // Егемен Қазақстан. – 1992. – 7-12 қараша.
- 5 Кекілбайұлы Ә. Ел тағдырын шешетін жасампаз кезең енді келеді // Лениншіл жас. – 1997. – 29 наурыз.
- 6 Кекілбайұлы Ә. Жарқын бетбұрыстың жойқын беташары // Егемен Қазақстан. – 1996. – 12 қараша.

ӘОЖ 82.09

ӘБІШ КЕКІЛБАЕВ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ ӨЛКЕ ТАРИХЫ КОНТЕКСТІНДЕ

Тоқбаева Л.Қ.

Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті

Аңдатпа. Мақалада Әбіш Кекілбаевтың өлке тарихына қатысты еңбектеріне шолу жасаған. Әбіш Кекілбайұлының шығармаларынан Әбіш Кекілбаев шығармашылығының Қазақстан географиясын оқытуда алатын орны да сөз болады.

Түйінді сөздер: Әбіш Кекілбайұлы, өлке тарихы, Маңғыстау ескерткіштері, Қазақстан географиясы.

Әбіш Кекілбаев – ХХ ғасырдағы қазақ әдебиетінің, әрісі әлем әдебиетінің санаулы сөз саңлақтарының бірі. Қалам Әбішті қайраткер атандырды, тек әдебиеттің ғана емес, мемлекет пен қоғамның қайраткері. Мырзатай Жолдасбеков: «Маңғыстауда ежелден 362 әулие бар еді, 363-ші әулие Әбіш Кекілбаев шығар»-деп пікір білдірген болатын. Шын мәнінде осындай заңғар жазушыны әулие деп атаудың еш әбестігі жоқ деп білемін. [1]

Қазақстанның Халық жазушысы, мемлекеттік сыйлықтың, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Президентінің Бейбітшілік және рухани келісім, тағы да «Тарлан» сыйлықтарының иегері. Қазақстан Ғылым академиясының академигі, «Құрмет белгісі»,

«Қазақстанның тұңғыш Президенті Н.Назарбаев», «Отан» ордендерін өңірінде таққан айтулы азамат. Қазақстанда қаламгерлер арасында алғаш болып Қазақстанның Еңбек Ері атанды. «Түрік дүниесіне қызмет» халықаралық сыйлығының лауреаты, сенатор, XX ғасырдың әлемдегі ең үздік 100 жазушысының бірі атанған. Бірақ ол ең бастысы – жазушы. Әдебиеттегі қадамын өлеңмен бастап, «Алтын шуақ», «Дүние ғапыл» кітаптарын жарыққа шығарған, әдеби сында да біраз тер төккен ол қара сөзден май қалқып, тортасын айырған әйгілі прозашы. Бұл саладағы алғашқы әңгімесі «Ажардан» бастап, «Ашбөрі», «Ең бақытты күн», «Тасбақаның шөбі», «Ақырғы аялдама» сынды ондаған дүниелер туғызған ол бұл күнде әлемге әйгілі «Күй», «Шыңырау», «Ханшадария хикаясы» сынды әлденеше повесть, «Үркер», «Елең-алаң», «Аңыздың ақырындай» айтулы романдардың «Абылайхан» сияқты кесек драмалардың авторы. Қазір оның қаламынан туған «Автомобиль», «Құс қанаты», «Бір шоқ жиде», «Шеткері үй», «Бәйгеторы» хикаяттары XXI ғасыр табалдырығындағы қазақ әдебиетінің алтын жамбы-озық үлгілері болып табылады. Әлем әдебиетінің әйдік сыншылары мен зерттеушілері Әбіш қаламынан шыққан толайым туындыларды аударып, төңкеріп «Ол- қазақ әдебиетін трагедиялық хикаят, аңыздық-тарихи монументальды романдар үлгісімен байытқан зор талант» деп баға берді.

Қасиетті Маңғыстаудың әрбір тасы тарихи шежіреге толы. Бұл маңғаз өлкенің сұлулығы мен кереметін ақындар жырмен жеткізе алмаса, әншілер әнмен сайрап жеткізе алмаған. Себебі, Маңғыстау күннен-күнге жаңарып, жасарып келеді. Маңғыстау топырағы болашақтан қара таспен тілдескен талай марғұландарды күтуде. Енді осы Маңғыстаудың ойқырын кім зерттейді, ән –жырын кім жазады деп жүргенде, бала кезің ұлағат дана кезің, Тырнап ашқан сен едің дала көзін. Кәрі дала сан ғасыр толғантқанда, Маңғыстауым туа алған дарабозым-деп, -ақын С.Нұржан жырға қосқанындай, Мырзайырдың топырағынан Әбіш атты алып кемеңгер, ойшыл, дана, қарапайым сөзбен айтқанда осы бір ғажайып өлкенің қырсырын ашушы, яғни, өзгелерге туған өлкесін таныстырушы бір ұл дүниеге келген еді.

Әбіш Кекілбақтың шығармаларының незгі түйіні –адам арасындағы, өмірдегі, табиғаттағы жарастықпен келісімдіктің жаршысы. Оның туған ауылына, туған жерге арналған шығармаларын шын тебіреністен шын шабыттан, қуаныш пен сағыныштан туған. Әрбір қазақ үшін Әбіш Кекілбаев еңбегінің үлкен тәрбиелік мәні бар. Әбіш Кекілбаев Қазақстан жерін, оның ішінде Маңғыстау жерін шығарма тілінде сипаттаған географ жазушы.

«Бір жақ мүйісінен ақсиып жол шығып жатқан құмақ жалдың күн батыс бетіндегі көлдеу ойға дұрыстап зер салған кісі Маңғыстау шертер хикаяның Түйіндіін тапқан болар еді...» деп бастайды ол өзінің «Ұйқыдағы арудың оянуы» атты шығармасында. Бұл шығармасында жазушы нақты деректерге сүйене отырып, аса мол қазба байлықтарымен аты аңызға айналған Маңғыстау түбегінің өткені, бүгіні, келешегі жайында қызғылықты сыр шертеді.

Ірі индустрия орталығына айналған өлкенің экономикасы мен мәдениетінің жарқын болашағы мен бүгінгі проблемалары жайлы сөз қозғайды. [2]

Маңғыстау! Тұла бойы тұнған құпия-сыр елі, 360 әулие мекені. Оның пұшпағы, әр тасы ертегі, әр тобесі мен сайы аңыз. Оны мекен еткен адамдар да аңыз. Оның жері қандай, жер бетіндегі атаулары қандай! Шайыр, Меред, Тамшалы, Өрмелі, Босаға, Сынды, Қаламқас, Шерқала... осылардың бойында қаншама сыр бар. Маңғыстау сирек қонысты, табиғаты қатаң, географиялық тұрғыда оқшау орналасқан аймақ. Әбіш Кекілбаев «Маңғыстау дариясы-халқының көкірегінде» деген мақаласында,— Маңғыстауға құдай бәрін берген-астына да, үстіне де. Маңғыстау дегенде Құдайдың сараңдығы ұстаған бір жері бар. Ол-біздің жерге өзен бермеген. Жұртқа Әмудария, Сырдарияның бәрін бергенде Маңғыстауға Манашының Ащыағарынан басқа ештеме қимаған. Бірақ Құдай әділ болған соң ғана Құдай болып тұр ғой деп ойлаймын. Сол жерінің бетіне бермеген дарияны осындағы халықтың көкірегіне берген,- деген.

Маңғыстау географиялық картасында ойып орын алған, белгілі бір жерде телінген ертегі- аңыздар жеткілікті. Олар: Қарағантүпе - Мерт, Тамшалы, Молда тас, Таушық-

Сарытас өңірінде ноғайлы аңыздармен қатар айдаһар мен үлкен жылан туралы аңыздар, Керелдегі Қаламқас ару аңызы, тіпті ең соңы Құлбарақ пен Балуанияз батырлар туралы аңыздар. Әбіш Кекілбаев Маңғыстаудағы географиялық нақтылыққа ие болған аңыз ертегілерді былай топтастырған:

- Жер су атауларының мәнін түсіндіретін аңыз ертегілер:
- Географиялық объектилердің, тау, төбе, т.б сипатын Ерсарының қайрағы және Ерсарыға қатысты әңгімелер. Меред сұлу аңызы.
- Нақты мифтік топонимдер: айдаһар мен жыландар ауланды, өлтірілді деліетін Батыс Қаратаудың төңірегіндегі сай үңгірлер.
- Зираттар мен құдықтарға байланысты аңыздар, бұл ертегі-аңыздардың ең көп бөлігін құрайды. Маңғыстауда өмір сүрген мұсылман әулиелері туралы және кейінгі қазақтың киелі кісілері туралы аңыздар.

Темірбаба жайлы аңыздар.

Теңіз жағасында аяғын суға малып отырған Темірбаба жер түбінен - Хорезмнен келе жатқан Шопан атаның аяғының дыбысын естіп отырыпты. Қашан қасына келгенше, үндемепті. Шопан ата қасына келіп, жөн сұрапты. Темірбабамен құдірет салыстырғысы келетінін айтады. «Құдіретіңді әуелі өзің көрсет!»- депті Темірбаба. Шопан ата таудың етегінде жайылып жүрген бір үйір қара құйрықты шөрелеп шақырған екен. Үйірдің алдында тұрған текесі етегін жалап, жата кетеді. Шопан ата пышақсыз бауыздап, жіліктеп, мүшелеп, терісіне салып, алақанымен бір сипап өткенде теке сілікініп-сілкініп алып, үйіріне шаба жөнеледі. Кезек Темірбабаға келгенде, ол балағын тізесіне дейін түріп, ыңыранып жатқан көк теңізге қойып кетеді. Теңіз қақ айрылып, Темірбабаның басқан жері қара жер болып қалыпты. Барып-барып қараса, Шопан ата бұлғалық салып, бұлғап жатыр екен: «Әулиелігіңе сендім. Бұдан әрі жүре берсең, кәпірлер келетін жол саларсың», - деп қайтарыпты. Қазіргі Қара түбек жері содан қалған екен.

Теңіз жағалай жүріп келе жатқанда, баласы суға кетіп, оны құтқара алмаған Темірбаба теңіз бетін үш рет «Өмір бойы осылай сапырылып жат!»- деп қамшылапты. Темірбабаның қамшысының тиген жері қара жер болып қалыпты. Содан бері теңіздің Форт-Шевченко беті тынымсыз сапырылысып, ал, керісінше Бекдашы беті тыныш жатады екен.

Төлеп батыр жоқ қарап шығып айдалада, жалғыз үй қоныстанған Түрікменнің үйіне келіп қонады. Қонып жатқан үйдің кісісі мұның Төлеп екенін біліп, бір баласын Көкбөріге жібереді. - Егер кек алам деп жүргені рас болса, ертең кегі кеткен адам осы жерден шығады, барлық түр-түсі осыған келеді. Құныкер осы кісі болу керек, - деп, хабар береді. Ол кісі ертесі күні қазіргі Ожабай әулиенің тұсында күтіп жатады, сол жерде екеуі кездеседі. Төлеп оған: - Мен жай, өз шаруаммен жүрмін, ешқандай ұрыс-керісті қаламаймын, егер ол кезде менің найзамның ұшы тиген болса, кінә өзіңнен.

Мен осы жерде қалайда кегімді алуым керек, басқа уақытта сәті түспейді, - деп есептеймін деп. Қасында аз ғана қолы болса керек, соғыс басталып кетеді. Түрікмен батыры өзі қолға түсіп, жолдастарының кейбірі қашып кетеді. Аз жолдастарының өзіне көр қазғызып, түрікменнің батырын тірілей, басын төмен қаратып, тікесінен көмгізген екен. Ең соңғы өлетіндей боп, көметін кезге келгенде, айтыпты дейді:

Ащыағар сайдың бойында отырған ноғайлы ауылдарын қалмақтар шабады. Олар ноғайлының ақылшысы Орманбетке бізге көн деп талап қояды. Би көнбейді. Қалмақтар оны өлтіріп, қалған он бір биді шақыртады. Он бір би қалмаққа келе жатып, Манашы мырзаның үйіне түседі, оған бізбен бірге жүр дейді. Оларға Манашының шешесі Күйкен ере келеді. Ащыағар сайдың бойындағы қалмақтарға он бір би: Үш күнде қайтып келеміз, елді көндіріп келеміз деп, Манашыны аманатқа тапсырып кетеді. Бірақ қорқақ билер үш күнде келмей, ауылдарын жасырып, көшіріп әкетеді. Қалмақтар Манашыны кескілеп өлтіреді. Оның күйігіне шыдай алмаған анасы Аралтөбе тауының бір шыңынан ұшып өледі. Содан бері Ащыағар сайы «Манашы», Аралтөбе тауы «Күйкенұшқан» аталып келеді.

Олжаның қызын (Олжаның ру немесе адам аты екені белгісіз) күйеу жігіт пен қалматай алып қашады. Соңынан қуғыншылар қуып, жеткен жерінде, әуелі Қалматайды

өлтiредi. Моласы қазiр де бар- «Қалматайдың қауымы» деп аталады. Ол жолдастарына. «Сендер алға қарай кете берiндер», - дейдi. кiшкенеден соң, қуғыншылар күйеу жiгiттi, соңынан қызды қуып жетiп өлтiредi. Болған оқиға батыстан, шығысқа қарай болған болу керек, қыздың моласы күн шығыста да, жiгiттiң моласы батыста. Қазiр де үшеуiнiң де моласы бар, аралары бiр-бiрiнен 3-4 шақырымдай қашықтықта.

«Осы бiз отырған өлкеде бiзден бұрын жетi жұрт келiп, жетi жұрт кетiптi. Ең алғаш қоныстанған жұрт аяғы жеткенi аң аулап, аяғы жетпегенi жерге өскен шөппен қоректенiптi. Аң аулайтын аяғы ұзын еркектерден гәрi шөп отайтын кәрi-құртаң, қатын-қалаш, бала-шаға көп болыпты. Әсiресе, балалы әйелдердiң отыра қап, отаған жерiнде ендi қайтып түк шықпапты. Осы күнгi ойдым тақырлар сол балалы әйелдердiң отыра қап шөп отаған жерлерi екен.

Су және құдықшылық кәсiпке байланысты аңыздар

Су-тiршiлiктiң көзi. Бұл барлық халыққа тән ақиқат. Оның қадiрiн бiлудей-ақ бiлетiн қазақ халқы. Қазақстанның көп жерi бағызда су көздерiн негiзiнен тұтыну өлшемiне салып ащы, тұщы деп екiге бөледi. Маңғыстау Үстiртiнде немесе оған шектес аймақтарда ащы, яғни кермек суды мал iше бередi. Ащыға әуес түйе үшiн ол нағыз таптырмайтын су. Әдетте бұл жердiң қыр қазағы су көзiнiң өнiмiн малға тұщы деп бағалап жатса, түйеден де басқа мал iшетiн су деп түсiну керек. Ежелден су қадiрiн бiлудей-ақ бiлген. Бұл жердiң жергiлiктi тұрғындары үшiн су- өмiр. Ол үшiн күрес- өмiр үшiн күрес. Өзге жұрт, ұлыстардың арасындағы арғы-бергiдегi жаугершiлiк жер болғанда мұнда, ең алдымен жер нәрi су көздерi үшiн қан төккен. Сол алған жерiн басқыншыдан қорғап қалғанмен де, қатын-бала, қара қазанның қамы үшiн жаңа өрiстi жаулап алған соң да мiгiр көрмеген, тыным таппаған. Себебi жер ананың тап осы өңiрi бойындағы нәрiн перзентiне беруге келгенде тым тар қол. Оның зейнетi тек сорға жетеқабыл бейнетпен келген. Қара жердi сүйменмен айлап, жылдап қашап, ойып, су шығарған. Қараштар еңбегi тарихта Египет пирамидаларын салған құрылысшылар еңбегiмен ғана салыстыруға болар едi. Олар қазып қалдырған жүздеген шыңыраулар-бүгiнде ортақ қазына, шөл даладағы мәдениеттiң өңiршең жәдiгерi, құрамдас бiр бөлiгi. Маңғыстаудың бұл мұрасы әлемнiң еш жерiнде қайталанбайды дерлiк қасиеттi мұра! Маңғыстаудың бұл қастерлi жәдiгерлерiн Маңғыстау сияқты Алланың өзi өмiр сүруге қабiлеттiлердi iрiктеп, сұрыптау үшiн жаратқандай қатал өңiрде тiршiлiк үшiн күрес қаһарманы бола алған халықтың маңдай терiмен жасалған игiлiк! Өмiрге, құштарлыққа орнатылған мәңгiлiк ескерткiш!

Маңғыстаудағы ол ескерткiштер – жұмыр жер сауырына жазылған тарих! Олай болатыны әр құдық, әр шыңыраудың дербес өмiрбаяны, атақ жөнi, аңызы, өлең жыры, әнi, күйi, таңбасы бар. Оның әрқайсысының әйкелiнiң көлеңкесiнде бiр-бiр Еңсептер (Ә.Кекiлбаевтың «Шыңырауындағы» атақты Еңсеп құдықшы) тыныстап жатыр. Әр шыңыраудың иесi мен киесi бар. Иесi-Төлеп батыр, Айтыман ақсақалдар болса, киесi солардың өлмес рухы мен ұрпақтан ұрпаққа ұласар «құдығымнан жат атын суармасын» деген аманаты.

Маңғыстаудың әр қырындағы кейуананың зарығып көрген немересiне иiген сыңар емшегiндей әр шыңыраудың әр тасы, әр ойығы көп ер балалы үйдiң жалғыз қызының бұрым ұшындағы шолпысындай. Еспелер мен орпалар тұнып тұрған поэзия! Тiлдiк қорымызға ене кетуден заман ағымы қағыс қалдырып, ендi енгенде, онсыз да бай ана тiлiмiздiң шұрайын келтiрiп, шырайын келiстiре кететiн неше бiр айшықты сөздер сонда қордаланып жатыр. Бiр сөзбен айтқанда, бұл-бiр өзгеше әлем, өзiнше өрнекке ие тылсым дүние. Атап айтқанда, әуелi су көздерiнiң өткенiн халқымыздың өткен тарихымен бiрге қарастырдық.

Сосын оның әр кезде, әр заманда, әр мақсатта зерттеулерiне назар аударсақ, құдықшылықтың тек кәсiп қана емес, өнер екенiне ден қойдық, ел аузындағ оған қатысты аңыздарға да құлақ түрдiк. Ақотты –нар аңызы. Ең соңғы су шығатын күнiнде құдықшы судың көзiн ашпай кетедi. Жол жөнeкей ашып қойса, ары қарай қаза алмайды. Ол құдық тайыз болады, тайыз құдық таңқы болады. Судың қоры көп жиналу үшiн су ашылған жерден ары қарай тереңдетiп, күшiң жетсе, екi-үш құлаштай қылып қазады. Астынан қазған

сайын шығатын көзі де көбейе береді. Сол кезде су үстін жауып кетпес үшін, оның бәрін жолдан жауып, сылап, саналы түрде бітеп отырады. Осындай бүкіл технологияны білетін құдықшылардың көлігі түйе болатын. Танертең құдыққа түседі, кешке шығады. Осының барлығын сыралғы көлігі түйе арқылы жасайды. Ақотты-нарды қазған құдықшы су шығатын, жиналатын көзге әлі де 2 күннен кейін жетем деп есептеген. Бірақ су жиналатын көз көбірек болған көрінеді. Көзді бірнеше жерден жарған. Судың астында қалатын болған соң, арқанмен белгі берген. Құдықтың сыртындағылар: «Ол бүгін болмаймын, шықпаймын деген», - деп оған мән бермейді. «Екіндіге дейін жайылсын», - деп күнде шығырға жегіп жүрген түйені аяғын тұсап, жайылысқа жіберген. Енді шыдатпайтын болған соң, қасындағы қосымша жұмысқа жегіп жүрген нарды алып келеді. Бұрын шығырға түспеген түйе үркіп-қашып, құдықтың ішіне олай соғып, былай соғып, құдықшының мылжа-мылжасын шығарып алып шыққан. Содан сол құдықтың атында «нар» деген сөз қалып қойған. Сол оқиғадан кейін, ел қорқып, қасына көп қонбайды екен. Малын содан суарып, ауыз суды басқа құдықтан алатын болған.

Мерд.

Тау бөтерлеп үдере көшкен ауыл кешегі қырғын төбелестің азасынан әлі арыла алмай, көңілсіз баяу жылжып барады. Қызылды-жасылды алаша-кілемдер жабылған көш тізбегінен көрінім жер алда бір топ ауыл ақсақалдары, одан кейінгі қыз-келіншектер тобы коптен коп ұзамай жай аяңмен келеді. Әншейінде әзіл күлкі, бір-бірін өлеңмен іліп-қағып айтысып, әсіресе, мұндай қысқа қоныстан жазғы жайлауға бет алған көші-қон сапарында бой жазып бір жасасып қалатын жастар тобы да көңілсіздеу. Орта тұста қазмайын қаракөк ат үстіндегі Мерд сұлудың ақ құба өңі қуқыл тартып, мойыл көздерінде мұң тұнып қалғандай жабырқаулы. «Су. Осыншама елді зарықтырып, ен далаға сыйғызбай қырылыстыратын да-су. Жасаған-ай, осыншама жапан түзге тым болмаса, бір бұлағыңды қимадың ба? әттең, қыршын кеткен Матай». Қыз кеше ғана соққыға жығылып мерт болған немере ағасын есіне алғанда, көкірегі қарс айырылып, күрсіне берген. әкесі бай болғанымен, Әлімнің құдіреті одан асып түсті: бұларды «Аққұдықтың» басына түріп айдап шықты. Екі жақтан да кісі өлімі? бұлардан екеу болса, Әлімнен үшеу... Қыз биік жартасты, шатқал құзды нұсқағанда, біреулер «таудың жылтыр тасы болар», - деп, екінші біреулер «Ойбай, ол тегін болмас, шайтанның ойнағы да!» - деп, өздерінше өлшеп пішкен. - Мен білсем, сол су болуға тиіс, - деді Мерд атын тауға қарай бұра беріп. - Құдай көз жасымызды көрген де! Аттылар қатерлі құздарға етекпен көз салып, ағып жатқан бұлақ суы екенін көріп еді. Бірақ құз басынан құлаған су етекке жете алмай, шатқал тастар арасындағы құмға сіңіп кетіп жатыр. Қыз жанындағы бозбалалардың бірін жіберіп, әкесіне хабар салды. «Көшті кідіртсін», - деген өтінішін қоса айтты. Ақылдылығы мен әдемілігі адай еліне тарап, талайды тамсандырған, алыс-жақыннан ат сабылтқан бозбалаларды менсінбей келген Мерд сұлу еліне жар салуға бұйырды: - Бұлаққа жол салған адам кім де кім болса, менің жарым болады! Талай жігіт мерт кетеді. Ақыры Мерд өзі бастап, қалың елді жабады. Шоңғал тастарды ұзын арқан байлап түйемен аудартады, әр адамға бір қадам жер бөліп беріп, қашатады. Көп күнгі бейнетпен биік құзды шатқалға көлікті адам жүріп өтетіндей жол салынады. Шатқалға жол салдырған сұлу қыз. Әбіш Кекілбаевтың шығармаларынан орын алған өлкеміздегі географиялық ұғымдар: Аджы. Адым Ағын – ағып жатқан су көзінің ауызекі тілдегі атауы, суыт ағын, сарқырама ағын. Айдамал- түбірі малды айдау дегеннен шыққан. Елді мекеннен, қыстаудан жырағырақ, малды айдаңқырап бапыр суартын су көзіне қатысты айтылады. Жергілікті жерде кең қолданыста әдеби тілімізде алғаш қолданып айналымызға енгізген — Ә.Кекілбаев. Ақсақ күнара: Алғи – Маңғыстау мен Атырау қазақтарының, көбіне Адайлардың өлең-жырларында, аңыздарында Х-XX ғ.ғ. бедерінде қолданылған аңыздық жер атауы. Айдың тууы (Ә.Кекілбаев, «Үркер», 282-б.) Айырық. Апажар. Басқұдық. Бұршақ қак. Алғаулы. Аусар. Бақтырылу. Булы ойық. Арық. Ащыбас. Башартпай. Дерек. Алыпқашты. Ащыағар. Бел, белдеп салу. Дошы. Апан. Ащы ү. Боркемік. Лықу. Аудан. Әйкел. Борық. Әңку. Атырау. Әуез. Бос су. Еспе. Атаукере. Әуіз. Бөгет. Еру. Жап. Қазынды топырақ. Қом су. Жарық. Қаракатқак. Қоңырдаң. Жарма. Қанат. Құдық ақы. Жаңбырдың. Қарғын. Құдықты аршу.

Жаңбырдың түрлері. Қазандық. Құдық байғазы. Жауынға қатысты салт-дәстүр. Қайдақ. Құдық дауы. Қапы. Құдық таңба. Жұқанақ. Қауға. Құдық той. Жұтпа. Қаусап қалу. Құдық өру. Жұлге. Қарғын. Құдық еру. Жылымшы бұлақ. Қарлау. Құдық майы. Жентек саз. Қардың жаууы. Құдық майын седеттеу. Кебіртек. Қашыртқы. Құдық теппе. Кермек. Қолтық. Көз. Өлі Қолтық. Құдықтың ашуы. Көктің суы. Қораба. Құдықтың тұшуы. Күдер су. Қолқа. Құдық перісі. Күп. Құлан саз. Шыңырау. Қазба. Құлитып ішу. Құдықшы киімі. Құдықшының құралы. Тар өрістен кең шиыр. Саура. Құдықшының жұмысы. Тасқақ. Судың ұлы жобасы. Құдықшылар қосы. Тебін. Су кіндігі. Құдық табаны. Тепсең. Су дәмі. Құдық үйі. Тоғыт. Суын. Құйылыс. Тоқаш тас. Сор. Құртұмас. Түнемелік. Суар. Құрдым. Түнек. Сүйретпе. Қысырап жату. Туырлық саз. Сілбі. Маңсуалмас. Тұран. Тұнық. Метей. Тұрақ. Түлей. Ми. Шаңбақ. Мыш. Шүңкілдек. Тас астау. Сардоба.

Әбіш Кекілбаевтың шығармасында кездесетін топонимдердің аттары мынадай: Қандыарал, Шыңғырлау, Торыат, Сүмбетемір, Қарабұлақ, Ақшағыл, Елік, Құбатау, Қаракобда, Елек, Қызыл-құм, Бөтен тау, Балқан, Хантөркіл, Шөл тау, Айғыр бүгілді, Маңғыр, Жыланды, Егізлақ, Қаратүлей, Есенқзақ, Түйелі Жиренкопа, Бестөбе. т.б. топонимдердің денін Маңғыстаудың топографиялық картасынан тауып алуға болады. II. Қорытынды. Ұлы даланың заманауи шежірешісі.

Әбіш Кекілбаевтың шығармаларынан Әбіш Кекілбаев шығармашылығының Қазақстан географиясын оқытуда алатын орны зор. Жазушы шеберлігі Қазақстанның батысынан шығысына дейінгі табиғатты суреттеуде анық көрінеді. Әбіш Кекілбаев шығармалары оқушыға көп ой салады. Біз Кекілбаевты Батыс Қазақстанның тарихы мен мәдени мұрасын зерттеушілердің ішіндегі ерекше ірі тұлға деп танымыз. Оның әдеби шығармалары мен тарихымызға арналған зерттеулері қазақ шеңберінен әлдеқайда асып кеткен, бүкіл түркі халықтарына ортақ екенін мақтанышпен айтамыз. Әбіш аға–әдебиет майданында кемел ой, көркем сөзімен белгілі жазушы. Қандай шығармасы болса да оқушысын баурап алады. Оның кейіпкері Еңсеп – тек еңбек адамы ғана емес, өнер адамы. Абыл шерткен керемет күйлерді және тарихымыздың аса қиын кездерін суреттейтін шығармасы – халық тағдырын жан-жақты бейнелейтін туынды. Қазақтың атбегілеріне арнаған шығармасы қандай болса, «Автомобиль» де сәйгүлікке мінгендей делебенді қоздырады. Өндіріс пен геология тақырыбына жазған шығармаларында да – «Ұйқыдағы арудың оянуы», т.б. – халқымыздың тарихы қамтылған. Әбіш – барлық дерлік еңбектерінде қазақ елінің тарихы мен тағдырына тоқталған және тарихты жалықпай көп зерттеген жазушы.

«Әбіш Кекілбаев - заманымыздың бір заңғар тұлғасы. Кекілбаев туралы сөз айту кімге болса да оңайға түсе қоймас. Өйткені Кекілбаевтың өзі бір әлем. Шүкір, қазір сол ғажайып әлемді зерттеп, оның ерекшеліктеріне шүкшия үңіліп, Кекілбаевтың шығармашылық өнері туралы жазылған мақалалар да бірнеше томға жетерлік. Әбекеңнің шығармашылық еңбегі туралы пікір білдіріп, еңбек жазғы-сы келген әрбір адам бұрынғы айтылған сөз, жазылған дүниелерді қайталағысы келмей, тың жол тапқысы келетіні де табиғилық. Оған қоса Кекілбаевтың өзінің әлем, қазақ тарихының көрнекті адам-дары, замандастары, осы заманның, біздің қоғамның құбылыстары, бағыт-бағдары туралы толып жатқан ой толғаулары да, публицистикалық шығармалары да елге белгілі. Кекілбаевтай шешендікпен сөйлеп, Кекілбаевтың шеберлігіндей жазу - тек сол Әбекеңнің үлесіне тиген жеке тұлғалық ерекше қасиет»-деп Қуаныш Сұлтанов өз ойын айқын жеткізген еді. Расында да қазіргі таңда Әбіш әлемін зерттегісі келетіндерге қарағанда зерттеп жүргендердің қарасы көбейді. Бұл қазақ әдебиетіне жанашырлық танытатын жандардың көбейгеніне дәлел [3].

ӘДЕБИЕТТЕР

1. <https://massaget.kz/layfstayl/debiet/kkzhiiek/42084/>
2. Ә.Кекілбаев. Ұйқыдағы арудың оянуы. Алматы, «Қазақстан», 1979 ж.
3. <https://mangystaumedial.kz/24/42173/>

5-секция
Ә:КЕКІЛБАЕВ ТАНЫМЫНДАҒЫ АДАМ ЖӘНЕ ЖАРАТЫЛЫС
КОНЦЕПЦИЯСЫ

ӘОЖ 82.09

ӘБІШ КЕКІЛБАЕВ ӨЛЕҢДЕРІНДЕГІ «МЕН» КОНЦЕПЦИЯСЫ

Жанаева Ш.А.

«М.О.Әуезов атындағы педагогикалық колледж» КМҚК директоры,
филология ғылымдарының кандидаты

Аңдатпа. Бұл мақалада Әбіш Кекілбайұлының ақындығы, өлеңдері жан-жақты қарастырылады. «Мен», «ақындық» концептілерінің мән-мағынасы толықтай ашылып, сараланады. Өлеңдеріне талдау жасалып, ақындық қыры, ақын тұлғасы айшықталып, қаламгер шығармалары кеңінен баяндалады.

Түйінді сөздер: Әбіш Кекілбаев, ақындық, өлеңдер, ақын, «Мен» концепциясы.

Қазақ әдебиетінде аты алтын әріптермен жазылған дарын иесі – Әбіш Кекілбаевтың халқымыз үшін орны бөлек. Еліміздің әдеби байлығы мен мемлекет ісінде өшпес із қалдырған Әбіш ағамызды халық ерекше ілтипатпен еске алады.

Қай адамның да кісілік келбеті мен тағдырының қалыптасуы оның балалық шағының қалай өткеніне байланысты болса керек. Әкесі соғыстан оралмаған Әбіш Кекілбайұлы анасы Айсәуленің тәрбиесін көрді. Әбіш Кекілбайұлының анасы Айсәуле Жұмабайқызы дәулетті, ел ішінде аты шыққан бидің отбасында дүниеге келіп, тәрбиеленген.

Маңғаз Маңғыстаудан шыққан текті ұл майдан даласында бір төмпешік болып қалған әкесінің аманатын ақтады. Әбіш Кекілбаев кішкентайынан соғыстың залалын көріп өскен ұрпақтың өкілі. Сұрапыл соғыстың жалыны балаларды да шарпымай өткен жоқ: «біздің бала кезімізде шошынарлық жағдайлар жеткілікті болды. Үш жастағы кезімде үйіміздің іргетасына бомба түсті. Сталинград түбінен келген фашистер теңіз асып келіп, біз тұратын Таушық атты шағын шахталар кентін бомбалады. Сәске шамасы еді. Кенет әлдене гүрс ете қалды да, үйдің ығында ойнап отырған біздер анадай-анадай жерге ұшып-ұшып түсіппіз. Жарылқап дейтін көршіміздің әйелі Мәрия әлгі оқыс гүрсілден шошып, сыртқа жүгіріп шығыпты. Сұлап жатқан балаларды көріп, бір-бірлеп көтеріп үйіне апарып, есімізді жиғызыпты. Сақшылар келіп үй-үйдің есік-терезесін қара киіздермен қымтатып, ит пен мысықты қуып жүріп өлтіріпті»[2.15]. Бала күнінде көргендерінің бәрі жазушы Әбіш Кекілбаевтың қаламгер болып қалыптасуына әсер етті. Қалың оқырман жақсы біледі, қазақ сөзінің қайраткері, халық жазушысы әдебиетке ақын болып келген, қаламгердің 23 жасында, 1962 жылы «Алтын шуақ» деген атпен өлеңдер жинағы жарық көрді. Ол жинаққа «Арғымақ», «Абайла, бауырым, абайла», «Айым сен деп жүр едім», «Археология», «Айдай аузы, күндей көзі – шын сұлу», «Ай да бір сәт қалжырап», «Адам қолы талай жауды жайратқан», «Аласарып кетердей көп қой қауіп», «Іңір сембей іргеге кеп құлаған» атты өлеңдері енген. Жалпы поэзияда ең бірінші жинағымен-ақ жарқ етіп көзге түсіп, ауызға ілігу үрдісі көп кездеспейді Ондай үздіктердің қатарында Төлеген Айбергенов пен Жүмекен Нәжімеденов, Тұманбай Молдағалиев пен Қадыр Мырзалиев, Сағи Жиенбаев пен Мұқағали Мақатаевтай қазақ поэзиясының ерен жүйріктері бар. Кекілбаев жырлары осы көшке заңды қосылған сыбаға еді.

Ақын боп туған жаратылыс проза жазса да, тіпті әдебиеттанудың теориясы мен сынына қалам тартса да, жарқырап көрініп жатады. Жазушының көркем прозасындағы шұрайлы тіл, шырайлы теңеулер мен шынайы бейнелеулер алғаусыз ақындықтың айқын белгісі. Сондықтан да Әбіш Кекілбаев прозасы өлеңдей оқылып, тереңдей сіңіп, адамның сезімін қанаттандыратынын жұртымыз жақсы біледі. Поэзия зерттеліп бітпейтін

дүние. Халық бар да, тіл бар, тіл барда әр халықтың өзіндік әдебиеті бар. Ал, әдебиет бар да поэзия ешқашан өлмек емес.

Қаламгер өзін толғандырған қай тақырыпты да бос жырлай салмай, алған нысанына тереңдеп еніп, биіктен ой айтады:

«Тажал табан ну шалғынды жайпады,
Алда – майдан, алда – қаза, алда мұң.
Шойын дене жердің тәнін жаншыды,
Сездіргендей қасіреттің салмағын.
Қара жердің таспа тіліп жонынан,
Бара жатыр бауырымен қамшы өріп.
Жатыр окоп қызыл қанға шомылған,
Жайрап қалды, қанша ғұмыр... қанша өлік?»[1,9]

Осылайша екі шумақ өлеңмен көз алдымызға соғыстың суретін салып береді. Ол соғысты буыны бекіп, бұғанасы қатқан, қару асынған ересек боп көрген жоқ, балалық шақта, сәби күнінде көрді. Соғыс ақынның дүниетанымын, сезім серпілісін, рухани дидарын қалыптастырды. Өмір жолын ащы шындықтардың бетпе-бет айқасында бастаған ол өлең жолдарын да ащы шындыққа құрды. Бұл шығарманы тебіренбей оқи алмайсың. Мұндай тым ерте есею тек адам таңқаларлық ерекше талант иелерінің қолынан келмек. Өлеңнен әдемі теңеу, әсем тіркес, артық әшекей кездестірмейміз.

Мына біздер конфет таңдап бір ауық,
Үлкендердің алған жоқпыз мазасын,
Біздер емес, ерке бала жылауық,

Көкесінен тартқан талай жазасын.[1,10] — Осы бір шумақ өлеңнен суреткердің әкесінен ерте айрылып, ерке өспегенін байқасақ:

Дей алмаймыз:

Күні бойы доп қуып,
Көк қойнына күміс шарлар самғаттым.
Онда елдің омырауын от жуып,
Жетпеді ұлтан етігіне солдаттың.[1,10]

«Төбемізге талай қатер төнген-ді,
Жатқанда ажал ат ойнатып, дауыл сап.
Түсімізге қоса қабат енген-ді

Көкеміз бен күрең қызыл бауырсақ».[1,10] Бұл да бір сол балалық шақтың әлі де бояуы ескірмеген бір көрінісі.

Соғыс зардабы тым қымбатқа түсті. «Түсімізге қоса-қабат енген-ді Көкеміз бен күрең қызыл бауырсақ» - деп, әке мейіріміне жарымаған, балалығын соғыс жалмаған ұрпақ тағдырын суреттеп береді.

Қуантты бізді сол күні

Сәбидің тұңғыш ащы үні.
Жылатты бізді сол күні
Почташының қапшығы.
Көңілді көктем құшып қап,
Ажыратты қыс қайта.
Түске дейін құттықтап,
Бата оқыды ел түс қайта.
Көз көргендер шын айтса,
Көкесінен аумайды.
Аумайды ма менен деп,
Мазалап жүр талайды.
Көкешімді көрем деп,
Айнаға көп қарайды.[1,11]

Әкесіз қалған әрбір ұрпақтың жүрегінде әкеге деген ұлы сағыныш жатады. Әкенің жоқтығы қалай болатынын зұлматты жылдардағы әр бала жан-тәнімен сезінді. Бұл соғыс жылдарындағы әр отбасында кездесетін жағдай болғаны анық. Ақынның сол соғыс зардабынан әкесіз өскенін ескерсек, бұл өлең қарындасы Нұрайшаның емес, өз басынан да кешкен жағдай еді.

Осы бір өлеңнің жалғасы ретінде 1985 жазылған «Әкемді аңсап» өлеңі:

Әкемді аңсап,
Баламды тостым,
Жадырар жаңа заманды тостым.
Бақ күттім.
Көл-көсір көктем
Көз ілмей күткен
Кергіді ме
Келмеді. [1,84]

Бала кезінен танып-біліп үлгермеген әкесін осылай аңсайды, үмітін өшіруге қауқарсыз күйге түсіп, күтеді. Әбіш Кекілбайұлының сезімталдық «мені» осы арада байқалады.

Суалды суым,
Көз алмай жатып, құм басып
Қуарды талым,
Көк алмай жатып сор шалып.
Аяусыз арман, арбай да арбай
Алдап кеттің, келмедің
Қайырсыз жалған,
Қақсал боп алған
Қайтып алды бергенін.

Осы ой, осы сарын, осы бір мұң мен ширыға торығу қаламгер жырларында тіптен молая түскендей. Бір жалт ете қалған сезімнің оты өшпей жүрегіңе мәңгі шырақ жағып кеткендей, өзек тілген өкініш, әкеге деген құштарлық махаббат күдіретін, оның тылсым сырын жан түкпірінде оятқандай әсер етеді. Өлең оқырманның болмысымен қабысып, айтылар ой жүрекке сәуле болып құйылғанда ғана нағыз көркемдігі жоғары шығарма болмақ. Бізге осы өлеңдегі интонация, ырғақтың өзі сөзбен сурет салып тұрғандай көрінеді.

Қара сөзде ешкімге дес бермейтін Әбіш қара өлеңде де қатарынан қара үзіп, дара шыққан. Дара шыққаны сол, ғасыр аяғында «Дүние ғапылды» ұсынып, қазақ өлеңінің қадір-қасиетін танытатын ғажайып ескерткіш орнатты.[2,28]

Бұл ел жүрегіне орнаған мәңгілік ескерткіш. Өйткені дүниенің ғажайып құбылысы. Тек соны танып-білу, содан тәлім-тағылым алу, әр қазақтың санасы мен сезіміне сын болары сөзсіз.

Тасқа басылып, оқырман қауымның қолына тиген бұл бір құнды қазынаның көрінгенге көмбесін аша бермейтіндігі бесенеден белгілі.

Әр әрпінің астында–әр, әр сөзінің астында–нәр, әр жолында жауһар тұнып, әр шумағында шұғыла шашырап тұрған, ақыл мен парасатқа астасқан асыл қазынаның қандай құпия-сыры барына барлау жасау бүгінгі ұрпақ міндеті. Кесірі қатты тиген кеңестік кезеңнің өзінде алдаспан жырдан тамыр тартқан қазақ поэзиясының құнары әсте кеміген емес. Тумысынан діні берік, тегеуріні мықты, ұр да жық уақыттың уысынан да, уытынан да аман қалып, аталар аманатындай бізге жеткен қазақы қара өлеңнің қасиетін бойына сіңірген Әбіштің «Дүние ғапылдағы» бір ғана өлеңі – «Алмас қанжарға» назар аударып көрелікші.

Жер түбінде көп дұшпан дуылдады-
Жатты қында жарқырап, суырмады.
Жаудың оғы төбеде зуылдады-
Жатты қында жарқырап, суырмады.

Жау тақалды жүрегі суылдады-
Жатты қында жарқырап, суырмады.
Жау қамады қалды енді қалың сында-
Сонда зорға апарды қолын қынға.
Жау сүнгісі кеудеде от шашып тұр:
Суырды -ақ алмасты тот басыпты...[1,47]

Осы бір бас-аяғы 10 жол өлеңнің өн бойында бүтін дүниенің бітім-болмысы тұр. Философиялық «мені» осы жолдардан аңғарылып тұр.

Ақын осы өлеңін 1959 жылы жазыпты. Өлең көптің дйттеген ойын, көкейіндегісін тап басуымен де әсерлі. Бұл–бүгінгінің де, ертеңнің де сөзі. Тілінді, ділінді, дінінді дйттемесең, дәстүр-салтыңды сақтамасаң, барынды бөгдеге беріп, қазынаңды жатқа қисаң, асылыңа ара түспей, қимылсыз қалсаң-тот басқан қанжардың күйін кешерің хақ.[6,8]

Ғажабы сол, Әбіштің кеудесіндегі қыр-қанжар қанша жылдар көңіл көмбесінде, жан-жүрегінде жасырын жатса да–тот баспапты. Алтын кездік-дәл кезеңінде, мезгіл межесінде бүтін бір қазақ жырының мерейін өсіріп, тұлғасын танытып, жарқ етіп шыға келді.

Әбіш өлеңдерін талдай отырып таңданасың, таңдана отырып-тәубе қыласың. Асылы, талдаудан гөрі, таңданудан гөрі, құнығып оқу керек. Оқыған сайын ол-ойлантады, толғантады, желпінтеді, жаныңа жігер береді.

Әу баста ақын боп жаралған жан ақын боп қалады. Оған ешкім де кедергі де, кеңесші де бола алмайды. Әбіш Кекілбаев ұзақ жылдар бойы көркем проза мен кемел публицистиканы көп жазды, өндіріп жазды, өрісті жазды. Әсіресе публицистиканы[8]. Солардың қай-қайсысында да ақындық аңғар сезіліп те, көрініп те жататын. Тіпті, тілі қысқа, тіні жұтаң көрінетін жеделхаттар мен ұшқыр жолдауларында да жылт еткен сезім, жалт еткен ой, жарқ еткен образ ойнап жататын, ойлап жататын.

Осылардың бәрін етене білгендіктен Әбіш Кекілбаевтың жаңа жыр жинағын ұлы ұстаз, академик, сөз өнерінің зергері Зейнолла Қабдолов та байқап, «жүрексіне» қолға алыпты: «Міне, қолыңызда «Дүние ғапыл» - Әбіштің өлеңдер жинағы. Тағы бір ескеретін нәрсе: Әбіш өзінің ақындығына яки өлеңге кәсіп деп қарамаған, қасиет деп қараған. Өзінің құдай берген талантының бұл қырын жетілдірем деп жік-жапар болмаған, ұстартам деп қырнап-сырлаудан бас тартқан, сол әуелгі төлтума табиғи күйінде, сол баяғы көрген жерден көз арбап, көңіл баурайтын дәстүрлі қалпында қалдырған...Сөйтіп Әбіш өзінің өлең сөзін жұртшылыққа жалаулатып ашық ұсынбай, жазу столының жәшіктерінде жасырып, шеберханасында бүркеп тастады; қоржын қазынасынан бөліп алып, қойын дәптеріне көшірді. Дабыраламай үнсіз жазып жүрді. Қалам құрғатпапты. Сонда оның өлеңдері жұрт көзінен сырт, тек өзінің жекедара көңіл қошына, рухани қанағатына, жан тынысына айналды».[3,37]

Әбіш Кекілбаевтың жекедара көңіл қошына айналған, рухани қанағатына айналған жырлар қалың оқырман қауымның да шынайы рухани қанағатына айналды. Жыр жинағындағы теңеулер мен образдар, астар мен меңзеулер, ойлар мен толғаныстар ірі қаламгердің теңіздей толқыған талантының айқын көрінісі болған. Заңғар қаламгердің заман тынысын сездіретін өлеңдері оның көптен жазып жүрген елдік, халықтық тағдыр туралы ой орамдарының өлең тілінде көрініс табуы деген пікірі дейміз. Ұзақ қара сөзбен емес белгілі бір жайларға байланысты көкейге келген көшелі ойды жұмыр жырдың жүгі етіп, тез, шапшаң айтып тастау әдебиетте, соның ішінде прозаның байырғы қаламгерлері үшін «тығырықтан тез шығудың» да көрінісі. Ал ол Әбіш Кекілбаев поэзиясында өзін тіптен қара үздіріп көрсетіп тұрады. Қаламгер өзін толғандырған қай тақырыпты да бос, тек жырлай салмай, алған нысанына тереңдеп еніп, биіктеп ой айтады:

Даналықтан алып қашам басымды,
Ақыл алжып, аңғалдыққа бойлапты.
Ұмытамын ойды, ызаны, ашуды,
Қуам енді күлкі менен ойнақты.
Парасаттың бес тиындық құны жоқ,

Бұл дүниеге шаттық – күн де, шарап - ай.
Өлсем, өлем тек тәттіге құнығып,
Абайламай у жеп қойған баладай, [1,33] - деп еді ол 1960 жылы жазылған бір жырында.

Ақын өзін талай толғандырған арман мен үміттің әлі де қолға түспей, қияның қызыл түлкісіндей болып зымырап бара жатқанын өзі көріп қана қоймай, өзгеге де көрсете алады. Зымыран заманның жалына жармасқан жұртының көптен күткені ақталмай қала ма? [7,19] деген қауіп пен күдікке толы ойларын жырмен қашап, қағазға түсіреді

Ел болмақтың орнына,
Бара жатыр ел іріп.
Ойланбақтың орнына
Жүргендер көп еліріп.
Сахарада тудық па,
Сағымды көп қудық па?
Желпіл қағып шығамыз,
Етек-жеңді жел үріп, - дейді келесі бір өлеңінде ақын.

Бұл өлең әлгінде мысалға келтірілген жырдың одан әрі шамырқанып, көшін ұзатуы. Ел мен жердің тағдыры, халық пен ұлыстың тағдыры осы жыр кітабының негізгі алтын арқауын құрайды. Өмірдің драмасын, диалектикасын, автордың түйсіну-толғауын деталь арқылы жеткізу қаншама ізденіс пен шеберлікті керек ететіні өз алдына, сонымен бірге ол - көркемдік ерекшеліктің де арқасы.

«Дүние ғапыл» – шынайы адамзаттық, парасатпен толғап, философиялық күрделілікке толы жырлар жинақталған асыл дүние.

Атақты неміс философы Ф. Ницше: «лириктің образдары - ақынның өзінен басқа ешкім де емес, тек бұл оның әр қилы формада объективтенген тұрпаты, сондықтан осынау ұланғайыр әлемнің кіндік-тұтқасы ретінде ол «Мен» деп сөйлеуге әбден хақылы; бірақ бұл «Мен» эмприкалық реальды Меннің өзіне ұқсамайды, ол-жалпы әр нәрсенің тегінде, негізінде жатқан бірден-бір мәңгілік қасиет, ақиқат — мән ретінде көрінеді»-дей келіп, осы арқылы лирикті жалаң субъективті ақын деген түсінікті жоққа шығара отырып, тіпті ақынның өзін бүкіл ой-сезім әлемімен, түптеп келгенде, сол өзі жаратқан лирикалық генийдің (Ницшенің атауы) танымы деп біледі. Мәселен, философ өзі алғашқы грек лиригі деп білетін Архилох өз туындысында енді кәдімгі, құмарлықтан өртеніп күйіп-жанған, сүйген, жек көрген Архилох емес, керісінше лирикалық, яки әлемдік гений түп-төркін (изначальный) қасірет-қайғыны адам – Архилохтың кейпінде символдық мәнде бейнелейді деп түсінеді. Біздің көзқарасымызда, бұл ойлардың да ақын мен лирикалық кейіпкердің ара қатынасын парықтауда үлкен маңызы бар. [4,42]

Поэзияны зерттеген ғалымдарды толғандырған сауалдардың бірі: "Лирикада мінез болады ма?". Бұл жөнінде салиқалы, ұтымды жауапты З.Қабдолов пікіріне сүйене отырып: "Лирикада мінез болады. Ол - ақынның өз мінезі. Өлеңім өзіме тарт дегендей әр өлең тек иесіне ғана тартады"[5,332] деп тұжырымдаймыз.

Сонымен, лирикалық «мен»—ақынның өз болмысынан тұлғаланатын құбылыс. Ол, ең алдымен, ақын парасаты мен жан дүниесінің айнасы. Лирикалық тұлғаны сомдауда творчестволық субъектінің дүниетанымы, эстетикалық көзқарас, пайымы басты роль атқармақ. Бұған қоса, лирикалық кейіпкерге танылған өмірбаяндық сипаттар мен шынайы өмірлік детальдар, басқа да субъективтік жайлар – ақындық «менді» ақынның жеке басына жақындата түсетіні рас. «Лириканың бас қаһарманы – ақынның өзі» [6,39] – деп З. Қабдолов, оның осы қырына меңзейді. Солай бола тұра, бұл ақынның нақ өзі емес, «оқшау образ» екенін де айқындай кетеді.

Т.Әбдірахманова: "Ақын өзі туралы айта отырып, тек өзі ғана болып қалмайды. Қоғамдық ақыл-ойдың тәжірибесінен, өз замандастарының тәжірибесінен тоқып, білгенге сүйсіне отырып, уақыт тынысын, заман сырын, өз қоғамының рухани өмірін бейнелейді.

Олай болса, ақын творчествосында, оның әрбір лирикалық шығармасында қоғамдық адам, адам мінезі түр деп қарауға тиістіміз"[9,38-39].

«Сөйтсем, мен дәл сол арада туыпмын. Мен тұрған жер мен туғанда біздің үйдің тігілген орны екен. Көйлегімді шешіп, жеті рет аунап тұрдым. Енді мен бұл араны өмір бақи ұмытпайтын көрінем. Енді мен бұл араны көзімді байлап қойса да, табатын көрінем. Енді тағдыр мені кең дүниенің қай қиырына айдаса да, бұл араға тапжылтпай тауып келе алатын көрінем. Өйткені ол маған өмір мен мынау кең дүниені түгел сыйлапты. Сөйтсем, ол жылы мен жетіге келген екем,»- деген жолдар тек Әбіш қаламынан туындаған сырлар, тек Ә.Кекілбайұлына тән стильдік қайталаулар. Өмірді, кең дүниені сыйлаған туған ана, туған жер ұғымына тереңдей отырып, әр шәкірт «Менің туған аулым, мекенім өлкем –осы!»- деп тебіренетін болады.

Жалпы лирикалық поэзияның күші суреттілігінде, яғни ақынның сөзбен сурет сала алуына байланысты дейтін болсақ, Ә.Кекілбайұлының алғашқы өлеңдерінің өзі бұл қалыпты айрықша танытады. Ақынның «Туған жер» (1959) деп аталатын өлеңінде:

Өстім, қырда, қиырда,
Естімей орман шуылын.
Жүзімді қақтап құйынға
Селеудің тыңдап суылын.
Төңізден шетпін бұрқақты,
Тәнімді толқын көмбеді.
Сусай қалсам, су тарттым
Шыңыраудан шөлдегі.
Тақырға асық иірдім,
Құмақта қудым қозыны.
Күн жеп қойған киімнің
Иықта кеткен тозығы.[1,52]

Өлеңнің лирикалық кейіпкері өзі туралы айтып отыр. Өлеңде өмірбаяндық дерек бар. Бірақ бұл жай сөз емес, табиғат суретіне, пейзажға сүйенген сөз және бір ғажабы қолмен қойғандай, анық, дәл, әсерлі және әдемі сөздер. Осы жерде суреткерлік қабілет, ақындық талант, оның өзіндік ерекшелігі мен даралығы төңірегінде бір көш әңгіме айтуға болар еді. Өлең шумақтары субъектіленген, сезімге суарылған, табиғат суреті, бөлшегі, құбылысы бұл жерде екінші орында, фон ретінде ғана алынған.

Өлеңді бастан аяқ оқып болғанда алған бірінші әсер ақынның көңіл-күйіне, табиғат суреті – пейзаждың әсем үйлесіп, өлеңнің құрғақ сөзге емес, сезімге суарылған табиғат суретіне малынып тұруы арқылы оқырманды жіпсіз байлауы мен баурауы. Екінші әсер бұл өлең кім-кімнің болса да туған жерін еске түсіреді, сағыныш сезіміне бөлейді. Осылайша өлең мақсатына жетті, бітті. Нағыз өлең, ұлы суреткерлер ғана дүниеге әкелетін көркем шығармалар осылай болса керек-ті. Ә.Кекілбайұлының суреткер «мені» көрініс тапқан тұс осы.

Әдебиеттанушылар өлеңдегі лирикалық кейіпкердің автобиографиялық және автопсихологиялық сипатты болып келетінін айтады. «Туған жердегі» автобиографиялық сипат байқағанымыздай, жалаң өмірбаян емес, өмірдің барша сұлулығын кереметтей табиғат суреті арқылы тамашалата алатын жанды, суретті өмірбаян болғандықтан кез келген оқырманды толқытады, тебірентеді. Ә.Кекілбайұлының, бір ғажабы, ұлы суреткерлік қыры осы табиғат тақырыбына жазылған алғашқы өлеңдерінен-ақ тайға таңба басқандай анық танылды дейтініміз сондықтан. «Алматыда, күздікүні, бульварда» (1959) деп аталатын өлеңінен үзінді:

Теректер де жұлдырыпты кекілді,
Тауда тұман тастан тасқа секірді.
Күз жауыны тарсылдайды жер шұқып,
Жем іздеген жетім шөже секілді.
Сабапты жел қайыңды көк жоса қып,

Жайратыпты қызыл гүлді қоса атып
Сар жапырақ тұра бермей бұтақта
Жатыр орнын жаңа бүрге босатып.[1,55]

Бұнда автордың табиғат туралы абстрактысынан гөрі, көріп-сезінуі басым екенін шамалаймыз.

Өлеңнен байқағанымыз – көзбен көргенді суретке, өлеңге айналдырудағы дәлдік, шеберлік. Осы дәлдік арқылы өлеңнің шынайылығы байқалып қана қоймайды, сұлу суреттен туған сұлу сезім терең ойға жетелейді, өйткені өлеңде табиғат суреті, оның детальдары бәрі де жанды, тірі адамға айналып кеткен. Өмірде бәрі өткінші, мәңгілік еш нәрсе жоқ екен. Күздің келуі арқылы ақын осы өмір заңдылығын тағы бір еске түсіреді. Суреткерлік қарым-қабілеттің күштілігі сондай, сөзбен сурет салу мен табиғат суретіне ынтықтыру арқылы жан-жүрегімізді сұлу сезімге бауратады. Нәтижесінде күзбен бірге ордалы ойға келеміз. Аса дарынды суреткердің алғашқы туындыларының өзінде осындай қымбат қасиеттер бар. Сезінудің, теңеудің бір ерекше сүйсіндіретіні - табиғилық, парасатты салмақтылық. Өлеңнің философиялық тереңдігі Ә.Кекілбайұлындай сирек таланттарымыздың алғашқы өлеңдерінде-ақ жүзеге асқан болатын.

Тегінде, ақын интеллектісі неғұрлым кемелденген сайын оның поэзиясындағы образдар желісі, жалпы бейнелілік күрделене бермек. Ал ұшқыр интуиция интеллектінің тереңдеуіне, толуына себеп. Өлеңдегі, жалпы поэзиядағы қарапайымдылық пен күрделілік – әрі ақын интеллектісінің, әрі шеберліктің бейнелі куәсі.

Махаббаттың мен де нәсер бұлты едім,
Мезгілімді өткізіп ап селдеттім.
Еміздім де қасіреттің емшегін,
Өгей ұлын өкініштің тербеттім.
Бәйшешек ем махаббаттың қырында,
Дер шағымды өткізіп ап гүлдеппін,
Айтпай маған жүрегім де, жырым да,
Дүниеде оның барын білмеппін.
Шуағымның тозаң қонып орынына,
Жас қолқамда қалды шаңы ұялап.
Құлағым да, көкірек те – сорыма, –
Айтпай маған бәрі де етті қиянат.
Жас үміттің тиылған соң өлеңі,
Бәрі бүгін үстіме кеп төнеді:
Бірі – оны жат үйінен көреді,
Бірі – соны еске сала береді... [1,54]

Бұл тек көңілмен көріп, жүрек жобалауға болатын сәттер, ой-толғаныстың образға айналуы, "жүрекпен көріп, ішпен білетін" сыр. Лирикалық кейіпкер бастан кешкен, көңіл күй, психологиялық драматизм, сезім-қиял шиеленісуі, ақынға тән қарапайымдықпен, оған қоса контрасты детальдар әрі әдемі лиризммен бейнелген. Қандай да болмасын, күрделі я керім күйлерін осылайша, қарапайым, көзге бейнелі жеткізе білу де - ақын қаламына тән қасиет.

Ұлы Абай «Махаббатсыз дүние–дос, хайуанға оны қосыңдар» деді, Ә.Кекілбайұлы жас кезінің өзінде-ақ:

Махаббат деген – ақырет,
Тыңдата ма, бірақ, қыз.
Бәйгеден жүрек аты кеп,
Қызығын көрдік бір-ақ күз.
Мен өкінбей қайтейін.
Жүректі қайғы даты жеп,
Қапаста қалдым шырақсыз.
Қас пен көздей жақын ек,

Жер мен көктей жырақпыз.

Мен өкінбей қайтейін, [1,59] – деп жазды.

Тақырып таңдау, көркемдік тәсілдердің қолданылу жүйесі - бәрі айналып келгенде суреткер интеллектісі мен интуициясының көрінісі.

Ә.Кекілбайұлының лирикалық кейіпкерінің ұлт болмысы, халық тарихы мен тағдыры, жаратылыс, дүние-таным мәселелері туралы толғануы заңдылық. Өйткені ол–тегеурінділігі терең теңіздей талант иесі, оның лирикалық кейіпкерінің интеллектуалдық дәрежесі өте биік, жан-жақтылығымен ерекшеленеді. Ә.Кекілбайұлының ұшан-теңіз білімі– баршамызға өнеге. Ә.Кекілбайұлы қазақ поэзиясына терең ойлылық, дидактика-философиялық сарындар әкелген ақын.

Ә.Кекілбайұлының сол жылдардағы жазған өлеңдеріндегі тағы бір ерекшелік – қанасына сыймай, ағылып-төгілген, асып-тасқан сөз нөпіріне, нөсеріне толы болуы.

Мысалы:

«Қалайсың»-дейді қиылып, «Отырмын»-деймін бұйығып.

Барады жүрек жиі ұрып, барады сабыр сұйылып,

«Бері кел»,-дейді қысылып, «Жарайды»-деймін түңіліп.

Түндігін үйдің түсіріп, зәремді түн ұшырып,

Есігін зорға тапқаным, енгігіп зорға аттадым.

Босағадан аспадым, төрге қарай баспадым,

Түрінің көріп аппағын, сұсының көріп қашқанын,

Немене болып қалды деп, қаралай әбден сасқаным.

Жалма-жан оған ұмтылдым, «жолама» деп жұлқынды,

Тежеп-тентек құлқынды, кеуде тұсым бұлқынды,

Томпайтып алып ұртымды, бере алмай қызға сыртымды

Томсырайып мен тұрдым, тымсырайып ол тұрды. [1,117]

Осындай экспрессивті түрде баяндалатын ұзақ-ұзақ шумақтардың не бір асыл сөздерге, бейнелерге, бейнелілікке толы болып келіп отыруы Ә.Кекілбайұлының ақындық, суреткерлік қырының ерекше сипаты күйінде қазақ поэзиясының соқталы мазмұны болып әр уақыт қала бермек.Көріп отырғанымыздай, жоғарыдағыдай өлеңдерде драмалық сипат: сұхбат, әңгіме элементтері де бар. Бұның барлығы ақын Ә.Кекілбайұлы шығармашылығының сан қырлылығын, күрделілігін көрсетеді. Төгіліп тұрған сезім мен ортаймайтын ой ағынын құйылып тұрған асыл сөздер арқылы бере отырып, өлең нысанындағы адам, зат, құбылыстың бәрін де үздіксіз қозғалысқа түсіру, сөйте отырып қоршаған орта, әлем барлығына жан бітіре суреттеу – ақын Ә.Кекілбайұлына тән стиль.

Ә.Кекілбайұлының ақындығы туралы айтқанда біздің бір назар аударғанымыз – оның жоғарыда мысалға алынған өлеңдеріндегі жаңа леп, үн, қарқын. Өлеңдегі ұлы Абай дәстүрін, лирикалық поэзияның әлемдік тәжірибесін толық әрі терең меңгерген ақын Ә.Кекілбайұлы тыңнан түрен салғандай қазақ өлеңіне жаңа бір эксперимент жасап көргісі келген сыңайлы. Жоғарыдағыдай өлеңдер лирикалық поэзияның классикалық анықтамасына тура келе бермегенімен, бізге өте таныс, жат емес, жақын. Бұл жерде ақын қазақ поэзиясындағы дәстүрлі жыр үлгісін жаңғыртып, жаңартып лирикалық сарын қосып, өзіндік жол салғысы келгендей көрінеді. Қалай болғанда да, бұл стиль әдебиетіміздің, өлеңіміздің ұлттық дәстүріне бөтен емес. Соны серпін, аса қуатты ақындық темперамент, эпикалық құлаш, Құрманғазының күйлеріндегідей дауылды, асқақ қалып, төгіліп-құйылып тұратын нөсер жаңбырдай сұлу сөздердің тасқыны–ақын Ә.Кекілбайұлының бітім-болмысындағы ерекше қырлар. Жалпы қаламгер туралы айтқанда, оның табиғи бітім-болмысын бірінші кезекте есте ұстауымыз керек.

Поэзия мәңгілік.Оны ешбір тағдыр, ешбір ажал ала алмайды. Кейде даланың қоңыр самалындай баяу ескен, кейде сабадағы қымыздай шымырқанған, енді бір кезде бәйге атындай ауыздықпен жұлқынған, ал кейде дүркірей құлаған тау суындай тасиды. Әбіш Кекілбаев поэзиясы халқымыздың алтындай аялап сақтайтын асыл мұрасы болып, мәңгі жасай бермек.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Кекілбайұлы Ә. Шығармаларының жиырма томдық толық жинағы. – Алматы: «Жазушы» баспасы.– Т. 9. – 2010. – 388 б.
2. Кекілбайұлы Ә. Шығармаларының жиырма томдық толық жинағы. – Алматы: «Жазушы» баспасы.– Т. 14. – 2011. – 352 б.
3. Кекілбайұлы Ә. Шығармаларының жиырма томдық толық жинағы. – Алматы: «Жазушы» баспасы.– Т. 17. – 2012. – 384 б.
4. Шапаев, Т. Шын жүрек–бір жүрек:әдеби–сын, зерттеу,эсселер / Т.Шапаев. – Алматы : Жазушы, 1999. –222 б
5. Қабдолов З. Сөз өнері:/Оқулық-монография. – Алматы: Өлке,2014. – 496б.
6. Қабдолов, З. Идея/ З.Қабдолов. –Алматы: Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі, Қазақстан Даму институты. – 1999. – 750 б.
7. «Қазақ әдебиеті» газеті №21, - 2018 – 16 б.
8. Кекілбайұлы Ә. Азаттықтың ақ таңы. – Алматы.– 1998. – 736 б.
9. Әбдірахманова Т. Қасым Аманжоловтың поэтикасы/Т. Әбдірахманова. - 1976.

ӘОЖ 82.09

Ә.КЕКІЛБАЕВ ӨРКЕНИЕТТЕР ӨЗЕКТЕСТІГІ МЕН ҰРПАҚТАР САБАҚТАСТЫҒЫНЫҢ БАСТЫ КЕПІЛІ – КІТАП ОҚУ МӘДЕНИЕТІНІҢ РӨЛІ ТУРАСЫНДА

Жеткізгенова Ә.Т.

Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті

Аңдатпа. Мақалада ұлт зиялысы Әбіш Кекілбаевтың өркениет сабақтастығын жалғайтын жас ұрпақ тәрбиесіне кітап оқу мәдениеті арқылы берілетін тәлімі жөнінде баяндалады. Ғасырлық уақытқа жақын тәрбие принциптерімен бүтін бір қоғамды тұтастай рухани бірлікте ұстаған ұлы педагог А.С.Макаренко «Балаға берілген дұрыс тәрбие – бұл бақытты кәрілік, қате тәрбие – біздің келешектегі сорымыз, біздің көз жасымыз», деп ел болашағы жас буын екендігін баса айтып, ұрпақ алдындағы жауапкершіліктеріміз бен міндеттерімізді қадағалауға ұсынған еді. Міне, аталмыш мақалада да осы күн тәртібінен түспейтін өзекті мәселенің түйткілді тұстарынан ой қозғалады.

Түйінді сөздер: өркениеттер өзектестігі, кітап оқу мәдениеті, оқу тарихы, жазу өнері, тәрбие, рухани байлық.

Зиялы жас буын – мемлекет үшін, ұлт үшін адал перзент болуы тиіс.

Итальяндық ойшыл Антони Грамши зиялыларды қарапайым халықтың ортасынан шыққан көзі ашық азаматтар мен сауатты білімдар, кәсіби маман деңгейіне көтерілгендер деп екі топқа бөлсе, орыс ұлтының зиялысы Достоевский оларды табаны жерге тиіп тұрғандар мен тимей тұрғандар деп саралайды. Ендеше, табаны жерге тиіп тұрған, ұлттық ділі бар, ұлттық рухына арқа сүйеп, ұлтын сүйетін сауатты да саналы жастар қатары көбейсін десек, «Әу баста не болғанын білмесек, бүгін оңбай қателесуіміз, ал ертең атымен айдалаға лағып кетуіміз ғажап емес. Ондай қатердің үрейлі бір белгісі – қазір көп сөз болып отырған кітап оқу дағдарысы. Жұрттың кітап оқуға немқұрайды қарауы – ең алдымен оқу тарихын ұмытудан басталып жатқандай.. Ал бұл бағзы бабалардың адал еңбегін аяқасты еткендік, өз болашағымызға өзіміз қалай болса, солай қарағандық болып шығады» [1, 4] деген Ә.Кекілбаев пікіріне сүйене отырып, адамзат мәдениетінің дамуы әлімсақтан-ақ оқу, жазу өнерімен тығыз байланысты болғандығын мықты ескергеніміз жөн.

Жас буынға ғана емес, жалпы адамзат атаулыға жаңалық арқылы жақсылық үйрету тәсілдері сөзден ғана тұрмаса керек. Жан-жақты саналы бағыт, сара жол, сапалы тәрбие, түзу қадамға сілтейтін қаншама көрнекілік сипаттағы құралдар бар.

Адамзат ұрпағын жалғайтын, келешек тағдырын батыл сеніммен ілгері апаратын жастар тәрбиесіне қазіргі таңда заманауи талапқа сай тәрбиелік ошақтар қажет-ақ.

Жастарымыздың кітап оқымайтындығы, жат қылықтарға бой алдырғаны, жат ағымдар ықпалына кете бастағандығы, ойын түйіп, пікірін жинақтап, қорыта әңгіме айта алмайтындығы секілді толып жатқан «әттеген-ай» мәселелері кез-келген жерде алға тартылып жатады. Жасы үлкендер арасында «біз жас кезімізде бөлен едік-ау, түген едік-ау» деп қынжыла отырып жиі айтылатын әңгімелердің куәсі болып жүрген жастар әбден мезі болып, еті үйреніп кеткендігі сонша, жекелеген жиындарда «Бүгін неге сол қалпыңызды сақтамадыңыз? Жасы ұлғайғанмен көңіл қартаймайды, іс-әрекет, тәрбие қартаймайды» деп күңкілдесе пікірін айтып жататындығы жасырын емес. Жаны бар сөз. Алдымен үлгі болатын өзіміз – ата буын, аға буын ғой.

Светқали Нұржанның «Шыңғыс ханмен шайқас» поэмасындағы:

«Отырарды ойрандаған, өртеп кітапханасын

Хас қанішер Хан Шыңғыстың өшірейік қарасын!»

Осы ұранды тамызық қып отша шалқып лапылдар –

Киізтұмсық ғалымдар мен мүйізтұмсық ақындар!

Кітапхана табылса егер – оқи қояр жан құсап,

Екіленіп есіреді «тағындағы» әңгі «шах»!

деген керемет өлең жолдарындағы кейіпкерлер қазіргі таңдағы ең өзекті кітап оқу мәселесіне келгенде арзан ақылмен аузын ауыртып жүргендер прототипі. Ақын қызыл сөздің шылауында су татыған жылымық сапырма ақылмен лағып, өркениет әлеміне өзінше өміршендік әкелмекші өпіремдеу, өкініші күштірек, кесірлікке құрылған есерсоқ ессіз есептің иелерін юмормен іледі. Өлең жолдарындағы нақты тарихи оқиға фактісін айғақтайтын сенімді деталь мағыналығымен құнды. Өздерін ақтап алғысы келген тоғышарлардың тұжырымы арқылы әлеуметтік ахуалды әшкерелеген, «тәрбиесіз берілген білімнің адамзаттың қас жауы екендігін» тағы бір айғақтақандай мықты дәлел. Ә.Кекілбаев та: «кітапқұмарлық шек пен шекараны білмейді екен. Расына келсек, кітапқа немқұрайдылық та тап солай. Оның да шек шекарасы болмайды. Тек бір миллиард жарлы-жақыбай ғана кітап оқудан құралақан емес көрінеді. Талай дамыған және дамып келе жатқан елдердегі миллиондаған сауатты кісі қолына кітап пен журналды тым сирек алады екен. Ал студенттер мен мектеп шәкірттерінің көпшілігі көз майын тек оқулықтарына немесе болашақ мамандықтарының жай-жапсарына жұмсайды екен. Қысқасы, кітапқа қалай қарайтынына қарап, кім-кімнің де болашағын алдын ала біле беруге болатыны даусыз» деп, [1, 31-32] сауатты жан көп-ау, бірақ сана мен сауатты рухани бітіммен үйлестіре алмағандардың қанша оқыса да кітап бетін құр парақтаумен бірдей саналатын әрекеті жалқыға ғана емес, жалпыға ортақ трагедия екендігіне оқырманының көзін жеткізе пайымды пікір қорытады.

Қазіргі таңда ақпарат алудың ең оңай, ең жеңіл, ең тиімді, ұтымды, уақыт үнемдейтін, әйтеуір артықшылығы көп делінетін интернет желісі көмегіне сүйену десек, Ә.Кекілбаев осы мәселені де назардан тыс қалдырмай, дәйекті деректермен: «...кітап оқу дағдарысы – біз сияқты аяусыз қатал экономикалық тұралауды жуық арада ғана бастан кешкен «жауыр» қоғамдарда ғана емес, көптен бері қоры отайып, қоңы сөгіліп көрмеген іргелі қоғамдарда да айта қаларлықтай мөлшерде орын алып отырған келеңсіздік. Ендеше, оның біздің бүгінгі ұлттық кеңістігімізден де тысқары әлемді қамтитын жаһандық себептері да аз болмаса керек. Оған бұл әңгіменің соңғы отыз-қырық жылды түгел қамтып келе жатқандығы да дәлел бола алады. Бұндай індеттің күшейгені сонша, өз дін, өз идеологиясын қалыптастырды. «жазба әдебиет дәурені өтті, ауыз әдебиет дәурені қайта келді», «Гутенберг (баспа өнімдері) галактикасын Маклюзи (аудиовизуалдық құралдар) галактикасын жұтып қояды» дейтін сәуегейлер де табылды. Сол тұста АҚШ-тың «Дженерал Электрик» компаниясы тәжірибе жасап, бір адамға бір мазмұнды хабарды текст, радиохабарлама, телебейне арқылы жеткізіп,

әсерін жеке-жеке тексереді. Сонда адамның ми қабылдағыштарының қызметін тексеретін аппарат телебейне көрсетілген кезде атымен жайбарақат тұрса, радиохабар тұсында аздаған тітіреністі көрсетіп, ал тексті өз көзімен оқып танысу кезінде оның шкалалары үздіксіз қозғалыс үстінде болыпты» [1, 31] деп кітап оқу ерекшелігі адамның дүниетаным көкжиегінің жарқырай көрініп, өресі биіктей түсуіне айрықша ықпалды екендігін атап көрсетеді. Бұған қоса мәтін, радиохабарлама, телебейне арқылы жасалған тәжірибе арқылы нақты дәлелдерді ұсына білген. Аталмыш ақпарат құралдары бірін-бірі толықтыратын күшке ие болғанымен, қалай болған күнде де кітап арқылы әлем тану көзқарасы күн тәртібінен түспейтіндігін нақтылаған озық ойлы ойшылдың толымды толғамдарымен қалың көпшіліктің толық келісері анық.

Тарихымыздан дәулеті тасып, сәулеті аспандаған қаншама ел осынша берекеге рухани байлығының арқасында ие болып, даңқы жайылғандығын дәлелдейтін деректер бар. Ендеше, сол елді тарих бетінде атын қалдырмай жойып жіберудің тиімді тәсілі ілім-біліміне қол салу болғандығынан тұжырымдар дәйектеген абыз: «Бір мемлекеттің екінші мемлекеттің тарихына қиянат жасайтынын былай қойғанда бір билікші әулеттің екінші әулеттің тарихи мұраларына өш келетінін адамзат талай рет бастан кешкен. Б.ж.с.д. VII ғасырда эламдықтар Месопотамиядағы ежелгі білім көзі болып табылатын Ур-Намму Зикуратин көзапара жойып жіберді. Осыдан жиырма үш ғасыр бұрын Қытай императоры Цин Ши-Хуанди мажусилермен алысқан болып, өзінен бұрынғы кітаптардың бәрін өртетті. Біздің VII ғасырда арабтар атақты Александрия кітапханасын талқандады. XVI ғасырда католик иерархтары майя мұрағаттарын құрттырды. XII-XIV ғасырдағы католик иезуиттері ежелгі қолжазбалар мен антикалық әдебиетті құртып шығады. Ежелгі иезуиттер кітаппен алысса, кейінгі иезуиттер жазуды өзгерту арқылы қоғамды тарихи жадынан айырып отыруды әдетке айналдырды. Қытай билікші династияларының осындай озбырлығына, басқаны қойып, конфуций мен даосизм мұраларының өздері аз ұшыраған жоқ. Тарихта болған төрт жүзден астам жазу түрі көбіне-көп бейбіт түрде емес, сондай күштеп өзгертуден азайды. Жазу мен оқуға монополия династиялық билік кезінде негізгі саяси күрес әдісі болды» [1, 19-20] деп жазуды, жазба мұраларды сақтап қалу өркениеттер өзектестігі мен ұрпақтар сабақтастығының басты кепіліне айнала бастағандығынан хабардар етеді.

Кітап оқу арқылы келетін рухани байлығыңды арттыратын әдемі әлемнің есігіне енуді біріміз түсініп, біріміз түсінбей жатамыз. Кейде бас қатырғымыз келмейтініміз де жасырын емес.

Кітап оқу қай кезең талабында да кенже қалмауға тиісті. Кітап оқу арқылы келетін адами қасиеттердің қадірін түсіне, түйсіне білуіміз керек.

Осы орайда әдебиеттанушы ғалым А.Кемелбаеваның «Сөз хикмет» еңбегінде: «Кітап – ұлы мағынаға ие, ол өркениеттің өзі мен көзі. Кітап – өте күрделі образ, оның құдіреті шексіз... Ұлы данышпандық кітапсыз тұл.

Кітапхана адамзатты қараңғы дүниенің қапасынан жарыққа, нұрлы әлемге алып шыққан рухани күштің символына айналды. Дүние жүзін мекендеген ұлттардың тағдырына осы бір кітапханалардың қасиеті мен әсері өз билігін жүргізбей қоймаған. Әсіресе, көктен түскен төрт кітапқа кенелген халықтардың ризығы ерекше екенін қазір толық ұғынсақ керек» [2, 100] деген пікірін айта отырып, Ұлы Абайдың данышпандық деңгейге жетуіне алтын көпір – кітаптың рөлі мықты болғандығына терең мән бергендігін атап өткен орынды.

Қымбат рухани қазынамыздың алтын кілті – кітап десек, адами құндылықтың асыл өзегін, әдеп-ибаны, ұятты, жанның әдемілігін, дүниенің ғажап сырларын ұқтырар ілім тек осы кітапта екендігін мойындағанмыз жөн.

Сонымен, жастар арасындағы рухани құлдыраудан сақтандыру себептерінің бір қатарында: Рухани көз – кітап екендігін жадымыздан шығармау, даңғаза құр мақтаннан аулақ болу екендігін естен шығармасaq.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Кекілбаев Ә. Өркениет өзегі. Ақтау, Ш.Есенов атындағы КМТИУ, 2010 ж. 35б.
2. Кемелбаева А. Сөз хикмет. – Алматы; Дәстүр, 2016. -382 б.

ӘОЖ 82-4

ТЕЛЕГЕЙ ТЕҢІЗ (Әбіш Кекілбайұлы жайында толғаныс)

Құлбек Ергөбек

Аңдатпа. Бұл мақалада әдебиетте Әбіш Кекілбайұлы қалам тартпаған жанр жоққа тән екендігі сөз болады. Жазушы, ақын, драматург, ғалым екендігі дәлелденеді. Сондай-ақ қайраткерлігі, адами қасиеттері де баяндалады.

Түйінді сөздер: Әбіш Кекілбайұлы, әлем әдебиетімен үндестік, жазушы, ақын, драматург, ғалым, біртуар қайраткер.

Қадірмен Әбекең - Әбіш Кекілбайұлы жайында толғану оңай емес. Оңай болмайтыны - ғасырлар бойы адамзат баласына рухани азық сыйлаған; көңіліндегі қайғысын қуып қуанышқа кенелткен, жүдеген жанын марқайтқан, сөйтіп оқырманын он-сан ойға бөлеп келе жатқан - әдебиет енді келіп өнер болудан қалып, өнерден өлшем кеткен, бей-жай бейуақытта сол аса мәртебелі СӨЗ өнерінің қазақ топырағындағы бастамашы бағланы, Тәңіріден бұла табиғатқа сый болып дарыған дарын қуатын халқына иіп берген Абызы туралы айту, айта алу қайдан оңай болсын?! Оған кимелеп тағы бір күдік килігеді: айта қалғанда шалынар құлақ табылар ма? Идеология қалыптастырар күзіретінен айырылып, өз елінде аяқасты болып жатқан өзге әдебиет секілді қазақ қоғамына Қазақ әдебиеті керек болмай тұрған осы бір тұста ұлы жазушымыз жайында арадағы қаралы бір жылды алға салғанда өкінішке, өнер құндылығын ескергенде мәңгілікке арқа сүйеп айтар сөз қазір азғантай топты ғана мерейлендіре алса керек. «Сөз анасы – құлақ» жетім, әдебиетті керек етіп жатқан тірі пенде жоқта, сол ұлттық әдебиеттің тұма-бастауында тұрмағанымен (ол тарих ісі) әлемдік аренаға көтеріп шығарған катепті қара нары жайында сөз қозғау, оның қаламынан туған алуан жанрлы, толағай ойлы, теңіздей тербелген көркемдік тұтастықтан туып ұлттық құндылыққа айналған туындыларды әлем әдебиеті контекстінде қарастыру, қарастыра отырып жаңалықты ой айту қайдан оңай болсын? Сенің ғасырлап жасаған әдебиетінді қастерлеу орнына билік басына келген әлдекім оны ысырып тастап қарап отырады. Әйтпесе, қазақ әдебиеті жайында ұғымы жоқ біреу келеді де өз сөзін айта бастайды. Олар қоғам жайында қаламгер қауымы айтып жатқан ойларды байыппен тыңдап, байыммен қабылдап, бойына сіңіруі өз алдына, өзінің жеке басы жайында айтып жатсаң да мыңқ етпейтін халге жетті. Реакция жоқ. Кімсің? Не айтып жатырсың? Кім үшін, не үшін айтып жатырсың? Шаруасы жоқ. Демек, әдебиетті керек етпейтін қоғамда сол әдебиеттің мәңгілік маңғазы, ұлынан ұлы тұлғасына айналып кеткен азамат, қаламгер қайраткері жайында айту оңай болмайтыны сондықтан. Айтқанда кім үшін айтасың, не үшін айтасың? Бұл – бір.

Екіншіден, бүгін болмаса ертең бар, ертеңгі ұрпақ «сендерге бердім батамды» дейтіндей ұлттың үздік туындыларын оқитын ұрпақ ертең келер дүниеге деген үмітпен сөйлеуің мүмкін. Сөйлегенде, сөйлер адамың - Әбіш Кекілбайұлы болып шығады. Бүгінгі ұрпақ «қағынан жеріген құландай» әдебиеттен жеріп, алыстап кеткен жағдайда Әбекең шығармаларын оқитын оқырман ертең табылатынына сенеміз бе? Оқырмандық дәстүр бір үзілген соң ол үзілген өрмектей оңайшылықпен қайта жалғана қояр ма? Қаншама ұлы туындылар шоғыры дегенімізбен оны тұтынушы рухани орта болмаса трагедияның үлкені сол болмас па? Қалай дегенімізбен кешегі кеңестік кезеңде қазақ әдебиетінде ғажап

шығармалар туды. Қазақ әдебиеті европалық деңгейге көтерілді. XX ғасырда алдымен жапон, соңынан Испан әдебиетінің әлемдік аренада дода бұзғаны секілді Орта Азия әдебиеті, оның ішінде қазақ әдебиеті әлемдік классикамен иық теңестірілген туындыларын кешегі кеңестік кезеңде дүниеге әкелді. Қазақ әдебиетінде әлемдік әдеби классикалық туындылармен иық теңестірілген туындылар бірсыпыра. Соның біразы Әбіш Кекілбайұлы еншісінде. Бірі емес, біразы. Әлемдік классикаға бір шығарма қосудың өзі зор бақыт. Ал, бірнеше шығармасы әлемдік деңгейге көтерілу – ол дарынның ғана емес, дананың пешенесіне жазылар сирек бақыт. Әбіш Кекілбайұлы – сондай сирек бақыт иесі еді.

Бір өкінішті жағдай - әлемдік әдеби процеске иық теңестіріп барып еркін енген қазақ классикалық шығармалары өзге түгілі өзімізде, өз «үйімізде» өз бағасын алған жоқ. Соның бірі тағы да Әбіш Кекілбайұлы шығармалары. Әбіш Кекілбайұлы шығармалары жайында сөйлеу үлкен жауапкершілікті тілейді. Білермендікке берілу, сөзуарлыққа салыну - Әбіш Кекілбайұлы жайында айтар сөзге жүрмейді. Әбекең шығармашылығы жайында талдау сөз айта алсаң құба-құп, ал айта алмасаң ең болмаса шыншыл оқырман ретінде сөйлей алсаң оның өзі де шеккі емес. Өйткені...

Өйткені Әбіш Кекілбайұлы – қазақ әдебиетіндегі айырықша құбылыс. Қазақ әдебиеті дейміз-ау, қазақ әдебиеті ешкімнің маңдайына да тар келмейді дей тұра, қазақ әдебиеті үшін туған Әбіш Кекілбайұлын қазақ әдебиетімен ғана шектеп қояр болсақ ол да дұрыс болмас еді. Өйткені, ол әдебиетке келгенде әлем әдебиеті тәжірибесін игере, әлем әдебиетіндегі айқұлақ тұлғаларға құлақ түріп, сансыз бұлақтай сабылып ағып жатқан әдеби ағымдарды игере келген кісі. Ол әдебиетке келген сәттің өзінде қазақ әдебиетінің ғана жемісі емес, әлем әдебиетінің жемісі. Әлем әдебиетіндегі тұтас-тұтас ағындар мен оқшау-оқшау құбылыстарды жіті бағып, іштей талдап, жете пайымдап, бойына сіңіре келген ізденімпаз талант. Әлем әдебиетін сөз дерті қинап әдебиетке келер сәтте ғана іздеп, әдебиетке келер сәтте ғана ізін баға талдап қоя қойды ма екен Әбекең. Жо-жоқ, Әбекеңнің бұл ұдайғы дағдысы. Қашан қара басы қара жерге жеткенше әлем әдебиетіндегі әрбір қимыл-қозғалысты қалт жібермей қадағалап «барометрдей» бағумен болды. Қазіргі таңда әлем әдебиеті дегеніңіз де мына заманадай тоқырап тұрған шағы. М. Бахтин әдебиеттегі ең жас жанр атаған романның өзі не боларын, қайда барарын білмей дағдарып тұрған шақ. Осындай жағдайда біз Әбекең романдары жайында не айтуымыз керек? Сөз жоқ, бір жай ақиқат. Әбекең қаламынан туған, қазақ әдебиетінің ғажайып үлгілерінен саналатын ол туындылар өз бағасын алуы керек. Жәй бағалау ғана емес, әлем әдебиеті контекстінде талдануға тиісті. Оған әдебиеттің тоқырағаны секілді, тоқырап тұрған әдеби сынның қауқары жете қоя ма? Қыл-қысқасы Әбіш Кекілбайұлы жайында сөйлеу – аса үлкен жауапкершілікті тілейді.

Әбекең жайында көп айтуға болады. Ең бастысы дайындалып, ұлы жазушы қолынан шыққан бұйымдарды талдап дөп сөйлеген мақұл. Ә.Кекілбайұлы қай тақырыпта жазса да арнайы дайындықпен жазады. Ал, ондай жазушы жайында сөйлегенде дайындалмай сөйлеу – ұяттың үлкені. Сондықтан осы жалпы жинақтау сөзбен Әбекең жайлы кіріспені тоқтата тұрып өзіміз ұдайы жақсылығын көрген осы бір аса қызықты дарын, абзал адамның кісілік, азаматтық тұлғасына, шығармашылық тағдырына үңіліп көрсек.

Шұғылалы жүрек
(Бірінші толғаныс)

Ұмытпасам 2000 жылдың шіліңгір шілдесі. Елбасы тапсырмасымен Қазақстан Республикасы Мемлекеттік хатшысы Әбіш Кекілбайұлы Оңтүстік Қазақстан облысын аралап, атқарылған істермен танысып жүрген. Қасында «Егемен Қазақстан» ашық акционерлік қоғамының Президенті қаламгер Сауытбек Абдрахманов! Әбекеңнің «тонның ішкі бауындай» жақын көретін інісінің бірі.

Олар облысқа келіп, одан аудан-аудан аралап кете барыпты. Мен мемлекеттік қызметтемін. Қызмет болғанда Оңтүстік Қазақстан облысы Әкімі аппараты басшысының орынбасарымын. «Ішкі саясат» бөлімін қосып басқарамын. Тәжірибем көп деп айта алмаймын. Аталған қызметті атқара бастағалы жылға жетер-жетпес уақыт. Облыс әкімі билік институтындағы белгілі тұлға - Бердібек Сапарбаев! Бұған дейін Қызылорда облысын

абыроймен басқарған. Қызылордадан Шымкентке Бекене есендесе келіп, кетіп жататын бұрынғы қызметтестерінің әңгімесіне қарағанда облыс жұртшылығы Бердібекті бізге қимайтын секілді. Біздің облыс жұртшылығы әзір іскер азамат, табанды басшы қадіріне жетіп үлгерген жоқ. «Бердібек біздің әрбіріміздің үйіміздегі бір-бір баламыз секілді еді. Көгілдір экраннан Бердібектің төбесін көрсек: «Е, ел аман, жұрт тыныш екен ғой» - деуші едік». Бұл – белгілі ақын, сазгер Лена Әбдіхалықованың анасының сөзі. Асылы Бердібек қайраткерлігін халыққа арнайтын әкім. Бұхара халық та сосын жақсы көретін болар. Қара жолдан қаражат шығаратын іскерлігіне жұрт қайран қалысатыны және бар.

Бердібек Қызылордадан Оңтүстік Қазақстан облысына ауысып келгенде басқасын былай қойғанда облыс орталығы – Шымкентте не жарық, не жылу жоқ еді. Халық қара түнекте қамығып отырған. Қызметке келген сол бір күндері өз көзімізбен көп қабатты үйлердің жоғары қабатынан қыз-келіншектердің етін салып, қамырын құрғақтай қамтып қазанын көтеріп жерге түсетінін, көшедегі қусақ ағашты қойғанда өсіп тұрған ағаштарды сындырып отқа жағып, піскен асты қайтадан көтеріп белі майысып жоғары қабаттарға қарай көтеріліп бара жататынын талай рет көргенбіз. Облысты Бердібек Мәшбекұлы осындай түн-түнекте отырған кезінде қабылдап алды да аз уақыттың ішінде жарығын жағып, жылуын беріп, көгілдір отынын үйлеріне кіргізіп, ыстық, суық суын қайта ағызып аз уақытта күнеске шығарды. Халық алғысына бөленді. Қызылордадағыдай Шымкентте де бұхара халық аз уақытта Бердібек Мәшбекұлын жақсы көрудей-ақ жақсы көріп кетті. Құданың құдыреті осындай іскер облыс әкімін жақсы көрмейтіндер де жеткілікті. Олар бұрын облыста билік басында болған жандар. Олар бәлкім облысты басқарғанда «приватизацияны» «прихватизацияға» айналдырып, халықты қара жерге қаратып кеткен қаратұяқтар. Облыс тұралаған. Тұралаған облыста жұмыс жүріп кеп берсе, ол пақырлардың жұмыс істемей, қу құлқын қамына түсіп кеткені әшкере болады ғой. Олай болса, жұрт облыста жұмыс жүрсін деп еңбек көрігін қыздырып, алды «қызыл май» болып жатса, Ол және оның ниеттестері облыста жұмыстың жүруіне емес, жүрмеуіне «жақтасуға» тиісті. Енді міне, облыс басқаруға Бердібек келді. Алмайды. Бермейді. Алғызбайды. Бергізбейді. Ақ-адал жұмыс істетеді. Содан іс жүреді.

Жарық келді жарқырап. Жұрт қарық болды. Жылу келді. Көгілдір отын әрбір үйдің ошағында лаулайды. Күннің көзін көргісі келмейтін «байғыз-пенделердің» көзі қарықты. Жарқанат-пенделердің тынысы тарылды. Облыстың іскер әкіміне қарсы жойқын шабуыл басталды. «Ар-Дақ» аталатын арнайы қарабейіл газет шығарылды. Ол жеке қалталардан қаржыландырылады. Қаржыландырушының бірі – облыстың бұрынғы әкімінің бірі деседі. Мақсат-міндеті - облыстың жаңа әкімі Бердібек Сапарбаевты сүріндіру. Баспасөзге ұйымдасып мақала жазылады. Облыстан ұйымдасып ұйысып Президент Н. Ә. Назарбаевқа Б. Сапарбаев үстінен нешетүрлі арыз жөнелтіледі.

Елбасы оңтүстікке келген бір сапарында «Арыз жазғанды қойыңдар. Бердібек Оңтүстік Қазақстанда жұмыс істейді. Қолынан іс келеді. Мен сенемін»-деп нығырлай айтып та кетті. Бірақ оған тоқтар көргенді ел, көшелі азаматтар қайда? Тоқтаусыз арыз жазылады да жатады. Қызулы өсек құлақты отқа қарығандай бір күй.

Тағы бір толқын арыз түскен. Содан Елбасы Мемлекеттік хатшы Әбіш Кекілбайұлына Оңтүстік Қазақстан облысына барып, аудан-ауданды аралап, жасалып жатқан жұмысты көзбен көруді, елмен кездесіп облыс әкімі туралы жалған жала мен шын пікірдің жағын ажыратып келуді тапсырады. Әбіш Кекілбайұлының қабатына Сауытбек Абдрахмановтай зиялыны ала оңтүстікке келу сыры, міне осы жағдайға байланысты. Әбекеннен кездескен жерде жылы сөз есітіп қалатыным бар. Сауытбек қатар оқыған, қанжығалас дос-жар жігіт, білімді, білікті азамат! Сәлем бергім келіп бір тұрды да жарамсақтанғандай болмайыншы деген оймен тежелдім. Әй, менің жасықтығым-ай, осы!

Өзім оңтүстікте салт басты, сабау қамшылы жүріп жатырмын. Жарым, бала-шағам Алматыда. Менің үстімнен де әртүрлі пәлекет ұйымдастырылып жатады. Түн жарымында Алматыдағы жарыма қыздар телефон соғады. «Менімен ойнап-күлген қыздар.» Түн жарымында Алматыдағы жарыма «семьямыздың досы» телефон шалады. «Менің жүріс-

тұрысым жайсыз.» «Бұлай жойдасыз кете берсем отбасым күйрейді.» «Аспиранттармен театрға барамын. Мейрамханаларда отырамын...» Соның бәрін егжей-тегжейлі жазған хатты поездан беріп жіберген. Баян барып алуы керек. Обалы не, жарым жалалы сөздерге арандамады. Айтағына ермеді. Айтқанына жүрмеді. Айтқаны – «Біздің қамымызды құдай жейді. Құдайдан өз отбасыңның амандығын сұра!..»

«Мен де адаммын жаралған сүйек, еттен» - деп Сәбит Мұқанов айтпақшы, мен де жарымды, бала-шағамды сағынамын. Алматыға сұрануға батпаймын. Әлгіндей бір қазақ бір қазақты дос көрмей, өшіге жазып, өршелей ұмтылып жатқанда, әкім іскерлігін көре алмай Астана- Шымкент – Астана арасы ұйымдасқан өтірік, өсек, атаға бөлу, арыз-шағым ұйымдастыру – ерсілі-қарсылы жазу болып жатқанда жеке басың үшін сұрануға арың бармайды-ақ. Дегенде сұранамыз. Тікелей бастығым, Оңтүстік Қазақстан облысы Әкімі аппараты басшысы Кеңес Махамбетовтен сұранып Алматыға кете қалғаным.

Алматы топырағына табаным тигені сол. Үйге жетіп балаларымның басынан сипап та үлгергенім жоқ, телефон шар ете түсті.

- Құлеке, жедел қайтыңыз. Ұшақпен ұшыңыз. Әуежайда Сізді қонаққа арналған 07 автокөлігі күтеді. Бекең іздеп жатыр. «Алматыға жібердім» десем ренжіді. Бәлкім Сізді Әбекең Кекілбаев іздетті ме? Білмедім. Айыптымын. Қайтыңыз. Бастығым Махамбетовтің үні.

Салым суға кетті. Жедел қайттым. Мемлекеттік қызмет.

Ештеңеге, ешкімге ренжуге болмайды. Ұшақпен ұшуға рұқсат етілді. Оған да рахмет. «Әбекең іздетті ме, қайдам?»-деді-ау, Кеңес бастығым. О, О, онда мен бақыттымын... Ұшақтың жайлы орынтағына жайғасып алып Әбекең - Әбіш Кекілбайұлы жайында ойланамын, толғанамын.

Тіпті қай жанр туындылары болсын хас талант Әбекең ісмер қолынан шыққан бұйым – Бұйым! Замананың мына бір қысылшаң шағында өндіріп жазу орнына мемлекеттік қызмет деген бір мәселені тауып алып, ойда мансапқорлық жоқ, бойда оған деген бейім жоқ шақта қызметке жегіліп жүргенімді көрмеймісің? Әйтпесе, Әбіш Кекілбайұлы шығармашылығы туралы толымды бір кітап жазар ма едім? Алайда, ғасырлар бойы ата-бабамыз армандаған Тәуелсіздікті алғанда оны халықтың қалыпты өміріне айналдырып тұрақтандыру үшін де менің осы жүрісім мысқалдай да болса үлес емес пе?! Менің ақ-адал қызметім облыс әкімін ғана қолдау ма екен, Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлын да қолдау емес пе белгілі дәрежеде? Қазіргі таңда Елбасы айналасында кіршіксіз таза адамдар жүр деп айта аламыз ба? Айта алмаймыз ғой. Облысты отырғызып кеткен алатұяқтардың өзі Елбасы сеніміне кіріп алып, сол кісінің айналасында нешетүрлі құйтұрқы саясат жүргізуде екенін көріп-біліп отырғанымыз жоқ па? Ардақты Әбекеңнің облысымызға келуінің өзі сол Құдайдан қорықпағандардың ұйымдастырған арызының салдары емес пе? Солай ғой. Е, Е, бір ағынан қарасы, адалынан арамы басым, бір ұрты май, бір ұрты қан біреуді жібермей, Әбекеңдей дүниетанымы мейлінше кең, ақ сөйлеп, адал жүретін кемел адамды жіберген Елбасына рахмет!

Әбекеңмен көктемде Қызылжар жерінде кездескен едім-ау. Онда облыс әкімі Қажымұрат Нағмановты қабатына ала отырып Тәуелсіздік жайында толғап еді-ау. Осы топыраққа келуімізге себепкер болған Сәбит Мұқанов жөнінде де біраз тебіренген. Сонда өзім ғұмырымның біраз жылын арнап Сәбитті таныдым деп жүрген, тіпті қазаққа Сәбеңді қайта таныттым деп пендешілікке салынып астам жүрген басым Әбекең сөзінен кейін осы бір дүниетанымы қайшылыққа толы жазушыны таныту былай тұрсын, өзім әлі жете танымағандай күйге түскем. Сәбит Мұқанов және оның ЮНЕСКО бойынша тойланар тойы жөнінде айта келіп, Темірхан Медетбектің сұрағына орай, егер Сәбеңнің тойы ЮНЕСКО штабында тойланар болса, оған баруға хұқылы бір адам болса – ол біздің мына Құлбек-деп мен жайында тағы бір қозы көш жерге жеткізе әңгіме айтқаны бар-ды. Мерейім өсіп қалған. Мен басымды бұға түстім де айналамдағылар жапырлай маған қараған. Есілам Зікібаев Әбекеңді қолдай мені Сәбиттанушы ретінде көтермелеп сөз қосақтап жібергенін де жүзіммен емес, шуылдаған құлағыммен еміс-еміс естігенмін.

Шынымен мені Әбекең іздетті ме екен?

Өз сұрауымнан өзім селт ете түстім. Қалың ойдан арылып бір сәт ойыс терезеден жерге қарадым. Шымкент топырағы. Келіп те қалыппыз.

Ұшақтан түскен жерде, айтса – айтқандай-ақ 07 автокөлігі күтіп тұр екен. Мені Сарыағаш сауықтыру шипа-жайына қарай ала жөнелді. Кезінде Д.А.Қонаев түсетін тәуірлеу ғимарат бар еді. Сонда әкелді. Әбіш ағаның осында жатқанын білдім.

Сәлем бере кіріп келдім.

- Ой, айналайын Сары бала!. Әбіш аға мені бауырына баса құшақтай амандасты.

Амандық – саулық сұрастық.

Мәселенің мән-жайы былай өрістепті.

Мемлекеттік хатшы өңірге келген соң екі-үш күн қасында облыс Әкімі бірге жүреді. Сол тұста Бердібек Мәшбекұлы Ақбота есімді қызын ұзатып, «құйрық-бауыр жесіп», құда-кәде жасасып жатқан. Әлденеше ауданды аралап Сарыағаш шипажайына жеткенде Мемлекеттік хатшы қасында Бекең біраз болып әлгіндей жағдайға байланысты сұранады. Алдын сенбі, жексенбі етіп сұранып кетіп бара жатқан Бекеңнен Әбіш аға:

- Келгелі Құлбекті көрмедім. Біздің Құлбек қайда, осы?-деп сұрайды.

- Қызметте. Сізге жіберейін-дейді Бекең.

Мені жер-көктен іздестірудің сыры осында жатыр екен.

Әбіш аға ресми тұлға әрине. Алайда, біз ол кісіні ресми тұлғадан бұрын ұлы жазушы, ғазиз жүректі жан райында жақсы көреміз. Өзімізге ұстаз тұтамыз. Көріспегелі біраз болған. Әбіш аға мейірленіп қарсы алған соң төбем көкке елі жетпей қалды. Бақытқа кенелгендей болдым. Әбекеңмен шүйіркелесе әңгімелестік. Е, ол күнгі әңгіме шер тарқатқандай емен-еркін әңгіме болды. Әбекеңді бәсіре аға тұтып әңгімесін еркін тыңдаған күнім.

Есіме курстас досым Сауытбек Абдрахманов түсті. Саукең іргедегі Келес ауылының тумасы. Сауытбек бұдан жыл бұрын алдындағы ағасынан айырылған.. Әбекеңнің кісілігі ғой қаралы шаңыраққа кіріп үй иелеріне, ауыл-аймаққа көңіл айтпақ. Соған орай Сауытбек дос ауылына жүріп кетіпті.

Келеске келдік.

Әбекең қаралы шаңыраққа көңіл айтты. Жәбірлі ауылға жұбату айтты. Қара шаңырақтан қаралы күйді қуып бақытқа бастағандай телегей теңіз тілек, көшелі әңгіме өрбітті.

Шымкентке қайттық. Мәртебелі қонақтар Клуман қонақ үйіне түсті. Мен атқосшы. Ақшамда мәртебелі қонақтардың құрметіне дастархан жайылды.

Әбіш Кекілбайұлы – төрде, қасында – Бердібек Сапарбаев.

Үстелдің бір қанатында – Сауытбек екеуміз, екінші қанатында – қала әкімі Болат Жылқышиев және оның орынбасары Сұлтан Сүгірбаев!

- Бердібек бәрібір бірінші сөзді маған бересің ғой. Сондықтан өзім-ақ бастай берейін.

Бұл - Әбіш аға. Қара нардай орнынан ырғалып тұрып сөз бастады.

Әрине, Әбеке, әрине.

Бұл - Әбіш ағаны ерекше құрметтейтін облыс әкімі Бердібек Сапарбаев.

- Енді, сөйлегенде былай, Бердібек, өзің басқарып отырған өңірді аралап көрдік.

Пікірімді жол-жөнекей біліп те келесің. Тиісті орындарда кеңінен баяндармын облыс жағдайын. Бүгін мен басқа бір мәселе жайында айтайын деп тұрмын. Бердібек, сен шығармашылық адамдарына жақсы қарайтын сияқты едің. Оныға біз сырттай сүйсініп жүруші едік. Кітап оқитын әкім азайған шақта оқитын, жақсы мен жаманды ажыратып танытын бір әкім болды ғой деп ойлаушы едім. Сол қамқорлығыңнан біздің Құлбек қағыс қалған сияқты. Құлбекке әлі үй бермепсің ғой. Мұның не қылғаның? Әкім бол – халқыңа жақын бол деген бар емес пе? Халық болғанда да, біздің Құлбек қаламгер. Жақсыңды жарқыратып көрсетеді. Қазақта «ауылдың баласы» деп қараушылық кездеседі. Құлбекке олай қарауға әсте болмайды. Ол әдебиетте өз саласындағы екінің, әрі кеткенде үштің бірі. Егер, сен бағаламасаң мен бағалаймын. Үй бермес болсаң ашып айт. Астанаға алдырайын. Қызмет берейін. Саған керек болмаса Құлбек Астанаға керек. Астананы – Астана ету үшін де

Құлбектер керек. Қаламы қуатты, не жазса да тындырымды жазатын, не айтса да ойланып ойлы айтатын Құлбектей жандар керек Астанаға!

Мен мына шарапты Мемлекеттік қызметте жүріп те әдебиетке адал бейілін сақтаған үлкен қалам иесі – біздің Құлбек үшін, айналайын Сары бала үшін көтеремін. Келші бері, өзің...

Мен аң-таң... Бейне бір ертегі әлеміне еніп кеткендеймін. Әлгіндей асыра мақтауларды жүрегіме қондырып үлгере алмай жатырмын. Көзім жыпылықтап қасымдағы Сауытбек досқа қараймын...Әбекеңе «Шымкентте үйім жоқ, қиналып жүрмін»-деп аузымнан лепес шығарсам не дерсіз?! Әлде Сауытбек айтты ма екен? Өткенде бір кездескенде «Жазуды сирексітіп кеттің. Оңтүстікке қоныс аударғанда қылған пайдаң қане? Басыңда баспанан да жоқ. Астанаға ауыспайсың ба?»-деп біраз тақымдаған. Бәлкім мейірбан Әбекеңді тұтандырған оттық қасымда отырған Сауытбек болмағай. Ол міз бағар емес.

«Апыр-ай осы сөздерді ұлы жазушымыз, Мемлекеттік хатшымыз Әбекең - Әбіш Кекілбайұлы айтып тұр-ау. Мен не деген бақыттымын?! Бақыттан тасыдым. Мең-зең қалыптан ақырын айығып, шайқала басып барып жаны – жайлау Әбіш ағаның мейірбан құшағына еніп кеттім. Дала бейіл дана Әбекең маңдайымнан сүйді. Пешенедегі жазу кісінің маңдайында болады деседі. Әбекеңнің ыстық мейірінен пешенедегі жазу да балқыған шығар-ақ.

Байқаймын Бердібек Сапарбаев маған көзінің астымен қарап отыр. Әлгіндей сөздерден кейін ешкіммен санасып жатуға шақтым жоқ. Рюмке толы коньякты Сауытбек доспен қағыстырып құлатып кеп жібердім.

Мансап иелері, мемқызметкерлер сөйлеп жатыр сызылтып. Бірде-біреуі құлағыма кірер емес. Өзіммен өзім.

Бір-екі айналым сөзден кейін облыс әкімі Әбекеңнен рұқсат сұрап құда күтуге кетті. Біраз отырдық. «Протоколь» үшін отырғандар үйді-үйіне сызып кетті... Әбекең мен Сәукең қасында біраз болып, түн жарымы ауа, қонақтарды бөлме-бөлмесіне жайғастырып мен де қайттым. «Үйінде қатының жоқ. Жата кетпеймісің?»-деп сөзбен бір қағытып Сауытбек қалды.

Ертеңіне ертелеп тағы да Әбекеңдердің қасынан табылдым.

Сағат 10-да «Сәкен Сейфуллин» театрында Мемлекеттік хатшы облыс активі, қала жұртшылығымен кездесті. Орыс тілінің тұғырдан түсе қоймаған кезі. Әбекең бастан - аяқ қазақша сөйледі. Сөзінің аяғына таман аялы жанарымен жұртшылықты шола өтіп «э, мұнда славянь жұрағаты да отыр екен ғой»-деп алып, ептеп орысша қосты. Асылы ол күнгі сөз – сөз емес, толқыған теңіз еді. Теңіздей толқыған ой айтылды. Тәуелсіздік бағасы, облыстағы әрбір жетістік тәуелсіздікті баянды ету үшін жасалған әрекет, жалпы мемлекетті нығайтуға қосылған үлес екені, облыста жұмыстың ойдағыдай жүріп жатқаны, басқа емес, қазақтың бірін-бірі аяғынан шалып, омырауынан алып, шалғайына жармасып жатса қалай ел боламыз... Әбекең қозғаған тақырыптар осындай. Естір құлақ болса, қабылдар таза жүрек болса толқыған сөз, толғақты ой айтылды. Қиямпұрыстау бір-ер сұрақ берілді. Жауабын заматында алды. Тапсырыспен жұмыс істейтін кейбір қумүйіз журналистер болмаса жұртшылық риза болып ойланып тарасып бара жатты...

Түстік шәйді (әрі хоштасу шәйі) қала әкімі Болат Жылқышиев Сайрам ауданы аумағында жаңадан ашылған бір мейрамханаға ұйымдастырыпты. Кешегі отырысқа қарағанда кісі қарасыны молдау. Сауытбек төрлетіңкіреп жайғасты. «Протоколдан» аса алмай мен төмендеу барып отырдым.

Әбекең дәм үстінде халықты дана етіп те сыйпаттады, бала етіп те сыйпаттады. Даналығын бағалап, балалығын аялап қызмет ету керек халыққа деп бір кетті. Адамдық ұлылығы, жазушылық даналығы, саяси дипломатия қатар түсіп жарасымын тауып кетіп барады. Облыс жағдайына талдау бере сөйледі. Облыста жұмыстың қызу жүріп жатқаны, азамат қадіріне жете білу де азаматтық екенін айтты Әбекең. Облыс жетістігін Елбасыға айтып баратынын жеткізді.

Отырыс аяғына таман «Бердібек, Сен менің кешегі өтінішімді ұмытып кетпе. Біле-білсең Құлбектей азаматтың қасында жүруі – ен байлық. Құлбек – бүгінгі көзің ғана емес, ертеңге жетер сөзің де. Бағалай біл!»

«Әңгіме жоқ, Әбеке! Өтініш емес, Мемлекеттік хатшының тапсырмасы деп қабылдадым.» Облыс басшысы Бердібек Мәшбекұлының сөзі.

-Келші бері, Сары бала, айналайын!

Әбекең екі қолын науша көтеріп маған қарады.

Кешегі мақтаудың буына, кешегіге бүгінгі қосылып коньяк суына балқыған мен байқұс батылданып алып тамақтан майысып тұрған столды айнала өтіп Әбекеңнің мейірбан құшағына қойдым да кеттім.

Маңдайымнан сүйді Әбекең. Пайғамбар пейіл жан емес пе Әбекең, «пешенемдегі жазулардың арасында қырсықтары болса осымен кесілген-ақ шығар, кесілген де өшірілген шығар, Пешенемде тәуір жазулар болса мықтап бекіген-ақ шығар»- деп ойлады.. Бақытты едім.

Буалдыр көзбен Сауытбекті іздедім. Суық жымып отыр екен. Жұрт қозғалақтай бастаған. Сәл оңашалық тауып Сәукең: «Бәрін бүлдіріп жүрген сен емес пе?»-дедім. «Кімнің бүлдіргенін қайтесің, үйінді алып алсайшы..» Сәукең дос жұқа жымыды.

Жұрт абыр-сабыр. Әбекеңмен хоштасып жатыр.

Облыс әкімінің көзіне түскім жоқ. Олжам аз емес. Тұра қашқым келіп тұр. Ойымды жиып үлгермедім. Бердібек Мәшбекұлына бетпе-бет кездесіп қалсам болар ма?! «Құлбек, машинанды қоя бер де менің машинама мін!»-деді облыс әкімі. Түсі ызбарлы секілді көрінді. Жайшылықтағы төгіліп тұрар мейір жоқ...

Әбіш Кекілбайұлы мен Сауытбек Абдрахмановты «протоколь» бойынша Жамбыл облысы әкімдігі азаматтары өз көліктеріне ауыстыра мінгізіп ала жөнелді.

Мен Облыс әкімінің сүлік қара «Мерседесіне» кісі үйіне ұрықсатсыз кірген ұрыдай қуыстана барып отырдым.

Күн ыстық...

Машина іші салқын.

Бір баудың жанынан өтіп бара жатқанда облыс әкімі алдыңғы орында отырған көмекшісіне «тоқтат» деген белгі берді. Жүргізуші сөйлеп қалған өзбек жігіті. Тоқтай қалды. «Түс»-деді Бекең маған. «Жаппарқұлда жан бар ма?» Түстім. Көмекшісі Ілияс Спанов екі қалың бокалға орталай ақ арақ құйды. «Құлбекке толтыра құй. Бұл бүгін ішпегенде қай күні ішеді? Мемлекеттік хатшыны біз күтеміз өліп-талып. Бар жақсы сөзді бұл естиді.»

- Сен немене Мемлекеттік хатшыға менің үстімнен арызданып? Не мен саған «үй бермеймін»-дедім бе? «Үй беремін»-дедім ғой.

Салбырап кеткен басымды көтерсем облыс әкімі күліп тұр екен. Құрдастығымыз да бар еді. Батылдана түсіп, қайта басылып мінгір-мінгір бірдемелерді айта бастадым.

- Беке, жол үстінде тұрмыз ғой. Мен Әбіш ағаға «үйім жоқ»-деп жақ ашқан емеспін. Сауытбек бірге оқыған қанжығалас дос еді. Сол айтпаса, қайдан білейін? Жол үстінде тұрмыз ғой, Беке! Мен Әбекеңе айтқызып үйлі бола қалайын деген пендешілік ойдан аулақпын. Бірақ, Әбекеңдей ұлы адамның айтқызбай жасаған қамқорлығы үшін бақыттымын!

- Әй, жәй айтамын Құлбек. Шынымды айтсам, Әбекеңдей ұлы жазушының сен жайында осыншалық жақсы сөз айтқанына қуанып отырдым. Әбекең ондай тебіреністі сөзді кімге арнап айтыпты?! Осы, мен сенің қадіріңе жетпей жүрмін бе деп қалдым. Айттым ғой, үй беремін. Енді, Мемлекеттік хатшының тапсырмасын орындауым керек қой. Үй бергенде де бұрынғы уәдемді молайтып кеңірек пәтер беремін саған! Әбіш Кекілбаев Мемлекеттік хатшыдан бұрын ұлы жазушы, ғажап адам ғой... Аға десең аузың толады...

Өзі де ептеп өлең жазатын облыс әкімі Бердібек Сапарбаев Әбіш аға жайында әдемі сөздерін төгілті. Мөлдір сөзі жаныма майдай жағып барады.

Қазіргі шенеуніктер оқымайды ғой. Ал, Бердібек Сапарбаевтың жоқ уақытты бар етіп, әдебиет оқып жүретініне сүйсініп тұрдым. Облыс әкімінің жазушыларды жан тартып жақсы

көретінін, жалған жалтырамай шығармаларын оқып, қадіріне жетіп іштей жақсы көретінін әрдайым-әрдайым байқап келемін. Қадыр Мырза Әлі, Шерхан Мұртаза, Тұманбай Молдағалиұлы: «көп томдығымызды шығаруға қаражаттай көмектессеніз екен»-деп хат жазғанда, қиын-қыстау кездің өзінде жоқ қаржыны бар етіп: «Жазушы ағайын жазбаса, біз оқымасaq жабайы болып кетпейміз бе, ақша байлығы тозар, ар байлығы азбасын!»-деп аталған жазушылардың әрқайсысына мол қаржымен демеушілік жасап еді. Менің 6 томдық тақырыптық «Арыстар мен Ағыстар» аталатын сын мақалалар жинағымның жарық көруіне де бір кісідей-ақ көмектесті. «Біз үй саларда зират соқтық. Қайтесің, Тәңір ісі. Менімен бірге Астанаға жүрмедің. Түркістанға тұрақтар түрің бар. Алматы, Астанадан жазушы, ғалым келсе алдымен Сені іздейді. Сен жақсы бір үй сал!»-деп идея айтқан, қамқор болған Бердібек Мәшбекұлы Сапарбаев қой бұл! Сөйтіп, Түркістанда – Бердібек салдырған үш қабатты үйде тұрып жатырмын. Қызмет ауыстырған сайын өзіне сыйланған, жиналған кітаптарды қорап-қорабымен маған жіберіп тұрамын қайтерсің?!

Азамат десең де жарасар, қазан ат десең де жарасар!

Алға озыңқырай сөйлеп жатқаным ғой. Әңгіме Әбіш аға туралы еді-ау.

- Ал, Құлбек былай етейік. Әбекеңнен сен ғана емес, мен де талай қамқорлық көріп келемін. Кісіні алаламай, бөлмей тұтас қарайтын Әбекеңдей қазақ қайда?! Ел боламыз десек Кекілбаев кеңдігін, алты Алашқа бірдей теңдігін үйрене білуіміз керек. Әбекең енді Жамбыл облысы шаруашылығымен танысады. Елбасы арнайы тапсырмамен жіберіп отыр. Бағыт-бағдарымызды талдап, көрген-білгенін таразыға салып, қорытып Нұрсұлтан Әбішұлына баяндайды. Нұрекең, Әбекең... Әуезе әңгімелер айтылды. Бокалдар көтерілді....

Р.С. Ұзамай жаңадан салынып жатқан 20 пәтерлік үйден 6 бөлмелі пәтер тиді маған. Сол үйден өзі алуға тиісті 6 бөлмелі пәтерден бас тартып 2 бөлмесін маған Бердібек Сапарбаев қосымша бөліріпті. Сөйтіп Әбіш ағаға берген уәдесін орындады. Кең пәтер беремін деп те Сапарбаевтың сау басы дауға айналып кете жаздады. Өзім терімді сіңірген «Жас алаштан» бастап бізді сынап жөнелді... Бір орынбасары: «Маған төрт, менің орынбасарыма алты бөлмелі пәтер бересіз... Адам басы ба бір қабила...»-деп сызды сөз сабақтапты. Бекең: «Мемлекеттік хатшы Әбіш Кекілбаевтың тапсырмасы. Сен де Әбіш Кекілбаевтай азаматтың сеніміне ие болсаң, саған да алты бөлме үй берейін...» депті уәжге. Жер беттеніп шығып кетіпті орынбасар.

Сол үйде қазақтың ғажайып ақын қызы Фариза Оңғарсынова бастаған қаламгерлер қонақ болды. Әбіш Кекілбайұлы үйімізде болған емес. Бердібек Сапарбаев та. Осы үйде Мемлекеттік хатшы Әбіш Кекілбайұлынан құттықтау хат алып 50 жылдықты да тойладық. 60 жылдықты да! Тағы да құттықтау хат! О, құттықтау хат болғанда қандай!? Әбекеңе деген ыстық ықыласты ішке бүгіп бірақ бір рет «шайға» шақырмаппын-ау?!..

Өмір ғой. Жақында қаражаттан тарықтық. «Шымкент қаласындағы бос тұрған пәтерді сатсақ қайтеді?» Жарым Баянмен ойластым. Ақыл қоспады. Үндемеді. Қолдамағаны. Үш бірдей азаматтың адамгершілігінің куәсіндей киесі бар үйді иесі екенбіз деп өз қолымнан шығарып өзгеге сату азап екен ойлап қарасам. Соны білдім. Сатпауға, балаларға мұраға қалдыруға біржола бекідім. Енді жөндетіп жатырмын...

Шұғылалы жүрегіңізден айналайын, Әбіш аға!

Телегей теңіз

(Екінші толғаныс)

Әдебиетте Әбіш Кекілбайұлы қалам тартпаған жанр жоққа тән. Ол бар жанрда жазған жампоз жазушы. Бұл – XX ғасыр басында өмір сүріп, азғантай уақытта қазақ әдебиетін кәсіби деңгейде қалыптастыру тарихи міндеті жүктелген буынның амалсыз баратын әмбебаптығы емес. Олай деуге жол жоқ. Әбекең әдебиетке келген кезде қазақ әдебиетінің бар жанры профессиональдық деңгейде қалыптасып үлгерген. Әбекең ол жанрларға өзін, өз бойындағы дарын бейімін іздеу үшін де барған жоқ. Жазушының жанр таңдайтыны секілді жанр да жазушы таңдайды. Әбекең ол жанрдың қай-қайсысына да Жанр қажетсінген соң барды. Бұл бару – жәй бара салайыншы деген ниет жемісі емес, әлем әдебиеті құндылықтарын еркін игерген профессионал қаламгердің кәдімгі саналы кәнігі

барысы. Нәтижесінде Әбекең – қазақ әдебиетінің бар жанрында қалам тербеген, қазақ әдебиетінің бар жанрында ұланасыр олжа салған ұлы дарынымыз болып қалыптасты.

Әбіш Кекілбайұлы – ақын.

Ақын болғанда шағын лирикалық өлеңдерін былай қойғанда «Менің ғасырым» аталатын публицистикалық-философиялық поэмасымен айналасын таңқалдыра келген тума ақын. Жылдың эпикалық туындылары жайында баяндама жасаған профессор Бейсембай Кенжебайұлы алпысыншы жылдары өз алдынан дәріс алып жүрген студент шығармасын Ә. Тәжібаев, Х.Ерғалиев, Қ. Бекхожин, Д.Әбілев секілді ірі ақындар поэмаларынан жоғары қойып, жылдың жұлдызды туындысы - әдеби құбылыс деп тауыпты, солай биік бағалапты уақытында. Бала Әбішті мектеп қабырғасында таныған мемлекет қайраткері Нұртас Оңдасынов секілді, оның Ташкентте №14 жетім балалар үйінде бірге оқыған парталасы - ұстаз Б.Кенжебайұлы танымына бұл орайда тәнті боламыз. Бір жерде туып, Ташкенттің №14 жетім балалар үйінде бірге тәрбиеленген қос арыстың бірдей назары – бала Әбішке ауғанына қарағанда Әбіш кездейсоқтық емес тарихи заңдылық болып тұр-ау шамасы. Бәрінен де сенімнің ақталғанын айтыңыз, сенімнің! Ақындық жолдың басында жазылған лирикалық өлеңдерден тартып театр үшін жазылған «Абылай хан» поэтикалық драмасына дейін... бәрі-бәрінің жөні бөлек. Асылы, Әбіш ағаның поэтикалық туындылары дербес қарастырылуы керек. (Жазар ма еді, шіркін?!) «Менің ғасырым» сөйтіп, алдын, айналасын таңқалдыра келген әдеби құбылыс!

Әбіш Кекілбайұлы – прозашы. Прозашы болғанда жолбастауындағы лирикалық, лирико-философиялық шағын туындылардан (әңгіме, повесть) бастап бертіндегі кең тынысты, көп планды философиялық, тарихи-философиялық эпикалық туындыларына дейін қазақ халқының азаматтық тарихын, адамдық болмысын, кісілік табиғатын кең талдап жазған кемел талант. Қазіргі таңда Әбекеңдей жазушымыздың прозалық шығармаларынан кандидаттық, докторлық диссертациялар жазып қорғалды. Бұл - әбден лайық іс. (Ізденуші жастармен жарысып жазар ма еді, шіркін?!)

Әбіш Кекілбайұлы – деректі прозаның ғажап өкілі. Деректі туындыны кісі жазайын деп жазбайтын болса керек. Деректі әдебиет бірде елдік тарихыңа, келесіде азаматтық тұлғана қатысты туындайды. Оны кемталанттың ермегі етіп қойғысы келмегендіктен көркемдүние жазып жатқан алтын уақытты арнайы бөліп білек сыбанып кірісіп кетеді жазушы. Деректі, деректі тарихи баянға Әбекең тарихты обалсыну, тақырыпты қорлатпау үшін барып қала беретін болуы керек. Әйтпесе Әбекеңді күтіп жатар қаншама тақырып бар қазақ әдебиетінде?! «Ұйқыдағы арудың оянуынан» тартып Тараз, Түркістан, Сайрам шаһарлары туралы тұтас-тұтас кітаптар мен тарихымыздағы ерен тұлғалар жайындағы деректі толғаныстар Әбекеңнің мерейін қашанда үстем етері хақ. Деректі прозаға тап Әбекеңдей еңбек сіңірген кісіні қазақ әдебиетінен табу қиын. Әлем әдебиетіндегі Ирвинг Стоун романдары, Смирновтың «Бресть қамалы», Чивилихиннің «Сана», Д.Граниннің «Клавдия Вилор» аталатын деректі туындыларына кезінде ірі-ірі мемлекеттік сыйлықтар берілді. Әбекең қаламынан шыққан деректі туындылардың қай-қайсысы да орыс әдебиетіндегі аталған тандаулы деректі туындылардың қай-қайсысынан да оқ бойы озық. Өзінің тақырыпты игеру мәнері, көзін тауып тартымды өрнектеуі, аналитикалық талдауға құруы, шиыршық аттырып ширатып, сала-сала етіп арналы тарата баяндауы жөнінен Әбекеңе ешкім шән келмейді. Дария ағыс, дана жазыс. (Білекті сыбанып кірісіп кетіп жазар ма еді, шіркін?!)

Әбіш Кекілбайұлы – драматург.

Мейлі төлтума, мейлі телтума драматургияға Әбіш Кекілбайұлындай біліп баратын, еркін игеретін, байыпты жазатын, байытып аударатын қаламгер сирек. Өттең, драматургия зерттеушісі емеспін. Кезінде Сәбит Мұқановтың да драматургиясын аша алмадым ғой. Әйтпесе, Әбіш ағаның бұл жанрдағы туындыларын да танып жазса, талдап жазса, шіркін?!

Әбіш Кекілбайұлы – аудармашы.

Аудармашы болғанда әлемдік классиканың әдемі үлгілерін бар жанрда аударып көрді. Әдетте өз шығармашылығы өріс ашқан дарынды жазушылар нашар аудармашы болып шыға

беретіні бар. Шамасы, аударманы мәнсінбей, астамшылықпен жоғарыдан қарайды. Шамасы, аудармаға маманданған көзбен емес, астамдау қарайды, нартәуекелмен барады. Аударма өнер ретінде оған көне ме? Көнбейді! Осыны білген Әбекең аудармаға астамшылық жасаған жан емес. Алған аударма табиғатына орай нысаналы автор оның таңдауға түскен туындысын терең зерттеп алып кәнігі аудармашы болып жегіліп кете барады. Нәтижесінде Әбекең тамаша аудармаларымен қазақ әдебиетін байтты. Қазақ әдебиетіне қаламгерлік мәдениет, аудармашылық мәнер-машық үстеді. Өзіміз де мектеп қабырғасында жүрген түбітiek шағымызда Ги Де Моппассанның «Өмір» романын Әбекең аудармасында оқып, сүйсініп, әдебиетке құштарлығымыз артты. (Әбекеңдей дана дарынның бұл қырын да шырайын кіргізіп жазар ма еді, шіркін?!)

Оның шығармашылық тағдырында екі жүйе тақырып ерекшеленіп тұрады. Бірі – Шыңғыс, Ақсақ Темір, Жөнейт секілді шексіз билік иелері мен олардан зәбір-жапа көретін, тіпті солардың екпіні мен тепкіні арқасында дүниеден өтіп кетіп жататын өнер иелері. Бір қарағанда, Әбекең жазатын аңыздық, тарихи тақырыптағы туындылардың бағзыдан келе жатқан еміс-еміс ізі бар, кейіпкерлерінің түптұлғасы бар; бірақ солай екен деп жазушы оларды өмірге жақындатып, нақтылап алып жатқан жоқ. Шексіз билік иесі, мансапқұмар жандар, бар өнерін салып, жолына көлденең тұрғанды жайпап, таптап бұхара халықты билеуді өмірінің бар мән-маңызына айналдырған, ақыр аяғында өзі жасаған қиянат, наладан өзі опат болып жатқан әмірші. Өзі жасаған қиянаттың шәннен асқанын, шәктен шыққанын білетін, біле тұра өршелене билікке ұмтылатын бұл билік иелері бір қарағанда дара-дара тұлғалар, жеке-дара өмір сүріп жатқан сырлы бояумен жасалған образдар. Сонымен бірге, аты басқа, тұлғалануының жалпы мәнері ұқсағанымен, табиғаты өзара ұқсас болғанымен кейіпкер ретінде жеке-дара өмір сүріп жатқан осы кейіпкерлері үлкен көркемдік жинақтауға түскен жазушының философиялық концепциясын арқалап жүрген аса мәртебелі БИЛІК! Расында, қазақ халқы қай дәуірде де билік иелеріне тәуелді болды емес пе?! Ал, әлгі билік иелері қазақ халқы өтіп келе жатқан әр дәур-әр дәуірдегі халықты бақытқа бастаған, бақытсыздыққа душар еткен қайшылықты тұлғалар. Олар әр дәуірде өмір сүргенімен мансапқорлықтан таққа жетуі, тақты сақтап қалу жолындағы қантөккіштігі бәрі-бәрі де өзара ұқсас. Қала қалама, Сенің тағдырыңды, Сенің аяулы халқыңның тағдырын аяқасты етіп келе жатқан билік иелері солар. Олардың аттары басқа, заты ұқсас, қаныпезерлігі айна-қатесіз. Халық олар үшін жеке-жеке тағдырлардан бас құраған жандар емес. Билігін жүзеге асыруға қажетті объекті ғана. Тіпті халықтың көзі ашық, көкірегі ояу жандары - өнер адамдары да БИЛІКТЕН тек қана теперіш көреді. Тұлға ретінде бас көтеріп келе жатып жаншылып тынады.

Алайда, өркеуде билік алдында қорланған өнер адамының рухы бәрібір асқақ жатады. Асқақ рух шығармаларында аса бір философиялық ойға оранып өрлікпен өріледі.

Әбекең еш уақытта тарихи тақырыптың құлына айналған, ірі тарихи тұлғалардың етегінен ұстап, өмір ізімен жүріп шығып, шығарма жазып, яки тарихи тақырыпты тарих үшін ғана жазып, оқырманын жалаң экзотикамен суаруды мақсат тұтқан жазушы емес. Ол тарихтың қай қай кезеңіне барсын, қандай тарихи тұлға туралы жазсын, оны өз заманы шындығымен бейнелеп, бүгінгі күннің философиясымен суаратын жазушы. Шығармашылық жолының бас кезеңінде жазылған аңыздық тақырыпта туған формасы жұтынып туған «Күй», «Ханша-дария хикаясы» философиялық повестері мен соған жалғас жазылған «Аңыздың ақыры» романы жайында біз осындай ойдамыз. Рас «Үркер» мен «Елең-алаңда» жазушы тарих сүрлеуінен тым ауа жайылып кетпейді, жалпы тарих нобайы, тарих соқпағы үдесінен шығып отыратыны бар. Өзі сыр-сұхбат секілді мемуарлық жазбаларында тарихты фон етіп алып, өзінің қиял қоспасына ерік беру – қауіпті екенін тиянақтай айтып жүруіне қарамастан Әбекеңнің соны мәнерде туған эпикалық өзара жалғас, жалғас, сабақтас болғандықтан роман ғана емес, роман-эпопея деп тануға болатын «Үркер» мен «Елең-алаң» да қатып қалған тарихи романдардан емес. (Кезінде жазушының аңыздық тақырыпта туған шығармаларының өзінен «историзм» принциптерін іздеген сыншылар болған. Алайда, оның аңыздық тақырыпта туған ауқымды, тынысты әрі нәзік психологизммен жазылған

философиялық туындыларынан «историзм» принциптерін іздеу қисынсыз. Ал кейінгі кезеңде жазушылық мәнер алмастырыла жазылған, алдына жазушы тарихи принциптерді сақтау мұратын қоя отырып жазған «Үркер» мен «Елең-алаңнан» көркем тарихи шығармаларға қояр «историзм» принципі талаптарын көлденең тарта беруге болады. «Үркер» мен «Елең-алаң» тарихи романға қояр талаптарды толық көтереді, «историзм» принциптеріне толық жауап берерлік шығармалар шоғыры. Туындыгердің өзі «Саяси роман» атап, оның кең мүмкіндігін дәріптей сөйлеуіне біз әзелден қосыла қоймаймыз. Қосыла бермейтініміз аталған өзара сабақтас қос роман табиғаты жағынан «саяси роман» емес. Саяси романда автор айтқандай мол мүмкіндік жоқ. Бұл қос туынды жанрлық табиғаты жағынан тұтас дәуірлерді өзара сабақтастыра қамти суреттейтін, көп кейіпкерлі, алуан-алуан образды, дәуірдің тарихи-әлеуметтік ахуалын мейлінше жан-жақты сипаттайтын, сипаттай отырып оны кейіпкерлер көзімен (ой-дүниесімен) жан-жақты талдайтын әлеуметтік-философиялық тарихи эпопея. Орыс зерттеушісі, роман-эпопеяны жанрлық тұрғыдан талдайтын Чичериннің роман-эпопеяға қояр талаптарына қазақ әдебиетінің «Үркер» мен «Елең-алаң» сынды сындарлы қос туындысы лайық шығады. Ә деген алғашқы қадамнан азаматтық тарихымыздың белгілі бір кезеңі, немесе белгілі бір тарихи тұлғасы туралы жаза бастағанда суреткерлік эпикалық тынысқа бастап, арналы ағынға ұласар ма еді, жоқ па, кім білсін?! Осы «кім білсін» бізді ойландыра береді. Өйткені, эпикалық тыныс, суреткерлік арналы ағын оның алғашқы прозалық туындыларын былай қойғанда поэзиясының өзінде қылаң берді емес пе?! Олай болса, суреткерлік тыныстылық, эпикалық алымдылық пен қаламгерлік қарымдылық оның суреткерлік табиғатынан туындап жататын табиғи тума мінез! Кезінде М.Әуезов кезекті талқылау, талқылау емес-ау «ит сілікпесін шығарып» сілкілеуден құр сүлдері шығып Әбділда Тәжібаевтың үйіне жолай соқса керек. Сонда ақын ана Айманкүл «Мұхтар қайным, тыныштық па? Түрің өрт сөндіргендей ғой»-депті. «Е, Айеке жұрт жер бастырып жүргізгісі жоқ»-десе керек елден ерек көңіл адамы Мұқаң. Сонда Айманкүл ана «Құдайдың үйген төбесін кетпендеп таусар ма пендесі? Қамықпа. Бұл да бір өткінші әрекет!»-деген екен. Сонда Мұқаң жадырап : «Пәлі, Айеке, Сіздей тауып айтар кісі болар ма екен, сірә?! Әдемі айттыңыз-ау, қан жұтқан қайғылы көңілімді, қайғыдан қарайған көңілімді бір сөзбен көтеріп ағарттыңыз-ау»-деген екен. Сол секілді Әбіш ағаны Алла-тағала әуел бастан кең жаратқан, кемел жаратқан адам. Ол мейлі кешегі өткен күндерге барсын, мейлі бүгінгі күн өмір шындығын бейнелесін оны адамзаттық ойлаудың бүгінгі биігінде тұрып таниды, адамзаттық ойдың бүгінгі биігінен қарап таразылайды, талдайды. Сөйтеді де бүгінгі күн, бүгінгі адамзат үшіндік рухани құндылыққа айналдырып келістіре суреттеп жеткізеді.

Әбіш Кекілбайұлы – шынайы суреткер. Жазушы райындағы тіл байлығы әуел бастан аға буынды әрі қайран қалдырған, әрі сақтандырған. Тіпті әрбір адымын қадағалап тілектес болатын, өзге түгілі алдымен өзіне қатал қарайтын Әбдіжәміл Әбіш ағаның тіл байлығынан қауіп те ойлаған сәттері бар. Әбіш Кекілбайұлы тіл байлығы – оның суреткерлік ерекше табиғатынан туындап жатады. Асылы әдебиет – тіл мен ойдың одағы. Ойың тегеурінді бола тұрып тілің жұтаң болуы сірә да мүмкін емес. Әйтсе де Әбдіжәміл Нұрпейісовтің күдігі сөзді мысқалдап орнына қолдану мәселесі жайында болса керек. Ал, Әбіш Кекілбайұлының тіл байлығы алдымен кейіпкер табиғатынан шығып жататын, оның жан-дүниесінің көрсеткіші дерлік, содан кейін сол кейіпкер өмір сүретін орта, оны тұлғалайтын орта бар емес пе, соны көрсететін қазақ халқының тарихына, этнографиясына қатысты тіл өрнектері! Осыдан шығарып айтсақ, Әбіш Кекілбайұлы – шығармаларының тіл байлығы мейлінше құнарлы, қазақтың сөз байлығын мейлінше игерген, игерген деген сөз өз алдына қазақтың тілін өзі жазатын тақырыбына қарай сөздік қормен байытқан, өзі жазатын тақырып табиғатынан туындатып сөз орамдарымен, тың тіркес, жаңаша сөз, сөйлем байламдарын жасауымен ерекшеленетін тілі ерекше бай жазушы. Кезінде орыстың керемет стилист жазушысы И.С.Тургенев орыс тіліне «Камыш шуршит»-деген бір тіркес енгізгені үшін өзін бақытты санаған екен. Ал, Әбіш аға қазақ сөзін тілдік қор тұрғысынан да молайтқан, сөз, сөйлем,

философиялық орам, шешендік сөзге айналып кетер жаңа байламдарымен де әбден байытқан байтақтандырған кемел суреткер.

«Болған ауылда бой жетіп, толған ауылға келін боп түсіп көрдік. Бірақ одан көрген рахаттан гөрі тартқан тауқыметіміз көбірек болды» Әбіштің адам ретіндегі тағдыры да, жазушы ретіндегі тарихи тағдыры да анасы Айсәуленің осы бір сөзінен басталатын болса керек. Адамдар. Тағдырлар. Онда көзге ілінбейтін пәкене адам жоқ, қандай кейіпкерді тұлғалауға ниет қылса да – жеке тағдыр иесі болып тұлғаланады. Кісіні бей-жай қалдырмайды. Бәлкім Тимур Мамаладзенің «Героям повестей Кекилбаева дышится тяжело»-деуінде де осындай мән бар шығар. Бір қарағанда Әбекең қарапайым өмірді суреттеп, қарапайым тіршілік жайында баяндап отырғандай көрінеді. Ал, шығарманы оқып шыққан соң Әбекеңмен бірге бір немесе бірнеше тағдырлар көрмесін бірге аралап көресің, бірге аралап, бірге талдап шыққандай күй кешесің.

Әбіш Кекілбайұлы - өзіне дейінгі адамзат көш-керуенін жұмыр басты пенде ретінде жалғаушы ғана емес, өзіне дейінгі адамзат баласы кешкен тарих, көрген мехнат, күйзелген, күңіренген, қуанған қайғы-қасіретімен қоса суреткер ретінде сахнаға алып шығып, көрерменнің көз алдында, оқырманымен ойласа отырып талдап, көркем өзіне дейінгі тарихтың қорытындысын шығарған, бағасын берген, одан нені алуға болады, нені алуға болмайды, бүгінгі таңға, ендігі ұрпаққа соның қайсысынан үйренуге, қайсысынан жиренуге керек соның бәрі-бәрісін философиялық тұрғыдан жентектеп бере білген көркемдік жинақтаудың құзар шыңына шыққан аса күрделі философ жазушымыз.

Әбіш Кекілбайұлын тарихи тақырыпқа жазатын жазушы, болмаса бүгінгі өмірді жазатын жазушы деп ара-жігін ажырата қарап, айыра талдауға көне бермейді. Рас тарихи тақырыпқа бірсыпыра шығарма жазды, рас бүгінгі өмір шындығынан бірсыпыра шығарма жазды. Ал, сол шығармалардың бірі таза тарихи туынды болып тарих шеңберінен шықпай, өткен өмірдің шындығын ғана қаузап жатыр ма? Әлде бүгінгі өмірден жазған шығармасы өмірді қайталай айтып берумен шектеліп қалып отыр ма? Тіпті де олай емес, тарихи тақырыбы – бүгінгі өмірмен тыныстайды, бүгінгі өмірден алып жазған тақырыбы тарих қойнауына кетіп қалып жатады. Әдеттегідей тарих мұнда фон ғана емес, шығарма кейіпкері – адам өзіне дейінгі өткен өмір, тіршілік кешулердің, аталар мен әжелердің арман-ойының жалғасы болып бой тастайды. Қай кезең, қандай дәуір, ол кезеңде өмір сүрген адам жайында қалам тартса да Әбіш алдымен дәуірді, сосын сол дәуірде өмір сүрген адамды әлеуметтік тұрғыдан жентектеп, психологиялық тұрғыдан талдау жасай бастайды. Бір қарағанда Әбекең өзі суреттеп отырған дәуір адамы сияқтанып кетеді; өйткені, ол кейіпкерлер әлеміне терең еніп, сол кейіпкерлер тынысымен тыныстап, сол дәуірдің қоғамдық болмысына тереңдеп, әлеуметтік әділеті мен әділетсіздігін кейіпкерімен бірге жанымен кешеді, басынан өткереді, жан-жүрегінен өткізеді. Бәлкім мұны кейіпкержандылану деу керек шығар. Қоғамның сол кезеңде өмір сүрген адамға артар жүгін бірге арқаласып жүреді. Демек, өткен қоғамды сырт бақылаушыдан шым бойлап, шымырлап еніп кететіні соншалық сол қоғамда өмір сүрушіге айналады. Сырттай билік айтушы емес, өз басынан өткеруші секілді болып шығады. Әбіш шығармаларының қатпарлы, әлеуметтік астары қалың, адами ізгілігі мол философиялық талдауға айналып шыға беретіні де осыдан. Ол тарих шыңырауынан бүгінгі күн шындығына дейін, бүгінгі күн шындығынан тарих шыңырауына шейін барып диалектикалық тұрғыдан біртұтас дүние жасайтын бүтін бітім!

Әбіштің мейлі тарихи тақырыпқа жазылған шығармаларын оқып отырып сол кезең тарихына бүгінгі күннің көзімен қарап, әлеуметтік мәселелерін кейіпкер табиғаты арқылы жіті талдап, жете саралайтыны соншалық – ол бүгінгі күн шындығынан жазылған шығармаға айналып жүре береді. Өткен тарихымыздағы ханды бейнелей отырып ақылы мен қайратын халықты бақытқа кенелтуге емес, оларды тырп еткізбей уысында ұстауға қызмет еткізуге жұмсайтын айлакерлігі, қатыгездік ақыры қараң қалу, ашкөздік ақыры құм қабу болып шыға келгенде біз кешегі кеңестік кезеңде «ал бүгін ше?»-деп ойланып аяқтай беретініміз сондықтан. Бәлкім алда да, келешек қоғамдарда да Әбекеңнің аңыздық, тарихи тақырыпта жазылған шығармаларын оқыған оқырман «ал бүгін ше?»-деп аяқтайтын болуы керек.

Қан төккіш жендет ақыр аяғы – қаннан, қатынкұмар хан ақыр аяғы – нәпсіқұмарлықтан (әйел қолынан), өмір бойы құдық қазған құдықшы ақырында құдық түбінде көз жұмады. Шешім бір сияқты көрінгенімен біреуі мансапқа құл болып, бірі нәпсігі құл болып, бірі жұртқа бақыт сыйлап, қуаныш сыйлап кетіп барады мынау өмірден. Олай болса шығармалардағы шешім пішімі жағынан өзара ұқсас сияқты көрінгенімен одан өрбитін ой, түйілген философия әр басқа. Ол ізгілік пен зұлымдық ара қатынасынан шығып жатады. Соған орай алар тәлім де басқа-басқа.

Ә.Кекілбайұлы шығармаларындағы Абыздық сипат жөнінде. М.О.Әуезовте Абыз ұлт қамын, халық келешегін кемел болжайтын ойшыл дана қарт, алты алаштың қамын жеген кемеңгер келбетінде көрінеді. Ал, Әбіш Кекілбайұлы шығармаларында Абыз жоқ, абыздық ой кейіпкер бойына сіңірілген ұлт тағдыры жайындағы кенеулі концепция, толқыған ой ағыны ретінде көрінеді.

Ә.Кекілбайұлы – кемел шағына келегенде ат ауыстырды. Одан қазақ халқы ұтты, ал өзі ұтылды десе болады. Тұлғаның халық үшін туатынын ойласақ, Әбіш Кекілбайұлының ұтылысының арғы жағында қазақ елі тұрады. Ендеше, екі есеп – бір есеп, қайраткерлік тұтас болмысымен туған халқына қызмет ету! Ал, орта жолда ат ауыстырмағанда көп жазатын еді десек, онда Әбекеңді көптің қатарына қойған болып шығамыз. Көркем өнер ешқашан аз, көппен өлшенген бе, санмен емес, сапамен өлшенбек емес пе?! Олай болса, қазаққа, қазаққа ғана емес адамзатқа мәңгілік құндылық қалдырып өткен Әбекеңді игеріп оқу, бойлап тану, ойлап бойға сіңіру – сол міндет ендігі жерде!

Мың тағзым, Әбекең рухына!

ӘОЖ 82.09

ТАЛҒАМ ТАРАЗЫСЫ

Қамарова Н.С.

Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті

Аңдатпа. Бұл мақалада заңғар жазушы Әбіш Кекілбаевтың шығармашылығындағы тарих пен адам тағдырының біртұтастығы, жазушы прозасындағы терең психологизм, қиял мен шындықтың астасуы сөз болады. Әбіш Кекілбаевтың ешкімге ұқсамайтын, талғамы биік қаламгер екендігі дәлелденеді.

Түйінді сөздер: тарих пен адам біртұтастығы, аңыздық желілер, мифтік мотивтер, психологизм, талғам таразысы, т.б.

Көркем әдебиеттің әріден келе жатқан басты мұраты – адамзаттың асқақ армандар жолындағы күресін, парасатын жырлап, жан дүниесінің сырын шерту. Бұл мақсат ешқашан да күн тәртібінен түспейтін маңызды. Талантты суреткер ешқашанда адам мен заманды бөле-жара қарамайды. Себебі қоғам мен адам бір-бірімен тығыз байланысты ұым. Көркем шығармада образ – орта – уақыт бірлігі бөлінбестен тұтастықта алынып, шынайы қалпында суреттелуі тиіс. Заманымыздың заңғар жазушысы Әбіш Кекілбаевтің шығармашылығында тарих пен адам тағдыры біртұтастықта, бірлікте көрініс тауып өріледі. Қаламгер туындыларындағы сан алуан кейіпкерлер жүйесі тарихтың қилы кезеңдерінен сыр шертіп, кейіпкерлердің ішкі жан дүниесі замана шындығы ашатыны ақиқат.

Біздің зерттеуімізге негіз болғалы отырған – бүкіл саналы өмірін қазақ әдебиетінің дамуына арнап келе жатқан Маңғыстаудай қасиетті жердің түлегі, көрнекті жазушы, ақын, философ, тарихшы, мемлекет және қоғам қайраткері, қазақ әдебиетінің ірі тұлғасы Әбіш Кекілбаев. Қаламгер әдебиеттің барлық жанрында қалам тербеді. Білімдар жазушы зерттеушілік, аудармашылық шығармашылық табиғатымен де ерекшеленді.

«Әбекеңді көргенде еріксіз есіңе Каспий түседі. Алыстан жарысып, бірімен бірі алысып, желкесі күдірейіп, жалдары жарқырап, гүрілдеп, арқырап келе жатқан бұйра асау

толқындар келеді ойыңа. Шаншыла көкке атқан, ақ көбік шашқан, бірінің өкшесін екіншісі қат-қабат басқан сол толқындар қаламгердің сезімтал жүрегін, серіппелі білегін танытады. Әбекеңнің толғау толқындары бұлттай жүйкіле көшеді, Ебі желіндей еседі, оқырманды еркіне қоймай тарих иіріміне үйіріп алып кетеді» - деп жазатын академик М.Қ.Қозыбаев қаламгердің адами қадір-қасиетімен ерекше жаратылған жайсаң тұлға екендігін айқындай түскен.

Тарихи роман жанрында полифониялық үнді тарих тілімен сөйлете білетін жазушы Әбіш Кекілбаев «Үркер» мен «Елең-алаң» дилогияларының көркемдік-эстетикалық қасиетін ерекше арттыра түседі. Романның негізгі желісі Қазақстанның Ресейге қосылуының тартысты да шиеленісті тарихи оқиғаларына құрылған. Бұл шығармаларда аңыздар мен мифтерді халықтың адамгершілік проблемаларымен ұштастырады.

Әбіш Кекілбаев тарихи танымдық негіздегі деректерді өте көп білетін шежіре десе де болады. Ауыз әдебиеті мен аңыз-хикаялар мен мифтерді жетік білгендіктен шығармаларында шын өмірдің шыншыл бейнесі жасалып, нақты өмірдің ізі сайрап жатады. Аңыздық желілер мен мифтік мотивтер көркем шығарманың эмоциялық әсерін күшейту мақсатында ғана емес, кейіпкер табиғатының ішкі рухани байлығын динамикалық түрде дамыта түсу үшін де пайдаланылады. Фольклорлық аңыздардың кейіпкер психологиясы мен ортаны табиғат құбылыстарымен қатарластыра бейнелеуде маңызы зор. Әбіш Кекілбаев «Үркер» мен «Елең-алаң» романдарында Әбілқайыр образын сомдау үшін сақталған деректерден басқа халық жадындағы аңыз-эпсаналарға сүйенеді.

Халық аузында айтылып келген аңыздың тұрақты сюжетін жазушы «Үркер» романында миф жанрының үш түрлі символикалық тәсілімен жүзеге асырады. Белгілі ғалым С.Қасқабасов үш іс-әрекеттің белгісін былай бөліп көрсетеді:

1/ құбылушылықтан пайда болған заттар;

2/сапар, саяхат кезінде пайда болған дүние;

3/ұрлау, алып қашу нәтижесінде дүниеге келген нәрселер; - деп анықтама береді.

Сондай аңыздық сюжеттің бірі - Әбілқайыр түсі арқылы берілетін эпсана.

Әбілқайырдың сапарға шыққанда табиғат жаратылысымен кездесуі, яғни ми қайнатқан ыстықта қалың құрақ өскен жыланшық өзенге кез болғаны немесе сапар кезінде қалың қамысты тулатып келе жатқан бір күшті көретіндігі. Бұл сәтті жазушы былай суреттейді: «Қолын қорамсаққа соза берді. Қамыс арасының оқыс тарғылданып бара жатқанын байқады да, әлгі жер-жаһанды түгел сатырлатып келе жатқан жойқын дүниенің маңдай тұсы, дәу де болса, осы шама-ау деп, шіреніп тұрып тартып кеп жібереді. әлдене арс етіп жоғары шапшығандай болғасын, бүкір садақты бүгілте тағы да зу еткізеді. Сұлқ тұрған сүр қамыс түгел бұлқынып, астан-кестен болды да қалды. Біраз уақыт тулап-тулап, ақыры ол да басылды. «Апыр-ау, бұл не екен?» - деп, аяғын ептеп басып, жақындап барып көз тастаса, сала құлаш сары ала жолбарыс көлденеңінен түсіп сұлап жатыр. Бұл шап беріп селебесін суырып, жақындай түсті. Кенет... Әлгі сұлқ жатқан сары ала жолбарыстың құрсақ тұсы бүлк ете қалды да, құлағы жымыған арлан бөрі боп атып шығып, қалың құрақтан бір-ақ секіріп, қара адырға қарай тұра ағызсын кеп» - деп суреттелетін жері – миф жанрындағы құбылушылықтың бір түрден екінші басқа түрге енуіне дәлел. Бұл жерде хикая жанрының да элементтері бар.

Ал қауіптен қашу нәтижесінде дүниеге келген жанды-жансыз нәрселер романда Әбілқайырдан қашқан арлан бөрі мен қызыл түлкінің жан сала бас сауғалап қашу амал-әрекеттері арқылы іске асады. Осындай жағдайлар кезінде жазушы Әбілқайырды батыр, құралайды көзге атқан мерген ретінде суреттейді.

Жазушы Әбілқайыр түсі арқылы өткен замандағы қазақ халқының бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығарып, ортақ жауларын күл-талқан еткен ерлік жорықтарын көз алдымызға елестетеді. Фольклорлық шығармадағы қаһарманның түс көруі ертеден келе жатқан тұрақты мотив. Абылайдың түсін жорушы Бұқар жырау болашақ заманның кескін-келбетін, хал-жағдайын дәл жорып көрсетеді. Ал жазушы Әбіш Кекілбаев Әбілқайыр түсі арқылы өткен замандағы қазақ халқының бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығарып, ортақ жауларын күл-

талқан еткен ерлік жорықтарын көз алдымызға елестеді. Автор Әбілқайырдың бұл түсін Мәті бидің келіні Патшайымға жорытып, қарияның сөзімен бекіттіре түседі: «Келіншектің аппақ жүзіне лып етіп қан жүгірді. Жүрегіне шыққан бір әдемі әуезбен әңгімесін бастады. Ендеше, әуелі суат басында судыраған қамыс ішінде жолбарысқа кезіксеңіз, ол баяғы халқыңыздың жүрек жұтқан арда кезі шығар. Ол заманда ол кімнен тайсалушы еді. Артынан арсылдаған қасқыр боп, өзіңізге тап берсе, оның да жөні бар секілді. Жан-жағынан тап-тап берген сұғанақ жау көбейсе, тайсалмас батырың да қанына қарайып, көзіне қан толып, ызасына мінбей ме? Еліңіздің тап сондай ақиқөз кезі кеше еді ғой. Енді ашуға мініп, айбат шегіп те, ештеңе бітіре алмағасын, қырық бұлтаққа салар қызыл түлкінің кебін кимей қайтеді? Онысынан да ештеңе шықпаса, құрт-құмырсқаға айналып тоз-тоз болып кетуден басқа жолы қалды ма? Құрт-құмырсқадан қайтадан қызыл түлкіге айналғаны, халқымыздың қанша құдай көрсе де, келешегінен күдерін әлі үзе қоймағаны ғой...» - деп жориды келіншек.

– Дұрыс айтасың, балам, – деді басын изеп Мәті би.

«Қазақтың бір кезде ештеңеден жүрегі тайсалмаған арда да, асау да болғаны рас. Ол кезде оны жолбарыстан да жүрегі шайлықпайтын нар тәуекел ғана билей алды. Одан кейін ол тап бергенге шап беріп, көк жұлын арландай намыс қой болды. Ол кезде оны алған бетінен өлмей қайтпайтын қайсарлық биледі. Енді, міне, ақылдан пәтуа, қайраттан айбын кеткен кезде халықта қырқылжың болмасқа шарасы бар ма? Бұндайда бұлтартпайтын жерден бұлттарып кете алатын, жалтарар жерде жалтарып кете алатын әмбебап айла ғана ел қорғаны бола алады. Бойынан алпыс екі айла табылатын билеуші ғана өзінің де, елінің де басын аман алып жүре алып, айналасыз, әуірім, алаңғасар қайырылмаған халық құрт-құмырсқаның кебін киіп, бет-бетіне безіп, бордай тозып кететін алмағйып заманның да туғаны шығар. Мұндай әркіл-тәркіл кезде ел ұстайтын ердің де жолбастары тәуекелшіл жолбарыс, ашушаң арлан емес, айлакер түлкі болатын шығар. Заманына қарай амалы деген осы ғой» /67, 45/, - деп бітіреді.

Міне, жазушы аңыздан ақиқат дәуір туғызып, сіздің сол замандар шындығына көзіңізді жеткізе біледі. Түсті жақсыға жору және оны халық ішінен ыққан Мәті бидей дана картқа қорытындылатып айтқызу эпсананың реалдық болмысын арттыра түскен. Бұл аңыз-эпсаналық хикая Әбілқайырдың алға қойған басты мақсаты ел билей ісінде қандай жол тандағанын көрсететін кішігірім программасы тәрізді. Аңызды, мифті тек даяр күйінде ғана емес, оған терең философиялық мағына дарытып, халықтың өткен өмір өткелдері мен болашақ тағдырының жұмбақ кезеңдерін суреттеуде автор тарихи шындық тұрғыдан зерделей көрсеткен. Әбілқайыр ендігі басшының арандатушы емес, қайта есі кеткен елді арандатудан арашалаушы болу керектігін түсінеді. Жазушы аңыздың бетінде айталар ойдың ығында кетпей, астындағы антитезисіне мықтап ден қойғызады. Мазмұнын бір-екі ауыз сөзбен бітіре салатын аңыздардан үлкен философиялық ой тудыру Әбіш қаламының стихиясы десек, қателеспейміз.

Жазушы қиял мен шындықты өз шығармасында бірде оқиға арқауында, бірде көркемдік контраст беруде, бірде қосымша күшейткіш мағына үстеу ретінде келтіреді. Көркемдік тәсілдің қай-қайсысы да шығармадағы кейіпкердің болмыс-бітімін ашуға қызмет етеді. Сондай бір көркемдік тәсіл – түс.

Әбіш Кекілбаев «Үркер», «Елең-алаң» романдарында түске ерекше мән беріп, одан үлкен әлеуметтік-философиялық астарлы мағына туғызып отырады. Түс кейіпкердің өңінде ойлаған ойларын немесе істерінің белгілі бір шамадан өзгеріске ұшыраған түрі. Түс – қазіргі қазақ қаламгерлеріне халықтың басты ауыз әдебиет үлгілері – фольклорлық шығармаларынан етен таныс. Ә. Кекілбаев аңыздық прозаның хикая жанрын пайдалануда көркемдік тәсілдің осы түс көру әдісін үлкен көркемдік құрал ретінде қолданады. Қазақ прозасындағы ішкі монолог әдісін зерттеуші ғалым Г. Пірәлиева: «Түс – ішкі монологтің бір элементі, яғни кейіпкердің көңіл күйін, санасындағы үздіксіз жүріп жатқан процестің бір сәтін бейнелейтін көркемдік тәсілдің бірі», - деп түсті ішкі монологтың бір элементі ретінде қарастырып, қазақ жазушыларының ең көп қолданатын көркемдік құралы екендігін айтады.

Сонымен қоса XX ғасыр көркем ойының жеткен тағы бір үлкен жетістігі – психоанализ. Алғашқы көш бастаушыларының бірі швейцар психологы және философы К.Густов Юнг еді. Ол: «невроз и другие психические заболевания проявляются к репродуктиванию в сознаний большого архических образов и переживаний, который рассматриваются как «первичные формы адаптаций человека к окружающему миру», - деп ойын тұжырымдайды. Ғалымның бұл айтқан пікірі қаламгеріміздің шығармаларындағы «түс көру» тәсіліне де қатысты.

Хан мен қарашасының қатынасын суреттеуде жазушы қиялы хронология мен деректер қорығынан шығандап ұзап шығып, халықтық аңыздар мен әңгімелерге, ұлттық наным мен сенім толы мифтік сарындарға жиі барады. Ұлттық ойлау мен адамзат ойының арасындағы кейбір көлденең-кірпіш кедергілерді тегістей отырып, автор өзінің түпкі мақсаты мен концептуальды ойына жету де психологиялық паралелизм әдісін, психологиялық анализ жасау жүйесін жақсы пайдаланады. Бұл жәйт халықтық бейнелерді сомдаудан, солардың қуаныш-күйінішін суреттеуден, сол секілді, орыс елшілері мен қазақ сұлтандарының араласу-арбасуларынан мол аңғарылады. Соның қай-қайсысынан да, әңгіме құлағында тұрар бір жан – Әбілхайыр. Ол қай тұста да өзінің күнгей-көлеңкесімен көрініп отырады. Сызданып отырып, сыр бермей кетер хан бірде бақталас, бәсекелестерімен іштей шарпысса, енді бірде шарт үзіліп, ашық айқаста жүреді. Кейде оның дәл қазір қандай ойға шомып, нендей шешім қабылдап отырғанын, қара халықты былай қойып, қасына ерген сұлтандары да тани алмай, таба алмай әлекке түседі.

Екі романда да игі істің басында тұратын Әбілқайыр ханмен бірге бірталай батырлардың жарқын образдары жасалады. Олардың ішінде Бөкенбай, Есет, Жәнібек батырлар ерекше көзге түседі. Олар – ерлігімен көзге түскен, ақылымен ел билігі идеясына ой қосқан көсем еткен де батырлық пен алғырлық мінездер, халық қамқоры бола білген азаматтарға деген ел сүйіспеншілігі. Сондықтан бұл образдарда халықтық сипат күшті. Олар, негізінен, халық ортасынан шыққан адамдар. Бөкенбайдың, Есеттің, Тайланның, тағы басқалардың Әбілқайырмен достығын да осындай халықтық мақсат бар.

Осындай халықтық образдардың бірі – Тайлан батыр мен оның әкесі Мәті би. Романдағы Мәті – халық даналығының, еркешелігінің, азаматтығының үлгісі десе болғандай.

«Үркер» уақиғаларына естелік күйінде, лирикалық шегіністер арқылы араласатын Төле, Қазыбек, Әйтеке билер бейнелерінде де әділдік аңсаған халық ойларының, даналықтың сипаттары жинақталған.

«Үркер» де, «Елең-алаң» да реализмі бай шығармалар. Сол кездегі қазақ қоғамының өмірі, оның көрші елдермен тартысты тіршілігінің алуан түрлі шындығы терең суреттелген. Жазушы тарихи оқиғалар ізін сақтай отырып, сол арқылы ел тағдыры, халық өмірінің кешегісі мен бүгінгісі, ертеңі жөнінде ойланады. Қазақтың ұлттық ерекшеліктері, халықтық салт-санасы ұғым түсініктеріне қатысты материалдар мол келтіріледі. Автор жақсыны мадақтайды, ұнамсыз жайларға сын көзімен қарай жазады. Халықтық жиындар мен ондағы ел тіршілігі, аға билердің өнегелі сөздері халық санасында қалыптасқан шешендік өнер поэтикасына негізделеді. Шығармада көрініс тапқан ел тағдырына қатысты ақылды ойлар, халықтың мінез-құлқы сол елдің мекені болған даланың кеңдігін бейнелейді. Халықтың характерінде де осындай сипат басым. Ерлік те, сөз ұстар тапқырлық та сол ортаның шындығынан туады.

Ә.Кекілбаевтың «Шыңырау» шығармасының терең негізінде жатқан дайын құрылым бар. Екі жүз құлаш құдықты бір ғана адамның қазатыны оқырманына қиналыс туғызатындай оқиға. Жазушы тілінде «шақырлаған ақ тауды тесіп, су шығару» деген тіркес бар. Мұндай қабілет кез келген пенденің қолынан келетін іс емес. Бұл жерде қара күшпен қоса, әрбір тасты ойып, тесерде әрбір тастың ар жағындағы болмашы бір дыбысқа дейін аңдап, жер астының әрбір жігін, тыныс-тіршілігін сезіп-біліп отыратын ерен түйсік керек. адам бойын тылсым билегенде, бір уыс болып, жаның өзіне білінбестен, әлдеқайда ұшып шығады. Бір сәттік сезім күйін адам өзі де аңдамай қалады. Егер тылсым ұзақ баурайтын болса, онда түпсіз тұңғыық өзіне тартып, құлдырауға кете бересіз. Тән адам жанынан жоғалып,

шырылдаған жан ғана қалады. Ол тұңғыыққа батып, тылсым адам жанында ұзақ тұрақтамайды...

«Шыңыраудың» көптеген жерінде әлдебір алыс, әрі қатерлі дүниенің суық лепті көріністері бар.

«Көзін құдықта ашса да, жер астына әр түскен сайын бір жас қартайғандай болады. Аяғының астында, сонау көзге түртсе көрінбес қара түнекте, ол өмірі көрмеген бір дүлей аранын ашып, тісін сақ-сақ қайрап тұрғандай...»

«Құдықшының жалғыз серігі – үрей. Оны жан-жағынан анталап тұрған сыз қабырғалар да, ту төбеден жылтырап, екі көзін төрт қылып, өзіне телміртіп қойған болмашы саңылау да, аяғының астынан шаянша шағып жатқан сыз топырақ та қорқытады. Осынша азаптанып қазғанда жөнді су шықса жақсы, сол судың кіндігі бір көш бұру қалуы да мүмкін ғой. Шықса да ащы боп шыға ма, тұщы боп шыға ма?»

«Құдықшы сан сапат жер шұқып, сан рет су шығарса да, өмір бойы әлденеге сезіктенумен, өзіне-өзі сенбеумен өтеді. Қазбас бұрын әбден тәптіштеп, тап осы араның күмәні жоқ деп қазық шаншығанмен, жер астына кісі бойы түсуі-ақ мұң, қалың күдік қайтадан қамап алады. Енді сол күдігі жер астына бір елі тереңдеген сайын өсе береді».

...Құдықшы неғұрлым көпті көріп, жер ортасына жақындаған сайын соғұрлым үрейшіл болыңқырайтын секілді. Ал енді су эне шығады, міне шығады дейтін күндері ол... өмір бойы өлім аузында жүрген кісідей өң-сұры қалмай, қорқыныш құшағына біржола беріледі... баяғы тәтті арманның бәрін ерсі көріп, өзін есірік санайды...

Көрдіңіз бе, қасында қосшы жігіттері болса да, құдықшы жалғыз. Құдықтан шыққан құм-тасты, сазды тартып шығарып төгіп тұратын жігіттердің де, арнайы келіп құдықты көріп, қошемет-қолаш көрсетушілердің де құдықшы жанын түпсіз үрей мен ессіз күдікбилеген де түк септігі тимей қалады. Бойындағы күш-қуатын түгел сарқып, енді жер астына беттеместей тауы шығылып шықса да, әлдебір әзәзіл күштің жетегімен ол жер астына тағы да, тағы да түседі. Әлгі әзәзіл әр шыңырау біткен сайын алдына түсетін мал да (жетпіс құлаш жер қазылса, жетпіс тоқты айдайды), қошемет-қолпаш атты аярда емес.

Байқап тұрсаңыз, суық лепті көріністер бірден еңсені ауырлатып жібереді. Шығармада бъективті процесс алдындағы психикалық күй адам жанында орнығып болды. Ішкі дүниесіне терең иірімге батқандай шым егіп жоғалу, еірікі үрей мен түпсіз күдіктен айлар, жылдар бой көтерумен адам рухын алапат әрекетке лып келді. Жүздеген құлаш жер астындағы жалғыздық, түпсіз ой, үрей, күдік пен күмән, елес, қауіп құдықшының бойын билеп алған. Адам жанұшырған сайын ішкі бір қатерлі күштің де өшпенділігі күшейе түседі. Бұл тартыс - екеудің біреуі өлмей тоқтамайтын дәрежеге жетпек. Еңсептің атағы дәуірлеп тұрғанда елде Хорезмнен көшіп келген Қалпақ деген құдықшы пайда болады. Елге оның даңқы бірден тарайды. Қызғаныш оқиғаны өршітетін сияқты. Шығармаға Қалпақты объективтілік заңдылық әкелді. Еңсеп Қалпақтың бойынан өзі баяғыдан бері санасыз күтіп жүрген әзәзіл бір күшті көреді. Өзге дүниенің тылсымы адам бейнесінде келіп тұрғандай. Енді Еңсепті бұл дүниемен байланыстырып тұрған әлсіз жіп үзілді де жүре берді. Содан бір жыл бойы мелшиген меніреу жерді үңгі береді. Шығарма соңында Еңсеп өзін өзі сезінуден қалып, сүймені тасқа тией, тесіктің өзіне түсіп, етпетінен құлап түседі. Еңсеп зіп-зілдей кірпіктерін әзер көтеріп, көзін ашып алып еді, жан-жағынан ақ түтек боп сарқырап жатқан ағын су әлдеқайда алды да қайқайды. Жан-дәрмен бір бакыруға ғана мұршасы жетті. Ал Қалпақ бейнесі құр қуыс, шексіз түнек кеңістіктің бейнесі болып келді. Арада бірнеше жылдар өткенде жұрт Еңсеп өлген құдықтағы суға қарық болды. Жаңбырсыз жылдары қаншама шыңыраудағы су тартылғанымен Еңсеп өлген құдықтағы су лықылдайды да жатады. Шығарма мазмұны әлдебір тұтастық ішінде ғана қабылданатын ой ағымына құрылған. Автордың жан дүниесінде экзистенция Еңсеп арқылы түзілген.

Мұндай психологизм Кекілбаев шығармашылығының өн бойынан табылады. Шын мәнінде Ә.Кекілбаев – адам характерін сонылық бейнелеу тәсілдерімен танытқан жазушы.

Энциклопедиялық білім иесі Әбіш Кекілбаев қаламынан талай тарихи тұлғалар бейнесі туды. Әмір Темір, Шыңғыс хан, Әбілқайыр хан, Шақшақ Жәнібек, Абылай хан,

Әйтеке би, Құрманғазы, Бейбарыс... бұл тұлғалар шын мәнінде қанық бояумен тұлғаланған тұлғалар. Жазушы С.Елубаевша айтқанда: «жазушы лабораториясының бір басты зерттеу объектісі – арғы-бергі тарихтағы билік аппараттары, билік психологиясы, адам табиғатындағы осынау сұрапыл күштің оң-солын таразылау, талдау».

Қаламгердің талғам таразысы деген не? Ақын-жазушы атын иемденген тұлғаның ең алдымен жауапкершілігі мен талғамы жоғары болу керек. Бүгінгі қоғам мен жүйенің көрінісі – тер төкпей, қиналмай, өнердің жауапкершілігі мен оның жүгін сезінбей, өзін оңай әнші-күйші, өнер адамы атай салу етек алды. Осы бір әдет әдебиетке де келді. Ақын, жазушы атану дүниедегі ең оңай нәрсеге айналды. Ақын не жазушы атануға, сол атқа лайық болу үшін қаламгердің шығармасында өз үні, өз айтары, өз қолтаңбасы көрінбесе де, тым құрығанда шығарма көркем әдебиеттің талаптары мен өлшемдеріне сай болуы керек емес пе? Кез келген өнердің өз өлшемі, талаптары болатыны сияқты әдебиетте де ойыңа келгенді жазып, бір жылт еткен сәтті ойдың қағазға түскен нұсқасын көркем шығарма деуге болмайтынын білгеніміз абзал. Бұл орайда Әбіш Кекілбаевтың талғам таразысын әдебиет атаулыға үлгі дер едім. Туған әдебиетімізге соны соқпағымен келген қаламгердің тақырып таңдауы да шығармаларының көркемдігі де, сөз саптауы да бөлек, ешкімге ұқсамайтын өзгеше. Кейіпкерлер сол өмір сүрген дәуірдің мінбесінен сөйлейді. «Мәңгілік тақырыптар» төңірегінде ой қозғаған қазақ жазушысы әлем әдебиетімен ағымдас, арналас шығып жатады. Болмысы бөлек, шынайы, шеберлікпен суреттеген жаңа эпостың авторы халқымыздың көркемсөз өнеріне рухани құндылық, қомақты үлес қосты. Шеберліктің биік үлгісін көрсеткен жазушы шығармаларын зерделеу, терең талдаулар жасау әлі де жалғасын таппақ.

Әбіш Кекілбаев – ешкімге ұқсамайтын, талғамы биік қаламгер. Кешегі мен бүгінгі жалғаған шығармашылығында өзінің биік талғамы мен талап биігінен көрінді. Шығармалары адамның терең жан дүниесін зерттеуге бағытталған заманымыздың заңғар жазушысы Әбіш Кекілбаевтың шығармалары қай кезде де құндылығын жоймақ емес.

ӘОЖ 82.09 (574)

КҮЙ МЕН КҮЙШІ ӨНЕРІНІҢ ҒИБРАТТЫ ӨНЕГЕСІ (Ә. Кекілбаевтың «Күй» повесі бойынша)

Каримсакова Б.

Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті

Аңдатпа. Бұл мақалада Ә.Кекілбаевтың «Күй» повесі қарастырылады. «Күй» повесін автор Абыл күйші аруағына ескерткіш дейді. Шығарманың негізгі идеясы – бейбітшілік пен адамгершілік үшін күрес. Әбіш оны күй өнерінің құдіретімен шеше білген.

Түйінді сөздер: ақын, сыншы, прозаик, күй, күйші Абыл, домбыра, кейіпкер, қазақ әдебиеті, повесть.

Бүгінгі таңда тәуелсіздікке қол жеткізгеннен бері қазақ әдебиетінде ұлттық құндылықтарымыз, яғни ұлттық дәстүр, ұлттық өнер жайында жазылған туындыларды зерттеу мен зерделеу өз жалғасын табуда. Ұлттық дәстүрге, ұлттық жан дүниемізге өз шығармаларымен айтулы үлес қосқан қаламгерлердің шығармаларын тереңнен танып, олардың әдебиеттегі орнын, суреткерлік шеберлігін бағалаудың кезі келді.

Қазақ әдебиеті, соның ішінде проза саласында өзіндік қолтаңбасымен із қалдырған, тарихи кезеңдер шындығын, белгілі өнер адамдарының, өнер, адамгершілік, имандылық тақырыбын төл туындыларына арқау еткен шығармалар қатары аз болмады. Қазақ әдебиетінде күйшілердің даму тарихы, оның әр алуан кезеңдері, уақыттың, қоғамдық-әлеуметтік жағдайдың әсер-ықпалы әдебиеттану ғылымында бұрыннан да жан-жақты айтылып келгенмен, зерттеу объектісінен шетке ығыстырылып «ескіруі» мүмкін емес. Бағзы

заманнан келе жатқан күйшілердің әдебиетпен байланысы бүгінгі уақытпен үндесіп, жаңа тынысын үнемі ашып, жетіліп отырады. Сол себепті де әдебиеттану ғылымының алдына көнедегі және қазіргі тынысы мен бағытбағдарын, ондағы замана көрінісі мен ұлттық таным-мүдде сипатын, адамзаттық ортақ арман-мұраттар мен жеке бастық сезім-сырларының ашылуы, зерттеу қажеттілігі әрдайым күн тәртібінде қала береді. Ал бүгінгі сөз өнерінің әдебиеттегі дамуының жай-күйін жалпылама, шолу түрінде айтқаннан барлық түйінді мәселелер шешіліп сала бермейді.

Әдебиет пен өнер – адам жанына нәр беріп, рухани жағынан күш-қуатқа айналатын егіз ұғым. Тағдырдың талай тауқыметін аркалап, қиындықтарды басынан өткерген қазақ ұлты үшін кеңестік жүйе атадан балаға мирас болып жеткен дәстүрлі өнерінің өрісін де тарылта түсті. Қазақ зиялылары, соның ішінде қолындағы қаламын қару еткен қаламгерлер қауымы бұл ахуалға бейжай қарай алмады. Сондықтан да болар ақын-жазушылар үшін Құрманғазы, Дәулеткерей, Дина Тәттімбет т.б. сияқты дәулескер күйшілердің бейнесін, олардың шығармашылығын оқырман санасында қайта жаңғырту сияқты үлкен миссияны орындау міндеті тұрды.

Өткен ғасырдың 60-жылдарынан бастап қазақтың жаңа толқын ғалымдары мен жазушылары осы олқылықтың орнын толтыруға барынша тырысты. Сол кезеңдегі әдебиеттің қай жанрында болмасын сомдалған өнер адамының бейнесі ұлттық рухани нақыштағы өнер тұлғасы ретінде батыл көрсетіле бастады. Сондай-ақ өнер адамының парасатты, көпқырлылық табиғаты және қазақтың сазгерлік әрі сөз өнерінің өзіндік ерекшеліктері жан-жақты ашыла түсті. Т. Ахтановтың «Күй аңызы», С. Жүнісовтің «Ақан сері», З. Ақышевтың «Жаяу Мұса», Ә. Әбішевтің «Найзағай», Ә. Кекілбаевтың «Күй» повесі сияқты прозалық шығармаларында, қазақ халқының сан-қырлы өнерінің көкжиегін кеңіткен өнер адамдарының керемет бейнелері жасалды.

Қазақ әдебиетіндегі күйшілердің шығармашылығы әр түрлі аспектіде зерттеу нысанына айналып отырды. А. Жұбанов еңбектерінде ғылыми тұрғыда өз бағасын алған күйшілердің шығармашылығы З. Қоспақов, Ж. Шәкәрім, Ж. Кәрменов, І. Жақанов секілді өнертанушы-ғалымдардың еңбектерінде өз жалғасын тапты.

Күй өнерінің, күйші өнерінің өнегесін, ғибратын, өмірлік маңызы мен мәнін танытуда Ә. Кекілбаевтың «Күй» повесінің орны бөлек. Шығармада ерекше дараланып көрінетін шындық құбылыстардың қатары күйшінің күйшілік өнері арнасында суреттеледі. «Күй» повесін автор Абыл күйші аруағына ескерткіш дейді. Шығарманың идеялық пафосы – бейбітшілік пен адамгершілік үшін күрес. Автор оны күй өнерінің құдіретімен шеше білген. Бұл туынды жөнінде қаншама оңды пікірлер айтылды.

Белгілі зерттеуші Герольд Бельгер: «Ә. Кекілбаевтың көркемдік палитрасының қуаты мен қасиеті де осында — ол ежелгі аңыз-әңгімелерді бүгінгі күннің елегінен өткізіп, тарихи-философиялық тұрғыдан екшеп отырады, сол аңыз-әңгімелерден күллі адам баласына ортақ адамшылық тамырларды тауып отырады. Өткен күндер шындығына бүгінгі күннің жарық сәулесін түсіреді. Кекілбаевтың суреткер ретіндегі ерекшелігінің бір парасын осы төңіректен іздеуіміз керек» [1,27].

«Күй» повесінде негізінен жеті жұртты ел қылған, «жеті жұртты жер қаптырған» Маңғыстаудың атадан балаға кететін талай өшпенділік оқиғасы сөз болады. Қазақ пен түрікпенге татулық жетпей, иен далаға таласқан кер заманның бейнесін көресің. Қазақ күйшісінің түрікпендердің қолына тұтқын болып түсуі, одан өрбіген оқиғалар желісі, тұтқын болған күйшінің күйінен төгілген күйдің құдіреті, өмір шындығына негізделген оқиғалар өзегі арқылы терең ашылады.

Повесте геодезиялық барлау жұмыстарын жүргізіп жатқан топпен бірге болған Құрбан қарттың сол жердің тасын да, құмын да тіпті, керек десеніз қабірдің де тарихын жетік білетін қария ретінде танылады. Жасы жетпістен асса да, қимылы ширақ, сөз жүйелі, терең, оның үстіне асқан күйші.

Повестің басты оқиға желісі осы Құрбан қарттың дутарда ойнаған күйінің сарынында жатқан тарихқа негізделген. Күй сарынынан қазақ пен түрікпен батырларының арасындағы

тартыс пен талас байқалады. «Бәрін де көріп, бәрінен де торығып, бәрінен де сырт айналып, іргеге қарап бүк түсіп жатып алған кәрі дананың үй ішінде өзінен басқа адам қалмаған бір сәтте көкірегін кеулеп, жүрегін сыздатқан мұң-налананы бір лықсытып оңаша күрсінгендей, өткен мен кеткенді, дәл қазір қасында кәрі жүрегін тілімдеп жатқан пәтуасыз көп күйбеңді, не күлдіретіні белгісіз, ең бүлдіретіні белгісіз беймәлім ертеңді ойлап күрсінгеніндей, ыңылы баяу, лебі ыстық күй сазы шымыр-шымыр өніп, бірте-бірте ширығып барады. Күй көкірегі өрепкіген сайын түрі жоқ, тілі жоқ мынау мақау дала бетінде әдемі әшекейі болмаған соң ешкім көзіне ілмей, оқып та көрмей, бір шетке ысыра салған көнетоз сұңғыла кітап сияқтана түсті. Сиқыр күй мелшиіп жатқан меніреу даладан таң атқалы бұның қиялын әр саққа сабылтып жүрген көмескі елестерді қайта тірілтті» [2,56].

Күйді тербеле тыңдаған барлау экспедициясының маманы Сырымның көз алдына иен далада арпалысып, көк сүңгісін көтеріп, жер түбінен айбат шегіп келе жатқан қалың қол елесі көрініс бергендей болады.

Бірі түрікмен, бірі қазақ екі батырдың өзара егесіп, бірінің аулына бірінің шабуыл жасауы, ашық далада бетпе-бет кездесуі, кездесудің жекпе-жек шайқасқа ұласуы, шайқаста қазақ батыры Дүйімқараның түрікмен Көкбөрі батырды жеңіп, тірідей көрге көміп кетуі – ыза мен кекті жандандыра түседі.

Бұл оқиға көрші отырған екі ауылдың арасын өршіте түседі. Қарымта қайтаруға шыққан түрікмен иесі сайлауыт қолға өзінің күйші баласын басшы етіп қосады. Сол жолғы жорықта күйші батыр мерт болады. Осыдан түрікмендердің қайғысы да, кегі де күшейе түседі. Тұтқынға түскен қазақтардың басына түйенің терісін қаптап, естен тандырады, мәңгүрт етеді, тұтқынға түскен ару қыздарды күнге айналдырады. Дегенмен де түрікмендерге орны толмас қаза, жанды жеген жаза көңілдерін баса береді. Баласының өлімі ауыл иесін қатты қайғыға, азаға салып кетті. Өлген ұлдың өтеуіне тұтқынға алынған қазақ жігіті де күйші болып шықты. Өлеріне көзі жеткен күйші айналасына айтарын күймен жеткізгісі келеді. Домбыраның шанағынан күйшінің тұтқында отырып көрген қорлығы, азабы мен мазағы, ащы ызасы мен айыбы, өкініші, күйініші сендей соғылысып шығуда.

Күйшінің көңілі де, домбыраның сазы да қырық құбылып күйкылжиды. Ақырында көңіл де, күйде бір арнаға түсті. «Күй тынды. Күйші домбырасын сылқ еткізіп тізесіне тастай берді. Тәкаппар батыр көзінен ыршып кеткен түйдек жасты сұртуге арланды. Екі айғыз жас мұртының шалғайына ілігіп, одан тамшылап сақалына құйылды.

Қаршығадай шүйліккен күйші де еңсесін түсірген жоқ. Маңдайына шып-шып шыққан терін сұртпеді»[2,58].

Жазушы күй сазының мазмұны арқылы ашылатын өмір туралы, өмірдің мәні туралы ұсынып отырған ойына үлкен тереңдік, теңдессіз жасампаз күш сыйғызады. Бұған дейін өмірдің, жалпы тіршіліктің мәнін күштен, өзгеден айбынын асырудан, мерейінің үстемділігін сол арқылы жүргізуден тауып келген, өзінен кейінгі ұрпағына да осыны ғибрат, өсиет етіп келген, өмірінің саналы кезеңін түгел осы мақсатқа жұмсап келген Жөнейіт күй сарынында айтылған сыр мен мұңнан басқа көзқарасты ұғады.

Күй сазы Жөнейіттің көз алдына өзінің батырлық намысқа шапқан тоңмойындығынан өнер жолын тастап, батырлық жолға түскен, сөйтіп сол жолда мерт болған жалғыз баласының қазасын, сол қазадан көкірегін шаншып, тұмшалап алған азасын, баласымен қатар күй жарыстырып келген күйшінің өз жарлығы бойынша көрге тірідей көмілуінен, жан түршігерлік өлімінен алған әсерінің күй сарынымен тереңдеп, мұның бүкіл жан-дүниесін, жұлын-жүйкесін тұтас баурап, билеп алған бебеулеген наласын санасына терең сіңіреді.

Күй сазы мұның көз алдында тірі елеске, бейнеге айналып, санасын сарылтады, ұйқысын қашырады, еңсесін езеді. Ақыры, өмірінің, ісінің таным тұрғысының баянсыз, алдамшы, өткінші дақпыртқа бола құрбандыққа шалғанын кеш ұққан жайына күйінулі күйде ол көз жұмады.

Ә.Кекілбаев «Күй» повесінде екі бауырлас ел түркімен мен қазақ арасындағы қарым-қатынасты жазған десек-дағы сол шығарма барысында оның сюжетіне жанама түрде басқа да мәселелерді қосып жібереді. Сол повестегі «мәңгүрттер» көрінісі немесе «тұтқын қазақ

күйшісінің өнеріне түрікмендердің сүйсінер сәттері», міне, осындай оқиғаларды араға кіргізіп, шебер қиюластырып, сол арқылы белгілі бір көкейде жатқан маңызды проблемаларды, идеяларды беріп отырады.

70-80 жылдардағы қазақ прозасында фольклорлық аңыз әңгімелер негізінде лиро-эпикалық стильдің қалыптасқаны қазіргі зерттеулерде әңгіме болып жүр. Бұл әсіресе Ә.Кекілбаевтың тарихи тақырыптағы прозасынан анық көрінеді. Ол өткір оқиғалар негізінде кейіпкер болмысына терең үңіле білді. Ол – адам табиғатының зерттеуші психологы. Мәселен, осы повесте жазушы Жөнейттің басындағы психологиялық тартысты қорытынды түйін ретінде көрсеткен. Қанша баскесер, әділ, қатал қол басы болғанмен ол да пенде. Оның пендешілігін ашуға бір оқиғаның өзі жетіп жатыр. Қазақтың күйшісін жазалау Жөнейттің өз басын да жұтады. Оның өнер қуған баласын жорыққа аттандыруы да жалған намыстың көрінісі. Атақты батыр тұқымының жын-ойнақ қуып кеткені оны қатты мазалайды. Алайда ел-ел болып жорыққа аттанып, кек қайыратын шапқыншылық заманның өтіп бара жатқанын ол сезбейді. Күйшіні жазалау да оның дұшпандарына жасаған сес көрсетуі еді. Бұл оны кек қайтару деп түсінеді.

Сөйтіп күйшіні жазалау Жөнейттің өз басына сор болып жабысады. Жан дүниесіндегі арпалыс оны күндіз күлкіден, түнде ұйқыдан айырады. Көзін жұмса, көретіні – бір түс. Ол – күйшіні тірідей көмгенінің өкініші. Жазушы повестің басынан соңына дейін осы түсті қайталайды. Себебі, ол – негізгі шешуші деталь. Түсінде ол қу бастан қашып келе жатып шошып оянады. Төсектен атып тұрып, қос құлағын қолымен баса есікке қарай қашады. Әлденеге сүрініп, маңдайын есіктің маңдайшасына ұрып алған ол табалдырық үстінде жан тапсырады.

Жазушы кейіпкер психологиясына талдау жасау негізінде философиялық ой түйген. Ол – «кек», «намыс» деп жазықсызға тырнағын батырған жендеттің аруақ түгендейміз деп жүріп, өзінің аруаққа айналғаны, көл-көсір жерге тірісінде сыймай, өзара қырқысқан адамның тағдыры туралы ой. Осының бәрі де бір Жөнейттің басынан табылады. Ол – сол типтес жуандардың жиынтық бейнесі.

Жазушының адам болмысын ашудағы шеберлігін: «Жөнейт бір күннің ішінде жақ сүйегі салдырап, сылынып шықты. Бүгін – буынын діріл алып, қолы қалтырайтынды шығарды. Кейде қараптан-қарап отырып, өзімен-өзі күбірлеп сөйлеседі. Ұйқыдан шошып ояғанда да сөйлеп ояматын болып жүр. Қазір ұйықтасам, түсімде күйшінің өлгенін көремін деп түнімен көз ілмей, бақырайып жатады да қояды» [2, 63] – деген сынды жолдардан көруге болады. Бұл – Жөнейтті мазалаған ар-ождан, жан азабы. Ол өзін кек қайтардым деп жұбатқанымен, істеген ісіне оның бүкіл жандүниесі қарсы. Оның тағдыры, өлімі – соның көрінісі. Автор Аннадүрдінің баласы Құрбанның адай күйшінің күйін бір естігеннен қағып алып, сол күйді тартуы арқылы өнердің өміршеңдігін көрсеткен. Күйшіні тірідей көмгенмен, оның өнерін өлтіруге Жөнейттің құдіреті жетпейді. «Күйдің» бас кейіпкері де өнер адамының зұлмат дүниедегі аянышты тағдырын елестете отырып, өнердің мәңгілік екенін, қашанда рухы биік тұратынын паш етеді.

Жазушының қазақ, түрікмен елдерінің әдет-ғұрпын салыстыра суреттеуі де тартымды. Өлікті шығару рәсіміне қатысты екі елдің әдет-ғұрпын бүге-шүгесіне дейін суреттеу – оның өмірді жақсы білетіндігінің көрінісі.

Повесть фольклорлық аңызды жазба әдебиетте шеберлікпен бейнелеудің жақсы үлгісі саналады. Мұнда, екі елдің шапқыншылығы, адам өлімі бәрі де күй құдіретімен астаса суреттелген. Тақырыбы аңыз болғанмен, жазушы кейіпкердің жандүниесіндегі тебіреніс пен толғанысты терең аша білген.

Әдебиетте «мәңгірт» деген ұғымды бірінші қолдануды да Әбіштің осы повесінен көреміз. 1967 жылы «Дала балладалары» [3] кітабына енген бұл повесть Ш.Айтматовтың 1980 жылы шыққан «Ғасырдан да ұзақ күн» романындағы мәңгірттен ерте жазылғаны жөнінде әдебиеттанушылар біраз зерттеулер де жасады. Ш.Айтматов осы терминді «Жан пид» (1986) романында да қолданып қазақтың кешегі тарихының келеңсіз жағдайлары арқылы бүгінгімізге ой салғанды. Халқының, ұлтының мүддесін ойламайтын, тілін, ділін,

дінін, салтын, тарихын білмейтін мәңгүрттерді әшкереледі. Алайда Шыңғыс шығармаларында үлкен образдық дәрежеге көтерілген мәңгүрттікті ұғым есебінде алғашқы пайдалану Әбіште кездесетініне дау болмаса керек.

Жазушы өнер жолын түрлі деңгейде танытады. Оқиға желісінде білектің күшіне өнердің күші қарсы қойылады, білектің күші жеңе алмаған құдыреттің өнердің күшіне бас иген жайы неше алуан сырға жетелейді. Өнер жолының баяндылығы арқылы билік жолының баянсыздығы, жалғандығы туралы үлкен ой түйінделеді.

Ә. Кекілбаев қазақ әдебиетінде күй мен күйші тақырыбын жаңа шығармашылық биікке көтеріп, жаңа бір белес танытқандай. Жазушы өзінің қай шығармасында болсын кейіпкерінің болмысынан адамшылық сәулесін іздеп, басын жауға да, тасқа да ұрып дегендей титтей тапқанын насихаттауынан мұрат етіп, марапаттауға жанын салады, адам бойынан асыл қасиеттерді аз ба, көп пе таба білсем деп таусылатын қаламгер.

Сөз соңын жазушы Тұманбай Молдағалиевтың Ә.Кекілбаев жайлы: «Жазушының тілінде де, ділінде де мін жоқ. Қашанда сергек, қашанда сезімтал, бәйгенің алдынан ғана келетін тұлпарларға ұқсатам мен Әбішті. Ал, аспанға қарасам оның жұлдызын оңай танымын. Оның жұлдызы сол Әуезов, сол Шолохов, сол Айтматов, сол Нұрпейісов жұлдыздарымен қатар тұр. Ол да жарық жұлдыз, мәңгі жанатын жұлдыз» [4], - деп айтқан пікірімен менде ойымды тұжырымдаймын.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Герольд Бельгер «Казахское слово». - Астана, 2001
2. Кекілбаев Ә. 2 томдық таңдамалы шығармалары. - Алматы: Жазушы, 1989. Т.1. – 400 б.
3. Айтматов Ш. Боранды бекет: Роман. -Алматы, 1986ж. 304-бет.
4. Молдағалиев Т. «Ескерткіш». Әдеби-сын мақалалар, портреттер, эссе. Жазушы, 1969.

ӘОЖ 371.14

ҰЛТТЫҚ ПЕДАГОГИКА ЖӘНЕ Ә.КЕКІЛБАЙҰЛЫ ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ ТӘЛІМ-ТӘРБИЕЛІК ТАҒЫЛЫМДАРЫ

Көкшеева З.Т.

Ш. Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технолгиялар және инжиниринг университеті

Аңдатпа. Ә.Кекілбайұлы мұрасындағы халықтық педагогика негіздерін, нақыл сөздерін жас ұрпақ тәрбиесінде пайдалану, оның идеяларын білім беру орындарында, білімгерлердің өзіндік жұмыстарында, ғылыми жұмыстарда тереңірек зерттеу мәселесі жайлы айтылады.

Түйінді сөздер: ұлттық педагогика, Ә.Кекілбаев шығармалары, қанатты сөздер, жас ұрпақ тәрбиесі, тәлімдік тәрбие тағылымы;

Бүгінгі жаңа Қазақстанның дербес даму жолын таңдау кезеңі жас ұрпақ тәрбиелеуде халықтық педагогиканың бастауы мен қайнар көздерінен асыл қазыналарды, мәдени мұраларды тауып, оқу-тәрбие үрдісінде пайдалануды талап етеді. Себебі, еліміздің көркейіп, өркениетті елдер қатарына қосылып, халықаралық деңгейге шығуы бүгінгі ұрпақ бейнесімен көрінеді. Елбасы «Жаңа әлемдегі Жаңа Қазақстан» атты Жолдауында: «біздің бірлескен шешімдеріміз бен тындырған істеріміздің нәтижелері жаңа жалпы қазақстандық патриотизмнің іргетасын қалап, біздің Отанымыздың, біздің барша көпұлтты және көпконфессиялы қоғамымыздың, біздің балаларымыздың тамаша келешегі бар екеніне

негізді мақтаныш пен сенімділікті туындатады. Қазақстандық патриотизм мен саяси ерік-жігер – жаңа Қазақстанды құрудың аса маңызды факторлары», - деп атап көрсетеді. Бұл өз кезегінде жас ұрпақ тәрбиесіндегі халықтық мәдени мұраның алатын орны мен маңызын арттыра түседі[1].

Мамандар кез-келген халықтың тарихи ғылыми ойын, философиясын зерттеу үшін, рухани мәдениеттің бөлінбес компоненті болып табылатын халық есінде терең ой қалдырған адамдар арқылы оқып - үйренеді. Осы орайда Әбіш Кекілбайұлының қалдырып кеткен ғылыми мұрасы еліміздің педагогика және психология ғылымында үлкен даңққа ие, болашақ ұрпақты тәрбиелеуде оның идеялық, танымдық, тәрбиелік маңызы өте зор. Оның «Аңыздың ақыры», «Үркер», «Елең-алаң» тарихи романдары – тек тарихи шежіре ғана емес, бүгінгі қоғам үрдісімен, ұлт мүддесімен астасып, бостандық рухы мен өркениеттің өшпес құндылықтарына ұмтылатын мінез тәрбиелерлік қуаты бар, тәлім-тәрбиелік маңызы өте зор шығармалар болып табылады. Бұл еңбектерінде әлеумет тәрбиесінен бастап ұлттық тыныс-тіршілік, адамгершілік әлем, еңбек тәлімі, қазақы отбасындағы тәрбие, қазақы зерде мен таным, адам мінезінің алуан қырлары, қазақтың тарихы мен тағдыры, ұлттық сана мен елдік намыс, ұлт, тарих пен тиуелсіздік, тіл мен рух, мемлекет пен саясат т.б. тақырыптар кең орын алған. Оның мұраларында қазіргі қазақ жұртына, жастарға айтылған өсиет сөздер мен ақыл-кеңестер жетіп артылады. Әбіш Кекілбаев шығармашылығындағы ұлттық-этникалық һәм гуманистік-ізгілік хақындағы ой-толғаныстар әлемі қазақ жұрты деген ұғымының аясынан асып түсіп, адамзаттың ең абзал қадір-қасиеттерімен рухтас иен кеңістік аумағын қамтиды. Оған мысал ретінде Қазақстанның халық жазушысы мемлекет және қоғам қайраткерінің ел есінде қалған 10 қанатты сөздерінен мысал келтіре кетсек[2]:

1. Ақиқаттың мекені – жүрек. Оған мына кеңістіктің бетінде бардың бәрі сияды. Құдірет жетсе, ерен болмысты түгел сыйғызып алуға болады.

2. Өмір құбылыстарына психологтің көзімен қарайтын адам ең алдымен сол құбылыстың барша озғыны мен тозғынын, кемелдігі мен келеңсіздігін көре білетін кейіпкерді табуы, тануы қажет.

3. Жазушының, ақынның қоғамдық болмыстың тұңғығына да, асқарына да бірдей ұмтылған өзгеше еңбегінің жалғыз-ақ өлшемі бар. Ол – оның адам жүрегіне қаншалықты жақындай алғаны.

4. Өткенге әртүрлі қарауға болады. Өткенге өскенді дәлелдеп қарау бар да, өшкенді дәлелдеп қарау бар. Тарихқа өткенде мынандай керемет едік деп қарайтын көз ұлтшылдықтың сырқаты. Ал, енді өткеннің бәрін қу тақырға жорып, қуратып қоятын бір көзқарас тағы бар. Ол адамзаттың ежелгі тарихын айналасы бес-алты ұлттың еншісіне беріп, өзгені шөміштен қысатын шовинистердің жанына майдай жағады. Тарихқа деген шын көзқарасқа бұлардың екеуі де атымен жат. 5. Өнерде шәкірттік сезімін жоғалтқан адам ұстаз бола алмайды. 6. Тарих қанмен жазылып қанмен түзетіледі. 7. Өмір бойы алысып-жұлысып жүріп пысықайлықпен табылатын өтірік даңқ раға жыл түспей жатып, көшкен жұрттағы күл төккен төмпектей жермен-жексен шөгіп, жұтап шыға келеді.

8. Өмір сүйген ақын азаматтық ақтық демі таусылар сәттің өзін әзірейіл көргендей шошына суреттеп, күңірене күйзелмей, қаншалықты па қаншалықты парасатты бейнелейді. Бұл құбылыс – оның дара таланты.

9. Адамдар әділ болса, өмір әрқашан әділ.

10. Арлы адам – ең күшті адам. Өйткені, ол өткінші бақыттың, өткінші қайғының ырқына мойын ұсынбайды. Сондықтанда оның тағдыры қиын болуы, ауыр болуым мүмкін, өкінішті болуы мүмкін емес.

Сондай-ақ, адамдық пен адалдық, мейірім мен рахым, адам мінезі мен ұл-қыз тәрбиесіне қатысты былайша ой қорытады: Тірісінде қалтқысыз ыстық ықылас, өлісінде татаусыз тағзым тек құшағың толып аялап, ауызың толтырып мақтауыңа жараған марғасқа азаматтарға ғана бұйырған; Риясыз көңілден шыққан ақиқат сөз ғана әмбені түгел риза ете алмақшы; Үйдегі ұл-қызымызға абырой-әжетсіз азаттық – айуандық екендігін жеткілікті ұғындыра алсақ қана көшедегі көргенсіздікті жүгендей аламыз; Жарығы таусылмаған жанға

бақыттымын деп қомдану тасырлық, бақытсызбын деп мұнаю пақырлық шығар; Адамдар әділ болса, өмір әрқашан әділ; Адам нәсілін жер бетіне баянды етіп тұрған бірден-бір күш – мейірім мен рахым; Орынсыз ашқарақтық, орынсыз баққұмарлық шынайы азаматтық бақыт үшін қандай қиянат болса, орынсыз жігерсіздік пен рухани қауқарсыздық, орынсыз көңтері көнбістік те дәл осындай қиянат; Қатыгез, қапас тоғышарлықтың ең алдымен жүгірер қаруы – қуадалау, қорқыту, зорлық-зомбылық; Арман – қашан да ұзақ, ғұмыр – қашан да қысқа; Алақаны бар тіршіліктің шапалағы да бар; Пәтуасыз уақыт сабырлыны тонап, саналыны арытады; Ұлы тұлғаны уақыт аласарта алмайды; Ізденіс пен ізгілік, мейірбандық пен кішіпейілділік бағаланбай қалуы мүмкін емес; Кекшілдік – кешегінің тұтқынында қалу, кешірім – жаңаға бой ұсыну; Іріткі салар алауыздықты аласта, ұйытқы боларлық жарастықты ұлықта.

Мақаламыздың тақырыбы болып отырған заманымыздың заңғар жазушысы Әбіш Кекілбаев жөніндегі пікірлерге тоқтала кетсек, сыншы-публицист С.Қирабаев: «Жазушының тілінде де, ділінде де мін жоқ. Қашанда сергек, қашанда сезімтал, бәйгенің алдынан ғана келетін тұлпарларға ұқсатам мен Әбішті. Ал, аспанға қарасам оның жұлдызын оңай танымын. Оның жұлдызы сол Әуезов, сол Шолохов, сол Айтматов, сол Нұрпейісов жұлдыздарымен қатар тұр. Ол да жарық жұлдыз, мәңгі жанатын жұлдыз», - деп ой қорытса, ал М.Қозыбаев: «Кекілбаев дарыны мейлінше ғибратты дарын. Оның кеңістігінің өзінен ұғымтал көкірек пен жіті көз адуын өнердің мінезін көреді», - дейді. А.Сүлейменов: «Тарихқа арналған шығармаларды жазудың тек композициялық құрылысы, сюжеттік мазмұны, тарихи реалийлердің көрінісі жағынан ғана емес, тілдік-стильдік сипаты жағынан да әр алуан болып келетіндігін және бұндай жоғары сатыға қазақ көркем әдебиетінің де жеткендігін Ә.Кекілбаевтың шығармашылығы анық көрсетеді», - десе, ғалым Р.Сыздықова: «XX ғасырдың екінші жартысынан басталған ұлттық әдебиеттегі жаңа дәуірді еске алсақ, «Әбіш шыңы» осылардың дәп ортасында, биікке самғап, қол жетпейтін өрде тұрғанын бүгін әрқайсысымыз-ақ мойындаймыз», - деген ой тұжырымдайды[3]. Әр елдің ойшыл-ғұламалары озық идеялары өз халқының тіршілік-тынысымен, ұлттық тәрбие дәстүрімен тығыз байланыста туып, өсіп-өркендеп, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып жетіп отыратынын білеміз. Осылайша, өмірдің әлеуметтік жағдайларының өзгеруімен, қоғам мен тұлға қажеттіліктерінің дамуымен байланысты халық тәжірибесіндегі педагогикалық құндылықтар қайта жасалып, жаңаша сипат алып отырады. Сөзімізді қорыта келе, Ә.Кекілбайұлы мұрасындағы халықтық педагогика негіздерін жас ұрпақ тәрбиесінде отбасы, отансүйгіштік, адамгершілік, ізгілік, тәрбие үрдістерінде толық пайдалану, оны жүйелеп, бүгінгі күннің талабына сәйкестендіру қажеттілігін тудырады. Сондықтан, Ә.Кекілбайұлының шығармашылық еңбектерін мектеп оқушыларынан бастап, ЖОО-да әлеуметтік-гуманитарлық пәндердің дәріс, тәжірибе сабақтарында, білімгерлердің өздік жұмыстарында қамтылуы керек. Жастар мен оқушылардың азаматтық санасын қалыптастыру мақсатында жазушының елжандылық идеяларын тереңдеп зерттеу, ғылыми-зертеу жұмыстарын жан-жақты жүргізіп және педагогика тарихын, этнопедагогика салаларын дамытатын ақпараттық-ресурстық орталық ашуға болады деп ойлаймыз.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Назарбаев Н.Ә. «Жаңа әлемдегі Жаңа Қазақстан».
2. Кекілбаев Ә. 2 томдық таңдамалы шығармалар. – Алматы: Жазушы, 1989.
3. Әбіш Кекілбаев туралы сөз / Е. Дүйсенбайұлы // Ана тілі. - 2009. - 9 сәуір. - 7

бет.

Ә.КЕКІЛБАЕВТЫҢ «АҢЫЗДЫҢ АҚЫРЫ» РОМАНЫНДАҒЫ АДАМ КОНЦЕПЦИЯСЫ

Мауытгова Ж.Қ.

Ақтау қаласы химия-биология бағытындағы НЗМ

Аңдатпа. Бұл мақала Ә.Кекілбаевтың «Аңыздың ақыры» романындағы Адам жаратылысының концепциясына тоқтала отырып, шығарма негізінде кейіпкер бейнесін танытудағы автор даралығына тоқталуды мақсат етеді. Кейіпкер образын даралауда автор қолданған әдеби тәсілдер сөз болып, олардың ышағрмашылық тәсілдемеге тигізген әсері жайлы тұжырымдар жасалады.

Түйінді сөздер: Аңыздық желі, психологизм, ішкі монолог, адам концепциясы, сыртқы әлеммен тұтастық.

Қазақ әдебиеттану ғылымында ұлттық философиялық ой-пікірлердегі, қоғамдық ойдың дамуындағы адам жаратылысын зерттеу ХХ ғасырдың 80-жылдарынан кейін ғана қолға алынды. Ұлттық көркем ойдың дамуындағы адам тұлғасын сан түрлі қырынан қарастыру – қаламгердің адам мәселесіне эстетикалық, философиялық, адамгершілік қатынастарының толық көрінісін талдау болып табылады. Ұлттық әдебиеттегі адам мен табиғат, адам мен қоғам, адам мен адам сияқты алуан түрлі қарым-қатынастық жүйелерді тұжырымдау – жазушылардың шығармашылық жүйесіндегі көркемдік-идеялық ерекшеліктерін анықтайды.

Қазіргі таңда қазақ әдебиетіндегі прозаның сүйегі ауыз әдебиетінде жатқаны ешкімге жасырын емес. Оның ішінде қазақтың байырғы аңыздары да халық прозасына жатады. Аңыздық, ертегілік сюжетті шығармаларына арқауы ету – Абай мен Ыбырайдан бастау алды. Сол бұлақтан сусындаған қаламгерлердің енді қатты назар аударып, шешуге тырысатын кең ауқымды проблемасы – адам, оның жұмбақ болмысы, тіршілік тірегі, айнала қоршаған ортамен байланыс-қатынасы болып қалды. Осы жолда өмір шындығын философиялық пайымдаулар тұрғысынан игеруге тырысқан шығармалардың қатарына Әбіш Кекілбаевтың «Аңыздың ақыры» романын жатқызуға болады. Әрине, романды тарихи роман шегінен де зерттеп қарастыруға болады. Бірақ мұнда автор ежелгі аңызды қайта жаңғыртып қолданып қана қойған жоқ, адамның өмірі, оның адамгершілік қырлары, пәнидегі жақсылық пен жамандықтың арақатынасы туралы жеке концепциясын ұсынды. Романның басты кейіпкері Алмас хан уақыт пен кеңістік шегінде анықталмаған образ болуымен ерекшеленеді. Ғаламды билеген билеушінің бейнесі – Адамның уақыт пен кеңістік алдында шарасыз пенде екендігін дәлелдеудің жаңаша бір қыры. Жалпақ әлемді уысында ұстағанымен, билік иесі Мәңгілік туралы ойларында ұдайы тосып тұрған тығырықтан шығар жол таба алмайды.

«Жаяу борасыннан сақина-сақина боп шимайланып қалған ұлпа құмақтағы әлдебір сиқыр жазып кеткен жұсбақ дұғалықтай көп шиыр қанша телміргеніңмен, ой сергітердей нышан танытпайды. Қайта көңіліңе тіршілік дегеннің өзі құм бетіндегі осы бір мән-мағынасыз құр шимайдай мынау ұлан-аыс сұрқай кеңістіктегі бүгін бар, ертең жоғалып кететін өткінші бедер ғана емес пе екен деген күдік қашырғандай. Күні кеше ғана асырды салып, ақырында мысы құрып, өз-өзінен тыным тапқан көктеменің әумесер дауылындай о да қанша аласұрып баққанымен, уақыт дейтін сусыма құм бәрібір із-түзін қалдыртпай, түп-түгел өшіріп жіберетіндей». [1.17-18].

Бұл туындыда аңыздық арқау оқиғалық желілердің баяу дамуына әсер етеді. Негізгі басымдық кейіпкерлердің ішкі жан дүниесі мен рухани толғанысына берілгендіктен, сюжеттің динамикасын қарқынды деп атай алмаймыз. Ә.Кекілбаев аңызға жүгінгенде өзіне ұнағанын алып, сол мазмұнда, сол қалыпта бейнелеумен, сол материалдан өзінше түйін түйіп, ондағы тарихи шындықтың қаншалықты ауқымдылығын тауып, өзі сол тарихқа еніп

кетпей, кайта оған бүгінгі күннің биігінен барлап, сөз қозғауға тырысқан.

«Аңыздың ақыры» романының бүкіл сюжеті Темірдің сүйікті тоқалы Бибі ханым салдырған атақты ғимараты жөніндегі хикаяға негізделген. Бұл аңыз халық арасында былай тараған:

Ұлы Әмірші жортуылға аттанып кеткен. Ерін сағынған жас әйел косағы қайтып оралғанша ғажайып күмбезді көк мұнара салғызуды ойлайды. Осы мұнараны салушы шебер сұлу ханшаға ғашық болады да, егер тілінен бал татқызбаса, мұнараның күмбезі әрі қарай қаланбайтынын шарт етіп қояды. Бұған ашуланған ханша шеберге ең қымбатты күннің сыйлыққа ұсынады. Бірақ анау қасарысып көнбейді. Бұл кезде Әмірші де жауын жеңіп, атының басын кері бұрған дейді. Әмірші астана жұртына келмес бұрын жас ханша жас шебердің тілегін орындауға ыңғай танытады. Әйелі салдырған ғажайып мұнараға Әмірші риза болады, бірақ ханшаның бетіне түскен ыстық таңбаны көріп қаһар шашады. Ханша қылмысын мойындайды, шебер дарға асылады.

Байыптай қарар болсақ, аңыз бен тарихтың арасында үйлесіп қалар сәттер көп. Тарихта болған шындықты халық мүлде жоққа шығарған емес. Бұл аңыздарда тарихтың іздері айқын байқалып тұр. Бұл шындықты тарихи мұрамыз саналатын архитектуралық ескерткіштер де растап тұр. Ә.Кекілбаев тарихтың терең қойнауына еніп, тарихи тұлғалардың өмірдегі келбетін бейнелейтін шығармалар жазуға ерте бастан ден қоюына осындай себеп бар.

Ал романға өзек етіп алған аңыздық желілер ішінен бүгінгі жұртшылыққа ғибрат берерлік астарлар іздеп, бұрынғы дәуірдің әлеуметтік, адамгершілік тәрбиесін биік мұрат деңгейінен қорытып, өзіндік ой түюге ұмтылған. Роман туралы жас шебер мен кіші ханымның сүйіспеншілік оқиғасын, жүрек жұтқан ханның өз қылмысының зобалаңына ұшырап, арымен арпалысуын жазушы үлкен психологиялық шеберлікпен жеткізе білген. Қолмен ұстап, көзбен көргендей айқын, ұлттық тарихи сипаттан адамзатқа ортақ идея шығара келіп, ел-жұрттың белін үзетін бедеу биліктің бақытсыздыққа бастайтыны – романның арқау желісіне айналған. Романның қанабын толтырып тұрған құлау мен құлдыраудың қорғасындай ауыр бұлтын махаббат пен өнерден өрілген ерке желі қақ жарып өтеді. Сыншы Т. Тоқбергенов «Ә.Кекілбаевтың ел аузындағы аңызға ерекше мән беріп, соның өзінде өмір шындығының анық-танық суретін салуға ұсталығын айта келе, роман осыған дейінгі тарихи тақырыпқа жазылған төрт повесті түйдектеп, түйіп тастағандай пікір қалдырады, -деуінің сыры осында жатыр.

Образдың тұлға ретіндегі жан әлемі, психологиялық жай-күйі, адамдық болмысын сөз ету – көркем әдебиет жүйесінің Флобер, Стендаль, Бальзак, Достоевский, Ф.Кафка т.б. дәстүрлерімен қалыптасқан психологизмдік әдебиеттің тууына әкелді.

Психологиялық романның өзге жанрлық түрлерден ерекшелігі кейіпкердің жан дүние бейнелеуінен көрінеді. Суреткер кейіпкердің жан дүниесінің дамуын белгілі бір іс-әрекетке бастар көңіл-күйінің себеп-салдарын көркемдік тұрғыда талдап жазғанда ғана шығармада психологизм өріс алады [2,13]. Бұл ойымызды нақтыласақ: «...әдебиеттегі психологизм-кейіпкердің ішкі әлемнің толық суреттелуі шығармадағы эстетикалық әлемнің бөлігін құрайды». [2,34]. Шынында да көркем шығармада кейіпкердің әртүрлі қалыптағы қарама-қайшы дүниетанымын, көзқарастарын, іс-әрекеттерін, көңіл күйлерін тереңдей талдап, жан-жақты бейнелеу психологизмнің көркемдік табиғатын танытады. Аналитикалық тәсілдің басты көрінісі – ішкі монолог. Адамның сезім-күйін, ой-толғанысын, күйініш-сүйінішін, барлық қайшылығын асқан шеберлікпен шынайы әрі дәл де нанымды нақышпен бейнелейтін психологиялық романның ерекшелігі жанрлық талап пен автордың кәсіби шеберлігінде жатыр. Психологиялық роман табиғатының өзі жеке адам тағдырын екі әлем, атап айтсақ, сұлулық пен ұсқынсыздық, саналылық пен бейсаналық, өмір мен өлім т.б. арасындағы ымыраға келмейтін күрес пен мәңгілік құндылықтар жайында ой қозғауға мәжбүр етеді. Бұл – психологиялық туындыға қойылар басты шарттардың бірі. Психологиялық шығарманың өзіне тән жанрлық ерекшеліктері нақты көркем мәтіндерді талдау барысында төмендегідей айқындалады: Біріншіден, психологиялық прозада оқиға, кейіпкер, кезең, уақыт, тақырып,

идея т.б. деген мәселелер алдыңғы сапқа шыға қоймайды. Ол талап та етілмейді. Екіншіден, мұнда ең бастысы – жеке адамның ішкі өмірі, өмір мен өлім арасындағы кезеңде адам бастан кешетін азапты тағдыр тәлкегі, кейіпкердің күрделі тұлғаға айналуы көркемдік назарға алынады. Үшіншіден, шығармада шым-шытырық оқиғалар тізбегінен гөрі жеке адам санасындағы сапалық өзгеріс, рухани қопарылыс, ішкі сезімдік құбылыстар тереңдетіле талданады. Төртіншіден, психологиялық прозаның көркемдік әлемі өзінің жанрлық талабына сай жеке санада жүріп жатқан ой мен сезім қайшылықтарын, сөз бен іс сәйкессіздіктерін тереңдеп талдап, көркемдік жүйеде саралайды [2,14]. «Қаһарманның рухани әлемін, жан сырын жеткізу амал-тәсілдерінің жиынтығы немесе идеялық-эстетикалық шығармашылық феномен- психологизм» [2,3],- дейді Б. Майтанов. «Психологизм-көркемдік әлемнің жұлын-жүйесі» [2, 12] болғандықтан психологияның әдебиет саласындағы тұрақты «елшісі» ғана, себебі әдебиет психологияның өзінен бұрын енші алып ерте дамыған. Жазушының қол артқан басты тәсілі-психологиялық талдаудың аналитикалық түрі. Аналитикалық дегеніміз – бір кейіпкердің жан дүниесін бүге-шігесіне дейін талдау. «Аңыздың ақыры» романындағы кейіпкерлер – Ұлы Әмірші, Бибі ханым, шебер іс-әрекеттерімен емес, Г.Піралиеваның тілімен айтсақ: «Көңіл-күйлеріндегі күйзелістермен, жан әлеміндегі арпалыстармен, ішкі буырқаныстардан сыр берер бет-жүздегі, мінез-құлықтағы сезімдік құбылыстармен көрінеді» [3,172]. Әмірші де кезінде Әмір әскерінің көп сардарының бірі ғана болатын. Сол көптің бірін осы данқ пен дақпыртқа, бақытқа жеткізген қанағаттанбаушылық сезім еді. Өмірдің қаталдығы мен қатыгездігін, қулығы мен сұмдығын, әккілігін, талғампаздығын бойына жинақтаған тамаша кейіпкердің сұңғылалығы таңдандырады. Әккі Әмір ел қарамағындағыларды ұстау үшін елді қабағынан тануды қажет құрал етті. Айналасындағы адамдардың іші-сыртын, пендешілік осалдығын, көңіл түкпіріндегі құпия сырларын Әміршінің тап басып зерттейтінін бейнелеуде үлкен суреткерлік алымдылық Ә.Кекілбавқа тән. Өз сырын өзге түгіл өзінен жасыратын Әміршінің табиғаты – тұнып тұрған құпия, өзінің не күйінішін, не сүйінішін сырт көзге сездірмес тәкәппар. Кейіпкер – тек төңірегіндегілер үшін ғана емес, оқушысына да оңайлықпен сыр ашпайтын тылсым характер. Оның сырт көзге байқала бермейтін ішкі сезім иірімдеріне, жан арпалыстарын, ой-сезім құбылыстарын, санасындағы психологиялық процестегі терең тебіреністерін тек автор көмегімен еніп, түсіне аласыз. Әміршінің ой-монологу, көпті көңіліне ойланса да, неден күдіктенсе де іште сақтайтын сырмінезділігі оқиғаны оймен өрбітеді. Психологтік түйсік немесе суреткерлік сезімталдық-туа біткен таланттың еншісі. «Аңыздың ақырындағы» Әміршінің тынымсыз ойға, небір қиялдарға бөленген ұзақ жол, жол бойындағы оңашалық, жалғыздық болса, еліне келген бетте оны мазалайтын нәрсе – өзегіне құрт түскен қызыл алма. Бұл жерде қызыл алма – Әміршінің тынышын тонаған көркемдік нышанның басты Түйіндіі. Иә, қызыл алма – опасыздықтың символы. Осы бір өзегіне құрт түскен қызыл алма арқылы Алмас хан үй-ішінің, өз шаңырағы астындағы алауыздықты, өзі жоқта орын алған опасыздықты ғана түсініп қойған жоқ Әмірші, сонымен қатар, жалған өмірдің өткіншілігін, жер жүзінің жартысын билеген қаһары да, атағы жер жарған данқ пен дақпырттың да шын ғашықтың жүрегінен шығып, көңілінен қаланған мұнара мензеп тұрған адал махаббаттың қасында ешқандай да құны жоқ екенін түсінеді, түсінеді де күйінеді. Күйініш оны күйреуге әкеледі. Жазушының шеберлігі сол – дараланған образдың нанымдылығын, шынайылығын сақтайды.

«Ішкі монологтың кейіпкер психологиясын ашудағы қызметі» атты еңбегінде ғалым Г.Піралиева Ә.Кекілбаевтың «Аңыздың ақыры» романына қатысты біршама ойлар айтып, тоқталады: «Кейіпкердің күрделі қақтығысқа, ішкі психологиялық тартысқа құрылуы Әбіш творчествасына айрықша тән қасиет. Оның үздік үлгісі де осы – «Аңыздың ақыры» романы»- дейді. «Әбіш, әсіресе түсті өз шығармаларында өте көп және зор рөл атқаратын құрал ретінде пайдаланады. Ал түс – ішкі монологтың бір элементі, яғни кейіпкердің көңіл-күйін, санасында үздіксіз жүріп жатқан процестің бір сәтін бейнелейтін көркемдік тәсілдің бірі. Қазақ прозасында түске соншалықты мән беріп, одан терең философиялық ой, әлеуметтік мәселе көтеру осы алпысыншы, жетпісінші жылдардағы жаңа лекке тән қасиет

болса керек». [3,83] - деп жазады. Шындығында да ішкі монолог, түс көру сарынын қолдану 70-80 жылдарда кеңес әдебиетінде кеңінен қолданылды. Ішкі монолог тәсілін пайдаланумен шығармадағы түрлі жауабы табылмай тұрған сұрауларға жауап ізделді. Ішкі монолог арқылы әр адам өзіне-өзі сұрақ қойып, сол сұраққа шынайы жауап іздейді. Ешкімге айта алмайтын сырын ашады. Әлсіз жақтарына көз салады. Жалпы алғанда жүрек түбіндегі жақсылы-жаманды әрекеттерінің қоспасыз қалпы көрінеді. Яғни, нағыз шындықты қаламгер кейіпкер жанынан іздейді. Қаламгер романындағы басты кейіпкер Әмірші өмірлік жолын, іс-әрекетін, адамзатпен қарым-қатынасын таразылау арқылы шындыққа қол жеткізеді. Өз кемшілігін іштей мойындайды. Қаламгердің ұстанған басты мақсаты – осы. Қайсыбір адамзат өзінің іс-әрекетін іштей бағалап, өз тағдырының сыншысы болған кезеңде ғана шындыққа қол жеткізеді. Романда өмірдің ащы шындығы монолог тәсілі арқылы терең беріледі. Ә.Кекілбаев психологиялық процесті Әміршінің жан әлемінде өрпете түседі. Әміршінің өмірге деген көзқарасын сараптауда терең көрініс табатын ішкі даму – ол кейіпкерге әсер еткен сыртқы жағдай ретінде көрсетіледі. Сол мақсатта психологизм тәсілдері шебер қолданылады. Бас кейіпкер бейнесі арқылы қоғамдағы әр алуан жағдай түрліше көрінеді. Оның бойында өткен мен бүгіннің байланысы бар. Заман өзгере келе өткен кезең мен бүгінгі өмір арасындағы үйлесімділік бәсеңдей береді. Себебі қоғам, адамзат санасы күннен-күнге даму үстінде болады. Өткен дәуірдің оқиғасын өзек етіп философиялық роман туындатқан қаламгер Ә.Кекілбаевтың шеберлігі сонда – көркемдік тәсілдерді орынды қолдану арқылы бір идеялық-көркемдік тұтастыққа әр кезең өткелдерін сыйдырып, олардың тағдырларын, психологиялық көңіл-күйлерін, әлеуметтік жағдайларын көрсету арқылы бүкіл адамзат атаулыға ортақ мәселені көтереді. Бұл жағдайлардың барлығы да Әмірші жан дүниесінде өтіп жатады. Оның бойында іштей өзіне-өзінің көңілі толмаушылық, өзінің іштей өзімен тартысы, арымен тартысы буырқанып жатады. Жан әлемінде өткен өмірінен қалған жара алдағы өмірлерінде де әсер етіп жатады.

«Аңыздың ақыры» романындағы психологиялық жағдайдың шырқау шегі – Әмірші өзінің сезім алдындағы әлсіздігін іштей сезінсе де, оны мойындағысы келмейді. Бірақ, оның жан әлемі өз әлсіздігін мойындайды. Жаппар шебердің кіші ханымға ғашық екендігін, екеуінің арасында сезімнің өршіп кету қаупі барлығын сезіне тұра, оның алдында ішкі сезімін сезіндіріп, бас игісі келмейді. Әмірші жан дүниесі іштей құлдырау үстінде. Әмірші бойындағы кіші ханымға деген қызғаныш сезімі оны түрлі әрекеттерге итермелейді. Бойындағы сезімді жеңе де алмайды, жеңілгісі де келмейді. Қаламгер бұл тұстар арқылы өмірдің көлеңкелі шындығын көрсеткісі келгендей. Қайсыбір адамзат болмасын шындыққа қол жеткізу үшін түрлі әрекеттерге барады, оған көзі жеткен сәтте, өз кемшілігін мойындағысы келмейді. Міне, оның нәтижесі адамның адамдық қасиетінің төмендеуіне әкеп соқтырады. Романда бұл сәттер Әмірші монологы арқылы терең ашылады: «Егер бұл бір-біріне іңкәр боп, өліп-өшіп жүрген екі мұңлықтың тілеулерін берсе, ең алдымен сол көп шуылдақ шулап шығар еді. Мұның атарға оғы жоқ дұшпандарының өздері мұны сол сасық ауыз көп көп шуылдақтың айтып жүргенін бетіне басып табалар еді. Қайдағы пәлені бастап жүретін солар, бұған ең азы күнәһар шеберге кесілер үкімді де солар айтып беріп отырған жоқ па? Ендеше сол немелер дегендеріне жетіп тынсын. Сөйтіп өздерінің бауырынан шыққанды өздерінің аузына шыққанға жем қыла берсін! Өз лақаптарына өздері адаса берсін! Әйтеуір мұның сүйегіне дақ түсіргелі тұрған масқараны білмесе, көрмесе болды. Ендеше сол көкіме тобыр әлгі қаңқуларынан айнымай тұрғанда, тағы бір лақап таппай тұрғанда, жігіттің жазасын беру керек» [1,176].

Әміршіні өзіне сырттай қалай баға береді екен деген ойлар мазалайды. Ол өзінің нағыз өмірдегі келбетін айқындауға тырысады. Әмірші емес, қарапайым адам ретінде өзін тани бастайды. Қаламгер мақсаты да адамзатты сыртқы болмысындағы әшекей-бояулардан арылтып, нағыз шын бетпердесін ашу. Бұл тұста психологизм – қаламгердің басты құралы.

«Жаратқан кедір-бұдыр қып кемшін жаратқан дүниені бұл қалай бір тегіс қыла алады. Жаратқан жалғыз сенің өзің он сегіз мың ғалам өз билігінен шығып кетпесін деп, өз қолынан шыққан жан-жануарлардың әрқайсысына әр алуан кемшілік пен әлсіздік беріп, сол арқылы

тұтымында ұстаса, өз қарауындағы жұмыр басты пенделерді бұл қалай солай ұстап, солай тұтпайды. Құдайдың өзінде бар кемшілікті адам қайталаса, неге күстаналайды. Өзі жаратқан иелерінің аласынан алланың өзі әлгіндей сескенгенде, бұл қайтіп сескенбейді.» [1,200]. Осылайша Алмас хан өзінің ел билеу заңдылығына тәңірінің тәртібінен үлгі тауып, көңілін демдейді. Жазушы авторлық баяндауда эпикалық үшінші жақтан баяндау стилін тандағанмен, ол көбіне кейіпкер секілді ойланады, толғанады, яғни кейіпкер кейпіне енген авторды көп көреміз. Авторлық баяндау білінбей кейіпкер монологына ұласып, үнсіз қосылып жатса, енді бірде кейіпкердің ішкі толғанысы автордың ойымен қосылып кетеді. Романдағы монологтар жеке алып қарағанда толғау секілді көрінеді. Күдіктің анық шешімі мен өмірінің құпиялы жақтарының Түйіндіін таба алмаған жанның рухани ізденісін аңғарылатын шығармада бүкіл әлемді жаулап, байлыққа кенелсе де, абырой атағы Алмас хан үшін мұрат болмайды. Жанына жақын жарыңның саған деген көңілінің тазалығы, жан ұядағы береке – міне, нағыз мұрат. Демек, бақытты жан ғана мұратқа жетеді дер болсақ, мұрат дегеніміз қарны тоқтық, көйлегі көктік емес екен.

«Өмірде ешнәрседен қорықпайтын адамның өзі күлкіден қорқады», - деп жазады Гоголь. Шындығында әншейінде көзіне де ілмес қызметшінің күлкісі Өміршінің мәртебесін төмендетіп, жанын таптағандай. Қызметші әйел мен Өмірші арасындағы осы бір көріністі, қызметшінің түр-әлпетін, мимикасын бейнелеуде жазушы шеберлік танытқан.

Адам концепциясы – әдебиеттің орталық мәселесі, басты нысанасы болғанда ғана, шығарма өміршең болмақ. Өмірші мен сыртқы әлемнің үйлесімі, адами еркіндігі мен қоршаған ортаға бөтендігі, тіршіліктің мәңсіздігі, өзінен, өзгеден жатсыну арқылы уақыт биігінде танылу – шығарманың негізгі тіні бола отырып, Әбіш әлемі тереңіне үңілуге итермелейді. Адам феноменінің түрлі аспектілерін жан-жақты қарастыруда суреткер адамның ішкі жан-дүниесінің трагедиялық болашағына алаңдау білдіреді. Адамды айтқан соң адамгершілікті айтпай кету мүмкін еместігін қаламгер жақсы біледі. Сондықтан, ерте заманға тиесілі кейіпкер арқылы да заманауи дәуірдің маңызын жоймаған көкейкесті мәселесі – адамның ар-ожданын сақтауы екенін терең философиялық оймен нысанаға алады. Адам мен оның қайшылыққа толы шынайы табиғатын көрсетуге күш салған шығарма өзінен кейінгі әдебиетте сапалық өзгерістердің тууына алғышарт бола алды деп сеніммен айтамыз.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Кекілбаев Ә. Ек томдық шығармалар жинағы. Алматы Д989, 576
2. Майтанов Б. Қаһарманның рухани әлемі. Зерттеулер.- Алматы; Жазушы, 1987, 86-6
3. Піралиева Г. Ішкі монолог Алматы, 1994, 16-176 бб.

UDK 373.1.02:372.8

THE ROLE OF INTERCULTURAL COMMUNICATION AND TRANSLATION INTO THE GLOBAL COMMUNITY

Stamgaliyeva N.K.

PhD, Yessenov University, head of department

Abstract. This article discusses that mondialisation mostly threatens the diversity of cultures and languages in the context of intercultural communication and translation activity. The difference between languages only reveals the richness of the divine word and creates all the conditions for each of them to show their potential. It is noted that between cultures one of the substantial contacts are proved by translated monuments, an evident example of which is Georgia where, even in the Middle Ages, the quality and value of the translation activity was taken to the original literature level. In the era of globalization, communication with “dominant” cultures and being “open” for them, is indeed a necessary process not only for enrichment of the Georgian culture, but for the

purpose of its survival as well; any culture, like language, once not subjected to a change, will no longer fit the new realities, and, is doomed for stagnancy, and therefore, for perishing. In terms of communication between cultures, this situation makes even more important the translation activity; definition of its role sets a new task in a global context of intercultural communication and linguistic-cultural awareness. Like protection of the dignity and rights of all human beings, the modern democratic governance should be the guarantor of cultural values. Thus, it is essential that in the global civilization everyone had opportunity to acquire and be identified in the modernity.

Keywords: Global community, culture, translation activity, identity, communication

Introduction:

Nowadays, when the culture is divided into a number of cultures, multiple languages and a lot of people's communities, when "the multitude of languages on the earth is not the humanity's impractical, and moreover, damaging division - partition, but expression of the human mind diversity, it does not mean the fragmented poverty of the human soul, but full of thought diversity [...] the reasonable unity of nations, languages and cultures", the following statement is essential: the culture and identity of each people is unique and belongs to the sacred things which should enjoy the absolute respect. The issue concerns protection of the peoples' common heritage - cultures and languages with its entire plurality and world; giving the opportunity to every person so that they could fully enjoy the modern world's all the technical, social and intellectual achievements in the way that not to compromise the values and the culture, on the background of which they grew up and their memories not to be erased. In conditions of characteristic for globalization new realities - on the background of technological and social unrest, intellectuals think that a very big danger is created: mondialisation mostly threatens the diversity of cultures and languages. Recently, in intellectual discussions the interest to the issue of maintaining the diversity of cultures and languages has been growing more and more. Abish Kekilbayev, the well-known journalist and writer wrote: "I do not doubt that globalization is a threat to cultural differences such as language diversity and lifestyles, I am sure that this threat is much more serious today than it was before". [1, 35]

He believed that, naturally, the question arises: "Why should we give less attention to human cultural originality, than an animal or plant species diversity? Our such a legal will of protection of our environment, why should not apply to the universal human values? From a nature and cultural point of view, our planet would be very mediocre and boring, if inhabited only by the "useful" species and there appeared only a few other, seemingly "decorative" species or the ones, which acquired a symbolic value". [1, 7]

Instead of disappearing in the mist of degradation and negligence, as it was going on for centuries, the endangered cultures have the opportunity to fight for survival, try to master the new rules of a game, and use them for their benefit, so that no one in the entire civilization felt excluded and even a little were able to identify what is born before them in the surrounding world.

Despite the complexity of the situation, according to the intellectuals, today's world offers the means of survival to the modern world cultures, and indeed, it would be senseless not to use them. Abish Kekilbayev himself strongly believes that "The fight for protection of the cultural traditions and maintenance of the diversity would not be desperate, if this fight were far-sighted, future-oriented". To clarify this opinion, Abish Kekilbayev uses the metaphor and compares the globalization to the open from each side huge arena, on which thousands of competition or rivalry are held at the same time, and to which people can penetrate through their own activities, opportunities and skill arsenal, relentless zeal and exclamation. He states: "If they want that the world learned about, respected and loved the culture, on the background of which they grew up, if they want a society to which they belong, knew freedom, democracy, dignity and prosperity, they need to fight to make that many centuries of human societies have created to clarify their differences, not to be subjected to the pressure, aiming to reduce these differences". [2, 41]

Thus, it is essential that in the global civilization everyone to have the opportunity to acquire and be identified in the modernity, so that “No one has come to believe that he is definitely alien to him, and, therefore, hostile as well”. [3, 14]

A human being shares the existence through speech, one of the most important skills defining his/her own essence; each language is a special vision of the world, having its own method and form toward the reality and its marking at the denotative level; each nation, speaking its native language has own vision of the world, conditioning uniqueness and exceptionality of numerous indigenous peoples, residing in different regions of the world (west or east, north or south).

Obviously, not all languages were born equal: the language, expressing identity, sometimes is common for hundreds of millions of people, and in some cases for only a few thousands. However, from the intellectuals’ point of view this is less important, as all languages, expressing identity are equally entitled to claim their dignity and respect from society. The only thing to be considered at this level is a sense of belonging: each of us has a demand for this union, expressing strong identity and causing confidence.

But today the question arises: How can the multitude of languages be ruled which are counting tens? In order to escape this dilemma and to avoid linguistic conflicts, each must understand obligation of preservation and development of the national language, for the purpose not to break relations with other languages, but to strengthen them. This is supported by the following characteristic peculiarities of the language: on the one hand, language is a defining element of any cultural identity; on the other hand, it is a tool of communication. Therefore, the “language has a purpose to remain a support for the cultural identity, and linguistic diversity - a base for the whole diversity”. Reasoning from this realities, Abish Kekilbayev wishes that the language, as a supporting element of identity, be attributed a place which it deserves, while by strengthening relations with other languages, to encourage linguistic diversity, to encourage that in the bosom of every nation there were some other people who knew such other language or languages specialization of which is rarer and therefore, more valuable for a person as well as for the community. [4, 97]

Kazakhstan’ developed culture and thinking level is clearly demonstrated by the fact that in Kazakhstan quality and value of the translation activity was developed to the level of the original literature; specialists with deep knowledge of European languages and culture considered translation from the original be especially important in the matters of universal values, and compared a translator to the hardworking bee that “took the graceful fragrance among various languages and nations and fertilized this or that national culture”. [5, 5]

Throughout the centuries, excellent translations, equal with the originals truly significantly enriched the Kazakhstan culture, introducing the great foreign thinkers’ philosophical works, fiction and poetry to people of many generations which “In a certain degree is a true indication of the existence of the thinking processes. For us, according to the terms and conditions, the extent and criteria of such mentality were really different”. [5, 23] The translated literature of a high professional level with the cultural value, not only enriched the culture with new ideas, but also made the language more perfect. Nowadays, more and more works are being translated; in modern Kazakhstan language any old or new most profound and original scientific ideas, opinion nuances and coloring can be accurately expressed. The interest is more and more growing to the research of issues, related to the adequacy of different style text translation (Moreover, in non-related languages).

Conclusion:

In conclusion we can say that each people’s culture and identity is unique, and belong to the sacred things which should enjoy the absolute respect. In the era of globalization communication with “dominant” cultures and being “open” for them, is indeed a necessary process not only for enrichment of the Kazakhstan culture, but for the purpose of its survival as well; any culture, like language, once not subjected to a change, will no longer fit the new realities, and, is doomed for stagnancy, and therefore, for perishing. In terms of communication between cultures, this situation makes even more important the translation activity; definition of its role sets a new task in a global

context of intercultural communication and linguistic-cultural awareness. Like protection of the dignity and rights of all human beings, the modern democratic governance should be the guarantor of cultural values.

REFERENCES

1. Zhuanyshbekov, B. Abish Kekilbaev: Sketch of life and work / n. Zhuanyshbekov. - Almaty, 2004. - 72 P.
2. Abisheva O. Folk prose Abish Kekilbaev / O. Abisheva //Expanse. - 2016. - No. 1. - pp. 139-144.
3. A. Baiseitova, A. In the books of his soul / A. Baiseitova. // Kazakhstanskaya Pravda-2018. July 7th.
4. Muminov S. The end of the legend: A. Kekilbayev's novel in the context of the world war fiction / S. Muminov // Mysl' - 2006. - No. 10. - pp. 66 - 70.
5. Sarsekeeva N. Abish Kekilbayev's Prose :[lessons of history and searches of spirituality] / N. Sarsekeeva // Mysl'. - 2009. - No. 11. - pp. 49-54.

ӘОЖ 82.09

ОҢАЙГҮЛ ТҮРЖАННЫҢ ӘБІШ КЕКІЛБАЕВ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫН БАҒАЛАУЫНДАҒЫ ЖАҢА ТРЕНДТЕР

Таңғалиева Г.

Ш.Есенов атындағы КМТИУ,

«Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығының 2-курс магистранты

Ғылыми жетекші: Қамарова Н.С.

Аңдатпа. Бұл мақалада Әбіш Кекілбайұлы туралы жазған ақын Оңайгүл Тұржанның «Пілге тән өріс, пілге тән жүріс керек» деген мақаласы талданады. Ақын, журналист О.Тұржанның Ә.Кекілбаев шығармашылығын бағалаудағы жаңашылдығы сөз болады.

Түйінді сөздер: Ә.Кекілбаев, Оңайгүл Тұржан бағалауы, жаңа трендтер, О.Тұржан үлгісі.

Заманымыздың заңғар жазушысы, біртуар тұлға Әбіш Кекілбайұлы жазылған жүздеген мақала, эссе, естеліктердің барлығы да – ұлы тұлғаға деген құрмет сезімдерін шынайы білдірген қолтаңбалар. Және олар – әрқайсысы туралы талдап жазуға болатын дүниелер. Сол мақалалардың ішінен ғалым, ақын, қаламгер Оңайгүл Тұржанның Әбіш Кекілбайұлы туралы 2016 жылдың 26 қарашасында «Астана ақшамы» газетіне жазған «Пілге тән өріс, пілге тән жүріс керек» деген мақаласын [1] бір деммен оқып шықтым. «Әбіш Кекілбайұлы – жиырмамыншы ғасырдың ұлы жаңалығы. Жаңалық болатын себебі – оның ой мен сөзді жүйелеу траекториясы адамды таңқалдырмай қоймайды. Біз әлі де таңқалудамыз. Ол сөйлеген кезде кереметтер кеме-кеме болып, көз алдымыздан өтіп жатар еді. Ол сөйлеген кезде өзімізді көне Цицерондар мен әл-Фарабилер, томиристер мен күлтегіндер, қобыланды батырлар мен абылай хандар келіп қатысып жатқан ұлы САММИТте отырғандай сезінер едік. Ескі шаһарлар көнелігімен жарқырап кетер еді. Өзіміз сол шаһарларды аралап жүргендей сәттерді бастан кешіруші едік» [1], - деп басталатын мақала жаңаша стильмен, тың трендтермен жазылған. Кемеңгер жазушыны ұлы жаңалық деп таныған О.Тұржан «...Ол сөйлеген кезде кереметтер кеме-кеме болып, көз алдымыздан өтіп жатар еді», - деп тебіренеді. Иа, расымен де солай. Әбіш ағаның сөйлегенінің өзі бір құбылыс қой. Әбіш ағамыздың мінбелерден сөйлегенін тыңдағанымызда көз алдымыздан тарих белестері көлбеп өтіп жатқандай әсерде боламыз. « Ол сөйлеген кезде өзімізді көне Цицерондар мен әл-Фарабилер, томиристер мен күлтегіндер, қобыланды батырлар мен

абылай хандар келіп қатысып жатқан ұлы САММИТте отырғандай сезінер едік» дегені ше?! Бұдан артық баламаның керегі де жоқ. «Пілге тән өріс, пілге тән жүріс керек» деген мақалаға қойылған тақырыптың өзі – Әбіш ағаның төл сөзі. Ал осындай төл сөзді мақалаға тақырып ету алу да – бір шеберлік. О.Тұржан мақалада зіл деген сөзге мән беріп, осы сөз туралы да ой толғайды. Шынында осы сөзді естіп жүргенімізбен, сырына, мағынасына терең мән бере қарамайды екенбіз.

Белгілі адамдар жөнінде қызықты жазбаларды жариялау, естелік жазу Еуропада ежелден дәстүрге айналған. Ал орыс әдебиетінде Державин, Жуковский, Ломоносов жөнінде шығармалар жинағында жарияланып жүрген естеліктер бар. Өзге мәдениет үлгілері секілді естеліктер орыс әдебиетінде сала-саламен, серия-серия етіп жүйелі жариялануда. Олардың алды әлденеше қайта басылым көрді. Айталық, А.С.Пушкин, Н.А.Некрасов, И.С.Тургенев, А.П.Чехов, Л.Н.Толстой, Ф.М.Достоевскийдің тағдырлары хақында жинақтау формасындағы естеліктерден жеке кісінің естелік кітабына дейін сан алуан ыңғайдағы кітаптар молынан оқырмандарына жетті. Литературные мемуары» сериясымен бұрын жарық көрген естелік кітаптары қазір қайта басылу үстінде. Ол естелік-кітаптары мынадай жүйеде: бірінші, бір адам хақында оның замандастары жазған естеліктердің жинағы; екінші, жазушылардың аяулы жарлары жазған естелік кітаптары; үшінші, жазушылардың жәрдемшісі, секретары, дәрігері жазған естелік кітаптары, ара-тұра Л.Н.Толстой секілді ұлы жазушының баласы (Толстой), балдызы (Кузминская) жазған естелік кітаптары да кездесетінін айта кеткен жөн. Кейін келе-келе мемуарлық әдебиеттегі XIX ғасырда күрт өркендеген осы көрініс үзілмес дәстүрге айналып, жақсы жалғасын тапты.

Бір қарағанда том-том мемуар жазған А.И.Герцен, Л.Н.Толстой, бай эпистолярлық мұра қалдырған И.С.Тургенев жөнінде замандастары айтарлықтай не сыр қалды деп те ойлауға болады. Олай емес, Тургеневтің туған күнінен бастап бар мінез-құлқын бақылап, бағып, анасы ақ қағазға түсіріп отырған. Соңғы демі таусыларға бір сағат қалғанға дейінгі бар жағдай естелікке түскен. Некрасов жайлы естеліктердің ұзын-ырғасы екі жүздей екен. Ал Л.Н.Толстой, И.С.Тургенев жайлы естеліктер одан да асса керек. Бұл нені көрсетеді? Бұл – мемуар мәдениеті. Бұл – естелік мәдениеті. Ал мұндай мәдени үлгіні ескермеу – мәдениетсіздік. Әдетте он тоғызыншы ғасыр орыс әдебиетінің алтын ғасыры аталады ғой. Сол мәдениеттің ептеп қазақ әдебиетіне, оның естелік жанрының тарих тағдырына себеі тиген жағдайы бар. XIX ғасырда өмір сүрген Шоқан Уәлиханов, Ыбырай Алтынсарин, Абай Құнанбаев секілді ұлы тұлғаларымыз жөнінде бірсыпыра естеліктердің жазылып, жарық көруіне орыс мәдениетінің көп ықпалы болды. Әсіресе Шоқан Уәлиханов еңбегінің жинақталып жарық көргені, замандастарының сәтті естеліктер жазып қалдырғаны үшін, біз оның достарына қарыздармыз. Мәселен, 1904 жылы Санкт-Петербургте Шоқанның шығармалары кітап болып басылуы игілікті іс емес пе? Ал үлкен шоқантанушы академик Әлкей Марғұлан кезіндегі газет-журналдан жинап-теріп достарының естеліктерін бес томдық шығармалар жинағына енгізуі – аса зор ыждағаттың белгісі. Атап айтарлық жай – достарының естеліктерінде Шоқанның туған ортасы, Омбыдағы оқушылар ортасы, Омбы, Петербургте өткен санаулы ғұмыры, еңбектерінің ғылыми мәні жөнінде көп құнды мәліметтер бар.

Қазір уақыт жаңару үстінде. Уақытпен бірге ұғым, түсінік, таным жаңаруда. Соған орай қазақ әдебиетінің әр кезде ғұмыр кешкен қалам қайраткерлері еңбегін қайтадан бір сарапқа салу, олардың әдеби мұрасын жаңаша елеп-екшеп, қайта қарап, жаңалайтын кезеңде тұрмыз.

Әбіш Кекілбайұлы туралы жазудың өзі – ерлік. Олай дейтін себебім, кемеңгер жазушының жазғандарына кез келген оқырман терең бойлап кетеді дей алмаймын, стилі күрделі жазушы туындылары мен Әбіш ағаның қайраткерлігін жазуға кез келгеннің тісі батпайды.

«Оның романдары мен пьесаларының кейіпкерлері «Елең-алаңнан» тұрып алып, көңіл аспанымызға аппақ «Бір шөкім бұлттай» көрік беріп, «Бір уыс топырақтың» астынан табылған алтындай болып, «Галстук сатушы қыздың» арманы сынды қол бұлғап, ғасыр

«Автомобиліне» мініп, «Құс қанатымен» келер ғасырларға кетіп бара жатыр. Бірақ бұл «Аңыздың ақыры» емес. Қасында «Бір шоқ жиде» шешек атқан, желіде кеше ғана «Бәсекеге» түсіп даңқы шыққан «Бәйгеторы» байланған сонау «Шеткері үйде» «Ханша дария хикаясын» домбырадан төгілген «Күйдің» ырғағына балки отырып «Ымыртта» бастап тыңдап, «Үркер» ауғанда тарасатын оқырмандардың алдынан табылатын Әбіш Кекілбайұлының асыл мұрасы өзінің мәңгілік ғұмырын бастап кетті».

Жазушының әр шығармасының өзі Оңайгүл Тұржан тілінде керемет үйлесіммен төгіліп тұр. Бұл да шеберлік, бұл – О.Тұржан трендтерінің бірі.

Егемендікті елдестіруден іздеп, тәуелсіздікті татулықтан тапқан, бодандықтан бостандыққа барар бағытты ұлттық кәсібиліктен тартқан ұлы Әбіш кемел шағында осы замандық, халықтық арман-тілектің орындалуында биік мінберден сөз алып, көсемсөзділікпен атсалысқан айбынды автордың бірі де бірегейі де болды. Сөзгердің алғашқы қалыптасу кезеңі дәуірлеу кезеңіне жасаған дайындық – шолу қаракеті болды. Сол арқылы әр кезеңнің кездейсоқ оқиғаларының себептерін қоғамдық қатынастан, мәдени аралықтан қарастырып отырды. Мәселен, «Аш бөрі», «Ең бақытты күн», «Ажар», «Бір шөкім бұлт», «Жүндібарак», «Күй» әңгіме-повестерін осындай теңізден мұхитқа түсер бұғазаралық аялдамасының өткелі іспеттес туындылар еді. Сондай-ақ, «Ақ қайың», «Кек», «Көз жасы», «Галстук сатушы қыз туралы хикая», «Ор теке», «Есболай», «Тасбақаның шөбі», «Ақырғы аялдама», «Міне керемет», «Бәйге торы», «Құс қанаты» еңбектері, Әбіш Кекілбайұлы көсемсөзінің алғашқы қарлығашындай ой мен қиялдың, шындық пен шырғалаңның өмір таразысына айналған еңбектері әлеуметтік қоғамдық маңызы зор көркем көсемсөз үлгісінде танылды.

Оңайгүл Тұржан мақаласының көркемдік деңгейі жоғары бағалануда, мақала ерекшелігі – сөйлемдерінің өзі бір-бір қанатты сөздер:

«Әбіш Кекілбайұлы – жиырмасыншы ғасырдың ұлы жаңалығы».

«Саясаткер – ең алдымен терең ойдың, ұшан-теңіз білімділіктің, қиыннан қиыстырар сарапшылдықтың, шешендіктің және салмақты іс- қимылдың адамы». «Саясаткер қашан да халықтың көз алдында. Соңынан ерер сөз, алдынан шығар өткір көз – бәрі де нағыз саясаткердің адымын санап отыратыны да рас».

«Біз де адамзаттық эволюцияның білгірі Әбіш ғұлама Әбіш ғұламаға дейін де өмір сүрген дей аламыз».

«Ә.Кекілбайұлы туындыларының астарында келер ғасырларды да көркейте алатындай идеялар жатыр»... [1].

Дегенмен адамның ішкі әлемін білуі жағынан Достоевскийден де, адамзатты білуі жағынан Толстойдан да өтіп кеткен бір адам болса, ол – Әбіш Кекілбайұлы.

О.Тұржан көсемсөзінің тағы бір ерекшелігі қоғамдық құбылыстың әлеуметтік тенеулерін көркемдік-эстетикалық тұрғыдан байытып, поэтикалық түр қолданысымен түрлендіріп, айтар ойды өз мақсатына түбегейлі жеткізеді. Әбішті тану – әлемді тану, Әбішті оқу – рухани дүниенді кеңейту, Әбішті зерттеу – зерденді зияттандыру. Әбіштің әлеуметтік дүниесі – ел мүддесі. Әбіштің алуан қырын таныған қоғам қайраткері, сенатор Қуаныш Сұлтанов былай дейді: «Шын мәнінде Әбекең – кез – келген шығармашыл тұлға ретінде күрделінің күрделісі» [2, 37]. Демек, Әбіш Кекілбайұлының көсемсөзіндегі идеялық биіктеу мен сапалық көркемдік жемісінің ұтымды нәтижесі – ол тәуелсіздік заманымен бетпе-бет келіп қана қоймай, уақыт сыйымен қуана қауышты, марқая жазды. Көсемсөзділік кездейсоқ дүние емес.

«Шекспирдің шеберлігі мен тереңдігіне бойлаймыз деп ол туралы әлемде әр түрлі тілде 15 мың, кейбір деректерде 25 мыңнан астам көлемді зерттеулер жазылған екен. Оның ішінде тек тіл мамандары ғана емес, оның ішінде психолог та, дәрігер де, саясаткер де, тарихшы да, суретші де, саяхатшы да, музыкант та, геолог та, агроном да, тіпті мал дәрігері мен тіс дәрігері де бар көрінеді. Әбіш әлемінің лингвистикалық-географиялық-жаратылыстанушылық-адамтанушылық-психологиялық картасын толыққанды сызып шығу үшін де осындай деңгейдегі зерттеу жұмыстары керек. Оның дарынын бір ғана

филологиялық өлшемдермен өлшеуге келмейді. Оның бір өзі әлемдік университет сияқты болған адам. Мұндай дарындар адамзаттың тарихында сирек кездеседі», - деп толғанады мақала авторы.

Осындай ғұлама даналардың даралық келбетін көсемсөзбен кестелеп, дәуір талантының кескінін жасайды. Шындық дүниесінде шыр айналған өнер жампоздарының жағымды образын кейінгі ұрпақ санасына құйып, өскелең үлгінің пирамидасын жасайды. Оның ұлт тарихындағы, ел өміріндегі мұраларын, ертеңгі күнге әкелер тәлімдік, тәрбиелік маңызы қымбат. Қазір уақыт жаңару үстінде. Уақытпен бірге ұғым, түсінік, таным жаңаруда. Соған орай қазақ әдебиетінің әр кезде ғұмыр кешкен қалам қайраткерлері еңбегін қайтадан бір сарапқа салу, олардың әдеби мұрасын жаңаша елеп-екшеп, қайта қарап, жаңалайтын кезеңде тұрмыз.

Естеліктерде уақыт бедері бар авторлар өздерін аса жауапты сезінеді. Естеліктерде трагедиялық бояулары қалың тағдыр соқпағы бар. Авторлар оны ойдан шығарып отырған жоқ, көзімен көрген шындықты баяндап қана отыр. Естеліктерге қарап отырып, қазақ қалам қайраткерлерінің өмір жолы оңай сабақталмағанын, олардың талай-талай «тар жол, тайғақ кешулерден» өткені пайымдалады.

О.Тұржан – оқырман күтпеген көркем әдістердің қаламгері, ол көркем шешімдерді үнемі жаңалайды. Ол деректі материалдың драмалық мазмұнын ашуға әр түрлі әдістер іздейді. Ол – тыныш тұрған нәрселердің динамикалық қозғалысын, үнсіздік сыбырын ашқан қаламгер. Бұл дегеніміз автордың үлкен биік шеберлікке жеткенін білдіреді.

Осы жаңалықтар кенеттен келген формалар емес. Жазушының оқырмандарға өзінің туындыларын толығымен түсінікті болуы туралы көп ойланғандығының жемісі. Үнсіздік сыры – көркемдік ізденіс. Жазушының естеліктері, мемуары, күнделіктері мен хаттары оқырмандарына айрықша танытады. Көркемдік тәсілдердің байлығын көрсетеді.

Оңайгүл Тұржанның Әбіш ағаға байланысты естелігі – ғұламадан үйрену мектебі. Жалпы қазақ әдебиеті мен өнерінің өсуі, өркендеуі өз шығармашылығының қалыптасуын ұлы қаламгер Ә.Кекілбаев шығармашылығымен байланыстырып, өз ізденістерімен ұштастырып бере білген. «Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні» – бүгінгі журналистиканың қозғайтын тақырыбы қандайлық алуан болса, көтеретін жүгі де сондайлық ауыр болатындығында шек жоқ» [3, 150], – деген зерттеуші ғалым Н.Омашевтың пікірінің деректілігі Оңайгүл Тұржан көсемсөзділігіндегі шеберлік мектебін үлгі ретінде алуға болады. О.Тұржанның өзі ойындағысын құрастыру емес, нақты өмірден алып, кейіпкері Әбіш ағаның мінезін сипаттауда жаңа бейне жасаған. Демек табыстың шыңы – өмірде болған шындықты бейнелеуде. О.Тұржан мақаласын әдебиет пен тарих үшін құнды дүние деп және бір жағынан деректі туынды ретінде, екіншіден, қайраткер тұлғасын танытуда публицистикалық та, көркем де шығарма жазғысы келетін талапкерлерге, шәкірттеріне материал есебінде мықтап қызмет ететін мақала деп бағаладым.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Тұржан О. Пілге тән өріс, пілге тән жүріс керек. // Астана ақшамы, 26 қараша 2016 ж.
- 2 Сұлтанов Қ. Әбекең күрделінің күрделісі // Ақиқат. – 2009. – №12. – 37 б.
- 3 Омашев Н. Ақпарат әлемі // Таңдамалы шығармаларының көптомдығы. – Алматы: Қазығұрт, 2006. – 1 т. – 259 б.

**СЕМАНТИКА ОБРАЗА КОЛОДЦЕКОПАТЕЛЯ (ПО РАССКАЗУ
А.КЕКИЛЬБАЕВА «КОЛОДЕЦ»)**

Толысбаева Ж.Ж.

Казахская национальная академия хореографии, г.Нур-Султан

Аннотация. Объектом исследования в настоящей статье является семантика образа колодцекопателя как один из ярких национальных культурных кодов, нашедших отражение в одноименном рассказе Абиша Кекильбаева. От интерпретации словообразов «колодец», «колодцекопатель» автор выходит на понимание уникальности художественного мировоззрения писателя, проявившегося в этом тексте в синтезе достоверной эпики с ассоциативностью поэтического сознания.

Ключевые слова: семантика, колодцекопатель, национальный, культурный код.

«Удивительное дело – песок,
извлеченный из глубины колодца...»
А.Кекильбаев [1, с.429]

Абиш Кекильбаев – писатель, выполнивший уникальную культурную миссию: он вывел художественную формулу мировоззрения, миропонимания, мироотношения казахского народа на высочайшем уровне мастерства. И несмотря на богатую мировую традицию художественной национальной репрезентации опыт А.Кекильбаева – современника непростого в национальном вопросе XX столетия – особенный.

Значимость вклада Абиша Кекильбаева в развитие толерантного, уважительного поликультурного сообщества становится еще более зримым и осязаемым, когда начинаешь вычитывать его переводные тексты. Инерция другой культуры (русской, европейской, азиатской) переносит национальные стереотипы, образность, поэтику в другую плоскость понимания и обнаруживает нечто абсолютно новое и непостижимое с точки зрения «чужого» воспринимающего сознания. Эти трансформации восприятия происходят далеко не со всеми писателями. Представлять культуру своего народа дано только тем, кто в своем творчестве шел не за подражанием заграничным тенденциям, а поиски своей самобытности начинал с познания своего же собственного народа, его языка, его культуры, докапываясь до самых истоков и основ – как колодцекопатель-кудукшы...

Рассказ А.Кекильбаева «Колодцекопатель» написан в 1978 году. По признанию известного казахского писателя Дулата Исабекова, «...это произведение подняло планку художественного мастерства казахстанской прозы до уровня крупнейших мастеров современной прозы – таких, как Кафка, Белль, Сартр, Фриш, КобоАбэ» [1].

Сюжет произведения собран рефлексией кудукшы Есепа (главного героя рассказа), который в свой последний день (действие рассказа занимает один световой день) вспоминает и историю народа, и свою бедную на события жизнь. Взаимодействие символических понятий «жизнь – смерть», «свет – тьма», «безбрежная степь – узкий колодец», ритмичность повторяющихся действий «вверх - вниз» (работа кудукшы), «восток – запад, юг - север» (движение кочевья) подводят к главной философии рассказа – к стремлению понять тот самый пресловутый смысл жизни человека.

Кудукшы – ремесло, которое должно быть практически в любой части земли. Но в зависимости от этногенеза того или иного народа значение труда колодцекопателя, его место в иерархии ремесел меняется. Одно дело – копать колодцы в пространстве, изобилующем на водные источники, совсем другое – в условиях вечного кочевья.

Генезис культуры кочевого народа наложил свой отпечаток на символику колодца. Колодец сулит отдых, утоление жажды, передышку в пути, а значит жизнь. Но за этими

абсолютно позитивными понятиями в рассказе А.Кекильбаева встает очень противоречивый и глубокий образ кудукшы-колодцекопателя.

Невозможно не обратить внимания на пространственную антиномичность художественного мира рассказа. Здесь верх всегда противопоставлен низу, горизонтальное – вертикальному, статичное – подвижному, живое – мертвому. При этом ни низ, ни верх не отличаются бережно-любовным отношением к человеку: «нутро колодца черно и беспросветно» [2, с.431], «небо выжжено добела нещадным солнцем» [2, с.431], даже каменные стены колодца, «ощерившиеся» [2, с.432].

Колодцекопатель – очень амбивалентная метафора творчества А.Кекильбаева, которая вбирает в себя множество знакомых понятий и в то же время перерастает их, принадлежа своей историко-культурной парадигме.

Какие круги смыслов рождает образ кудукшы? Выпишем весь семантический ряд, коррелирующий значениям «колодец» и «колодцекопатель».

Наиболее богат на ассоциации словообраз колодца. К семантическому ряду «колодец» принадлежат следующие слова: преисподняя [2, с.429], нутро, зияющая пустота [2, с.431], безмолвное чрево земли, жуткое ледяное подземелье, каменный мешок [2, с.433], яма [2, с.446], оазис, грудь матери, черная бездна [2, с.460], тлен, белый саван, кладбищенская тишина [2, с.461], алчный зев земли [2, с.471], тесный склеп [2, с.477]. Хочется обратить внимание на то, что понятию «низ» в художественном пространстве рассказа не характерна статика, оно множится, распадается: это не только устрашающая могила (люди верят в то, что из колодца, выкопанного Енсепом, демоны выходят), но это вода как источник жизни, это подземная река как символ другой потаенной жизни; это море, часть мирового океана, в который впадает подземная река, унесшая жизнь Енсепа.

Словообраз «колодцекопатель» более устойчив в оценочной характеристике автора и Енсепа, коррелирует с понятиями «пленник каменного мешка» [2, с.433], «обездоленная бедная судьба» [2, с.434], «горемыка» [2, с.438], «одинокое замкнутое существование» [2, с.446].

Эмоционально данные словообразы сопровождаются достаточно выразительными состояниями Есепы: страха, тоски, смятения, терзаний, сомнений, ожиданий, приближения старости, возрастания суеверности, мнительности, подозрительности, отсутствия радости, ожидания беды.

Из всего многообразия приведенных значений образа кудукшы-колодцекопателя образам и традициям мировой литературы соответствуют узнаваемые образы и мотивы экзистенциального одиночества, творчества, творца, памятника, прочитывается даже сюжет взаимоотношений Моцарта и Сальери. Но при этом по другую сторону осознания остается посредническая суть колодцекопателя, его миссионерская избранность на постоянный контакт с «чревом» земли, с потусторонним, замогильным миром. В то же время в обреченности Есепы на нахождение под землей читается и другая, неудобная аллегория: «...кудукшы – нет, не горазд на слово. Да и зачем ему, кто оценит его слово под семью пластами земли?» [2, с.431]. Не о немощствующем ли рабском терпении писал А.Кекильбаев в те недавние 1970-е годы?

Кудукшы – медиатор между двумя мирами: миром верхним (человечьим) и нижним (подземным, смертным). Поочередно посещая то один, то другой, Есеп везде чувствует себя неуютно. Но не только эти миры посещает кудукшы. Он также не принадлежит ни пространству кочевого народа, ни оседлого. Достаточно вспомнить тоску Есепы по оживленной жизни аула, кочевью, празднествам. Рабочая темная юрта, в которой живут кудукшы, пока копают колодец, бедность и неуют, олицетворяет брэнность и тщету всей жизни человека: «Вот она стоит, прокопченная жалкая юртишка степного ремесленника. Сколько бы ни заработал он голов скота, или денег, не обновится ее прелая кошма, почерневшая от времени, дождей и жары...» [2, с.430]. За этими словами встает не столько недовольство Енсепа собственным положением, сколько читается авторское обличение безнадежной смиренности простого степного человека.

Наверное, поэтому кудукшы так чуток ко всем проявлениям человеческих страстей. Он как весы, как проводник основных сущностных проявлений человека, его сути. Он избран испытать одиночество, лишения, страх и холод, изнурительный труд, чтобы дать народу возможность безбедной жизни. Кто-то должен пропустить это через себя, чтобы избыть суетную, нервически тщетную природу человеческих страстей... не есть ли это предназначение художника? Удержать равновесие трудно, поэтому кудукшы обречен быть одиночкой. Даже живя среди людей, в семье, с детьми, колодецкопателъ одинок, ибо он всегда не здесь и не там – а в процессе погружения в Нечто.

Логика мысли, логика жизни колодецкопателъ обнажает саму суть человеческой жизни. Свой тяжелый изнурительный труд, нищенские условия жизни он оправдывает поставленной целью, полуматериальной («...бай Байсал закатыт той на всю округу, не пожалеет богатства...» [1, с.430]), полудуховной («Колодец этот будет самым глубоким и самым обильным в Устюрте...» [1, с.430]). В самые тяжелые времена колодецкопателъ клянет свою жизнь и обещает изменить ее так, чтобы уже никогда по доброй воле не опускаться в жерло колодца, в эту «преисподнюю» [1, с.429] – смысл этой метафоры прозрачен и не требует отдельного объяснения. Но, оставшись на земле, среди людей не востребуемым, в положении «равный среди равных», кудукшы вновь стремится взять заказ на тяжелую работу, не из жадности, не из желания заработать, а «...предвкушая долгожданный миг своего величия и торжества» [1, с.477], из стремления удовлетворить свои человеческие амбиции... Нетрудно заметить, что образ колодца превращается в перевертыш образа памятника.

...Воздвиг я памятник вечнее меди прочной
И зданий царственных превыше пирамид,
Его ни едкий дождь, ни Аквилон полночный,
Ни ряд бесчисленных годов не истребит... [3]

Это цитата из стихотворения Горация «Воздвиг я памятник...», заложившего основу долгой традиции создания “памятников” в поэзии. Если со времен древних греков в историко-культурном пространстве оседлых народов Памятник высился вверх и нанизывал на себя разные проявления человеческой природы, в том числе человеческих амбиций, то в художественном мире рассказа А.Кекильбаева аналогом ему становится колодец. Только нерукотворности поэтического памятника противопоставлена пустота, устремленная вниз, в темноту, в не-жизнь. Вещной, осязаемой стреле памятника, возносящегося в облака, вызывающего восхищение и восторг публики, найден, на первый взгляд, антиномичный образ колодца, создаваемого таким же тружеником-отшельником, как Поэт, не принадлежащим ни себе, ни миру. Колодец – та же инсталляция, но не вещная, а пустая. Это памятник, не мозолящий глаз потомков своим величием. Да, он символизирует амбициозность его создателя. А также является символом временного отрешения и забвения, постмодернистской пустоты, оборачивающейся обретением новой жизни.

Таких откровений не позволит традиционный Памятник. Из однажды сотворенного каменного изваяния не добыть нового, если только не разрушить его. Колодец же – тайна тайн. Он может оскудеть, пересохнуть, а может и подарить «...чистую воду...», может соединить с Мировым Океаном.

Развитие темы рассказа в сопровождении мотивов «переменного успеха жизни» [2, с.435], «преходящего и скоротечного» [2, с.435] доводит до откровения понимание тщетности человеческих амбиций: высота памятника равна глубине колодца, глубина колодца прямо пропорциональна быстротечности жизни кудукшы-колодецкопателъ. Чем глубже колодец, тем больше вероятность ухода-гибели его творца (так и случилось с Есепом). Эта аллегория абсолютно не работает в семантическом поле традиционного литературного Памятника.

Не могу не отметить того, что непревзойденный лирик и мастер поэтической формы, Абиш Кекильбаев проявил себя в рассказе через искусство поэтической недосказанности. Так, на глубинном уровне подтекста работают усеченные до метафор, до мифопоэтических

осколков, до образов-символов история отношений рода караш и Кулжана (отца Енсепа); Кулжана и его сына Енсепа (кузнец и кудукшы, строптивый и бунтарь); сюжеты ранней смерти отца Енсепа, не востребовавшего песенного таланта Енсепа, невыстроенных отношений с отцом и матерью (не матери посвящены его теплые воспоминания о детстве, а тете и дяде), утраченных отношений с братьями и сестрами, отсутствие любовной линии в жизни Енсепа, одиночества и неприкаянности в собственной семье.

Исключительно поэтический прием использует А.Кекильбаев, когда как бы случайно сравнивает аркан, поднимающийся из колодца вверх, со змеей. И тот же образ использует автор при описании сцены самоубийства отца Енсепа: «...Пропитанная терпким конским потом, маслянистая, скользкая, словно змея, камча медленно поползла в глотку...» [2, с.437]. В обоих случаях задействован образ змеи и некоего узкого пространства (колодец - глотка), дарующего или отнимающего жизнь. К каким смыслам, обобщениям направляют эти приемы, - решит только вдумчивый читатель...

Хотелось бы завершить свой доклад словами Адольфа Арцишевского, сверстника и соратника А.Кекильбаева: «Он, Абиш Кекильбаев, верный сын Мангистау, неким сверхчутьем и провидением осознал... свое главное предназначение, свою высокую миссию: не допустить погибель речестроя предков, не дать иссохнуть родникам святого слова и вопреки всему вернуть их к жизни, сделать достоянием новых времен» [1].

ЛИТЕРАТУРА

1. Абиш Кекильбаев: жизнь и легенда. // CentralAsiaMonitor. – 2016. – 13 января. <http://camonitor.com/20507-abish-kekilbaev-zhizn-i-legenda.html>.
2. Кекильбаев А. Колодцекопатель. // А.Кекильбаев. Конец легенды. Роман и повести. Перевод с казахского. – Астана: Аударма, 2009. – С.429-479.
3. Гораций. Воздвиг я памятник... // <https://ru.wikisource.org/wiki/>.

ӘОЖ 821.512.122 (045)

ӘБІШ КЕКІЛБАЙҰЛЫ ПРОЗАСЫНДАҒЫ ӘЙЕЛ ПСИХОЛОГИЯСЫ

Тінікүл З.Н.

әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
«Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығының 1-курс магистранты

Аңдатпа. Бұл мақалада Әбіш Кекілбайұлының прозасындағы қыз-ана, әйел-ана бейнесі сөз етіледі. Әдебиеттегі әйел психологиясы – жан жүрегіңді бірден елітіп алып кетер өте нәзік тақырып. Ал Әбіш Кекілбайұлы ішкі монологтық ерекшеліктерге бару арқылы өз кейіпкерлерінің ішкі жан дүниесінің арпалыстарын шебер суреттейді. Жазушының шығармаларындағы әйел кейіпкерлер – қарпайым қазақ әйелі, тарихи тұлғалар. Мақалада жазушының «Ажар» атты триптих әңгімелер топтамасындағы Ажар, «Галстук сатушы қыз туралы хикая» әңгімесіндегі Ажар, «Ең бақытты күн» әңгімесіндегі Торғын, «Құс қанаты» повесіндегі Ана бейнесі талданады.

Түйінді сөздер: кейіпкер, повесть, әңгіме, психологизм, әйел психологиясы.

Автор өз кейіпкерлерінің бейнесі мен ішкі әлемін ашуда түрлі көркемдік тәсілдерге баратыны белгілі. Әр қаламгердің өзіндік қолтаңбасы бар. Ол кейіпкерлердің мінез-құлқын, іс-әрекеттерін шебер баяндап, көркем жеткізуде көрініс табатыны мәлім. Ал кейіпкер психологиясы ішкі ойлардың арпалысы, кейіпкердің іс-әрекеті мен ойының бір арнада тоғыспауы, сана қақтығысының орын алуы арқылы жүзеге асады. "Қаһарманның рухани әлемін, жан сырын жеткізу амал-тәсілдерінің жиынтығы немесе идеялық-эстетикалық шығармашылық феномен - психологизм" - дейді Б. Майтанов. Көркем әдебиеттегі

психологизм – әдеби мәні терең, өте күрделі шығармашылық процесс. Ал әдебиеттегі әйел психологиясын өте шебер суреттеп, кейіпкерінің жан-жүйесін оқырмандарына еш бүкпесіз баяндайтын бірден-бір жазушы бар. Ол – Әбіш Кекілбайұлы.

Әбіш Кекілбайұлы шығармаларындағы қыз-әйел, әйел-ана бейнесі көркемдік тұрғысынан жан дүниесі өте терең әрі шебер суреттелген кейіпкерлер тізімін құрайды. Жазушының үш әйелдің, үш Ажардың тағдырын топтастырған әңгімелер топтамасы бар. Триптихтың басына шағын кіріспе сөз есепті арнау-сөз жазады: «Бұның бәрін ойда жоқта жолығып, ойда жоқта ой салған энеу бір күнгі мұңсыз-қамсыз әсем күлкі, саған арнадым».

Осылайша триптих «тіршілік ажары – әйелге», «адамның адамға істейтін қиянатының қай-қайсысына да тәнімен, жанымен, бүкіл болмысымен күйзелетін тек әйелге» ғана арналады. Үш Ажардың бейнесі үш түрлі жағдайда оқырманымен қауышады. «Оның да жүрегін кешегі жаманат хабар тілгілеп кеткен. Сол жүрек сызатының жарықшағы байсалды көздерге берік ұялапты. Бұрынғы жайраң мінез, бұрынғы ерке қылық жоқ. Күні кеше қызығып қарайтын нәрселеріне қазір самарқау көз салады, кеше сәл нәрсеге таң қалатын болса, қазір сәл нәрседен бір сыр аңғарады. Оның ең алдымен аңғарғаны – жесірдің соңынан ерер сөз көп. Бірден бекем болмасаң, кейін аш тазыдай соңыңнан қалмай қойған қаңқудан құтыла алмайсың. Жесірге жұрт күдіктенгіш те...». [1, 18]

Соғыс әйелді жесір етті, махаббаты мен тірегінен айырды. Қазақ әйелінің бейнесі қай кезде де артынан қаңқу сөз ертпейтін, көлденең әңгімеге үйір болмауды дұрыс дейтін биік әрі салиқалы образда қалыптасты. Триптихтың екінші «Кек» атты әңгімесінде де Ажар «ана» бейнесінде көрінеді: «Тым тәтті сезім... Алпыс екі тамырды алғаш иіткен перзент. Бірақ, аналық мейірім, аналық қамқорлықпен қоса дәл қазір Ажардың бойында көл-көсір қуанышқа тым үрейлі сақтық араласқан тағы бір дүдәмал сезім бар. Оның қалай аталатынын Ажар ол бойда біле қойған жоқ-ты».

Әйелдің жаны қай кезде де нәзік. Бардан жоқ, жоқтан бар жасайтын, күліп тұрып – жылап, жылап тұрып – күле салатын әйел үшін Әбіш бейнелемекші: «... Бетіне құмырысқа жорғаласа да із түсетін ұп-ұлпа май топырақ болады-ау. Әйелдің жаны да тап сондай. Оған айтылған наз, салған қолқаның ешбірі із-түзсіз қалмайды».

Әбіштің «Галстук сатушы қыз туралы хикая» атты әңгімесінің басты кейіпкерінің аты да – Ажар. Әңгімені оқып отырып, дүкенде таңнан кешке шейін галстук сататын қыздың нәзік сезімінің жауапсыз қалғанына іштей налисың. Ажардың жанына үңіліп отырып, бұл өмірде кез келген әйел сүйе алуға, сүйікті болуға құқылы деген ойға келесің және Ажарға өз бақытын табуда іштей тілеулес болғың келеді. «Баяғы жаңбырлы кештен кейін айнаның алдында ұзақ жылады. Оның мынау жау шауып кеткендей, қорасан талаған оқыр-шоқыр бетіне, жар қабақтың астындағы жаңбырдан түскен қақтың суындай көк те емес, қоңыр да емес, лай күлгін көзіне, мынадай берекесіз беттен безіне шығынған қоңқақ мұрнына, қашсаң да құр жібермеймін деп шаужайынан алып, дәл тұмсығының үстіне қонжия қонған шоқпардай қара сүйеліне кім өліп-өшсін. Ешкім оған ұзақ телміріп, бар пішін, бар нұсқасын жаттап алмайды. Қайыптан тайып қарай қалса, табан астында-ақ тайсақтап, енді беттемейді. Сол бойда-ақ есінен шығарып, елеусіз қалдырады. Табиғат мұны ақылы кем шәлдуар селтеңбайлар түгілі қайырымды жандардың өзі мүсіркегеннен басқа еш ылтипат қыла алмайтындай қып несіне жаратты екен...»[1, 39].

«Ең бақытты күн» әңгімесінде жазушының қазақ ауылындағы «келін» бейнесінің ар мен әдепті сақтап, тәрбиенің төрінен көрінетін бекзат бейнесін байқай аламыз. Ата мен ененің көзқарасынан, ауыл адамдарының қас-қабағынан именуі, іші өрекіп, алып ұшып, қобалжып тұрса да, өз сезімін жұрт алдында «басқара алуынан» қазақ келінінің ұяңдығы пен ибалығы бірден көз алдымызға келеді. Иығынан метейін тастамайтын келін Торғынның Дәулет келгендегі «ішкі дауылы» шығармада шебер баяндалған: «Бұл барғанда атасы үйде болмағай да. Онда Дәулет Торғынның ең болмаса хал-жағдайын сұрар еді. Бұл жылап жүрмес пе екен. Ана жылы майданға шығарып салғанда, атасынан қаймығып жылай да алмаған. Тамағына тығылған ащы жас көкірегінен кеулеп, үш-төрт күнге дейін аузын ашса, өксіп-өксіп қалып жүрді». Соншалықты шыдам мен сабырдың іштегі тұншығысын көріп

басынды шайқайсың. Шығарманың соңы да жақсы аяқталады: «Торғын көрпесін қымтана түсті. Дір-дір еткен жасқаншақ қол иығын сипады. Торғынның алқымына жас тығылды. Орнынан аударылып түсті. Сол бір солдат махоркасы мен ащы тер иісі аңқыған ыстық көкірекке сіңіп барады».

Психологизмнің ең алдыңғы қатарда тұратын тәсілі – ішкі монолог. Әбіш ішкі монологты көп пайдаланатын, диалогқа сараң, психологизмге бай жазушы. Автор «Құс қанаты» повесінде өз анасы Айсәуленің бейнесін шебер бейнелеген. Бала кезінен аштық – тоқтық, жесірліктің тауқыметін тартқан қайсар ана жалғыз ұлын аман – есен адам қатарына қосуды өз аналық мұраты деп біледі. «Әбіштің анасы», «Айсәуле әже», «Ай – ана», «Ай – енем», «Ел анасы», «Кекілбайдың Айсәулесі» болып дәріптелген Айсәуле ана – қарапайым ғана көргені мен түйгені мол қазақ әйелі. Повесте ананың келіні туралы пікірі былайша баяндалады: «Келіннің міні жоқ, бірақ етсіз, жіңішке сүйек. Мұндайлардан туған бала шілмиген, шынжау келер. Қасының арасы жақын, иегі сүйірлеу, сәл нәрсеге күйіп – пісетін шытырлақтау болар. Ашуы да тез келіп, тез кетер. Шіркін, арғымақ аттай таралып тұрар ма еді!» [2, 185].

Бұдан да бөлек автордың ірі жанрдағы кейіпкерлерін сөз ету бөлек әңгіме әрі ауқымды тақырып. «Аңыздың ақырындағы» Кіші ханым, «Үркер» мен «Елең-алаңдағы» Бопай, Патшайым, Торғын бейнелері, «Ханша-Дария хикаясындағы» Гүрбелжін, «Шеткері үйдегі» Зуһра, «Бір шөкім бұлттағы» Аққаймақ пен Шәйзада – бұның бәрі де қазақ прозасындағы әйел психологиясын қалыптастырған кесек кейіпкерлер. Олардың қуанышы мен өкініші, сағынышы мен ішкі мұңы, шарасыздығы мен арпалысы, биіктігі мен қайсарлығы қарапайым әрі нанымды түрде өз оқырманының жүрегінен берік орын алады.

«Елең-алаңдағы» Бопайдың ішкі арпалысы мен сезімін жазушы қалай жеткізген?» деген сұраққа шығармадан төмендегідей жауап аламыз: «Қыз жүрегі қайтадан лүпілдей бастады. Кешегі бір түсініксіз үміттің орнына қайтадан бір түсініксіз күдік килікті. Әлденеден қысылатын, қымсынатын сияқты. Әлде мынау қарсы алдында көлденеңнен сұлап жатқан бөгде еркектен қаймыға ма екен. Оны өзі де білмейді. Әлде анау алғашқы күнгі арсыз қиялынан қысыла ма? Ертең науқасынан айығып тұрғасын, емшісінің бұл екенін біліп жүрсе, не дейді? Оның мынау, асты-үстіне түскен айырықша қамқорлығын неге жориды? Өтпей отырған бейбақтың өлермендігі демес пе екен...» [3, 170]. Тереңіне сүңгіте жөнелетін қыз жанының шарасыздығы бірден көзге ұрады. Бетіңнен салып қалатындай Әбіштің теңеулері де өткір әрі шынайы. «Бейшара киесі ұстағанда жер-көкке сиып отыра алмайды. Жазғанның бағына жақсы біреу жолығып, пұшпағы қанаса, мұндай шамырықпа өз-өзінен қалады. Қасиет пен қатындық бір қанаға симайды ғой», - деп пыш-пыштайтын сақа әйелдердің сөзінен-ақ адайдың балгер қызының сырқат пен мертікке ғана қол ұшын соза алар ерекше қабілетінің соңы – бір басын екеу қылу арқылы ғана аяқталумен тиіс сияқты боп қалатындай әсер қалдырады.

Бопай бейнесі – тарихи бейне. Әбілқайырдың адал серігі, аяулы жары, төрт ұл мен бір қызды алдына алып, тәрбиелеп отырған сұлтаннның бәйбішесі. Жазушы Әбілқайырдың кей кездердегі қызба, белден басып та жіберетін содырлау, ашуланса алды-артын ойламай қалатын ұрыншақтау мінездеріне карама-қарсы, Бопайды күйеуін сабырға шақыратын ақылман, сабыр иесі ретінде де көрсетеді: «Бопай да ақ-қарасы аймаласа жайнаған әдемі көзін ибамен жүгіртіп, алаулап қан тебінген жұмыр мойнын кербездене қиғаш бұрып: «Ауыздары қыза түссін. Тыңдап алайық, хан ием», - деген емеурін танытады».

«Аңыздың ақыры» романы – тұтасымен психологияға құрылған шығарма. Әмірші, Жаппар, Кіші ханым – осы үш-ақ кейіпкердің ойы мен іс-әрекеті бізге дейін жеткен аңыз арқылы үлкен бір романның тууына себеп болды. Кіші ханымның тартысты ойлары шығармада өте әсерлі жеткізілген: «Ол қарсы алдында отырған монтаны қыздың балбұл жанған екі бетіне, шоқтай жайнаған қос жанарына, әлденеден қысылып-қымтырылған етті еріндеріне, тал шыбықтай бұратылған сұлу сымбатына қызығып тұрғандай, көзін алмай қадала қарады. Оның бетінде нөкер қыздардың жай күндергі қақақу-күлкі шаттығына атымен ұқсамайтын өзгеше бір қуаныш табы тұр. Ханым басымен бұл әлі күнге бастан кешіп

көрмеген ерекше қуаныш. Өзіңе өліп-өшіп ғашық болған жанның ағынан жарылып ағыл-тегіл пейіліне армансыз кенелген қай әйелдің басында да өмірінде болса бір-ақ рет болатын, болмаса атымен болмай өтетін аса сирек қуаныш. Ондай бақыт маңдайына жазылғандар да бар, жазылмағандар да бар. Бұл өзі соның қайсысына жатады? Бұндай бақыт енді оған екі айналып келе ме, жоқ па... Жалпы ондай бақыттың екі айналып келуі мүмкін бе өзі...» [4, 253]. Өзгелер көзіне соншалықты салтанатты, армансыз секілденіп көрінетін ханша өмірінің шын мәнінде өте аянышты екенін ұғасың. Әмірші тарапынан ыстық ықыласты, өзіне деген ерек көңілді сезбеген ол өзін қуыршақ секілді, түкке де қажеті жоқ жандай сезінді. Тас қорғанның төрт қабырғасында қамалып отырғаннан артық не қасірет бар Кіші ханша үшін? Кіші ханымның жас шеберге өңінде болмаса да, түсінде көңіл бұрғанын сезген Алмас ханды қызғаныш сезімінен гөрі атағына келетін дақ көбірек толғантады. Кіші ханым да Жаппарға деген лап еткен сезімін санаға, борыш, дәстүрге жеңдіреді. Бұл шығармадағы дардай атағының соңын ойлаған Әмірші де, өз сезімін жасыра алмай, мұнараға ап-анық жеткізген шебер де, үлкен азапты арқалап қалған, тірлігінің баянсыз екенін ұққан ханша да – бір мүскін.

Жазушының «Шеткері үй» хикаятының бас кейіпкері – Зухра. Таза қала тақырыбын қаузаған бұл шығармада да әйел бейнесінің алуан қыры көз алдыңнан өтеді. Өз-өзін таппаған, төмен етектілігін пайдаланған бұл әйелдің шын бет-бейнесін ұғып болмайсың. Байдан өлідей, баладан тірідей айырылған қаз мойынды, қайың балтырлы, аршын төс омыраулы, басы бос сұлудың ендігі бар кәсібі еркек атаулыны сұрыптау, салыстыру, баға беру: «Құдай тағала, еркек деген немелердің сорттары қандай көп еді: ала қызба ала бүлік, ә дегеннен әупірімдей жөнелетін әңгүдік; қимылының бәрі сағыздай созылып, бірақ бір жабысса, қашып құтыла алмайтын жылмысқы; тап беруінен жалт беруі тез жылпос; емеурінің-ақ өліп-өшетін елпекбай; сыздаймын деп отырып қаралай іш пыстыратын кергіме; жааутаңымен-ақ жалыныңды сөндіретін ынжық...». Анасы айтпақшы, көркіне емес, еркектердің бөркіне қызығатын әйел үшін қалтаның қалыңынан артық ештеңе жоқтай. Соғыс өрті жалмаған күйеуі Жәнібектен айырылғаннан кейін шаңырақтың отанасы болуға да ұмтылады. Бірақ төсек ләззатынан басқа қызыққа құмар емес келіншек үшін жұптасқан жұбайлық өмір аса ұнай қойған жоқ. Салт басты, сабау қамшылы өмір кешуді сүйген әйел бейнесі шығарма соңында оның кенеттен келген өлімімен аяқталады. Батыс жазушыларының баданадай етіп баса көрсетер тақырыбын жазушы да шебер жеткізген.

Қазақ әдебиетіндегі психологизм Жүсіпбектің «Ақбілегінен» басталды деп жүрміз. «Ақбілек» – қазақ әдебиетіндегі әйел психологиясын ашып берген кесек туынды. Ақбілектің қорқыныштары мен ішкі толқыныстары шығармада өте әсерлі жеткізіледі. Осы үрдісті одан әрі дамытып, шығармаларында кеңінен әсерлі етіп берген Әбіш Кекілбайұлы болды.

Әбіш Кекілбайұлы шығармалары – Маңғыстаудың қуаң даласындай жазық, ақ шаңқан тауларындай биік, маңғаз даланың шыңырауларындай терең әрі тұңғыық қалпымен өз иіріміне бірден тарта жөнеледі. Кез келген жазушыны алып қараңыз, Әбішпен салыстырыңыз. Әбіштің тілі кез келген адам оқитындай жеңіл емес, қайта тісің батпайтындай ауыр. Серік Қирабаев айтпақшы, «Әбіш шығармалары аз күннің дүниесі емес, асықпай, баппен оқылады». Тереңіне бір кірдіңіз екен, Еңсеп жаныға қазатын шыңыраудай, аспанға қарағанда мойының талатын Жаппар тұрғызған мұнарадай терең әрі асқақ. Сондықтан да, Әбіш шығармаларының әлемдік көркем кеңістіктегі орны ерекше, адамзаттың рухани дамуына молынан үлес қосып келе жатыр деп бек сеніммен айта аламыз.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Таңдамалы. / Ә. Кекілбаев. [ред. Д. Амангельдиева, Н. Жүнісбаев] . – Алматы : Жазушы, 1989. – 407б.
2. Кекілбайұлы Ә. Шығармаларының жиырма томдық толық жинағы. Хикаялар. 5-том. – Алматы: «Жазушы», 2010. – 320 бет.

3. Кекілбайұлы Ә. Шығармаларының жиырма томдық толық жинағы. Елең-алаң. Роман. 3-том. – Алматы: «Жазушы», 2010. – 320 бет.

4. Кекілбайұлы Ә. Шығармаларының жиырма томдық толық жинағы. Елең-алаң. Роман (жалғасы), Аңыздың ақыры. Роман. 4-том. – Алматы: «Жазушы», 2010. – 320 бет.

ӘОЖ 81.512.122(045)

ӘБІШ КЕКІЛБАЕВ ӘҢГІМЕЛЕРІ – ТӘРБИЕ КӨЗІ

Ізбен Е. Ш.

Түпқараған ауданының білім жүйесін дамыту орталығының әдіскері,
Форт-Шевченко қ., Маңғыстау облысы

Аңдатпа. Мақалада қазақ әдебиетінің көрнекті өкілі, жазушы, Әбіш Кекілбайұлының шығармаларының тәрбиелік мән-маңызы сипатталады. Автордың ел мен халық тағдырының ғажайып тамыршысы болып келе жатқаны мысалдармен дәлелденеді.

Түйінді сөздер: қаламгер, философиялық ой-толғамдар, даралық қолтаңба, шығармадағы тәрбиелік мән.

Сайын дала төсінде дүркіреп, келелі ойдың иесі, көркемсөз шебері, өлкемнің ардақты ұлы – Әбіш Кекілбайұлының 80 жылдығын атап өтудеміз. Бұл мерейтой – күллі қазақ елінің мәдениеті мен өнерінің, әлем әдебиетінің. Ұлт руханиятының ұланғайыр мерекесі. Әбіш ағаны құрметтеу, мерейтоын тойлау – барша Маңғыстаулықтардың өздерін шығармалары арқылы әлемге танытқан талантты ұлдарының алдындағы орындаған парызы. Әбіш ағаның өзі толғаған ой-толғамдарының бірі – «Бағалай білмегенге бақ тұрмайды, қуана білмегенге құт қонбайды». Сондықтан жақсысын ұлықтағанға, дара таланттың елі үшін жасаған игі істерін бағалағанға не жетсін! Әбіш ағаның шығармаларымен қазақ тілі мен әдебиетінің мұғалімі болған соң біршама таныспын, бірақ өзгелер сияқты баға бере алмаймын. Десем де аға туралы газет – журналдарда берілген лебіздер мен бағаларды, пікірлерді, мақалаларды құныға оқимын.

«Сырт көз -сыншы» дегені рас, Әбіш ағаның шығармаларына сын көзбен қараған ұлт сыншыларының оның бойындағы небір асыл қасиеттерді қалай дөр басып танығанына тандана оқыдым. Бірде қолыма өлкеге белгілі көрнекті сәулетші, әрі ақын, «Абай әлеміне саяхат» клубының жобасын жасаған Тоқтамыс Сайын Назарбекұлының осыдан 20 жыл бұрын Әбіш ағаның 60 жылдық мерейтойы қарсаңында шығарған «Менің Әбішім» атты естелік кітапшасы түсті. Оқи отырып, балалық шақтан бірге өскен, бір-бірінен 1 жас 27 күн жас алшақтығы бар екі талант иесінің бір-біріне деген ағалық-інілік, кісілік сезімін, құрметін, сыйластығын аңғардым. Естелікті оқи отырып, Әбіш ағаның мектептегі «Сапалы оқу» атты қабырға газетіне жазған сын өлеңінен-ақ, оның сол арқылы талай оқушыға әсер етіп, талай тұтастарының жүрегінде тәрбиешісіндей орын алғанын еріксіз мойындайсың. /2.13-бет/

Ал Әбіш ағаның жазушылық қызметінің бағасын сөз зергері, атақты жазушы Зейнолла Қабдолов Мұхтар Әуезовтың 100 жылдық мерейтойы кезіндегі Кекілбаев жасаған баяндамаға берген екен: «Мұхтар Әуезов қазақ әдебиеті деген арғымақтың алтын жалы болса, Әбіш Кекілбаев – сол арғымақтың күміс кекілі». Осы кезде Сайын аға былайша еске түсіреді: «Япырым-ай, мына сөзді отырғандар түгел естіді ме екен? Естісе, түсінді ме екен? Түсінсе, тереңіне бойлай алар ма екен?»- деген қауішпен, облыс, Республика, шет ел адамдары қатынасқан ұлы жиын алдында жаңағыдай баға алған досым үшін марқайып қалған едім». /2.41-бет/

Бұдан асқан баға бар ма?

Кезінде ғұлама ғалым Мұхтар Әуезовтың дәрістерінен нәр алған Әбіш Кекілбаев – ғасырлар тереңінен келе жатырған сол ғұламалардың заңды жалғасы сияқты. Сол ғұламаның өз топырағымыздан шыққаны қандай қуаныш!

Ал ағаның шығармаларының қай-қайсысын алып оқысақ та нәрлі де сұлу сөздері сиқырлап алғандай тереңіне сүңги бересің. Маң даламды бауырлап жатқан бағзы ескерткіштеріміңнің қойны-қонышынан сыр ақтарғанда сырлы сөздерінен көз алдында әдемі сурет кино лентасындай жылжып жүре береді.

Осындай кездерде Ұлы Гетенің «...Ең бастысы, әлдебір нәрсені өте-мөте жақсы, терең білу және оны айналандағылардың бір де бірі тап өзіндей етіп орындай алмайтындай дәрежеде атқара білу шарт» деген тұжырымы еріксіз еске түсіреді. / 3.153-154- бет/

Кемел ойдың иесі – Әбіш ағаның шығармаларын терең түсінуге талпынғандарғы сол кездегі облыс әкімі, қазіргі мемлекеттік хатшы Қырымбек Көшербаевтың алғысөзімен жарияланған жазушы Әбілхайыр Спанның «Заңғар» деп аталатын роман-эссесін оқыңыз дер едім. / 1. 3-бет/

Жазушының қай шығармасын оқысаңыз да әрқашанда автордың ел мен халық тағдырының ғажайып тамыршысы болып келе жатқанына көзіңіз анық жетеді. Жазушы шығармаларының көбіне оқиға орны ретінде өзі туған жері – Оңды өңірін негіз еткен. Себебі, жазушы, ең алдымен өзінің туған жерінің, елінің, халқының абыройы мен аруандылығын жаршысы, күрескері. Осы орайда Әбіш ағаның жеделдес ағасы Лебен Чәдуақасұлына: «Алматыда қанша тұрсам да, тегі жерсінбегенімнен болу керек, бұған келгенде қаламым кібіртіктей береді. Ал енді Оңдыға ойбиссам болды бар-ау, әрбір шиінің өзі сүмбідей сұлу сөз болып құйылады» деген сыр ұшығы еске түседі. /1.144-бет/

Туған жерге деген шексіз махаббат пен перзенттік құрмет пен парызды бұдан басқа қалай білдіруге болады?

Қазіргі кезеңде келер ұрпақтың тәрбиесі мәселесіне жаңаша ойлаумен қарауды уақыттың өзі талап етеді. Ұрпағын ойламайтын халық жоқ. Онсыз өсіп-өну, ілгерілеу болмайды. Сондықтан ұлттық құндылықтарымызды заманға сай өрнектеп, жаңғырту арқылы жас ұрпақ санасына құя беру керек. Осы орайда Әбіш шығармаларының берер ұлттық, халықтық тәрбиесі ерекше дер едім.

Әбіш аға шығармаларының барлығы- патриоттықтың, шыншылдықтың, батылдықтың, шыдамдылықтың, қазақы салт-сананың, ең бастысы – адамгершіліктің үлкен үлгісі. Себебі әрбір шығармасы – бір-бір тәрбиелік шараға сұранып тұрғандай. Ал кейбір сөздерінен үлкен шешендікті, тапқырлықты, дәлдікті, ұтырлы жауапты танысың. С. Назарбекұлының естелік кітабында депутаттыққа үміткерлікке Баянауыл маңынан түскен Ә. Кекілбаев сол елдің бір ақсақалының «Шырағым, өз еліңнен, жеріңнен неге дауысқа түспедің?» деген сұрағына: «Тұлпарыңды танығың келсе, арғымақ қосқан жерге бар. Құлын кезінде көрмедім деп қайтара қоймас бағыңды, жігіттіңді сынағың келсе, азамат өсірген елге бар, әкесімен табақтас болмадым деп сындыра қоймас сағыңды» деген, мен өз бағымды сынауға арғымақ қосып, азамат өсірген елге келіп тұрмын» деп жауап берді», - деп келтіреді. / 2.74-бет/

Әбіштің ең алғашқы тырнақалды туындысы, газетте жарияланған «екпінді егін екпей ме?» мақаласынан-ақ қаршадай бала бойындағы батылдықтың пен қайсарлық көрінеді. Әрі оқушы жазған, әрі кесек те сүбелі тақырыпты сөз еткен мұндай мақаланың баспасөз бетінде жариялануы Маңғыстау тарихында тұңғыш жай еді. Ал «Автомобиль» повесі елге тұңғыш келген автомобильдің жүргізушісі Жақан бейнесімен тартымды. Автор бұл шығармасын өзінің ауылдасы, екі жас үлкендігі бар, ауылда алғаш машина руліне отырған жиен ағасы Қобылан Зорановқа арнайды. Шығарма бала санасына таныс, бәрі де қызығатын мамандық-жүргізушілік мамандығының тұңғыш ауыл санасына енуі туралы, бұл мамандықты жазушы Жақан кейікері арқылы «сөйлетеді». Осы шығармадағы ауыл адамдары арасындағы бір-біріне деген бауырмалдық пен адамгершілік мәселесі мақаланы оқыған жанның қай-қайсысын да бей-жай қалдырмасы анық. Бүгінгідей ақшаға жақындау кейбір замандастарымыздың қолы жеткен сәл жетістікке желігіп, туғанын ұмытып кетіп

жатқандайын заманында, түсіне білсе, Жақанға қамқор болатын көксұр Елеместің бейнесі бірнеше адамды ойға қалдырар еді.

Ал Әбіш аға шығармаларындағы аналар бейнесі бір төбе. «Құсқанаты» хикаясындағы жалғызының тілеуі үстінде қартаятын «салп етек, шұбалаң жаулық қара кемпір», «Бір шок жидедегі» ошағына төсін сауып, қырқынан шықпаған баласын жесір қалған қайын-сіңлісі Зейнептің бауырына салып беретін жеңгесі – Жаңылдар арқылы тек қазақ әйелдеріне тән бейне айқын көрінеді. «Арғы-бергі әдебиетте қазақ әйелдерінің қасиеті қаншама айтылып, дәріптелсе де, тап Әбіш ағаның шығармасындай биікке көтерілгені сирек болар. Бар халықтың да әйелдері жақсы, бауырмал. Дегенмен, кесек қимыл, асқан бауырмалдық тек қазақ әйелдеріне ғана тән» - деп жерлес жазушымыз Әбілхайыр Спан Әбіш сомдаған әйелдер бейнесіне айрықша баға береді. / 1.265-бет/

Әбіш ағаның студент кезінде жазған тырнақалды туындысы – «Аш бөрі» әңгімесі. Бұл туындыда жазушы жас а болса жағрапиялық дәлдікті қатаң сақтап, атақты сазгер, күйшінің өмірінен мол мәлімет беріп қана қоймай, оның «Алатау», «Сарыарқа» сияқты күйлерінің дәл аталған өңірде дүниеге келгенін қапысыз дәлелдесе, «Шыңырау» повесі – дарқан даладағы жаны жомарт, жақсылыққа жаны құмар жандардың есепсіз еңбегінің көрінісі. Повесте жазушы сирек кездесетін ауыр кәсіптің адамдары – құдықшылар әулетінің тағдырын алға тартады. Ал осы әңгіменің атының өзі бір зерттеу-мақаланың объектісі десе болғандай. Бұл туралы Әбіш шығармаларын зерттеумен айналысып жүрген Жанбиді Дүйсенбаева: «Маңғыстауда құдық, құдықшылық кәсіпке байланысты, суға қатысты сөздердің өзі бір үлкен энциклопедияға жүк боларлық» дейді. /4.20-бет/

Жазушы әңгімелерінен оның дарқан даланы тамылжыта суреттейтін кемел суреткерлігін танысың. Мектепте болсын немесе тәрбие орындарында жазушының кез-келген шығармасын мысалға келиіріп, табиғаттың әсем суретін, пейзажын суреттеген туындысын мақтанышпен айта аласың.

Жалпы жазушының прозасы қоғамда болатын неше түрлі өмір құбылыстарына байсалды ой-парасат көзімен қарауға шақырады. Хылықтаң өткені мен бүгінгісінің ажырамас бірлігін терең түснуге көмектеседі. Мұндай әңгіме-шығармаларының бүгінгі таңда қоғам үдерісіне берер тәлім-тәрбиелік мәні ерекше болмақ.

«Токсан ауыз сөздің тобықтай түйіні болатындай», ойымды түйіндесем: Жазушы ағаның атамекені – Қазақстан, қазақтың дархан даласы болса, атакүлдігі – Маңғыстау. 1960 жылдардың басында Қазақстанға келген бір мейман бұл ел туралы алған әсерін қойын дәптеріне «Әуезов. Байқоңыр. Маңғыстау» деген үш сөзбен түсірген екен. / 1.269-бет/

Сондай құрметке ие Маңғыстаудың Әбіш Кекілбаевтай дана шыққаны біз үшін мақтаныш, қуаныш. Жазушының шығармаларын оқыту, оның тәрбиелік-танымдық мәнін ұғындыруға ең қолайлы орын- әрине, мектептер мен арнаулы, жоғары оқу орындары. Сондықтан облысымыздың арнайы бір аудандары мен арнайы мектептерінде ғана жүретін «Әбіштану» сабағы Қазақстанның барлық мектептерінің оқу бағдарламасына енгізілсе деймін. Әбіш шығармаларынан тәрбиелік шаралар көптеп ұйымдастырылса, «Ә. Кекілбаев атындағы жүлде» тағайындалса деген ұсынысым бар. Жазушы шығармаларын оқыту арқылы қоғам дамуына үлес қосатын ұрпақ тәрбиелей алсақ – Әбіш ағаның үлкен армандарының орындалғанының бұл бір көрінісі дер едім.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Әбілхайыр Спан «Заңғар» роман-эссе. Алматы. «Нұрлы әлем» баспасы 2008 жыл.
2. Тоқтамыс Сайын Назарбекұлы. «Менің Әбішім». Естелік. Алматы. «Қанағат -ҚС» баспасы. 1999 жыл
3. Сайлаубек Жұмабек. «Халық тағдырының тамыршысы». «Таңшопан» журналы. №1. 2007 жыл. Қаңтар
4. Жанбиді Дүйсенбаева. «Әбіш Кекілбаев шығармаларындағы тарих тағылымы». «Арыс» баспасы, 2007 жыл.

Ә.КЕКІЛБАЙҰЛЫНЫҢ «КҮЙ» ПОВЕСІНДЕГІ ІШКІ МОНОЛОГ ҚЫЗМЕТІ

Шохаев М.Т.

Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университетінің магистранты
Ғылыми жетекші: Қабылов Ә.Д.

Аңдатпа. Мақалада Әбіш Кекілбайұлының «Күй» повесіндегі ішкі монологтардың, түс көру концепциясының қызметі қаралады. Шығарманың басты кейіпкері, қарама-қайшылықты образ Жөнейіттің ойы, іс-әрекеттері арқылы психологиялық талдау жасалып, әдебиеттегі психологизмнің шығарма көркемдігін арттыратын ерекше көркемдік тәсіл екендігіне баса назар аударылады.

Түйінді сөздер: психологизм, ішкі монолог, түс көру, қарама-қайшылықты образ, «Мен» тұжырымдамасы

Әдебиеттану ғылымы көркем әдебиет мәселелерін зерттей отырып көптеген ғылым салаларымен байланысады. Жазушының таным-түсінігі философиямен, этнографиямен, тарихпен тікелей сабақтасса, шығармасынан қандай да бір кейіпкердің орын алуы әдебиеттің психология ғылымымен тығыз байланыстылығын көрсетеді. Себебі кез келген туындының өзегі де, оқырманы да – Адам.

Атам заманнан адам жаны қанша зерттелгенімен, ғалымдар оны толық танып үлгермеді. Әр ғылым саласы бұл мәселені өзінше қараған болса, әдебиет те адамның жұмбақ жанын танытып, талдау арқылы оны терең ұғындыруда қарап қалмады. Осы себептен де әдебиеттегі психологизм ғылымда ерекше салалардың бірі ретінде өмір сүріп келеді. Себебі «...психологизм дегенім – кейіпкердің ойы мен іс-әрекетінің кереқарлығы, сана қақтығысынан тұратын ерекше көркемдік дүние» [1,5].

Бірақ бұндай зерттеуді таза психологиялық әдіс деп емес, әдебиеттің эстетикалық құндылығын арттыра түскен көркемдік тәсіл ретінде қабылдау керек. Көркем әдебиеттегі психологиялық талдаулар автордың ойы, кейіпкердің жасаған іс-әрекеттері, өз ісіне берген бағасы ретінде, тілсіз немесе тілдік қарым-қатынастардың көрінісі негізінде жүзеге асады. Солардың ішінде кейіпкердің дүниетанымынан, адамгершілігінен, өзін-өзі қолдап, сынай білетін, жүзінен емес, жанының арғы түпкірінен хабар беретін ішкі монологтардың бұл зерттеуге қосатын үлесі зор.

Даңқты қаламгер Ә. Кекілбайұлы өз шығармаларында кейіпкерінің ішкі жан-дүниесіне аса мән берді. Кейіпкер деп тұрған себебім, биіктеу мен құлдырауды басынан өткерген «Бәйгеторы» повесіндегі жылқының ішкі әлемін көркем суреттеген жазушы оқырманға адамнан да өзге жан иелері барын, олардың да күйзеліс пен қуанышты сезе алатынын ескертіп, ой тастағандай болады. Адам үшін адам жанын түсіну қиын болғанымен, мүмкін болмайтын нәрсе емес. Алайда Әбіштің жылқы жануарының, айуанның психологиялық жай-күйін дәлме-дәл, оқырман ойына қонымды, сенімді жеткізуі жазушының асқан қырағылығын көрсетеді.

Ішкі монологтар – модернистер шығармасының күретамыры. Олай дейтініміз, бұл бейнелеу тәсілінде ақиқатты ашып, айқындап бермей, ой баспалдақтарынан сүрінбей өтуді оқырманның өзіне тапсырады. Мұндай көріністер Әбіш Кекілбайұлының қай шығармасынан болса да үлкен орын алып, оқырманның ой құмарын қандырып отырады. Абыл күйшіге ескерткіш ретінде жазылған «Күй» повесінде ой мен іс кереқарлығы, шарасыз күй мен әр оқырман әр түрлі баға беретін талас-тартыстар өте көп. Туынды негізінен Түрікпен халқы мен Адай руының арасындағы жаугершілік кезеңді суреттегенімен, онда автордың сол заманға деген, заманның адамдарына деген өкпе-реніші жатқандай. Мұнда жазушы ешкімді де аямайды, өз руым деп бұра тартпайды, барды бар деп, жоқты жоқ деп шындықты жайып

салып, оған қатысты өз пікірін кей сәттерде ашық, кей сәттерде кейіпкердің аузына сөз салу арқылы білдіріп отырады. Негізгі идеяны жеткізуде де автор біршама ішкі монологтарды қолданған. Мына бір оқиғаға назар аударып көрелік:

Екі елді керістіретін де сөз, келістіретін де сөз. Дауға найза араласты-ақ келісім жоқ, кетісу бар. Келістірер сөз тек кемеңгердің көкейінен шығады, алжастырар айбалта кез келген тентектің тақымында жүр. Тентек күнде туады, кемеңгер мың жылда бір туа ма, жоқ па, туа қалса, өңшең қылышқа жақын қыршаңқысы көп қырсық ел оған тізгінін бере ме, жоқ па?.. Беймәлім дүние. Ендеше ол шапса, сен де шап! Ол қорласа, сен де қорла! Алдырып жатып ақылгөйсiген кемеңгерлік құрысын! Жөнейiт атқа мiнгенде осындай қатты тұтыммен мiнген [2, 21].

Жалпы шығарма мазмұнына сүйенер болсақ, мұндағы Жөнейiт сол заман адамының көзімен қарағанда, аса бір ақкөздігі жоқ, сөзге берік, сертке адал, құдайыға қас қылмас, оқырманға жағымды кейіпкер ретінде де көрінеді. Бұл үзіндіде де оның шарасыздықтан «қанға қан, жанға жан» қағидатына көніп, ақылдың емес, ашудың жолына түскенін аңғарамыз. Көзі қанталаса да, кейіпкердің бұл шешімге келмей тұрып, ойланып, ақыл мен жүрек арпалысқан қырғыннан өткенін, десек те көптің надандығын жеңе алмай, кемеңгерліктен безінгенін байқаймыз. Мұндағы Жөнейiт бейнесі – жаугершіліктен запы болып, көптен жанына дос таппаған, заманның ырқына амалсыз көнген ел ағасының бейнесі.

Әбіш Кекілбайұлы өзінің «Күй» повесінде көркемдік құндылыққа жету үшін, Жөнейiт бейнесін ашуда ішкі монологтарды көп қолданған. Себебі сол кездегі Түрікпен жұртының басына түскен ауыр жағдайды ел ағасы Жөнейiттің жан-дүниесіндегі жай-күймен танысып, түсінуге болады.

Шығарманың антогонисі Дүйімқара Жөнейiтке және оның еліне келген жұттай болды. Мына бір үзінділер арқылы Дүйімқараның іс-әрекетінен Жөнейiттің ашу-ызасы одан әрі өршіп кеткенін және ол ойын ақтап та алғысы келмейтінін көре аламыз: Көшерін жел, қонарын сай білетін мұның халқының жылқы бары болса, қыз ары емес пе еді. Ол байғұстың одан басқа қан төгетін, жан қиятын не асыл, не ардақтысы бар! Жөнейiт азан-қазан ауылдың зарын тыңдап тұра алмады. Аттың басын терістікке бұрып, ағыза жөнелді. Бір уақытта барып артында қалың дүсір келе жатқанын байқады. Бағанағы ауылдың бар еркегі атқа мініп соңынан ергенін сонда білді. Бұл содан бері ат үстінде. Содан бері иісі түрікменнің Дүйімқараға қаны қатулы. Бірақ түрікменді өшіктіріп алдым-ау деп айылын жиып жүрген Дүйімқара жоқ... Дүйімқара Көкбөріні бауыздап та өлтірмей, тірідей көрге көміп кеткен. Жөнейiт мына сұмдықты көргенде тұқым-тебері түгел құрып кеткенше Дүйімқарадан бұдан да өткізіп кек алмай тынбасқа ант қылған-ды... [2,22].

Ауылының қыз-келіншектеріне қырғидай тиіп, Көкбөріні құлаған молаға тірілей көміп кеткеннен кейін Жөнейiт те өшіге түсті. Енді оның бойын ақыл емес, ашу билей бастады. Көкбөрінің өліміне Дәулетін кіналағысы келгендей, екі иығы бүлкілдеп жылаған баласы ағасын емес, айдаладағы алты тұтқынды жоқтап егіліп жатыр деп те ойлады. Ұлының жылаған қылығына іштей шамданып, ерлік пен ездік, қастық пен достық тұрсындағы ой-толғаныстары жанына тыныштық бермеді. Сол мезет бейнеленген сәтті мына ішкі монологтан көруге болады: Мына неме жылап жатқаннан сау ма? ... Мынау айдаладағы алты тұтқын шеккен азап ағасының өлімінен гөрі қабырғасына қаттырақ батқаны ма? Көкбөрінің айтып жүргенінің жаны бар болмасын, осы неме дутар мен думанның соңында жүріп, елдің намысы атаның аруағы дегендерді атымен ойына да алмай жүрмесін. Дұшпанның қысастығына қысастықпен жауап бере алмаған еркекке сеңсең шығындап бөрік кигізгенше, біржолата этек қып ақталап жіберген дұрыс. Ендеше, Дәулет мынау ауылдың желкесіндегі жау бөлтіріктердің қалай ұлығанын мәңгі бақи құлағында қалатындай боп әбден естіп алсын [2, 33].

Қанша ерлікке салғанмен, кектің соңына жорық көрмеген жас бөлтірігі Дәулетті салып жібергені – Жөнейiт бойындағы ең нашар қасиеттердің үстемдік орнатып, жеңіске жеткендігін көрсетеді. Әншейінде алысты болжап, аяғын аңдап басатын ел ағасының көзін бұл жолы кек шелдей жапты да, Дүйімқараға тағы бір жеңіс сыйлады. Көкбөріні қылышсыз

қорлап өлтіріп кеткен Дүйімқараға Дәулеттің тісі батпасын іштей ұғынса да, мойындамады, мойындатқызбады Кек.

Баласының өлімінен кейін Жөнейіт қырық күн үйден шықпай жатып алады. Алғашында ұлының қазасына сенбей төбе басына жеті күн қарауыл қойдырғанымен, уақыт өте жоқтығына көндігеді. Қайғылы хабардан кейінгі Жөнейіттен ешқандай да өкініштің ізін көре алмайсың. Бұл кезде кейіпкер әбден тұйықталып қалады. Қандай сезімде, нендей күй кешіп жүргенін жұрт та, оқырман да ұғына алмайды. Бірақ Адайдың күйшісі тұтқынға түсіп, кісендеулі елге әкелінгеннен кейін оның бойындағы кектің оты өшпегенін, керісінше, үдей түскенін байқайсың. Дүйімқараның жанды жерін таба алмай, ауыл жігіттерінің өш қайтару үшін ұстап әкелген тұтқынына да көңілі толмайды. Бұл жолы оны тұтқынның қолға жападан-жалғыз аң аулап жүріп түсіп қалғаны да, кінәсыз жанның босқа өлетіні де қиналдырмайды. Тіпті, жаудың тұқымын тұздай құртпайынша тоқтамаймын деген тоқтамға келгенін де төмендегі үзінділерден көруге болады: Мынау тұла бойында бір шайнам еті жоқ, кісі көрер көркі жоқ, бір жапырақ құр сүлдерден өш қайта ма? Өзі таз неме болмасын. Әне бір тер сасыған қоңыр телпек бас терісімен бірге жаратылғандай кептетіле қалған екен... [2,52].

Бірақ оқырманға өзінің ізгі қасиеттерімен де көзге түскен кейіпкердің кейбір ісіне бола оның адамшылығынан күдер үзу – қате. Себебі, тұтқындағы күйшінің жан сырын ақтара төге салған күйі, жүректен жүрекке жетіп, ел ағасының жан жүйесін жылыта бастайды. Басында ашу мен кек оған эзәзіл сезімдердей көрінгенімен, енді оның тас боп қатқан жүрегі аяушылықты, адамшылықты эзәзілдің жібергені деп ұғынатын болыпты. Сезімге қанша тосқауыл болғанымен, маңдайынан шыпшып шыққан тері, көзінен сығылып шыққан тамшы жасы оның әлі де Адам қалпынан алыстамағанын, арылмағанынан хабар берді. Сонда да Жөнейіт соңынан ергендердің босып кетпесі үшін, жуасымай, жасымай шыдап бақты. Ел сеніп отырған ері болмағанда тасқын сезімге тосқауыл қоя алмас та еді. Бұл жерде Жөнейіттің кектен көңілі босамағанын біліп, іштей өкінгенімізбен, оның ел ағасы ретінде үлкен жауапкершіліктен аттай алмай, өз жанын өзі шығғырып отырғанын аңғарамыз. Ақыры, ел алдындағы міндетін сылтауратып, күйшіні доңыз өлімге қияды. Жазықсыз жанды Адай мен Түрікпеннің арасын жалғап тұрған ірі соқпаққа апарып, басын қылтитып жерге көміп кетеді. Сондағы ойы жауының көзін құсқа шоқыту, бас сүйегін қарсаққа мүжіту еді. Бірақ ол тілегі де оның жанына ем болып қонбайды, тыным бермейді, көкірегіне құйылған запыранның уыты тарқамайды.

Күйшіні айдалаға көміп келгеннен кейін Жөнейіттен ұйқы да, күлкі де қашады. Ұйықтаса түсінен, оянса ойынан шықпай, күйшінің елесі тыныштық бермейді. Кінәсіз жанға азап шектіргенін ұғынбағанда, ол мұндай қалыпқа түсіп, қайғырмас та еді. Ұлының құнына келген күйшінің өлімі оның қолына түскен тұтқынды аман-есен еліне қайтарып жіберсе, жұрт аяушылығы деп емес, тұқым-теберінен түгел айрылған кәрі батырдың жаугершіліктен жүрегі әбден шайлыққан екен деп ұғады [2,72] деп тұжырымдаған көр намысынан, абырой ойлаған ақылсыздығынан еді. Оны Жөнейіт біледі.

Шығарманың соңын Әбіш Кекілбайұлы ішкі монолог пен түс көруді араластыра отырып керемет суреттеген. Ішкі монологқа тікелей қатысты бейнелеу құралдарына түс көру мен оны жорыту жатса, «...түс адамзат санасында еріксіз түрде жүзеге асатын психологиялық процесс» [3,9], сол себепті кейіпкердің ішкі әлемін ашуда оның рөлі зор. Айталық, осы түс көру тәсілінің көркемдік еркіндігі, уақыт пен кеңістіктегі шексіздігін кеңінен қолданған жазушы Ф. М. Достоевский «Сны смешного человека» деген шығармасында түстің көркемдік Түйіндітің оқыс жағдайына дәнекер екендігін, қандай да күрделі, ауыр психологиялық жағдайды дәл және нанымды суреттеуде ешқандай бейнелеу құралына теңеспейтін көркемдік мүмкіндігін дәл анықтап береді. [1,41].

Жазушы Жөнейітті өң мен түсті айыра алмайтын халге түсіріп, өкінішін үздіксіз етіп, кейіпкердің психологиясына (алмастыру) күш салады. Оның түс көріп жатып шошып оянуы, керегедегі ілулі қылышқа жармасуы, елестермен алысуы, оның жан дүниесінде болып жатқан берекетсіздіктен хабар береді. Ол – ақ пен қараның, зұлымдық пен адамшылықтың бітіспес майданы. Бұл майданнан ол Құдайға тәуекел етіп қана аман шығады. Өзін ар

алдындағы азаптан дұшпанға есесін жібермейтін тірлігі мен сылтауы арашалап шығады: Байғұс күйшіні құдайы оң қараған жан болса, не Хиуаға, не Қоңыратқа базар шегіп бара жатқан біреу тап болып, құтқарып алған шығар. Ал енді маңдайынан сор арылмаған бір бейбақ болып өліп кетсе, обалына бұл қалатын не жөні бар? Ол Көкбөріден, Қылыштан, Алпаны мен Дәулетінен артық па? Обалы өз елінің көп есеріне. Жоқ, Жөнейіт, бір пендені аяймын деп, бүкіл бір елдің өлісінің аруағын, тірісінің намысын тапталпа! Аюдай ақырған айбынды атыңа кір келтірме. Бұның дұрыс болған. Қас дұшпанға иінің түсіп, еңсеңді жібере берсең, сездірмей сорып, білдірмей қылғытатын асқазанына әбден жайлы жылы-жұмсақ қылып алады. Анда-санда өңешіне көлденең тұрып алатын өзіндей сойқан сояуы болмаса, ата жауың еліңді бір араны ашылғанда түгел жұтып жіберуі де мүмкін ғой [2, 73-74].

Әдебиеттегі психологизмнің ғылымға да, оқырман жанына да берері мол. «Күй» повесіндегі бір ғана Жөнейіттің бейнесінде ұғынылмақ ғибрат қаншама? Біресе жағымды, біресе жағымсыз, қарама-қайшылықтан жасалған образ ойына едәуір салмақ салады. Елінің тұрғысынан қарасаң – ұрпаққа деген алаңы көрінеді, оқырманның көзімен қарасаң, күйшіге жасаған іс-әрекетін ақтап алғың келмейді. Өз жанын өзі ұға алмай, өзгенің айтпағын сезе алмай қиналысқа түссе де, өзінің ер тұлға ретіндегі болмысынан айнымай, өзі үшін дұрыс соқпақты таңдай білді. Кейіпкердің жан-дүниесін психологиялық көркемдік тәсілдерді қолдана отырып, дәл осындай әсер қалдырып, оқырманын ойландырғаны – жазушы Әбіш Кекілбайұлының жазушылық шеберлігінің қуатын көрсетеді. Оның кейіпкерлері өмірдің шындығынан алыстамаған, өзгемен және өзімен болған қарым-қатынастарда өзіндік «Мен» тұжырымдамасын қалыптастырған, өз дәуірінің ерекше тұлғалары.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Пірәлиева Г. Көркем прозадағы психологизмнің кейбір мәселелері (Түс көру, бейвербалды ишараттар, заттық әлем). Монография. – Алматы: Алаш, 2003, - 328 бет
2. Кекілбаев Ә. Күй. – Алматы: Өнер, 1980. – 80 бет
3. Бабалар сөзі: Жүзтомдық. Түс жору және ырымдар. Астана: Фолиант, 2013, - 432 бет

МАЗМҰНЫ

КОНГРЕСТІҢ ПЛЕНАРЛЫҚ МӘЖІЛІСІ

КИЕЛІ ТОПЫРАҚТЫҢ ТҮЛЕГІ	
Сарай Ә.	4
ҚАЗАҚ-МАДИЯР ӘДЕБИ БАЙЛАНЫСЫ ТАРИХЫНДАҒЫ ЖАЗУШЫ ӘБШІ КЕКІЛБАЕВТЫҢ ОРНЫ	
Мандоки О.М.	7
ӘБШІ КЕКІЛБАЕВТЫҢ «АҢЫЗДЫҢ АҚЫРЫ» РОМАНЫ ТУРАЛЫ ПІКІР	
Сөйлемез О.	11
КУЛЬТУРОЛОГИЧЕСКИЕ ГРАНИ ТВОРЧЕСТВА АБИША КЕКИЛЬБАЕВА	
Абдрахманов С.	16
АЛАШ КЕҢІСТІГІНДЕГІ АҢЫЗ БЕН АҚИҚАТ	
Оразалин Н.	21
ӘБШІ КЕКІЛБАЕВТЫҢ СУРЕТКЕРЛІК ФЕНОМЕНІ: ПАРАСАТ ПЕН ПАЙЫМ	
Қабылов Ә.Д.	26

1-секция

ӘЛЕМДІК ӘДЕБИ КЕҢІСТІКТЕГІ Ә.КЕКІЛБАЕВ ФЕНОМЕНІ

ӘБШІ КЕКІЛБАЕВ ПРОЗАСЫНЫҢ КӨРКЕМДІК-БЕЙНЕЛІК ҚҰРЫЛЫМЫ	
Аймұхамбет Ж.Ә., Мырзахметов А.Ә.	33
ТҮЛҒАЛЫҚ ЭНЦИКЛОПЕДИЯ ЖАСАҚТАУДЫҢ ЗАМАНАУИ ПРИНЦИПТЕРІ	
Әнес Ғ.Қ.	37
ӘБШІ КЕКІЛБАЕВ ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ ӨЛКЕТАНУДАҒЫ МАҢЫЗЫ	
Байжанова М.С.	42
ӘБШІ КЕКІЛБАЕВ ПУБЛИЦИСТИКАСЫНДАҒЫ ФАРИЗА ТҮЛҒАСЫ	
Бектұрған С.	44
КЕЙПКЕР БЕЙНЕСІНДЕГІ КҮЛКІ СЫРЫ	
Қабылов Ә.Д., Түзелбай А.	49
ӘБШІ КЕКІЛБАЕВ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ РУХАНИ ҚҰНДЫЛЫҚТАР	
Орда Г.	55
ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНДЕГІ ӘБШІ ӘЛЕМІ	
Пірәлі Г.Ж.	61
ҚАЗАҚ ҚАРА СӨЗІНІҢ ҚАРА НАРЫ (Халық жазушысы, Қазақстанның Еңбек Ері Әбіш Кекілбаев туралы бірер сөз)	
Тілепов Ж.	66

2-секция

Ә.КЕКІЛБАЕВ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ТІЛДІК ТАНЫМ

Ә.КЕКІЛБАЕВ ТІЛІ: ДҮНИЕТАНЫМ, МЕНТАЛИТЕТ, ҰЛТТЫҚ ӘЛЕМ	
Абдрахманова Ж.М.	70
Ә.КЕКІЛБАЕВ ТАРИХИ РОМАНДАРЫНЫҢ ТІЛДІК ӘЛЕУЕТІ	
Нүрдәулетова Б.И.	74
ОРТАҒАСЫР ЖАЗБА ЕСКЕРТКІШТЕРІ ТІЛІНДЕГІ АФОРИЗМДЕР МЕН ӘБШІ КЕКІЛБАЕВ АФОРИЗМДЕРІНДЕГІ ДӘСТҮР САБАҚТАСТЫҒЫ	
Исина Ж.А.	78
Ә.КЕКІЛБАЕВ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕРДІҢ КОГНИТИВТІК ИНТЕРПРЕТАЦИЯСЫ	
Жылқыбаева М.С.	81

«ҮРКЕР» РОМАНЫНЫҢ ЛЕКСИКА-ФРАЗЕОЛОГИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ, СОМАТИКАЛЫҚ ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕР	
Дүйсенова Қ.Е.	84
ӘБШ КЕКІЛБАЕВТЫҢ ПРОЗАЛЫҚ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ЖЕРГІЛІКТІ ТІЛ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ	
Мұхамбетов Ж.И.	87
ӘБШ КЕКІЛБАЕВ ШЫҒАРМАЛАРЫ ТІЛІНДЕГІ ОККАЗИНАЛ СӨЗДЕР	
Тиникулова Ж.Н.	93

3-секция

Ә.КЕКІЛБАЕВТЫҢ САЯСИ-ӘЛЕУМЕТТІК ҚЫЗМЕТІ ТӘУЕЛСІЗДІК КОНТЕКСТІНДЕ

ӘБШ КЕКІЛБАЕВ ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ ФИЛОСОФИЯСЫ	
Бекежан Ө.Қ.	99
Ә.КЕКІЛБАЕВТЫҢ ӘДЕБИ БОЛМЫСЫ	
Миров М.О., Аблаева З.Р., Достанова А.М.	104
Ә.КЕКІЛБАЕВ КӨСЕМСӨЗДЕРІНДЕГІ ЕЛДІК МӘСЕЛЕЛЕР	
Отарова А.Н.	108
ӘБШ КЕКІЛБАЕВТЫҢ САЯСИ- ӘЛЕУМЕТТІК ҚЫЗМЕТІ	
Өтесова Г.Е.	112
ӘБШ КЕКІЛБАЕВ – ЗАМАНЫМЫЗДЫҢ ЗАҢҒАР ТҰЛҒАСЫ	
Серикбаева А. Қ.	115
ТАРИХ. ТҰЛҒА. ТАҒЫЛЫМ	
Ыбырайым Б.	117
АЛАШТАНУШЫ ӘБШ КЕКІЛБАЙҰЛЫ	
Ісімақова А.С.	123

4-секция

Ә.КЕКІЛБАЕВ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ТАРИХЫНЫҢ МӘСЕЛЕЛЕРІ

ТҰЛҒАНЫ БЕЙНЕЛЕУДЕГІ ТАРИХИ ШЫНДЫҚТЫҢ ТЫҢ МАЗМҰНДА КӨРКЕМДІК НЕГІЗМЕН БЕРІЛУІ	
Аяпова Г.Б.	133
ӘБШ КЕКІЛБАЕВ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ТАРИХИ ТҰЛҒАЛАР	
Бағдатұлы М.	138
Ә.КЕКІЛБАЕВ ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ КӨРКЕМДІК ҚҰРЫЛЫМЫНДАҒЫ ФОЛЬКЛОРЛЫҚ-ЭТНОГРАФИЯЛЫҚ КОМПОНЕНТ	
Бекешов С.С.	141
ҚОҒАМДЫҚ САНАНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫНДА ҚАЗАҚСТАН ГЕОГРАФИЯ ҒЫЛЫМЫНЫҢ РӨЛІ	
Демеев А.Д.	142
«ӘКЕ» ПОЭМАСЫНДАҒЫ Ә.КЕКІЛБАЙҰЛЫНЫҢ ЕСЕЮ, ҚАЛЫПТАСУ КЕЗЕҢДЕРІ	
Жайлауов Б.С.	144
ӘБШ ДРАМАТУРГИЯСЫНЫҢ ҚАЗІРГІ ТЕАТР ӘЛЕМІНДЕГІ ОРНЫ	
Жұмағова Ж.С.	155
ӘБШ КЕКІЛБАЕВ ЗЕРТТЕУЛЕРІНДЕГІ БИЛЕР ИНСТИТУТЫ	
Өтенияз С.К.	156
ӘБШ КЕКІЛБАЕВТЫҢ «ХАНША-ДАРИЯ ХИКАЯСЫ» ПОВЕСІНДЕГІ ШЫҢҒЫС ХАН БЕЙНЕСІ	
Садықова А.Т., Шакиров З.З.	162

Ә.КЕКІЛБАЕВ ТУРАЛЫ ОЙ-ТОЛҒАМДАРҒА ШОЛУ	
Табылдиева О.Д.	165
ӘБШ КЕКІЛБАЕВ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ҰЛТ ТАҒДЫРЫ	
Тәжіғұлова Ж.	168
ӘБШ КЕКІЛБАЕВ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ ӨЛКЕ ТАРИХЫ КОНТЕКСТІНДЕ	
Тоқбаева Л.Қ.	174

5-секция

Ә:КЕКІЛБАЕВ ТАНЫМЫНДАҒЫ АДАМ ЖӘНЕ ЖАРАТЫЛЫС КОНЦЕПЦИЯСЫ

ӘБШ КЕКІЛБАЕВ ӨЛЕҢДЕРІНДЕГІ «МЕН» КОНЦЕПЦИЯСЫ	
Жанаева Ш.А.	180
Ә.КЕКІЛБАЕВ ӨРКЕНИЕТТЕР ӨЗЕКТЕСТІГІ МЕН ҰРПАҚТАР	
САБАҚТАСТЫҒЫНЫҢ БАСТЫ КЕПІЛІ – КІТАП ОҚУ МӘДЕНИЕТІНІҢ РӨЛІ	
ТУРАСЫНДА	
Жеткізгенова Ә.Т.	188
ТЕЛЕГЕЙ ТЕҢІЗ (Әбіш Кекілбайұлы жайында толғаныс)	
Ергөбек Қ.	191
ТАЛҒАМ ТАРАЗЫСЫ	
Қамарова Н.С.	203
КҮЙ МЕН КҮЙШІ ӨНЕРІНІҢ ҒИБРАТТЫ ӨНЕГЕСІ	
Каримсақова Б.А.	208
ҰЛТТЫҚ ПЕДАГОГИКА ЖӘНЕ Ә.КЕКІЛБАЙҰЛЫ ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ	
ТӘЛІМ-ТӘРБИЕЛІК ТАҒЫЛЫМДАРЫ	
Көкшеева З.Т.	212
Ә.КЕКІЛБАЕВТЫҢ «АҢЫЗДЫҢ АҚЫРЫ» РОМАНЫНДАҒЫ АДАМ	
КОНЦЕПЦИЯСЫ	
Мауытова Ж.Қ.	215
THE ROLE OF INTERCULTURAL COMMUNICATION AND TRANSLATION INTO	
THE GLOBAL COMMUNITY	
Stamgaliyeva N.K.	219
ОҢАЙГҮЛ ТҰРЖАННЫҢ ӘБШ КЕКІЛБАЕВ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫН	
БАҒАЛАУЫНДАҒЫ ЖАҢА ТРЕНДТЕР	
Таңғалиева Г.	222
СЕМАНТИКА ОБРАЗА КОЛОДЦЕКОПАТЕЛЯ (ПО РАССКАЗУ	
А.КЕКІЛБАЕВА «КОЛОДЕЦ»)	
Толысбаева Ж.Ж.	226
ӘБШ КЕКІЛБАЙҰЛЫ ПРОЗАСЫНДАҒЫ ӘЙЕЛ ПСИХОЛОГИЯСЫ	
Тінікүл З.Н.	229
ӘБШ КЕКІЛБАЕВ ӘҢГІМЕЛЕРІ – ТӘРБИЕ КӨЗІ	
Ізбен Е.Ш.	233
Ә.КЕКІЛБАЙҰЛЫНЫҢ «КҮЙ» ПОВЕСІНДЕГІ ІШКІ МОНОЛОГ ҚЫЗМЕТІ	
Шохаев М.Т.	236

Пішімі 60x84 1/12

Көлемі 242 бет

Шартты баспа табағы 20,2

Таралымы 500 дана

Ш.Есенов атындағы КМТИУ

редакциялық-баспа бөлімінде басылып шықты

130003, Ақтау қ., 32 ш/а